

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Жалғастырмас бұрын, төмендегіні оқып шығуыңыз керек. Осы беттен кейінгі осы проспектіге («Прспект») мыналар жатады. Сондықтан осы Проспектіні оқу, оған қол жеткізу және оны қандай да бір басқа тәсілмен пайдалану алдында оны мұқият оқып шығуға кеңес беріледі. Осы Проспектіге қол жеткізе отырып, сіз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ» немесе «Компания») тарапынан осындай қол жеткізу нәтижесінде қандай да бір ақпаратты алған кезде, төмендегі шарттарды және талаптарды, сонымен қатар оларға қоса тіркелетін кез келген өзгертулерді (қоса алғанда) кез келген уақытта сақтауға келісесіз. Осы Проспектіні электронды түрде жіберу және жеткізу құпия болып табылатынын және тек сізге арналғанын мойындайсыз.

БҰЛ ПРОСПЕКТІНІ ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕННЕН БАСҚАША ТАБЫСТАУҒА НЕМЕСЕ БАСҚА ТӘСІЛМЕН ТАРАТУҒА ЖӘНЕ ОНЫ ҚАНДАЙ ДА БІР ТӘСІЛМЕН ЖАҢҒЫРТУҒА БОЛМАЙДЫ. СІЗ ОСЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТАБЫСТАЛҒАН ЕСКЕРТПЕНІ НЕМЕСЕ ОСЫ ПРОСПЕКТІНІ (ЭЛЕКТРОНДЫ ТӘСІЛМЕН НЕМЕСЕ БАСҚА ТӘСІЛМЕН) БАСҚА ТҮЛҒАЛАРҒА ТАБЫСТАМАУҒА, ЖАҢҒЫРТПАУҒА, ОНЫҢ КӨШІРМЕСІН ЖАСАМАУҒА, ОНЫ ЖҮКТЕП АЛМАУҒА НЕМЕСЕ ЖАРИЯЛАМАУҒА КЕЛІСЕСІЗ.

ОСЫ ПРОСПЕКТ ТЕК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА («ҚАЗАҚСТАН») «ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE LIMITED» КОМПАНИЯСЫ («АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚОР БИРЖАСЫ) («AIX») ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ («KASE») КӘСІПОРЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН ҰСЫНУМЕН («ҰСЫНЫС») БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАТЫЛУЫ МҮМКІН.

ҰЛЫБРИТАНИЯДА БҰЛ ПРОСПЕКТ ТЕК «БІЛКІТІ ИНВЕСТОРЛАР» АРАСЫНДА ЖӘНЕ ПРОСПЕКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ 2(Е) БАБЫ (ЕО) 2017/1129 ЕРЕЖЕСІ («ЕО ПРОСПЕКТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ») МАҒЫНАСЫНДА ТАРАЛАДЫ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛА АЛАДЫ, СЕБЕБИ ОЛ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ІШКІ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ (ШОЛУ), СОНДАЙ-АҚ ОНЫҢ: (I) ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕГІ КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕСІ БАР ЖӘНЕ 2000 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ НАРЫҚТАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ (ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ КӨТЕРМЕЛЕУ) 19 (5) БАБЫНДА 2005 ЖЫЛҒЫ БҰЙРЫҒЫНДА («БҰЙРЫҚ»); «ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАР» АНЫҚТАМАСЫНА САЙ КЕЛЕДІ; (II) БҰЙРЫҚТЫҢ 49(2)(А)-(D) БАБЫНА САЙ КЕЛЕТІН АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, НЕМЕСЕ (III) БАСҚА ЗАҢДЫ ТӘСІЛМЕН ХАБАРДАР БОЛА АЛАТЫН ТҮЛҒАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ (МҮНДАЙ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ БІРГЕ «ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАР» ДЕП АТАЛАДЫ). ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ТҮЛҒАЛАР БҰЛ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ПРОСПЕКТІСІ БОЙЫНША ӘРЕКЕТ ЕТПЕУІ ЖӘНЕ ОҒАН СҮЙЕНБЕУІ КЕРЕК. ОСЫ ПРОСПЕКТ ЖАТАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ НЕМЕСЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТЕК ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАРҒА ҒАНА ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТЕК ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАРМЕН ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БОЛАДЫ. ОСЫ ПРОСПЕКТТІ ТАРАТАТЫН ТҮЛҒАЛАР ОНЫҢ ЗАҢДЫ ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗУІ КЕРЕК. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТЕК ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛАДЫ ЖӘНЕ МҮНДАЙ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРҒА ЖАЗЫЛУ, САТЫП АЛУ НЕМЕСЕ БАСҚА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ШАҚЫРУ, ҰСЫНЫС НЕМЕСЕ КЕЛІСІМ ТЕК ТИІСТІ ТҮЛҒАЛАРМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ КЕЛЕТІН БОЛСАҚ, БҰЛ ПРОСПЕКТ ТЕК БІЛКІТІ ИНВЕСТОРЛАРҒА ЖІБЕРІЛЕДІ ЖӘНЕ ОНДА АТАЛҒАН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТЕК БІЛКІТІ ИНВЕСТОРЛАРҒА ЕУРОПАНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПРОСПЕКТІСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ 2(Е) БАБЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАДЫ, МҮНДАЙ ТҮЛҒАЛАР «БІЛКІТІ ИНВЕСТОРЛАР» ДЕП АТАЛАДЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БАСҚА ЖАҒДАЙЛАРДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПРОСПЕКТІСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ 4-ТАРАУЫНЫҢ 1-БАБЫНЫҢ КҮШІНЕ ТҮСЕДІ. КЕЗ КЕЛГЕН ОСЫНДАЙ БІЛКІТІ ИНВЕСТОР, СОНДАЙ-АҚ ҰСЫНЫС ШЕҢБЕРІНДЕ САТЫП АЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ОСЫНДАЙ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОСЫНДАЙ БІЛКІТІ ИНВЕСТОРЛАРДАН БАСҚА ТҮЛҒАЛАРДЫҢ АТЫНАН САТЫП АЛЫНБАҒАНЫНА ӨКІЛДІК ЕТЕДІ ЖӘНЕ КЕЛІСЕДІ ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ. ЕГЕР СІЗ ОСЫ ПРОСПЕКТІГЕ ИЕ БОЛСАҢЫЗ ЖӘНЕ СІЗ (I) ҰЛЫБРИТАНИЯДА БОЛСАҢЫЗ ЖӘНЕ ТИІСТІ ТҮЛҒА

БОЛМАСАҢЫЗ НЕМЕСЕ (II) ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТА БОЛСАҢЫЗ ЖӘНЕ БІЛІКТІ ИНВЕСТОР БОЛМАСАҢЫЗ, ОНДА СІЗ БҰЛ ҚҰЖАТТЫ ДЕРЕУ КОМПАНИЯҒА ҚАЙТАРУЫҢЫЗ КЕРЕК.

ОСЫ ПРОСПЕКТ АҚШ-ТЫҢ 1933 ЖЫЛҒЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ («БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢ») «S» ҚАҒИДАСЫНА (ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН БІРГЕ) СӘЙКЕС НЕМЕСЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕС ТІРКЕЛУГЕ ЖАТПАЙТЫН БОСАТУМЕН НЕМЕСЕ МӘМЛЕМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕНДЕЙ, «ОФШОРЛЫҚ МӘМЛЕЛЕРДЕ» ҒАНА ТАРАТЫЛУЫ МҮМКІН. ОСЫ ПРОСПЕКТІНІ КЕЗ КЕЛГЕН ТӘСІЛМЕН ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ШІНАРА ТАБЫСТАУҒА, ТАРАТУҒА НЕМЕСЕ ЖАҢҒЫРТУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ. ОСЫ ДИРЕКТИВАНЫ САҚТАМАУ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ БҰЗУЛУЫНА НЕМЕСЕ БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ӨКЕЛІП СОҚТЫРУЫ МҮМКІН.

БҰЛ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ТАБЫСТАЛҒАН ЕСКЕРТПЕДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ САТУҒА ҰСЫНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҚАМТЫЛМАҒАН. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ («ҚҰРАМА ШТАТТАР» НЕМЕСЕ «АҚШ») КЕЗ КЕЛГЕН ШТАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢНАМАЛАРЫНА СӘЙКЕС НЕМЕСЕ ТІРКЕУДЕН БОСАТУҒА НЕМЕСЕ ШТАТТЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫМЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРЫМЕН НЕМЕСЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАРМЕН ТІРКЕЛУ ТАЛАПТАРЫНА ЖАТПАЙТЫН МӘМЛЕГЕ СӘЙКЕС ӘР ЖАҒДАЙДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ «S» ҚАҒИДАСЫНЫҢ 903 ЕРЕЖЕСІНЕ НЕМЕСЕ 904 ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС ОФШОРЛЫҚ МӘМЛЕЛЕРДІ ҚОСПАҒАНДА, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕС НЕМЕСЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ШТАТЫНЫҢ НЕМЕСЕ БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАНДАЙ ДА БІР ОРГАНДАРЫНДА БҰРЫН-СОҢДЫ ТІРКЕЛМЕГЕН ЖӘНЕ ТІРКЕЛМЕЙТІН БОЛАДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛАР ҰСЫНЫЛМАЙДЫ, САТЫЛМАЙДЫ, КЕПІЛГЕ САЛЫНБАЙДЫ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР БАСҚА ТӘСІЛМЕН ТАБЫСТАЛМАЙДЫ.

КУӘЛАНДЫРУЫҢЫЗДЫ РАСТАУ: Осы Проспектімен танысып шығуға құқық алу немесе бағалы қағаздарға қатысты инвестициялық шешім қабылдау үшін сіз: (i) Бағалы қағаздар туралы заңның «S» қағидасының мақсаттары үшін АҚШ аумағынан тыс жердегі тұлға; (ii) (A) Еуропалық Экономикалық аймаққа мүше мемлекеттер («**Тиісті Мемлекет**») сіз Білікті Инвестор болуыңыз; (B) Ұлыбританияда сіз Тиісті тұлға болуыңыз; және (C) қай жерде тұратыныңызға немесе тіркелгеніңізге қарамастан, сіз өзіңіздің юрисдикцияңызда және Проспектіге қол жеткізу үшін қолданыстағы заңнама мен ережелерге сәйкес Проспектіге қол жеткізіп отырған юрисдикцияда рұқсат етілген мекеме болуыңыз керек; немесе (iii) Қазақстан азаматы және резиденті болуыңыз керек. Бұл электронды түрде табысталған ескертпені қабылдай отырып және осы Проспектіге қол жеткізе отырып, сіз «Haluk Finance» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ пен «BCC Invest» АҚ компанияларына (бұдан әрі бірге – «**Жергілікті букраннерлер**»), Wood & Company Financial Services, a.s., Renaissance Securities (Cyprus) Limited (бұдан әрі бірге – «**Халықаралық букраннерлер**») (бұдан әрі барлығы бірге – «**Букраннерлер**») Компанияға және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на («**Самұрық-Қазына**») («**Сатушы акционер**») Бағалы қағаздар туралы заңының «S» қағидасының мақсаттары үшін АҚШ аумағынан тыс жерде немесе Қазақстан азаматы немесе резиденті екендігіңіз туралы ақпарат беріп, сондай-ақ осы Проспектіні электронды түрде табыстауға келісіміңізді бересіз деп есептеледі. Есіңізге сала кетсек, Қазақстан заңнамасына сәйкес заңды негізде Проспектің иелікке табысталуы мүмкін тұлға болғаныңыздан, осы Проспект сізге жеткізілді. Сонымен қатар, сіз осы Проспектіні кез келген басқа тұлғаға бере алмайсыз және сіздің осындай әрекет жасауға өкілеттігіңіз жоқ.

Ұсынысқа қатысты материалдар ұсыныстарға немесе ұсынысқа берілетін сауалдарға заңмен тыйым салынған кез келген жерде ұсыныстар мен ұсынысқа берілетін сауалдар болып табылмайды және ұсыныстар мен ұсынысқа берілетін сұрауларға байланысты пайдаланылмайды.

Ешбір жағдайда осы Проспект сату туралы ұсыныс немесе сатып алу туралы ұсынысқа берілетін сауал болып табылмайды, сондай-ақ осындай ұсыныс, ұсынысқа берілетін сауал немесе сату заңсыз болатын қандай да бір юрисдикцияда акциялардың сатылуы орын алмауы тиіс.

Қазақстан заңнамасына және осындай тұлғалардың немесе ұйымдардың әрекет қабілеттілігіне қатысты қолданылатын кез келген басқа заңдарға сәйкес келесідей әрекет жасай алатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды қоспағанда, осы құжатта қамтылған ақпарат Қазақстандағы кез келген қазақстандық жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға, не болмаса оның мүддесіне бағалы қағаздарды сату, оларды сатып алу, айырбастау немесе қандай да бір басқа тәсілмен табыстау туралы ұсыныс немесе осындай ұсынысқа берілетін шақыру болып табылмайды. Келесідей жарнама Қазақстан Республикасының заңнамасына толықтай түрде сәйкес келетін жағдайлардан басқа, бұл құжатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасының мақсаттары үшін жарнама ретінде қарастыруға болмайды (яғни, кез келген нысанда таратылатын және орналастырылатын және Компания мен оның өнімдеріне, сауда белгілеріне, жұмыстарына, қызметтеріне және/немесе оның бағалы қағаздарына деген қызығушылықты қалыптастыру мен қолдауға, сондай-ақ олардың сатылуына септігін тигізуге бағытталған, шектелмеген тұлғалар тобына арналған ақпарат).

Бұл Проспект АІХ пен KASE-ге электронды нысанда жіберілді. Еске сала кетсек, бұл тасымалдағыш арқылы табысталатын құжаттарды электронды түрде табыстау кезінде жаңартылмайды және өзгертілмейді. Сондай-ақ, сәйкесінше, Компания да, Сатушы акционер де, Букраннерлер де, оларды кез келгенін қадағалайтын қандай да бір тұлға, қандай да бір директор, лауазымды тұлға, кез келген Букраннердің қызметкері немесе агенті, не болмаса осындай кез келген тұлғаның қандай да бір үлестес тұлғасы сізге кез келген Букраннерден сұрау салу арқылы қолжетімді электронды форматтағы немесе қағаз тасымалдағышының нұсқасындағы осы Проспект арасындағы кез келген айырмашылықтарына қатысты қандай да бір міндеттемені немесе жауапкершілікті қабылдамайды.

Букраннерлер немесе олардың кез келген тиісті үлестес тұлғалары осы Проспектінің мазмұны үшін немесе Компаниямен, Сатушы акционермен немесе Ұсыныспен байланысты олармен немесе олардың атынан жасалған немесе болжалды түрде жасалған кез келген мәлімдеме үшін жауап бермейді. Тиісінше, Букраннерлер және олардың кез келген үлестес тұлғалары деликттен, шарттан немесе басқаша түрде осы Проспектіге немесе кез келген осындай мәлімдемеге қатысты болуы мүмкін барлық және кез келген жауапкершіліктен бас тартады. Осы Проспектіде баяндалған ақпараттың дұрыстығына, толықтығына, негізділігіне, тексеруіне немесе жеткіліктілігіне қатысты Букраннерлер немесе олардың кез келген үлестес тұлғалары тікелей немесе жанама мәлімдеме немесе кепілдік бермейді.



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ
(Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам)
30 505 974-ке дейін Жай акцияларды ұсыну
Ұсыныс бағасы: бір Акция үшін 8 406 теңге

Бұл 2002 жылдың 27 ақпанында Қазақстан заңнамасына сәйкес жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған және Қазақстан заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелген, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ акционері болып табылатын Қазақстан заңнамасына сәйкес құрылған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы берген Компания акцияларының жалпы саны 30 505 974-ке дейінгі жай акцияны («Акциялар») құрайтын Акциялар ұсынысы («Ұсыныс») болып табылады.

Осы Проспект Astana International Exchange («АІХ») тарапынан АХҚО Нарық ережелеріне (2017 жылғы 17 қазандағы № FR0003 АХҚО ережелері) (енгізілген өзгерістерін қоса) («Нарық ережелері») және Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына ғана сәйкес дайындалған Компанияға қатысты проспекті ретінде мақұлданған. Бұл Проспект Нарық ережелеріне сәйкес Компания <https://www.kmg.kz> вебсайтында көпшілікке қолжетімді болады.

Бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес тіркелмеген немесе тіркелмейтін болады, сондай-ақ Бағалы қағаздар туралы заңға сәйкес тіркеусіз немесе тіркеуден босатусыз Құрама Штаттарда ұсынылмайды немесе сатылмайды.

Бағалы қағаздар ұсынысы мұндай ұсыныс немесе сауал заңсыз болатын кез келген юрисдикцияда бағалы қағаздарды сатып алу туралы ұсынысқа сауал немесе сату туралы ұсыныс болып табылмайды. Акцияларға белгілі бір юрисдикцияларда сату шектеулері қойылады. Әлеуетті сатып алушылар «Сату шектеулері» және «Үлестіру жоспары» бөлімдерінде сипатталған шектеулерді оқып шығуы керек.

Сатушы акционер «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ ҚРЗ заңына (өзгерістерімен және толықтырулармен) («Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы туралы заңы») сәйкес Акцияларын АІХ-тың Нарық ережелері мен АІХ-тың Іскерлік ережелеріне сай («АІХ-тағы ұсыныс») оның ережелері мен есеп айырысу рәсімдеріне сәйкес («KASE-дегі ұсыныс») KASE жүйелері арқылы және қазақстандық бөлшек сауда инвесторлары үшін Еңбек регламентіне сәйкес Табыс қолданбасы арқылы немесе Қазпошта кеңселерінде тікелей жазылым («Тікелей жазылым») арқылы ұсынады. «Үлестіру жоспары – Тікелей жазылым» қараңыз. Акциялар АІХ-тағы ұсыныс, KASE-дегі ұсыныс және Тікелей жазылым кезінде бір Акция үшін 8 406 теңгені құрайтын бірдей бағамен орналастырылады.

АІХ-ке мынадай өтінімдер жіберілді: (i) АІХ-тің ресми тізіміне («Ресми тізім») енгізуге тиіс Акциялардың барлық жіктелімі листингі туралы; және (ii) мұндай Акцияларды «ҚМГ» символымен саудаға жіберу туралы. АІХ-те Акциялардың шартсыз саудасы 2022 жылдың 8 желтоқсанында немесе шамамен сол күні басталады деп күтілуде. АІХ-те Ресми тізімге қабылдау («АІХ-ке рұқсат») Үлестіру күнінен кейін 2022 жылдың 5 желтоқсанында немесе шамамен сол күні орын алады деп күтілуде.

АІХ және онымен байланысқан компаниялар және олардың тиісті директорлары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Проспектінің мазмұнына, соның ішінде оған енгізілген кез келген ақпараттың немесе мәлімдемелердің дұрыстығына немесе толықтығына жауап бермейді. Проспектіге қатысты міндеттеме Проспект Эмитенті және пікірлері келісім арқылы осы Проспектіге енгізілген басқа да тұлғалар жауап береді. Сондай-ақ АІХ, оның директорлары, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қандай да бір нақты инвесторға немесе инвестор типіне қатысты Проспект жататын бағалы қағаздардың жарамдылығын бағалаған жоқ. Осы Проспектінің мазмұнын түсінбесеңіз немесе бағалы қағаздардың сіздің жеке инвестициялық мақсаттарыңыз бен жағдайларыңызға сәйкес келетініне сенімді болмасаңыз, онда уәкілетті қаржылық консультантымен кеңескен жөн.

Акциялар KASE Ресми Тізіміне 2015 жылдың 3 тамызынан бастап енгізілді. KASE-дегі Акциялардың қайталама сауда-саттығы 2022 жылдың 8 желтоқсанында немесе шамамен сол күні шамамен Жабылу күнінен кейін бірден басталады деп күтілуде.

АКЦИЯЛАР АРНАЙЫ СИПАТТАҒЫ АКЦИЯЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМІ БАР ИНВЕТОРЛАР ТАРАПЫНАН САТЫП АЛЫНУЫ ЖӘНЕ САТЫЛУЫ КЕРЕК. АКЦИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІМЕН БАЙЛАНЫСҚАН. ӘЛЕУЕТТІ ИНВЕТОРЛАР КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚҰЮДЫ ҚАРАСТЫРУ КЕЗІНДЕ БҮКІЛ ПРОСПЕКТІНІ, ӘСІРЕСЕ, «ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ» БӨЛІМІН ОҚУЫ КЕРЕК.

Осы Ұсыныс мұндай ұсыныс немесе сауал заңсыз болатын кез келген юрисдикцияда бағалы қағаздарды сату туралы ұсыныс немесе сатып алу туралы ұсынысқа берілетін сауал болып табылмайды. Акцияларды табыстауға қатысты осы және кейбір қосымша шектеулерді талқылау үшін «Үлестіру жоспары», «Сату шектеулері» және «Есеп айырысу және аударымдар» бөлімдерін қараңыз.

Бірлескен үлестірушілер мен Жергілікті Букраннерлер

«BCC Invest» АҚ	«Фридом Финанс» АҚ	«Halyk Finance» АҚ	«Skybridge Invest» АҚ
	Халықаралық букраннерлер		
«Wood & Company Financial Services a.s.»		«Renaissance Securities (Cyprus) Limited»	

Осы Проспектінің рәсімделген күні: 7 қараша 2022 ж.

ОСЫ ПРОСПЕКТ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Осы Проспектіні қабылдау арқылы сіз төмендегілермен келісесіз. Бұл Проспектіні Компания мен Сатушы Акционер сізге Акцияларды сатып алу мәселесін қарастыру мақсатында ғана ұсынады. Мұндай ақпарат басқаша түрде жалпыға қолжетімді болған жағдайдан басқа, Акцияларға инвестиция құю мүмкіндігін қарастыруды қоспағанда, осы Проспектіні толық немесе ішінара жаңғыртуға немесе таратуға, оның мазмұнын кез келген түрде ашуға немесе ондағы кез келген ақпаратты кез келген мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

Компания, Сатушы Акционер, Букраннерлер, сондай-ақ олардың тиісті директорлары, лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, агенттері, үлестес тұлғалары немесе консультанттары осы Проспектідегі ақпараттың дұрыстығына, тексеруіне немесе толықтығына қатысты нақты немесе жанама мәлімдеме жасамайды немесе жауапкершілікті өз мойнына алмайды, сондай-ақ, тиісінше, деликттен, шарттан немесе басқаша түрде осы Проспектіге немесе кез келген осындай мәлімдемеге қатысты болуы мүмкін барлық және кез келген жауапкершіліктен бас тартады. Осы Проспектіде қамтылған ақпарат өткенге немесе болашаққа қатысты уәде немесе куәландыру болып табылмайды және олай қарастырылмайды. Бұл Проспект қандай да бір кредиттік немесе басқа бағалаудың негізін ұсынуға арналмаған және Компанияның, Сатушы Акционердің немесе Букраннерлердің осы Проспектіні кез келген алушы Акцияларға жазылуы немесе оларды сатып алуы керек деген ұсынысы ретінде қарастырылмауы керек. Әрбір әлеуетті Акцияларға жазылушы немесе оларды сатып алушы осы Проспектіде қамтылған ақпараттың өзектілігін өзі анықтауы керек және оның Акцияларға жазылуы немесе оларды сатып алуы қажет деп санайтын зерттеуге негізделуі керек. Осы құжатта өзгеше көрсетілмесе, бұл Проспект дербес түрде тексерілмеген.

Бұл Проспект әрбір ұсыныс алушы үшін жеке болып табылады және қандай да бір басқа тұлғаға немесе жұртшылыққа жалпы Акцияларды сатып алу немесе оларды басқа жолмен алу туралы ұсыныс болып табылмайды. Инвестициялық шешім қабылдау кезінде сіз Компанияға қатысты жеке зерттеуіңізге, сараптамаңызға, сауалыңызға және талдауыңызға, Ұсыныс талаптарына, соның ішінде онымен байланысқан артықшылықтар мен тәуекелдерге, өзіңіздің жеке инвестициялық мақсаттарыңыз бен тәжірибеңіз негізінде кез келген осындай инвестициялардың жарамдылығын жеке анықтауыңызға, сондай-ақ Акцияларға инвестиция құюмен байланысты сізге қатысты болуы мүмкін кез келген басқа факторларға сүйенуіңіз керек. Акцияларды сатып алу туралы кез келген шешім тек осы Проспектіде қамтылған ақпаратқа негізделуі керек. Осы Проспектіде қамтылғандардан басқа ешбір тұлғаның Ұсынысқа қатысты қандай да бір ақпарат беруге немесе қандай да бір мәлімдеме жасауға құқығы жоқ. Егер қандай да бір осындай ақпарат берілсе немесе осындай мәлімдемелер жасалса, мұндай ақпарат немесе мәлімдемелер Компания, Сатушы Акционер, Букраннерлер, олардың кез келген үлестес тұлғалары, консультанттары немесе кез келген басқа тұлға тарапынан рұқсат етілген деп қарастырылмауға тиіс. Әлеуетті инвесторлар осы Проспектіде көрсетілген ақпаратқа оның берілген күні бойынша ғана дұрыс деп сүйенуі керек. Осы Проспект шығарылған күннен кейінгі кез келген уақытта осы Проспектіні жеткізу де, осыған сәйкес жүзеге асырылған кез келген сату ешбір жағдайда осы Проспектіде қамтылған ақпараттың осы Проспект шығарылған күннен кейінгі кез келген күнге дұрыс екенін немесе Топ бизнесіндегі, қаржылық жағдайындағы немесе қызметінің нәтижелеріндегі өзгерістердің болмағанын білдірмейді.

Осы Проспектідегі ақпаратты инвестициялық, заңгерлік, салықтық, іскерлік немесе қаржылық кеңес ретінде қарастырмауыңыз керек. Акцияларды сатып алуға қатысты әрбір тиісті кеңес алу үшін сіз өзіңіздің инвестициялық, заңгерлік, салықтық, іскерлік, қаржылық және басқа да консультанттарыңызбен кеңесуіңіз керек. Компания, Сатушы Акционер немесе Букраннерлер тиісті инвестициялық немесе ұқсас заңнамаға сәйкес Акциялар бойынша ұсыныс алушы немесе оларды сатып алушы тарапынан Акцияларға инвестиция құюдың заңдылығына қатысты Акциялар бойынша кез келген ұсыныс алушыға немесе оларды сатып алушыға ешқандай мәлімдеме жасамайды.

Бағалы қағаздардың бағасы және олардан түскен кез келген кіріс өсуі де, төмендеуі де мүмкін.

Осы Проспект ағылшын тілінде жасалған. Заңнамалық актілер мен техникалық терминдерге дұрыс техникалық мағына беру үшін оларға берілетін сілтемелер түпнұсқа тілінде келтірілген. KASE-дегі

Ұсыныстың мақсаттарында Компания KASE-де осы Проспектінің орыс және қазақ тілдеріндегі аудармасын (бұдан әрі – әрқайсысы «**Аударма**» деп аталады) ұсынатын болады. Аударманы Компания тек осы Проспектіде сипатталған KASE-дегі Ұсыныс үшін дайындады. Аударма сондай-ақ АИХ-тегі Ұсыныстың мақсаттары үшін қолжетімді болады. Букраннерлер немесе олардың үлестес тұлғалары Аударманың дұрыстығы мен толықтығын тексермеген, қандай да бір мәлімдеме жасамаған немесе кепілдік берген жоқ немесе ол үшін еш жауап бермейді. Осы Проспектінің ағылшын тіліндегі нұсқасы кез келген инвестициялық шешімге байланысты пайдаланылуға тиіс. Осы Проспектінің ағылшын тіліндегі нұсқасы мен Аударма арасында кез келген қайшылықтар немесе сәйкессіздіктер болған жағдайда немесе ағылшын тіліндегі нұсқадағы немесе Аудармадағы кез келген мәлімдемені түсіндіруге қатысты кез келген дау туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы басым болады.

Әлеуетті инвесторлар мыналарды мойындайды: (i) олар осы Проспектідегі кез келген ақпараттың дұрыстығын тексеруге немесе олардың инвестициялық шешіміне байланысты Букраннерлерге немесе Букраннерлермен байланысқан кез келген тұлғаларға сүйенбеген; (ii) олар тек осы Проспектіде қамтылған ақпаратқа сүйенген; және (iii) ешбір тұлғаға Компанияға, оның еншілес ұйымдарына немесе Акцияларына қатысты қандай да бір ақпарат беруге немесе қандай да бір мәлімдеме жасауға (осы Проспектіде қамтылғандардан басқа) өкілеттік берілген жоқ және егер берілген немесе жасалған болса, кез келген осындай басқа ақпарат немесе мәлімдеме Компания, Сатушы Акционер немесе Букраннерлер тарапынан рұқсат етілген деп қарастырылмауға тиіс.

Ұсынысқа байланысты Букраннерлер және өзінің немесе олардың жеке шот(-тар)ы есебінен инвестор ретінде әрекет ететін олардың кез келген тиісті үлестес тұлғалары, жағдайға қарай, Ұсынысқа байланысты немесе өзге жолмен негізгі позиция ретінде Ұсыныстағы Акциялардың бір бөлігіне жазылуы немесе оларды сатып алуы мүмкін, сондай-ақ бұл жағдайда осындай бағалы қағаздарды, Компанияның кез келген басқа бағалы қағаздарын немесе басқа да байланысқан инвестицияларды өзінің жеке шоты(-тар)ы есебінен сақтауға, сатып алуға, сатуға, сатуды ұсынуға немесе басқаша мәміле жасауға құқылы. Сәйкесінше, осы Проспектіде шығарылатын, ұсынылатын, жазылатын, орналастырылатын немесе басқа жолмен жүзеге асырылатын Акцияларға берілетін сілтемелер кез келген шығару, ұсыныс, жазылу, орналастыру немесе кез келген Букраннерлермен және олардың осындай жағдайда әрекет ететін кез келген тиісті үлестес тұлғаларымен жасалған мәмілелер ретінде түсінілуі керек. Сонымен қатар, кейбір Букраннерлер немесе олардың үлестес тұлғалары қаржыландыру туралы келісімдерді (осыған байланысты мұндай Букраннерлер (немесе олардың үлестес тұлғалары) мерзімді түрде Акцияларды сатып алуы, ұстауы немесе иеліктен шығаруы мүмкін инвесторлармен жасалатын своп операцияларын қоса алғанда) жасай алады. Букраннерлер мұндай кез келген инвестициялардың немесе операциялардың көлемін ашуға ниетті емес, бірақ бұны кез келген заңды немесе нормативтік міндеттемеге сәйкес қана аша алады.

Компания мен Сатушы акционер кез келген уақытта Ұсынысты қайтарып ала алады, ал Компания, Сатушы акционер және Букраннерлер Акцияларды сатып алу туралы кез келген ұсыныстан толық немесе ішінара бас тартып, кез келген әлеуетті инвесторға осындай инвестор тарапынан сұралатын Акциялардың толық сомасынан азырақ бағаға сату құқығын өзіне қалдырады. Осы Проспектіні тарату, сондай-ақ Акцияларды ұсыну және сату белгілі бір юрисдикцияларда заңмен шектелуі мүмкін. Сіз кез келген осындай шектеулер туралы білуіңіз және оларды сақтауыңыз керек («*Сату шектеулері*») және «*Үлестіру жоспары*» бөлімдерін қараңыз). Акциялар тек Қазақстанда ғана ұсынылады. Сіз Акцияларды сатып алатын, ұсынатын немесе сататын немесе осы Проспектіні иеленетін немесе тарататын кез келген юрисдикцияда қолданылатын барлық заңдар мен ережелерді сақтап, сіз бағынатын немесе осындай сатып алулар, ұсыныстар немесе сатулар жасайтын кез келген юрисдикцияда қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес Акцияларды сатып алу, ұсыну немесе сату үшін қажетті кез келген келісімді, мақұлдауды немесе рұқсатты алуыңыз керек. Осы шектеулерді сақтамау кез келген осындай юрисдикцияның бағалы қағаздар туралы заңын бұзу болып табылады. Мұндай ұсынысқа немесе сауалға рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, Компания, Сатушы акционер және Букраннерлер Қазақстаннан басқа кез келген юрисдикциядағы кез келген тұлғаға Акцияларды сату туралы ұсыныс немесе кез келген Акцияларды сатып алу туралы ұсынысқа сауал жасамайды.

Компанияның немесе Сатушы акционердің веб-сайттарының мазмұны осы Проспектінің бір бөлігін құрамайды.

Инвестициялық шешім қабылдау кезінде әлеуетті инвесторлар Топты және осы Проспектінің шарттарын, соның ішінде тәуекелдерді қоса алғанда, өз сараптамаларына сүйенуі керек.

Осы Проспектінің көшірмесін шектеулі уақыт ішінде Компанияның тіркелген кеңсесінде алуға болады. *«Жалпы ақпарат»* бөлімін қараңыз. Осы Проспектіде көрсетілген ақпарат тек осы Проспектінің алдыңғы мұқабасында көрсетілген күндегідей дәл болып табылады. Осы күннен бастап Топтың іскерлік және қаржылық жағдайы өзгеруі мүмкін.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕР

Бұл Проспект «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржылық қызметтері жөніндегі негіздемелік ережелерінің (АХҚО 2017 жылғы № 18 ережелері) 69-бөліміндегі және Нарық ережелерінің 1-бөліміндегі талаптарға сәйкес келеді. Егер осы құжатта өзгешеліктер көзделмесе, Компания осы Проспектіде берілген ақпарат үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және осы Проспектідегі ақпараттың Компанияға белгілі болғандай фактілерге сәйкес болып, оның мағынасына әсер етуі мүмкін ешқандай елеулі кемшіліктерді қамтымайтынын қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шараларды қабылдайды және орынды сауал жасайды.

Компанияның өтініші бойынша 5001 Spring Valley Road, Suite 800 East, Даллас, Техас, АҚШ, 75244 мекенжайы бойынша тіркелген «DeGolyer and MacNaughton» компаниясы («**D&M**») «PRMS CASE 2022 жылғы 9 ақпанда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қатысу үлестерін иеленетін немесе бақылайтын жекелеген кен орындарының қорлары, түсімі және шартты ресурстары туралы есепті» («**D&M есебі**») дайындады. D&M есебінен түсіндірме осы Проспектінің А қосымшасында келтірілген. Осыған көз жеткізу үшін адал және тиісті кәсіби деңгейде әрекет ете отырып, D&M компаниясы D&M есебінде қамтылған ақпарат «D&M»-нің білуі бойынша, фактілерге сәйкес келетінін және оның мағынасына әсер етуі мүмкін кемістіктердің жоқ екенін мәлімдейді. D&M компаниясы осы Проспектіге D&M есебіндегі түсіндірмені, сондай-ақ D&M есебіне және D&M компаниясының өзіне сілтемелерді олар осы Проспектіге енгізілген нысан мен мән-мәтінде қосуға жазбаша келісімін берді және қайтарып алған жоқ. D&M есебінен алынған ақпарат Проспектіге енгізілді және оған түзетулер енгізілген жоқ.

Қазақстан, Алматы 050060, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, Есентай Тауэр мекенжайы бойынша тіркелген Компанияның аудитору «Эрнст энд Янг» ЖШС («ЕУ») (Қазақстан аудиторлар палатасының қауымдастырылған мүшесі). ЕУ Компанияның 2021, 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізді және ескертусіз-ақ аудиторлық есепті ұсынды. ЕУ сондай-ақ Аралық қаржылық есептілікті қарап тексерді. **«ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ»** тарауын қараңыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНВЕСТОРЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай тұлғалардың немесе ұйымдардың әрекет қабілеттілігіне қатысты қолданылатын кез келген басқа заңдарға сәйкес келесідей әрекет жасай алатын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды қоспағанда, бұл Проспект Қазақстан Республикасындағы кез келген қазақстандық жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға, не болмаса оның мүддесіне бағалы қағаздарды сату, оларды сатып алу, айырбастау немесе қандай да бір басқа тәсілмен табыстау туралы ұсыныс немесе осындай ұсынысты жасауға шақыру болып табылмайды. Келесідей жарнама Қазақстан Республикасының заңнамасына толықтай түрде сәйкес келетін жағдайлардан басқа, бұл Проспектіні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасының мақсаттары үшін жарнама ретінде қарастыруға болмайды (яғни, кез келген нысанда таратылатын және орналастырылатын және Компания мен оның өнімдеріне, сауда белгілеріне, жұмыстарына, қызметтеріне және/немесе оның бағалы қағаздарына деген қызығушылықты қалыптастыру мен қолдауға, сондай-ақ олардың сатылуына септігін тигізуге бағытталған, шектелмеген тұлғалар тобына арналған ақпарат).

БАСҚА ШЕТЕЛДІК ИНВЕТОРЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ХАБАРЛАМА

Америка Құрама Штаттары, Австралия, Канада немесе Жапонияны қоса алғанда, кез келген юрисдикцияның қолданыстағы бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес акцияларды жария орналастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ешқандай әрекет жасалған жоқ. Акциялар Америка Құрама Штаттарының, Австралияның, Канаданың немесе Жапонияның немесе кез келген басқа юрисдикциялардың қолданыстағы бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес тіркелмеген немесе тіркелмейді немесе біліктілігі жоқ. Кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, акциялар Америка Құрама Штаттарын, Австралияны, Канаданы немесе Жапонияны қоса алғанда кез-келген юрисдикцияда, сондай-ақ кез-келген юрисдикциядағы кез-келген азаматтың немесе резиденттің есебінен немесе пайдасына ұсынылмайды немесе, сатылмайды. Осы Проспект мұндай тұлғаға қатысты мұндай ұсыныс немесе өтініш осындай юрисдикцияда заңсыз болып табылатын кез келген юрисдикциядағы кез келген тұлғаға қандай да бір акцияларға жазылу немесе сатып алу туралы ұсыныс немесе ұсынысқа шақыру болып табылмайды.

Осы Проспектіні тарату, сондай-ақ Акцияларды ұсыну және сату белгілі бір юрисдикциялардағы заңмен шектелуі мүмкін. Компания, Сатушы акционер және/немесе Букраннерлер кез келген юрисдикцияның қолданыстағы бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес акцияларды жария орналастыруға рұқсат беру үшін ешқандай әрекет жасаған жоқ немесе жасамайды. Осы Проспектіде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы Проспектіні (немесе Акцияларға қатысты кез келген басқа ұсыныстарды немесе жарнамалық материалдарды) осы мақсат үшін әрекет қажет болуы мүмкін, немесе, заңмен шектелген кез келген юрисдикцияда иеленуге, немесе, таратуға рұқсат беру үшін ешқандай әрекет жасаған жоқ және жасалмайды. Тиісінше, кез-келген қолданыстағы Заңдар мен ережелердің сақталуына әкелетін жағдайларды қоспағанда, осы Проспектіні де, кез-келген жарнаманы да, қызметтерді ұсынатын кез-келген басқа материалдарды да кез-келген юрисдикцияда таратуға немесе жариялауға болмайды. Осы құжатты иелігіне алған тұлғалар кез келген осындай шектеулер туралы дербес хабарлауға және оларды сақтауға міндетті. Мұндай шектеулерді сақтамау - кез келген осындай юрисдикцияның бағалы қағаздар туралы заңнамасын бұзуды білдіруі мүмкін.

ТИІСТІ МЕМЛЕКЕТТЕРГЕ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАМА

Осы Проспект акциялардың барлық ұсыныстары Ұлыбританияның бағалы қағаздар проспектісі туралы ережеге және ЕО бағалы қағаздар проспектісі туралы ережеге сәйкес аударылатын бағалы қағаздарды жария түрде ұсыну үшін Проспекті дайындау туралы талапқа сәйкес босатуға сәйкес жасалатындығы негізінде дайындалды. Тиісінше, Біріккен Корольдікте, немесе, Тиісті Мемлекетте қандай да бір акциялар ұсынысын жасайтын, немесе, жасауға ниет білдірген кез келген тұлға мұны Компанияның немесе кез келген Букраннердің мұндай ұсыныстың Проспектісін дайындау бойынша міндеттемелері болмаған жағдайларда ғана жасауға тиіс. Компания да, Букраннерлер де, олардың ешқайсысы да осы Проспектіде көзделген акциялардың түпкілікті орналастырылуын білдіретін Букраннерлер жасаған ұсыныстардан басқа, қандай да бір қаржылық делдал арқылы қандай да бір акцияларды ұсынуға рұқсат немесе өкілеттік берген жоқ.

ДИСТРИБЬЮТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

А) ЕО 2014/65/EU түзетілген қаржы құралдары нарықтары туралы Директивасында ("MiFID II") қамтылған өнімді басқаруға қойылатын талаптардың мақсаттары үшін ғана; (б) MiFID II толықтыратын комиссияның (ЕО) 2017/593 Өкілетті Директивасының 9 және 10-баптарында; және (с) жергілікті енгізу шаралары («ЕЭА өнімдерін басқаруға қойылатын талаптар») және кез келген «Өндіруші» (ЕЭА өнімдерін басқаруға қойылатын талаптардың мақсаттары үшін) құқық бұзушылық, келісімшарт, немесе, басқа жолмен туындайтынына қарамастан, барлық және кез келген Жауапкершіліктен бас тарту (ЕЭА өнімдерін басқаруға қойылатын талаптардың мақсаттары үшін) басқа жолмен алып жүруі мүмкін. бұл, акциялар мұндай акциялардың: (i) кәсіби клиенттер мен қолайлы контрагенттердің критерийлеріне сәйкес, келетін бөлшек клиенттер мен инвесторлардың түпкілікті мақсатты нарығымен үйлесімді екенін анықтаған өнімді мақұлдау процесіне жатады, олардың әрқайсысы MiFID II - де анықталған; және (ii) барлық рұқсат етілген тарату арналары арқылы таратуға жарамды («мақсатты нарықты бағалау»). Қарамастан мақсатты нарық бағалау, дистрибьюторлар (ЕЭА өнімдерін басқару талаптары үшін) мынаны ескеруі керек: акциялардың бағасы төмендеуі мүмкін және инвесторлар инвестицияларының барлығын, немесе,

бір бөлігін жоғалтуы мүмкін; акциялар кепілдендірілген кіріс ұсынбайды және капиталды қорғамайды; акцияларға салынған инвестициялар тек кепілдендірілген кірісті, немесе, капиталды қорғауды қажет етпейтін инвесторлармен ғана үйлесімді, олар (өз бетінше немесе тиісті қаржылық, немесе, басқа кеңесшімен бірге) осындай инвестициялардың артықшылықтары мен тәуекелдерін бағалай алады және нәтижесінде туындауы мүмкін кез-келген шығындарды көтере алатындай ресурстарға ие. Мақсатты нарықты бағалау ұсынысқа қатысты сатуға қандай да бір шарттық, құқықтық немесе нормативтік шектеулерге нұқсан келтірмейді.

Күмәнді болдырмау үшін мақсатты нарықты бағалау мынаны білдірмейді: (а) MiFID II мақсаттары үшін жарамдылықты немесе сәйкестікті бағалау; немесе (б) кез келген инвесторға немесе инвесторлар тобына акцияға қатысты инвестициялауға, сатып алуға немесе басқа әрекеттерді жасауға кеңес беру.

Әрбір дистрибьютор акцияларға қатысты мақсатты нарықты өзіндік бағалауды жүргізуге және тиісті тарату арналарын анықтауға жауапты.

СОТ ХАБАРЛАМАЛАРЫН ТАПСЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ

Компания және Сатушы акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және олардың тиісті операцияларының көп бөлігі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан. Компанияның және Сатушы акционердің директорлары мен атқарушы лауазымды тұлғаларының көпшілігі Қазақстан Республикасында тұрады. Компанияның және Сатушы акционердің әрқайсысының активтерінің басым бөлігі және Компанияның директорлары мен атқарушы лауазымды тұлғаларының және Сатушы акционердің барлық активтерінің негізгі бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан. Нәтижесінде, (i) Компанияға, Сатушы акционерге немесе олардың кез келген тиісті директорларына және атқарушы лауазымды тұлғаларына Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде процессуалды құжаттарды беру немесе (ii) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі соттарда алынған олардың кез келгеніне қатысты сот шешімдерін орындауды іске асыру мүмкін болмауы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы соттар (i) мұндай ел мен Қазақстан арасында сот шешімдерін өзара орындауды көздейтін шарт (әрі осындай шарттың талаптарына сәйкес) күшінде болған немесе (ii) нақты өзаралық (яғни нақты судья Қазақстан Республикасында қабылданған сот үкімдерінің осындай басқа елде орындалуға жататынына (немесе іс жүзінде орындалғанына) дәлелдер бар екеніне қанағаттанса) болған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасынан тыс басқа елде құрылған сотта шығарылған кез келген үкімді орындамайды. Қазақстан Республикасының белгілі бір елдермен жасалған осындай шарттардың шектеулі саны бар; ал шарт болмаған кезде нақты өзаралықтың болуын дәлелдеу қиын болып, немесе тіпті мүмкін болмайды. Дегенмен, Қазақстан Республикасы Шетелдік арбитраж шешімдерін тану және орындау туралы 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясының («**Нью-Йорк Конвенциясы**») қатысушысы болып табылады және, тиісінше, Конвенцияның қатысушысы болып табылатын елде шығарылған арбитраждық шешім Конвенцияда белгіленген тану және орындау шарттары және Қазақстан Республикасының заңдары сақталған жағдайда Қазақстан Республикасында танылуы және орындалуы тиіс. Сондай-ақ «*Қазақстандағы реттеу — Арбитраж туралы заң*» бөлімін қараңыз.

БОЛЖАЛДЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУ

Бұл Проспект белгілі бір «болжалды мәлімдемелерді» қамтуы мүмкін, олар шектеусіз қаржылық жағдайға, Компанияның операциялар мен бизнесінің нәтижелеріне және осындай тараулармен байланысқан Компанияның кейбір жоспарларына, ниеттеріне, күтілетін нәтижелеріне, болжамдарына, мақсаттары мен сенімдеріне қатысты болады. Бұл мәлімдемелер тарихи факт болып табылмайтын және, әдетте (бірақ әрқашан емес) «жорамалдайды», «күтеді», «күтіледі», «болжайды», «ниеттенеді», «бағалайды», «жөн», «болатын», «болмақ», «мүмкін», «бәлкім», «жоспарланады» сияқты сөздердің немесе ұқсас сөздердің, соның ішінде нұсқалар мен олардың терістеуі немесе ұқсас терминологияның көмегімен сәйкестендірілуі мүмкін.

Әлеуетті инвесторлар болжалды мәлімдемелердің болашақ нәтижелердің кепілдігі болып табылмайтынын, сондай-ақ Компания қызметінің нақты нәтижелері мен қаржылық жағдайы және

ол жұмыс істейтін саланың дамуы осы Проспектіде қамтылған болжалды мәлімдемелерде жасалған немесе олар ұсынылғандардан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкіндігі туралы білуі тиіс. Сонымен қатар, Компания қызметінің нәтижелері, қаржылық жағдайы және бизнесі, сондай-ақ ол қызмет ететін саланың дамуы осы Проспектіде қамтылған болжалды мәлімдемелерге сәйкес келсе де, бұл нәтижелер немесе оқиғалар кейінгі кезеңдердегі нәтижелердің немесе оқиғалардың көрсеткіш болмауы мүмкін.

Нақты нәтижелердің Компания күткеннен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін факторлар осы Проспектідегі ескерту мәлімдемелерінде қамтылған және басқалармен қатар келесілерді қамтиды:

- шикі мұнай, газ және мұнай өнімдері нарықтарындағы бағалардың ауытқуы және осыған байланысты осындай өнімдерге деген сұраныстың ауытқуы;
- тауар бағасын қоса алғанда, жалпы халықаралық және ішкі экономикалық және бизнес жағдайлары;
- Компанияның қазіргі мұнай мен газ қорларын игеру, ауыстыру және ұлғайту мүмкіндігі;
- Қазақстан Республикасындағы және халықаралық нарықтардағы экономикалық және саяси жағдайлар, соның ішінде үкіметтік өзгерістер;
- бірлескен кәсіпорындар мен Компанияның қауымдастырылған компанияларын дамыту жөніндегі жобалар мен операциялардағы қаражаттың кешігуі және артық жұмсалуды;
- тасымалдау маршруттарының, әсіресе КҚК құбыры сияқты экспорттық тасымалдау бағдарларының бар болуы немесе құны және тасымалдауды ұйымдастыру үшін алынатын алымдар;
- шикі мұнай мен газ экспортына, КҚК құбыры сияқты экспорттық бағдарларына әсер ететін оқиғалар немесе жағдайлар;
- Топтың қолданылатын экологиялық стандарттар мен тұрақтылық стандарттарын сақтамау тәуекелдері;
- рұқсаттардың қолжетімділігіне әсер ететін нормативтік өзгерістерді қоса алғанда, мемлекеттік қаулылардағы өзгерістер және Компанияның қызметіне немесе жоспарлы кеңеюіне әсер етуі мүмкін үкіметтің әрекеттері;
- Компанияның активтерді иеліктен шығаруы, соның ішінде, Үкіметтің жекешелендіру жоспарына сәйкес;
- Компанияның, оның еншілес, бірлескен немесе қауымдасқан ұйымдарының корпоративтік ұйымындағы өзгерістер;
- жабдықтың істен шығуын, еңбек дауларын және өндеуді шектеуді қоса алғанда, пайдалану шектеулері;
- COVID-19 және басқалар сияқты жұқпалы аурулардың таралуы;
- Компанияның өз өнімдерінің нарықтағы үлесін ұлғайту және шығындарды бақылау мүмкіндігі;
- теңге/АҚШ долларының және басқа валюта бағамдарының ауытқуы;
- Компанияның қызметіне немесе объектілеріне әсер ететін жоспардан тыс оқиғалар немесе апаттар;
- салық талаптарындағы өзгерістер, соның ішінде салық мөлшерлемесінің өзгерістері, жаңа салық заңнамасы және қайта қаралған салық заңнамасының түсіндірмелері;

- Ресей-Украина әскери қақтығысын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Қазақстан Республикасымен бір аймақтағы елдердегі тұрақсыздық пен толқулардың салдары;
- қабаттың өнімділігі, бұрғылау жұмыстарының нәтижелері және Компанияның мұнай мен газды өндіруді кеңейту жоспарларының орындалуы;
- кез келген әлеуетті сатып алуды жүзеге асыра алмау немесе Компания ұсынған шарттарда осындай мүдделерді алу мүмкіндігінің болмауы; және
- болашақ әрекеттердің уақыты, әсері және басқа да белгісіздік факторлары.

Нақты нәтижелердің, көрсеткіштердің немесе жетістіктердің айтарлықтай ерекшеленуін тудыруы мүмкін қосымша факторларға «*Тәуекел факторлары*» және «*Операциялық және қаржылық шолу*» бөлімдерінде сипатталған факторлар жатады, бірақ бұл олармен ғана шектелмейді. Болжалды мәлімдемелер тек осы Проспект күніндегі жағдай бойынша жарамды болып, Компанияның күтілетін нәтижелеріндегі кез келген өзгерістерді немесе осы болжалды мәлімдемелерге негізделген оқиғалардың, шарттардың немесе жағдайлардағы кез келген өзгерістерді көрсету үшін осы Проспектідегі кез келген болжалды мәлімдемелер бойынша жария түрде жаңарту немесе қайта қарау бойынша кез келген міндеттемеден немесе міндеттен тікелей бас тартады. Болжалды мәлімдемелердің белгісіздігін ескере отырып, Компания болжанатын нәтижелерге немесе оқиғаларға қол жеткізілетініне кепілдік бере алмайды және Компания бұл мәлімдемелерге негізсіз сенбеу керектігі туралы ескертеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ

Қаржылық ақпаратты ұсыну

Өзгесі тікелей көрсетілген және дөңгелектеуге жататын жағдайды қоспағанда, Компанияға қатысты осы Проспектіде көрсетілген аудиттелген қаржылық ақпарат Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес шығарған және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес жасалған Компанияның қаржылық есептілігінен алынған.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы және осы Проспектіде көрсетілген Компанияның шоғырландырылған қаржылық ақпараты Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы күй бойынша және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінен («**2020 жылға арналған Қаржылық есептілік**») алынды. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы және осы Проспектіде көрсетілген Компанияның шоғырландырылған қаржылық ақпараты Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы күй бойынша және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінен («**2021 жылға арналған Қаржылық есептілік**») алынды. 2022 жылғы 30 маусымда және 2021 жылы аяқталған алты айдағы Компанияның шоғырландырылған қаржылық ақпараты ЕҮ тексерген Топтың 2022 жылғы 30 маусымдағы күй бойынша және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аудиттелмеген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігінен («**Аралық қаржылық есептілік**») және 2020 жылға арналған қаржылық есептілікпен және 2021 жылғы қаржылық есептілікпен бірге «**Қаржылық есептілік**») алынды. Қаржылық есептілік аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты дербес аудитордың тиісті есептерімен бірге осы Проспектіде F-2 – F-29 беттерінде берілген. Қаржылық есептіліктер Компанияның веб-сайтында жарияланған.

Дербес аудиторлар

Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша ЕҮ Компанияның аудиторлары болып табылады. ЕҮ 2021, 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Компанияның шоттарына аудит жүргізіп, толық аудиторлық есеп берді. ЕҮ-нің Компанияда ешқандай материалдық мүддесі жоқ.

Қайта мәлімдемелер

2021 жылдың 9 қарашасында Компания «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамындағы («**QazaqGaz**») (бұрынғы атауы – «ҚазТрансГаз» АҚ және ол Компанияға тиесілі

болған) өзінің 100 пайыздық үлесін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамына берді. 2021 жылдың 9 қарашасынан бастап QazaqGaz қызметі тоқтатылған деп жіктелді. QazaqGaz бизнесі 2021 жылдың 8 қарашасына дейін Топтың газ саудасы мен тасымалдау сегментін толық қамтыды. Бұдан әрі, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептілік және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептілік ретроспективті түрде қайта қаралды. QazaqGaz-дың 2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін нәтижелері туралы қосымша ақпаратты 2021 жылға арналған қаржылық есептілікке берілетін 5-ескертпеден қараңыз.

Валюта

Өзгеше көрсетілмесе, осы Проспектіде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

- «**€**», «**ЕУР**» немесе «**еуро**» Еуропалық Экономикалық Қоғамдастық құру туралы Рим шартына (енгізілген өзгертулермен бірге) сәйкес бірыңғай валютаны қабылдаған Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің қазіргі уақыттағы заңды валютасын білдіреді.
- «**АҚШ \$**», «**АҚШ доллары**» немесе «**доллар**» қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарының, оның аумақтары мен иеліктерінің заңды валютасын білдіреді;
- «**РУБЛЬ**» Ресей Федерациясының заңды валютасын білдіреді; және
- «**Қазақстан теңгесі**» немесе «**теңге**» Қазақстан Республикасының заңды валютасын білдіреді.

Еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға қатысты белгілі бір ақпаратты ұсыну

Әдетте, Компанияның дауыс беру құқығымен 50 пайыздан астам акцияға иелік етумен байланысқан қаржылық және операциялық саясатты басқаруға өкілеттігі бар ұйымдар еншілес ұйымдар деп аталады.

Еншілес ұйымдар бақылау Компанияға немесе оның еншілес ұйымдарының біріне өткен күннен бастап толығымен шоғырландырылады. Өзгеше көрсетілмесе, осы Проспектіде Компанияның тікелей және жанама еншілес ұйымдары үшін ұсынылған өндіріске және қорларға қатысты ақпарат және басқа да осыған ұқсас ақпарат Компанияның ондағы қатысу үлесіне қарамастан еншілес ұйымдардың ондағы жалпы үлесін көрсетеді.

Бірлескен қызмет – бұл екі немесе одан да көп тараптар бірлескен бақылауға ие болатын қызмет. Бірлескен бақылау – бұл тиісті қызмет туралы шешімдер қабылдау бақылауды бөлісетін тараптардың бірауыздан келісімін талап еткенде ғана болатын келісім бойынша келісілген бақылауды бөлісу. Компанияның бірлескен қызметтері екі нысанда болады: бірлескен кәсіпорындар және бірлескен операциялар. Бірлескен кәсіпорын – бұл келісімді бірлескен бақылауға ие тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары болатын бірлескен қызмет түрі. Бірлескен операция – бұл келісімге бірлескен бақылау жасайтын тараптардың активтерге құқықтары мен келісімге қатысты міндеттемелер бойынша міндеттемелері болатын бірлескен қызмет.

Бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесіне нақты қолданылатын IAS 28-ге сәйкес, IAS 28-ге сай бірлескен кәсіпорын анықтамасына сәйкес келетін бірлескен кәсіпорындар «үлестік қатысу әдісін» пайдаланылуымен есепке алынуы тиіс. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесі қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындағы Компанияның үлесі Компанияның жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебінде бір бап түрінде қамтып көрсетіледі.

Бірлескен операцияларды сатып алғаннан кейін, Компания осындай бірлескен операциялардағы қатысу үлесіне қатысты, соның ішінде бірлесіп иеленетін кез келген активтердегі өз үлесін және активтер мен міндеттемелердегі өз үлесін, бірлесіп туындаған кез келген міндеттемелердегі өз үлесін таниды. Сондай-ақ Компания бірлескен қызметтен туындайтын өнімдегі өз үлесін сатудан

түскен кірісті; бірлескен қызмет арқылы өнімді сатудан түскен табыстағы оның үлесін; және бірлескен қызметтен туындайтын шығыстарды, соның ішінде бірлесіп жасалған кез келген шығыстардағы оның үлесін таниды.

Қауымдасқан компаниялар – бұл Компанияның тікелей немесе жанама түрде елеулі ықпалы бар, бірақ оларды бақылай алмайтын, әдетте дауыс беру құқығы бар 20-дан 50%-ға дейінгі акциялар пакетін иеленетін ұйымдар. Қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар қатысу үлесі әдісі бойынша ескеріледі. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қауымдасқан компаниялардағы қатысу үлесі олардың осындай қауымдасқан ұйымдардың таза пайдасы немесе залалындағы үлесімен шектеледі және Компанияның қаржылық есептілігінің жиынтық кірісі туралы шоғырландырылған есебінде бір жолмен көрсетіледі.

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы Проспектіде көрсетілген Компанияның немесе оның еншілес кәсіпорындарының өндірісі мен қорларына қатысты ақпарат және басқа да ұқсас ақпарат Компанияның және/немесе тиісті еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындардағы пропорционалды қатысу үлесін көрсетеді. Осыған ұқсас, осы Проспектіде көрсетілген өндіріс пен қорларға қатысты ақпарат және қауымдасқан компаниялардың басқа да ұқсас ақпараты Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қауымдасқан компаниялардағы пропорционалды қатысу үлесін көрсетеді. Осы Проспектінің жекелеген бөлімдерінде Компания тиісті кәсіпорындардағы қаржылық есептіліктің кейбір корреляциясын қамтамасыз ету үшін Компанияның және оның еншілес ұйымдарының және бірлескен операцияларының өндірісі мен қорлары туралы ақпаратты, сондай-ақ қатысу үлесі әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорындардың өндірісі мен қорларынан бөлек басқа да осыған ұқсас ақпаратты ұсынады.

Компанияның еншілес ұйымдарын, бірлескен кәсіпорындарын және қауымдасқан ұйымдарын қалай ескерілетіні туралы қосымша ақпаратты 2021 жылға арналған қаржылық есептілікке берілетін 7 және 19-ескертпелерден және аралық қаржылық есептілікке берілетін 7 және 17-ескертпелерден қараңыз.

Кейбір қорлар туралы ақпарат

Компания өз қорларын Көмірсутектердің ресурстары мен қорларын басқару жүйесін (PRMS) де, қазақстандық әдістемені де пайдалана отырып есептейді (екеуі де төменде сипатталған). Егер өзгесі көрсетілмесе, осы Проспектіде қамтылған қорлар туралы деректер қорлар мен ресурстарды экономикалық тұрғыдан тиімді пайдалану мерзімі бойы бағалаған PRMS мәліметтері бойынша DeGolyer және MacNaughton's («**D&M**») есебінен алынған. Компания «**D&M**»-нен осы Проспектідегі қорлар туралы мәліметтерді ашуға келісім алды.

- **Қазақстандық әдістеме:** Компания өзінің қорларын бұрынғы Кеңес Одағында қолданылған жүйеге негізделген Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес қазақстандық әдістемені пайдалана отырып есептейді. Бұл әдістеме (i) Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесіне (PRMS) сәйкес қорларды бағалауға арналған халықаралық қабылданған стандарттардан да, ii) АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы (SEC) («**SEC стандарттары**») рұқсат еткен қорлар жіктемелерінен де (атап айтқанда, қорларды есептеу кезінде коммерциялық факторлардың қалай және қандай дәрежеде ескерілетініне қатысты) айтарлықтай ерекшеленеді. Қазақстандық әдістеме жоғары алып-сатарлық егістік алқаптарына жататын жоғары алып-сатарлық қор мөлшерлерді қосуға рұқсат бергенімен, осы Проспектіге енгізілген қазақстандық әдістемені пайдалана отырып есептелген қор көрсеткіштері үшін Компания тек A+B+C1 қорларын қосуды таңдады.
- **Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесі (PRMS):** Сондай-ақ Компания Мұнай инженерлері қоғамы, Америкалық мұнай-геологтар қауымдастығы, Дүниежүзілік мұнай кеңесі және Мұнайды бағалау инженерлері қоғамы демеушілік ететін Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесі («**PRMS**») бойынша халықаралық қабылданған қорларды бағалау стандарттарына сәйкес өз қорларын есептейді. Компания алғаш рет 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2021 жылғы жыл сайынғы есебінде Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесі (PRMS) шеңберіндегі қорлар туралы көпшілікке хабарлап, Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесіне (PRMS) сәйкес кейбір қорлар туралы ақпарат осы Проспектіге енгізілген («**Бизнес – қорлар**» бөлімін қараңыз).

Қазақстандық әдістемеге сәйкес алынған бағалаулар Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесіне (PRMS) және АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының (SEC) стандарттарына сәйкес алынғандардан айтарлықтай жоғары болуы мүмкін, себебі қазақстандық әдістеме сол стандарттардан айтарлықтай ерекшеленеді. Дәлелденген қорларға қосымша ықтимал және болжалды қорларды ерікті түрде ашуға мүмкіндікті қоса алғанда, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының (SEC) стандарттары Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесіне (PRMS) неғұрлым сәйкес болу үшін қайта қаралды. Дегенмен, көмірсутек ресурстарын басқару жүйесінің (PRMS) жіктеу әдістемесі мен қазақстандық әдістеме арасында айырмашылықтар сақталады: қазақстандық әдістеме көмірсутектердің геологиялық түзілістердегі нақты физикалық болуына басты назар аударып, қорлар осындай физикалық болу ықтималдылығы негізінде бағаланады. Ал салыстыратын болсақ, PRMS жіктеу жүйесі геологиялық түзілімдердегі көмірсутектердің физикалық болуына да назар аударып, сонымен қатар осы қорларды өндірудің экономикалық тиімділігін (соның ішінде барлау және бұрғылау шығындары, пайдалану шығындары, көлік шығындары, салықтар, өнімнің басым бағасы сияқты факторларды және берілген кен орынның экономикалық тиімділігіне әсер ететін басқа да факторларды қоса алғанда) ескереді. Оның үстіне қазақстандық әдістеме бойынша қорларды Энергетика министрлігі жанындағы қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітеді.

Қорлар тек жыл сайынғы негізде өлшенеді және сәйкесінше, осы Проспект күніндегі жағдай бойынша 2021 жылдың 31 желтоқсанынан кейінгі кез келген күні қор туралы ақпарат жоқ.

Қаржылық есептіліктердегі тозу, сарқылу және амортизация деректері Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесіне (PRMS) сәйкес қорларды бағалау негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сай дайындалып, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының кейбір бірлескен кәсіпорындарының жарияланған аудиттелген қаржылық есептіліктерінен алынды.

Көмірсутек деректері

Осы Проспектіде «тоннаға» берілетін сілтемелер метрикалық тоннаға қатысты қолданылады. Бір метрикалық тонна 1 000 килограммға тең.

Тек ақпараттық мақсаттарда осы Проспектідегі кейбір бағалаулар төмендегідей ұсынылған:

- мұнай мен конденсат баррельдерде және жылына баррельдерде. Баррельдегі цифрлар тоннасына 7,6 баррель мөлшерлемесі бойынша тоннамен көрсетілген Компанияның ішкі жазбаларынан аударылған. Күніне баррельдегі цифрлар жылдық цифрларды 365-ке бөлу арқылы алынды; және
- өсімдік текті өнімдер, соның ішінде бутан, пропан, сұйытылған мұнай газы («СМГ») және бөшкелердегі сұйық көмірсутектер. Баррельдегі цифрлар тоннасына 7,6 баррель мөлшерлемесі бойынша тоннамен көрсетілген Компанияның ішкі жазбаларынан аударылған. Күніне баррельдегі цифрлар жылдық цифрларды 365-ке бөлу арқылы алынды.

Ішкі есеп жүргізу мақсатында Компанияның шикі мұнай мен газ конденсатын өндіруге, тасымалдауға және сатуға қатысты ақпараты тиісті көмірсутек массасын көрсететін өлшем бірлігі болып табылатын тоннамен жазылады. Ыңғайлы болу үшін мұндай ақпарат осы Проспектіде тонна ретінде де, жоғарыда сипатталғандай тоннадан түрлендірілген стандартты 42 АҚШ галлон баррелінде де (шамамен 159 метрикалық литрге тең) («баррельдер» немесе «bbl») берілген. Өндірілген, жөнелтілген немесе сатылған шикі мұнай баррельдерінің нақты саны осы құжатта келтірілген шикі мұнайдың баррельдік баламаларынан өзгеше болуы мүмкін, өйткені бір тонна ауыр шикі мұнай бір тонна жеңілірек шикі мұнайға қарағанда аз баррель береді. Басқа компаниялар үшін тоннаны баррельге айырбастау және текше футтарды текше метрге айырбастау үшін айырбастау мөлшерлемелері әртүрлі болуы мүмкін.

Дөңгелектеу

Осы Проспектіге енгізілген кейбір сандық деректер дөңгелектенген болатын. Сәйкесінше, белгілі бір кестелерде жиынтық ретінде көрсетілген сандық деректер олардың алдындағы цифрлардың арифметикалық жиыны болмауы мүмкін. Егер өзгеше көрсетілмесе, барлық пайыздар ең жақын бір пайыздың оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенді.

Үшінші тараптардан алынған ақпарат

Компания осы Проспектідегі белгілі бір ақпарат пен статистиканы үшінші тұлғалардан, соның ішінде АҚШ Энергетикалық ақпарат әкімшілігінен («EIA»), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымынан («МЭУ»), «S&P» компаниясынан, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросынан («Статистика бюросы»), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен («Қаржы министрлігі»), Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінен («Энергетика министрлігі»), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіден («ҚРҰБ») және Қазақстандағы басқа да жария көздерден, соның ішінде ҚР ҰБ-ның, Дүниежүзілік банктің және Халықаралық валюта қорының жылдық есебінен, сондай-ақ қазақстандық баспасөз хабарламалары мен жарияланымдарынан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің («Үкімет») қаулылары мен үкімдерінен алған. Мұндай ақпарат осы Проспектіде «Қаржылық және басқа ақпаратты ұсыну», «Проспектіге қысқаша шолу», «Тәуекел факторлары», «Бизнес», «Өнеркәсіп пен нарыққа шолу» және «Операциялық және қаржылық қызметке шолу» атауларымен қамтылған. Үшінші тараптардың ақпараты, деректері немесе статистикасы көрсетіліп, олардың дереккөзі анықталып, олар дәл жаңғыртылған және Компанияға белгілі болғандай және жоғарыда аталған дереккөздер жариялаған тиісті қолда бар ақпараттан анықтау мүмкіндігіне қарай, қайта шығарылатын ақпаратты, деректер мен статистиканы дұрыс емес немесе жаңылыстыратын етіп шығаратындай ешқандай фактілер көрсетілмеген.

Инвесторлар Компанияның, Сатушы акционердің және Букраннерлердің бөгде дереккөздерден немесе Үкіметтен алынған ақпаратты дербес түрде тексермегенін есте ұстаған жөн. Бұдан басқа, Компанияның салыстырмалы жағдайын бағалау кезінде қолданылатын Компания бәсекелестерінің қаржылық немесе операциялық қызметінің көрсеткіштері Компания қолданатын тиісті өлшемдерден басқаша есептелуі мүмкін. Ресми статистика және мемлекеттік органдар жариялаған басқа деректер дамыған елдердегідей толық немесе сенімді болмауы мүмкін және дамыған елдерде қолданылған деректерден басқа негізде жасалуы мүмкін. Атап айтқанда, инвесторлар осы Проспектіде қамтылған кейбір статистикалық ақпарат пен басқа да деректер ресми үкіметтік көздерден алынғанын және осы Проспектіні дайындауға байланысты дайындалмағанын білуі керек.

Сонымен қатар, осы Проспектіде қамтылған белгілі бір ақпарат ресми емес дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалану арқылы Компания басшылығының білімі мен зерттеулеріне негізделген. Компания мұндай ақпаратты дәл жаңғыртып, Компанияға белгілі болғандай және осындай үшінші тараптар жариялаған ақпараттан анықтау мүмкіндігіне қарай, жаңғыртылған ақпаратты дұрыс емес немесе жаңылыстыратын фактілердің өткізіп тасталмағанын анықтай алады. Дегенмен, ықтимал инвесторларға бұл деректерді сақтықпен қарау ұсынылады. Бұл ақпарат дербес түрде тексерілмеген, сондықтан да осы Проспектіні дайындауға байланысты дайындалмаған мұндай ақпараттың толықтығына немесе сенімділігіне қатысты сұрақтарға байланысты белгісіздік орын алуы мүмкін.

Баламалы тиімділік көрсеткіштерін ұсыну

Осы Проспектіде Компания өзінің іскерлік және қаржылық жағдайын талдау кезінде келесі көрсеткіштерді пайдаланып, оларды Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келмейтін баламалы тиімділік көрсеткіштері («АРМ») деп есептейді. Төменде пайдаланылған АРМ көрсеткіштерінің қысқаша мазмұны, анықтамасы және осындай көрсеткіштерді қосудың негіздемесі берілген.

<u>Көрсеткіш</u>	<u>Анықтамасы</u>	<u>Негіздеме</u>
ЕВІТДА	Кіріс ретінде есептеледі <i>плюс</i> бірлескен мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, <i>минус</i> сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны, <i>минус</i> өндірістік шығындар,	Өнімділік көрсеткіші.

Көрсеткіш	Анықтамасы	Негіздеме
Түзетілген EBITDA	<p><i>минус</i> жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар, <i>минус</i> тасымалдау және өткізу бойынша шығындар, пайдаға салынатын салықтан басқа <i>минус</i> салықтар.</p> <p>Кіріс ретінде есептеледі <i>плюс</i> бірлескен мен қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивиденттер, <i>минус</i> сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны, <i>минус</i> өндірістік шығындар, <i>минус</i> жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар, <i>минус</i> тасымалдау және коммерциялық шығындар, пайдаға салынатын салықтан басқа <i>минус</i> салықтар.</p>	Өнімділік көрсеткіші.
Соңғы 12 айдағы EBITDA аралық көрсеткіші	<p>2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін EBITDA <i>минус</i> 2021 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін EBITDA <i>плюс</i> 2022 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін EBITDA ретінде есептелген.</p>	Өнімділік көрсеткіші.
Қолма-қол ақша және депозиттер (ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда)	<p>Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының, қысқа мерзімді банк депозиттерінің және ұзақ мерзімді банк депозиттерінің сомасы ретінде есептеледі.</p>	Өтімділік көрсеткіші.
Берешек (ағымдағы бөлігін қоса алғанда)	<p>Қарыздардың ағымдағы бөлігі және қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі ретінде есептеледі.</p>	Өтімділік көрсеткіші.
Ақша ағынының еркін қозғалысы	<p>Операциялық қызметтен түскен шоғырландырылған ақша ағыны ретінде есептеледі (бірлескен және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнайды жеткізу үшін алынған аванстарға қатысты айналым капиталындағы өзгерістерді есепке алмағанда) <i>минус</i> материалды емес активтерді, <i>минус</i> іздестіру</p>	Өтімділік көрсеткіші.

Көрсеткіш	Анықтамасы	Негіздеме
	<p>активтерінің кен орындарын сатып алу <i>минус</i> бағалау мен барлау бойынша активтерді сатып алу <i>минус</i> еншілес/бірлескен кәсіпорындағы үлесті сатып алу <i>плюс</i> еншілес/бірлескен/қауымдасқан</p> <p>компаниядағы қатысу үлесін сатқаннан түскен қаражат (есепті кезең ішіндегі операциялардың нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 29.12.2020 жылғы № 908 (соңғы редакциядағы) Қаулыларымен бекітілген тізімдерге сәйкес Компанияның активтерін бәсекелес ортаға аударудан түскен қаражатты қоспағанда).</p>	
Жалпы берешек	облигациялар (қарыздық бағалы қағаздар) <i>плюс</i> несиелер (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді)	Өтімділік көрсеткіші.
Таза берешек	Жалпы берешек ретінде есептелген <i>минус</i> қолма-қол ақша және ақша баламалары <i>минус</i> банк салымдары (қысқа-ұзақ мерзімді).	Өтімділік көрсеткіші.
Таза берешек / EBITDA	EBITDA-ға бөлінген шоғырландырылған таза берешектің қатынасы ретінде есептеледі.	Тиімділік көрсеткіші.
Таза берешек / Түзетілген EBITDA	Түзетілген EBITDA-ға бөлінген шоғырландырылған таза берешектің қатынасы ретінде есептеледі.	Тиімділік көрсеткіші.

Топ жұмысының тарихи тенденциялары мен қаржылық жағдайын жақсырақ түсінуге көмектесу үшін жоғарыда аталған АРМ осы Проспектіге енгізілген. Топ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүргізілетін операциялық нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына қосымша ақпарат ретінде АРМ пайдаланады. АРМ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес анықталмаған немесе оған сәйкес ұсынылмаған. АРМ Топтың операциялық тиімділігін және/немесе өтімділігін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша бағалау болып табылмайды және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша өнімділік пен/немесе өтімділіктің кез келген көрсеткіштерінің орнына пайдаланылмауы немесе балама ретінде қарастырылмауы керек. АРМ осы Проспектіде сипатталған есепті кезеңдерге қатысты және болашақ нәтижелерді болжауға арналмаған. Сонымен қатар, басқа компаниялар, соның ішінде Топ салаларындағы компаниялар, ұқсас атаулы АРМ-ды Топтан басқаша есептей

алады. Компаниялар бұл АРМ-ды бірдей есептемейтіндіктен, Топтың мұндай АРМ-ды ұсынуы басқа компаниялар пайдаланатын басқа ұқсас атаулы АРМ-мен салыстыруға келмеуі мүмкін.

Осы Проспектіде пайдаланылған АРМ-ды қаржылық есептілікпен салыстыру үшін *«Таңдалған шоғырландырылған қаржылық және операциялық ақпарат – баламалы тиімділік көрсеткіштері»* бөлімін қараңыз.

МАЗМҰНЫ

ПРОСПЕКТИНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ	1
ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ	11
ҰСЫНЫС	49
ТҮСІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ	59
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ	60
КАПИТАЛДАНДЫРУ	63
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ	65
БИЗНЕС	80
ТАҢДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АҚПАРАТ ..	144
ДИРЕКТОРЛАР, МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	213
НЕГІЗГІ МЕН САТУШЫ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БОЛУЫНА ОРАЙ ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР	229
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕТТЕУ	243
АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ	269
САЛЫҚ САЛУ	279
ҮЙЛЕСТІРУ ЖОСПАРЫ	284
САТУ ШЕКТЕУЛЕРІ	290
ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ АУДАРЫМДАР	293
ЗАҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	295
ДЕРБЕС АУДИТОРЛАР	296
А ҚОСЫМШАСЫ - D&M ЕСЕБІНЕН ТҮСІНДІРМЕ	297
ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	298
ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ГЛОССАРИЙІ	301
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕР ИНДЕКСІ	313

ПРОСПЕКТІНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

1-бөлім — Кіріспе

Кіріспе

Бұл Проспект 2022 жылдың 5 желтоқсанында немесе шамамен сол күні AIX Ресми тізіліміне енгізілуге және 2022 жылдың 8 желтоқсанында немесе шамамен сол күні AIX-те саудаға жіберілуге тиіс Акцияларды орналастыруға қатысты.

Акциялардың бағалы қағаздарының сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) KZ1C00001122. Акциялардың AIX тикері «KMG». Акциялардың KASE тикері: KMGZ

Акциялар Эмитентінің заңды және коммерциялық атауы – 2138001H1M69RFJCSH88 заңды тұлға идентификаторы және 020240000555 бизнес сәйкестендіру нөмірі бар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ. Компанияның тіркелген мекенжайы – 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көшесі, 8, телефоны +7 (7172) 786 343. Компанияның инвесторлармен байланысу мәселелері бойынша байланыс электрондық мекенжайы: ir@kmg.kz

Осы Проспектіні 2022 жылдың 27 қазанында ҚМГ Басқармасы, ал 2022 жылдың 7 қарашасында AIX бекітті.

Рұқсат етілген инвестициялық биржадағы сауда-саттыққа қатысуға рұқсат сұраған Тұлғаның жеке басы және байланыс деректері:

ҚМГ-ның тіркелген мекенжайы:
010000, Қазақстан, Астана қ., Қонаев көшесі, 8;
тел. + (717) 278 63 43;
ir@kmg.kz;
www.kmg.kz

AIX мекенжайы және байланыс деректері:
Мәңгілік Ел даңғылы, С 3.4-Блок 55/19, Астана, Қазақстан;
тел. +7(717) 223 53 20;
markets@aix.kz;
www.aix.kz

KASE мекенжайы және байланыс деректері:
Қазақстан, Алматы, Байзақов к-сі 280, «Алматы Тауэрс» көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат; тел: +7 (727) 237 53 00, 237 53 11;
world@kase.kz; www.kase.kz

Ескертулер

Проспектіге қысқаша шолу Проспектінің кіріспесі ретінде оқылуы керек.

Акцияларды инвестициялау туралы кез келген шешім инвестордың Проспектіні тұтастай қарауына негізделуі керек. Акцияларды инвестициялау туралы кез келген шешім инвестордың инвестицияланған капиталының толық немесе бір бөлігін жоғалтуына әкелуі мүмкін.

Қысқаша шолу Проспектінің басқа бөліктерімен бірге оқылғанда жаңылыстыратын, дұрыс емес немесе сәйкес келмейтін болған жағдайда немесе инвесторларға Акцияларға инвестиция күйоды немесе құймауды шешуде көмектесу үшін ол Проспектінің басқа бөліктерімен бірге оқылғанда негізгі ақпаратты қамтымаған жағдайда, азаматтық жауапкершілік тек қысқаша шолуды, соның ішінде оның кез келген аудармасын ұсынған Тұлғаларға ғана жүктеледі.

Инвесторлар инвесторлардың тарапынан KASE ұсынысы және/немесе AIX ұсынысы аясында Акцияларға жазылуға (сатып алуға) өтініш («Өтініш») берілген кезде, соның ішінде Тікелей жазылу аясында өтінім («Өтінім») берілген

кезде инвесторлардың жеке деректері және инвесторлар туралы басқа да ақпаратты, соның ішінде инвесторлардың Өтініштерінің құнын АІХ немесе KASE сауда-саттық мүшелері ретінде қабылданған брокерлік компаниялар Сатушы акционерге және (немесе) Компанияға ашуы мүмкін екенімен келіседі және оны мойындайды, бұл ретте мұндай брокерлік компаниялар Сатушы акционерге және/немесе Компанияға осындай ақпаратты ашу үшін талап етілетін инвесторлардың келісімін алғанын қамтамасыз етуге тиіс.

2-бөлім — Эмитент туралы негізгі ақпарат

Бағалы қағаздардың Эмитенті кім?

Акциялар Эмитентінің заңды және коммерциялық атауы – 2138001H1M69RFJCSH88 заңды тұлға идентификаторы бар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2002 жылдың 27 ақпанында құрылып, оған 020240000555 бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) беріліп, ол акционерлік қоғам болып табылады. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) («АҚ туралы заң»), Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) Компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі заңнама болып табылады.

Негізгі әрекеттер

Эмитенттің негізгі қызметіне төмендегілер жатады: (1) Мұнай мен газды барлау және өндіру; (2) Мұнайды тасымалдау; (3) Мұнай-газ саласына қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; және (4) Шикі мұнай мен тазартылған өнімдерді өңдеу және сату (дизель, бензин, битум және басқа да өнімдер).

Компания өнімдерінің негізгі нарықтары мыналар:

Өнім	Нарық
Мұнай	Еуропа (99%)
Мұнай өнімдері	Қазақстан (80%), Басқа – Еуропа, Қытай, Ресей (20%)

Негізгі акционерлер

Компанияның акционерлік капиталы 916 540,5 миллион теңгені құрайды және номиналды құнының ауқымы әртүрлі шығарылған және орналастырылған 610 119 493 жай акциялардан тұрады. Компанияның Қазақстан заңнамасының мақсаттары үшін барлығы дауыс беретін акциялар болып табылатын жай акциялары ғана бар.

Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компанияның барлық Акцияларының шамамен 90,42 пайызын Самұрық-Қазына және шамамен 9,58 пайызын ҚРҰБ иеленеді.

2015 жылы ҚРҰБ Самұрық-Қазынамен ҚРҰБ-ке тиесілі Компанияның Акцияларына қатысты сенімгерлікпен басқару шартын жасады. Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес, Самұрық-Қазына ҚРҰБ мүддесі үшін ҚРҰБ-ке тиесілі Компания Акцияларына қатысты кез келген акционер құқықтарын іске асырады. Ұсыныстан кейін бірден Компания Акцияларының барлығының кемінде шамамен 85,42¹ пайызын Самұрық-Қазына және 9,58 пайызын ҚРҰБ иеленеді деп күтілуде. «НЕГІЗГІ МЕН САТУШЫ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БОЛУЫНА ОРАЙ ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» тарауын қараңыз.

¹ Ұсыныста ұсынылған 30 505 974 Акцияның барлығы сатылды деп есептегенде.

Директорлар кеңесі

<u>Аты-жөні</u>	<u>Лауазымы/атауы</u>
Кристофер Джон Уолтон	Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы, дербес директор
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы	Компания Басқармасының төрағасы, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Филип Малкольм Холланд	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, дербес директор
Тимоти Глен Миллер	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, дербес директор
Жанәділ Ернар Бейсенұлы	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Ауғанов Ғибрат Қайратұлы	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Хайрова Әсел Әнуарқызы	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, дербес директор

Компанияға және ол жұмыс істейтін салаларға әсер ететін ең маңызды соңғы үрдістер мыналар:

- Көмірсутектерге әлемдік сұраныстың өзгеруі және шикі мұнайдың бағасының ауытқуы;
- Үкіметаралық және үкіметтік ережелер мен саясаттар, соның ішінде мұнай өндіруші елдердің өндірісті қысқарту және/немесе шикі мұнай мен көмірсутек өнімдерінің бағасын реттеу туралы келісімі;
- Ресей мен Украина арасындағы жалғасып жатқан әскери қақтығыс және АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқа елдер Ресейге қарсы енгізген немесе енгізуі ықтимал санкциялар; және
- Көміртекті бейтараптықты арттыру үшін мұнай және газ өнеркәсібіне қысымның және ESG стандарттарын енгізуге ықпалдың артуы.

Топтың сипаттамасы және Компанияның Топтағы орны

Компания әртүрлі еншілес компанияларды, бірлескен кәсіпорындарды және қауымдастырылған компанияды қамтитын Топтың бас компаниясы болып табылады Компания тікелей немесе басқа еншілес ұйымдары арқылы оларға қатысу үлестеріне ие. Осы Проакспет күніндегі жағдай бойынша Топ, Компанияны қоса алғанда, жалпы 168 заңды тұлғадан тұрады.

Дербес аудиторлар

Компанияның дербес аудиторлары – Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» бизнес орталығы мекенжайы бойынша тіркелген «Ernst & Young» ЖШС.

Несиелік рейтингтер

Компанияның ағымдағы несиелік рейтингтері қайта қаралып, S&P-мен «BB+» (болжам «теріс») деңгейінде, Moody's-пен «Baa2» (болжам «тұрақты») деңгейінде және Fitch-пен «BBB-» (болжам «тұрақты») деңгейінде бағаланды.

Эмитентке қатысты негізгі қаржылық ақпарат қандай?

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есептілік

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			30 маусымда аяқталған жарты жыл үшін	
	2019	2020 (қайта мәлімделген)	2021 (миллион теңге)	2021	2021
				(қайта мәлімделген)	(қайта мәлімделген)
Жалпы табыс және басқа да кірістер.....	7 970 132	4 012 786	6 742 739	3 047 893	4 900 000
Жалпы шығыстар мен шығындар.....	(6 585 501)	(4 016 941)	(5 676 484)	(2 552 120)	(4 090 000)
Кезеңдегі таза пайда.....	1 158 457	171 897	1 197 340	644 433	600 000

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілік

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			30 маусымда аяқталған жарты жыл үшін	
	2019	2020	2021 (миллион теңге)	2021	2021
				(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)
Жалпы активтер.....	14 081 915	14 653 287	13 652 261	15 461 593	15 461 593
Жалпы міндеттемелер.....	5 855 259	6 016 608	5 493 580	6 161 566	6 161 566
Жалпы меншікті капитал....	8 196 656	8 636 679	8 158 681	9 300 027	9 300 027

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептілік

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			30 маусымда аяқталған жарты жыл үшін	
	2019	2020 (қайта мәлімделген)	2021 (миллион теңге)	2021	2021
				(қайта мәлімделген)	(қайта мәлімделген)
Операциялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат түсімдері.....	123 801	446 533	1 078 497	443 744	443 744
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат жылыстау/түсімдері.....	(319 562)	(205 611)	(988 694)	(59 661)	(59 661)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақшалай қаражат жылыстауы.....	(270 371)	(245 227)	(282 533)	(97 718)	(97 718)

Қаржылық есептілік бойынша есептерде ешқандай талаптар жоқ.

Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы EBITDA көрсеткіші 1609 млрд. теңгені құрады. Бұл мән мына компоненттерден тұрады (i) барлау және өндіру сегментінде алынған 1 042 миллиард теңге, (ii) шикі мұнайды тасымалдау сегментінде алынған 211 миллиард теңге, (iii) өңдеу, маркетинг және сауда сегментінде алынған 289 млрд теңге және (iv) Компанияның ұжымдық және басқа коммерциялық қызметінен алынған 85 млрд теңге. Компанияның жиынтық кірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жағдай бойынша 3 625,0 млрд теңгеден 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жағдай бойынша 5 838,8 млрд теңгеге, яғни 61,1 пайызға өсіп, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жағдаймен (6 858,9 млрд теңгеге) салыстырғанда 47,1 пайызға төмендегенін көрсетеді. 2022 жылдың алғашқы алты айында компанияның жалпы кірісі 2021 жылдың алғашқы алты айындағы 2 672 миллион теңгемен салыстырғанда 4 203,2 миллион теңгені құрады.

Компанияның таза пайдасы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

жағдай бойынша 171,9 млрд теңгеден 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жағдай бойынша 1 197,3 млрд теңгеге, яғни 596,5 пайызға өсіп, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жағдаймен (1 158,5 млрд теңгеге) салыстырғанда 85,2 пайызға төмендегенін көрсетеді. 2022 жылдың алғашқы алты айында компанияның таза пайдасы 2021 жылдың алғашқы алты айындағы 644,4 миллион теңгемен салыстырғанда 676,9 миллион теңгені құрады.

Эмитентке тән негізгі тәуекелдер қандай?

Компания келесідей негізгі тәуекелдерге ұшырайды:

- (1) Компанияның кірісі мен таза пайдасы шикі мұнай бағасының өзгеруіне байланысты айтарлықтай өзгереді, олар тарихи тұрғыдан тұрақсыз болып табылады және оларға Компанияның бақылауынан тыс әртүрлі факторлар әсер етеді;
- (2) Компания әзірлеу мен пайдалану жобаларында кідірістерге және артық шығындарға ұшырауы мүмкін;
- (3) Мұнай және газ – күрделі қаржыны қажет ететін сала, сондықтан Компанияның қызметі тұрақты күрделі шығындарды талап етуі мүмкін;
- (4) Мұнай-газ секторындағы, соның ішінде баға белгілеу мен ішкі жеткізу талаптарына қатысты үкімет саясаты мен ережелері Топтың бизнесіне әсер етуі мүмкін;
- (5) Топ басқа мұнай және газ жеткізушілерімен бәсекелестікке ұшырауы мүмкін;
- (6) Компанияның бірқатар өндірістік кен орындары жетілген, сондықтан Компанияның қазіргі мұнай мен газ қорларын сәтті игеру, алмастыру және өсіру мүмкіндігі болмауы да мүмкін;
- (7) Компанияның шикі мұнай мен газ қорларының есептелген саны немесе жіктелуі маңызды түсіндірулерге, болжамдарға және пайымдауларға байланысты болады;
- (8) Компанияның кейбір тұтынушылары мен іскер серіктестері АҚШ пен ЕО санкцияларына ұшырауы мүмкін, Компания болашақта санкцияларға ұшырауы мүмкін және мұндай санкциялардың қазіргі немесе болашақтағы әсері Компанияға жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- (9) Топтың күрделі меншік және корпоративтік құрылымы бар, соның еншілес ұйымдарынан, бірлескен кәсіпорындарынан, бірлескен операцияларынан және қауымдасқан компанияларынан түсетін дивидендтерге тәуелді және барлық жағдайда еншілес ұйым деңгейінде шешім қабылдауды бақылай бермейді;
- (10) Компанияның бақыландығын қатысу үлесі бар бірлескен кәсіпорындарда үлкен қатысу үлесі бар;
- (11) Еңбек даулары Топтың бизнесіне елеулі түрде кері әсер етуі мүмкін.
- (12) Компания өзінің шикі мұнайы мен газының едәуір бөлігін белгілі бір аймақтардағы тұтынушыларға экспорттайды және осы аймақтардағы келеңсіз экономикалық, саяси немесе құқықтық оқиғалар Компания қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін;
- (13) Компания өзінің және клиенттерінің өнімдерін Қазақстаннан тыс нарықтарға тасымалдау үшін құбыржолдарды қоса алғанда, Ресей арқылы өтетін мұнай мен газды тасымалдау жүйелеріне айтарлықтай тәуелді болады және мұндай тасымалдау жүйелерінің кез келген істен шығуы немесе қолжетімсіздігі Компанияның өз өнімдерін жеткізу мүмкіндігіне жағымсыз әсерін тигізетін болады.
- (14) Топ негізінен Қазақстан Республикасындағы саяси, экономикалық және геосаяси жағдайларға тәуелді;
- (15) Климаттың өзгеруі және тұрақтылыққа қатысты мәселелер мен әсерлер Компаниядан шығындарды немесе қосымша капитал салуды талап етуі мүмкін, мұнайға деген әлемдік сұранысты азайтуы және инвесторлардың

мұнайға деген сұранысына әсер етуі мүмкін.

3-бөлім — Бағалы қағаздар туралы негізгі ақпарат

Акциялардың негізгі сипаттамалары қандай?

Бұл Проспект АИХ Ресми тізіліміне енгізілуге және АИХ-те саудаға жіберілуге тиіс Акцияларды орналастыруға қатысты.

Акциялардың бағалы қағаздарының сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) KZ1C00001122. Акциялардың АИХ тикері «КМГ» болып табылады. Акциялардың KASE тикері KMGZ болып табылады. Акциялардың валютасы – Теңге.

Ұсыныс шеңберінде Сатушы акционер 30 505 974-ке дейінгі Акцияны сататын болады.

Акциялар туралы ақпарат

Акциялардың валютасы – Теңге. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 849 559 596 Акциядан тұрады, соның ішінде 610 119 493 Акция шығарылған және орналастырылған. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша меншікті қазынашылық акциялар жоқ. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компанияның акционерлік капиталы 916 540,5 миллион теңгені құрады. Акциялардың номиналды құны әртүрлі. Барлық Акциялар құжаттамасыз нысанда. *«АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ – Акционерлік капиталды»* қараңыз.

Акцияларға бекітілген құқықтар

Акцияларды ұстаушының өзгесінен басқа, келесі құқықтары бар:

- заңнамада және/немесе Компанияның 2016 жылғы 22 сәуіріндегі жарғысында (өзгерістерін қоса) (**«Жарғы»**) белгіленген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысу;
- жеке немесе басқа акционерлермен бірге Компанияның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына ие болған кезде Компанияның директорлар кеңесіне (**«Директорлар кеңесі»**) Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес Компания акционерлерінің жалпы жиналысының (**«Акционерлердің жалпы жиналысы»**) күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс білдіру;
- дивидендтер жинау;
- сауалда өзгеше көрсетілмесе, Компанияның қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ үлестес компаниялар туралы мәліметтерді, соның ішінде құпия ақпаратты Компания сауал алғаннан кейін он күннен кешіктірмей алу және заңнамада немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысуға;
- Компания тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан олардың Компанияның бағалы қағаздарына меншік құқығын куәландыратын үзінді көшірмелерді алу;
- акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайланатын кандидатураларды ұсыну;
- Компанияның органдары қабылдаған сот шешімдеріне дауласу;
- Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сауалдар жолдау және белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар алу;
- Компания таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;
- заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Компанияның акцияларына немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарына қатысты өздерінің басымдықпен сатып алу құқығын **«Акционерлік қоғамдар туралы»** заңда белгіленген тәртіппен пайдалану;

- Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда заңға сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе шақыру туралы талаппен сотқа жүгіну;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Компанияның өз шығындары есебінен аудиторлық ұйымның аудитін жүргізуін талап ету;
- Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға бастамашылық ету;
- Акционерлердің жалпы жиналысында заңнамада белгіленген тәртіппен Компания акцияларының санын немесе түрін түзету туралы шешім қабылдауға қатысу.

Акцияларды басқа ұстаушыға еркін табыстау мүмкіндігіне қатысты шектеулер

Сатушы акционер Ұсыныс аясында сатқан Акциялар беруші немесе алушы тарапқа қолданылатын белгілі бір юрисдикциялардағы, соның ішінде Қазақстан Республикасы мен басқа да юрисдикциялардағы тиісті заңдарға, сондай-ақ Компанияға және Сатушы акционерге қатысты бұғаттау туралы шарттық келісімдерге сәйкес сату және беру шектеулерін ескеріп еркін табысталуы мүмкін. Акциялар тіркелуге жатпайтын босатумен немесе Бағалы қағаздар туралы заң талаптары қолданылмайтын мәмілеге сәйкес болатын жағдайларды қоспағанда, Америка Құрама Штаттарының кез келген штатының немесе басқа юрисдикцияның Бағалы қағаздар туралы заңына немесе қолданыстағы Бағалы қағаздар туралы заңдарына сәйкес тіркелмеген және тіркелмейді, сондай-ақ АҚШ-тың ішінде тікелей немесе жанама түрде ұсынылмайды, сатылмайды немесе берілмейді.

Дивидендтік саясат

Компанияның дивидендтік саясаты 2022 жылдың 27 қазанында Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілді.

Дивидендтерді төлеу туралы шешімдер Компанияның дивидендтік саясатында белгіленген негізгі қағидаттарға сәйкес және қолданыстағы заңнама талаптарының, нарықтық конъюнктураның, мұнай бағаларының, Компанияның қарыз құрылымының, күрделі қаржы жұмсалымның инвестициялық бағдарламаның, жағымды тиімділік пен еркін ақша ағыны кескінінің және туындап, Компанияның көрсетілген мөлшерде дивидендтерді төлеу мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін басқа да елеулі мән-жайлардың ескерілуімен Директорлар кеңесінің ұсынымдарының және акционерлердің жалпы жиналысының бекітуін есепке алынуымен қабылданады.

2019, 2020, 2021 және 2022 жылдың алты айы үшін Компания өз акционерлеріне тиісінше 42 691 миллион теңге, 86 291 миллион теңге, 55 755 миллион теңге және 201 000 миллион теңге жалпы сомда дивидендтерді төледі.

2019, 2020, 2021 және 2022 жылдың алғашқы алты айында Компанияның Самұрық-Қазына мен ҚРҰБ-ке төлеген дивидендтердің жалпы сомасы 36 998 миллион теңгені (бір акцияға 60,64 теңге), 81 738 миллион теңгені (бір акцияға 133,97 теңге), 49 999 миллион теңгені (бір акцияға 81,95 теңге), 199 997 миллион теңгені (бір акцияға 327,80 теңге) құрады.

Мұнайдың орташа жылдық бағаларының баррель үшін 70 АҚШ долларынан кем емес шартымен Компания 2022, 2023 және 2024 жылдардағы Компанияның әрбір қаржылық жыл үшін тиісінше 2023, 2024 және 2025 жылдары төленуге жататын кемінде 200-250 миллиард теңге (барлық акционерлеріне тұтас алғанда) жылдық дивидендтерді төлеуге ниетті.

Бағалы қағаздар қайда саудаланатын болады?

Акциялар Сатушы акционер тарапынан институционалды резидент пен бейрезидент және (немесе) бөлшек сауда инвесторларына ұсынылады немесе оларды АІХ-те саудалауға рұқсат беріледі. Акциялар әлдеқашан KASE ресми тізіміне енгізілген, және Ұсыныстан кейін олардың KASE-дегі саудасы жалғасатын болады. KASE-дегі сауда-саттық 2022 жылдың 7 қарашасында тоқтатылды және Жабылу күні (сол күнді қоса алғанда) жабық болады.

Бағалы қағаздарға тән негізгі тәуекелдер қандай?

Акциялар келесі негізгі тәуекелдерге ие:

- (1) Акциялардың белсенді сауда нарығы дамымауы мүмкін;
- (2) Ұсынудан кейін қосымша Акцияларды сату Акциялар бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін;
- (3) Компания болашақта дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауы мүмкін; және
- (4) Белгілі бір юрисдикциялардағы Акцияларды ұстаушылар өздерінің артықшылықты құқықтарын пайдалана алмауы мүмкін.

4-бөлім — Акциялардың биржада ресми саудасына рұқсат ету туралы негізгі ақпарат

Мен қандай шарттарда және кестеде осы Бағалы қағазға инвестиция құя аламын?

Ұсыныстың шарттары мен кестесі

Ұсыныс бағасы бір акция үшін 8 406 теңгені құрайды. Ұсыныс бағасын Сатушы акционердің Директорлар кеңесі 2022 жылдың 7 қарашасында бекітті. Сатушы Акционер Акцияларын АІХ Нарық регламенті мен Іскерлік ережелеріне сәйкес АІХ құралдары арқылы және Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы туралы заңына және KASE-нің ережелері мен есеп айырысу рәсімдеріне сәйкес KASE құралдары арқылы және Енбек регламентіне сәйкес Қолданба арқылы немесе Қазпошта кеңселерінде қазақстандық бөлшек сауда инвесторларына тікелей жазылым арқылы ұсынады. Акциялар АІХ-тың Бағалы қағаздардың ресми тізіміне 2022 жылы 5 желтоқсанында немесе шамамен сол күні «KMG» тикері бойынша енгізіледі деп күтілуде.

Акциялар АІХ-тағы ұсыныста, KASE-дегі ұсыныста және Тікелей жазылымда әр жағдайда бір Акция үшін 8 406 теңгені құрайтын бірдей бағамен ұсынылады.

Үкіметтің 2022 жылғы 5 қарашадағы № 877 қаулысына сәйкес, Самұрық-Қазынаға Компанияның қолданыстағы Акцияларының жалпы санының шамамен 15,42 пайызын құрайтын 94 109 125-ке дейінгі Акцияны сатуға өкілеттік берілген («**Рұқсат етілген шек**»), оның ішінде Самұрық-Қазына Компанияның қолданыстағы Акцияларының жалпы санының шамамен 5 пайызын құрайтын 30 575 974-ке дейінгі Акциясын ұсынуға ниетті. Ұсыныс аясында сатылатын Акциялардың түпкілікті саны (Ұсыныстың бағасын және құрылымын қоса) Үйлестіру күні немесе шамамен сол күні Директорлар кеңесімен, одан кейін Қазақстан заңнамасына сәйкес Қазақстан Үкіметінің (Сатушы акционердің жалғыз акционері ретінде) қаулысымен бекітіледі деп күтілуде.

Акцияларды алу үшін инвесторлар Үйлестіру күні немесе оған дейін сол күндік қаражатпен төлеуі керек және бағалы қағаздар бойынша тиісті шоты болуы керек.

Ұсыныс кезеңі 2022 жылы 9 қарашада («**Ашылу күні**») сағат 12:00 (Астана уақыты бойынша) ашылады деп күтілуде және Өтініштерді: (a) институционалдық инвесторлар 2022 жылдың 30 қарашасында сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) және (b) бөлшек сауда инвесторлары 2022 жылдың 2 желтоқсанында сағат 15:00-ге дейін (Астана уақыты) ұсына алады («**Ұсыныс кезеңі**»).

Бөлу жоспары

Сатушы акционер бір Акция үшін 8 406 теңге Ұсыныс бағасымен барлығы 30 505 974 Акцияны ұсынады. Сатушы акционер Акцияларды (i) AIX-тегі және KASE-дегі букбилдинг жүйелері арқылы бөлшек сауда және институционалдық инвесторларға; және (ii) Қолданба немесе Қазпоштаның кеңселері арқылы Тікелей жазылым арқылы қазақстандық бөлшек сауда инвесторларына ұсынады.

Инвесторлардың өтініштерін қанағаттандыру басымдығы

Өтініштерді (толық немесе ішінара) қанағаттандыру Сатушы акционер (және, сәйкесінше, Компания) өз қарауы бойынша, әдетте, мына қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- (1) Қазақстан азаматтарының Өтініштерін қанағаттандыру басымдығы. Осы қағидат бойынша:
 - (a) Қазақстан азаматтарының Өтініштері (басқа санаттағы инвесторлардың барлық Өтініштерінен бұрын) ұсынылған Акциялардың жалпы санынан мүмкін болатын максималды санда бірінші кезекте қанағаттандырылады;
 - (b) басқа инвесторлардың (оның ішінде институционалдық инвесторлар-Қазақстан резиденттерінің және бейрезидент инвесторлардың) Өтініштері Қазақстан азаматтарының барлық Өтініштерін толық қанағаттандыру үшін қажетті Акциялар санын шегергеннен кейін, ұсынылған Акциялардың жалпы санынан мүмкін болатын максималды санда екінші кезекте қанағаттандырылады.
- (2) Егер Сатушы акционердің (және, сәйкесінше, Компанияның) пікірі бойынша (мұндай пікірдің қаншалықты дәл және/немесе негізді болуына қарамасан) мұндай қанағаттандыру: (1) бір тұлғаға немесе байланысты тұлғалар тобына тиесілі Акциялардың жоғары шоғырлануына; және/немесе (2) қолданыстағы заңнаманың және (немесе) қолданыстағы сәйкестік процедураларының бұзылуына әкелсе немесе әкелуі мүмкін болса, Сатушы акционердің (және, сәйкесінше, Компанияның) өз қарауы бойынша кез келген мұндай Өтінішті (толық немесе ішінара) қанағаттандырудан бас тартуға сөзсіз құқығы.

Ұсыныс нәтижесінде пайда болатын дереу азақ мөлшері мен пайызы

Төмендегі кестеде Сатушы Акционердің Ұсыныс шеңберінде сатқан Акциялары ескеріле отырып түзетілген, Ұсынысқа дейін Компанияның акционерлік капиталын иеленуге қатысты белгілі бір ақпарат берілген (тиісінше, барлық Акциялар Ұсыныс шеңберінде сатылған жағдайда) .

Акционер	Ұсынысқа дейінгі тиесілі акциялар		Ұсыныстан кейінгі тиесілі акциялар		Мәл жа акцие И:
	Саны	Пайызы ⁽¹⁾	Саны	Пайызы ⁽¹⁾	
Самұрық-Қазына ҚРҰБ ⁽³⁾	551 698 745	90,42	457 589 620	85,42	
	58 420 748	9,58	58 420 748	9,58	

Ескертпе:

- (1) Жай акциялардың шамаланған пайыздық үлесі;
- (2) АҚ Заңына, Компания Жарғысына және AIX бизнес ережелеріне негізделген.
- (3) ҚРҰБ Самұрық-Қазынамен Компаниядағы акцияларына қатысты сенімгерлік басқару шартын жасады. Төмендегі «—Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» қараңыз.

Шығарылым бойынша жалпы шығыстар

Ұсынысқа байланысты төленетін комиссиялардың, алымдар мен шығыстардың жалпы сомасы шамамен 2,28 миллиард теңгені құрайды. Бұл сомалар

басқалармен қоса аудиторлардың, салық кеңесшілерінің, қаржылық кеңесшілердің және заң кеңесшілерінің сыйақыларын, листинг пен саудаға рұқсат алымдарын және сату бойынша комиссияларды қамтиды. Ұсынысқа байланысты Букраннерлерге төленетін алымдар мен комиссияларды Компания мен Сатушы акционер төлейді. Компания мен Сатушы акционердің әрқайсысы Ұсынысқа байланысты барлық шығындары мен шығыстарын өздері көтереді.

Компанияның / Сатушы акционердің инвесторға есептейтін болжамды шығыстары

Букраннерлер немесе басқа банктер инвесторларға брокерлік қызметтерді көрсеткен кезде төленетін брокерлік және басқа тиісті комиссияларды қоспағанда, Компания, Сатушы Акционер немесе Букраннерлер инвесторлардан Ұсынысқа байланысты комиссиялар, алымдар немесе шығыстар алмайды.

***Бұл Проспект
неліктен
шығарылады?***

Сатушы акционер Ұсыныстан алынған барлық таза кірісті алып, ол, егер барлық Акциялар Ұсыныс шеңберінде сатытатын болса, шамамен 791 миллиард теңгені құрайды.

Ұсыныс Трейдингке рұқсаттың күшіне енуімен және 2022 жылғы 29 шілдедегі Компания және Жергілікті букраннерлер арасындағы андеррайтинг туралы келісімнің («ЖБ Андеррайтинг туралы келісім»), Сатушы Акционер ЖБ Андеррайтинг туралы келісімге Ашылу күні немесе шамамен сол күні қосылуға ниетті, және шартсыз болып, оның талаптарына сәйкес тоқтатылмайтын болатын Компания, Сатушы Акционер мен Халықаралық букраннерлер арасында Үлестіру күніне дейін жасалатын келісімнің («ХБ Андеррайтинг туралы келісім») (бірге «Андеррайтинг туралы келісім») жасалуымен шартталған.

Ұсынысқа немесе Трейдингке рұқсатқа қатысты елеулі мүдделер қақтығысы жоқ.

Ұсыныс «2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысымен (өзгерістерін қоса) бекітілген 2021-2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру мақсатында өткізілуде.

ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ

Әлеуетті инвесторлар Акцияларға қатысты кез келген инвестициялық шешім қабылдағанға дейін төменде келтірілген тәуекелдерді және осы Проспектідегі басқа ақпаратты мұқият қарауы керек. Төменде көрсетілген тәуекелдер тұтастай алғанда Компанияның және оның шоғырландырылған еншілес және бірлескен кәсіпорындарының бизнесіне, қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелеріне немесе болашағына елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін («Топ»), бұл өз кезегінде Акциялардың құнына елеулі жағымсыз әсер етуі мүмкін. Әлеуетті инвесторлар төменде сипатталған тәуекелдердің Топ ұшырайтын жалғыз тәуекелдер болып табылмайтынын ескеруі керек. Топ маңызды деп санайтын тәуекелдерді ғана сипаттады. Топ қазіргі уақытта маңызды емес деп санайтын немесе ол қазір білмейтін қосымша тәуекелдер болуы мүмкін және осы тәуекелдердің кез келгені жоғарыда айтылған әсерлерге ие болуы мүмкін.

Төмендегі тәуекелдер келесі санаттарға жіктелген: Компанияның саласына қатысты тәуекелдер, Компанияның қызметіне қатысты тәуекелдер, Компания жұмыс істейтін аймаққа қатысты тәуекелдер, салық салуға байланысты тәуекелдер, Акциялар мен сауда нарығына қатысты тәуекелдер. Бұл санаттау тек ыңғайлы болу үшін берілген және кез келген нақты санат сол санатқа қатысты барлық тәуекелдерді қамтиды деп есептелмеу керек.

Компанияның саласына қатысты тәуекелдер

Компанияның кірісі мен таза пайдасы шикі мұнай бағасының өзгеруіне байланысты айтарлықтай өзгереді, олар тарихи тұрғыдан тұрақсыз болып табылады және оларға Компанияның бақылауынан тыс әртүрлі факторлар әсер етеді.

Шикі мұнайды сату Компанияның ең үлкен кіріс көзі болып табылады және шикі мұнай бағасы мен Компанияның шикі мұнайды сатудан түсетін кірісіне Компанияның бақылауынан тыс әртүрлі факторлар әсер етеді, соның ішінде:

- жаһандық және аймақтық сұраныс пен ұсыныс және шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне деген болашақ сұраныс пен ұсынысқа қатысты күтулер;
- шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне деген сұраныстың кез келген қысқаруын қоса алғанда, экономикалық жағдайлардың Компания тұтынушыларына әсері;
- жаһандық және аймақтық әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар мен әскери оқиғалар, үкімет саясаты мен ықпалы, әсіресе Қазақстанмен бір аймақтағы елдерде (соның ішінде, бірақ Ресеймен ғана шектелмей) және Таяу Шығыстағы және басқа да мұнай өндіруші аймақтар;
- ауа райы жағдайлары, табиғи апаттар және қоғамдық денсаулыққа төнетін қауіптер және COVID-19 пандемиясы сияқты жаһандық пандемия және басқалары;
- құбырларға, әсіресе КҚК құбыры сияқты экспорттық құбыржолдарына, темір жолдарға және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдаудың басқа да құралдарына қол жеткізу;
- балама отынның бағалары және нарықта болуы;
- Қазақстан мүше болып табылмайтын және оның ықпалы шектеулі кеңейтілген құрамдағы МЭҰ (МЭҰ+) (ОПЕК) (ОПЕК+) мүшелерінің және басқа мұнай өндіруші мемлекеттердің өндірудің және бағалардың берілген деңгейлерін белгілеп, ұстап тұру қабілеті;
- экспорттық шектеулерді, мұнай мен газдың құрамы бойынша стандарттарды және көміртегі салығы бойынша бастамаларды қоса алғанда, салықтарды қоса алғанда, қазақстандық және шетелдік үкіметтік ережелер мен әрекеттер; және

- нарықтық белгісіздік және алып-сатарлық әрекеттер.

Тарихи тұрғыдан алғанда, шикі мұнайдың әлемдік бағасы өте құбылмалы болды және тұтастай алғанда Компанияның бақылауынан тыс болатын сұраныс пен ұсыныстың жаһандық тепе-теңдігімен анықталатын елеулі ауытқулармен сипатталады. Сонымен қатар, Таяу Шығыстағы және соңғы Ресей-Украина қақтығысы сияқты аймақтық қақтығыстар мен шиеленістерді қоса алғанда, кейбір геосаяси әрекеттер мұнай бағасына әсер етті және әлі де әсер етуде. ЕІА жариялаған статистикаға сәйкес, Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық споттық бағасы 2020 жылы баррель үшін 41,96 АҚШ долларын құраған және 2019 жылы баррель үшін 64,30 АҚШ долларын құраған орташа бағамен салыстырғанда, 2022 жылдың алғашқы алты айында баррель үшін 106,92 АҚШ долларын және 2021 жылы 70,86 АҚШ долларын құрады. Ресей-Украина қақтығысы әлемдік деңгейде мұнай мен газ бағасының өсуіне себеп болғанымен, 2022 жылдың наурыз айында КҚК қоспасы (бұл Топтың кейбір мүшелерінің шикі мұнайын қамтиды: «Теңізшевройл» ЖШС («ТШО»), «North Caspian Operating Company B.V.» компаниясы («NCOC»), «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясы («ҚПО») және «Каспий құбыр консорциумы» АҚ («КҚК») басқаратын мұнай құбырын пайдаланатын ресейлік өндірушілер, атап айтқанда, Brent маркалы мұнайдың нарықтағы басым бағасымен салыстырғанда, баррель үшін 10 АҚШ долларына дейінгі жеңілдікпен сауда жасады.

Қазақстан COVID-19 індетінің бұрқ ете түсуінен кейін мұнай бағасының төмендеуіне байланысты мұнай өндіруді қысқартуды көздейтін МЭЭҰ+ мүше елдері мұнай өндіруді қысқарту туралы 2020 жылғы сәуірдегі жасаған келісіміне («МЭЭҰ+ мұнай келісімі») қосылды. 2021 жылдың мамыр айынан бастап МЭЭҰ+ мүше елдері мұнай өндіруді 2022 жылдың қазан айына дейін біртіндеп арттырып отырған. 2022 жылғы 5 қазанда МЭЭҰ+ мүше елдері 2022 жылдың қарашасынан бастап мұнай өндіруді 2022 жылдың тамыз айындағы деңгейінен тәулігіне 2 миллион баррельге қысқартуға уәделесті және МЭЭҰ+ мұнай келісімін 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартуға келісті. Қазақстанның 2022 жылдың қараша айындағы өндіру бойынша міндеттемелері тәулігіне 1 628 млн баррельді құрайды. Осы міндеттемелерді орындау үшін Үкімет әдетте көмірсутектерді барлау және игеру мақсатында жер қойнауын пайдалануға уақытша шектеулерді белгілеу туралы қаулы қабылдайды, ол туралы жария етілмеген. Компания өндіруді қысқарту жөніндегі осы міндеттемелердің өзінің қызметіне тигізетін әсерін әлі бағалаған жоқ. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компания Қазақстан қабылдаған өндіруді қысқарту жөніндегі осы жаңа міндеттемелерге қатысты құзыретті органдардан (Энергетика министрлігі) ешқандай нұсқау алған жоқ.

Компанияның шикі мұнайды сатуға мүмкіндігі бар бағаның ауытқуы Компанияның қызмет нәтижелері мен ақша ағынының айтарлықтай өзгеруіне әкеледі. Тарихи тұрғыдан мұнай бағасының жоғары болуы Компанияның қызметіне айтарлықтай оң әсерін тигізді, бұл ретте шикі мұнай бағасының төмендеуі Компания экономикалық тұрғыдан, соның ішінде, атап айтқанда, өндіріс есебінен өндіре алатын шикі мұнай көлемін төмендетті және өндіруге кететін шығындар осындай өндіруден түсетін болжалды пайдадан асып кеткен жағдайда, Компания өндіру деңгейлерінің экономикалық тиімділігіне теріс әсер ететін нақты ұңғымалардың немесе жобаланатын және әзірленетін жобалардың деңгейі арқылы экономикалық тұрғыдан тиімді өндіре алатын шикі мұнай көлемін азайтуды жалғастыруы мүмкін. Қазіргі уақытта Компания алатын шикі мұнайдың бір баррель бағасының төмендеуі немесе Компанияның жалпы өндіру көлемдерінің кез келген қысқаруы кіріс пен таза пайданың төмендеуіне әкелуі мүмкін, Компанияның жоспарланған күрделі шығындарды жүзеге асыру қабілетін нашарлатуы немесе қажетті шығындарды көтеруі мүмкін. Компанияның кен орындарын игеру үшін және Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша ағындарына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі түрде кері әсер етуі мүмкін. Атап айтқанда, егер баррель бағасы тұрақты кезең ішінде белгілі бір бюджеттік сомадан төмен түссе, Компанияға капиталды бөлуді қайта қарау қажет болуы мүмкін және оның өндіру жоспарларын орындамауы немесе белгілі бір барлау жобаларын жалғастыруы мүмкін.

Компания әзірлеу жобалары мен операцияларындағы кешігулерге және артық шығындарға ұшырауы мүмкін.

KASE-дегі букбилдинг үдерісі (1) институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылдың 30 қарашасында сағат 18:00-де (Астана уақыты бойынша); (2) бөлшек сауда инвесторлары үшін 2022 жылдың 2 желтоқсанында сағат 15:00-де (Астана уақыты бойынша) жабылады. 2022 жылдың 2 желтоқсанында KASE сауда-саттық мүшелерінде брокерлік шот ашқан инвесторлардың өтінімдері қабылданбайды.

Тікелей жазылу

AIX Ұсынысымен және KASE Ұсынысымен бір мезгілде Сатушы Акционер қазақстандық бөлшек сауда инвесторларына Tabys Қолданбасы немесе Қазпошта бөлімшелері арқылы Тікелей жазылу арқылы Акциялар ұсынады. AIX Central Securities Depository Ltd. («AIX CSD») және Компанияның және Сатушы акционердің атынан және пайдасына агент ретінде әрекет ететін Букраннер осы Проспект күнінде немесе шамамен сол күні Қызмет көрсету туралы келісім жасасты, ол келісімде Тікелей жазылымға қатысты әлеуетті сатып алушылардан өтінімдерді жинау үшін Қолданбаны пайдалануды реттейтін шарттар белгіленеді. Тікелей жазылу процедураларының негізгі шарттары мен талаптары Қолданба құжаттамасында анықталған, аталған құжаттамаға әлеуетті сатып алушылар Қолданбада немесе www.tabysapp.kz сілтемесі арқылы қол жеткізе алады. Қолданбаны App Store немесе Google Play дүкендерінен жүктеп алуға болады, www.tabysapp.kz сайтына қараңыз.

Қолданба немесе Қазпошта бөлімшелері арқылы өтінімдерді жинау AIX букбилдинг процесімен бір мезгілде жүргізіледі және 2022 жылдың 9 қарашасында басталады. Тікелей жазылымдағы Акцияларды әлеуетті сатып алушылардың AIX CSD-де кастодиандық шоты болуы керек, мұндай шот әлеуетті сатып алушыны Қолданбада немесе Қазпошта бөлімшесінде тіркеген кезде ашылады. Акцияларды әлеуетті сатып алушылар Өтінімде сатып алғысы келетін Акциялардың санын көрсетуі қажет. Барлық Өтінімдер алдын ала төленуі керек. Алдын ала төленген Өтінімдер Қолданбада тіркеледі және Букраннер мен Сатушы Акционерге беріледі. Тікелей жазылым шеңберінде Акцияларды орналастыру Үйлестіру күні немесе шамамен сол күні Ұсыныс шеңберінде Акцияларды орналастырумен бір мезгілде жүзеге асырылады. Тікелей жазылымға қатысу арқылы әлеуетті сатып алушылар Сатушы Акционердің (Букраннер арқылы) өз қалауы бойынша қандай да бір себептермен кез келген өтінім бойынша Акцияларды бөлуден бас тарта алатынымен келіседі.

Минималды сома Минималды сома анықталмаған.

Ұсыныс бағасы және Бағалы қағаздардың валютасы Бір акция үшін 8 406 теңге.

Акциялар Компанияның жарғылық капиталы әртүрлі номиналды құны бар 610 119 493 Акцияға бөлінген, олар 916 540,5 миллион теңгені құрайды. Компания акцияларының «*Жарғылық капиталдың сипаттамасы және қолданыстағы Қазақстандық нормативтік*

актілері» бөлімінде сипатталғандай құқықтары бар. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың жалпы саны 849 559 596 дананы және шығарылған және орналастырылған жай акциялардың жалпы саны 610 119 493 дананы құрады. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша барлық шығарылған және орналастырылған жай акциялар толығымен төленді.

Ашылу күні	2022 жылғы 9 қарашада немесе шамамен сол күні сағат 12:00-де (Астана уақыты бойынша) орын алады деп күтілуде.
Үлестіру күні.....	2022 жылғы 5 желтоқсанда немесе шамамен сол уақытта орын алады деп күтілуде.
Жабылу күні	2022 жылғы 7 желтоқсанда немесе шамамен сол уақытта орын алады деп күтілуде.
Сатуға тыйым салынған кезең.....	Компанияның, Сатушы Акционердің, ҚРҰБ әрбірі Букраннерлердің әрқайсысына Андеррайтинг туралы келісімдерді жасаған күннен бастап (немесе ҚРҰБ-ге арналған Иеліктен шығармау туралы біржақты міндеттеме күнінен) Жабу күнінен бастап 180 күнге дейін олар, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, Букраннерлердің алдын ала жазбаша келісімінсіз (i) кез келген Акцияларды немесе Компанияның басқа Акцияларын немесе Акцияларға немесе Компанияның басқа Акцияларына конвертацияланатын немесе орындалатын немесе айырбасталатын кез келген бағалы қағаздарды шығармайтынын, ұсынбайтынын, орналастырмайтынын, иеліктен шығармайтынын, ауыртпалық салатын (соның ішінде кепілге салмауға) немесе басқа тәсілмен тікелей немесе жанама түрде иелік етпейтінін; немесе (ii) базалық активі тікелей немесе жанама түрде Компанияның кез келген Акциялары немесе басқа акциялары, немесе Акцияларға немесе Компанияның басқа Акцияларына конвертацияланатын немесе орындалатын немесе айырбасталатын кез келген бағалы қағаздары болып табылатын кез келген опциондарды немесе туынды бағалы қағаздарды немесе құралдарды шығармайтынын, ұсынбайтынын, орналастырмайтынын, иеліктен шығармайтынын, қамтамасыз етпейтінін; немесе (iii) кез келген елдің немесе юрисдикцияның заңдарына сәйкес бағалы қағаздардың кез келген реттеуші органына, қор биржасына немесе листинг органына, не болмаса кез келген елдегі немесе юрисдикциядағы басқа ұқсас органға немесе органға Акцияларға немесе Компанияның басқа да акцияларына немесе Акцияларға немесе Компанияның басқа Акцияларына конвертацияланатын немесе орындалатын немесе айырбасталатын кез келген бағалы қағаздарына және/немесе оларға берілетін кез келген құқықтарға қатысты қайта тіркеуге кез келген өтініш бермейтінін; немесе (iv) Акцияларға немесе Компанияның басқа да акцияларына немесе Акцияларға немесе Компанияның басқа Акцияларына конвертацияланатын немесе орындалатын немесе айырбасталатын кез келген бағалы қағаздарына қандай да бір құқықтарды толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама беретін кез келген своптық келісім немесе кез келген басқа келісім немесе кез келген мәміле (соның ішінде біржақты) жасамайтынын; немесе (v) кез келген үшінші тарапқа жоғарыда аталған әрекеттердің кез келгенін жасамауға (немесе жасау ниеті туралы жария етпеуге) бағыттайтын

немесе рұқсат бермейтін болады деп келісті.

- Түсімдерді пайдалану** Компания Ұсыныстағы Акцияларды сатпайды және Сатушы акционердің Акцияларды сатуынан түскен түсімдердің ешқайсысын алмайды. Сатушы акционер Акцияларды сатудан түскен барлық түсімді алады.
- Дауыс беру құқығы** Қараңыз – *«Жарғылық капиталдың сипаттамасы және қолданылатын Қазақстандық реттеу — Жарғының қысқаша мазмұны — дауыс беру құқығы»*.
- Салық салу** Акцияларды сатып алу мен ұстаудың кейбір қазақстандық салықтық салдарын талқылау үшін *«Салық салу»* бөлімін қараңыз. Егер әлеуетті инвесторлар өздерінің салық жағдайына күмәнданса, олар салық жөніндегі консультанттарымен кеңесуі керек.
- Сату шектеулері** Акцияларды жария орналастыруға, осы Проспектіні немесе кез келген басқа ұсыныс материалын иеленуге немесе таратуға рұқсат беретін кез келген елде немесе осы мақсат үшін әрекет қажет болатын қандай болса да юрисдикцияда ешқандай әрекет жасалмаған немесе жасалмайды. Тиісінше, Акцияларды тікелей немесе жанама түрде ұсынуға немесе сатуға болмайды және осы Проспект не Акцияларға қатысты кез келген басқа ұсыныс материалдары немесе жарнамалар, кез келген осындай елдің немесе юрисдикцияның кез келген және барлық қолданылатын ережелері мен ережелерінің сақталуына әкеліп соқтыратын мән-жайларды қоспағанда, кез келген елде немесе юрисдикцияда таратылуы немесе жариялануы мүмкін емес. Осы Проспект иеліктеріне түсетін тұлғалар төмендегі тармақтардағы шектеулерді қоса алғанда, осы Проспектіні таратуға және Ұсыныста ұсынылған Акцияларды ұсынуға және сатуға қатысты кез келген шектеулерді білуге және сақтауға тиіс. Осы шектеулерді сақтамау кез келген осындай юрисдикцияның бағалы қағаздар туралы заңнамасының бұзушылығы болып табылуы мүмкін. Осы Проспект Ұсыныста ұсынылған Акцияларды ол үшін мұндай ұсыныс немесе өтініш осындай юрисдикцияда заңсыз болып табылатын кез келген юрисдикциядағы кез келген тұлғаға жазылу немесе сатып алу туралы ұсыныс болып табылмайды.

Осы құжатта аталған Акциялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және АХҚО ережелері мен қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасында ғана орналастырылуы немесе сатылуы мүмкін. Осы Проспект Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай жеке немесе заңды тұлғалардың әрекетке қабілеттілігіне қолданылатын кез келген басқа заңдарға сәйкес осы әрекетті орындау қабілеті бар жеке мен заңды тұлғаларды қоспағанда, Қазақстандағы бағалы қағаздарды кез келген қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаға немесе олардың пайдасына сатуға, сатып алуға, айырбастауға немесе басқа жолмен табыстауға ұсыныс немесе ұсыныс жасауға шақыру болып табылмайды. Бұл Проспектіні (мұндай жарнама Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және

Қазақстан Республикасының заңнамасының мақсаттары үшін жарнама (яғни, кез келген нысанда таратылатын және орналастырылатын және Компанияға және оның тауарларына, сауда таңбаларына, жұмыстарына, қызметтеріне және (немесе) оның бағалы қағаздарына қызығушылықты қалыптастыруға және оларды сатуға жәрдемдесуге бағытталған тұлғалардың шектеусіз санына арналған ақпарат) ретінде түсіндіруге болмайды.

Акциялар Бағалы қағаз туралы Заңға немесе АҚШ-тың кез келген штатының қолданылатын бағалы қағаздар туралы заңына сәйкес тіркелмеген және тіркелмейтін болады және Бағалы қағаздар туралы Заңға талаптарынан босатуды немесе сол талаптарға бағынбайтын мәмілерден басқа, АҚШ аумағында тікелей немесе жанама түрде ұсынылмайды, сатылмайды немесе табысталмайды.– «Сату шектеулері», «Үлестіру жоспары» және «Есеп айырысу және аударымдар» қараңыз.

Листинг және сауда..... Мұндай Акцияларды «ҚМГ» тикерімен листингке және саудаға жіберу үшін АІХ-ке өтініш жасалды.

АІХ Ресми тізіміне енгізуге Рұқсат шамамен 2022 жылғы 5 желтоқсанда болады деп күтілуде. АІХ жүйесіндегі Акциялардың шартсыз саудасы шамамен 2022 жылғы 8 желтоқсанда басталады деп күтілуде.

Акциялар KMGZ тикерімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілді.

Төлем және есеп айырысу

Ұсыныс (i) тиісінше, АІХ және KASE сауда-саттық жүйесінің букбилдингтік платформасы арқылы АІХ-тың Бизнес ережелеріне және тиісті АІХ нарық ескертпелеріне, сондай-ақ KASE-нің ережелері мен қағидаларына сәйкес; және (ii) Қолданба мен Қазпошта кеңселері арқылы Тікелей жазылыммен жүзеге асырылатын болады. Ұсыныстың АІХ-те төленуі мен есеп айырысуы және Тікелей жазылым АІХ CSD Ережелері мен рәсімдеріне сәйкес АІХ CSD есеп айырысу жүйесі арқылы, ал KASE-дегі Ұсыныстың төленуі мен есеп айырысуы «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ («KCD») Ережелеріне сәйкес KCD есеп айырысу жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады. Атап айтқанда, Акцияларды АІХ CSD жүйесі мен KCD арқылы ұсыну және Акцияларды 7 желтоқсанда немесе шамамен сол күні («Жабылу күні») АІХ CSD мен KCD Есеп айырысу банкі арқылы төлеу. KCD Компания үшін акциялар тізілімі ретінде әрекет етеді және KCD мен АІХ CSD арасындағы депозитарлық байланыстар орнатылды және жұмыс істейді.

Акцияларды ұсынуға қатысу, Акцияларды алу және АІХ-те және/немесе KASE-де акцияларды сату үшін инвесторлардың АІХ-те АІХ Сауда-саттық мүшесі және/немесе KASE-де KASE Сауда-саттық мүшесі ретінде қабылданған брокерлік компанияда ашылған шоты болуы керек. Акциялар инвесторлар атынан тиісті АІХ Сауда-саттық мүшесінің немесе KASE Сауда-саттық мүшесінің АІХ CSD немесе KCD кастодиандық шотында сақталады.

<p>Акциялардың түрі, сыныбы және қауіпсіздік сәйкестендіру нөмірлері</p>	<p>Акцияларға Тікелей жазылымға қатысу, Акцияларды алу үшін қазақстандық бөлшек сауда инвесторларының AIX CSD-де ашылған жеке депозитарлық шоты болуы тиіс. Акцияларды AIX-те және (немесе) KASE-де саудалау үшін инвесторлардың AIX-те AIX Сауда-саттығына қатысушы және (немесе) KASE-де KASE Сауда-саттығына қатысушы ретінде рұқсат етілген брокерлік компанияда ашылған шоты болуы тиіс.</p> <p>Жай акциялар ISIN коды: KZ1C00001122</p>
<p>Бағалы қағаздардың нысанын көрсету</p>	<p>Компанияның Акциялары құжаттамасыз нысанда. Компанияның Акцияларына меншік құқығы Компания акционерлерінің тізілімінен үзінді көшірмемен расталады. KCD, Акционерлік капиталдың және Қазақстанның қолданылатын ережелерінің сипаттамасы – Акцияларды беру» тарауында анықталғандай және сипатталғандай Қазақстанда тіркелген жеке компаниялар акционерлерінің тізілімін жүргізуге жалғыз уәкілетті заңды тұлға болып табылады және ол ҚРҰБ-ның мажоритарлық меншігінде. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның мекенжайы: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал-1 ықшам ауданы, 28, тұрғын үй-жай.</p>
<p>Бағалы қағаздарды табыстау мүмкіндігіне қатысты шектеулер, табыстау бойынша есеп айырысу келісімдері және осы құқықтарға салынатын кез келген шектеулер және осындай құқықтарды жүзеге асыру рәсімдері</p>	<p>Сатушы акционердің Ұсыныс шеңберінде сататын акциялары Қазақстан мен өзге юрисдикцияларды қоса алғанда, табыстайтын немесе қабылдайтын тарапқа қолданылатын белгілі юрисдикциялардағы тиісті заңнамаға және Компания мен Сатушы Акционерге қолданылатын шарттық акцияларды сатуға тыйым салу уағдаластықтарына сәйкес лайықты сату мен табыстаудың шектеулерінің есепке алынуымен еркін берілуі мүмкін. <i>«Сату шектеулері», «Үлестіру жоспары» және «Есеп айырысу және аударымдар».</i></p>
<p>Ұсыныс жүзеге асырылмаған жағдайда өтініш берушілерден алынған ақшаны қайтару тәртібі мен әдістері туралы толық ақпарат</p>	<p>Ұсыныс жүзеге асырылмаған жағдайда өтініш берушілерден алынған ақшаны өтініш берушінің жазбаша нұсқауы бойынша брокет немесе Тікелей жазылым жағдайында Сатушы акционер (AIX CSD немесе Қазпошта бөлімшелері арқылы әрекет ететін) осындай өтініш берушіге, қажет болса, банктік, брокерлік қызметтерге және үшінші тұлғалардың басқа алымдарына арналған кез келген комиссияларды шегере отырып, Акцияларды сатып алуға өтініш берген кезде өтініш берушіден алынған ақша сомасында қайтарады.</p>
<p>Инвестордың өтінішті қайтарып алу құқығы</p>	<p>Институционалдық инвесторларға 2022 жылдың 30 қарашасында сағат 18:00-ге (Астана уақыты бойынша) және бөлшек сауда инвесторларына 2022 жылдың 2 желтоқсанында сағат 11:00-ге дейін өз өтініштерін қайтарып алуға рұқсат етіледі.</p>
<p>Оның аясында Бағалы қағаздар жасалған заңнама</p>	<p>Акциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған.</p>
<p>Эмитенттің дивидендтерді үлестіру</p>	<p>Компанияның Дивидендтік саясаты 2022 жылғы 27 қазанда</p>

жөніндегі саясатының сипаттамасы және оған қатысты кез келген шектеулер

Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді.

Компанияның Акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Компанияның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге және төлеуге жол берілмейді:

- Компанияның меншікті капиталының сомасы теріс болса немесе оның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде Компанияның меншікті капиталының сомасы теріс болса;
- Компанияда оңалту және банкроттық туралы заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі белгілері бар болса немесе бұл белгілер Компанияда оның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;
- заңнамада ескерілген өзге де жағдайларда.

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына өткен қаржылық жылдағы шоғырландырылған еркін ақша қозғалысы негізінде есептелген Компанияның шоғырландырылған таза табысын және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер сомасын бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның осы шешімді Жарғыда белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында, Компанияның корпоративтік веб-сайтында міндетті түрде жариялауымен, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздарының айналымы жүзеге асырылатын қор биржасының талаптарымен белгіленген өзге де тәртіппен шешім қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде Компанияның Акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы сондай шешім қабылдауға құқылы.

Тарихи қаржылық ақпаратпен қамтылған кезеңдегі әрбір қаржылық жыл үшін бір Бағалы қағаз бойынша дивиденд мөлшері

2019, 2020, 2021 және 2022 жылдың алғашқы алты айында Компанияның Самұрық-Қазына мен ҚРҰБ төлеген дивидендтердің жалпы сомасы, сәйкесінше 36 998 миллион теңгені (бір акцияға 60,64 теңге), 81 738 миллион теңгені (бір акцияға 133,97 теңге), 49 999 миллион теңгені (бір акцияға 81,95 теңге), 199 997 миллион теңгені (бір акцияға 327,80 теңге) құрады.

Дивидендтер алу құқығы туындайтын белгіленген күн(дер).

Дивидендтер дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Жалпы жиналыс белгілеген мерзімдерде төленеді.

Артықшылықты сатып алу құқықтары

«Акционерлік капиталдың сипаттамасы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы – артықшылықты сатып алу құқығы» тарауын қараңыз.

Дивидендтерге қатысты кез келген шектеулер

«Ұсыныс - Дивидендтерді бөлуге қатысты Эмитент саясатының сипаттамасы және оған қатысты кез келген шектеулер» тарауын» қараңыз.

Дивидендтің мөлшерлемесі немесе

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына өткен қаржылық жылдағы шоғырландырылған еркін ақша қозғалысы

**оны есептеу әдісі,
төлемдердің кезеңділігі
мен кумулятивтік немесе
кумулятивтік емес
сипаты.**

негізінде есептелген Компанияның шоғырландырылған таза табысын және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер сомасын бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

Компания дивидендтердің келесі мөлшерін төлеуді қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салатын болады:

- Таза борыштың EBITDA-ға қатынасы 1,0-ден аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 50 %-ы;
- Таза борыштың EBITDA-ға қатынасы 1,0-ден жоғары, бірақ 1,5-ке тең немесе одан аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 40 %-ы;
- Таза борыштың EBITDA-ға қатынасы 1,5-тен жоғары, бірақ 2,0-ге тең немесе одан аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 30 пайызы; және
- Егер Таза борыштың EBITDA-ға қатынасы 2,0-ден жоғары болса, төлем пайызы Компания Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Дивидендтерді төлеуге байланысты белгіленген мерзімділік жоқ.

Дивидендтерді төлеу Акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей, акционердің ағымдағы деректемелері туралы ақпарат болған шартымен жүргізілуі тиіс.

Акционердің ағымдағы деректемелері туралы ақпарат жоқ болған жағдайда, Акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер Компанияға жүгінген сәттен бастап 90 күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жарғыда көрсетілген негіздер бойынша дивидендтер есептелмейтін жағдайларды қоспағанда, акционерлер Компанияның берешегі қалыптасу кезеңіне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Тәуекел факторлары

Әлеуетті инвесторлар Акцияларды инвестициялауға қатысты белгілі бір тәуекелдерді мұқият қарастыруы керек. *«Тәуекел факторлары»* бөлімін қараңыз.

ТҮСІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Сатушы акционер Ұсыныстан алынған барлық таза кірісті алып, ол шамамен 256 миллиард теңгені құрайды. Компания Ұсыныстан түсетін таза түсімдердің ешқайсысын алмайды.

Ұсынысқа байланысты төленетін комиссиялардың, алымдар мен шығыстардың жалпы сомасы шамамен 2,28 миллиард теңгені құрайды. Бұл сомаларға басқалармен қатар аудиторлар, салық консультанттарының, қаржылық консультанттар мен заң консультанттарының алымдары, листинг және биржа алымына рұқсат, сондай-ақ сату комиссиялары кіреді.

Ұсынысқа байланысты Букраннерлерге төленетін алымдар мен комиссияларды Компания мен Сатушы акционер төлейді. Компания мен Сатушы акционердің әрқайсысы Ұсынысқа байланысты өздерінің барлық шығындары мен шығыстарын өтейді.

Ұсыныстың себептері

Ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы «2021–2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» № 908 қаулысымен (енгізілген өзгертулермен бірге) бекітілген Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру мақсатында орындалуда.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Дивидендтік саясат

2022 жылы 27 қазан күні Компанияның дивидендтік саясатын Акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдады.

Дивидендтік саясаттың мақсаты Компания дивидендтерінің көлеміне қатысты акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар енгізу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Дивидендтік саясаттың мақсаттары акционерлердің, кредиторлардың және Компанияның мүдделерін барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын өзара құрметтейтін оңтайлы үйлестіру, сондай-ақ Компанияның капиталдандыру мен инвестициялық тартымдылығын арттыру қажеттілігі болып табылады.

Осы дивидендтік саясаттың негізгі принциптері:

- Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- Компанияның операциялық қызметі мен инвестициялық жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету; және
- Компанияның қаржылық тұрақтылығын және инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерді қолдау;

Компанияның Акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары:

- Компанияның есепті кезеңдегі шоғырландырылған таза кірісі немесе есепті кезеңнің соңындағы бөлінбеген пайдасы;
- осы дивидендтік саясаттың ережелерінде және заңнамада көзделген дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша шектеулердің болмауы;
- Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізу; және
- акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Келесі жағдайларда Компанияның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге және төлеуге жол берілмейді:

- егер Компанияның меншікті капиталының сомасы теріс болса немесе оның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде Компанияның меншікті капиталының сомасы теріс болса;
- Компанияда оңалту және банкроттық туралы заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі белгілері болса немесе бұл белгілер Компанияда оның Акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса; және
- заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына өткен қаржы жылындағы шоғырландырылған еркін ақша қозғалысы негізінде есептелген Компанияның шоғырландырылған таза кірісін бөлу және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшері туралы ұсыныс енгізеді.

Дивидендтік саясаттың мақсаттарында бас әріппен жазылған сөздер келесі мағынаға ие болады:

«**Еркін ақша ағыны**» негізгі құралдарды сатып алуды (соның ішінде негізгі құралдар үшін аванстарды) шегергендегі, материалдық емес активтерді сатып алуды, кен орнын игеру бойынша активтерін сатып алуды, бағалау және барлау бойынша активтерді сатып алуды, еншілес/бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесін сатып алуды шегергендегі, еншілес ұйымда/бірлескен/қауымдастырылған кәсіпорында қатысу үлестерін сатудан түскен қаражатты қоса алғанда, Компанияның операциялық қызметтен (бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивидендтерді қоса алғанда, бірақ мұнайды жеткізу үшін алынған аванстар түріндегі айналым капиталындағы өзгерістерді қоспағанда) түскен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 және 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 Қаулыларымен бекітілген тізбелер бойынша Қоғамның активтерін бәсекелес ортаға табыстаудан түскен қаражатты қоспағанда) Компанияның шоғырландырылған ақша ағынын білдіреді.

«**Жалпы борыш**» облигацияларды плюс (қысқа және ұзақ мерзімді) несиелерді білдіреді.

«**Таза борыш**» (қысқа және ұзақ мерзімді) банк салымдарын, ақшалай қаражат пен оның баламаларын шегергендегі Жалпы борышты білдіреді.

«**ЕБИТДА**» сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құнын (тозу мен амортизацияны қоспағанда), өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда), тасымалдау мен өткізу бойынша шығыстарды (тозу мен амортизацияны қоспағанда) шегергендегі, табыс салығынан басқа салықтарды шегергендегі түсім плюс бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивидендтерді білдіреді.

Компания дивидендтердің келесі мөлшерін төлеуді қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін салатын болады:

- Таза борыштың ЕБИТДА-ға қатынасы дәл 1,0-ден аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 50 %-ы;
- Таза борыштың ЕБИТДА-ға қатынасы 1,0-ден жоғары, бірақ 1,5-ке тең немесе одан аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 40 %-ы;
- Таза борыштың ЕБИТДА-ға қатынасы 1,5-тен жоғары, бірақ 2,0-ге тең немесе одан аз болса, Еркін ақша ағынының кем дегенде 30 пайызы; және
- Егер Таза борыштың ЕБИТДА-ға қатынасы 2,0-ден жоғары болса, төлем пайызы Компания акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

Директорлар кеңесі дивидендтердің мөлшері бойынша ұсыныстарды әзірлеу кезінде болашақ күрделі қаржы шығындары мен инвестициялық жобаларды қаржыландыру, борышқа қызмет көрсету, қаржылық тұрақтылық пен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерді қолдап тұру үшін ақша ағынының барабар деңгейін ұстап тұру қажеттілігін және басқа мән-жайларды ескеретін болады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның осы шешімді Жарғыда белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында, Компанияның корпоративтік веб-сайтында міндетті түрде жариялауымен, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздарының айналымы жүзеге асырылатын қор биржасының талаптарымен белгіленген өзге де тәртіппен шешім қабылданған күннен бастап 10 күн ішінде Компанияның Акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы сондай шешім қабылдауға құқылы.

2019, 2020, 2021 және 2022 жылдың алғашқы алты айында Компанияның Самұрық-Қазына мен ҚРҰБ төлеген дивидендтердің жалпы сомасы сәйкесінше 36 998 миллион теңгені (бір акцияға 60,64 теңге), 81 738 миллион теңгені (бір акцияға 133,97 теңге), 49 999 миллион теңгені (бір акцияға 81,95 теңге), 199 997 миллион теңгені (бір акцияға 327,80 теңге) құрады.

Мұнайдың орташа жылдық бағаларының баррель үшін 70 АҚШ долларынан кем емес шартымен Компания 2022, 2023 және 2024 жылдардағы Компанияның әрбір қаржылық жылдың қорытындылары бойынша тиісінше 2023, 2024 және 2025 жылдары төленетін кемінде 200-250 миллиард теңге (барлық акционерлеріне тұтас алғанда) жылдық дивидендтерді төлеуге ниетті. Жоғарыда көрсетілгендей, дивидендтер төлеу туралы шешімдер қолданыстағы заңнама талаптарына, нарықтық конъюнктураға, мұнай бағаларына, Компанияның қарыз құрылымына, жағымды тиімділігі мен еркін ақша ағынына, күрделі қаржы жұмсалымына, инвестициялық бағдарламаға және туындап, Компанияның жоғарыда көрсетілген мөлшерде дивидендтерді төлеп беру мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін басқа да елеулі мән-жайларға сәйкес Директорлар кеңесінің ұсынымдарының және акционерлердің жалпы жиналысының бекітуін есепке алынуымен қабылданады.

КАПИТАЛДАНДЫРУ

Төмендегі кестелер осы Проспектінің басқа жерінде қамтылған қаржылық есептіліктен алынған 2022 жылғы 30 маусымдағы Топтың капиталдандыруын көрсетеді. Бұл ақпаратты *Таңдалған шоғырландырылған қаржылық және операциялық ақпаратпен, Операциялық және қаржылық шолумен* және осы Проспектінің басқа жерінде қамтылған қаржылық есептілікпен бірге оқу керек.

	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша
	<i>(миллион теңге)</i>
Ұзақ мерзімді қарыз қаражаты	3 578 712
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	40 801
Ағымдағы қарыз қаражаты	355 985
Ағымдағы жалдау бойынша міндеттемелер	9 931
Қарыз қаражаты мен лизингтік міндеттемелердің жалпы сомасы	3 985 429
Жарғылық капитал	916 541
Қосымша төленген капитал	1 142
Басқа капитал резервтері	(27 007)
Валютаны аудару резерві	2 690 703
Бөлінбеген пайда	5 414 887
Бақыланбайтын үлес	(70 007)
Жалпы меншікті капитал	8 926 259
Жалпы капиталдандыру⁽¹⁾	12 911 688

(1) Жалпы капиталдандыру қарыздар мен жалдау міндеттемелерінің және жалпы меншікті капиталдың сомасы болып табылады.

Төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, қаржылық ақпарат жарияланған ең соңғы қаржылық кезеңнің аяқталу күні 2022 жылдың 30 маусымынан бастап Топтың шоғырландырылған капиталдандыруында елеулі өзгерістер болған жоқ.

2022 жылдың 15 қыркүйегінде Компанияның 100 пайыз еншілес ұйымы «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» Қашағанды сату опционын жүзеге асырды да, «Самұрық-Қазынадан» ҚМГ Қашағандағы акцияларды сатып алды, осылайша ҚМГ Қашағанның жалғыз акционері болды. Сатып алу бағасы және 2023 жылдың 30 маусымына дейін бірнеше траншпен төленуі тиіс 3,8 миллиард АҚШ долларын құрайды. Компания сатып алу бағасының 42 пайызын Компания KASE-де шығарған және «Самұрық-Қазынаның» иелігіндегі 2035 жылғы өтеу мерзімімен 751,6 млрд теңге (1,6 млрд АҚШ доллары) сомасындағы 3% купондық облигациялардан алынған таза түсім есебінен жабуға ниетті, ал сатып алу бағасының қалған бөлігі Қашағанның операциялық қызметтен түскен қаражаты есебінен және «Самұрық-Қазынаның» Компания алдындағы міндеттемелерінің есепке алыну арқылы төленетін болады. Сонымен қатар, ҚМГ Қашағандағы қатысу үлесін сатып алу Компанияның берешегін жоғарыда аталған облигациялар бойынша 1,6 млрд АҚШ долларын және ҚМГ Қашағанның операциялық қызметінен түскен қаражаты есебінен (2023 жылдың 30 маусымына дейін) төленуі тиіс сатып алу бағасының қалған бөлігіне «Самұрық-Қазына» кепілдігінің 0,7 млрд АҚШ долларын қоса алғанда, 2,3 млрд АҚШ долларына (2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша) ұлғайтады.

Осы мәміленің тараптары «Самұрық-Қазына» қорының бақылауында болғандықтан, Компания осы сатып алуға қатысты үлес бірігу тәсілін қолданды және 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айлық кезеңі үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін, біріктірудің нақты күніне қарамастан (2022 жылғы 14 қыркүйек), ҚМГ Қашаған бақылау үлестерінің аударымы ұсынылған ең ерте кезеңнің басынан, яғни 2021 жылғы 31 желтоқсаннан бастап пайда болғандай ұсынады, және бұл 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ұсынылған қаржылық ақпаратты қайта өндіруді талап етеді.

ҚМГ Қашағанның ортақ бақылауға берілген активтері мен міндеттемелері бұрынғы иесінің (Самұрық-Қазына) баланстық құнымен есепке алынады. Біріктіру нәтижесінде ешқандай жаңа гудвилл танылмайды. Сатып алынған таза активтердің баланстық құны мен төленген сыйақы арасындағы айырмашылық акционерлік капитал құрамында танылды. ҚҚМГ Қашағанның меншікті капиталының құрамдас бөліктері ортақ бақылаудағы бизнесті біріктіру ретінде Компанияның ұсталған кірісіне қосылады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ

Мұнай-газ саласына қысқаша шолу, жалпы тенденциялар және оның Қазақстанға әсері **Өндіріс және қорлар**

Мұнай және газ өнеркәсібі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері экономикалық белсенділікті, жұмыспен қамтуды, салықтарды, инвестицияларды және халқының өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды болды. Қазақстанның мұнай өндіруі 1991 жылы 26,6 миллион тоннадан 2021 жылы 85,9 миллион тоннаға дейін үш есе жуық өсті, бұл елдің энергияға деген өсіп келе жатқан дүниежүзілік сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігін көрсетеді. Табиғи газ өндіру 1991 жылы 7,9 миллиард текше метрден 2021 жылы 54,2 миллиард текше метрге дейін 7 есеге жуық өсті. Өсуге үкімет пен шетелдік және отандық инвесторлардың ынтымақтастығы арқасында қол жеткізілді. Мұнай өндірудің өсуіне негізінен үш мега кен орны әсер етті: Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған.

Қазақстанның үлесі көмірсутектердің дүние жүзінде дәлелденген қорларынан 3,3 пайызды құрайды. Қазақстанның дәлелденген алынатын мұнай қоры 3,9 млрд тоннаны құрайды (әлемде 12-ші орында), табиғи газ қоры Каспий қайраңын қоса алғанда 2,7 триллион текше метрден асады (әлемде 14-ші орында). Дәлелденген елеулі қорлар мен ашық және болжамды институционалдық сала Қазақстанды инвесторлар үшін тартымды етеді. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібіне 200 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі тікелей шетелдік инвестицияларды тартып, Орталық Азиядағы экономикалық көшбасшы ретінде танылды. Мұнай мен газ конденсаты Қазақстан экспортының шамамен 60 пайызын құрайды, бұл ретте мұнай-газ саласының жалпы ішкі өнімдегі орташа үлесі мұнайдың әлемдік бағасына байланысты 2010-2020 жылдар аралығында шамамен 21 пайызды құрады. Сонымен қатар мұнай-газ өнеркәсібінен түсетін салықтар мен мемлекеттік кірістердің барлық түрлері мемлекеттік бюджеттің 33-тен 50 пайызға дейінгі үлесін құрайды.

Ескі кен орындарындағы мұнай қоры мен өндіру азайып бара жатқанда, жаңа кен орындарын барлау мен игеру маңыздырақ болып отыр. Үкімет мұнай өндіруге келісімшарт құқықтарын сату бойынша аукциондық рәсімдердің тиімділігін арттыру арқылы мегажобаларда да, жаңа перспективалық барлау блоктарында да мұнай өндіруді кеңейтуді жоспарлап отыр.

Тасымалдау

Қазақстанда үш негізгі экспорттық құбыр бар: КҚК құбыры, Өзен-Атырау-Самара құбыры («ӨАС құбыры») және Қазақстан-Қытай құбыры («КҚК құбыры»). КҚК құбырының қуаттылығы жылына 67 миллион тонна мұнайды құрайды. 2019 жылы КҚК 2023 жылдың соңына қарай қуаттылықты жылына 81,5 миллион тонна мұнайға дейін арттыруға бағытталған кеңейту бағдарламасын бастады. Бұл жоба Теңіз және Қашаған кен орындарын кеңейтумен байланысты. ӨАС құбырының өткізу қабілеті жылына 17,5 миллион тоннаны, КҚК құбырының қуаты 20 миллион тоннаны құрайды. Сонымен қатар, Каспий теңізіндегі Ақтау портының өткізу қабілеті жылына 5,2 миллион тоннаны құрайды.

Қазақстан жылына шамамен 68 миллион тонна мұнай экспорттайды және 17 миллион тоннаға жуық мұнай өңдейді. Негізгі экспорттық құбырлар КҚК құбыры және ӨАС құбыры болып табылады, екі құбыр да Ресей аумағы арқылы Ресей теңіз порттарына өтеді. Соңғы кездері Ресей мен батыс елдері арасындағы шиеленістің күшеюіне ескере отырып, Қазақстанның мұнай экспорттау бағыттары біршама тәуекелдерге ұшырайды. КҚК құбыржолы мұнайды Ресейден Қытайға тасымалдап, Қазақстаннан Қытайға мұнай экспорттайды.

2022 жылдың ақпанында Ресей-Украина әскери қақтығысы басталғаннан бері Новороссийскідегі КҚК теңіз терминалының жұмысын уақытша тоқтата тұру қаупін тудырған бірнеше оқиғалар болды. Осы оқиғаларға жауап ретінде Қазақстан Қытайға немесе Әзірбайжан, Грузия және Түркия арқылы Жерорта теңізі мен Қара теңізге экспорттық қуаттарды кеңейту туралы келіссөздер жүргізу арқылы экспорттық арналарды әртараптандыру

бойынша жұмыс жүргізе бастады. Сондай-ақ Иранға своптық мұнай сату мүмкіндігі бар, Қазақстан мұнайын Каспий теңізі арқылы Солтүстік Иранға тасымалдау және Иран мұнайын Парсы шығанағында қабылдау мүмкіндігі бар. Соған қарамастан, КҚК құбыржолы Қазақстан мұнайы үшін ең тиімді экспорттық бағыт болып қала береді.

Мұнай өңдеу зауыты

Негізгі мұнай өңдеу зауыттары Атырау, Павлодар, Шымкент және Ақтау қалаларында орналасқан, жалпы қуаттылығы шамамен 18,5 миллион тоннаны құрайды. Сонымен қатар, өндірісі шамалы болса да, бірнеше шағын зауыттар бар. Павлодар мұнай өңдеу зауыты технологиялық мәселелерге байланысты ресейлік мұнайды өндесе, Қазақстанның басқа зауыттары отандық мұнайды өңдейді. Қазақстан мұнай өңдеу зауыттары айналасында заманауи экологиялық таза мұнай-химия өнеркәсібін құруға бағытталған бірнеше инвестициялық жобаларды қолға алды және аяқтады.

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттары

Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау
Құрастырылған жылы	1945	1978	1985	2013
Сыйымдылығы, миллион тонна	5,5	6	6	1
2021 жылы тазартылған, миллион тонна	5,5	5,4	5,1	0,92
2021 жылы пайдалану	100 пайыз	90 пайыз	85 пайыз	92 пайыз
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	-
Ақшыл мұнай өнімдерінің үлесі	63	69	80	-

Дереккөз: ҚМГ компаниясының 2021 жылдық есебі.

Мұнай кәсіпшілігі қызметтері

Қазақстан ұлттық кәсіпкерлерге, әсіресе мұнай кәсіпшілігіне қызмет көрсету саласында жүйелі түрде қолдау көрсетуде. Тәуелсіздіктің таңында мемлекет тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді отандық жеткізушілердің мүдделерін қолдау және қорғау мақсатында заңнамалық шараларды әзірледі. Соған қарамастан, жергілікті шағын және орта бизнестің тәжірибесі мен біліктілігінің жоқтығынан Қазақстанның мұнай кәсіпшілік қызметтері нарығында шетелдік компаниялар басым болды. Жағдай 2000 жылдардың аяғында мұнай компанияларының сатып алуларындағы жергілікті қамту Қазақстан үшін стратегиялық мәселеге айналғанда ғана жақсарды. Үш мега кен орындарында (Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ) жүргізіліп жатқан кеңейту және дамыту жобалары жергілікті бизнеске құрылыс келісімшарттарын, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру, орналастыру, қалдықтарды өңдеу және басқа да келісімшарттарды алуға мүмкіндік берді. Ол кезде жергілікті бизнестің деңгейі айтарлықтай өсті. Келісімшарттық міндеттемелердің сақталуын мемлекеттік бақылаумен бірге ол жергілікті бизнеске халықаралық корпорациялармен бірлескен кәсіпорындар құруға мүмкіндік берді. Мемлекет саясаты өзінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығына байланысты мұнай кәсіпшілігімен айналысатын отандық бизнесті қолдауды жалғастыра беретін көрінеді.

Қазақстаннан шыққан мұнай кәсіпшілік қызметтерін сатып алу

Сегмент	Жылдар бойынша төлемдер, млрд					Қазақстанды қ үлес
	2016	2017	2018	2019	2020	
Құрылыс-монтаждау жұмыстары	888	1032	1519	1875	1125	34 пайыз
Бұрғылау	349	418	372	403	361	69 пайыз
Жобалау және құрылымдық жұмыстар	334	493	517	389	251	12 пайыз

Сегмент	Жылдар бойынша төлемдер, млрд					Қазақстанды қ үлес
	2016	2017	2018	2019	2020	
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	218	252	252	470	247	65 пайыз
Геология және геофизика	253	135	186	259	193	29 пайыз
Total	2042	2330	2847	3397	2176	40 пайыз

Дереккөз: «KazEnergy» қауымдастығы.

Қызметкерлер құрамы

Қазақстан Үкіметінің әлемдік өнеркәсіп алпауыттарымен жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасу жағдайында мұнай-газ саласы оларды жүзеге асыру және мұнай секторының одан әрі өсуін қамтамасыз ету үшін жаңа жоғары білікті, ынталы кадрларды қажетсінді. Білім беру жүйесін халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендіру үшін Қазақстан Үкіметі университеттерді және университет бағдарламаларын реформалау мен жаңғыртуды бастады. Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі басқа келісімшарттық міндеттемелермен қатар мұнай-газ компанияларына міндетті жергілікті қамтуды қамтамасыз ету үшін жергілікті жұмыскерлерді жалдау және олардың кірісінің бір бөлігін жергілікті қызметкерлер құрамының біліктілігін арттыруға жұмсау бойынша талаптарды енгізді. Талаптарға сай болу үшін халықаралық корпорациялар Қазақстанда көбінесе жергілікті университеттермен бірлесе отыра оқу орталықтарын ашты. Халықаралық мұнай жобалары аясында халықаралық мұнай компанияларынан жергілікті қызметкерлерге жоғары сапалы, сирек тәжірибе мен білім беру үрдісі үздіксіз орын алуда. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері адам капиталы айтарлықтай ілгерілеушілік көрсетті және болашақта ол алдағы инвестициялық жобалар арқасында өсетін болады деп күтілуде.

Шикі мұнай бағасы

2011-2021 жылдар аралығындағы мұнай бағасы бір баррель үшін орташа есеппен 75 АҚШ долларын құрап, 2020 жылы 42 АҚШ долларынан 2021 жылы бір баррель үшін 112 АҚШ долларына дейін ауытқиды.

2021 жылы сұйық отынға деген сұраныс өндіріс пен тұтыну теңгеріміндегі ұсыныстан асып түсті, бұл туристік ағындар мен әуе тасымалының салыстырмалы түрде қалпына келуімен және әлемдік экономиканың өткен жылдың негізгі шектеулерді алуымен байланысты болды. Бір жылдан астам уақыт бойы мұнайды тұтыну МЭЕҰ+ («МЭЕҰ+») деп аталатын мүше елдер келіссөздер жүргізген МЭЕҰ+ Мұнай келісімі бойынша қысқартулар, АҚШ мұнай өндірушілерінің инвестицияларының шектеулерінің және басқа да жеткізілімдердің үзілуінің есебінен өндірістен асып түсіп отырған, ал бұл сондай-ақ дүние жүзіндегі мұнай қорының үздіксіз босатылуына және мұнай бағасы секірісіне әкеліп соқтырған.

2021 жылдың басында ол бір баррель үшін 50 АҚШ долларын құраса, қазан айының соңында бір баррель үшін 86 АҚШ долларын құрады, бұл МЭЕҰ+ ұйымының жоғары бағаларды қолдау мақсатында 2021 жылы өндіріс өсімін шектеу туралы 2020 жылғы желтоқсандағы шешімін көрсетеді. 2021 жылдың аяғында бағаның өсуі мұнайды тұтынудың төмендеуіне әкелетін Omicron нұсқасының айналасындағы қорқыныштардың әсерінен ішінара әсер етті, содан кейін нұсқа қауіпті емес, бірақ жұқпалы болып шыққан кезде төмендеді. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2021 жылы бір баррель үшін 70,86 АҚШ долларын құрап, бұл пандемияға байланысты шектеулердің жеңілдету жағдайында өткен жылмен салыстырғанда 70 пайызға өсті. West Texas Intermediate (WTI) мұнайының бағасы Brent маркалы мұнай бағасының өсуін көрсетті: орташа есеппен бір баррель үшін 3 АҚШ долларына арзандады.

2022 жылы Украинадағы әскери қақтығыс басталып, Батыс елдері Ресейге қарсы санкциялар салған тұста шикі мұнай бағасы бір баррель үшін 128 долларға дейін көтерілді. Brent маркалы мұнайдың бағасы 2022 жылдың қаңтарындағы бір баррель үшін орташа есеппен 87 АҚШ долларынан 2022 жылдың маусым айында бір баррель үшін 123 АҚШ долларына дейін өсті, ал

2022 жылдың 6 айындағы орташа бағасы бір баррель үшін 106 АҚШ долларын құрады. Жоғарыда айтылғандай, шикі мұнай бағасы 2022 жылдың бірінші жартысында 2022 жылдың ақпанындағы Ресей-Украина әскери қақтығысы басталғаннан кейін көтерілді. Шабуыл нәтижесінде бірнеше елдер Ресейден шикі мұнай мен мұнай өнімдерін импорттауға санкция салды. Сонымен қатар, көптеген халықаралық мұнай компаниялары мен басқа фирмалар Ресейдегі жұмысын тоқтатып, Ресейдің шикі мұнайы мен мұнай өнімдерінің саудасын шектеді немесе тоқтатты. Бұл әрекеттер Ресейдің мұнай өндіруін азайтып, шикі мұнай бағасының көтерілуіне себеп болды. Бірқатар МЭЕҰ+ мүшелері өз мақсаттарынан төмен өнім шығарды, бұл да мұнай бағасына қосымша жоғары қысым жасады. Бұл факторлар онсыз да төмен әлемдік қорлармен бірге мұнай бағасының көтерілу қысымын да, мұнай бағасының құбылмалылығын да күшейтті.

АҚШ-тың Энергетикалық ақпарат басқармасының (EIA) мәліметінше, Brent маркалы мұнай бағасы 2022 жылдың екінші жартысында бір баррель үшін 101 АҚШ долларын құрап, содан кейін 2023 жылы бір баррель үшін 94 АҚШ долларына дейін төмендейді. Бағаның болжамды төмендеуі 2022 жылдың аяғында әлемдік мұнай қорларының күтілетін ұлғаюының нәтижесі болып табылады. Энергетикалық ақпарат басқармасының болжамындағы бағаның төмендеуінің көп бөлігі 2022 жылдың екінші жартысында орын алады, бағалар маусымда орта есеппен бір баррель үшін 123 АҚШ долларынан 2022 жылдың 4-тоқсанында бір баррель үшін 97 АҚШ долларына дейін төмендейді. Энергетикалық ақпарат басқармасының тауар-материалдық қорлардың өсуін күткеніне қарамастан, олар қазіргі уақытта 2019 жылға қарағанда төмен, бұл бағалар қысымының өсуіне байланысты кейбір төмендеу баға қысымдарын шектей алады және құбылмалылықтың жалғасу әлеуетін арттырады. Сонымен қатар, Энергетикалық ақпарат басқармасы 2023 жылы теңгерімді нарықтарды күтеді. Осы теңгерім нәтижесінде Энергетикалық ақпарат басқармасының болжамында шикі мұнай бағасы 2023 жылға дейін баяу төмендеп, 4-тоқсанда бір баррель үшін 97 АҚШ долларынан 2023 жылдың 4-тоқсанында бір баррель үшін 93 АҚШ долларына дейін төмендейді. Нақты бағалар Ресейге енгізілген санкциялардың, болашақтағы ықтимал санкциялардың және тәуелсіз корпоративтік әрекеттердің Ресейдің мұнай өндіруіне және Ресей мұнайының әлемдік нарықта сатылуына әсер ету дәрежесіне негізделетін болады. Жаһандық экономикалық оқиғалар да мұнай бағасы үшін маңызды болады.

2022 жылдың екінші жартысында Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 135 АҚШ долларын құрап, ал бір жыл ішінде орташа есеппен бір баррель үшін 122 АҚШ долларын құрайтын болады. Санкцияларға байланысты Ресейде мұнай өндірудің төмендеуі, Иран мұнайын нарыққа шығаруға мүмкіндік бермейтін Иранның ядролық келісімі бойынша келісімге келу ықтималдығының төмендігі, сондай-ақ МЭЕҰ+ елдеріндегі еркін өндіріс көлемінің қысқаруы бұрынғысынша жаһандық мұнай өндіруге әсер ететін негізгі факторлар болып қала береді.

Мұнайға деген әлемдік сұраныс пен ұсыныс

Мұнай әлемдегі басым отын болып табылады, жаһандық бастапқы энергия тұтынуының 31 пайызын құрайды (BP 2022 жылғы Дүниежүзілік энергетиканың статистикалық шолуы). Халық пен табыстың өсуі мұнайға деген сұранысты қалыптастыратын ең қуатты екі қозғаушы күш, сәйкесінше ЖІӨ де қозғаушы күш болып табылады. МЭЕҰ мәліметтері бойынша, 2021 жылы мұнай мен сұйық отынның жаһандық тұтынуы орташа есеппен тәулігіне 96,9 миллион баррельді құрап, бұл 2020 жылмен салыстырғанда тәулігіне 5,7 миллион баррельге көп, бұл тұтыну пандемияға байланысты айтарлықтай төмендеді.

Көмірсутектерді әлемдік тұтыну соңғы онжылдықта жылына орта есеппен шамамен 1 пайызға өсті. Мұнайға деген сұраныс негізінен Азиядан келді – Қытайдың тұтынуы 2011 жылы тәулігіне 9,4 миллион баррельден 2021 жылы 14,9 миллион баррельге дейін өсті. Нәтижесінде Қытайдың тұтынуы осы кезеңде әлемдік мұнай сұранысының негізгі қозғаушы күшіне айналып, 68%-ға өсті. Үндістан мұнайдың тағы бір маңызды тұтынушысы болып табылады,

оның үлесі 15 пайызды құрайды. Бұл екі ел бірге әлемдік сұраныс өсімінің 83%-дан астамын қамтамасыз етті.

Сонымен бірге, дамып келе жатқан елдерде көмірсутектерге деген сұраныстың неғұрлым айқын өсуі байқалғанымен, дамыған елдерде тұтынудың әлсіз үлгісін көрсетті. Осылайша, Еуропадағы Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымы («ЭЫДҰ») елдерінің мұнайға сұранысы соңғы онжылдықта 9 пайызға дерлік қысқарды, ал Американың ЭЫДҰ аймағында қалыпты өсім тек 1 пайызды көрсетті. АҚШ экономикасы 4 пайыздық өсіммен жақсырақ нәтижес көрсетті, өйткені тақтатаас мұнайының жаппай өндірілуіне байланысты мұнай бағасының төмендеуінің артықшылығы болды.

МЭЕҰ келесі жылы мұнайға деген әлемдік сұраныс тәулігіне 2,7 миллион баррельге кеңейеді және өсім жеткізілімдердің тәулігіне 1 миллион баррельге артуын күтеді. Осы кең оққылықтың орнын толтыру үшін МЭЕҰ мүшелері өндірісті айтарлықтай ұлғайту керек еді, дегенмен МЭЕҰ өндірушілері инвестицияның жеткіліксіздігі және саяси тұрақсыздық сияқты әртүрлі кедергілерге байланысты қажетті көлемдерден артта қалып отыр. Жеткізу тапшылығының салдарынан жаһандық масштабтағы жанармай қоры тез қысқаруда, ал АҚШ, мысалы, проблеманы жеңілдету үшін өзінің стратегиялық мұнай қорларына жүгінді. Энергетикалық ақпарат басқармасының мәліметтері бойынша, жаһандық мұнай сұранысының өсуі 2022 жылы тәулігіне 1,7 миллион баррельге дейін азайып, тәулігіне 99,2 миллион баррельге жетті. 2023 жылы ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдердегі күшті өсу траекториясының арқасында тәулігіне 2,1 миллион баррель тағы да өседі деп күтілуде.

Қазан айындағы отырыстың басында МЭЕҰ+ мүшелері 2022 жылдың қарашасынан бастап жалпы болжамды өндіру деңгейін тәулігіне 2 миллион баррельге қысқарту туралы шешім қабылдады — және бұл топ 2020 Covid-19 індетінің бұрқ ете түсуінің басында квоталарды тәулігіне 9,7 миллион баррельге қысқартқаннан бергі ең үлкен қысқарту болып табылады. Бұл мақсатты көрсеткіштерді қысқарту 2023 жылдың соңына дейін бекітілді. МЭЕҰ+ мәліметінше, мұнай өндіруді қысқарту туралы шешім әлемдік экономика мен мұнай нарығының болашағына байланысты белгісіздік тұрғысынан, сондай-ақ мұнай нарығына қатысты ұзақ мерзімді болжамды жақсарту қажеттілігіне байланысты қабылданған болатын.

Бір жағынан, бірнеше мұнай тұтынушы ел Ресей-Украина әскери қақтығысы басталғаннан кейін энергия тасымалдаушыларының бағасының көтерілуінен туындаған өсіп бара жатқан инфляцияның жағдайында ықтимал рецессияға тап болды. Екінші жағынан, жеткізілім шектеулері елеулі болып келеді, және МЭЕҰ+ және басқа елдерде резервтік мұнай өндіру қуаттары шектелген, бұл ЕО-ның ресейлік теңіз арқылы импортқа алдағы эмбаргосы салдарының белгісіздігімен және ресейлік мұнайға баға шектеулерімен күшейеді.

МЭЕҰ жариялаған Дүниежүзілік мұнай болжамы⁴ бойынша 2020 және 2045 жылдар аралығында энергияға бірінші реттік сұраныс 28%-ға өседі деп күтілуде. Бұл болжам жаһандық экономиканың эволюциясына, мұнайға деген сұранысқа, ұсыныс күштеріне, мұнай саудасына, сондай-ақ саясат, технологиялық өзгерістер және тұрақты даму мақсаттары сияқты басқа қозғаушы күштерге негізделген.

Жаһандық экономика қазіргі уақыттан 2045 жылға дейін екі есе ұлғаяды деп болжануда, ал әлем халқы шамамен 1,7 миллиард адамға артады. Көмірден басқа барлық энергетикалық өнімдердің өсуі жалғасады. Газ және жаңартылатын көздер ең үлкен өсімге ие, бірақ мұнай әлі де энергетикалық қоспада өзінің жоғарғы орнын сақтайды деп күтілуде.

Бұл сұранысты қамтамасыз ету үшін үлкен инвестиция қажет. Инвестициялардың жеткіліксіздігі әлі де мұнай секторы алдында тұрған ең үлкен проблемалардың бірі болып табылады және COVID-19 індеті бұл жағдайды нашарлатты. Инвестициялар көлемі 2020 жылы

⁴ МЭЕҰ жариялаған Дүниежүзілік мұнай болжамы, 2021 жылдың қыркүйек айы.

30 пайызға дерлік қысқарды. Қажетті инвестицияларсыз қосымша тұрақсыздық пен болашақта энергия тапшылығы болуы өндірушілердің де, тұтынушылардың да мүдделеріне сәйкес келмейді.

Шикі мұнайға деген сұраныс одан әрі өседі деп болжануда, бұл жаһандық ЖІӨ өсуі негізгі қозғаушы күші ретінде қызмет етеді. 2011-2021 жылдар аралығында нақты жаһандық ЖІӨ жылына орта есеппен 3,2 пайызға өсті. 2020-2045 жылдар аралығындағы жаһандық ЖІӨ өсімінің орташа жылдық қарқыны 3,1 пайызды құрайды деп болжануда. ЭБДҰ-ға кірмейтін елдер 2045 жылға дейін жаһандық өсудің негізгі қозғаушы күші болады. Ұзақ мерзімді перспективада ЖІӨ өсімі ақырында баяулай бастаса да, бұл елдерде өнімділіктің артуы және еңбекке қабілетті халықтың өсуі сияқты факторлардың әсерінен жылына орта есеппен 3,9 пайыздық экономикалық өсім болады деп күтілуде.

Шектеулі сұраныс пен пандемия салдарын өтеу үшін жаппай фискалдық ынталандыру орта мерзімді кезеңнің басында ЭБДҰ экономикаларының өсуін тудырады деп күтілуде. Дамушы елдердегі орта мерзімді өсу болжамы айтарлықтай әртүрлі болады деп күтілуде, Үндістан мен Қытай ең жылдам өсу қарқынын көруі мүмкін. 2045 жылы әлемдік экономиканың көлемі 2020 жылмен салыстырғанда екі еседен асады. 2045 жылы Қытай мен Үндістан бірге әлемдік ЖІӨ-нің 37 пайызын құрайды деп күтілуде. ЭБДҰ елдері 34 пайыздан сәл азырақ үлесті құрайды.

2045 жылға қарай әлем халқының саны 9,5 миллиард адамға жетеді деп күтілуде. Болашақ демографиялық үрдістерге халықтың қартаюуы, еңбекке қабілетті жастағы адамдар санының артуы, сондай-ақ урбанизация мен көші-қон қарқынының артуы жатады. Болжамдық кезеңде дүние жүзінде еңбекке қабілетті халықтың (15-64 жас тобы) 900 миллионға жуық артуы, негізінен ЭБДҰ-ға кірмейтін елдермен болжануда.

ЭБДҰ-ға кірмейтін, Азия-Тынық мұхиты және басқа да дамушы елдердің мұнай сұранысының өсуі баламалы энергия көздерінің қолжетімділігінің артуы, энергия тиімділігін арттыру және энергетикаға жаңа инновацияларды енгізу нәтижесінде электр көліктері сияқты тұтынушылық нарықтарда ЭБДҰ елдерінің шикі мұнайға сұранысының кез келген төмендеуін ішінара өтейді деп күтілуде.

Ұзақ мерзімді болжамдар мұнайға деген алғашқы сұраныс 2020 жылы тәулігіне 82,5 миллион баррель мұнай эквивалентінен 2045 жылы тәулігіне 99 миллион баррель мұнай эквивалентіне дейін өсетінін көрсетеді. Болжамдық кезеңнің екінші бөлігінде мұнайға деген сұраныстың өсуінің баяулауына және басқа жаңартылатын қуат көздері, газ және ядролық энергия сияқты басқа энергия көздерінің айтарлықтай өсуіне қарамастан, мұнай бүкіл уақыт аралығында әлемдік энергетикалық қоспадағы ең жоғары үлесті сақтайды деп күтілуде. 2020 жылы мұнай энергияға деген сұраныстың жаһандық құрылымының 30 пайызын құрады. Мұнай үлесі 2025 жылға қарай тұрақты түрде 31 пайыздан астам деңгейге дейін өседі деп болжануда, ол төмендей бастағанға дейін және 2045 жылға қарай 28 пайызға жетеді, сонымен қатар пандемиядан кейінгі мұнай сұранысы қалпына келеді.

тұрған еншілес компаниялар мен кен орындарымен бірлескен кәсіпорындар. Барлау жобалары - бұл қазіргі уақытта Энергетика министрлігімен өндіруші кен орындары ретінде мақұлданбаған және барлау сатысында тұрған еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар. Әдетте, бастапқы барлау бағдарламасы аяқталғаннан кейін және Энергетика министрлігі жобаны мақұлдаған жағдайда, жоба игеру сатысына өтіп, өндіру және игеру бойынша активтер санатына қосылады. Осы Проспектіні шығару күніндегі жағдай бойынша Компания барлау мақсатымен 9 негізгі жобаға қатысады.

Өндіру және игеру активтері

Келесі кестеде Компанияның шоғырландырылған еншілес компаниялары мен шоғырландырылмаған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан осы кезеңдердегі үлесіне тиесілі өндіру көлемдері көрсетілген:

Компания және кен орны	% Меншік үлесі ⁽¹⁾	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін											
		2021				2020				2019			
		Мұнай және газ конденсаты		Ілеспе газ		Мұнай және газ конденсаты		Ілеспе газ		Мұнай және газ конденсаты		Ілеспе газ	
		(мың тонна)	(миллион баррель)	(миллион текие метр)	(миллион текие фут)	(мың тонна)	(миллион баррель)	(миллион текие метр)	(миллион текие фут)	(мың тонна)	(миллион баррель)	(миллион текие метр)	(миллион текие фут)
ТШО.....	20,00	5 311	42	2 953	104	5 292	42	2 950	104	5 958	48	3 258	115
NCOC.....	16,88 ⁽³⁾	1 344	11	818	29	1 253	10	758	27	1 169	9	700	25
ҚПО ⁽²⁾	10,00	1 034	8	1 898	67	1 094	9	2 021	71	1 015	8	1 861	66
ММГ.....	50,00	2 944	21	376	13	2 977	22	334	12	3 204	23	394	14
ЕМГ.....	100,00	2 522	18	202	7	2 601	19	217	8	2 900	21	260	9
ӨМГ.....	100,00	5 332	39	665	23	5 347	39	726	26	5 586	40	709	25
Қазгермұнай....	50,00	727	5	185	7	778	6	188	7	1 114	8	224	8
ҚБМ.....	50,00	1 048	7	31	1	1 001	7	27	1	1 082	7	27	1
РКІ.....	33,00	600	5	125	4	661	5	142	5	844	7	181	6
Қазақойл-Ақтөбе.....	50,00	298	2	412	15	295	2	361	13	320	2	348	12
Басқалары.....	100,00	492	4	415	15	454	3	468	17	426	3	493	17
Жиыны.....	—	21 651	162	8 081	285	21 752	163	8 191	289	23 618	177	8 455	299

Ескертпелер:

- (1) 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.
- (2) ҚПО-ның бірлескен қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін консорциум екенін мойындай отырып, Компания пропорционалды шоғырландыру әдісі бойынша ҚПО-дағы өз үлестерін де ескереді.
- (3) Сатып алғанға дейінгі Компанияға тиесілі басқа 8,44 пайызға қосымша, акциялардың 8,44 пайызын Компания 2022 жылдың қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» қорынан сатып алған болатын.

Келесі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның және оның еншілес компанияларының, бірлескен кәсіпорындар мен олардың тиісті маңызды кен орындарында өндіру және игеру жөніндегі қауымдастырылған компаниялардың қызметіне қатысты белгілі ақпарат берілген:

Компания және кен орны	% Меншік үлесі	Меншік нысаны	Жұмыс басталған жыл	Келісімнің әрекет ету мерзімінің өтуі	Өндіруші ұңғымала р	Айдау ұңғымалары
ТШО:.....	20,00	БК	—	—	—	—
Теңіз және Королев кен орындары.....	—	—	1993	2033	201	8
NCOC:.....	16,88 ⁽²⁾	БК	—	—	—	—
Қашаған кен орны.....	—	—	2001	2041	33	6
ҚПО: ⁽¹⁾	10,00	БК	—	—	—	—
Қарашығанақ кен орны.....	—	—	—	—	150	17
ММГ кен орындары:.....	50,00	БК	1967-1992 1931-2020	2028 2022-2048	3 135	1 086
ЕМГ кен орындары.....	100,00	еншілес ұйым	аралығында	аралығында	2 045	351
Өзен кен орны.....	100,00	еншілес ұйым	1965	2036	3 803	1 086
Қазгермұнай кен орындары:.....	50,00	БК	1994	Энергетика министрлігін қарауына келісімшартты 2034 жылға дейін ұзарту туралы	194	57

Компания және кен орны	% Меншік үлесі	Меншік нысаны	Жұмыс басталған жыл	Келісімнің әрекет ету мерзімінің өтуі	Өндіруші ұңғымалар	Айдау ұңғымалары
				өтінім. 2024 жылға дейін жарамды		
<i>ССЕЛ кен орындары:</i>	50,00	БК	—	—	—	—
Қаражанбас кен орны.....	—	—	1997	2035	2 965	783
		қауымдастырылған ұйым				
<i>РКИ кен орындары:</i>	33,00	—	—	—	—	—
ПҚҚР.....	—	—	1990-2018 жж. аралығында	2024-2043 жж. аралығында	415	219
				Энергетика министрлігінің қарауына келісімшартты 2037 жылға дейін ұзарту туралы өтінім. 2023 жылға дейін жарамды		
<i>Қазақойл-Ақтөбе кен орындары:</i>	50,00	БК	1999	2035-2047 жж. аралығында	101	33
			1994-2008 жж. аралығында	2035-2047 жж. аралығында	36	7
<i>Басқа кен орындары</i>	—	мәлім. жоқ	—	—	12 982	3 622
<i>Жиыны</i>	—	—	—	—	—	—

Ескертпелер:

- (1) ҚПО бірлескен қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін консорциум болғандықтан, Компания пропорционалды шоғырландыру әдісі бойынша ҚПО-дағы өз үлестерін де ескереді.
- (2) Сатып алғанға дейінгі Компанияға тиесілі басқа 8,44 пайызға қосымша, акциялардың 8,44 пайызын Компания 2022 жылдың қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» қорынан сатып алған болатын.

Келесі кестеде көрсетілген күндер мен кезеңдердегі жағдай бойынша Компания мен оның еншілес кәсіпорындары, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар өздерінің тиісті маңызды кен орындарында бұрғылаған жаңа ұңғымалар туралы белгілі ақпарат берілген:

	Жаңа ұңғымаларды бұрғылау							
	Өндіруші ұңғымалар		Басқа ұңғымалар		Өндіруші ұңғымалар		Басқа ұңғымалар	
	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша		2021		2020		2019	
	2022	2022	2021	2021	2020	2020	2019	2019
<i>ТШО</i>	5	3	7	9	15	3	34	5
<i>НСОС</i>	0	0	0	0	0	0	0	0
<i>ҚПО</i>	159 ⁽³⁾	20 ⁽²⁾	158*	20 ⁽²⁾	158 ⁽²⁾	19 ⁽²⁾	156 ⁽³⁾	18 ⁽²⁾
<i>ММГ</i>	78	7	141	29	169	14	66	10
<i>ЕМГ</i>	11	0	21	0	34	0	45	0
<i>ӨМГ</i>	67	18	141	50	125	60	106	46
<i>Қазгермұнай</i>	0	0	6	4	8	15	16	0
<i>ССЕЛ (ҚБМ)</i>	72	9	100	10	76	6	91	17
<i>ПҚҚР кен орындары:</i>	3	0	6	8	20	6	19	0
<i>Қазақойл-Ақтөбе</i>	1	0	2	0	0	0	0	0
<i>Басқа кен орындары</i>	0	1	2	0	0	0	9	5

Жиыны	Жаңа ұңғымаларды бұрғылау							
	Өндіруші ұңғымалар	Басқа ұңғымалар	Өндіруші ұңғымалар	Басқа ұңғымалар	Өндіруші ұңғымалар	Басқа ұңғымалар	Өндіруші ұңғымалар	Басқа ұңғымалар
	2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін					
2022	2022	2021	2021	2020	2020	2019	2019	
	232	35	418	102	434	101	443	112

Ескертпе:

- (1) ҚПО бірлескен қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін консорциум болғандықтан, Компания пропорционалды шоғырландыру әдісі бойынша ҚПО-дағы өз үлестерін де ескереді.
- (2) Айдау ұңғымалары.
- (3) Өндіруші ұңғымалардың жалпы саны (жұмыс істеп тұрғандар мен істемейтіндерді де қоса алғанда).

Мега кен орындары

ТШО

ТШО – 060011, Қазақстан, Атырау қ., Сәтбаев көш., 3 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ТШО мұнай өндіру көлемі бойынша компанияның ең маңызды бірлескен кәсіпорны болып табылатын Қазақстандағы ең ірі кен орнына ие және 2021, 2020 және 2019 жылдары Компанияның жалпы өндіру көлемінің өсуінің негізгі факторы болды. ТШО Батыс Қазақстанда бағаланған қорлар бойынша әлемдегі ең ірі игерілетін кен орындарының қатарына кіретін Теңіз кен орнын пайдаланады. Сонымен қатар ТШО жақын маңдағы Королев кен орнын басқарады. Үкімет ТШО-ға 2033 жылдан кейін ұзартылуы мүмкін типсіз келісімдер (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттан басқа) негізінде Каспий теңізіне іргелес аумақты (Теңіз және Королев кен орындарын қамтитын) игеруге айрықша құқықтар берді.

Теңіз және Королев кен орындары

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Теңіз және Королев кен орындарында мұнай мен конденсаттың таза дәлелденген және ықтимал қорлары 134 655 мың тоннаны, ал тауарлық газдың таза дәлелденген және ықтимал қорлары Компанияның үлесіне тиесілі 52 333 миллион текше метрді құрады, бұл сәйкесінше мұнай мен конденсаттың және тауарлық газдың таза қорларының 26,1 пайызын және 35,9 пайызын құрайды.

Атырау облысында Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағындағы ауданы 500 000 шаршы шақырым Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағында орналасқан Теңіз кен орны 1979 жылы ашылып, 1991 жылы өндіріле бастады. Теңіз резервуарының ауданы оның жоғарғы бөлігінде 110 шаршы шақырымнан және оның түбінде 400 шаршы шақырымнан асады, ал барынша үлкен қалыңдығы резервуардың жоғарғы бөлігінен төменгі бөлігіне дейін шамамен 1,5 шақырымды құрайды. Резервуардың төбесі теңіз деңгейінен 3850 метр төмен орналасқан. Белгілі ең төменгі мұнай кен орындары теңіз деңгейінен 5429 метр төмен орналасқан. Теңіз резервуары диаметрі 50 шақырым болатын үлкен сақина тәрізді кешеннің бөлігі болып табылады, оған Королев, Қаратон, Тәжіғали және Пустынный карбонатты құрылымдар кіреді.

Королев кен орны Теңіз кен орнынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан. Іздеу және барлау-бұрғылау жұмыстары 1982 жылы басталды. Осы жыл кен орнының ашылу жылы болып қалды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Теңіз кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 16 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 201 өндіруші және 8 айдау ұңғымасынан тұрған. Теңіз кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 5,3 млн тонна шикі мұнай, 2020 жылы 5,3 млн тонна шикі мұнай және 2019 жылы 5,9 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның шикі мұнай өндіру көлемінің сәйкесінше 24,5 пайызын, 24,3 пайызын және 25,2 пайызын құрайды. 2021 жылы Теңіз кен орнындағы өндіруші ұңғымалары Компания үлесіне тиесілі тәулігіне орта есеппен 14,550 тонна шикі мұнай өндірді.

Теңіз кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 2 953 млн. текше метр ілеспе газ, 2020 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 2 950 млн. текше метр ілеспе газ және 2019 жылы 3 258 млн. текше метр ілеспе газ өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның газды өндіру көлемінің сәйкесінше 36,5 пайызын, 36,0 пайызын және 38,5 пайызын құрайды.

Теңіз кен орнындағы мұнайдың құрамында күкірт мөлшері жоғары болғандықтан, Компания күкіртті де сатады. ТШО 2021 жылы 2,6 млн тонна, 2020 жылы 2,5 млн тонна және 2019 жылы 2,5 млн тонна күкірт сатты.

Операциялық келісімдер

ТШО Компанияның (20 пайыз), «Chevron Overseas Company» (50 пайыз), «ExxonMobil Kazakhstan Ventures Inc.» (25 пайыз) және «Lukoil International GmbH» (5 пайыз) компанияларының бірлескен кәсіпорны болып табылады. ТШО Қазақстан заңнамасына сәйкес 1993 жылдың 6 сәуірінде 40-жылдық мерзімге тіркелген және сол мерзім барлық тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін. ТШО қызметі Компания тарапы болып табылатын құру туралы келісім мен жобалық келісімдерді қоса алғанда, бірқатар келісімдермен реттеледі. ТШО қызметі мен ішкі басқаруға қатысты келісімдерді талқылауларды *«Жалпы ақпарат — Маңызды келісімшарттар — Компания мен ТШО арасындағы қарым-қатынастар»* тарауынан қараңыз.

Кенейту жобалары

ТШО 2008 жылы аяқталған екінші-буын зауытының технологияларын және қышқыл газды айдау жобасын пайдалана отырып, кен орнында өндіруді және ТШО мұнайын өңдеу қуатын одан әрі ұлғайту мақсатында Теңіз кен орнында келешек өсімді кенейту жобасын (немесе ККЖ) іске асыруды жалғастыруда. ККЖ-дан бөлек, ТШО ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (немесе ҰЕКБЖ) жүзеге асыруда. ККЖ және ҰЕКБЖ жобалау және орындау кезінде өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін біріктірілген жоба ретінде орындалады. Екі жоба да коммуналдық қызметтерге, электр энергиясын өндіруге және таратуға, инфрақұрылымға және жинау жүйесіне қатысты жалпы қамту саласына ие.

2013 жылдың қарашасында Үкімет пен ТШО ККЖ және ҰЕКБЖ жобаларын іске асыру арқылы Қазақстанда инвестицияларды, білім беруді, оқытуды және жұмыспен қамтуды ілгерілету мақсатында өзара түсіністік туралы меморандум жасасты. Екі жоба да құрылыс кезеңінде Қазақстанда 48 000-ға жуық жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді, ал жоба пайдалануға берілгеннен кейін 1 000-ға жуық тұрақты жұмыс орнын құру күтілуде.

2020 жылдың қараша айында ТШО, сонымен қатар, ККЖ-ҰЕКБЖ жобаларын мерзімінен бұрын құрылысына қажетті барлық модульдерді тасымалдауды сәтті аяқтағанын мәлімдеді. ККЖ-ҰЕКБЖ жобалар көлеміне мұнай өңдеу зауыты, газ айдау қондырғылары, қысымды арттыру қондырғылары, сондай-ақ аяқталып қойған ұңғымаларды бұрғылау бағдарламасын жүзеге асыру кіреді. 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ККЖ және ҰЕКБЖ құрылыс жұмыстарын жүргізу барысының деңгейі 92 пайызды құрады. ККЖ шикі мұнай өндірісін жылына шамамен 12 миллион тоннадан 39-40 миллион тоннаға дейін арттыратын болады. 2022 жылы ТШО ҰЕКБЖ жобасының іске қосылуы 2023 жылдың соңында, ал ККЖ жобасының пайдалануға берілуі 2024 жылдың ортасында күтілетінін хабарлады. ҰЕКБЖ ККЖ-ның ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол қысымды арттыру қондырғысын орнату және жинау жүйесінің жұмыс уақытын қысқарту арқылы ұңғыманың ернеуіндегі қысымды айтарлықтай төмендетеді деп күтілуде.

Бастапқыда ККЖ және ҰЕКБЖ жобаларының құны 36,8 миллиард АҚШ долларына бағаланғанымен, ТШО артық шығындарға тап болып, 2019 жылы жобаның құны 46,5 миллиард АҚШ долларын (1,3 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі күтпеген шығындар резервін қосқанда) құрайтынын мәлімдеді. ТШО жобаның жалпы құнын өзінің ақша ағындары есебінен және қажет болған жағдайда кері талап ету құқығынсыз сыртқы қаржыландыру есебінен төлейді деп болжайды. 2020 жылдың ақпан айында ТШО бірлескен кәсіпорнының серіктестері (Компанияны қоса алғанда) 45,2 млрд АҚШ доллары сомасына ККЖ мен ҰЕКБЖ-ның қайта қаралған бюджетін бекітті. Бұл қайта қаралған бюджетке 1,3 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі күтпеген шығындар резерві кірмейді.

НСОС

НКОК – 060011, Қазақстан, Атырау қ., Смағұлов көш.,8 заңды мекенжайымен, Қазақстан Республикасында өз филиалы арқылы әрекет ететін Нидерланд заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Компания «ҚМГ Қашаған» арқылы НКОК-тың 16,88%

үлесіне ие. «ҚМГ Қашаған» – 010000, Астана қ., Қонаев көш., 8 тіркелген мекенжайымен, Қазақстан Республикасында өз филиалы арқылы әрекет ететін Нидерланд заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған жауапкершілігі шектеулі жеке компания.

Қашаған кен орны

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қашаған кен орнында 128,325 мың тонна көлеміндегі таза дәлелденген мұнай мен конденсаттың қорлары және Компанияның үлесіне тиесілі 11,121 млн. текше метр көлеміндегі тауарлық газдың таза дәлелденген қорлары бар болған, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының 24,9 пайызын және 7,6 пайызын құрады.

2001 жылы Атыраудан оңтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым жерде, солтүстік Каспийдегі Қашаған кен орнында өнеркәсіптік қорлар ашылды. Қашаған кен орнының ауданы 820 шаршы шақырымды құрайды. Қашаған кен орнында өндірілетін «Орал» маркалы мұнайы әдетте текше метріне ең жоғары тығыздығы 798 кг, күкірт мөлшері 0,68-ден 0,90 пайызға дейін және орташа суланғандығы бір пайыздан аз болады. Қашаған кен орнын игеру техникалық күрделілік пен экологиялық қиыншылықтарды біріктіреді. Қазақстанның бұл бөлігіндегі климат өте экстремалды, қысы суық, жазы ыстық және температураның күрт ауытқулары орын алады. Қысы қатал, температура -40°C -қа дейін төмендеуі мүмкін, ал жазда температура $+40^{\circ}\text{C}$ -қа жетуі мүмкін, «Тәуекел факторлары — Компаниямен байланысты тәуекелдер — *Қолайсыз ауа-райының салдарынан Компанияның өндірістік және басқа да қызметі көлемінің төмендеуіне әкеліп соқтыратын тәуекелдер*» тарауын қараңыз. Қашаған кен орнындағы теңіз суы небәрі 3-4 метр тереңдікте орналасқан және қарашадан наурызға дейін 4-5 ай қатып тұрады, мұздың орташа қалыңдығы 0,6-0,7 метр. Мұздың, таяз судың және теңіз деңгейінің шайқалуының үйлесімі үлкен логистикалық қиыншылық тудырады. Қашаған кен орнындағы күрделі табиғи-геологиялық жағдайлар, сондай-ақ жобаның теңіз бөлігіндегі қосымша жобалық жетілдірулер де жобаның күрделілігін арттырды.

Қашаған кен орнында 2020 және 2019 жылдары сәйкесінше 1 253 және 1 169 мың тонна өндірген мұнай конденсатымен салыстырғанда, 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 1 344 мың тонна мұнай конденсаты өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы шикі мұнай өндірісінің сәйкесінше 6,2 пайызын, 5,8 пайызын және 5,0 пайызын құрайды. Қашаған кен орнында 2020 және 2019 жылдары Компанияға тиесілі 758 және 700 миллион текше метр газ, 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 818 миллион текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы газ өндірісінің сәйкесінше 10,1 пайызын, 9,2 пайызын және 8,3 пайызын құрайды.

Операциялық келісімдер

1997 жылғы 18 қарашада Каспий теңізінің Қазақстандық бөлігінде көмірсутектер мен ілеспе көмірсутек өнімдерін барлау және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығы туралы № 1016 (мұнай) лицензия (өзгерістермен және толықтырулармен) «Agip Caspian Sea B.V.», «BG Exploration and Production Limited», «BP Kazakhstan Limited», «Den Norske Stats Oljeselskap AS», «Mobile Oil Kazakhstan Inc», «Shell Kazakhstan Development B.V.», «Total Exploration Production Kazakhstan», «INPEX North Caspian Sea Ltd» және «Phillips Petroleum Kazakhstan Ltd» компанияларына берілді. Геологиялық бөлу аумағының жалпы ауданы 5 642 шаршы км құрайды. Жер қойнауын өндіруге арналған лицензияның қолданылу мерзімі 10 (он) жылға екі есе ұзарту құқығымен тиісті өнеркәсіптік ашылу сәтінен бастап 20 (жиырма) жылды құрайды.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ Қашаған (акциялардың 16,88 пайызы «Coöperatieve KazMunaiGas U. A.», еншілес компаниясы арқылы Компанияға тиесілі.), «ENI S.p.A.» («Agip Caspian Sea B.V.») (16.81 пайыз), «Exxon Mobil Kazakhstan Inc.» (16.81 пайыз) және «Shell Kazakhstan Development B.V.» (16.81 пайыз), «Total Energies E&P Kazakhstan» (16.81 пайыз), «CNPC Kazakhstan B.V.» (8.33 пайыз) және «Inpex North Caspian Sea, Ltd» (7.56 пайыз) NCOC-тың қатысушылары болып табылады. NCOC Қашаған кен орнын ӨБК негізінде түзетулермен, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы өзгертілген және толықтырылған келісім мен акционерлердің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы келісімі негізінде пайдалануды жүзеге асырады. 1993 жылдың желтоқсанында Каспий теңізінің Қазақстандық бөлігі халықаралық мұнай барлау үшін ашылды. NCOC-ты құру үшін Үкімет жеті халықаралық мұнай компаниясы мен «KazakhstanCaspisShelf» мемлекеттік компаниясын

Каспий теңізінің Қазақстандық бөлігінің солтүстік бөлігіндегі Қашаған кен орнын қоса алғанда, мұнай мен газдың ірі теңіз кен орындарын игеру мақсатында таңдаған болатын. 1997 жылғы 18 қарашада сол кездегі NCOC қатысушылары («Agip Caspian Sea B. V.», «BG Exploration and Production Limited», «BP Kazakhstan Limited», «Den Norske Stats Oljeselskap A. S.», «Mobil Oil Kazakhstan Inc», «Shell Kazakhstan Development B. V.» және «Total Exploration Production Kazakhstan» және «ҚазақстанКаспийшельф» АҚ құрамындағы мердігер компаниялар консорциумы) 1997 жылғы 18 қарашадағы Өнімді бөлу туралы Солтүстік Каспий келісіміне («СК ӨБК») қол қойды. Әрбір өнеркәсіптік кен орнын ашуға қатысты игеру және өндіру кезеңі өнеркәсіптік кен орнын ашу күнінен басталады. NCOC-қа қатысушылар 1998 жылы 6 шілдеде бірлескен қызмет келісіміне қол қойды. Содан бері NCOC-қа қатысушылардың үлестік меншігіндегі өзгерістерді қоса алғанда, СК ӨБК-ге бірнеше рет өзгерістер енгізілді. Компания 2005 жылдың мамырында NCOC-қа қатысушы болып, қолданыстағы қатысушылардан 8,33% үлесті сатып алды, кейіннен оны өзінің толық еншілес кәсіпорны «ҚМГ Қашаған Б.В.»-ға табыстады.

Жобаның эксперименттік кезеңі Каспий теңізінде 33 өндіруші ұңғымалары, 1 бақылау және 6 айдау ұңғымаларын қоса алғанда, 40 ұңғыма мен бес жасанды аралды салуды қамтыды. СК ӨБК тараптарының бағалары бойынша Қашаған кен орнынан алынатын мұнай қоры шамамен 9-13 миллиард баррельді құрайды. Ұңғымаларды сынау нәтижелері мен жер қойнауын зерттеу нәтижелері кен орнында өндірудің толық көлемін күніне 1,1 миллион баррельге дейін бағалауды растайды. Қазіргі уақытта екінші кезеңді СК ӨБК тараптары 2А, 2В, 2С кезеңдері жекелеген жобалары ретінде қарастыруда. Жобалар 2026-2036 жылдар аралығында іске қосылады деп күтілуде.

Үлесті Самұрық-Қазынаға табыстау және Қашағанды сатып алуға арналған опцион

2015 жылдың 16 қазанында ҚМГ Қашаған Б.В. жалғыз акционері болған Coöperatieve KazMunaiGaz U.A. компаниясы 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін кез келген уақытта акциялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алу опционымен «Самұрық-Қазына» компаниясына өз акцияларының 50 пайызын 4,7 миллиард АҚШ долларына сатты. 2018 жылдың қаңтарында опционның орындалу мерзімі 2020 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ұзартылды. 2015 жылғы 16 қазанда «Самұрық-Қазына» сатып алынған акцияларды Компанияның еншілес компаниясы «Coöperatieve KazMunaiGaz U.A.»-ға сенімгерлікпен басқаруға берген болатын, енді Топ «ҚМГ Қашаған Б.В.» қызметін бақылауды жалғастыруда. Сату нәтижесінде Компания солтүстік Каспий жобасына қатысты берешекті шоғарландырылған қаржылық есептіліктен шамамен 2,2 миллиард АҚШ долларына шығарып тастады, бұл өз кезегінде Топтың жалпы қаржылық профилін жақсартып, Топтың ағымдағы берешегіне қызмет көрсетуді азайтты және осылайша оның өтімділіктің жалпы позициясын да жақсартты, сондай-ақ Топқа ағымдағы күрделі шығындар бағдарламасын қаржыландыруды жалғастыруға мүмкіндік берді. 2022 жылғы 14 қыркүйекте Қашағанды сатып алуға арналған опцион орындау туралы хабарлама келісімі негізінде өзгертіліп, соған сәйкес «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» Қашағанды сатып алуға арналған опционды орындады. 2022 жылғы 15 қыркүйекте Компания 2015 жылы жасалған акцияларға арналған опцион шарты аясындағы құқықты пайдаланып, «ҚМГ Қашаған Б. В.»-дегі акциялардың 50 пайызын 3,8 миллиард АҚШ долларына сатып алды да, осылайша ҚМГ Қашағанның жалғыз акционер бола қалды.

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам аудандық соты «Самұрық-Қазына» компаниясына тиесілі ҚМГ Қашаған Б.В.-ның 50 пайыздық акциялар үлесіне тыйым салу арқылы Стати тараптарына Қазақстан Республикасына қарсы Стокгольм сауда палатасы шығарған төрелік шешімнің орындалуын қамтамасыз ету туралы шешім шығарды. Осы Проспектіні шығару күніндегі жағдай бойынша Гаага сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешімі негізінде тыйым салу алынып тасталды. «Тәуекел факторлары — Компаниямен байланысты тәуекелдер — Компания кейде сот талқылауларына ұшырайды» тарауын қараңыз.

Кен орындарын игеру жобалары

Қашаған кен орнын игерудің кезеңдік жоспары жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, Каспий теңізінде жасанды аралдар мен өндіруші зауыттар салуды ескереді. 2008-2013 жылдар аралығында өнеркәсіптік өндірістің басталуының бірқатар кідірістерінің әсері күрделі

шығындардың айтарлықтай өсуіне әкеліп соқтырды. Сонымен қатар, 2013 жылдың қыркүйегінде құбыр учаскелерінің бірінде шикі газдың кетіп жатқаны анықталып, газ және мұнай құбырларында диагностикалық бағдарламаларды жүргізу кезінде өндіріс тоқтап қалды, сондай-ақ одан әрі диагностикалық бағалау мен сынақтар жүргізілді. «Тәуекел факторлары — Компанияның саласына байланысты тәуекелдер — Компания кен орындарын игеру жобалары мен операцияларында кідірістерге және артық шығындарға ұшырауы мүмкін» тарауын қараңыз. 2015 жылы мұнай-газ құбырында ауыстыру жұмыстары, ал өндірістік нысандарда техникалық қызмет көрсету, сақтау және жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қашаған кен орнында өнеркәсіптік өндіру 2016 жылдың қараша айында қайта жанданды.

Өндірістің тұрақты деңгейіне қол жеткізгеннен кейін орта мерзімді келешекте шикі мұнай мен конденсат өндірісінің тәулігіне ~450 мың баррельге (тәулігіне 57 мың тонна) дейін өсу әлеуеті бар өндірісті шекті деңгейге дейін ұлғайту үшін екі жоба (қолданыстағы айдау компрессорларын жаңарту және олардың қуатын арттыру бойынша Bundle 1 жобасы, шикі газды үшінші тарапқа жеткізу бойынша 1BCMA жобасы) іске асыруға бекітілді. «Bundle 1» жобасы шикі мұнай өндіруді күніне 15-20 мың баррельге (күніне 1,9-2,5 мың тонна) ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жобаның құны шамамен 207 миллион АҚШ долларын құрайды. «Bundle 1» жобасы 2022 жылдың 3 тоқсанында сәтті аяқталды.

2020 жылдың желтоқсанында NCOC және «Қазақгаз» жылына 1 млрд текше метр (BCMA) көлемінде шикі газды «Қазақгаз» газ зауытына жеткізуді және мұнай өндіруді 2024 жылы тәулігіне қосымша 20 мың баррельге арттыруды ескеретін Эвакуациялау қызметтерін ұсыну туралы келісімге қол қойды. Қазіргі уақытта 1BCMA жобасы іске асырылуда.

2-кезең шеңберінде келесі 10 жыл ішінде шикі мұнай мен конденсат өндіруді күніне 710 мың баррельге (күніне 89 мың тонна) дейін арттыруға бағытталған екі бөлек жоба, 2А-кезеңі және 2В-кезеңі қарастырылуда.

2021 жылдың желтоқсанында NCOC және «Қазақгаз» Қашаған кен орнының 2А кезеңі жобасы бойынша жобалық құжаттаманың құрылымдық көлемін дайындау сатысында «Қазақгаз» зауытына жылына 2 миллиард текше метрге шикі газды жеткізуді ұлғайтуды және 2026-2027 жылдары Қашаған кен орнында тәулігіне 500 мың баррель мұнай өндіру деңгейіне жетуді ескеретін ынтымақтастық туралы келісімге 2022-2023 жылдар аралығында қол қойылатынын жариялады. Қазіргі уақытта жоба жобаға дейінгі іздестіру жұмыстары (FEED) сатысында. Инвестиция салу туралы түпкілікті шешім 2023 жылдың соңында қабылданады деп күтілуде.

2А кезең жобасымен қатар, NCOC Қашаған кен орнын кеңейтудің келесі жобасын - қазіргі уақытта жоба ерте эскиздік жобалау сатысында тұрған 2В кезеңін бір уақытта қарастыруда. 2В кезең жобасын іске асыру (2031 жылға ескерілген) 3-ші тарапқа жылына шамамен 6 миллиард текше метр көлемінде шикі газ жеткізетін көп фазалы құбыр мен жаңа жағалаудағы өңдеу зауытын салу нәтижесінде мұнай өндіруді тәулігіне шамамен 26,5 мың тоннаға (тәулігіне 210 мың баррель) ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Инвестиция салу туралы түпкілікті шешім 2024 жылдың соңында қабылданады деп күтілуде.

ҚПО

ҚПО – 090300, Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай к., Өнеркәсіптік аймақ, 81Н заңды мекенжайымен, Қазақстан Республикасында өз филиалы арқылы әрекет ететін Нидерланд заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ҚПО - «Royal Dutch Shell» (2016 жылдың ақпанында «BG Group» сатып алғаннан кейін) (29,25%), «Agip» (29,25%), «Chevron» (18,0%), «Лукойл» (13,5%) және Компания (10,0%) қол қойған бірлесіп игеру туралы келісім бойынша қызметті жүзеге асыратын консорциум. Компания өзінің 100-пайыздық «ҚМГ Қарашығанақ» еншілес кәсіпорны арқылы ҚПО-дағы үлеске ие. «ҚМГ Қарашығанақ» – 01000, Қазақстан, Астана қ., Қонаев көш., 8 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ҚПО әлемдегі ең ірі газ кен орны болып табылатын және Қазақстандағы газдың көп бөлігі өндірілетін Қарашығанақ кен орнын пайдалануды іске асырады.

Қарашығанақ кен орны

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнында 22 749 мың тонна

көлеміндегі таза дәлелденген мұнай мен конденсаттың қорлары және Компанияның үлесіне тиесілі 32 022 млн. текше метр көлеміндегі тауарлық газдың таза дәлелденген қорлары бар болған, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының 4,4 пайызын және 22,0 пайызын құрады.

Қарашығанақ кен орны - Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан, ауданы шамамен 280 шаршы км құрайтын ірі газ-мұнай-конденсатты кен орны. Кен орны 1979 жылы ашылды. Қарашығанақ кен орнында өндірілетін «Орал» маркалы мұнайы әдетте текше метріне ең жоғары тығыздығы 888 кг, күкірт мөлшері 0-ден 2,0 пайызға дейін және орташа суланғандығы 1 пайызға дейін болады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 1 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 118 өндіруші және 20 айдау ұңғымасынан тұрған. Қарашығанақ кен орнында өндірудегі Компанияның үлесі 2021 жылы 1,0 млн тонна шикі мұнай, 2020 жылы 1,1 млн тонна шикі мұнай және 2019 жылы 1,0 млн тонна шикі мұнайды құрады, бұл осы жылдар ішінде Компанияның шикі мұнай өндірудің 4,8 пайызын, 5,0 пайызын және 4,3 пайызын құрайды.

2021 жылы Қарашығанақ кен орнындағы өндіруші ұңғымалары Компания үлесіне тиесілі тәулігіне орта есеппен 2 832 тонна шикі мұнай өндірді. Қарашығанақ кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 1 898 млн. текше метр газ, 2020 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 2 021 млн. текше метр газ және 2019 жылы 1 861 млн. текше метр газ өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның газды өндіру көлемінің сәйкесінше 23,3 пайызын, 24,7 пайызын және 22,0 пайызын құрайды.

Операциялық келісімдер

1997 жылғы 18 қарашада № 98-D (мұнай) лицензиясы (енгізілген өзгерістермен) «Agip Kazakhstan B.V.», «British Gas Exploration» and Production Limited», «Texaco International Petroleum Company» және «Лукойл» компанияларына Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында орналасқан тау-кендік бөлістің лицензиялық блоктары шегінде көмірсутектер мен ілеспе көмірсутек өнімдерін өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығына берілді: XIII-14-D (ішінара), E (ішінара), F (ішінара), XIII-15-D (ішінара), XIV-14-A (ішінара), B (ішінара) және C (ішінара). Тау-кен телімінің жалпы ауданы 32,3 мың га құрайды. Бұл лицензияның қолданылу мерзімі өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді, және келесі азатжолда көрсетілгендей, осындай келісім күшіне енген күннен бастап 40 жылды құрайды.

1997 жылы 18 қарашада Қарашығанақ кен орнын («BG Group», «Agip», «Chevron» және «Лукойл») игеріп жатқан сол кездегі халықаралық консорциум мүшелері Үкіметпен 40 жыл ішінде кен орнын игеру үшін 16 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуды ескеретін Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) жасасты. Үкімет ӨБК қолданылу мерзімі ішінде Қарашығанақ кен орнынан түсетін ортақ табыстың 80 пайызын алатын болады деп болжануда. ӨБК шарттарына сәйкес жобаның операторлары «British Gas» және «Agip» компаниялары болып табылады.

2011 жылы Үкімет пен Халықаралық консорциум жобадағы 10,0 пайыздық үлесті Компанияға табыстауға келісті. Осы Келісімге сәйкес Компания ҚПО акцияларының 5,0 пайызын ақшалай қаражатқа сатып алды, ал қалған 5,0 пайызы Компанияға «Самұрық-Қазына» 2012 жылдың маусымында күшіне енген консорциум қатысушыларына қарсы Үкіметтің төрелік талқылауын реттеу нәтижесінде осы үлесті алғаннан кейін «Самұрық-Қазына» қорымен енгізілді. *«Басшылықтың қызмет нәтижелері мен қаржылық көрсеткіштерін талқылауы және талдауы — қызмет нәтижелеріне және өтімділікке әсер ететін негізгі факторлар — Сатып алулар, тоқтатылған қызмет және бақылауды жсоғалту»* тарауын қараңыз.

Қарашығанақ кен орнында өндірілетін шикі мұнай консорциумға қатысушылар арасында (Компанияны қоса алғанда) бөлінеді және консорциумға қатысушылармен байланысты трейдерлер арқылы өткізіледі.

ҚПО Қарашығанақ кен орнын өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңін іске асыруда. Екінші кезең аясында ҚПО ҚӨК газ өңдеу қуаттарын ұлғайту жобасын, 4ICP жобасын және 6TL жобасын

қоса алғанда, өндіру сәресін кеңейту бойынша бірнеше жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. ҚӨК газ өңдеу қуаттарын ұлғайту жобасы 2021 жылы аяқталып, пайдалануға берілді, бұл қосымша 4 миллиард текше метрге дейін газ айдауға мүмкіндік беріп, ӨБК-нің қалған қолданылу мерзімі ішінде сұйық көмірсутектер өндірісінің 9,1 миллион тоннаға ұлғаюына әкелді. Пайдалануға берілуі 2022 жылдың наурызына жоспарланған 4ICP жобасы газ айдаудың жыл сайынғы көлемін 10 млрд текше метрден 13 млрд текше метрге дейін ұлғайту жолымен сұйық көмірсутектерді өндірудің қаттық қысымы мен шекті деңгейін ұстап тұру үшін айдау компрессорлары мен технологиялық құбырлар желісін орнатуды көздейді, бұл ӨБК-нің қалған қолданылу мерзімі ішінде 6,8 млн тонна сұйық көмірсутектердің қосымша өндірілуіне алып келетін болады. 6TL жобасы сұйық көмірсутектерді өндірудің 2,2 миллион тоннаға өсуін қамтамасыз ететін болады, ал оны пайдалануға беру 2024 жылдың наурызына жоспарланған.

Игерудің екінші кезеңі аяқталғаннан кейін ҚПО-ның мақсаты сұйық көмірсутектерді өндіруге арналған қайраңды сақтау болып табылатын Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасын («ҚКЖ») іске асыруға кірісуді жоспарлап отыр. ҚКЖ 2025-2026 жылдардан бастап бірнеше кезеңде іске асырылады деп күтілуде. ҚКЖ, бұл мұнайды өндіруді жылына 10-11 млн.тонна деңгейінде ұстап тұру үшін газды кері айдаудың 5-ші және 6-шы айдау компрессорларын кезең-кезеңімен пайдалануға беру жолымен газды дайындау және кері айдау жөніндегі қуаттарды одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Жобаның құны 1,8 миллиард АҚШ долларын құрайды. 2020 жылдың желтоқсанында Газды кері айдаудың 5-ші компрессорын салу (5ICP) жобасы бойынша Инвестиция салу туралы түпкілікті шешім қабылданды, ал Газды кері айдаудың 6-шы компрессорын салу (6ICP) жобасы бойынша Инвестиция салу туралы түпкілікті шешім 2022 жылдың үшінші тоқсанында, 2022 жылдың қыркүйек айының соңында қабылданады деп күтілуде. Газды кері айдаудың 5-ші компрессорын салу (5ICP) жобасының іске қосылуы 2025 жылға жоспарланған. Газды кері айдаудың 6-шы компрессорын салу (6ICP) жобасының іске қосылуы шамалап 2027 жылға жоспарланған.

Компания 2021 жылы 19 млрд теңгені құраған және 2022 жылы 35 млрд теңгені, 2023 жылы 33 млрд теңгені және 2024 жылы 28 млрд теңгені құрайтын осы құрылыс құнының 10 пайызын (оның 10 пайыздық қатысу үлесіне сәйкес) төлеуі тиіс. Жалпы алғанда, Компанияның жобаны іске асыруға қосатын үлесі 150,3 млрд.теңгені құрайды деп күтілуде, дегенмен мұндай салымдар компанияның жобалық ішкі ақша ағындары есебінен жабылатын болады. 2021 жылы Компанияда ҚМГ Қарашығанаққа кеткен күрделі қаржы шығындары болған жоқ.

Операциялық активтер

ӨМГ кен орындары

«ӨМГ» – 130200, Қазақстан, Жаңаөзен қ., Сәтбаев көш., 3 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ӨМГ ҚМГ БӨ-нің жүз пайыздық еншілес компаниясы болып табылады. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ-нің таратылуы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. ҚМГ БӨ-ге тиесілі барлық активтер, соның ішінде ҚМГ БӨ-нің ӨМГ-дағы 100 пайыздық үлесі таратылғаннан кейін Компанияға табысталады деп болжануда. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ӨМГ-нің таза дәлелденген және ықтимал мұнай және конденсат қорлары 95 085 мың тоннаға бағаланған болатын, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат қорларының 18,5 пайызын құрайды.

Маңғыстау облысында орналасқан, 1961 жылы ашылған және 1965 жылы өндіріле бастаған Өзен кен орны ӨМГ-нің негізгі кен орны. Өзен кен орнында мұнай өндіру 1800 метрге жетпейтін тереңдікте орналасқан юра тау жыныстарының 13-ші қабатында жүргізіледі. Өзен кен орнында өндірілетін «Орал» және «Брент» маркалы мұнайы текше сантиметрге ең жоғары тығыздығы 0,839 г., күкірт мөлшері 0,16-ден 0,24 пайызға дейін, парафиндердің едәуір мөлшері және орташа суланғандығы 81,5% құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Өзен кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 190 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 3,789 өндіруші және 1,086 айдау ұңғымасынан тұрған. Өзен кен орнында 2021 жылы 5,3 млн тонна шикі мұнай, 2020 жылы 5,3 млн тонна шикі мұнай және 2019 жылы 5,6 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның шикі мұнай өндіру көлемінің сәйкесінше 24,6 пайызын, 24,6 пайызын

және 23,6 пайызын құрайды. 2021 жылы Өзен кен орнындағы өндіруші ұңғымаларында тәулігіне орта есеппен 4 тонна шикі мұнай өндірілген.

2021 жылы Өзен кен орнынан 665 миллион текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның газ өндірісінің 8,1 пайызын құрайды. Өзен кен орнында 2020 жылы 709 миллион текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы газ өндірісінің сәйкесінше 10,1 пайызын, 8,7 пайызын және 8,4 пайызын құрайды.

ЕМГ кен орындары

«ЕМГ» компаниясы – 060002, Қазақстан, Атырау қ., Уәлиханов көш., 1 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ЕМГ ҚМГ БӨ-нің жүз пайыздық еншілес компаниясы болып табылады. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ-нің таратылуы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. ҚМГ БӨ-ге тиесілі барлық активтер, соның ішінде ҚМГ БӨ-нің ЕМГ-дағы 100 пайыздық үлесі таратылғаннан кейін Компанияға табысталады деп болжануда.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕМГ кен орындарындағы таза дәлелденген және ықтимал мұнай мен конденсат қорлары 38 742 мың тоннаны құрады, ал таза дәлелденген және ықтимал тауарлық газ қорлары 1 192 миллион текше метрді құрады, бұл Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының сәйкесінше 7,5 пайызын және 0,8 пайызын құрайды.

ЕМГ кен орындарына барлығы Атырау облысындағы Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауларында орналасқан 39 мұнай кен орны кіреді. ЕМГ өндіруші кен орындарының ішінен келесі сегіз кен орны қорлар бойынша да, өндіру көлемі бойынша да ең ірі болып табылады: (i) Кенбай кен орны (Шығыс Молдабек/Солтүстік Қотырғас); (ii) Нұржанов кен орны; (iii) Қамысты оңтүстік-батыс кен орны; (iv) Ботақан кен орны; (v) Мақат Шығыс кен орны; (vi) Забұрын кен орны; (vii) Жаңаталап кен орны; және (viii) Оңтүстік-Шығыс Қамысты кен орны.

ЕМГ кен орнында өндірілетін «Орал» маркалы мұнайы әдетте текше метріне ең жоғары тығыздығы 895 кг, күкірт мөлшері 0,1-ден 1,5 пайызға дейін және орташа суланғандығы 75 пайызды құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕМГ кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 21 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 2 049 өндіруші және 369 айдау ұңғымасынан тұрған.

ЕМГ кен орындарында 2021, 2020 және 2019 жылдары 2,5 млн тонна, 2,6 млн тонна және 2,9 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы шикі мұнай өндіру көлемінің сәйкесінше 12 пайызын, 12 пайызын және 12 пайызын құрайды. 2021 жылы ЕМГ кен орындарындағы өндіруші ұңғымаларда тәулігіне әр ұңғымадан орта есеппен 3,4 тонна шикі мұнай өндірілген болатын. Сонымен қатар, ЕМГ кен орындарында 2021 жылы 202 миллион текше метр газ, ал 2020 жылы 217 миллион текше метр және 2019 жылы 260 миллион текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы газ өндірісінің сәйкесінше 2,48 пайызын, 2,65 пайызын және 3,08 пайызын құрады.

ҚТМ кен орындары

«ҚТМ» компаниясы – 030000, Қазақстан, Ақтөбе қ., Сәңкібай батыр даңғылы, 173/1 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ҚТМ Компанияның жүз пайыздық еншілес кәсіпорны болып табылады. ҚТМ Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында орналасқан барлығы 6 кен орнын қамтиды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТМ-ның таза дәлелденген және ықтимал мұнай және конденсат қорлары 3,003 мың тоннаны құрады, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат қорларының 0,6 пайызын құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚТМ ұңғымалар қоры 32 өндіруші және 7 айдау ұңғымаларын қамтыған. 2021, 2020 және 2019 жылдары ҚТМ Компанияға тиесілі 0,4 миллион тонна шикі мұнай өндірді, бұл осы жылдардың әрқайсысында Компанияның шикі мұнай өндірісінің 2,0 пайызын құрайды. 2021 жылы ҚТМ кен орындарындағы өндіруші

ұңғымалар тәулігіне орта есеппен 32,7 тонна шикі мұнай өндірген болатын. Сонымен қатар, ҚМТ Компанияға тиесілі 167 миллион текше метр газ, 2020 жылы 140 миллион текше метр газ және 2019 жылы 143 миллион текше метр газ өндірді, бұл Компанияның осы жылдардағы газ өндірісінің сәйкесінше 2,0 пайызын, 1,7 пайызын және 1,7 пайызын құрады.

«Өріктау Оперейтинг» кен орындары

«Өріктау Оперейтинг» ЖШС («ӨО») 2009 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысындағы орталық және Шығыс Өріктау кен орындарында көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүзеге асырады. «УО» компаниясы – 030000, Қазақстан, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан көш., 10 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. «ӨО» Компания мен сол кездегі Қазақстанның энергетика және минералдық ресурстар министрлігі арасындағы 2008 жылғы 5 желтоқсандағы операциялық келісім аясында Өріктау кен орнында геологиялық барлау қызметін жүргізеді. Қазіргі уақытта Компания Өріктау кен орындарын бірлесіп барлау және игеру мүмкіндіктерін бірлескен кәсіпорын бойынша әлеуетті серіктестермен талқылап, келісу үстінде.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Өріктау кен орындарындағы таза дәлелденген және ықтимал мұнай мен конденсат қорлары 3 159 мың тоннаны құрады, ал таза дәлелденген және ықтимал тауарлық газ қорлары 14 928 миллион текше метрді құрады, бұл Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының сәйкесінше 0,6 пайызын және 10,2 пайызын құрайды.

Өріктау кен орнын өнеркәсіптік пайдаланудың басталуы 2023 жылдың ортасына жоспарланған, күтілетін өндіру көлемі - жылына 1,5 миллиард текше метрге дейін газ және 500 мың тоннаға дейін мұнай.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ӨО» ұңғымалар қоры айдау ұңғымаларынсыз, 2 өндіруші ұңғымадан тұрған.

2021 және 2020 жылдардың әрқайсысында «ӨО» 47 мың тонна және 6 мың тонна шикі мұнай өндірді, бұл Компанияның жыл сайынғы шикі мұнай өндірісінің 1,4 пайызын құрайды. 2021 жылы Қаражанбас кен орнындағы өндіруші ұңғымаларында тәулігіне орта есеппен 64 тонна шикі мұнай өндірілді.

ММГ кен орындары

«ММГ» компаниясы – 010000, Қазақстан, Астана қ., Қонаев көш., 8 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ММГ - Компания мен «CNPC Exploration and Development Company Ltd» арасындағы 50/50 бірлескен кәсіпорнының МІВУ-ге тиесілі мұнай-газ компаниясы. Компания өзінің ММГ-дегі жанама үлесін (МІВУ арқылы) 2009 жылғы 25 қарашада сатып алды. ММГ Қазақстандағы ең ірі мұнай өндірушілердің бірі болып табылады және 2027 жылы қолданылу мерзімі аяқталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес Қазақстандағы ең ірі кен орындарының бірі Қаламқас кен орнын, Жетібай кен орнын және басқа да бірнеше шағын кен орындарын басқарады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ММГ-ның кен орындарындағы таза дәлелденген және ықтимал мұнай мен конденсат қорлары 43 186 мың тоннаны құрады, ал таза дәлелденген және ықтимал тауарлық газ қорлары 3 579 миллион текше метрді құрады, бұл Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының сәйкесінше 8,4 пайызын және 2,5 пайызын құрайды.

Қаламқас және Жетібай кен орындарының екеуі де Қазақстанның Маңғыстау облысында орналасқан.

1976 жылы ашылып, өндірісі 1979 жылы басталған Қаламқас кен орны Маңғыстау облысының Түпқараған ауданындағы Бозащы түбегінің солтүстік бөлігінде, Каспий теңізіне іргелес Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаламқас кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 89 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 2 033 өндіруші және 681 айдау ұңғымасынан тұрған.

Қаламқас кен орнында 2020 және 2019 жылдары сәйкесінше 1,8 және 1,9 мың тонна өндірген шикі мұнаймен салыстырғанда, 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 1,8 мың тонна шикі мұнай өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы шикі мұнай өндірісінің сәйкесінше 9 пайызын, 9 пайызын және 9 пайызын құрайды. 2021 жылы Қаламқас кен орнындағы өндіруші ұңғымаларында Компания үлесіне тиесілі тәулігіне орта есеппен 4,8 тонна шикі мұнай өндірілді.

Қаламқас кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 53 млн. текше метр газ, 2020 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 53 млн. текше метр газ және 2019 жылы 60 млн. текше метр газ өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның газды өндіру көлемінің сәйкесінше 0,7 пайызын, 0,7 пайызын және 0,8 пайызын құрайды.

Жетібай кен орны ММГ-ның екінші ең маңызды кен орны болып табылады.

Каспий теңізіне іргелес Маңғыстау облысының Қарақия ауданында орналасқан Жетібай кен орны 1961 жылы ашылып, мұнай өндіруді 1967 жылы бастаған. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жетібай кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 81 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 978 өндіруші және 390 айдау ұңғымасынан тұрған.

Жетібай кен орнында 2021 жылы 1,1 млн тонна шикі мұнай, 2020 жылы 1,1 млн тонна шикі мұнай және 2019 жылы 1,2 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның шикі мұнай өндірудің сәйкесінше 5,6 пайызын, 5,6 пайызын және 5,6 пайызын құрайды. 2021 жылы Жетібай кен орындарындағы өндіруші ұңғымаларда тәулігіне әр ұңғымадан орта есеппен 6,4 тонна шикі мұнай өндірілген болатын. Сонымен қатар, Жетібай кен орнында 2021 жылы 267 миллион текше метр ілеспе газ, ал 2020 жылы 256 миллион текше метр және 2019 жылы 266 миллион текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның осы жылдардағы газ өндірісінің сәйкесінше 1,7 пайызын, 1,6 пайызын және 1,7 пайызын құрады.

Қазгермұнай кен орындары

«Қазгермұнай» компаниясы – 120018, Қазақстан, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Тасбөгет ауылы, Амангелді көш., 100 заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік. ҚазГерМұнай 2021 жылғың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрқайсысы 50 пайыз мөлшерінде үлесі бар Компания мен РКІ-дың бірлескен кәсіпорны болып табылады. 2019 жылы Компания ҚМГ БӨ-ден Қазгермұнайдағы 50 пайыздық қатысу үлесін сатып алды, дегенмен толық төлем 2026 жылға дейін кейінге қалдырылды. ҚМГ БӨ өзінің РКІ-дегі 33 пайыздық үлесі арқылы (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) Қазгермұнайдағы РКІ-дің 50 пайыздық қатысу үлесінен экономикалық пайданы да іске асырып отыр, ол өз кезегінде Компанияға ҚМГ БӨ-дегі үлесі арқылы айтарлықтай дәрежеде табысталады. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ-нің таратылуы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. ҚМГ БӨ-ге тиесілі барлық активтер, соның ішінде ҚМГ БӨ-нің РКІ-дегі 33 пайыздық үлесі таратылғаннан кейін Компанияға табысталады деп болжануда.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазгермұнай кен орнында мұнай мен конденсаттың таза дәлелденген және ықтимал қорлары 7 222 мың тоннаны құрады, ал таза дәлелденген және ықтимал тауарлық газ қорлары 1 386 миллион текше метрді құрады, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат және тауарлық газ қорларының 1,4 пайызын және 1,0 пайызын құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазгермұнай кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 10 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 203 өндіруші және 55 айдау ұңғымасынан тұрған.

Қазгермұнай кен орындарында 2021, 2020 және 2019 жылдардың әрқайсысында 0,7 млн тонна, 0,8 млн тонна және 1,1 млн тонна шикі мұнай өндірілді, әрқайсысында ҚМГ БӨ арқылы Компанияға тиесілі, бұл осы жылдардағы Компанияның шикі мұнай өндіру көлемінің сәйкесінше 3,4 пайызын, 3,6 пайызын және 4,7 пайызын құрайды. 2021 жылы Қазгермұнай кен

орнындағы өндіруші ұңғымаларында ҚМГ БӨ арқылы Компания үлесіне тиесілі тәулігіне орта есеппен 19,6 тонна шикі мұнай өндірілді.

Қазгермұнай кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 185 млн. текше метр газ, 2020 жылы 188 млн. текше метр газ және 2019 жылы 224 млн. текше метр газ өндірілді, бұл осы жылдар ішінде Компанияның газды өндіру көлемінің сәйкесінше 2,3 пайызын, 2,3 пайызын және 2,2 пайызын құрайды.

ҚБМ кен орындары

CCEL 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрқайсысы 50 пайыз мөлшерінде үлесі бар ҚМГ БӨ мен «CITIC Resources Holding Limited»-тың бірлескен кәсіпорны болып табылады. ҚМГ БӨ 2007 жылы 12 желтоқсанда CCEL-де өзінің 50 пайыздық қатысу үлесін сатып алды. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ-нің таратылуы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. ҚМГ БӨ-ге тиесілі барлық активтер, соның ішінде ҚМГ БӨ-нің CCEL-дегі 50 пайыздық үлесі таратылғаннан кейін Компанияға табысталады деп болжануда.

CCEL Батыс Қазақстандағы Қаражанбас кен орнын игеріп жатқан ҚБМ жер қойнауын пайдаланушы компаниясында 100 пайыздық қатысу үлесіне ие. «ҚБМ» компаниясы – 130000, Қазақстан, Ақтау қ., 12 ықшам ауданы, 74/1-үй заңды мекенжайымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚБМ-ның таза дәлелденген және ықтимал мұнай және конденсат қорлары 19 141 мың тоннаны құрады, бұл сәйкесінше Компанияның таза мұнай және конденсат қорларының 3,7 пайызын құрайды.

Маңғыстау облысында орналасқан Қаражанбас кен орны 1974 жылы ашылып, өндірісті 1980 жылы бастаған.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаражанбас кен орнының ұңғымалар қоры 2021 жылы бұрғыланған 85 жаңа ұңғыманы қоса алғанда, 2 965 өндіруші және 783 айдау ұңғымасынан тұрған.

Қаражанбас кен орнында 2021, 2020 және 2019 жылдардың әрқайсысында 1,0 млн тонна, 1,0 млн тонна және 1,1 млн тонна шикі мұнай өндірілді, бұл Компанияның жыл сайынғы шикі мұнай өндірісінің 4,8 пайызын, 4,6 пайызын және 4,6 пайызын құрайды. 2021 жылы Қаражанбас кен орнындағы өндіруші ұңғымаларында тәулігіне орта есеппен 1,9 тонна шикі мұнай өндірілді.

Қаражанбас кен орнында 2021 жылы Компанияның үлесіне тиесілі 31 млн. текше метр ілеспе газ, 2020 жылы 27 млн. текше метр ілеспе газ және 2019 жылы 27 млн. текше метр ілеспе газ өндірілді, бұл осы әр жылдар ішінде Компанияның газды өндіру көлемінің сәйкесінше 0,3 пайызын, 0,3 пайызын және 0,3 пайызын құрайды.

ПҚҚР кен орындары

2006 жылы 5 шілдеде Компания «CNPC Exploration and Development Company Ltd» компаниясынан РКІ-дегі 33 пайыздық қатысу үлесін 169,4 млрд. теңгеге сатып алды. 2009 жылдың желтоқсанында Компания РКІ-дегі өзінің қатысу үлесін ҚМГ БӨ-ге сатып жіберді (үлесі онда әлі сақталуда). Сәйкесінше, РКІ ҚМГ БӨ-нің қауымдастырылған компаниясы болып табылады және осылайша Компания РКІ қорларында немесе өндірісінде тікелей қатысу үлесі жоқ. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ-нің таратылуы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. ҚМГ БӨ-ге тиесілі барлық активтер, соның ішінде ҚМГ БӨ-нің РКІ-дегі 33 пайыздық үлесі таратылғаннан кейін Компанияға табысталады деп болжануда.

«ПҚИ» компаниясы – Suite 1460-140 4 Ave SW Calgary, AB T2P 3N3 Канада заңды мекенжайымен Канада заңнамасына сәйкес құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Кен орындарын барлау және игеру жөніндегі РКІ қызметін «Қазгермұнай» компаниясы (РКІ 50 пайыздық қатысу үлесіне ие) және толық меншіктегі РКІ еншілес компаниясы ПҚҚР жүзеге асырады. Қазгермұнайдың қызметі туралы толығырақ ақпаратты «—Қазгермұнай» тарауынан қараңыз.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ПҚҚР кен орындарында Компанияға РКІ арқылы келетін таза дәлелденген және ықтимал мұнай және конденсат қорлары 424 мың тоннаны құрады, бұл Компанияның таза мұнай және конденсат қорларының 0,08 пайызын құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ПҚҚР кен орнының ұңғымалар қоры (үлестес компаниялардың ұңғымаларын қоса алғанда) 415 өндіруші және 219 айдау ұңғымасынан, соның ішінде 2021 жылы бұрғыланған 24 жаңа ұңғымадан тұрған.

ПҚҚР кен орындарында 2021 жылы 307,93 мың тонна шикі мұнай, 2020 жылы 345,67 мың тонна және 2019 жылы 408,76 мың тонна шикі мұнай өндірілді, бұл Компанияға РКІ және ҚМГ БӨ арқылы келетін өндірісті қоса алғанда, осы жылдар ішінде Компанияның шикі мұнай өндіру көлемінің тиісінше 2,8 пайызын, 3,0 пайызын және 3,0 пайызын құрайды. 2021 жылы ПҚҚР кен орнындағы өндіруші ұңғымаларында РКІ және ҚМГ БӨ арқылы Компанияның үлесіне келетін тәулігіне орта есеппен 844 тонна шикі мұнай өндірілді.

ПҚҚР кен орындарында 2021 жылы РКІ және ҚМГ БӨ арқылы Компанияның үлесіне тиесілі 2020 жылы 125 млн. текше метр газ, 2020 жылы 142 млн. текше метр газ және 2019 жылы 181 млн. текше метр газ өндірілді, бұл Компанияның газ өндіру көлемінің жылдар ішінде сәйкесінше 1,6 пайызын, 1,7 пайызын және 2,1 пайызын құрайды.

Қазақойл-Ақтөбе кен орындары

Басқа да ұзақ мерзімді қаржылы	11 633		13 248	11 651	2 488

	30 маусымдағы жағдай		31 желтоқсандағы жағдай бойынша	
	бойынша		бойынша	
	2022	2021	2020	2019
	(аудиттелмеген)	(аудиттелген)		
		(миллион теңгемен)		
активтер.....				
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер.....	4 762	4 784	3 542	17 162
	11 704 904	10 545 725	12 176 864	11 442 004
Ағымдағы активтер				
Тауарлы-материалдық қорлар	348 317	259 497	228 065	281 215
Өтелуге жататын ҚҚС.....	21 413	24 845	106 695	74 049
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем .	18 731	24 900	70 301	54 517
Сауда дебиторлық берешек	833 841	418 255	422 821	397 757
Қысқа мерзімді банктік депозиттер	609 447	510 513	282 472	359 504
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек.....	449 353	485 765	27 795	138 719
Басқа да ағымдағы қаржылық активтер.....	159 391	329 503	57 071	63 555
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер	91 347	76 614	88 821	198 539
Ақша қаражаты мен оның баламалары.....	973 258	975 849	1 145 864	1 064 452
	3 505 098	3 105 741	2 429 905	2 632 307
Сатуға арналған деп жіктелген активтер...	386	795	46 518	7 604
	3 505 484	3 106 536	2 476 423	2 639 911
Активтердің жиыны	15 210 388	13 652 261	14 653 287	14 081 915
Капитал және міндеттемелер				
Капитал				
Акционерлік капитал	916 541	916 541	916 541	916 541
Қосымша төленген капитал.....	1 142	1 142	8 981	40 794
Басқа да капитал резервтері	(27,007)	10 113	58	83
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	2 690 703	2 260 533	2 146 035	1 731 747
Бөлінбеген пайда.....	5 414 887	5 059 634	5 636 705	5 469 236
Бас компанияның акционерлеріне жататын	8 996 266	8 247 963	8 708 320	8 158 401
Бақыланбайтын қатысу үлесі	(70 007)	(89 282)	(71 641)	38 255
Капитал жиыны	8 926 259	8 158 681	8 636 679	8 196 656
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Қарыздар.....	3 578 712	3 261 347	3 716 892	3 584 076
Резервтер.....	226 274	222 936	303 154	273 589
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	660 036	545 763	555 894	509 462
Жалдау бойынша міндеттемелер	40 801	36 106	45 499	35 996
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер.....	15 666	15 915	32 963	16 365
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	37 560	39 229	28 831	27 329
	4 559 049	4 121 296	4 683 233	4 446 817
Ағымдағы міндеттемелер				
Қарыздар.....	355 985	484 980	361 556	253 428
Резервтер.....	19 377	22 309	63 235	103 538
Төленуге жататын табыс салығы	27 332	6 882	8 967	13 011
Сауда кредиторлық берешек	870 116	519 201	536 922	667 861
Төленуге жататын басқа салықтар.....	186 443	126 424	130 263	86 666
Жалдау бойынша міндеттемелер	9 931	8 988	16 971	10 922
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер.....	112 762	69 231	86 440	93 139
Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер.....	143 134	134 269	129 021	209 877
	1 725 080	1 372 284	1 333 375	1 438 442
Міндеттемелер жиыны.....	6 284 129	5 493 580	6 016 608	5 885 259

	30 маусымдағы жағдай бойынша		31 желтоқсандағы жағдай бойынша	
	2022	2021	2020	2019
	<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>	
Капитал және міндеттемелер жиыны...	15 210 388	13 652 261	14 653 287	14 081 915
Бір жай акцияның теңгерімдік құны - мың теңгемен.....	14,325	13,074	13,880	13,154

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	2022	2021 (қайта есептелген)	2021	2020 (қайта есептелген)	2019
	<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>		
	<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>		
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(миллион теңгемен)</i>		
Түсімдер және басқа да кірістер					
Клиенттермен жасалған шарттардан түскен кіріс	4 203 150	2 672 028	5 838 793	3 624 964	6 858 856
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	643 548	324 165	768 733	280 815	827 979
Қаржылық кіріс	52 902	34 645	84 599	87 987	240 880
Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен пайда ...	—	2 674	19 835	—	17 481
Басқа да операциялық кіріс	10 038	14 381	30 779	19 020	24 936
Түсім және басқа да кірістер жиыны	4 909 638	3 047 893	6 742 739	4 012 786	7 970 132
Шығыстар мен шығындар					
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(2 817 958)	(1 621 125)	(3 596 491)	(1 901 236)	(3 913 744)
Өндірістік шығыстар.....	(482 206)	(312 816)	(693 031)	(656 178)	(721 693)
Табыс салығынан басқа салықтар.....	(291 171)	(189 918)	(428 639)	(254 322)	(454 295)
Тозу, таусылу және амортизация	(163 416)	(160 082)	(322 068)	(317 427)	(337 424)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(69 811)	(65 552)	(131 912)	(137 144)	(420 402)
Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	(66 793)	(57 079)	(148 478)	(146 625)	(213 967)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтердің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы).....	630	(3 758)	(20 724)	(243 893)	(150 751)
Барлау шығыстары.....	—	(19 800)	(79 083)	(19 807)	(57 068)
Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялардың құнсыздануы	-	-	(64)	(30 654)	—
Қаржылық шығындар	(153 361)	(115 824)	(249 265)	(265 372)	(317 433)
(Оң)/теріс бағамдық айырма, нетто	(39 920)	3 780	17 781	(16 189)	8 479
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған залал	—	(1 351)	—	—	—
Басқа шығыстар.....	(14 072)	(8 595)	(24 510)	(28 094)	(7 203)
Шығыстар мен шығындар жиыны.....	(4 098 078)	(2 552 120)	(5 676 484)	(4 016 941)	(6 585 501)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда (/залал)	811 560	495 773	1 066 255	(4 155)	1 384 631
Табыс салығы бойынша шығыстар.....	(134 600)	(106 085)	(221 393)	(85 276)	(226 180)
Жалғасып отырған қызметтен болған кезең ішіндегі пайда/(зиян)	676 960	389 688	844 862	(89 431)	1 158 451
Тоқтатылған қызмет					
Тоқтатылған қызмет кезеңіндегі табыс салығы салынғаннан кейін түсетін	—	254 745	352 478	261 328	6

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	2022	2021 (қайта есептелген)	2021	2020 (қайта есептелген)	2019
	(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)	(аудиттелген)		
пайда			(миллион теңгемен)		
Кезең ішіндегі таза пайда	676 960	644 433	1 197 340	171 897	1 158 457
Төмендегілерге келетін қатысты кезеңдегі таза пайда/(зиян):					
Бас компанияның акционерлеріне	656 162	643 859	1 215 561	273 237	1 197 157
Бақыланбайтын қатысу үлесіне.....	20 798	574	(18 221)	(101 340)	(38 700)
	676 960	644 433	1 197 340	171 897	1 158 457
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)					
<i>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық кіріс/(зиян)</i>					
Хеджирлеу әсері	(37 120)	(583)	10 055	(25)	-
Шетелдік бөлімшелер есептілігінің валютасын қайта есептеуден болған бағамдық айырма.....	474 367	80 777	126 673	450 936	(32 072)
Салық әсері	(43 693)	(7 221)	(11 818)	(36 481)	(1 240)
Салықты шегергендегі кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелетін таза өзге де жиынтық кіріс	393 554	72 973	124 910	414 430	(33 312)
<i>Кейінгі кезеңдерде айданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық кіріс</i>					
Салықты шегергендегі Топтың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық пайда.....	1 642	—	5 959	(10 592)	(5 688)
Салықты шегергендегі бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық (зиян)/пайда	116	137	(169)	(285)	199
Салық әсері	—	—	(48)	108	1 179
Салықты шегергендегі кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелмейтін таза өзге де жиынтық кіріс	1 758	137	5 742	(10 769)	(4 310)
Салықты шегергендегі кезең ішіндегі таза басқа да де жиынтық кіріс	395 312	73 110	130 652	403 661	(37 622)
Салықты шегергендегі кезең ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	1 072 272	717 543	1 327 992	575 558	1 120 835
Төмендегілерге келетін қатысты кезеңдегі жалпы жиынтық кіріс(зиян):					
Бас компанияның акционерлеріне	1 051 070	716 797	1 344 408	677 742	1 159 447
Бақыланбайтын қатысу үлесіне.....	21 202	746	(16 416)	(102 184)	(38 612)
	1 072 272	717 543	1 327 992	575 558	1 120 835

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	2022 <i>(аудиттелмеген)</i>	2021 (қайта есептелген)	2021	2020 (қайта есептелген)	2019
		<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>	
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағыны					
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда/(залал)	811 560	495 773	1 066 255	(4 155)	1 384 631
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	—	277 857	407 993	282 355	6
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	811 560	773 630	1 474 248	278 200	1 384 637
Түзетулер:					
Тозу, таусылу және амортизация	163 416	160 082	322 068	317 427	337 424
Тоқтатылған қызметтен тозу, таусылу және амортизация	—	37 312	63 502	42 856	—
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/құнсыздануы	(630)	3 774	20 724	243 694	150 751
Барлау шығыстары	—	19 800	79 083	19 807	57 068
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы	—	—	64	30 654	—
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылмаған зиян/(кірістер)	—	—	—	626	(465)
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылған зиян/(кірістер) М.....	78 908	7 879	14 954	(22 946)	(8 410)
Қаржылық кіріс.....	(52 902)	(34 645)	(84 599)	(87 987)	(240 880)
Тоқтатылған қызметтен түскен қаржылық кіріс	—	(11 442)	(19 750)	(21 766)	—
Қаржылық шығындар.....	153 361	115 824	249 265	265 372	317 433
Тоқтатылған қызметтен болған қаржылық шығындар	—	21 365	36 330	32 179	—
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған залал	—	1 351	—	—	—
Бірлескен кәсіпорынды сатудан түскен пайда.....	—	(2 674)	(19 835)	—	—
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	(643 548)	(324 165)	(768 733)	(280 815)	(827 979)
Тоқтатылған қызметтен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	—	(157 059)	(275 100)	(230 380)	—
Резервтердегі өзгерістер.....	20 193	(6 270)	(140 318)	(43 174)	2 967
Таза (оң)/теріс бағамдық айырма	61 439	1 987	(6 565)	45 388	4 142
Тауарлы-материалдық қорларды сатудың таза құнына дейін есептен шығару.....	8 976	3 377	4 091	357	(2 534)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған активтердің есептен шығарылуынан болған залал/(пайда), нетто	793	(5 222)	(2 259)	6 508	6 430
ҚҚС бойынша дебиторлық	—	—	(5 144)	6 435	15 703

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	2022	2021	2021	2020	2019
		(қайта есептелген)		(қайта есептелген)	
	<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>		
	<i>(миллион теңгемен)</i>				
берешектің құнсыздануын (қалпына келтіру)/есептеу					
Қаржылық кепілдіктердегі өзгеріс	—	—	3 527	6 288	(6 956)
Есепке алынбаған ҚҚС	—	—	2 599	4 528	6 910
Сауда дебиторлық берешек және өзге де қаржы активтері, өзге де айналым активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резерві	—	—	3 453	4 225	14 096
Еншілес ұйымдарды сатудан түскен пайда	—	—	—	—	(17 481)
Мұнайды жеткізу үшін алынған аванстардың төлемін түзету	—	—	—	—	(864 450)
Басқа да түзетулер	2 844	6 039	427	(267)	55
Айналым капиталын өзгерткенге дейінгі операциялық пайда	604 410	610 943	952 032	617 209	328 461
ҚҚС бойынша дебиторлық берешектегі өзгеріс	3 302	60 957	73 253	(3 993)	(28 070)
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгерістер	(127 205)	(29 602)	(90 603)	82 337	11 710
Сауда дебиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс	(420 697)	(135 047)	(124 957)	121 837	11 466
Сауда және өзге де кредиторлық берешек пен келісімшарттық міндеттемелердегі өзгеріс	277 454	(29 396)	227 645	(305 380)	(23 578)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгеріс	41 657	(5 080)	(52 580)	34 066	(19 916)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	378 921	472 775	984 790	546 076	280 073
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер	123 038	121 620	415 359	134 772	126 461
Туынды қаржы құралдары бойынша нетто төлемдер	—	—	—	(142)	(7)
Төленген табыс салығы	(55 362)	(31 202)	(111 373)	(87 984)	(161 979)
Алынған сыйақы	17 168	18 837	39 496	90 798	118 207
Төленген сыйақы	(109 610)	(138 286)	(249 775)	(236 987)	(238 954)
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны	354 155	443 744	1 078 497	446 533	123 801
Инвестициялық қызметке пайдаланылған ақша ағындары					
Банктік депозиттерді орналастыру	(503 950)	(228 441)	(819 226)	(581 666)	(1 755 141)
Банктік депозиттерді алу	454 519	266 209	585 614	685 773	1 784 128
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу	(166 392)	(153 077)	(409 660)	(396 406)	(444 193)
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау бойынша активтерді және сатуға арналған активтерді сатудан түскен түсімдер	1 382	68 759	71 084	50 738	42 776
Иенің ауысуынсыз бірлескен кәсіпорындарға қосымша салымдар	(67)	(1 926)	(1 926)	(6 586)	(889)
Шығарылған ақшалай қаражатты шегергендегі еншілес ұйымдардың шығуынан түскен түсімдер	—	728	(375 910)	8 710	56 760
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен түсімдер			17 169	5 966	—
Байланысты тараптарға берілген	(33 156)	(24 268)	(73 274)	(57 485)	(56 516)

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	2022	2021	2021	2020	2019
		(қайта есептелген)		(қайта есептелген)	
	<i>(аудиттелмеген)</i>		<i>(аудиттелген)</i>		
	<i>(миллион теңгемен)</i>				
несиелер					
Байланысты тараптардың несиелерін өтеу	12 958	12 282	24 438	72 721	47 656
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	—	—	(14 741)	(928)	454
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түсетін түсімдер	—	—	10 528	636	—
Бірлескен кәсіпорын акционерінің дебиторлық берешегінен түсетін түсімдер	—	—	—	11 512	5 403
Басқалары	(793)	73	(2 790)	1 404	—
Инвестициялық қызметте пайдаланылған қызметте ақшалай қаражаттың таза ағыны	(235 499)	(59 661)	(988 694)	(205 611)	(319 562)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы					
Қарыздардан түсетін түсімдер	108 460	165 933	451 096	676 979	271 772
Қарыздарды өтеу	(75 088)	(167 820)	(339 552)	(807 355)	(444 656)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	(199 997)	(45 212)	(49 999)	(81 738)	(36 998)
Бақыланбайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	(1 003)	(5 078)	(5 756)	(4 553)	(5 693)
Самұрық-Қазына пайдасына бөлінген қаражат	(1 762)	(600)	(534)	(7 987)	(36 297)
Қарыздарды төлеу үшін ақшалай қаражатты резервтеу	—	(32 799)	(292 258)	—	—
Еншілес ұйымның акцияларды кері сатып алуы	—	—	—	(212)	(2 318)
Қаржы кепілдігі бойынша төлем	—	—	—	(1 383)	—
Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын өтеу	(7 113)	(12 142)	(45 530)	(18 978)	(16 181)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны	(176 503)	(97 718)	(282 533)	(245 227)	(270 371)
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражатына және оның баламаларына әсері	55 128	12 807	22 851	85 341	(14 985)
Күтілетін несиелік залал үшін резервтегі өзгеріс	128	(92)	(136)	376	(279)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	(2 591)	299 080	(170 015)	81 412	(481 396)
Кезеңнің басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	975 849	1 145 864	1 145 864	1 064 452	1 545 848
Кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және оның баламалары	973 258	1 444 944	975 849	1 145 864	1 064 452

Тиімділіктің баламалы көрсеткіштері

Келесі кестеде Компанияның қызметін көрсететін Компания қызметін бағалау кезінде Компания басшылығы пайдаланатын негізгі балама тиімділік көрсеткіштері берілген:

	30 маусымда аяқталған алты (аралық LTM EBITDA үшін он екі) айдағы жағдай бойынша			
	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2022	2021 ⁽¹⁾	2020 ⁽¹⁾	2019 ⁽¹⁾
	<i>(коэффициенттерді қоспағанда, млрд. теңге) (аудиттелмеген)</i>			
EBITDA ⁽²⁾	1 118,7	1 609,0	810,4	1 962,7
Түзетілген EBITDA ⁽³⁾	598,2	1 255,6	664,3	1 259,2
Аралық LTM EBITDA ⁽⁴⁾	1 664,4 ⁵	—	—	—
Берешек (ағымдағы бөлігін қоса алғанда) ⁽⁵⁾	3 934,7	3 746,3	4 078,4	3 837,5
Ақша қаражаты мен депозиттер (ұзақ мерзімді қоса алғанда) ⁽⁶⁾	1 643,1	1 542,3	1 484,9	1 476,4
Таза берешек ⁽⁷⁾	2 291,6	2 204,0	2 593,5	2 361,1
Еркін ақша ағыны ⁽⁸⁾	187,7	668,8	50,1	544,0
Таза берешек/ EBITDA ⁽⁹⁾	2,0	1,4	3,2	1,2
Таза берешек/ Түзетілген EBITDA ⁽¹⁰⁾	3,8	1,7	3,9	1,9

Ескертпелер:

- (1) 2021, 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы және осы жылдардағы қаржылық көрсеткіштер мен коэффициенттер сатуға арналған деп жіктелген активтер үшін жасалған тиісті түзетулерді ескере отырып есептелген. Қаржылық есептіліктің 3 және 15 ескертпелерін қараңыз.
- (2) Кірістер мен *оның үстіне* БК және қауымдастырылған компаниялардан түскен пайданың үлесі, таза, сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа материалдардың құнын *шегергенде*, өндірістік шығындар, жалпы және әкімшілік шығыстар, тасымалдау және сату бойынша шығыстар, табыс салығынан басқа салықтар ретінде есептеледі.
- (3) БК және қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлесті *алып тастағанда* EBITDA ретінде есептеледі, нетто, оған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер *қосылады*.
- (4) 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін EBITDA, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін EBITDA, сонымен қатар 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін EBITDA ретінде есептеледі.
- (5) Несиелер мен қарыздардың ағымдағы бөлігі және несиелер мен қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі ретінде есептеледі.
- (6) Ақша қаражаты мен оның баламаларының, қысқа мерзімді банктік депозиттердің және ұзақ мерзімді банктік депозиттердің сомасы ретінде есептеледі.
- (7) Ақша қаражаты мен депозиттерді *алып тастағанда* Берешек ретінде есептеледі.
- (8) Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағыны және мұнайды жеткізу үшін алынған аванстарды өтеуге, негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық меншікті және барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алуды шегергендегі түзету ретінде есептеледі. БК және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер операциялық қызметтен түсетін ақша ағынына енгізіледі.
- (9) Шоғырландырылған таза берешектің EBITDA көрсеткішіне қатынасы ретінде есептеледі.
- (10) Шоғырландырылған таза берешектің түзетілген EBITDA көрсеткішіне қатынасы ретінде есептеледі.

Келесі кестеде EBITDA түзетілген EBITDA және аралық EBITDA LTM көрсетілген кезеңдердегі кірістермен салыстырылады:

	30 маусымда аяқталған он екі ай үшін			
	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	2022	2021	2020	2019
	<i>(коэффициенттерді қоспағанда, млрд. теңге) (аудиттелмеген)</i>			
Түсім.....	4 203,1	5 838,8	3 625,0	6 858,8
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны.....	(2,817.9)	(3,596.5)	(1,901.2)	(3,913.7)
Өндірістік шығыстар.....	(482.2)	(693.0)	(656.2)	(721.7)
Табыс салығынан басқа салықтар.....	(291.2)	(428.6)	(254.3)	(454.3)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар.....	(69.8)	(131.9)	(137.1)	(420.4)
Жалпы және әкімшілік шығындар.....	(66.8)	(148.5)	(146.6)	(214.0)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто...	643,5	768,7	280,8	828,0
EBITDA (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда).....	1 118,7	1 609,0	810,4	1 962,7
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто...	(643.5)	(768.7)	(280.8)	(828.0)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер.....	123,0	415,3	134,8	124,5
Түзетілген EBITDA.....	598,2	1 255,6	664,4	1 259,2
Аралық LTM EBITDA.....	1 664,4	—	—	—

Құжат жобасына ескертпе: Компаниямен келісілуі тиіс

Келесі кестеде көрсетілген күндердегі жағдай бойынша: (i) несиелер мен (ағымдағы бөлігін қоса алғанда) қарыздар бойынша берешекті (қысқа мерзімді) және ұзақ мерзімді; (ii) банктегі ақшалай қаражатпен, ұзақ мерзімді депозиттер және қысқа мерзімді депозиттермен ақшалай қаражат пен депозиттерді (ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда); (iii) қарыздармен және ақшалай қаражатпен және олардың баламаларымен таза берешекті салыстыру келтірілген:

	30 маусымдағы жағдай бойынша		31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	2022	2021	2021	2020	2019
	<i>(млрд. теңге) (аудиттелмеген)</i>				
Қарыздар (ұзақ мерзімді).....	3 578,7	3 261,3	3 261,3	3 716,9	3 584,1
Қарыздар (қысқа мерзімді).....	356,0	485,0	485,0	361,5	253,4
Берешек (ағымдағы бөлігін қоса алғанда).....	3 934,7	3 746,3	3 746,3	4 078,4	3 837,5
Ақша қаражаты мен оның баламалары	973,3	975,8	975,8	1 145,9	1 064,4
Қысқа мерзімді банктік депозиттер	609,4	510,5	510,5	282,5	359,5
Ұзақ мерзімді банктік депозиттер	60,4	56,0	56,0	56,5	52,5
Ақша қаражаты мен депозиттер (ұзақ мерзімді қоса алғанда)	1 643,1	1 542,3	1 542,3	1 484,9	1 476,4
Таза берешек	2 291,6	2 204,0	2 204,0	2 593,5	2 361,1

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі операциялық қызметтен таза ақша ағынымен Еркін ақша ағынының салыстырылуы келтірілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	2022	2021	2021	2020	2019
	<i>(млрд. теңге) (аудиттелмеген)</i>				
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны	354,1	443,7	1 078,5	446,5	123,8
ТШО-ның шикі мұнайына алдын ала төлем	—	—	—	—	864,4
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу ...	(166,4)	(153,1)	(409,7)	(396,4)	(444,2)
Еркін ақша ағыны	187,7	290,6	668,8	50,1	544,0

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

Компания қызметінің нәтижелері мен қаржылық көрсеткіштерінің төменде келтірілген операциялық және қаржылық шолуы осы Проспектінің басқа бөлімдеріне енгізілген тиісті ескертпелермен қатар, Қаржылық есептілікпен бірге оқылуы тиіс. Қаржылық есептілік ҚЕХС-ке сәйкес дайындалды. Бұл операциялық және қаржылық шолуда тәуекелдер мен белгісіздіктерге қатысты болжамды мәлімдемелер бар. «Болжамды мәлімдемелер туралы ескерту» тарауын қараңыз. Компанияның болашақ нақты нәтижелері бірнеше себептерге байланысты, соның ішінде «Тәуекел факторлары» тарауында және осы Проспектінің басқа жерлерінде баяндалғандарды қоса алғанда, осы құжатта қамтылған болжамды мәлімдемелерде күтілгендерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Шолу

Компания тіке біріктірілген өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу қызметтері бар Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы болып табылады. Компания - 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өндіру көлемі бойынша Қазақстандағы ең ірі шикі мұнай және конденсат өндірушілерінің бірі. Сонымен қатар, Компания 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзындығы мен өткізу қабілеті бойынша Қазақстандағы ең ірі шикі мұнай құбырлары желілерін басқарады. 2021 жылғы 9 қарашада компания «Самұрық-Қазына» компаниясына қазақстандық магистралдық газ құбыры желілерін пайдалануға жауапты QazaqGaz-дағы (бұрынғы «Қазтрансгаз» компаниясы) 100% үлесін берді.

Оған қоса, Компания Қазақстандағы үш негізгі мұнай өңдеу зауытының әрқайсысын, сондай-ақ Румыниядағы ірі мұнай өңдеу зауытын басқарады.

Топтың қызметі төрт негізгі сегменттен тұрады: (i) мұнай мен газды барлау және өндіру («**өндіру**»), (ii) мұнайды тасымалдау; (iii) газды сату және тасымалдау (тек 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға қатысты) (бірлесе отырып, (ii) және (iii) Топ өзінің «**тасымалдау**» қызметтері деп санайтындарын қамтиды) және (iv) шикі мұнайды және тазартылған өнімдерді қайта өңдеу және сату («**өңдеу**»). Төмендегі «*Операциялық сегменттер*» тарауын қараңыз. Компанияның кірісі осы операциялық сегменттерде, сондай-ақ Компанияның қалған қызметтерін, соның ішінде жылыту мен электрмен жабдықтауды, күзет және мұнай мен газға қатысты басқа қызметтерді қамтитын «басқалар» сегментінде көрсетіледі. 2021, 2020 және 2019 жылдардағы Компанияның кірісі мен Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайдасы, негізінен, Компанияның барлау және өндіру қызметімен, сондай-ақ оның қайта өңдеу және сауда бизнесімен жүргізілді, шикі мұнай мен газды сату 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы кірістің 53 пайызын және Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі көрсеткіштің 65 пайызын құрады және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы кірістің 39 пайызын және Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі көрсеткіштің 18 пайызын құрады.

Шоғырландыру негізі

Төмендегі кестеде Топтың негізгі еншілес кәсіпорындары келтірілген, олар төменде көрсетілген күндер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген:

	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі			
			30 маусым		31 желтоқсан	
			2022	2021	2020	2019
ҚМГ БӨ ⁽¹⁾	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,72%	99,72%	99,72%	99,7%
ҚМТ	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%	100%	100%
ҚМГ Қарашығанақ	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%	100%	100%
ҚТМ	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%	100%	100%
ҚТО	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90%	90%	90%	90%
ҚТКФ	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	100%	100%	100%	100%
Qazaqgaz ⁽²⁾	Газды тасымалдау	Қазақстан	—	—	100%	100%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	100%	100%	100%	100%
Атырау МӨЗ-і	Қайта өңдеу	Қазақстан	99,53%	99,53%	99,53%	99,53%
Павлодар МӨЗ-ы	Қайта өңдеу	Қазақстан	100%	100%	100%	100%
KMG International	Мұнай өнімдерін қайта	Румыния	100%	100%	100%	100%

	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі			
			30	31 желтоқсан		
			маусым	2021	2020	2019
KMG DS	өңдеу және өткізу Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	100%	100%	100%	100%

Ескертпелер:

- (1) Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ҚМГ БӨ ӨМГ, ЕМГ, Қазгермұнай, CCEL және РКІ сияқты бірнеше жұмыс кен орындарына иелік еткен Компанияның ірі өндіруші еншілес кәсіпорны болды. ҚМГ БӨ акциялары мен Жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) KASE листингіне енгізілді, ал оның ЖДҚ Біріккен Корольдіктің қаржылық реттеу мен бақылау басқармасы ресми тізімінің («FCA») стандартты сегментінде листингіне енгізілді және Лондон қор биржасының негізгі нарығында саудаға жіберілді. 2018 жылы ҚМГ БӨ өзінің ЖДҚ және акциялары бойынша тендерлік ұсынысты сәтті іске қосты - бұл 2018 жылдың 10 мамырында ҚМГ БӨ-нің жаһандық депозитарлық қолхаттарын FCA ресми тізімінен алып тастауға және LSE (Лондон қор биржасы) негізгі нарығындағы саудаға рұқсатының күшін жоюға, сондай-ақ ҚМГ БӨ жай акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарының Қазақстан қор биржасынан алынып тасталуына әкелді. ҚМГ БӨ-нің артықшылықты акциялары 2019 жылдың 14 мамырында KASE тізімінен шығарылды. Топ ішкі қайта ұйымдастыру шеңберінде ҚМГ БӨ-ні тарату үдерісінде, ҚМГ БӨ-ні жоспарлы тарату 2023 жылы аяқталады деп күтілуде.
- (2) 2021 жылдың 9 қарашасында Компания «Qazaqgaz» компаниясындағы 100 пайыздық үлесін «Самұрық-Қазына» қорына берді. «Қызмет пен өтімділік нәтижелеріне әсер ететін негізгі факторлар-«Qazaqgaz» компаниясын жою» тарауын қараңыз.

Төмендегі кестеде Топтың төменде көрсетілген күндер бойынша бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салған қомақты инвестициялары көрсетілген:

	Негізгі қызметі	Қызметті жүзеге асыру орны	Иелік ету үлесі			
			30	31 желтоқсан		
			маусым	2021	2020	2019
Бірлескен кәсіпорындар						
«Теңізшевройл» ЖШС	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Қазақстан	20%	20%	20%	20%
ҚМГ Қашаған Б.В. ⁽¹⁾	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
Mangistau Investments B.V.	Мұнай мен газды игеру және өндіру	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«ҚазРосГаз» ЖШС	Табиғи газды және тазартылған газ өнімдерін өңдеу және сату	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
Ural Group Limited	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«Қазгермұнай» БК ЖШС	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«Қазақойл-Ақтобе» ЖШС	Шикі мұнайды өндіру	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«ТеңізСервис» ЖШС	Инфрақұрылымдық объектілерді жобалау, салу және пайдалану, теңіз мұнай операцияларын қолдау	Қазақстан	48,996%	48,996%	48,996%	48,996%
Valseira Holdings B.V.	Мұнайды өңдеу	Қазақстан	50%	50%	50%	50%
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС	Газ құбырын салу және пайдалану	Қазақстан	—	—	50%	50%
«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС	Газ құбырын салу және пайдалану	Қазақстан	—	—	50%	50%
Қауымдасқан компаниялар						
Каспий Құбыр Консорциумы	Сұйық көмірсутектерді тасымалдау	Қазақстан/Ресей	20,75%	20,75%	20,75%	20,75%
«PetroKazakhstan Inc.» компаниясы	Мұнай мен газды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	33%	33%	33%	33%
Бірлескен қызмет						
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясы	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Қазақстан	10%	10%	10%	10%

Ескертпе:

- (1) «ҚМГ Қашаған» компаниясы Қашаған кен орнын иеленетін «NCOС» компаниясы үлесінің 16,88 пайызын иелік етеді. 2015 жылдың қазан айында Компания өзінің «ҚМГ Қашаған» кәсіпорнының акцияларының 50 пайызын (Қашағанның жалпы жарғылық капиталының 8,44 пайызын құрайды) 2020-2022 жылдар аралығында кез келген уақытта осындай акциялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алу опционымен «Самұрық-Қазына» қорына сатты. 2022 жылдың 14 қыркүйегінде Қашаған колл-опционына сату құқығын қолдану туралы хабарлама-келісімге сәйкес өзгертулер енгізілді, оған сәйкес «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» компаниясы Қашаған колл-опционын жүзеге асырды. Мәміле аяқталып, 2022 жылдың 15 қыркүйегінде «Қашаған ҚМГ» компаниясының акциялары «Самұрық-Қазына» қорынан «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» компаниясына берілді, «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» компаниясы «ҚМГ Қашағанның» жалғыз акционеріне айналды.

Компанияның және оның еншілестерінің бірлескен кәсіпорындардағы мүдделері үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес, Компанияның

жиынтық табысы туралы шоғырландырылған есептілік Компанияның және оның еншілес компанияларының бірлескен кәсіпорындардың таза пайдасындағы немесе шығынындағы үлесін жеке бап ретінде көрсетеді. Бірлескен қызметті сатып алғаннан кейін, Компания осындай бірлескен қызметке қатысу үлесіне қатысты, соның ішінде бірлескен ортақ иеліктегі кез келген активтердегі және активтер мен пассивтердегі өз үлесін, бірлесіп туындаған кез келген пассивтердегі өз үлесін мойындады. Сонымен қатар Компания бірлескен қызмет нәтижесінде туындаған үлесін сатудан түскен кірісін; бірлескен қызметтің нәтижесінде сатудан түскен кірістің үлесін; және бірлескен қызмет нәтижесінде туындаған шығындарды, соның ішінде кез келген бірлесіп туындаған шығындар үлесін мойындайды.

Қауымдасқан компаниялар – бұл Компанияның тікелей немесе жанама түрде елеулі ықпалы бар, бірақ оларды бақыламайтын, әдетте Компания дауыс беру құқығының 20 пайыздан 50 пайызға дейінгі қатысу үлесін иеленетін ұйымдар. Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар, бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар сияқты үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Компанияның және оның еншілестерінің қауымдасқан компаниялардағы қатысу үлестері олардың осындай қауымдасқан компаниялардың таза пайдасындағы немесе шығынындағы үлесімен шектеледі және қаржылық есептіліктегі Компанияның жиынтық табысы туралы шоғырландырылған есептілікте жеке бап ретінде көрсетіледі. Сонымен қатар Компания Қарашығанақты басқаратын ҚПО бірлескен қызмет туралы келісім бойынша жұмыс істейтін консорциум екенін мойындай отырып, бірлескен қызметке қолданылатын әдіс бойынша ҚПО компаниясындағы өз мүдделерін де ескереді.

Компания, оның еншілес кәсіпорындары, бірлескен кәсіпорындар және қауымдасқан компаниялар туралы қосымша ақпарат алу үшін «*Бизнес - корпоративтік құрылым*» тарауын қараңыз.

Қызмет нәтижелеріне және өтімділікке әсер ететін негізгі факторлар

Компания қызметінің нәтижелеріне және олардың мерзімдік салыстырмалылығына, Компанияның стратегиясына және оның бизнес жоспары мен мақсаттарының орындалуына байланысты, әртүрлі факторлар, сондай-ақ Компания бақылауынан тыс сыртқы факторлар әсер етеді.

Компания қызметінің нәтижелеріне 2022 және 2021 жылдардағы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі және 2021, 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған мерзім ішінде әсер еткен және Компания қызметінің нәтижелеріне болашақта әсер етуі мүмкін негізгі факторлар мыналар:

- шикі мұнай мен өңделген мұнай өнімдерінің бағасындағы өзгерістер, сату құрылымы және бағаны реттеу;
- шикі мұнай, газ және өңделген мұнай өнімдерін өндірудегі өзгерістер;
- отын мен табиғи газға әлемдік сұраныстың өзгерістері;
- Компания жұмыс істейтін экономикалық орта;
- Ресейдің Украинаға қарсы бастаған қарулы қақтығыстың әсері;
- операциялардың өзгеруін талап ететін және сәйкестік шығындарын арттыратын заңнамалық, салықтық және нормативтік ережелердің, соның ішінде жаңа экологиялық нормалардың дамуы және эволюциясы;
- айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері;
- еншілес кәсіпорындарды тарату, тоқтату жұмыстары және оларды бақылаудан шығару;
- мұнай мен газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің өзгеруі;
- Компанияның күрделі қаржы шығыны;
- Компания және оның еншілес кәсіпорындары мойындаған бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірістерінің үлесі.

Шикі Мұнай мен өңделген мұнай өнімдерінің бағасындағы өзгерістер, сату құрылымы және бағаны реттеу;

Халықаралық және Қазақстандағы шикі мұнай мен өңделген мұнай өнімдерінің бағасы Топтың қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді. Шикі мұнайдың әлемдік бағасы толықтай Топтың бақылауынан тыс сұраныс пен ұсынымның жаһандық тепе-теңдігімен анықталатын елеулі ауытқулармен сипатталады және Компания басшылығы мұнай бағасының соңғы елеулі құбылмалылығының қайталануын немесе қашан болатынын болжай алмайды.

Шикі мұнай бағасы соңғы жылдары аса құбылмалы болды. 2020 жылы мұнай және газ өнеркәсібі ұсынымның шамадан тыс көптігіне, сондай-ақ COVID-19 бұрқ ете түскеннен кейін сұраныстың төмендеуіне тап болды. EIA жариялаған статистикаға сәйкес, 2020 жылы Brent маркалы шикі мұнайдың орташа жылдық шартты бағасы барреліне 41,96 АҚШ долларын құрады, бұл 2019 жылғы Brent маркалы шикі мұнайдың барреліне 64,30 АҚШ долларды құрайтын орташа жылдық шартты бағасынан 34,74 пайызға төмен. 2021 жылы жаһандық мұнай сұранысының қалпына келуі және МЭҰ+ әрекеті мұнай бағасының өсуіне септігін тигізді, ал Brent cjobsude маркалы мұнайдың орташа жылдық шартты бағасы бір барреліне 68,9 пайызға өсіп, 70,86 АҚШ долларын құрады. 2022 жылдың бірінші жартысында шикі мұнай бағасы барреліне 128 АҚШ долларына дейін өсті. 2022 жылдың 6 айындағы Brent маркалы шикі мұнайдың орташа бағасы барреліне 106 АҚШ долларын құрады, 2021 жылғы орташа баға 70,89 АҚШ долларымен салыстырғанда, бұл 67 пайызға өсуді білдіреді. 2022 жылдың алғашқы алты айында шикі мұнай мен газды сатудан түскен кірістер 2 386 млрд теңгені құрады, бұл кезеңдегі шикі мұнайдың орташа бағасының өсуіне байланысты 2021 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 72,6% - ға өсуді білдіреді.

Шикі мұнайды экспорттау мен ішкі нарықтағы сатудың арақатынасы да Компанияның жұмысына әсер етті және әсер етуді жалғастырады деп күтілуде. Тарихи тұрғыдан алғанда, экспортталатын шикі мұнайды сату бағасы ішкі нарықтағы сату бағасынан айтарлықтай жоғары болды, бұл ең алдымен Компанияның жалғыз жанама акционері болып табылатын Үкіметтің отандық мұнайды нарықтық бағадан төмен бағамен сату жөніндегі ұсыныстары мен жарлықтарының нәтижесінде орын алды. Үкімет кейде ішкі нарықтағы бағаның көтерілуіне жол бермеу үшін, әсіресе жоғары сұранысқа байланысты ішкі нарықтағы бағаның өсуіне әкелетін ұсыным жеткіліксіз болған кезде осындай ұсыныстарды немесе жарлықтарды шығаруы мүмкін. Компания экспорттық сатылым бағасының ішкі нарықтағы сатылым бағасымен салыстырғанда жоғары деңгейде сақталуын болжайды және осылайша шикі мұнайды сатудың жалпы көлемінің экспорттық сатылым үлесін барынша арттыруға тырысады, бірақ мұны өздігінен жасай алмайды. Экспорттық сатылымның пайызы өсетін болса, бұл Компанияның жұмысына жақсы әсерін тигізуі мүмкін, ал егер санкцияланған ішкі нарықтағы сатылымның пайызы өссе, бұл Компанияның жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Өз міндеттемелеріне сәйкес, әрбір жағдайда Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлесін қоса алғанда, 2020 жылғы 6 401 мың тоннамен және 2019 жылғы 6 224 мың тоннамен салыстырғанда, Топ 2021 жылы ішкі нарыққа 7 114 мың тонна шикі мұнай жеткізді. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ ішкі нарыққа 4 030 мың тонна шикі мұнай жеткізді.

Халықаралық және қазақстандық нарықтағы өңделген мұнай өнімдері бағасының серпіні бірқатар факторлармен анықталады, олардың ең маңыздылары шикі мұнайдың халықаралық бағасы, өңделген мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыным, бәсекелестік, нарықтарды шикі мұнай өңделетін мұнай өңдеу зауыттарынан пайдалануға жарамды жерге дейін бөлетін қашықтық немесе аралық өнімдер және әсіресе қалалық аудандарда, ауылшаруашылық қызметі және өңделген мұнай өнімдерін қалалардан ауылдық аудандарға жеткізуді осыған байланысты қайта бөлу салдарынан өңделген мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық болып табылады. Сонымен қатар шикі мұнайдың жоғары шығындары мен өңделген мұнай өнімдерінің төмен бағалары арасындағы сәйкессіздік компанияның мұнай өңдеу сегментінің қаржылық нәтижелеріне жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі мұнай өнімдерінің орташа жаһандық және ішкі нарықтағы бағалары келтірілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2021	2020	2019	2022	2021
Жаһандық бағалар (АҚШ доллары/тонна)¹					
Мазут	450	273	389	631	415
Лигроин	634	355	503	872	568
Реактивтік отын	608	361	631	1 120	543
Ішкі нарықтағы көтерме бағалар (теңге/тонна)²					
АИ-95 маркалы бензин	196 667	174 363	166 143	217 667	187 222
АИ-92 маркалы бензин	181 583	161 322	154 935	194 667	174 222
Дизель отыны	187 194	180 461	196 574	216 861	174 222
Реактивтік отын	206 125	173 497	220 324	258 000	184 000

Ескертпелер:

(1) Дереккөз: Thomson Reuters, S&P Global Platts.

(2) Дереккөз: Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өндірілген мұнай өнімдерінің Argus Каспий нарығы.

Компанияның Қазақстандағы өңделген мұнай өнімдерінен түсетін табысына бағаны реттеу және өңдеу үшін отандық шикі мұнайдың қолжетімділігі әсер етеді. Үкімет кейде жеңіл дистилляттар мен өнімдерді, керосинді, газойльді және басқа да мұнай туындыларын экспорттауға уақытша тыйым салуды енгізуі мүмкін және бұрын да енгізген, соның ішінде 2021 жылдың сәуірінде 2021 жылдың қарашасында алты айға ұзартылған және 2022 жылдың маусымында тағы алты айға ұзартылған экспорттық бензинді, дизельді және басқа да белгілі бір мұнай өнімдерін автомобиль көлігімен экспорттауға тыйым салды. Мұндай уақытша тыйымдар Компанияға өңделген өнімдерін Қазақстаннан экспорттауда жоғары бағаларды пайдалануға мүмкіндік бермейді. Қазіргі уақытта Компанияның мұндай мәмілелерді пайдалану мүмкіндігін шектейтін қосымша тыйымдар енгізілетініне немесе басқа шаралардың қолданылатынына кепілдік жоқ. Қалай болғанда да, Компания өңделген мұнай өнімдерін еуропалық нарықтарда Румыниядағы негізгі мұнай өңдеу зауыттарына иелік ететін «KMG International» компаниясы арқылы сатады.

Шикі мұнай, маз және өңделген мұнай өнімдерін өндірудегі өзгерістер;

Топтың кіріс алу қабілеттілігі, ең алдымен, оның шикі мұнай, газ және өңделген мұнай өнімдерін өндіруіне байланысты.

Топ шикі мұнайды, газды және өңделген мұнай өнімдерін өзі толығымен біріктіретін өндірістік еншілес кәсіпорындары, сондай-ақ бірлескен қызметі, бірлескен кәсіпорындары және қауымдасқан компаниялары арқылы өндіреді. «Шоғырландыру негізі» тарауын қараңыз. Топтың кірісі мен сатылым құнын талқылау аясында өндіріс туралы мәліметтер бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың өндірісін қоспағанда, тек Компанияға, оның еншілес кәсіпорындарына, бірлескен қызметтегі және ҚПО компаниясындағы мүдделі тұлғаларына ғана ұсынылады.

Шикі мұнайды өндіру

Топтың мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі оның операциялық активтерін және (ТШО (Теңіз), ҚПО (Қарашығанақ) және NCOC (Қашаған) үш үлкен жобаны қамтиды, онда Компанияның пассивтік үлестік қатысуы (20 пайыз, 10 пайыз және 16,88 пайыз) бар (Компанияның 2022 жылдың 15 қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» қорынан сатып алған 8,44 пайыз мөлшеріндегі үлесін қоса алғанда). 2021 жылы ӨМГ мен ТШО 2021 жылдағы мұнай және газ конденсатын өндіретін ең ірі кәсіпорындар болды.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топтың шикі мұнай мен газ конденсатының шоғырландырылған өндірісі 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 10,7 миллион тоннадан 10,8 миллион тоннаға дейін 0,4 пайызға сәл ғана өсті. Бұл өсім, ең алдымен, ӨМГ өндірістік объектілеріне қызмет көрсететін коммуналдық кәсіпорынның электр қуатын бірнеше рет апаттық өшуі және жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи төмендеуі салдарынан Топтың операциялық активтеріндегі өндірудің төмендеуімен өтелетін Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен байланысты болды.

2021 жылы Топтың шикі мұнай мен газ конденсатының шоғырландырылған өндірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 21,8 миллион тоннадан 21,7 миллион тоннаға дейін 0,5 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, Қазақстанның МЭЕҰ+ келісіміне сәйкес

мұнай сұранысын қысқарту міндеттемесі, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін кейбір ұңғымалардың тоқтатылуына және органикалық жетілген кен орындарында өндіріс деңгейінің төмендеуі нәтижесінде Компанияның операциялық активтерінде мұнай мен газ конденсатын өндірудің 1,5 пайызға төмендеуіне байланысты болды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Топтың шикі мұнай мен газ конденсатының шоғырландырылған өндірісі 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 23,6 миллион тоннадан 21,8 миллион тоннаға дейін 7,9 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, COVID-19 індетіне байланысты мұнай бағасының күрт төмендеуіне және МЭҰ+ келісімі бойынша Қазақстанның міндеттемелері шеңберінде мұнай өндірудің қысқаруына шартталған болған.

Сондай-ақ *«Тәуекел факторлары - Компанияның бизнесіне қатысты тәуекелдер - Компанияның бірқатар өндірістік кен орындары жетілген және компания өзінің ағымдағы мұнай мен газ қорын сәтті игеріп, ауыстыруға және өсіруге қабілетсіз болуы мүмкін»* тарауын қараңыз.

Газды өндіру

Топтың табиғи және ілеспе газ өндірісі үлкен жобалардың және операциялық активтердің өндірісін қамтиды.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы Топтың газ өндірісі 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 4,1 миллиард текше метрмен салыстырғанда 3,9 миллиард текше метр бастапқы деңгейінде қалды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Топтың табиғи және ілеспе газ өндірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 8,2 миллиард текше метрден 1,4 пайызға азайып, 8,1 миллиард текше метрді құрады, бұл өз кезегінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 8,5 миллиард текше метрден 3,1 пайызға төмендеуді көрсетті. Табиғи және ілеспе газ өндіру көлемінің азаюы, негізінен, МЭҰ+ келісімі бойынша Қазақстанның мұнай жеткізілімін қысқарту жөніндегі міндеттемесін орындау үшін белгілі бір кен орындарында мұнай өндіру көлемінің тиісті төмендеуіне байланысты. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ірі кен орындары бірлесіп 5,7 млрд текше метр (немесе Компанияның газ өндіру көлемінің 69,9 пайызын) өндірді, ал операциялық активтер 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 2,5 миллиард текше метрді (немесе Компанияның газ өндіру көлемінің 30,1 пайызын) өндірді.

Өңделген мұнай өнімдерін өндіру

Топтағы мұнай өнімдерінің шоғырландырылған өндірісі Қазақстандағы Атырау МӨЗ-індегі, Павлодар МӨЗ-ындағы, Шымкент МӨЗ-індегі және «CaspiBitum» БК ЖШС-індегі, сондай-ақ Румыниядағы «Петромидия» МӨЗ-індегі және «Вега» МӨЗ-індегі өндірісті қамтиды. Компания Қазақстанда да, Румынияда да мұнай өнімдерінің жетекші өндірушісі болып табылады. *«Бизнес өңдеу, маркетинг және сауда»* тарауын қараңыз. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы Топтың өңделген мұнай өнімдерін өндіруі 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 9,7 миллион тоннамен салыстырғанда, негізінен, Компанияның Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарында өндірістің жоспарлы жөндеу жұмыстарына тоқтап қалуы және Қара теңіздегі қолайсыз ауа райы жағдайларына байланысты шикі мұнайды жеткізудегі үзілістердің салдарынан өңдеу көлемдерінің төмендеуі есебінен теңдестірілген қазақстандық МӨЗ-де қайта өңдеу көлемінің ұлғаюына байланысты 9,7 млн тонна деңгейінде өзгеріссіз қалды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Топтың өңделген мұнай өнімдерінің өндірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 18,1 миллион тоннадан 18,8 миллион тоннаға дейін 4,2 пайызға өсті, бұл негізінен, 2021 жылы Қазақстанда 2020 жылы COVID-19 індетімен күресу үшін енгізілген карантиннің жойылуына байланысты болды. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Топтың өңделген мұнай өнімдерінің өндірісі 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 20,6 миллион тоннадан 18,1 миллион тоннаға дейін 12,2 пайызға төмендеді, бұл негізінен, Қазақстанда 2020 жылы COVID-19 індетімен күресу үшін енгізілген карантиннің жойылуына байланысты болды.

Отын мен табиғи газға әлемдік сұраныстың өзгерістері

2021 жылы сұйық отынға деген сұраныс өндіріс пен тұтыну теңгеріміндегі ұсыныстан асып

түсті, бұл туристік ағындар мен әуе тасымалының салыстырмалы түрде қалпына келуіне және 2020 жылы енгізілген COVID-19 шектеулерінің жойылуының арқасында орын алды. МЭЕҰ мәліметтері бойынша, 2021 жылы әлемдік мұнай шикізаттары мен сұйық отынды тұтыну орта есеппен тәулігіне 96,9 миллион баррельді құрады, бұл індетке байланысты тұтыну айтарлықтай төмендеген 2020 жылмен салыстырғанда тәулігіне 5,7 миллион баррельге өсті. Бір жылдан астам уақыт бойы мұнайды тұтыну МЭЕҰ+ мұнай келісімі бойынша қысқартуларға, АҚШ тарапынан инвестицияны шектеуге және басқа да жеткізілім үзілістеріне байланысты өндірістен озып кетті, бұл өз кезегінде бүкіл әлем бойынша мұнай қорларының тұрақты шығарылуына және мұнай бағасының күрт өсуіне әкеліп соқтырды. Сонымен қатар 2021 жылы әлемдік табиғи газды тұтыну 4,6 пайызға өсті, бұл 2020 жылғы төмендеуден екі есе көп. Сұраныстың өсуіне экономиканың қалпына келуі және бірқатар экстремалды ауа райы жағдайлары себеп болды.

МЭЕҰ келесі жылы мұнайға әлемдік сұраныс тәулігіне 2,7 миллион баррельге артады, ал өсім тәулігіне 1 миллион баррельге артады деп күтеді. Бұл елеулі айырмашылықтың орнын толтыру үшін МЭЕҰ мүшелеріне өндірісті айтарлықтай көтеру керек, дегенмен МЭЕҰ өндірушілері инвестицияның аздығы және саяси тұрақсыздық сияқты түрлі кедергілерге байланысты қажетті көлемдерге жетуден артта қалып отыр. Осы жеткізілім тапшылығына байланысты дүниежүзілік ауқымдағы отын қоры тез қысқаруда, ал АҚШ, мысалы, мәселені жеңілдету үшін өз стратегиялық мұнай қорына жүгінді. ЕІА мәліметтері бойынша, мұнайға әлемдік сұраныстың өсуі 2022 жылы тәулігіне 1,7 миллион баррельге дейін төмендеп, тәулігіне 99,2 миллион баррельге жетті. 2023 жылы ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде күшті өсу траекториясына байланысты тәулігіне 2,1 миллион баррельге қосымша өсім күтілуде. Қосымша ақпаратты *«Қазақстандағы мұнай және газ өнеркәсібі – Отын мен табиғи тазға Әлемдік сұраныстың өзгерістері»* тарауынан қараңыз.

Қазіргі экономикалық жағдай

Соңғы жылдары Қазақстанда қолайлы экономикалық жағдайлар қалыптасты. Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылы ЖІӨ-сі 202,9 миллиард АҚШ долларын құрайтын Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономикалық орта болып табылады және оның үлесіне өңірдің ЖІӨ-нің шамамен 60 пайызы тиесілі. Дегенмен, 2020 жыл Қазақстан экономикасы үшін соңғы екі онжылдықтағы ең қиын жыл болды. COVID-19 індеті, Қазақстанның негізгі экспорттық тауары, мұнайға әлемдік сұраныс пен бағаның төмендеуіне әкеліп соқтырды. Оның үстіне індет жұмыспен қамтудың шамамен 30 пайызын құрайтын бөлшек сауда, қонақ үй бизнесі, көтерме сауда және көлік секторларына әсерін тигізді. 2020 жылы -2,5 пайызға төмендеп, 2021 жылы 4,0 пайызға өскеннен кейін, Дүниежүзілік банк 2022 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 1,5-2,0 пайызға дейін баяулайды деп болжайды. 2022 жылғы қаңтардағы Қазақстандағы наразылықтар мен шерулер және одан кейінгі экономикалық және саяси оқиғалар экономикаға айтарлықтай жағымсыз әсер етпесе де, Қазақстан экономикасының болашақ тұрақтылығы айтарлықтай дәрежеде экономикалық реформалар бағдарламаларын іске асыруды жалғастыруға және Үкімет қолданатын экономикалық, қаржылық және монетарлық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ өңірдің басқа экономикаларының, атап айтқанда Украинадағы қақтығысқа байланысты енгізілген ықпалшаралардың және Ресей рублінің құнына байланысты әсерлерінің нәтижесінде Ресей экономикасына да байланысты болады. Әсіресе, жақында Ресей-Украина әскери қақтығысы мұнай мен газ бағасының күрт өсуіне әкеліп соқтырғанымен, ол сондай-ақ Urals маркалы шикі мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуіне әкелді, бұл сақтандырушылардың Ресейге қатысты санкциялардың күшеюі аясында ресейлік жүктерді немесе ресейлік кемелерде тасымалданатын жүктерді сақтандырудан бас тартуына байланысты КҚК шикі мұнай қоспасының бағасына (Топтың белгілі бір мүшелерінің шикі мұнайын қосқанда: атап айтқанда, КҚК пайдаланатын ТШО және ресейлік өндірушілер) жағымсыз әсер етіп, тасымалдау шығындарын арттырды. Қақтығыс нәтижесінде теңге Ресей рублі және АҚШ долларына қатысты айтарлықтай құнсызданды.

Қазақстан экономикасы әлемнің басқа елдеріндегі нарықтық құлдыраулар мен экономикалық бәсеңдеулерге осал. Мұндай факторлар капиталға қолжетімділіктің төмендеуіне, капитал құнының жоғарылауына, инфляцияның өсуіне және Компанияның қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен және әсер етеді деп күтілетін экономикалық өсуге қатысты белгісіздікке әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания өзінің шоғырландырылған қаржылық жағдайына және қаржылық нарықтардағы жағдайдың және қызмет нәтижелерінің

кез келген нашарлауының немесе 2022 жылғы 30 маусымнан кейінгі кез келген мерзімдегі валюта, шикізат және қор нарықтарындағы кез келген тұрақты немесе өсіп келе жатқан құбылмалылық нәтижелерінің әсерін сенімді бағалай алмаса да, әлемдік қаржылық жағдайларға, аймақтық тұрақсыздыққа және шикі мұнай мен басқа да тауарларға бағалар мен сұраныстың төмендеуінің кез келген жаңаруына байланысты экономикалық жағдайлар нәтижесінде Компанияның іскерлік қызметіне қайтадан жағымсыз әсер етуі мүмкін. Мұндай нарық жағдайлары, басқалармен қатар, шикі мұнайды, табиғи газды және өңделген мұнай өнімдерін өндіруге және олардың көлеміне, Компанияның Қазақстан банктеріндегі ақша қалдықтарына, Компанияны қаржыландыру құнына және теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамына әсер етуі мүмкін және тиісінше, Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша ағындарына және қызмет нәтижелеріне елеулі түрде жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар Компанияны түпкілікті бақылау арқылы Үкімет Компанияның қызметіне, соның ішінде Компанияның қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне жағымсыз әсер етуі мүмкін Компанияға белгілі бір әлеуметтік және басқа да міндеттемелерді жүктеуге ықпал ете алады. Мысалы, Компания табиғи газды ішкі нарыққа Үкімет реттейтін бағамен экспорттық бағадан төмен және осындай табиғи газды өндірудің бұрынғы өзіндік құнынан төмен бағамен жеткізуге міндетті. Нәтижесінде, қазіргі уақытта Компания ағымдағы бағалар бойынша газды ішкі нарықта жеткізуде шығынға ұшырайды және Компанияға өндірісті қалпына келтіру немесе экспорттық мүмкіндіктер үшін қолжетімді газға қарағанда, ішкі жеткізілімдер басымдыққа ие. 2022 жылдың қаңтарында СМГ бағасының өсуіне қарсы наразылықтардан кейін Үкімет ішкі нарыққа төмен бағада жеткізілетін газ көлемін ұлғайту үшін Топқа қысымды күшейтті.

Ресей мен Украина арасындағы қазіргі қарулы қақтығыстың салдары

2022 жылғы 24 ақпанда Ресей Украина аумағында арнайы әскери операцияның басталғанын жариялады және Ресей әскерлері Украинаға кірді. Шығыс Еуропадағы жағдай және оған жауап ретінде үкіметтер енгізген санкциялар әлемдік несие нарықтарында және әлемдік экономикада айтарлықтай құбылмалылық пен тұрақсыздыққа әкелді. Украинадағы жағдайдың Топқа әсер ету дәрежесі белгісіз. *«Тәуекел факторлары - Компания жұмыс істейтін аймаққа қатысты тәуекелдер – Ресей мен Украина арасындағы қарулы қақтығыс Топтың бизнесі мен қызмет нәтижелеріне жағымсыз әсер етуі мүмкін.»* тарауын қараңыз.

Жаңа экологиялық нормаларды қоса алғанда, заңнамалық, салықтық және нормативтік ережелердің дамуы және эволюциясы

Экологиялық кодекс ұлттық көміртегі бюджетін дамыту кезінде шығарындыларды азайтудың сызықтық коэффициентін пайдалануға міндеттейді. Бұл Қазақстанның халықаралық шарттар бойынша ұлттық жарналық міндеттемелерін сақтау қажеттілігінен туындайды. 2022 жылдан бастап жылдық көміртегі бюджеті өткен жылғы көміртегі бюджетінен 1,5 пайызға азырақ болады.

Сондықтан Компанияның еншілес және үлестес кәсіпорындары жылыжайлық газ шығарындыларын жыл сайын кемінде 1,5 пайызға азайтулары тиіс. Осыған байланысты 2021 жылғы 4 қарашада Компанияның директорлар кеңесі ТҚД бағдарламасын мақұлдады, оның мақсаты болып 2019 жылғы деңгейден 2031 жылға қарай Компанияның көміртегі шығарындыларының көлемін 15 пайызға азайту табылады.

2022 жылы Компанияның операциялық тиімділігін арттыру үшін алдағы он жылда 123 миллион АҚШ долларын инвестициялауды көздейтін ТҚД бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі және бекітті. Бұл шаралар 2031 жылға қарай Компанияның көміртегі шығарындыларының көлемін 1 226 371 тонна көмірқышқыл газына дейін азайтатын болады. Сонымен қатар Компания жаңартылатын энергия көздерінің құрылысына 668 миллион АҚШ долларын инвестициялайды. Бұл 2031 жылға қарай 1 159 235 тонна көмірқышқыл газына тең көміртегі шығарындыларының өтеміне әкеледі.

Автоматтандырылған онлайн мониторинг жүйесін (ОМЖ) енгізуге қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелері негізінде Атырау МӨЗ-індегі, Павлодар МӨЗ-ындағы және Шымкент МӨЗ-індегі бірқатар стационарлық көздері және 2

өндірістік қоры (Қазақойл-Ақтөбе және ММГ) ОМЖ-ні енгізу жөніндегі міндеттеме шеңберіне кіреді. Топтың басқа мүшелері шығарындылар нормасының талап етілетін өлшемшарттарына сәйкес келмейтіндіктен, ОМЖ-ні енгізу талаптарына бағынбайды. Бұл бірліктерде ОМЖ-ні енгізу құны шамамен 13 миллион АҚШ долларын құрады, дегенмен Ресей-Украина қақтығысынан туындаған соңғы экономикалық тұрақсыздықты, соның ішінде айырбас бағамының құбылмалылығын, жеткізілім тізбегінің бұзылуын ескере отырып, ОМЖ-ні енгізу шығындары өсуі мүмкін.

Айырбас бағамдарындағы өзгерістер

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдер үшін ҚРҰБ (дөңгелектеумен түзетуден кейін) есептеген мерзімнің орташа бағамы және мерзім соңындағы теңге/АҚШ доллары айырбас бағамы берілген:

Мерзімнің аяқталуы	Мерзімнің орташа бағамы⁽¹⁾	Мерзім-соңы
	<i>(1,00 АҚШ долларына шаққандағы теңге)</i>	
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	382,87	382,59
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	413,46	420,91
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	426,06	431,80
2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай	424,22	427,89
2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай	450,06	470,34

Ескертпе:

(1) «Қазақстан қор биржасы» АҚ хабарлаған орташа алынған айырбас бағамы.

Дереккөз: «Қазақстан қор биржасы» АҚ

Теңге/АҚШ долларының айырбас бағамы Компания қызметінің нәтижелеріне әсер етеді, оның себебі (i) Компанияның шикі мұнай мен өңделген мұнай өнімдерін сатудан түсетін шоғырландырылған кірісінің басым бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген, ал Компания шығындарының едәуір көп бөлігі теңгемен көрсетілген және (ii) Компанияның қарыздары мен кредиторлық берешегінің айтарлықтай басым бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген. Тиісінше, теңге/АҚШ доллары айырбас бағамының ауытқуы Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне айтарлықтай әсер етті және әсер етуді жалғастыруы мүмкін.

Бір жағынан, Компанияның АҚШ долларымен көрсетілген елеулі міндеттемелері бар, осылайша теңгенің АҚШ долларына қатысты девальвациясы Компанияның жиынтық табысы туралы шоғырландырылған есептілікте танылатын шетел валютасын қайта есептеу кезіндегі шығындарға әкеледі. Алайда, жалпы алғанда, теңгенің кез келген одан әрі девальвациясы немесе құнсыздануы Компанияның сатудан түскен шоғырландырылған табысына жағымды әсерін тиігеді, себебі Компания кірісінің көп бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның шетел валютасындағы кейбір тартылған қарыз қаражаты хеджирлеу құралдары ретінде белгіленді. Бұл тартылған қарыз қаражаты Топтың шетелдік қызметке салған инвестициялары бойынша АҚШ долларының валюталық тәуекеліне Топтың тәуекелін хеджирлеу үшін пайдаланылады. Осы қарыз қаражатын аударудан 233 582 миллион теңге мөлшеріндегі түскен шығын 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда танылды (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 43,956 миллион теңге шығынмен салыстырғанда) және басқа жиынтық табыс құрамына ауыстырылды, бұл еншілес кәсіпорындарға (шетелдік қызметке) таза инвестицияларды қайта есептеуден түскен пайда мен шығынды ішінара теңдестірді.

«- Нарықтық тәуекел туралы сандық және сапалық ақпаратты ашу - Шетелдік-валюталық тәуекел» және «Тәуекел факторлары - Компанияның бизнесіне қатысты тәуекелдер - Компания айырбас және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырауы мүмкін.» тарауын қараңыз.

«QazaqGas» компаниясын иеліктен шығару

2021 жылдың 9 қарашасында Компания Qazaqgaz (бұрынғы «ҚазТрансГаз») компаниясындағы 100 пайыздық үлесін «Самұрық-Қазына» қорына берді. Qazaqgaz-дың акцияларын «Самұрық-Қазына» қорына беру Үкіметтің ұлттық газ барлау, өндіру және тасымалдау операторын құру стратегиясына сәйкес жүзеге асырылды.

«Qazaqgaz» компаниясын иеліктен шығару Топ қызметі нәтижелерінің кезең-кезеңмен

салыстырылуына әсер етті. 2021 жылдың 8 қарашасынан бастап «Qazaqgaz» компаниясы тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді. «Qazaqgaz» компаниясының бизнесі 2021 жылдың 8 қарашасына дейін Топтың газ саудасы мен тасымалдау сегментін толық қамтыды. «Qazaqgaz» компаниясының иеліктен шығарылуына байланысты газ саудасы және тасымалдау сегменті енді сегменттік жазбада көрсетілмейді. Кейін, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жиынтық табыс және ақша ағындары туралы шоғырландырылған есептілік ретроспективті түрде қайта тұжырымдалды. Qazaqgaz-дың 2021 жылғы 8 қарашада аяқталған және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған мерзімдегі нәтижелері туралы қосымша ақпарат алу үшін 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 5-ескертпесін қараңыз.

Мұнайды тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердің өзгеруі

Компанияның мұнай тасымалдаудан түскен кірісі оның клиенттерінен алынатын тарифтер есебінен құралады. Мұнайды ішкі және транзиттік тасымалдау тарифтерін тиісінше Табиғи монополиялар комитеті мен Энергетика министрлігі реттейді, ал мұнайды экспортқа тасымалдауды реттеу 2015 жылдың мамыр айында тоқтатылды. «Бизнес – Тасымалдау - Шикі мұнайды тасымалдау - Шикі мұнайды тасымалдау тарифтері және ең төменгі көлемі» және «Тәуекел факторлары - Компания бизнесіне қатысты тәуекелдер - Топ мұнайды тасымалдаудың реттелетін тарифтерімен байланысты тәуекелдерге тап болады, олардың кейбірін Үкімет өзіндік құнынан төмен бағамен белгілеген және белгілеуі мүмкін» тарауын қараңыз.

Мұнайды тасымалдау

Мұнайды тасымалдаудан түсетін кіріс негізінен ҚТО және ҚҚК басқаратын құбыр-жүйелері арқылы экспортқа шикі мұнайды тасымалдауға арналған олардың ұзақ мерзімді келісімшарттары бойынша қалыптасады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ҚТО, ҚҚК және «МұнайТас» ЖШС тасымалдайтын мұнайдың 26 пайызы экспортқа, 41 пайызы ішкі тасымалдарға, 31 пайызы Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдарға бөлінген, бұл ретте ҚҚК мұнайды тек экспортқа тасымалдады. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, ҚТО, ҚҚК және «МұнайТас» ЖШС тасымалдайтын мұнайдың 25 пайызы экспортқа, 46 пайызы ішкі тасымалдарға, 31 пайызы Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдарға бөлінген.

Экспорт. ҚТО, ҚҚК немесе «МұнайТас» ЖШС тарапынан магистралдық құбыржол арқылы шикі мұнай экспорты және транзиті тарифтерінің мемлекеттік реттеуі жоқ, дегенмен ҚҚК шикі мұнай экспортының тарифі тараптар арасындағы акционерлердің келісіміне сәйкес белгіленеді. Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдер ішінде қолданылатын шикі мұнай экспортының тарифтері келтірілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	2022	2021	2020	2019
ҚазТрансОйл (1000 км тоннаға - теңге)			6 399 (2020 жылдың 1 наурызынан бастап 7 359)	7 359
Қазақстан-Қытай құбыры (1000 км тоннаға - теңге)	7 603	7 359	6 799	6 799
«МұнайТас» ЖШС (1000 км тоннаға - теңге)	5 912	5 912	5 912	5 912
Каспий Құбыр Консорциумы (тоннаға АҚШ доллары)	36	38	38	38

Ішкі нарық. Ішкі тарифтер Табиғи монополиялар комитетімен бекітілуі тиіс. Табиғи монополиялар комитеті көрсетілген мерзімдерге арналған шикі мұнайды ішкі тасымалдаудың мынадай ең жоғары тарифтерін бекітті:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
	2022	2021	2020	2019
ҚазТрансОйл (1000 км тоннаға - теңге)	3 729	4 356 (2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 4 328)	4 110 (2020 жылдың 1 ақпанынан бастап 6 456)	4 772 (2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 4 717)
Қазақстан-Қытай құбыры (1000 км тоннаға - теңге)	4 359	4 323,7	1 ақпанынан	7 158

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2022	2021	2020	2019
			бастап 7 158)	
			5 457,3	5 724
			(2020 жылдың 25 желтоқсанынан бастап 5 912)	(2019 жылдың 1 шілдесінен бастап 5 912)
«МұнайТас» ЖШС (1000 км тоннаға - теңге)	5 912	5 912		

Транзит. Сондай-ақ, ҚТО мен КҚК ресейлік шикі мұнайдың Қытайға олардың құбыр жүйелері арқылы транзиті үшін белгіленген тарифтерді алады. Магистральдық құбыржол арқылы шикі мұнай транзиті тарифтері Энергетика министрлігімен бекітілуі тиіс. Энергетика министрлігі 2023 жылға дейін келесі тарифтерді белгіледі: (i) ҚТО үшін тоннасына 4,23 АҚШ доллары және (ii) КҚК үшін 10,77 АҚШ доллары.

Топ алатын тарифтердің кез келген көтерілуі Компания алған мұнайды тасымалдау төлемдерінің, сондай-ақ оның табыстылығына жағымды әсерін тигізді және болашақта да әсер етеді және көтеріледі деп күтілуде. Керісінше, мұндай тарифтердің көтерілуі бұрында да болған және болашақта да компанияның ТШО, ҚПО және NSOC сияқты жоғары сатыдағы кәсіпорындары мен қауымдасқан кәсіпорындарына жағымсыз әсері әлсіз болады деп күтілуде.

Компанияның күрделі қаржы шығыны бағдарламасындағы өзгерістер

Компанияның бірлескен компанияларының жобалары бойынша күрделі қаржы жұмсалымы тиісті бірлескен компания деңгейінде қаржыландырылғанымен, қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, Компания, ең алдымен, 2019 жылы аяқталған және шамамен 1,5 трлн теңге (немесе АҚШ доллары) тұратын мұнай өңдеу зауытын жаңғырту бағдарламасына байланысты күрделі шығындар мен инвестицияның айтарлықтай деңгейіне ие болды. «Операциялық және қаржылық шолу—Жалпы күрделі қаржы шығыны» тарауын қараңыз. Сондай-ақ, Компания болашақта күрделі қаржы жұмсалымын көп қажет ететін жобалармен айналыса алады.

Компания қабылдаған осы және басқа да күрделі қаржы жұмсалымын қажет ететін жобалардың нәтижесінде Компанияның жалпы күрделі қаржы жұмсалымы 2020 жылы 454,2 млрд теңгемен және 2019 жылы 505,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылы 414,2 млрд теңгені құрады. Қазіргі уақытта Компания қысқа және орта мерзімді болашақта күрделі қаржы жұмсалымы бойынша міндеттемелерінің басым бөлігі өндірістің ағымдағы деңгейін қолданыстағы деңгейде сақтауға бағытталған жобалармен байланысты болады деп күтеді.

Бірлескен кәсіпорындардан және қауымдасқан компаниялардан түскен пайда үлесіндегі өзгерістер

Компания тікелей де, өзінің еншілес кәсіпорындары арқылы да бірінші кезекте ТШО, КҚК, NSOC және ММГ компанияларын қоса алғанда, үшінші тараптармен бірлескен кәсіпорындар құру туралы бірқатар келісімдердің қатысушысы болып табылады. 2022 және 2021 жылдардағы 30 маусым аяқталған алты айда және 2021, 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдары Компания өзінің шоғырландырылған пайдасының едәуір бөлігін ТШО, КҚК, Қашаған, ММГ және басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алды. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компанияның ТШО-дағы бірлескен кәсіпорындағы 20 пайыздық үлесіне қатысты жиынтық кіріс 401,1 млрд теңгені құрады және Компанияның бірлескен кәсіпорындағы жалпы үлестері мен қауымдасқан компанияларына қатысты жиынтық кірісі 643,5 миллиард теңгені құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Компанияның ТШО-дағы бірлескен кәсіпорындағы 20 пайыздық үлесіне қатысты жиынтық кіріс 442 млрд теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) құрады және Компанияның бірлескен кәсіпорындағы жалпы үлестері мен қауымдасқан компанияларына қатысты жиынтық кірісі 769 миллиард теңгені құрады. Тиісінше, Компанияның кірістілігіне толық бақылауды ұстамайтын бірлескен кәсіпорындардағы қызметтердің нәтижелері елеулі түрде әсерін тигізді және әсер етуді жалғастырады деп күтілуде.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қызметтің нәтижелерін 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты аймен салыстыру

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2022	2021 (қайта есептелген)
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Түсім және басқа да кірістер		
Клиенттермен жасалған келісімшарттардан түскен кіріс	4 203 150	2 672 028
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто.....	643 548	324 165
Қаржылық кіріс	52 902	34 645
Бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен пайда	—	2 674
Басқа да операциялық кіріс	10 038	14 381
Түсім және басқа да кірістер жиыны	4 909 638	3 047 893
Шығыстар мен шығындар		
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(2 817 958)	(1 621 125)
Өндірістік шығыстар.....	(482 206)	(312 816)
Табыс салығынан басқа салықтар	(291 171)	(189 918)
Тозу, таусылу және амортизация	(163 416)	(160 082)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар.....	(69 811)	(65 552)
Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	(66 793)	(57 079)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын қалпына келтіру/(құнсыздануы)	630	(3 758)
Барлау шығыстары	—	(19 800)
Қаржылық шығындар	(153 361)	(115 824)
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто	(39 920)	3 780
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған залал.....	—	(1 351)
Басқа шығыстар.....	(14 072)	(8 595)
Шығыстар мен шығындар жиыны.....	(4 098 078)	(2 552 120)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда.....	811 560	495 773
Табыс салығы бойынша шығыстар	(134 600)	(106 085)
Жалғасып отырған қызмет мерзімінде болған пайда.....	676 960	389 688
Тоқтатылған қызмет		
Тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін бір жылғы пайда	—	254 745
Кезең ішіндегі таза пайда	676 960	644 433
Мыналарға түсетін кезең ішіндегі таза пайда:		
Бас компанияның акционерлеріне	656 162	643 859
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	20 798	574
	676 960	644 433

Клиенттермен жасалған келісімшарттардан түскен кіріс

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жалпы кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 2 672,0 миллиард теңгемен салыстырғанда 4 203,2 миллиард теңгені құрады, бұл 1 531,2 миллиард теңгеге немесе 57,3 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, Brent маркалы мұнай бағасының өсуі нәтижесінде шикі мұнай мен газ сатылымының өсуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның кірісі туралы белгілі бір ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2022	2021 (қайта есептелген)
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Шикі мұнай мен газды сату.....	2 386 316	1 382 482
Өңделген мұнай өнімдерін сату	1 498 893	975 631
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу.....	107 389	102 459

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2022	2021 (қайта есептелген)
Мұнайды тасымалдау қызметтері.....	84 454	84 276
Басқа да кірістер.....	126 098	127 180
Жиыны.....	4 203 150	2 672 028

Шикі мұнай мен газды сату

Компанияның шикі мұнай мен газды сатудан түскен жалпы кірісі 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1 382,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 1 003,8 миллиард теңгеге немесе 72,6 пайызға өсіп, 2 386,3 миллиард теңгеге жетті. Бұл өсім, негізінен, шикі мұнай мен газды сату көлемінің шамалы төмендеуіне қарамастан, мұнайдың орташа алынған әлемдік бағасының өсуіне байланысты болды.

Өңделген мұнай өнімдерін сату

Компанияның өңделген мұнай өнімдерін сатудан түскен жалпы кірісі 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 975,6 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 523,3 миллиард теңгеге немесе 53,6 пайызға өсіп, 1 498,9 миллиард теңгеге жетті. Бұл өсім, негізінен, өңделген өнімдердің орташа сату бағасының өсуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерде алыс-беріс көлемі мен сатылымды қоспағанда, Компания бас әрекет етуші тұлға болып табылатын өңделген өнімдерді сату туралы белгілі бір ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін	
	2022	2021
Өңделген мұнай өнімдерін сату (млрд. теңге)	1 498,9	975,6
Өңделген мұнай өнімдерінің көлемі (мың тонна)	4 605	4 443
Мұнай өнімдерінің бір тоннаға шаққандағы орташа бағасы (теңге).....	325 493	219 588

Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеуден түскен кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 102,5 миллиард теңгемен салыстырғанда 107,4 миллиард теңгені құрады, бұл 4,9 миллиард теңгеге немесе 4,8 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім Компанияның мұнай өңдеу зауыттарындағы қайта өңдеу көлемінің шамалы өскенін көрсетеді.

Мұнайды тасымалдау қызметтері

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мұнайды тасымалдау қызметтерінен түскен кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 84,3 миллиард теңгемен салыстырғанда 84,5 миллиард теңгені құрады, бұл 178 миллион теңгеге немесе 0,2 пайызға шамалы өсуді көрсетеді. Бұл өсім «МұнайТас» ЖШС және ҚҚҚ арқылы жеткізілетін мұнай көлемінің ұлғаюы нәтижесінде есепті мерзімде магистральдық құбыржолдар арқылы мұнайды тасымалдаудың жалпы көлемінің шамалы ұлғаюын көрсетеді.

Басқа да кірістер

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы басқа кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 127,2 миллиард теңгемен салыстырғанда 126,1 миллиард теңгені құрады, бұл 1,1 миллиард теңгеге немесе 0,9 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, мұнай өндіруші компаниялардан түсетін тапсырыстардың азаюына байланысты, мұнай қызметтік сервистік компаниялары орындайтын жұмыс көлемінің төмендеуі нәтижесінде орын алды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы бірлескен кәсіпорындардың және қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі таза үлес 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған

алты айдағы 324,2 миллиард теңгеден 643,5 миллиард теңгеге дейін, яғни 319,3 миллиард теңгеге немесе 98,5 пайызға өсті. Бұл өсім, негізінен, Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық споттық бағасы өскеннен кейін, пайданың ТШО компаниясынан 202,1 млрд теңгеге, Қашағаннан 66,5 млрд теңгеге, КҚК-дан 24 млрд теңгеге және ММГ компаниясынан 14 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты болды. Төмендегі кестеде Компанияның бірлескен кәсіпорындарының және қауымдасқан компанияларының көрсетілген мерзімдердегі табысы (залалы) туралы белгілі ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2022 (миллион теңгемен)	2021 (қайта есептелген) (миллион теңгемен)	
<i>Бірлескен кәсіпорындар</i>			
«Теңізшевройл» ЖШС	401 091	199 005	101,5
ҚМГ Қашаған Б.В.	97 303	30 798	215,9
Mangistau Investments B.V.	40 587	26 794	51,5
«Қазгермұнай» БК ЖШС	10 758	4 099	162,5
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	8 977	6 881	30,5
«ҚазРосГаз» ЖШС	8 512	9 165	(7,1)
Valseira Holdings B.V.	5 537	4 551	21,7
«Казакойл-Ақтобе» ЖШС	5 170	2 737	88,9
«ТеңізСервис» ЖШС	(2 015)	(3 096)	(34,9)
Ural Group Limited	(4 491)	(5 220)	(14,0)
Басқа	1 087	1 828	(40,5)
<i>Қауымдасқан компаниялар</i>			
Каспий Құбыр Консорциумы	63 709	39 321	62,0
«PetroKazakhstan Inc.» компаниясы	2 745	5 832	(52,9)
Басқа	4 578	1 470	211,4
	643 548	324 165	98,5

Қаржылық кіріс

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қаржылық кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 34,6 миллиард теңгемен салыстырғанда 52,9 миллиард теңгені құрады, бұл 18,3 миллиард теңгеге немесе 52,9 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, көбінесе, банктік депозиттер, қаржылық активтер, несиелер мен облигациялар бойынша пайыздық кірістердің артуына байланысты болды.

Басқа да операциялық кіріс

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 14,4 млрд теңгемен салыстырғанда басқа операциялық кірістің 10,0 млрд теңгесін тіркеді, бұл 4,4 миллиард теңгеге немесе 30,6 пайызға төмендегенін көрсетеді. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жағдайға сәйкес, бұл басқа да операциялық кірістердің төмендеуі негізінен келісімшарттар бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарға, тауарлық қорларды сатуға, жалдау ақысына қатысты болды.

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1 621,1 миллиард теңгемен салыстырғанда 2 818,0 миллиард теңгені құрады, бұл 1 196,9 миллиард теңгеге немесе 73,8 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, Brent маркалы шикі мұнайдың орташа жылдық споттық бағасының 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 106,92 доллардан 2021 жылдың дәл сол мерзімінде 64,8 долларға дейін өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құнсыздануы 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 424,22-ден 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 450,06 теңге/АҚШ долларына тең болуымен байланысты.

Төмендегі кестеде Компанияның көрсетілген мерзімдерде сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құнына қатысты белгілі ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс
	2022	2021 (қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	2 149 835	1 216 468	76,7
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны.....	413 961	251 415	64,7
Материалдар мен қорлар	175 046	112 835	55,1
Қайта сату үшін сатып алынатын газ.....	42 870	23 573	81,9
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері.....	36 246	16 834	115,3
Жиыны.....	2 817 958	1 621 125	73,8

Қайта сату үшін сатып алынатын мұнайға жұмсалатын шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1 216,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 933,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 2 149,8 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды.

Қайта өңдеуге арналған мұнай құнының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 251,4 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 162,6 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 414,0 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды.

Материалдар мен қорлар құнының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 112,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 62,2 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 175,0 млрд теңгені құрауы, негізінен, «KMG I» компаниясының шикізат және өңдеу материалдарына жоғары шығындарға тап болуымен, сондай-ақ жанар-жағармай құю станцияларындағы тауарлардың қымбаттауымен байланысты болды. Жеткізушілерден газды сатып алуды реттейтін заңнамаға енгізілген өзгерістерден кейін мұнай өңдеу шығындарының өсуі байқалды.

Қайта сату үшін сатып алынатын газ құнының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 23,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 19,3 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 42,9 млрд теңгені құрауы, ең алдымен, газдың орташа бағасының жоғарылауы мен амортизацияның төмендеуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен, сондай-ақ сату көлемінің артуымен байланысты болды.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 16,8 млрд теңгемен салыстырғанда, қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері көлемінің 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 19,4 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 36,2 млрд теңгені құрауы, негізінен мұнайдың әлемдік бағасы көтерілгеннен кейін және қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдерінің жоғары бағасымен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен, сондай-ақ сату көлемінің төмендеуімен байланысты болды.

Өндірістік шығыстар

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы өндірістік шығыстар 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 312,8 миллиард теңгемен салыстырғанда 482,2 миллиард теңгені құрады, бұл 169,4 миллиард теңгеге өсуді көрсетеді. Бұл өсім ең алдымен жалақыға, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге, электр қуатына және тасымалдауға жұмсалатын шығыстардың ұлғаюына байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның өндірістік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс
	2022	2021 (қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Жалақы бойынша шығыстар	187 959	146 951	27,9
Мұнай өнімдерін сату бойынша келтірілген залал.....	78 908	7 879	901,5
Электр қуаты	63 497	43 577	45,7
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	63 431	45 540	39,3
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар.....	35 137	13 383	162,5
Тасымалдау бойынша шығыстар	30 448	21 179	43,8

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2022	2021 (қайта есептелген)	
Басқа.....	22 826 <i>(миллион теңгемен)</i>	34 307	(33,5)
	482 206	312 816	54,2

Жалақы бойынша шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 146,0 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 41,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 188,0 млрд теңге құрауы, негізінен өндірістік қызметкерлердің жалақысын индексстеумен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды. Бұл қызметкерлердің тұрақтамауы мен жұмыс орындарының көбеюімен ішінара өтелді.

2021 жылғы 30 маусымдағы алты айдағы 7,9 млрд теңгемен салыстырғанда 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша алты ай ішінде мұнай өнімдері бойынша қаржы құралдарының деривативтері бойынша келтірілген залалдардың 78,9 млрд теңгеге дейін 71,0 млрд теңгеге артуы негізінен KMG International мұнай өнімдері бойынша деривативтерден туындайтын шығындардың артуына байланысты.

Электр қуатына арналған шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 43,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 19,9 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 63,5 млрд теңге құрауы, негізінен электр қуаты бағасының өсуіне байланысты болды.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері шығыстарының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 45,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 17,9 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 63,4 млрд теңге құрауы, негізінен 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда мұнай өңдеу зауыттарындағы көлемдердің жоғарылауы нәтижесінде жүргізілген жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының төменгі деңгейімен байланысты болды.

Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 13,4 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 21,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 35,1 млрд теңге құрауы, негізінен жалға алынған танкерлерді пайдалана отырып, ҚТКФ-тың мұнайды тасымалдау көлемін ұлғайтуымен байланысты болды.

Тасымалдау бойынша шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 21,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 9,2 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 30,4 млрд теңге құрауы, негізінен тасымалдау көлемдері мен тарифтердің ұлғаюына байланысты болды.

Басқа шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 34,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 11,5 миллиард теңгеге дейін төмендеуі, яғни 22,8 миллиард теңгені құрауы, ең алдымен, өндірістік үдеріс нәтижесіндегі «KMG International» компаниясының дайын өнімдер мен ағымдағы жұмыстарының өзгеруіне байланысты болды.

Табыс салығынан басқа салықтар

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы табыс салығынан басқа салықтар 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 189,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 291,2 миллиард теңгені құрады, бұл 101,3 миллиард теңгеге немесе 53,3 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім негізінен рента салығы, экспорттық кеден бажы және ПҚӨС бойынша шығындардың өсуі нәтижесінде орын алды.

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2022	2021 (қайта есептелген)	
		(миллион теңгемен)	
Шикі мұнай экспортына рента салығы.....	103 360	55 583	86,0
Экспорттық кеден бажы	60 132	49 231	22,1
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	58 532	41 763	40,2
Өзге салықтар	69 147	43 341	59,5
	291 171	189 918	53,3

Шикі мұнай экспортына рента салығының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 55,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 47,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 103,4 млрд теңге құрауы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануының және мұнайдың жоғары әлемдік бағасының арқасында орын алды.

Экспорттық кеден бажының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 49,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 10,9 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 60,1 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайдың әлемдік бағасының және экспорттық кеден бажының жоғарылауына және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануының арқасында орын алды.

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 41,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 16,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 58,5 млрд теңге құрауы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануына және мұнайдың жоғары әлемдік бағасына байланысты болды.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 43,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы шикі мұнай экспортына салынатын басқа салықтардың 25,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 69,1 млрд теңгені құрауы, ең алдымен, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы акцизделетін мұнай өнімдерін өндіру және сату көлемдерінің ұлғаюы нәтижесінде акциздік салық шығыстарының жоғарылауының, сондай-ақ қолданыстағы бағамның көтерілуіне қатысты заңнамадағы өзгерістерінің салдарынан орын алды.

Тозу, таусылу және амортизация

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 160,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы тозу, таусылу және амортизация 163,4 миллиард теңгені құрады, бұл 3,3 миллиард теңгеге немесе 2,1 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, капиталдық инвестицияның кеңеюіне, сондай-ақ АҚШ долларының жоғары айырбас бағамына байланысты орын алды.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 65,6 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы тасымалдау және сату бойынша шығыстар 69,8 миллиард теңгені құрады, бұл 4,2 миллиард теңгеге немесе 6,4 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, АҚШ долларының жоғары айырбас бағамына, сондай-ақ 2021 жылғы есепті мерзімімен салыстырғанда, COVID-19 індетін таратпау шараларының әлсіреуіне байланысты болды, бұл экспорт көлемінің төмендеуімен ішінара теңдестірілді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның тасымалдау және сату бойынша шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2022	2021 (қайта есептелген)	
		(миллион теңгемен)	
Тасымалдау.....	46 146	44 055	4,7
Жалақы бойынша шығыстар.....	7 156	6 017	18,9
Басқа.....	16 509	15 480	6,6
Жиыны	69 811	65 552	6,5

Тасымалдау бойынша шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 44,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 46,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануы және мұнайды тасымалдау көлемінің ұлғаюы салдарынан орын алды.

Жалақы бойынша шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 6,0 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 7,2 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен жалақыны индекстеу және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануы салдарынан орын алды.

Өзге шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 15,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 16,5 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануы салдарынан орын алды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 57,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жалпы және әкімшілік шығыстар 66,8 миллиард теңгені құрады, бұл 9,7 миллиард теңгеге өсуді көрсетеді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2022 (миллион теңгемен)	2021 (қайта есептелген) (миллион теңгемен)	
Жалақы бойынша шығыстар	31 696	27 341	15,9
Кеңес беру қызметтері	6 718	6 554	2,5
Техникалық қызмет көрсету шығыстары	2 828	2 167	30,5
Әлеуметтік төлемдер.....	2 030	1 842	10,2
Есепке алынбаған ҚҚС	1 477	1 199	23,2
Сауда дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы қаржы активтері бойынша күтілетін неселік залалды есептеу	928	3 105	(70,1)
Байланыс қызметтері	758	770	(1,6)
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер бойынша құнсыздану залалын есептеу/(қалпына келтіру)	262	75	249,3
Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша резервті есептеу	237	1 513	(84,3)
ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануын есептеу/(қалпына келтіру)	55	(2 075)	--
Басқа ⁽¹⁾	19 804	14 588	35,8
Жиыны.....	66 793	57 079	17,0

Ескертпе:

(1) Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар іссапар, байланыс қызметтері, компания өкілдіктері, жалға алу, күзет, банк қызметтері бойынша шығыстар мен айыппұлдардан тұрады.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 27,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жалақы бойынша шығыстардың 31,7 миллиард теңгеге дейін артуы, ең алдымен, бүкіл Топтағы қызметкерлердің жалақысын индекстеумен байланысты орын алды.

Кеңес беру қызметтері шығыстарының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 6,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 6,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен ағымдағы төрелік іс қарауларға қатысты заң қызметтері үшін төленген алымдарға байланысты орын алды.

Техникалық қызмет көрсету шығыстарының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 2,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 2,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануы салдарынан орын алды.

Әлеуметтік төлемдердің 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 2,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы негізінен жалақыны индекстеу салдарынан орын алды.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1,2 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1,5 миллиард теңгеге дейін есепке алынбаған ҚҚС-тың өсуі, ең алдымен, Қазақстанның бейрезиденттері көрсеткен қызметтердің үлкен көлеміне байланысты болды, Салық Кодексіне сәйкес бұл қызметтер бойынша ҚҚС қайтарылмайды (шығыстарға жатқызылуы тиіс).

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы сауда дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтер бойынша күтілетін несиелік залалды 0,9 миллиард теңге мөлшерінде есептеу, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы сауда дебиторлық берешек пен басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несиелік залалды 3,1 миллиард теңге мөлшерінде есептеумен салыстырғанда, ең алдымен, активтер сапасының артуының арқасында орын алды.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 1,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша резервті есептеудің 0,2 миллиард теңгеге дейін азаюы, негізінен, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы «ЕМГ» компаниясының экологиялық міндеттемелерге және газды жағу көлемдеріне байланысты жүйесіз айыппұлдарға ұшырау салдарынан орын алды.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануынан 55 миллион теңге мөлшерінде шығынды есептеу, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануынан 2,1 миллиард теңге мөлшерінде шығынды қалпына келтірумен салыстырғанда, ең алдымен, 2021 жылы «ЕмбіМұнайГаз» компаниясына салық органдарынан ҚҚС бойынша дебиторлық берешек қайтарылды және құнсыздану жойылды. Басқа жалпы және әкімшілік шығыстардың 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 14,6 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 19,8 миллиард теңгеге дейін ұлғаюы, ең алдымен, теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануының салдарынан орын алды.

Құнсыздануды қалпына келтіру/Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтер мен сатуға арналған активтердің құнсыздануы

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 3,8 млрд теңгемен құнсыздануды салыстырғанда, Компания 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтер мен сатуға арналған активтердің құнсыздануын қалпына келтіруде 0,6 млрд теңгені тіркеді. Бұл өзгеріс жою шығындарының төмендеуіне байланысты Технологиялық Көлік және Ұңғымаларға Техникалық Қызмет көрсету басқармасы ЖШС («UTTiOS» ЖШС) негізгі активтерінің құнсыздануының арқасында орын алды.

Басқа шығыстар

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 8,6 млрд теңгемен салыстырғанда басқа шығыстардың 14,1 млрд теңгесін тіркеді, бұл 5,5 миллиард теңгеге немесе 64,0 пайызға өскенін көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, шетел валютасындағы мәмілелерге қатысты шығындармен байланысты болды.

Қаржылық шығындар

Компания 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 115,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 153,4 миллиард теңгені құраған қаржылық шығындарды тіркеді, бұл 37,6 миллиард теңгеге немесе 32,5 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, теңгенің орташа айырбас бағамының әлсіреуі салдарынан несиелер мен облигациялар бойынша пайыздық шығыстардың өсуіне, сондай-ақ Қытайдың Эксим банкінен несиені мерзімінен бұрын өтеуге байланысты бұрын танылған шығындарды есептен шығаруға байланысты болды.

Таза бағамдық залал/пайда

Компания 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 3,8 миллиард теңге таза бағамдық пайдасымен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 39,9 миллиард теңге мөлшеріндегі таза бағамдық залалды тіркеді. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты

айдағы бағамдық айырмадан түскен таза шығыны негізінен айырбас бағамының өзгерістеріне байланысты болды.

Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдасы, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 495,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 811,6 млрд теңгені құрады.

Табыс салығы бойынша шығыстар

Компания 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 106,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 134,6 миллиард теңгені құраған табыс салығы бойынша шығыстарды тіркеді, бұл 28,5 миллиард теңгеге немесе 26,9 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, мұнайдың әлемдік бағасының және Компанияның мұнай сатуларын көрсететін салық салынатын табыстың көтерілуінен кейінгі корпоративтік табыс салығының өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануымен байланысты орын алды.

Жалғасып отырған қызметтен болған мерзім ішіндегі пайда

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның жалғасып отырған қызметтен болған мерзімі ішіндегі пайдасы 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 389,7 млрд теңгеден 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 287,3 млрд теңгеге өсіп, 677,0 млрд теңгені құрады.

Кезең ішіндегі таза пайда

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы таза табысы 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 644,4 млрд теңгемен салыстырғанда 677,0 млрд теңгені құрады, бұл 32,6 млрд теңгеге немесе 5,1 пайызға өсуді көрсетеді. Компанияның 2022 және 2021 жылдардағы 30 маусымда аяқталған алты айдағы таза пайдасы 16,1 пайызды және тиісінше, осы кезең ішіндегі Компания түсімі 24,1 пайызды құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қызметтің нәтижелерін 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстыру

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	2021	2020
	(қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Түсім және басқа да кірістер		
Түсім.....	5 838 793	3 624 964
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто.....	768 733	280 815
Қаржылық кіріс	84 599	87 987
Бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен пайда	19 835	-
Басқа да операциялық кіріс	30 779	19 020
Түсім және басқа да кірістер жиыны	6 742 739	4 012 786
Шығыстар мен шығындар		
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(3 596 491)	(1 901 236)
Өндірістік шығыстар.....	(693 031)	(656 178)
Табыс салығынан басқа салықтар	(428 639)	(254 322)
Тозу, таусылу және амортизация	(322 068)	(317 427)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	(131 912)	(137 144)
Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	(148 478)	(146 625)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы ...	(20 724)	(243 893)
Барлау шығыстары	(79 083)	(19 807)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы	(64)	(30 654)
Қаржылық шығындар	(249 265)	(265 372)
Таза (теріс)/оң бағамдық айырма	17 781	(16 189)

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	2021	2020 (қайта есептелген)
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Басқа шығыстар.....	(24 510)	(28 094)
Шығыстар мен шығындар жиыны.....	(5 676 484)	(4 016 941)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда/(шығын).....	1 066 255	(4 155)
Табыс салығы бойынша шығыстар.....	(221 393)	(85 276)
Жалғасып отырған қызмет мерзімінде болған пайда/(шығын)	844 862	(89 431)
Тоқтатылған қызмет		
Тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін бір жылғы пайда.....	352 478	261 328
Бір жылғы таза пайда.....	1 197 340	171 897
Мыналарға түсетін бір жылғы таза пайда/(зиян):		
Бас компанияның акционерлеріне	1 215 561	273 237
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	(18 221)	(101 340)
	1 197 340	171 897

Түсім

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3 625,0 миллиард теңгемен салыстырғанда 5 838,8 миллиард теңгені құрады, бұл 2 213,8 миллиард теңгеге немесе 61,1 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, негізінен Brent маркалы мұнай бағасының бір жылмен салыстырғанда 69,5 пайызға өсуіне, теңгенің АҚШ долларына қатысты 3,0% пайызға құнсыздануына және «KMG International» компаниясының мұнай саудасы мен сату көлемінің жоғарылауына байланысты болды. Кіріс өсімі МЭЕҰ+ келісіміне сәйкес белгілі бір кен орындарындағы өндірістің қысқаруымен және жетілген кен орындарындағы өндірістің табиғи төмендеуімен тежелді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның түсімі туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2021	2020 (қайта есептелген)
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Шикі мұнай мен газды сату.....	3 097 249	1 676 749
Өңделген мұнай өнімдерін сату.....	2 102 113	1 336 723
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу.....	203 425	193 659
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері.....	171 365	167 911
Басқа да кірістер.....	264 641	249 922
Жиыны.....	5 838 793	3 624 964

Шикі мұнай мен газды сату

Компанияның шикі мұнай мен газды сатудан түскен жалпы кірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 676,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 1 420,5 миллиард теңгеге немесе 84,7 пайызға өсіп, 3 097,2 миллиард теңгеге жетті. Бұл өсім, негізінен, шикі мұнайды сату көлемі жыл сайын өзгеріссіз қалатынына қарамастан, мұнайдың орташа алынған әлемдік бағасының өсуінің нәтижесі болды.

Өңделген мұнай өнімдерін сату

Компанияның өңделген мұнай өнімдерін сатудан түскен жалпы кірісі 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 336,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 30 желтоқсанда аяқталған жылда 765,4 миллиард теңгеге немесе 57,3 пайызға өсіп, 2 102,1 миллиард теңгеге жетті. Бұл өсім, негізінен, сатудың жоғары көлемі мен өңделген өнімдердің орташа сату бағасының өсуінің нәтижесінде орын алды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерде алыс-беріс көлемі мен сатылымды қоспағанда, Компания бас әрекет етуші тұлға болып табылатын өңделген өнімдерді сату туралы белгілі бір ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2021	2020
Өңделген мұнай өнімдерін сату (млрд. теңге)	2 102	1 337
Өңделген мұнай өнімдерінің көлемі (мың тонна)	9 065	8 391
Мұнай өнімдерінің бір тоннаға шаққандағы орташа бағасы (теңге).....	231 202	158 481

Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы мұнайды тасымалдау қызметтерінен түскен кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 167,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 171,4 миллиард теңгені құрады, бұл 3,5 миллиард теңгеге немесе 2,1 пайызға шамалы өсуді көрсетеді. Бұл шамалы өсім, ең алдымен, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда теңізбен мұнайды тасымалдау көлемінің ұлғаюымен байланысты болды.

Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеуден түскен кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 193,7 миллиард теңгемен салыстырғанда 203,4 миллиард теңгені құрады, бұл 9,8 миллиард теңгеге немесе 5,0 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» компаниясында мұнай сапасының төмендеуінен, мұнай өңдеу зауыттарында жүргізілетін техникалық қызмет көрсету бойынша профилактикалық жұмыстардан және қазақстандық нарықтағы сұраныстың төмендеуі нәтижесінде мұнай өңдеу зауыттарының төменгі деңгейдегі жұмысынан туындаған 2020 жылы мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізудің төмен деңгейімен байланысты болды. 2021 жылы өңдеу тарифтері де көтерілді.

Басқа да кірістер

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы басқа кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 249,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 264,6 миллиард теңгені құрады, бұл 14,7 миллиард теңгеге немесе 5,9 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, жанар-жағармай құю станцияларында басқа өнімдерді сатудан түскен оң бағамдық айырмасы есебінен орын алды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы бірлескен кәсіпорындардың және қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі таза үлес 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 280,8 миллиард теңгеден 768,7 миллиард теңгеге дейін, яғни 487,9 миллиард теңгеге немесе 173,8 пайызға өсті. Бұл өсім, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық споттық бағасы 2020 жылы 41,96 АҚШ долларынан 2021 жылы 70,86 АҚШ долларына дейін өскеннен кейін, пайданың ТШО компаниясынан 268,2 млрд теңгеге, Қашағаннан 95,4 млрд теңгеге, ММГ-дан 63,4 млрд теңгеге және «ҚазРосГаз» ЖШС-нен 20 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты болды. Төмендегі кестеде Компанияның бірлескен кәсіпорындарының және қауымдасқан компанияларының көрсетілген мерзімдердегі табысы (залалы) туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	(миллион теңгемен)		
«Теңішевройл» ЖШС.....	441 665	173 476	154,6
Каспий Құбыр Консорциумы	90 904	81 582	11,4
ҚМГ Қашаған Б.В.	88 629	(6 961)	-
Mangistau Investments B.V.	80 423	16 749	378,6
«ҚазРосГаз» ЖШС.....	20 952	957	2 089,3
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС.....	13 464	10 380	29,7
«Қазақойл-Ақтобе» ЖШС.....	13 379	2 448	446,5
Valseira Holdings B.V.	11 868	(6 137)	-
«PetroKazakhstan Inc.» компаниясы	8 042	(8 812)	-
«Қазгермұнай» БК ЖШС.....	6 108	15 622	(60,9)
«ТеңізСервис» ЖШС.....	(3 089)	3 891	-
Ural Group Limited.....	(11 060)	(10 265)	(7,7)
Басқа бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан	7 923	7 885	0,5

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	(миллион теңгемен)		
компаниялар	768 733	280 815	173,8

Қаржылық кіріс

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 88,0 миллиард теңгемен салыстырғанда 84,6 миллиард теңгені құрады, бұл 3,4 миллиард теңгеге немесе 3,9 пайызға шамалы төмендеуді көрсетеді. Бұл шамалы төмендеу, ең алдымен, нарықтық емес пайыздық мөлшерлеменен несие бойынша дисконтты тану арқылы есепке алынатын қаржылық активтерді әділ құн бойынша қайта бағалауға байланысты болды.

Бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен пайда

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен пайда 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда 19,8 миллиард теңгені құрады, бұл 19,8 миллиард теңгеге өсуді көрсетеді. Бұл өсім Атырау мұнай өңдеу зауытының еншілес ұйымы «Сұйытылған мұнай газын сақтау паркі» ЖШС-нің 2,7 млрд теңгеге сатылуының және Компанияның CaspiBitum-дағы үлесін 17,2 млрд теңгеге сатылуының арқасында орын алды.

Басқа да операциялық кіріс

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 19,0 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда Компания басқа операциялық кірістің 30,8 млрд теңгесін тіркеді, бұл 11,8 миллиард теңгеге немесе 61,9 пайызға өскенін көрсетеді. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы бұл басқа операциялық кіріс негізінен электрмен жабдықтау қызметтеріне қатысты.

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 901,2 миллиард теңгемен салыстырғанда 3 596,5 миллиард теңгені құрады, бұл 1 695,3 миллиард теңгеге немесе 89,2 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, Brent маркалы шикі мұнайдың орташа жылдық споттық бағасының 2020 жылы 41,96 АҚШ доллардан 2021 жылы 70,86 АҚШ долларға дейін өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына шаққандағы құнсыздануы 2020 жылы 413,46 теңге/АҚШ доллары мен 2021 жылы 426,06 теңге/АҚШ долларына тең болуымен байланысты.

Төмендегі кестеде Компанияның көрсетілген мерзімдерде сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа да материалдардың өзіндік құнына қатысты белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	(миллион теңгемен)		
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	2 626 857	1 311 169	100,3
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны.....	558 603	313 543	78,2
Материалдар мен қорлар	256 761	214 332	19,8
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері.....	97 964	45 870	113,6
Қайта сату үшін сатып алынатын газ.....	56 306	16 322	245,0
Жиыны.....	3 596 491	1 901 236	89,2

Қайта сату үшін сатып алынатын мұнайға жұмсалатын шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 311,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 315,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 2 626,9 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды. Шығындардың бұл өсуі мұнай сату көлемінің

төмендеуімен ішінара есепке алынды.

Қайта өңдеуге арналған мұнай құнының 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 313,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 245,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 558,6 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды.

Материалдар мен қорлар құнының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 214,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 42,4 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 256,8 млрд теңгені құрауы, негізінен, «KMG I» компаниясының шикізат және өңдеу материалдарына жоғары шығындарға тап болуымен, сондай-ақ жанар-жағармай құю станцияларындағы тауарлардың қымбаттауымен байланысты болды. Сондай-ақ жеткізушілерден газ сатып алуды реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізілгеннен кейін мұнай өңдеу шығындары да өсті.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 45,9 млрд теңгемен салыстырғанда, қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері көлемінің 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 52,1 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 98,0 млрд теңгені құрауы, негізінен мұнайдың әлемдік бағасы көтерілгеннен кейін және қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдерінің жоғары бағасымен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен, сондай-ақ сату көлемінің өсуімен байланысты болды.

Қайта сату үшін сатып алынатын газ құнының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 16,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 40,0 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 56,3 млрд теңгені құрауы, ең алдымен, газдың орташа бағасының жоғарылауы мен амортизацияның төмендеуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен, сондай-ақ сату көлемінің артуымен байланысты болды.

Өндірістік шығыстар

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы өндірістік шығыстар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 656,2 миллиард теңгемен салыстырғанда 693,0 миллиард теңгені құрады, бұл 36,9 миллиард теңгеге немесе 5,6 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім ең алдымен жалақыға, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге, электр қуатына және тасымалдауға жұмсалатын шығыстардың ұлғаюына байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның өндірістік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		
Жалақы бойынша шығыстар	310 672	294 529	5,5
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	116 151	103 124	12,6
Электр қуаты	98 258	81 910	20,0
Тасымалдау бойынша шығыстар	45 599	39 631	15,1
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар.....	28 213	33 822	(16,6)
Басқа.....	94 138	103 162	(8,7)
	693 031	656 178	5,6

Жалақы бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 294,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 310,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 310,7 млрд теңге құрауы, негізінен өндірістік қызметкерлердің жалақысын индекстеумен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды. Бұл қызметкерлердің тұрақтамауы мен жұмыс орындарының көбеюімен ішінара өтелді.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстарының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 103,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 116,2 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 116,2 млрд теңге құрауы, негізінен 2020 жылы COVID-19 індетінің таралуының алдын алу бойынша қолданылған шаралар нәтижесінде жүргізілген жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының төменгі

деңгейімен байланысты болды.

Электр қуатына арналған шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 81,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 16,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 98,3 млрд теңге құрауы, негізінен электр қуаты бағасының өсуіне байланысты болды.

Тасымалдау бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 39,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 6,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 45,6 млрд теңге құрауы, негізінен тасымалдау көлемдері мен тарифтерін көтерумен байланысты болды.

Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 33,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 5,6 млрд теңгеге дейін төмендеуі, яғни 28,2 млрд теңгеге түсуі, негізінен жалға алынған кемелерді сатып алғаннан кейін қысқа мерзімді жалдау бойынша «KMGІ» компаниясының шығыстарының төмендеуіне байланысты болды.

Басқа шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 103,2 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 9,0 миллиард теңгеге дейін төмендеуі, яғни 94,1 миллиард теңгені құрауы, ең алдымен, мұнай өндіруші кәсіпорындардағы дайын өнім теңгерімінің өзгерістеріне байланысты болды.

Табыс салығынан басқа салықтар

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы табыс салығынан басқа салықтар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 254,3 миллиард теңгемен салыстырғанда 428,6 миллиард теңгені құрады, бұл 174,3 миллиард теңгеге немесе 68,5 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім негізінен рента салығы, экспорттық кеден бажы және ПҚӨС бойынша шығындардың өсуі нәтижесінде орын алды.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		
Шикі мұнай экспортына рента салығы.....	129 056	41 120	213,9
Экспорттық кеден бажы	107 074	71 746	49,2
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	91 751	59 323	54,7
Өзге салықтар	100 758	82 133	22,7
	428 639	254 322	68,5

Шикі мұнай экспортына рента салығының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 41,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 87,9 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 129,1 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды. Бұл өсім ішінара экспортқа мұнайды сату көлемінің төменделуімен есепке алынды.

Экспорттық кеден бажының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 71,7 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 35,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 107,1 млрд теңге құрауы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануына алып келген мұнайдың әлемдік бағасының жоғарылауымен байланысты болды. Бұл өсім ішінара экспортқа мұнайды сату көлемінің төменделуімен есепке алынды.

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 59,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 32,4 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 91,8 млрд теңге құрауы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануына және мұнайдың жоғары әлемдік бағасына байланысты болды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 82,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы шикі мұнай экспортына салынатын басқа салықтардың 18,6 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 100,8 млрд теңгені құрауы ең алдымен, 2021 жылғы есепті мерзіміндегі акциздік салық шығыстарының жоғарылауының, сондай-ақ

қолданыстағы бағамның көтерілуіне қатысты заңнамадағы өзгерістердің салдарынан орын алды.

Тозу, таусылу және амортизация

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тозу, таусылу және амортизация 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 317,4 миллиард теңгемен салыстырғанда 322,1 миллиард теңгені құрады, бұл 4,6 миллиард теңгеге немесе 1,5 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, күрделі қаржы жұмсалымдарының дамуына байланысты болды.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тасымалдау және сату бойынша шығыстар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 137,1 миллиард теңгемен салыстырғанда 131,9 миллиард теңгені құрады, бұл 5,2 миллиард теңгеге немесе 3,8 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, мұнай экспортының көлемінің төмендеуімен байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның тасымалдау және сату бойынша шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021 (миллион теңгемен)	2020 (қайта есептелген) (миллион теңгемен)	
Тасымалдау.....	87 282	94 800	(7,9)
Жалақы бойынша шығыстар.....	11 899	12 811	(7,1)
Басқа.....	32 731	29 533	10,8
Жиыны.....	131 912	137 144	(3,8)

Тасымалдау бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 94,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 87,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, негізінен мұнай экспортының көлемінің төмендеуімен байланысты болды.

Жалақы бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 12,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 11,9 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен «KMG I» компаниясында қызметкерлердің тұрақтамауынан кейін бос жұмыс орындар санының артуы салдарынан қызметкерлердің еңбекақысына жұмсалатын шығыстардың қысқаруына байланысты болды.

Өзге шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 29,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 32,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануы салдарынан орын алды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы және әкімшілік кірістер 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 146,6 миллиард теңгемен салыстырғанда 148,5 миллиард теңгені құрады, бұл 1,9 миллиард теңгеге немесе 1,3 пайызға шамалы өсуді көрсетеді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021 (миллион теңгемен)	2020 (қайта есептелген) (миллион теңгемен)	
Жалақы бойынша шығыстар.....	63 844	63 360	0,8
Басқару қызметтеріне арналған ақылар.....	21 428	-	-
Кеңес беру қызметтері.....	15 912	21 893	(27,3)
Техникалық қызмет көрсету шығыстары.....	5 620	6 163	(8,8)
Әлеуметтік төлемдер.....	4 594	5 028	(8,6)
Байланыс қызметтері.....	4 081	3 624	12,6

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2021 (миллион теңгемен)	2020 (қайта есептелген)	
Сауда дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалды есептеу	3 268	3 460	(5,5)
Есепке алынбаған ҚҚС	2 599	3 166	(17,9)
Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша резервті есептеу	2 114	12	17 516,7
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер бойынша құнсыздану залалын есептеу/(қалпына келтіру)	101	(65)	
ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануын (қалпына келтіру)/есептеу.....	(5 144)	6 432	
Басқа ⁽¹⁾	30 061	33 552	(10,4)
Жиыны.....	148 478	146 625	1,3

Ескертпе:

(1) Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар іссапар, байланыс қызметтері, компания өкілдіктері, жалға алу, күзет, банк қызметтері бойынша шығыстар мен айыппұлдардан тұрады.

Жалақы бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 63,4 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 63,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, негізінен бүкіл Топтағы қызметкерлердің жалақысын индекстеумен және АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануымен байланысты болды. Өсім оңтайландыру үдерісінің нәтижесінде 2020 жылы «KMG I» және ҚМГ бас кеңсесінің ұйымдық құрылымындағы өзгерістермен ішінара есепке алынды.

Басқару қызметтеріне арналған ақы «ҚазРосГаз» басшылығының төлемін көрсету үшін қосылды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы бұл шығындар Компанияның 2021 жылғы 8 қарашаға дейін топтастырылуының бөлігі болған Qazaqgaz пайдасына төленгендіктен пайда болды.

Кеңес беру қызметтері шығыстарының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 21,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 15,9 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен ағымдағы төрелік іс қарауларға қатысты заң қызметтері үшін төленген алымдарға байланысты орын алды.

Техникалық қызмет көрсету шығыстарының 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 6,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 5,6 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен «ҚазМұнайГаз Өнімдері» компаниясына байланысты орын алды. Бұл төмендеу теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануымен ішінара өтелді.

Әлеуметтік төлемдердің 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 5,0 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 4,6 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен 2020 жылдың ортасында ұйымдық құрылымды оңтайландырумен байланысты болды. Бұл төмендеу ішінара 2021 жылы мобилизация және тіркеу үдерісі кешіктірілгеннен кейін, соның ішінде «ҚМГ-Қарашығанақ» компаниясы шетелдік қызметкерлері үшін тұрғын үйді жалға алуға байланысты өтемақы төлемдерінің өсуімен өтелді.

Байланыс қызметтері бойынша шығыстарың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 4,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің құнсыздануының және жоғарылаған тарифтердің салдарынан орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы сауда дебиторлық берешек пен басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несиелік залалды 3,5 миллиард теңге мөлшерінде есептеумен салыстырғанда, 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы сауда дебиторлық берешек пен басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несиелік залалды 3,3 миллиард теңге мөлшерінде есептеу, негізінен, активтер сапасының артуына байланысты болды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3,2 миллиард теңгемен салыстырғанда 2021

жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 2,6 миллиард теңгеге дейін өтелмейтін ҚҚС-тың төмендеуі, ең алдымен, салықтан босатылған сату көлемінің азаюы нәтижесінде есептен шығарылмаған ҚҚС бабы бойынша шығыстардың қысқаруына байланысты болды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша резервті есептеудің 2,1 млрд теңгеге дейін өсуі, ең алдымен, ЕМГ-ның газды шамадан тыс жағу және қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу үшін салған экологиялық айыппұлдармен және Батуми мұнай терминалын инвентаризациялау кезінде анықталған материалдық активтердің жетіспеушілігінен кейін ҚТО-ның айыппұлдарды төлегенімен байланысты болды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 6,4 миллиард теңге ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануын есептеумен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануының 5,1 миллиард теңгеге қалпына келтірілуі қайтарылуы ең алдымен, ҚҚС бойынша құнсызданудың төмендеуіне, атап айтқанда, ЕМГ 2021 жылы мемлекеттік бюджеттен күтетін ҚҚС-тың қайтарылуына және тиімсіз деп танылған Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі Жамбыл кен орнындағы көмірсутектерді барлау жөніндегі Жамбыл жобасына қатысты компания есептеген 2020 жылғы құнсыздануына, осыған орай, кен орны 2022 жылы мемлекет меншігіне өтуіне байланысты болды.

Басқа жалпы және әкімшілік шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 33,6 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 30,1 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен үнемдеу және шығындарды оңтайландырумен байланысты болды.

Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтер мен сатуға арналған активтердің құнсыздануы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қалпына келтірудегі 243,9 млрд теңгемен салыстырғанда, Компания 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтер мен сатуға арналған активтердің құнсыздануын қалпына келтіруде 223,2 млрд теңгеге немесе 91,5 пайызға төмендеуді тіркеді. Құнсызданудан болған шығын сомасына «KMG International» компаниясы активтерінің 8 млрд теңге, Сұңқар, Барыс және Бүркіт өздігінен жүретін баржалары үшін 4,5 млрд теңге және басқа активтер үшін 8 млрд теңге мөлшерінде құнсыздануы кіреді. Активтердің құнсыздануынан болған шығын 2021 жылы айтарлықтай төмен болды, өйткені KMG I және ЕМГ негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздану белгілерін көрсетпеді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі құнсыздану және қалпына келтіру шығындары көрсетілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс
	2021	2020 (қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Негізгі құралдар	17 013	221 112	(-92,3)
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	3 770		
Барлау және бағалау бойынша активтер		16 389	
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		142	
Материалдық емес активтер	(59)	6 250	
	20 724	243 893	(91,5)

Басқа шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 28,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы Компания басқа шығыстың 24,5 млрд теңгесін тіркеді, бұл 3,6 миллиард теңгеге немесе 12,8 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, үнемдеу мен шығындарды оңтайландыру салдарынан орын алды.

Қаржылық шығындар

Компания 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 265,4 миллиард теңгемен

салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 249,3 миллиард теңгені құраған қаржылық шығындарды тіркеді, бұл 16,1 миллиард теңгеге немесе 6,1 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, Компанияның 2022 және 2023 жылдарға арналған облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеуіне байланысты болды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы 4 078,4 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалпы қарыздары 3 746,3 миллиард теңгені құрады.

Таза теріс бағамдық айырма

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 16,2 миллиард теңгедегі таза теріс бағамдық айырмамен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Компания 17,8 миллиард теңге мөлшерінде таза оң бағамдық айырмаға қол жеткізді. 2021 жылғы таза оң бағамдық айырма негізінен айырбас бағамының өзгеруіне байланысты орын алды.

Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда/(шығын)

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайдасы, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 4,2 млрд теңге мөлшеріндегі шығынмен салыстырғанда, 1 066,3 млрд теңгені құрады. 2021 жылы табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда, ең алдымен, мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы Компания үлесіне және негізгі активтердің айтарлықтай құнсызданбауына байланысты болды. 2020 жылғы шығын, ең алдымен, активтердің айтарлықтай құнсыздануымен қоса, бағалардың, кірістердің, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы Компания үлесінің төмендеуіне байланысты болды. Бұл залал ішінара сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құнының төмендеуімен және табыс салығынан басқа салықтардың төмендеуімен өтелді.

Табыс салығы бойынша шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 85,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, Компания 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 221,4 миллиард теңгені құраған табыс салығы бойынша шығыстарды тіркеді, бұл 136,1 миллиард теңгеге немесе 159,6 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, мұнайдың әлемдік бағасының және Компанияның мұнай сатуларын көрсететін салық салынатын табыстың көтерілуінен кейінгі корпоративтік табыс салығының өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануымен байланысты орын алды.

Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның жалғасып отырған қызметтен болған мерзім ішіндегі пайдасы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 89,4 млрд теңге зиянынан 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 844,9 млрд теңгеге өсіп, 934,3 млрд теңгені құрады.

Тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін бір жылғы пайда/(залал)

Компанияның тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін пайдасы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған алты айдағы 261,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 91,2 миллиард теңгеге немесе 34,9 пайызға өсіп, 352,5 миллиард теңгеге жетті. Бұл өсім Qazaqgaz-дың қайта сату үшін сатып алынатын газ құнының реттелуін көрсетеді.

Бір жылғы таза пайда

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы таза табысы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 171,9 млрд теңгемен салыстырғанда 1 197,3 млрд теңгені құрады, бұл 1 025,4 млрд теңгеге немесе 596,5 пайызға өсуді көрсетеді. Компанияның 2021 және 2020 жылдардағы таза пайдасы 20,5 пайызды және тиісінше, осы жылдардағы Компания түсімі 4,7 пайызды құрады.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қызметтің нәтижелерін 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстыру

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	2020 (қайта есептелген)	2019
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Түсім және басқа да кірістер		
Кіріс.....	3 624 964	6 858 856
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто.....	280 815	827 979
Қаржылық кіріс.....	87 987	240 880
Еншілес ұйымдарды сатудан түскен пайда.....	—	17 481
Басқа да операциялық кіріс.....	19 020	24 936
Түсім және басқа да кірістер жиынтығы.....	4 012 786	7 970 132
Шығыстар мен шығындар		
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны.....	(1 901 236)	(3 913 744)
Өндірістік шығыстар.....	(656 178)	(721 693)
Табыс салығынан басқа салықтар.....	(254 322)	(454 295)
Тозу, таусылу және амортизация.....	(317 427)	(337 424)
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар.....	(137 144)	(420 402)
Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	(146 625)	(213 967)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы.....	(243 893)	(150 751)
Барлау шығыстары.....	(19 807)	(57 068)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануы.....	(30 654)	—
Қаржылық шығындар.....	(265 372)	(317 433)
Басқа шығыстар.....	(28 094)	(7 203)
Таза (теріс)/оң бағамдық айырма.....	(16 189)	8 479
Шығыстар мен шығындар жиынтығы.....	(4 016 941)	(6 585 501)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда/(шығын).....	(4 155)	1 384 631
Табыс салығы бойынша шығыстар.....	(85 276)	(226 180)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян).....	(89 431)	1 158 451
Тоқтатылған қызмет		
Тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін бір жылғы пайда.....	261 328	6
Бір жылғы таза пайда.....	171 897	1 158 457
Мыналарға түсетін бір жылғы таза пайда/(зиян):		
Бас компанияның акционерлеріне.....	273 237	1 197 157
Бақыланбайтын қатысу үлесіне.....	(101 340)	(38 700)
	171 897	1 158 457

Түсім

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 6 858,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 3 625,0 миллиард теңгені құрады, бұл 3 233,9 миллиард теңгеге немесе 47,1 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, Qazaqgaz-ды Компанияның консолидация көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауға, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылдан жылға 34,8 пайызға төмендеуіне, МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес, кейбір кен орындарындағы өндірістің қысқаруына байланысты мұнайды сату көлемін төмендетуіне, сондай-ақ мұнай саудасы мен «KMG-дің» мұнай өнімдерін сату көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның түсімі туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2020 (қайта есептелген)	2019
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Шикі мұнай мен газды сату.....	1 676 749	3 966 941
Өңделген мұнай өнімдерін сату.....	1 336 723	2 043 848

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2020	2019
	(қайта есептелген)	
	(миллион теңгемен)	
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері.....	167 911	389 496
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу.....	193 659	195 896
Басқа да кірістер.....	249 922	262 675
Жыны.....	3 624 964	6 858 856

Шикі мұнай мен газды сату

Компанияның шикі мұнай мен газды сатудан түскен жалпы кірісі 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3 966,9 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 2 290,2 миллиард теңгеге немесе 57,7 пайызға төмендеп, 1 676,7 миллиард теңгені құрады. Бұл төмендеу, ең алдымен, Qazaqgaz-ды Компанияның консолидация көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарау, мұнайдың әлемдік бағасын төмендету және МЭЕҰ+ келісімінің талаптарына сәйкес мұнай өндіруді азайту нәтижесінде болды.

Өңделген мұнай өнімдерін сату

Компанияның өңделген мұнай өнімдерін сатудан түскен жалпы кірісі 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 2 043,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 707,1 миллиард теңгеге немесе 34,6 пайызға төмендеп, 1 336,7 миллиард теңгені құрады. Бұл төмендеу, ең алдымен, COVID-19 індеті кезінде «KMG-дің» мұнай саудасы мен мұнай өнімдерін сату көлемінің түсуі нәтижесінде болды.

Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 389,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы мұнай мен газды тасымалдаудан түскен кіріс 167,9 миллиард теңгені құрады, бұл 221,6 миллиард теңгеге немесе 56,8 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, Qazaqgaz-ды Компанияның консолидация көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауға, ішкі нарыққа магистралдық құбыржолдар арқылы мұнайды тасымалдау тарифтері 1000 километрге тоннасына 4 721,72 теңгеден 4 109,50 теңгеге дейін төмендеуіне (ҚҚС-сыз), сондай-ақ мұнай жеткізілімдерінің азаюы нәтижесінде мұнай жүк айналымының қысқаруына байланысты болды.

Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеуден түскен кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 195,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 193,7 миллиард теңгені құрады, бұл 2,2 миллиард теңгеге немесе 1,1 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, COVID-19 індетіне байланысты шектеулерден кейін Павлодар МХЗ-ның сату көлемдерінің төмендеуіне байланысты болды.

Басқа да кірістер

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы басқа кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 262,7 миллиард теңгемен салыстырғанда 249,9 миллиард теңгені құрады, бұл 12,8 миллиард теңгеге немесе 4,9 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы бірлескен кәсіпорындардың және қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі таза үлес 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 828 миллиард теңгеден 280,8 миллиард теңгеге дейін, яғни 547,2 миллиард теңгеге немесе 66,1 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу, негізінен, ТШО, ММГ және ҚМГ Қашаған кірістерінің 326,8 млрд теңгеге төмендеуіне байланысты болды. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда ТШО мен ММГ кірістеріндегі үлес мұнайдың орташа бағасының және өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты 58,2 пайызға және 79,6 пайызға төмендеді. Мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде ҚМГ Қашағанның 2020 жылғы шығынындағы үлесі 7 млрд

теңгені құрады.

Төмендегі кестеде Компанияның бірлескен кәсіпорындарының және қауымдасқан компанияларының көрсетілген мерзімдердегі табысы(залалы) туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2020 (қайта есептелген)	2019	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		
«Теңішевройл» ЖШС.....	173 476	414 940	(58,2)
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС.....	-	168 086	-
Бейнеу-Шымкент газ құбыры	-	56 194	-
Каспий Құбыр Консорциумы	81 582	70 869	15,1
ҚМГ Қашаған Б.В.	(6 961)	13 114	(153,1)
Mangistau Investments B.V.	16 749	81 991	(79,6)
«ҚазРосГаз» ЖШС.....	957	18 091	(94,7)
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС.....	10 380	3 313	213,3
«Қазақойл-Ақтобе» ЖШС.....	2 448	9 722	(74,8)
Valsera Holdings B.V.	(6 137)	(6 107)	0,5
«PetroKazakhstan Inc.» компаниясы	(8 812)	(18 244)	(51,7)
«Қазгермұнай» ЖШС	15 622	17 561	(11,0)
«ТеңізСервис» ЖШС.....	3 891	6 742	(42,3)
Ural Group Limited.....	(10 265)	(18 895)	(45,7)
Басқа бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар	7 885	10 602	(25,6)
	280 815	827 979	(66,1)

Қаржылық кіріс

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 240,9 миллиард теңгемен салыстырғанда 88,0 миллиард теңгені құрады, бұл 152,9 миллиард теңгеге немесе 63,5 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, Қазақгазды Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қараумен, және Pearls жобасының серіктестерінен 111 млрд теңге несиені мойындамаумен байланысты болды.

Еншілес ұйымдарды сатудан түскен пайда

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы еншілес ұйымдарды сатудан түскен табыс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 17,5 млрд теңгемен салыстырғанда нөлді құрады, бұл 2020 жылы Компания еншілес ұйымдарды сатпағанын көрсетеді.

Басқа да операциялық кіріс

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 24,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда Компания басқа операциялық кірістің 19,0 млрд теңгесін тіркеді, бұл 5,9 миллиард теңгеге немесе 23,7 пайызға төмендегенін көрсетеді. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы басқа операциялық кіріс, ең алдымен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырауға және «Қазақгаз» компаниясының 2020 жылғы басқа операциялық кірістерін қайта есептеуге байланысты.

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3 913,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 1 901,2 миллиард теңгені құрады, бұл 2 012,5 миллиард теңгеге немесе 51,4 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, COVID-19 індетіне, теңгенің АҚШ долларына қатысты құнсыздануымен ішінара өтелген сатып алынған шикі мұнай мен өңдеуге арналған мұнай құнының төмендеуіне, мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуіне, сондай-ақ 2020 жылы тоқтатылған қызмет ретінде «Қазақгаз» шығындарының қайта есептелуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның сату бойынша шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс
	2020 (қайта есептелген)	2019	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	1 311 169	2 448 412	(46,4)
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	313 543	638 293	(50,9)
Материалдар мен қорлар	214 332	217 138	(1,3)
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	45 870	116 621	(60,7)
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	16 322	493 280	(96,7)
Жиыны	1 901 236	3 913 744	(51,4)

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 2 448,4 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы қайта сатуға арналған шығыстар бойынша сатып алынатын мұнай көлемінің 1 137,2 миллиард теңгеге дейін төмендеуі, яғни 1 311,2 миллиард теңгені құрауы, ең алдымен, COVID-19 індетіне және Brent маркалы шикі мұнайдың орташа жылдық споттық бағасы 2019 жылы 64,30 АҚШ долларынан 2020 жылы 41,96 АҚШ долларына дейін төмендеуіне байланысты болды.

Қайта өңдеуге арналған мұнай құнының 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 638,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 324,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 313,5 млрд теңге құрауы, негізінен, есептік мерзімдегі мұнайға әлемдік бағалардың өсуімен және KMGІ-нің төртжылдық жөндеу жұмыстарын (әр төрт жыл сайын орын алатын) тоқтатқаннан кейін өңдеу үшін сатып алынатын мұнай көлемінің төмендеуімен байланысты болды.

Материалдар мен қорлар бойынша шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 217,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 2,8 млрд теңгеге дейін шамалы төмендеуі, яғни 214,3 млрд теңге құрауы, негізінен COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырауға байланысты болды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 116,6 млрд теңгемен салыстырғанда, қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдерінің 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 70,8 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 45,9 млрд теңге құрауы, негізінен COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

Қайта сату үшін сатып алынатын газ құнының 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 493,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 477,0 млрд теңгеге дейін өсуі, яғни 16,3 млрд теңгені құрауы, ең алдымен, «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауымен байланысты болды.

Өндірістік шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы өндірістік шығыстар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 721,7 миллиард теңгемен салыстырғанда 656,2 миллиард теңгені құрады, бұл 65,5 миллиард теңгеге немесе 9,1 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, еңбекақы төлеуге, жөндеуге және тқызмет көрсетуге және қысқа мерзімді жалға алуға жұмсалатын шығыстардың төмендеуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның өндірістік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс
	2020 (қайта есептелген)	2019	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Жалақы бойынша шығыстар	294 529	338 120	(12,9)
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтері	103 124	129 450	(20,3)
Электр қуаты	81 910	88 910	(7,9)
Тасымалдау бойынша шығыстар	39 631	30 456	30,1
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	33 822	52 091	(35,1)
Басқалар	103 162	82 666	24,8
	656 178	721 693	(9,1)

Жалақы бойынша шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 338,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 43,6 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 294,5 млрд теңге құрауы, негізінен «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауымен байланысты болды.

Жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 129,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 26,4 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 103,1 млрд теңге құрауы, негізінен COVID-19 індетінен туындаған шығындарды оңтайландыру, үнемдеу және көшіру жұмыстарына байланысты болды.

Электр қуатына арналған шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 88,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 7,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 81,9 млрд теңге құрауы, негізінен шығыстарды оңтайландырумен, жөндеу жұмыстарымен, өндіріс пен өңдеу жұмыстары көлемінің азаюымен байланысты болды.

Тасымалдау бойынша шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 30,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 9,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 39,6 млрд теңге құрауы, негізінен «KMGІ»-нің ішкі логистикалық шығыстарын 2019 жылы басқа таза шығындарға енгізу нәтижесінде орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 52,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, жалдау бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 18,3 миллиард теңгеге дейін төмендеуі, яғни 33,8 миллиард теңгені құрауы, ең алдымен, теңіз тасымалы үшін қосымша кеме ресурстарын пайдаланудың қысқаруына және танкерлерді жалдаудың азаюына байланысты болды.

Басқа шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 82,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 20,5 миллиард теңгеге дейін өсуі, яғни 103,2 миллиард теңгені құрауы, ең алдымен, мұнай өндіруші кәсіпорындардағы дайын өнім көлемінің өзгерістеріне байланысты болды.

Табыс салығынан басқа салықтар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы табыс салығынан басқа салықтар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 454,3 миллиард теңгемен салыстырғанда 254,3 миллиард теңгені құрады, бұл 200,0 миллиард теңгеге немесе 44 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдыраумен және мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде рента салығының, экспорттық кеден бажының және ПҚӨС бойынша шығындардың төмендеуімен байланысты болды.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2020 (қайта есептелген)	2019	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		
Шикі мұнай экспортына рента салығы.....	41 120	133 144	(69,1)
Экспорттық кеден бажы	71 746	131 326	(45,4)
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	59 323	100 300	(40,9)
Өзге салықтар	82 133	89 525	(8,3)
	254 322	454 295	(44,0)

Шикі мұнай экспортына рента салығының 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 133,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 92,0 млрд теңгеге дейін төмендеуі, яғни 41,1 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайға әлемдік бағалардың төмендеуімен және мұнай экспорттарымен байланысты болды.

Экспорттық кеден бажының 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 131,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 59,6 млрд теңгеге дейін төмендеуі, яғни 71,7 млрд теңге құрауы, негізінен мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуімен және мұнай экспортының көлемдерімен байланысты болды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 100,3 млрд теңгемен салыстырғанда,

пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 41,0 млрд теңгеге дейін азаюы, яғни 59,3 млрд теңгені құрауы, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 449 қаулысына сәйкес тиімділігі төмен, тұтқырлығы жоғары және су басқан санатқа жатқызылған ӨМГ-нің және ЕМГ-нің шикізат көмірсутегі кен орындарына төмендетілген мөлшерлеменің қолданылуы және мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі салдарынан орын алды.

Басқа салықтардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 89,5 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 7,4 млрд теңгеге дейін ұлғаюы, яғни 82,1 млрд теңге құрауы, негізінен COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырауға байланысты болды.

Тозу, таусылу және амортизация

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тозу, таусылу және амортизация 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 337,4 миллиард теңгемен салыстырғанда 317,4 миллиард теңгені құрады, бұл 20,0 миллиард теңгеге немесе 5,9 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, негізінен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдыраумен және «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауға байланысты болды.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы тасымалдау және сату бойынша шығыстар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 420,4 миллиард теңгемен салыстырғанда 137,1 миллиард теңгені құрады, бұл 283,3 миллиард теңгеге немесе 67,4 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, негізінен, «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарау нәтижесіндегі тасымалдау бойынша шығыстардың төмендеуімен байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның тасымалдау және сату бойынша шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2020 (қайта есептелген) <i>(миллион теңгемен)</i>	2019	
Тасымалдау.....	94 800	374 686	(74,7)
Жалақы бойынша шығыстар.....	12 811	12 542	2,1
Басқа.....	29 533	33 174	(11,0)
Жиыны.....	137 144	420 402	(67,4)

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 374,7 млрд теңгемен салыстырғанда, тасымалдау бойынша шығыстардың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 94,8 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауымен байланысты болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 214,0 миллиард теңгемен салыстырғанда 146,6 миллиард теңгені құрады, бұл 67,4 миллиард теңгеге немесе 31,5 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, негізінен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдыраумен, «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қараумен және 2020 жылға кейінге қалдырылған 34,1 млрд теңге қормен ҚМГ DS-пен дауды реттеумен байланысты болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның жалпы және әкімшілік шығыстары туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		Өзгеріс (пайыз)
	2020 (қайта есептелген)	2019	
	<i>(миллион теңгемен)</i>		
Жалақы бойынша шығыстар	63 360	78 055	(18,8)
Кеңес беру қызметтері	21 893	25 448	(14,0)
Техникалық қызмет көрсету шығыстары	6 163	8 711	(29,3)
ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануын есептеу	6 432	15 703	(59,0)
Әлеуметтік төлемдер	5 028	8 933	(43,7)
Есепке алынбаған ҚҚС	3 166	6 910	(54,2)
Байланыс қызметтері	3 624	2 963	22,3
Сауда дебиторлық берешек пен ағымдағы қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалды есептеу	3 460	14 096	(75,5)
Басқа да қаржылық емес ағымдағы активтер бойынша құнсыздану залалын (қалпына келтіру)/есептеу	(65)	42	
Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша резервті есептеу/(қалпына келтіру)	12	(19 755)	
ҚМГ DS – Консорциуммен сот шағымы бойынша провизия	-	34 132	
Басқа ⁽¹⁾	33 552	38 729	(13,4)
Жиынды.	146 625	213 967	(31,5)

Ескертпе:

(1) Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар іссапар, байланыс қызметтері, компания өкілдіктері, жалға алу, күзет, банк қызметтері бойынша шығыстар мен айыппұлдардан тұрады.

Жалақы бойынша шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 78,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 63,4 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен ҚМГ бас кеңсесінің ұйымдық құрылымын оңтайландыруымен байланысты болды.

Кеңес беру қызметтеріндегі шығыстардың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 25,4 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 21,9 млрд теңгеге дейін шамалы төмендеуі, негізінен COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырауға байланысты болды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің 15,7 млрд теңге мөлшеріндегі құнсыздану залалымен шығыспен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ҚҚС бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына қатысты 6,4 млрд теңгені мойындау, ең алдымен, 2020 жылы ҚҚС-ты есептеудің төмен деңгейіне байланысты болды.

Басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несие бойынша залалды есептеу 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 14,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы басқада ағымдағы активтер бойынша күтілетін несие бойынша залалды есептеу 3,5 млрд теңге болуы, негізінен «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауымен байланысты болды.

Жалақы қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 8,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 5,0 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуына байланысты болды.

Өтелмейтін ҚҚС-тың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 6,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 3,2 млрд теңгеге дейін төмендеуі, негізінен «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауымен байланысты болды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 19,7 млрд теңге сомасындағы айыппұлдарды, өсімпұлдарды және салықтық сақтық қорларды қайтару негізінен 2018 жылы бұрын есептелген ілеспе газды жағуға жұмсалған шығындардың қайтарымына байланысты.

Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 150,8 млрд теңгемен салыстырғанда, Компания 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануын 243,9 млрд теңге деңгейінде тіркеді, бұл 93,1 млрд теңгеге өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы COVID-19 індетіне және оның экономикаға әсеріне қатысты алаңдаушылық жағдайында нарықтық бағалардың айтарлықтай өзгеруінен кейін, мұнай бағасына, мұнай өңдеудің болжамды маржаларына, өндіріс көлеміне, айырбас бағамдарына және инфляцияға қатысты құнсыздану сынағы негізінде жатқан жорамалдарды қайта қарауға байланысты болды.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2020	2019
	(қайта есептелген)	
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
Негізгі құралдар	221 112	144,482
Барлау және бағалау бойынша активтер	16 389	171
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	142	(142)
Материалдық емес активтер	6 250	6 240
	243 893	150,751

Басқа шығыстар

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Компания 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 7,2 млрд теңгемен салыстырғанда басқа шығыстың 28,1 млрд теңгесін тіркеді, бұл 20,9 миллиард теңгеге немесе 290,3 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі нәтижесінде мұнай өндіруші компаниялардағы дайын өнім көлемінің өзгеруі, сондай-ақ COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

Қаржылық шығындар

Компания 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 317,4 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 265,4 миллиард теңгені құраған қаржылық шығындарды тіркеді, бұл 52 миллиард теңгеге немесе 19,6 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ТШО-ның алдын ала төлемдері бойынша төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуіне және Компанияның 2022 және 2023 жылдардағы облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеуімен өтелген қаржылық кепілдіктер шығаруға байланысты орын алды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы 3 837,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалпы қарыздары 4 078,4 миллиард теңгені құрады.

Таза теріс бағамдық айырма

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 8,5 миллиард теңге таза оң бағамдық айырмамен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Компания 16,2 миллиард теңге мөлшерінде таза теріс бағамдық айырманы тіркеді. 2020 жылдағы таза теріс бағамдық айырма, ең алдымен, айырбас бағамының ауытқуына, АҚШ долларының теңгеге қатысты орташа бағамына байланысты орын алды; 2020 жылы – 413,46 теңге/АҚШ доллары, 2019 жылы – 382,82 теңге/АҚШ доллары.

Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда/(шығын)

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы табыс салығы есепке алынғанға дейінгі шығыны, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 384,6 млрд теңге пайдасымен салыстырғанда, 4,2 млрд теңгені құрады.

Табыс салығы бойынша шығыстар

Компания 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 226,2 миллиард теңгемен

салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 85,3 миллиард теңгені құраған табыс салығы бойынша шығыстарды тіркеді, бұл 140,9 миллиард теңгеге немесе 62,3 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, салық салынатын табыстың азаюы нәтижесінде корпоративтік табыс салығының төмендеуі салдарынан орын алды.

Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде Компания 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 158,5 миллиард теңге пайдасымен салыстырғанда, 2020 жылы аяқталған жылы 1 069,1 миллиард теңгеге азайып, 89,4 миллиард теңге шығынға ұшырады.

Тоқтатылған қызметтен табыс салығы салынғаннан кейін түсетін бір жылғы пайда/(залал)

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда, Компанияның тоқтатылған қызметтен түскен табыс салығы салынғаннан кейінгі түскен пайдасы 261,3 млрд теңгені құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы сәйкес көрсеткіш нөл болды. Бұл өсім, негізінен, «Қазақгазды» Компанияның шоғырландыру көлемінен шығарылуын көрсету үшін Компанияның 2020 жылғы қаржылық нәтижелерін қайта қарауға байланысты болды.

Бір жылғы таза пайда

Мұнайдың орташа бағасының төмендеуі, бірлескен кәсіпорындардан және қауымдасқан компаниялардан түсетін пайданың үлесіне жататын кірістер мен табыстардың төмендеуі және табыс салығынан басқа төмен шығындар мен салықтар есебінен ішінара өтелген активтердің күнсыздануын мойындау нәтижесінде, Компанияның таза пайдасы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 1 158,5 млрд теңгеммен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 171,9 млрд теңгені құрады, бұл 986,6 млрд теңгеге немесе 85,2 пайызға азаюды көрсетеді. Компанияның 2020 және 2019 жылдардағы таза пайдасы 4,7 пайызды және тиісінше, осы жылдардағы Компания түсімі 16,9 пайызды құрады.

Операциялық сегменттер

Шолу

Қаржылық есеп беру мақсатында Топтың қызметі төрт негізгі операциялық сегментке бөлінеді. Топтың негізгі операциялық сегменттері: мұнай мен газды барлау және өндіру; мұнайды тасымалдау; газды өткізу және оны тасымалдау (тек 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қатысты); және шикі мұнайды және өңделген өнімдерді қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «корпоративті» сегментінде бөлек ұсынады, өйткені ол тек бас компанияның функцияларын ғана емес, сонымен қатар операциялық қызметті де қамтиды. Компанияның қалған қызметі біріктіріліп, салыстырмалы маңызсыздығына байланысты “басқа” операциялық сегменттер ретінде ұсынылған. Компанияның операциялық сегменттері келесі қызметтерді қамтиды:

- ***Мұнай мен газды барлау және өндіру.*** Топ Қазақстандағы объектілерде мұнай мен газды барлаумен және өндірумен айналысады. Қызметтің осы түрлері бойынша іс-қимылдардың нәтижелері «мұнай мен газды барлау және өндіру» операциялық сегментінің ішінде көрсетіледі.
- ***Мұнайды тасымалдау.*** Топ ұзындығы мен өткізу қабілеті бойынша Қазақстандағы ең ірі шикі мұнай құбырлары желісін ішінара иеленеді және жеке-дара пайдаланады. Қызметтің осы түрлері бойынша операциялардың нәтижелері «мұнайды тасымалдау» сегментінің ішінде көрсетіледі.
- ***Газды өткізу және тасымалдау.*** Qazaqgaz 2021 жылдың қарашасында иеліктен шығарылғанға дейін топ Қазақстанның негізгі газ құбырлары жүйелеріне, соның ішінде екі негізгі желіге иелік етті және басқарды. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қызметтің осы түрлері бойынша операциялардың нәтижелері “газды өткізу және тасымалдау» сегментінің ішінде көрсетіледі.
- ***Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу.*** Топ өзі өндіретін

шикі мұнайды, сондай-ақ мұнай өнімдерін, соның ішінде бензинді, авиакеросинді, дизельді және мазутты белсенді өткізіп тұрады. Сонымен қатар Топ Қазақстан мен Румынияда кеңейіп келе жатқан жанармай құю станцияларының желісіне иелік етеді және пайдаланады. Қызметтің осы түрлері бойынша операциялардың нәтижелері «шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» қызметтік сегментінің ішінде көрсетіледі.

- **Корпоративтік орталық.** Компания операциялық қызметті де, бас компанияның әкімшілік функцияларын да орындайды.
- **Басқалары.** «Басқалары» сегменті Компанияның жылумен және электрмен жабдықтау, әуе сапарларын, күзетті және мұнай мен газға қатысты басқа да қызметтерді ұсынатын сервистік еншілес компанияларынан тұрады.

Төмендегі кестелерде көрсетілген мерзімдерде Компанияның операциялық сегменттерінің түсімі, ортақ пайдасы және таза пайдасы туралы белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін						ЕБІТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)		
	2021	2020	2019	2021	2020	2019	2021	2020	2019
	Түсім жиыны			Бір жылғы таза пайда/(зиян)			ЕБІТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)		
	(миллион теңгемен)								
Мұнай мен газды барлау және өндіру	1 231 513	877 712	1 310 336	593 531	171 149	842 496	1 041 811	390 221	962 778
Мұнайды тасымалдау	281 967	308 340	336 738	48 688	161 288	136 906	211 356	226 838	219 204
Газды өткізу және тасымалдау	-	-	1 103 075	-	-	362 344	-	-	457 829
Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	5 101 706	3 282 673	5 576 135	36 922	(227 818)	(36 553)	289 422	214 839	268 013
Корпоративтік орталық	607 117	371 037	430 177	300 334	(189 273)	(119 657)	71 449	(25 077)	42 345
Басқалары	208 640	192 918	212 930	(33 052)	(18 589)	(68 083)	13 359	(5 346)	(32 309)
Элиминация ⁽¹⁾	(1 592 150)	(1 407 716)	(2 110 535)	(101 561)	13 812	41 004	(18 422)	8 799	44 874
Жиыны	5 838 793	3 624 964	6 858 856	844 862	(89 431)	1 158 457	1 608 975	810 274	1 962 734

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін				ЕБІТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)	
	2022	2021	2022	2021	2022	2021
	Түсім жиыны		Кезең ішіндегі таза пайда		ЕБІТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)	
	(миллион теңгемен)					
Мұнай мен газды барлау және өндіру	748 253	575 539	568 650	315 409	786 649	458 235
Мұнайды тасымалдау	171 307	137 537	22 018	10 965	121 867	107 975
Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	3 761 808	2 338 376	(57 893)	39 372	192 417	159 566
Корпоративтік орталық	402 749	268 777	211 695	99 480	64 036	43 825
Басқалары	103 286	97 074	(17 740)	(3 463)	(14 268)	4 884
Элиминация ⁽¹⁾	(984 253)	(745 275)	(49 770)	(72 075)	(31 942)	(24 782)
Жиыны	4 203 150	2 672 028	676 960	389 688	1 118 759	749 703

Ескертпе:

(1) Элиминация Топ ішіндегі мәселелерді алып тастауды білдіреді.

Мұнай мен газды барлау және өндіру

Компанияның мұнай және газ сегментін барлау және өндіру қызметі элиминацияға дейінгі түсім көлемі бойынша Компания сегменттерінің ішінде екінші, таза негіздегі табыс бойынша Компанияның ең табысты сегменті және ЕБІТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайдасы) бойынша Компания сегменттерінің ең үлкені болып

табылады.

Түсім

2022 және 2021 жылдары 30 маусымда аяқталған алты айда сегменттің түсім жиынының сәйкесінше 0,2 және 0,6 пайызы сыртқы тұтынушылардан және 99,8 және 99,4 пайызы ішкі тұтынушылардан (яғни, Компания мен оның еншілес кәсіпорындарынан) алынған. 2021 және 2020 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы сегменттің түсім жиынының 0,7 пайызы және 1,0 пайызы сыртқы тұтынушылардан және 99,3 пайызы және 99,0 пайызы ішкі тұтынушылардан (яғни Компания және оның еншілес кәсіпорындарынан) алынған.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 575,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 30,0 пайызға, 748,3 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, ең алдымен, Brent мұнайының орташа бағасының өткен кезеңге қарағанда 58 пайызға өсуіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда орташа жылдық 3,2 пайызға құнсыздануына байланысты орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 877,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 40,3 пайызға өсіп, 1 231,5 миллиард теңгені құрады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы элиминацияға дейінгі кірістің өсуі, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 69,5 пайызға өсуіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа жылдық құнсыздануы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,0 пайызды құрауымен байланысты орын алды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 1 310,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 877,7 миллиард теңгеге дейін 33,0 пайызға төмендеді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы элиминацияға дейінгі кірістің төмендеуі, негізінен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылдық 34,8 пайызға төмендеуімен және мұнайды сату көлемінің төмендеуімен байланысты болды, бұл МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес, белгілі бір кен орындарында өндіруге шектеулерді қамтып көрсетеді.

Таза пайда

Осы сегментке тиесілі таза пайда 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 315,4 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 80,3 пайызға өсіп, 568,7 миллиард теңгені құрады. Бұл өсім, ең алдымен, Brent мұнайының орташа бағасының кезең ішінде 66 пайызға өсуіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты мерзімдегі 6,1 пайызға орташа жылдық құнсыздануына байланысты орын алды.

Осы сегментке тиесілі таза пайда 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 171,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 246,9 пайызға өсіп, 593,5 миллиард теңгені құрады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы таза пайданың өсуі, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жыл сайын 69,5 пайызға өсуі және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа жылдық құнсыздануы өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 3,0 пайызды құрауы салдарынан орын алды.

Осы сегментке тиесілі таза пайда 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 842,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 79,7 пайызға, 171,1 миллиард теңгеге дейін төмендеді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылмен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы таза пайданың төмендеуі, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылдық 34,8 пайызға төмендеуі және мұнайды сату көлемінің төмендеуі салдарынан орын алды, бұл МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес, белгілі бір кен орындарында өндіруге шектеулерді қамтып көрсетеді.

ЕБИТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 458,2 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда мұнай мен газды барлау және өндіру сегментіне қатысты ЕБИТДА 71,7 пайызға өсіп, 786,6 миллиард теңгеге жетті, бұл ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы кезең ішінде 66 пайыз және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа жылдық құнсыздануы кезең ішінде 6,1 пайызды құрау нәтижесінде орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 390,2 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы мұнай мен газды барлау және өндіру сегментіне қатысты ЕБИТДА, орташа көрсеткіштің артуы нәтижесінде 167,0 пайызға өсіп, 1 041,8 миллиард теңгеге жетті, бұл ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы мерзім ішінде 69,5 пайыз және теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа жылдық құнсыздануы кезең ішінде 3,0 пайызды құрау нәтижесінде орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 962,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы мұнай мен газды барлау және өндіру сегментіне қатысты ЕБИТДА өткен жылдың қорытындысы бойынша 59,5 пайызға төмендеп, 390,2 миллиард теңгеге жетті, бұл ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылына 34,8 пайызға төмендеуі және мұнайды сату көлемінің төмендеуі, МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес, жекелеген кен орындарындағы өндіру шектеулері нәтижесінде орын алды.

Мұнайды тасымалдау

Мұнайды тасымалдау сегменті табыс көлемі бойынша Компания сегменттерінің ішінде төртінші орында, нетто негізде пайда бойынша үшінші орында және ЕБИТДА үлесі бойынша Компания сегменттерінің ішінде үшінші орында. Компания мұнайды тасымалдаудан түсетін табысты Топ жұмыс істейтін құбыр жүйесі арқылы шикі мұнайды тасымалдауға арналған ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша тұтынушылардан алатын тарифтерден алады.

Түсім

2022 және 2021 жылдары 30 маусымда аяқталған алты айдағы сегменттің түсім жиынының 60,4 пайызы және 71,9 пайызы сыртқы тұтынушылардан және 39,6 пайызы және 28,1 пайызы ішкі тұтынушылардан (яғни Компания және оның еншілес кәсіпорындарынан) алынған. 2021 және 2020 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы сегменттің түсім жиынының 72,1 пайызы және 70,3 пайызы сыртқы тұтынушылардан және сәйкесінше, 27,9 пайызы және 29,7 пайызы ішкі тұтынушылардан (яғни Компания және оның еншілес кәсіпорындарынан) алынған.

Осы сегментке тиесілі элиминация дейінгі кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 137,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 24,6 пайызға, 171,3 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, ең алдымен, 2022 жылы мұнайды тасымалдау қызметтеріне сұраныстың артуына байланысты (Ресей-Украина әскери қақтығысына байланысты) ҚТКФ компаниясының ұлғаюы салдарынан орын алды, бұл нарықтық негіздегі тарифтік түзетулердің (WS) ұлғаюына әкелді және де айырбас бағамының өсуіне де байланысты болды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 308,3 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 282,0 миллиард теңгеге дейін 8,5 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу, негізінен, мұнай жеткізілімдерінің азаюы нәтижесіндегі мұнай өнімдері жүк айналымының төмендеуі салдарынан орын алды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 336,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 308,3 миллиард теңгеге дейін 8,4 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу, негізінен, мұнайды ішкі нарыққа магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау тарифтерінің төмендеуі және мұнай жеткізілімдерінің азаюы нәтижесіндегі мұнай өнімдері жүк айналымының азаюы салдарынан орын алды.

Таза пайда

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 11,0 миллиард теңгемен салыстырғанда, мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі таза пайда 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 22,0 миллиард теңгеге дейін 100 пайызға өсті, бұл ең алдымен, 2022 жылы мұнайды тасымалдау қызметтеріне сұраныстың артуына байланысты (Ресей-Украина әскери қақтығысына байланысты) ҚТКФ-тың кеңеюі, нарықтық негіздегі тарифтік түзетулердің (WS) ұлғаюы нәтижесінде орын алды және де айырбас бағамының өсуіне де байланысты болды.

Мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі таза пайда 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 161,3 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 69,8 пайызға төмендеп, 48,7 миллиард теңгені құрады, бұл ең алдымен, мұнай жеткізілімдерінің азаюына байланысты мұнай өнімдері жүк айналымының төмендеуі нәтижесінде орын алды.

Мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі таза пайда 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 136,9 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 17,8 пайызға ұлғайып, 161,3 миллиард теңгені құрады, бұл ең алдымен, мұнайды ішкі нарыққа магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауға тарифтердің төмендеуі және мұнай жеткізілімдерінің азаюы салдарынан мұнай өнімдері жүк айналымының төмендеуі нәтижесінде орын алды.

ЕБИТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 108,0 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі ЕБИТДА, ең алдымен, жоспарланбаған оң бағамдық айырманы мойындауға байланысты КҚК акциялары бойынша кірісінің ұлғаюы нәтижесінде орын алды.

Мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі ЕБИТДА 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 226,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 6,8 пайызға төмендеп, 211,4 миллиард теңгені құрады, бұл ең алдымен, мұнай жеткізілімдерінің азаюына байланысты мұнай өнімдері жүк айналымының төмендеуі нәтижесінде болды. Мұнайды тасымалдау сегментіне тиесілі ЕБИТДА 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 219,2 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 3,5 пайызға ұлғайып, 226,8 миллиард теңгені құрады, бұл ең алдымен, мұнайды ішкі нарыққа магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауға тарифтердің төмендеуі және мұнай жеткізілімдерінің азаюы салдарынан мұнай өнімдері жүк айналымының төмендеуі нәтижесінде орын алды.

Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу

Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу сегменті Компанияның элиминацияға дейінгі кіріс бойынша сегменттерінің ең үлкені болып табылады. Бұл сегмент сонымен қатар ЕБИТДА үлесі бойынша Компания сегменттерінің ішіндегі екінші үлкені болып табылады.

Түсім

2022 және 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы осы сегменттің түсім жиынының 97,9 пайызы және 96,8 пайызы сыртқы тұтынушылардан, және сәйкесінше 2,1 пайызы және 3,2 пайызы ішкі тұтынушылардан алынды. 2021 және 2020 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы осы сегменттің түсім жиынының 96,9 пайызы және 90,0 пайызы сыртқы тұтынушылардан және сәйкесінше, 3,1 пайызы және 10,0 пайызы ішкі тұтынушылардан алынған.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 2 338,4 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 60,9 пайызға, 3 761,8 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, ең алдымен, мұнай өнімдерінің көлемі мен орташа өткізу бағасының өсуіне байланысты орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 3 282,7 миллиард теңгемен салыстырғанда,

осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 55,4 пайызға өсіп, 5 101,7 миллиард теңгені құрады. Бұл өсім, ең алдымен, Brent мұнайының орташа бағасының жыл сайын 69,5 пайызға өсуі және теңгенің АҚШ долларына қатысты жылдық есептеудегі және орташа жылдық 3,0 пайызға құнсыздануы салдарынан орын алды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 5 576,1 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 3 282,7 миллиард теңгеге дейін 41,1 пайызға төмендеді. Бұл өсім, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының жылдық 34,8 пайызға төмендеуі және мұнайды сату көлемінің төмендеуі салдарынан орын алды, бұл МЭЕҰ+ келісіміне сәйкес, белгілі бір кен орындарында өндіруге шектеулерді көрсетеді.

Таза пайда

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 39,4 миллиард теңге таза пайдамен салыстырғанда, 2022 жылдың 30 маусымда аяқталған алты айда элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуге және өткізуге байланысты таза шығын 2022 жылдың 30 маусымында 57,9 миллиард теңгені құрады. Бұл өзгеріс, ең алдымен, мұнай өнімдерінің көлемі мен орташа сату бағасының өсуі салдарынан орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 227,8 млрд теңге таза зиянмен салыстырғанда, элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуге және өткізуге байланысты таза пайда 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 36,9 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл өзгеріс, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының 69,5 пайызға өсуі салдарынан орын алды. Теңгенің АҚШ долларына қатысты 3,0 пайызға жылдық есептеудегі және орташа жылдық құнсыздануы.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 36,6 млрд теңге таза зиянмен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуден және өткізуден алынған таза зиян 227,8 млрд теңгені құрады. Бұл өзгеріс, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының өткен жылмен салыстырғанда 34,8 пайызға төмендеуімен және мұнай сатылымының төмендеуімен байланысты орын алды, бұл МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес, белгілі бір кен орындарында өндіруге шектеулерді көрсетеді.

ЕВITDA (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 159,6 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуге және өткізуге қатысты ЕВITDA 20,6 пайызға өсіп, 192,4 миллиард теңгені құрады. Бұл өсім, ең алдымен, Brent мұнайының орташа бағасының кезең ішінде 66 пайызға өсуіне және теңгенің АҚШ долларына қатысты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда орташа жылдық 6,1 пайызға құнсыздануына байланысты орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 214,8 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуге және өткізуге қатысты ЕВITDA 34,7 пайызға өсіп, 289,4 миллиард теңгені құрады. Бұл өсім, ең алдымен, Brent мұнайының орташа бағасының жыл сайын 69,5 пайызға өсуі және теңгенің АҚШ долларына қатысты өткен жылмен салыстырғанда орташа жылдық 3,0 пайызға құнсыздануы салдарынан орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 268,0 млрд теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы элиминацияға дейінгі шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуге және өткізуге қатысты ЕВITDA 19,9 пайызға төмендеп, 214,8 млрд теңгені құрады. Бұл төмендеу, ең алдымен, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының өткен жылмен салыстырғанда 34,8 пайызға төмендеуімен және мұнайды сату көлемінің төмендеуімен байланысты орын алды, бұл МЭЕҰ+ Мұнай келісіміне сәйкес және «KMG International» компаниясының сату көлемінің төмендеуі нәтижесінде белгілі бір кен орындарында өндіруге шектеулерді көрсетеді.

Корпоративтік орталық

«Корпоративтік орталық» сегмент операциялық және бас компанияның функционалдық қызметтерін атқаратын Компаниядан тұрады.

Түсім

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 268,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 49,8 пайызға, 402,7 миллиард теңгеге дейін өсті, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда көлемнің 8 пайызға және өткен кезеңмен салыстырғанда мұнай өнімдері бағасының 27 пайызға өсуіне байланысты орын алды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 371,0 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 607,1 миллиард теңгеге дейін 63,6 пайызға өсті, бұл нарықтық жағдаяттың жақсаруына және мұнай өнімдерін сату бағасының өсуіне байланысты орын алды.

Осы сегментке тиесілі элиминацияға дейінгі кіріс 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 430,2 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 371,0 миллиард теңгеге дейін 13,8 пайызға төмендеді, бұл COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

Таза пайда

Осы сегментке тиесілі таза пайда 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 99,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 112,8 пайызға өсіп, 211,7 миллиард теңгені құрап, мұнай өнімдерін сату бағасының өсуіне байланысты болды.

Осы сегментке тиесілі таза пайда 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 189,3 млрд теңге таза зиянмен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда 300,3 млрд теңгеге дейін өсті, бұл негізінен нарықтық жағдаяттың жақсаруы және мұнай өнімдерін сату бағасының өсуіне байланысты болды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 119,7 млрд теңгені құраған таза зиянмен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы таза зиян 58,1 пайызға өсіп, 189,3 миллиард теңгені құрады, бұл ең алдымен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

ЕБИТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)

«Корпоративтік орталық» сегментіне тиесілі ЕБИТДА 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 43,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 46,1 пайызға өсіп, 64,0 миллиард теңгені құрады, бұл негізінен мұнай өнімдерін сату бағасының өсуі нәтижесінде орын алды.

«Корпоративтік орталық» сегментіне тиесілі ЕБИТДА 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы теріс 25,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда 71,4 млрд теңгеге дейін өсті, бұл негізінен нарықтық жағдаяттың жақсаруы және мұнай өнімдерін сату бағасының өсуі нәтижесінде орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 42,3 млрд теңгемен салыстырғанда, осы сегментке ЕБИТДА 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда теріс 25,1 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл негізінен, COVID-19 індетінен туындаған экономикалық құлдырау салдарынан орын алды.

Басқалары

«Басқалары» сегменті Компанияның құрылыс және орнату жұмыстарын, өнеркәсіптік объектілерді, қуат желілерін, жолдарды салуды қамтамасыз ететін сервистік еншілес кәсіпорындарынан тұрады; бұрғылау жабдығын, кен орындарында технологиялық көлікті орнату және бөлшектеу, жүктерді жеткізу және жұмысшыларды тасымалдау, электр жабдығын пайдалану және техникалық қызмет көрсету, кен орындарындағы телекоммуникациялар және ұңғымаларды жөндеу.

Түсім

2022 және 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы сегменттің түсім жиынының 55,5 пайызы және 59,1 пайызы сыртқы тұтынушылардан, және сәйкесінше 44,5 пайызы және 40,9 пайызы ішкі тұтынушылардан алынды. 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы сегменттің түсім жиынының 58,5 пайызы және 56,8 пайызы сыртқы тұтынушылардан, және сәйкесінше 41,5 пайызы және 43,2 пайызы ішкі тұтынушылардан алынды.

Таза зиян

«Басқалары» сегментіне тиесілі таза зиян 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 3,5 миллиард теңге таза зиянмен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 17,7 миллиард теңге таза зиянға дейін 405,7 пайызға өсті, бұл негізінен ҚМГ Кеңесінің шешімімен, ең алдымен, шығындардың, атап айтқанда, жалақының өсуі нәтижесінде 2022 жылдың ақпанында жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобындағы еңбек жанжалдарының одан әрі өршуіне жол бермеу мақсатында 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚМГ-ның кейбір еншілес кәсіпорындарындағы қызметкерлердің жалақысы 30 пайызға өсуі нәтижесінде орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 18,6 млрд теңге таза зиянмен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы «басқалары» сегментіне тиесілі таза зиян 33,1 млрд теңге таза зиянға дейін 78 пайызға ұлғайып, бұл негізінен, Qazaqgaz-ды иеліктен шығаруға байланысты 2021 жылы «КазРосГаз» газ тасымалдау сегментінен «басқалары» сегментке қайта жіктелуі нәтижесінде орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 68,1 млрд теңге мөлшеріндегі таза зиянмен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы «басқалары» сегментіне тиесілі таза зиян 18,6 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл негізінен 2019 жылы «Сәтті» жүзетін бұрғылау қондырғысы бойынша сот ісін жүргізуге резервтерді есептеу («Сәтті» бұрғылау қондырғысы) және 2020 жылы «Сәтті» бұрғылау қондырғысымен байланысты төрелік талқылаудың тоқтатылуына байланысты айтарлықтай қысқарған «Сәтті» бұрғылау қондырғысының құнсыздануына арналған резервтерді есептеу нәтижесінде орын алды.

ЕБИТДА (Пайызды, салықты, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда)

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 4,9 млрд теңгемен салыстырғанда, осы сегментке тиесілі ЕБИТДА көрсеткіші 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда теріс 14,3 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл негізінен ҚМГ Кеңесінің шешімімен, ең алдымен, шығындардың, атап айтқанда, жалақының өсуі нәтижесінде 2022 жылдың ақпанында жағдайды тұрақтандыру, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобындағы еңбек жанжалдарының одан әрі өршуіне жол бермеу мақсатында 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚМГ-ның кейбір еншілес кәсіпорындарындағы қызметкерлердің жалақысы 30 пайызға өсуімен байланысты орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы теріс 5,3 млрд теңгемен салыстырғанда, осы сегментке тиесілі ЕБИТДА 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 13,4 млрд теңгеге дейін өсті, бұл KMG DS-тың бұрғылау жұмыстарын «Сәтті» бұрғылау қондырғысын пайдалана отырып қайта бастауына және COVID шектеулері жеңілдетілгеннен кейін жақсы экономикалық жағдайларға байланысты орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы теріс 32,3 млрд теңгемен салыстырғанда, осы сегментке тиесілі ЕБИТДА 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы теріс 5,3 млрд теңгені құрады, бұл «Сәтті» бұрғылау қондырғысы бойынша сот ісін жүргізуге және «Сәтті» бұрғылау қондырғысының құнсыздануына байланысты резервтердің жиналуына байланысты орын алды.

Өтімділік және негізгі ресурстар

Ақшалай қаражаттың қозғалысы

Төмендегі кестелерде көрсетілген мерзімдердегі ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің негізгі баптарына қатысты белгілі ақпарат берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			Өзгеріс	
	2021	2020 (қайта есептелген)	2019	2021 және 2020 (қайта есептелген)	2020 (қайта есептелген) және 2019
	(миллион теңгемен)			(пайыз)	
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза ағыны	1 078 497	446 533	123 801	141,5	260,7
Инвестициялық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақшалай қаражаттың таза ағыны	(988 694)	(205 611)	(319 562)	380,9	(35,7)
Қаржылық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақшалай қаражаттың таза қозғалысы	(282 533)	(245 227)	(270 371)	15,2	(9,3)

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс
	2022	2021	
	(миллион теңгемен)		(пайыз)
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны		354 155	443 744 (20,2)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны		(235 499)	(59 661) 294,7
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы		(176 503)	(97 718) 80,6

Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 443,7 миллиард теңгемен салыстырғанда 354,2 миллиард теңгені құрады, бұл 89,5 миллиард теңгеге немесе 20,2 пайызға төмендеуді көрсетеді. Бұл төмендеу, ең алдымен, дебиторлық берешек және басқа да ағымдағы активтердің өзгеруіне байланысты.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 446,5 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны 1 078,5 миллиард теңгені құрады, бұл 632,0 миллиард теңгеге немесе 141,5 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім табыс салығы есепке алынғанға дейінгі жоғары пайданы көрсетеді.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 123,8 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны 446,5 миллиард теңгені құрады, бұл 322,7 миллиард теңгеге немесе 260,7 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мұнай жеткізу үшін алынған аванстарды өтеуге 864,5 млрд теңге мөлшеріндегі түзетуге байланысты болды.

Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны

Инвестициялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) ақшалай қаражаттың таза ағыны негізінен еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарды сатып алуды және иеліктен шығаруды, негізгі құралдарды сатып алуды және сатуды, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған төлемдерді, сондай-ақ банктік депозиттерді алуды және орналастыруды білдіреді.

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 59,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны 235,5 миллиард теңгеге жетті, бұл 175,8 миллиард теңгеге немесе 294,5 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, негізінен, банктік депозиттерді орналастыру салдарынан орын алды, бұл банк депозиттерін алудың жоғарылауымен аздап өтелді.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы инвестициялық қызметте пайдаланылған 205,6 млрд теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаттың таза ағынымен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны 988,7 млрд теңгені құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны негізінен банктік

депозиттерді орналастыруға және Qazaqgaz-ды иеліктен шығаруға байланысты орын алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы инвестициялық қызметте пайдаланылған 319,6 млрд теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаттың ағынымен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағыны 205,6 млрд теңгені құрады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза ағынын негізінен негізгі құралдарды сатып алуға байланысты болды, ол банктік депозиттерді қайтарып алу есебінен өтелді.

Қаржылық қызметтен (пайдаланылатын)/ түсетін ақшалай қаражаттың таза қозғалысы

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы 97,7 миллиард теңгемен салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қаржылық қызметте пайдаланылатын ақшалай қаражаттың таза қозғалысы 176,5 миллиард теңгені құрады, бұл 78,8 миллиард теңгеге немесе 80,7 пайызға өсуді көрсетеді. Бұл өсім, ең алдымен, Компания акционерлеріне төленетін дивидендтер мөлшерінің артуы салдарынан орын алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық қызметте пайдаланылған 245,2 млрд теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаттың таза қозғалысымен салыстырғанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы 282,5 млрд теңгені құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы негізінен қарыздарды өтеуді, қарыздарды алу арқылы ішінара өтелген қарыздарды өтеу мақсатында жүргізілген ақшалай қаражатты резервтеуді қамтып көрсетті.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы қаржылық қызметтен түскен 270,4 млрд теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаттың таза қозғалысымен салыстырғанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы 245,2 млрд теңгені құрады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы қаржылық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалысы негізінен қарыздар мен облигациялардың өтелуі, ішінара қарыздар алу және облигацияларды орналастыру арқылы өтелгенін көрсетті.

Ірі қолма-қол ақшасыз операциялар

2022 жылғы 30 маусымда және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған алты айда Компания ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен шығарылған бірқатар ірі қолма-қол ақшасыз операцияны және басқа да операцияларды жасады. 2021 жылғы маусым және қараша айларында Топ есептелген үлесті қоса алғанда, Қытай экспорттық-импорттық банкінен қарызды өтеу үшін жалпы сомасы 292,3 млрд теңге құрайтын ақшалай қаражатты резервке қойды. Несие 2021 жылдың шілдесінде 32,8 млн теңгеге және 2022 жылдың қаңтарында 259,5 млрд теңгеге өтелді. Несиені өтеу қолма-қол ақшасыз операция ретінде қарастырылды.

Жалпы күрделі қаржы құмсалымы

Төмендегі кестелер сегменттер бойынша, оның ішінде бизнесті біріктіру арқылы сатып алуды қоса алғанда, көрсетілген мерзімдерде Компанияның жалпы күрделі қаржы жұмсалымдарына қатысты белгілі ақпаратты қамтиды.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			Өзгеріс	
	2021	2020 (Қайта есептелген)	2019	2021 және 2020 (қайта есептелген)	2020 (қайта есептелген) және 2019
	<i>(миллион теңгемен)</i>			<i>(пайыз)</i>	
Мұнай мен газды барлау және өндіру	168 017	167 609	256 725	0,2	(34,7)
Мұнайды тасымалдау	92 061	48 900	44 926	88,3	8,8
Газды өткізу және тасымалдау			91 744		
Корпоративтік орталық	6 013	11 811	14 323	(49,1)	(17,5)
Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	83 020	84 649	79 492	(1,9)	6,5
Басқалары	12 681	15 586	18 098	(18,6)	(13,9)
ЭлиминацияларЖоюлар және түзетулер	52 398	125 608		(58,3)	

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			Өзгеріс	
	2021	2020 (Қайта есептелген)	2019	2021 және 2020 (қайта есептелген)	2020 (қайта есептелген) және 2019
	<i>(миллион теңгемен)</i>			<i>(пайыз)</i>	
Күрделі қаржы жұмсалымы жиыны	414 190	454 163	505 308	(8,8)	(10,1)

	30 маусымда аяқталған алты ай үшін		Өзгеріс
	2022	2021	2022 және 2021
	<i>(миллион теңгемен)</i>		<i>(пайыз)</i>
Мұнай мен газды барлау және өндіру	86 110	72 537	18,7
Мұнайды тасымалдау	33 925	40 676	(16,6)
Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	33 028	11 607	184,6
Корпоративтік орталық	2 986	4 561	(34,5)
Басқалары	7 571	7 352	3,0
Элиминациялар және түзетулер		29 772	
Күрделі қаржы жұмсалымы жиыны	163 620	166 505	(1,7)

Мұнай мен газды барлау және өндіру сегменті 2022 және 2021 жылдары 30 маусымда аяқталған алты айда Компанияның күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 52,6 және 43,6 пайызын құрады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы барлау мен өндіруге арналған күрделі қаржы жұмсалымдары негізінен 2021 жылдың сол мерзімінде оларды оңтайландыру нәтижесінде жұмыстардың үлкен көлеміне байланысты ОМГ, ҚМГ-Қарашығанақ, ЕМГ және ҚТМ компанияларына қатысты болды.

Мұнай мен газды барлау және өндіру сегменті 2021, 2020 және 2019 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 40,6 пайызын, 36,9 пайызын және 50,8 пайызын құрады. 2021 жылы ұлғайған қаржы жұмсалымдары, негізінен ӨМГ-де, бұрғылау жұмыстарының ауқымдылығымен байланысты болды, ол 2021 жылы бұрғыланған ұңғымалардың санының азаюымен байланысты ҚМГ-Қарашығанақтағы шығындардың азаюымен ішінара өтелді. 2020 жылы қаржы жұмсалымдарының азаюы негізінен ҚТГ және ҚМГ Қарашығанақ компанияларының бағалау, барлау және игеру бұрғылау жұмыстары көлемінің азаюына, сондай-ақ COVID-19 індегіне байланысты ӨМГ-нің негізгі құралдарды азырақ сатып алуына байланысты болды.

Мұнайды тасымалдау 2022 және 2021 жылдары 30 маусымда аяқталған алты айда Компанияның күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 20,7 және 24,4 пайызын құрады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Құлсары-Теңіз техникалық су құбырын қабылдауға, сондай-ақ, ҚТКФ-тың теңіз операцияларын қолдау флотының жобасы шеңберінде құрғақ жүк таситын кемелерді сатып алуға, және де 2021 жылғы есепті мерзімінде Түркістан құрғақ жүк таситын кемелі жөндеуге байланысты күрделі қаржы жұмсалымдары бойынша мұнайды тасымалдау сегментінің ірі жобалары болды.

Мұнайды тасымалдау 2021, 2020 және 2019 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 22,2 пайызын, 10,8 пайызын және 8,9 пайызын құрады. 2021 жылғы қаржы жұмсалымдарының ұлғаюы негізінен Құлсары-Теңіз техникалық су құбырын мойындау және ҚТКФ-тың құрғақ жүк таситын кемелерді сатып алуы есебінен болды, оның екеуі кері қайтарылды, сондай-ақ сақтандыру компаниясы жауып, шығынының көп бөлігі өтеген Түркістан құрғақ жүк таситын кемесі жөндеуден өтті. Талаптар мен жұмыс көлемінің айырмашылығына байланысты 2019 жылмен салыстырғанда, 2020 жылғы қаржы жұмсалымдарының көбеюі 2020 жылы негізгі өндірістік құралдарының жұмысқа жарамдылығын сақтау нәтижесінде жұмыстың үлкен көлеміне байланысты болды.

Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу 2022 және 2021 жылдары 30 маусымда аяқталған алты айда Компанияның күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 20,2 және 7,0 пайызын құрады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда сегменттің ең ірі жобасы Petromidia мұнай өңдеу зауытының жоспарлы жөндеуін қоса алғанда, жөндеу жұмыстарына байланысты шығындардың артуымен және қондырғылардың бірінің жоспардан тыс тоқтауымен, сондай-ақ АҚШ долларының айырбас бағамының өсуімен байланысты болды.

Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу 2021, 2020 және 2019 жылдары

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы күрделі қаржы жұмсалымдарының тиісінше 20,0 пайызын, 18,6 пайызын және 15,7 пайызын құрады. 2021, 2020 және 2019 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда шикі мұнайды және мұнай өнімдері қайта өңдеу және өткізу сегментінің ірі жобалары мыналар болды: (1) Атырау МӨЗ-інің ағынды суларды тазарту имараттарын жаңғыртуға бағытталған TAZALYQ жобасы, (2) Petromidia МӨЗ-інің жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және (3) Атырау МӨЗ-де мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысын аяқтау.

2020 және 2019 жылдары Компанияның бірлескен кәсіпорындарының елеулі күрделі қаржы жұмсалымдарына Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының құрылысы (24,187 млрд теңге және 30,791 млрд теңге) кірді.

2021, 2020 және 2019 жылдары Компанияның бірлескен кәсіпорындарының ең елеулі күрделі қаржы жұмсалымдарына ТШО-ның ККЖ/ҰЕКБЖ (тиісінше 325,72 млрд теңге, 370,353 млрд теңге және 644,818 млрд теңге) кірді.

Компания 2023-2026 жылдары күрделі қаржы жұмсалымдардың деңгейі негізінен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың мерзімінің өтуіне және өткен жылдардағы бірқатар күрделі жобалардың аяқталуына байланысты төмендейді деп болжайды.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылы бюджеттік күрделі қаржы жұмсалымдары 644,6 млрд теңгені құрайды, оның 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 163,6 млрд теңгесі игерілді. Компанияның 2022 жылға арналған бюджетінде ескерілген ең елеулі күрделі қаржы жұмсалымдарына геологиялық барлау жобалары («Қаламқас теңізі», «Жеңіс», «Исатай», «Абай», «Құрманғазы», «Шығыс Бектұрлы», «Торғай палеозойы»), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қорының атынан кейбір жобалар кіреді («Жаңаөзен қаласында газ өңдеу зауытының құрылысы», «Кендірліде қуаттылығы 50 000 текше метр/тәулік теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы», «Qazaqgaz газ өңдеу зауытының құрылысы»).

Компанияның бірлескен кәсіпорындарының жобалары бойынша күрделі қаржы жұмсалымдары тиісті бірлескен кәсіпорын деңгейінде қаржыландырылады. Бұл жобалардың күрделі қаржы жұмсалымдары Компанияға жүгінбестен қаржыландырылады деп күтілуде.

«Тәуекел факторлары — Компанияның индустриясына қатысты тәуекелдер — Мұнай және газ күрделі қаржыны қажет ететін индустрия болып табылады және Компанияның қызметі тұрақты күрделі қаржы жұмсалымын қажет етуі мүмкін» тарауын қараңыз.

Міндеттемелер

2021 жылғы қаржылық есептілік үшін 32-ескертпені және аралық қаржылық есептілік үшін 24-ескертпені қараңыз.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның Үкіметпен қол қойылған лицензиялар, ӨБК және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар талаптарына сәйкес ең төменгі жұмыс бағдарламаларына қатысты келесі міндеттемелері болған:

Жылы	Күрделі Қаржы Жұмсалымы	Операциялық шығыстар
	<i>(миллион теңгемен)</i>	
2022	179 505	14 477
2023	110 943	4 310
2024	32 408	4 324
2025	14 217	4 275
2026-2048	3 038	21 957
Жиыны	340 111	49 343

Мұнайды жеткізу бойынша міндеттемелер

2021 жылғы 31 желтоқсандағы 8,6 миллион тоннамен (немесе тиісінше Компания үлесі 4,3 миллион тоннамен) салыстырғанда, 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚМГ Қашағанның 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін 7,3 миллион тонна (немесе Компанияның үлесі ретінде 3,7 миллион тонна) жеткізуге міндеттемесі болған.

Басқа Келісімшарттық міндеттемелер

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның (бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және құруға байланысты шамамен 186,9 млрд теңге құрайтын (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 148,6 млрд теңге) басқа да күрделі қаржы жұмсалым бойынша міндеттемелері болды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның Энергетика министрлігі мен Табиғи монополиялар комитетінің бірлескен бұйрығымен бекітілген және өндірістік объектілердің күрделі құрылысына/қайта құрылымдауына/күрделі жөндеуіне/диагностикалауына бағытталған инвестициялық бағдарламалар шеңберінде жалпы сомасы 169,1 млрд теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 184,5 млрд теңге) құрайтын міндеттемелері болған.

Борыштық міндеттемелер

Төмендегі кестелер көрсетілген күндердегі Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының жалпы қарыздары және оларға қатысты белгілі мөлшерлеме мен қаржыны ірілендіру туралы ақпаратты көрсетеді:

	30	31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	маусымдағы жағдай бойынша	2021	2020	2019
	2022	<i>(миллион теңгемен, пайыздарды есепке алмағанда)</i>		
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	3 249 935	3 041 001	3 394 958	3 146 477
Орташа алынған тіркелген сыйақы мөлшерлемелері	5,69%	5,72%	5,50%	5,48%
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	684 762	705 326	683 490	691 027
Құбылмалы сыйақының орташа алынған мөлшерлемелері	8,12%	5,78%	4,38%	5,73%
	3 934 697	3 746 327	4 078 448	3 837 504

	30	31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	маусымдағы жағдай бойынша	2021	2020	2019
	2022	<i>(миллион теңгемен)</i>		
АҚШ долларымен білдірілген қарыздар	3 284 212	3 213 820	3 669 668	3 555 347
Теңгемен білдірілген қарыздар	281 362	294 581	318 034	271 776
Ресей рублімен білдірілген қарыздар	349 123	221 207	85 223	-
Еуромен білдірілген қарыздар	9 214	8 424	2 319	2 881
Басқа валюталармен білдірілген қарыздар	10 786	8 295	3 204	7 500
	3 934 697	3 746 327	4 078 448	3 837 504

	30	31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
	маусымдағы жағдай бойынша	2021	2020	2019
	2022	<i>(миллион теңгемен)</i>		
Ағымдағы бөлік	355 985	484 980	361 556	253 428
Ұзақ мерзімді бөлік	3 578 712	3 261 347	3 716 892	3 584 076
	3 934 697	3 746 327	4 078 448	3 837 504

Компания қарыздарының жалпы сомасы 2021 жылғы 31 желтоқсанда 3 746 миллиард теңгеден 2022 жылғы 30 маусымда 3 935 миллиард теңгеге дейін 5,0 пайызға өсті. Бұл өсім, ең алдымен, шетел валютасында көрсетілген қарыздарға қатысты валютаның айырбас бағамдарының әсерінен орын алды. Компанияның қысқа мерзімді қарыздары (ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігін қоса алғанда) 2021 жылғы 31 желтоқсанда 485 млрд теңгеден 2022 жылғы 30 маусымда 356,0 млрд теңгеге дейін азайды. Бұл төмендеу, ең алдымен, ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігінің төмендеуінің арқасында орын алды.

Компанияның жалпы қарыздары 2020 жылғы 31 желтоқсанда 4 078,4 миллиард теңгеден 2021 жылғы 31 желтоқсанда 3 746 миллиард теңгеге дейін 8,1 пайызға төмендеді. Бұл төмендеу,

негізінен, Qazaqgaz-дың деконсолидациясы мен соған байланысты қарыз алуына байланысты орын алды. Компанияның ұзақ мерзімді қарыздары (ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігін қоспағанда) 2020 жылғы 31 желтоқсанда 3 717 миллиард теңгеден 2021 жылғы 31 желтоқсанда 3 261 миллиард теңгеге дейін азайды, бұл негізінен Qazaqgaz-дың деконсолидациясы мен несиелерді өтеу есебінен орын алды. Айырбас тәуекелінің Топтың левериджіне әсерін азайту үшін Атырау МӨЗ-і АҚШ долларымен білдірілген несиелерін қайта қаржыландырды. Компанияның қысқа мерзімді қарыздары (ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігін қоса алғанда) 2020 жылғы 31 желтоқсанда 361,6 миллиард теңгеден 2021 жылғы 31 желтоқсанда 485 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, ең алдымен, ВТБ банкінің Атырау МӨЗ-не Қытайдың Эксим банкінен 604 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі (2022 жылдың қаңтарында өтелген) алынған несиені қайта қаржыландыру үшін берген 38 миллиард рубль сомасында жаңа несие алуына, сондай-ақ доллар/теңге бағамының ауытқуына байланысты орын алды.

Компанияның жалпы қарыздары 2019 жылғы 31 желтоқсанда 3 838 миллиард теңгеден 2020 жылғы 31 желтоқсанда 4 078 миллиард теңгеге дейін 6,3 пайызға өсті. Бұл өсім теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі нәтижесіндегі айырбас бағамының айырмашылығына байланысты болды (2020 жылдың аяғындағы 420,91-мен салыстырғандағы 2019 жылдың аяғында 382,59), қарыз теңгеде көрсетілген. Іс жүзінде, 2020 жылы екі еурооблигация шығарылымын қайта қаржыландыру есебінен 750 млн АҚШ доллары сомасындағы еурооблигацияларды шығару және орналастыру нәтижесінде ҚМГ-ның шоғырландырылған қарызы жалпы \$907 миллионға аздап қысқарды (157 млн доллар ҚМГ-ның өз қаражаты есебінен өтелді). Компанияның ұзақ мерзімді қарыздары (ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігін қоспағанда) 2019 жылғы 31 желтоқсанда 3,584 млрд теңгеден 2020 жылғы 31 желтоқсанда 3,717 млрд теңгеге дейін өсті, бұл ең алдымен, 2033 жылға арналған облигацияларды шығарумен байланысты болды.

Компанияның қысқа мерзімді қарыздары (ұзақ-мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігін қоса алғанда) 2019 жылғы 31 желтоқсанда 253,4 миллиард теңгеден 2020 жылғы 31 желтоқсанда 361,6 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, ең алдымен, теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі, сондай-ақ «KPMG International» жаңартпалы несие желілері бойынша қарыздың ұлғаюына байланысты болды.

Төменде көрсетілгеннен басқа, 2022 жылдың 30 маусымынан бастап Топтың борыштық міндеттемелерінде елеулі өзгерістер орын алған жоқ.

2022 жылдың 15 қыркүйегінде Компанияның 100 пайыз еншілес ұйымы «Coöperatieve KazMunaiGas U.A.» Қашағанды сату опционын жүзеге асырды да, «Самұрық-Қазынадан» ҚМГ Қашағандағы акцияларды сатып алды, осылайша ҚМГ Қашағанның жалғыз акционері болды. Сатып алу бағасы және 2023 жылдың 30 маусымына дейін бірнеше траншпен төленуі тиіс 3,8 миллиард АҚШ долларын құрайды. Компания сатып алу бағасының 42 пайызын Компания KASE-де шығарған және «Самұрық-Қазынанан» иелігіндегі 2035 жылғы өтеу мерзімімен 751,6 млрд теңге (1,6 млрд АҚШ доллары) сомасындағы 3% купондық облигациялардан алынған таза түсім есебінен жабуға ниетті, ал сатып алу бағасының қалған бөлігі Қашағанның операциялық қызметтен түскен қаражаты есебінен және «Самұрық-Қазынанан» Компания алдындағы міндеттемелерінің есепке алыну арқылы төленетін болады. Сонымен қатар, ҚМГ Қашағандағы қатысу үлесін сатып алу Компанияның берешегін жоғарыда аталған облигациялар бойынша 1,6 млрд АҚШ долларын және Қашағанның операциялық қызметінен түскен қаражаты есебінен (2023 жылдың 30 маусымына дейін) төленуі тиіс сатып алу бағасының қалған бөлігіне «Самұрық-Қазына» кепілдігінің 0,7 млрд АҚШ долларын қоса алғанда, 2,3 млрд АҚШ долларына (2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша) ұлғайтады.

Осы мәміленің тараптары «Самұрық-Қазына» қорының бақылауында болғандықтан, Компания осы сатып алуға қатысты үлес бірігу тәсілін қолданды және 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айлық кезеңі үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін, біріктірудің нақты күніне қарамастан (2022 жылғы 14 қыркүйек), ҚМГ Қашаған бақылау үлестерінің аударымы ұсынылған ең ерте кезеңнің басынан, яғни 2021 жылғы 31 желтоқсаннан бастап пайда болғандай ұсынады, және бұл 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылдың 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ұсынылған қаржылық ақпаратты қайта өндіруді талап етеді.

ҚМГ Қашағанның ортақ бақылауға берілген активтері мен міндеттемелері бұрынғы иесінің (Самұрық-Қазына) баланстық құнымен есепке алынады. Біріктіру нәтижесінде ешқандай жаңа гудвилл танылмайды. Сатып алынған таза активтердің баланстық құны мен төленген сыйақы арасындағы айырмашылық акционерлік капитал құрамында танылды. ҚҚМГ Қашағанның меншікті капиталының құрамдас бөліктері ортақ бақылаудағы бизнесті біріктіру ретінде Компанияның ұсталған кірісіне қосылады.

Қаржылық саясат

Компанияның қаржылық саясатының мақсаттары:

- Компанияның қаржылық тәуекелдерін бағалау, шектеу және басқару;
- Компанияның левереджін қадағалау және мұндай қарызды қайта қаржыландырусыз мерзімінде өтеу арқылы Компанияның жалпы қарыз деңгейін төмендету бойынша қадамдар жасау;
- Компанияның еншілес кәсіпорындары деңгейінде айналым капиталының оңтайлы жағдайын сақтау; және
- Топ ішінде қаржылық икемділіктің жоғары деңгейін сақтау.

Осы саясатқа сәйкес, Компания жобаларды теңгеріміне нұқсан келтірмей, регрессия құқығынсыз жобалық қаржыландыруды тарту арқылы, сатып алынған активке шектеулі регрессия құқығымен сатып алуды қаржыландыруды тарту және оның еншілес кәсіпорындарынан, бірлескен кәсіпорындарынан және қауымдасқан компанияларынан алынған дивидендтерден алынған меншікті қаражатты пайдалану арқылы қаржыландыруға ұмтылады. Компания немесе оның еншілес кәсіпорындары жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыру кезінде әдетте Компания деңгейінде қаржыландыруды ұйымдастырады, содан кейін Топтағы әртүрлі ұйымдар қажет болған жағдайда жобаларды қаржыландыру үшін осындай өтімділікті бөледі. Сонымен қатар, Компания өзінің бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларын қаржыландыруға тікелей қатысуға ынталандырады.

Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының негізгі борыштық міндеттемелері

Компания үнемі банктік және облигациялық нарықтарға шығып тұрады. 2022 жылғы 30 маусымда айналыстағы облигациялар сомасы 2 949,1 млрд теңгені құрады. 2022 жылғы 30 маусымда Компанияның өтелмеген банктік несиелердің сомасы 986 миллиард теңгені құрады.

Шоғырландырылмаған бірлескен кәсіпорындардың негізгі борыштық міндеттемелері

Сонымен қатар, олар Компанияның несиелерімен шоғырландырылмағанымен, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының кейбір бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларында айтарлықтай борыштық міндеттемелері бар.

ҚБМ

2021 жылғы 29 сәуірде ҚБМ бастапқыда 2017 жылғы 6 наурыздағы 2016 жылы CaspiBitum несие шарттарын қайта қаржыландыру мақсаттарында ҚБМ (қарыз алушы ретінде), Bank of China Limited, London Branch (несие агенті ретінде) және Euro-Asian Oil PTE ЖШС (қауіпсіздік агенті және тұтынушы ретінде) арасында жасалған 250 миллион АҚШ долларына дейінгі экспорт алдындағы мерзімді несие желісіне қатысты несиелік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы акт жасады.

ТШО

ККЖ/ҰЕҚБЖ-ны қаржыландыру үшін ТШО 2016 жылдың шілде айында оның қарыз алушысы ретінде «Tengizchevroil Finance Company International Ltd» («ТFCI») әрекет ететін қамтамасыз етілген қарызды тартты.

2016 жылдың 27 шілдесінде ТFCI компаниясы халықаралық институционалдық инвесторларға арналған 1 000 миллион АҚШ долларын құрайтын А сериялы облигацияларды шығарды, сондай-ақ барлық жағынан тең А сериялы облигациялардың шарттарын қамтып көрсететін «Chevron» және «ExxonMobil» компанияларынан тиісінше 2 000 миллион АҚШ долларын және

1 000 миллион АҚШ долларын құрайтын артықшылықты талап ету құқығы бар қамтамасыз етілген несиелерді алды. Бұл облигациялар мен несиелер 2026 жылдың 15 тамызында өтеледі және олар бойынша жыл сайын 4 пайыздық сыйақы мөлшерлемесі төленіп тұратын болады.

2020 жылдың 23 шілдесінде TFCI компаниясы халықаралық институционалдық инвесторларға арналған 500 миллион АҚШ долларын құрайтын В сериялы облигацияларды шығарды, сондай-ақ барлық жағынан тең В сериялы облигациялардың шарттарын қамтып көрсететін «Chevron» және «ExxonMobil» компанияларынан тиісінше 1 000 миллион АҚШ долларын және 500 миллион АҚШ долларын құрайтын артықшылықты талап ету құқығы бар қамтамасыз етілген несиелерді алды. Бұл облигациялар мен несиелер 2025 жылдың 15 тамызында өтеледі және олар бойынша жыл сайын 2,625 пайыздық сыйақы мөлшерлемесі төленіп тұратын болады.

2020 жылдың 23 шілдесінде TFCI компаниясы халықаралық институционалдық инвесторларға арналған 750 миллион АҚШ долларын құрайтын С сериялы облигацияларды шығарды, сондай-ақ барлық жағынан тең В сериялы облигациялардың шарттарын қамтып көрсететін «Chevron» және «ExxonMobil» компанияларынан тиісінше 1 500 миллион АҚШ долларын және 750 миллион АҚШ долларын құрайтын артықшылықты талап ету құқығы бар қамтамасыз етілген несиелерді алды. Бұл облигациялар мен несиелер 2030 жылдың 15 тамызында өтеледі және олар бойынша жыл сайын 3,25 пайыздық сыйақы мөлшерлемесі төленіп тұратын болады.

Толығырақ ақпарат алу үшін төмендегі кестені қараңыз:

Ұзақ мерзімді берешектің жалпы құрылымы	31 желтоқсан, 2021 ж., миллион АҚШ доллары
А сериялы облигациялар	1 000
В сериялы облигациялар	500
С сериялы облигациялар	750
«Chevron» компаниясының несиесі (артықшылықты талап ету құқығы бар А, В, С сериялы облигациялары)	4 500
«Exxon Mobil» компаниясының несиесі (артықшылықты талап ету құқығы бар А, В, С сериялы облигациялары)	2 250
Ұзақ мерзімді берешекті жиыны	9 000

Борыштық міндеттемелердің кейбір ережелері мен шарттары

Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының қарыз туралы келісімдері кейбір қаржылық және басқа ковенанттарды қоса алғанда, стандартты нарық шарттарын қамтиды. Осы Проспектіні шығару күнінің жағдайы бойынша Компания осы шарттарды орындайды.

Төмендегі кестеде 2021 жылдың 30 маусымдағы Компанияның қарызының болжамды жоспарлы өтеу мерзімі көрсетілген (атаулы мәндер):

Төлеу жылы	Төленетін сома (миллион доллармен)
2022 ж. 2-жартыжылдығы	95 ⁷
2023	233
2024	264
2025	760
2026	312
2027	1 297
2028	0,5
2029	-
2030	1 250
2031 және одан кейін	3 500

Компанияның тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздарынан орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2021 жылғы 31 желтоқсандағы 5,72 пайыздан 2022 жылғы 30 маусымда 5,69 пайызға дейін төмендеді, бұл негізінен Қытайдың Эксим банкінен Атырау МӨЗ-нің 604 млн АҚШ доллары (259 млрд теңге) көлеміндегі қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуіне байланысты орын алды. Компанияның тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздарынан орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы 5,50 пайыздан 2021

⁷ KMG International тобының сауда қызметі бойынша айналым қаражатының қозғалысын қамтымайды.

жылдың 31 желтоқсанында 5,72 пайызға дейін өсті, бұл негізінен Атырау МӨЗ-нің Қазақстан Даму Банкі («ҚДБ») және ЖХЫБ жоғары сыйақы мөлшерлемелері бар теңгедегі несиелер тарту арқылы АҚШ долларындағы несиелерін қайта қаржыландыру есебінен болды. Компанияның құбылмалсы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздары бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы 4,38 пайыздан 2021 жылдың 31 желтоқсанында 5,78 пайызға дейін өсті, бұл негізінен жұмсақ валютадағы жоғары сыйақы мөлшерлемесі бәре несиелер тарту арқылы Қытайдың Эксим банкінен Атырау МӨЗ-нің несиесін қайта қаржыландыру есебінен болды.

Тәуекелдер - Кіріспе

Компания резервтерге және өндіруге, мұнай мен газ қорларын бағалауға, Қазақстанның экологиялық заңнамасына, шикі мұнайдың, газдың және мұнай өнімдерінің бағаларына, шетел валютасына, өтімділікке, несиеге, сыйақы мөлшерлемелеріне, салық салуға және басқаларға байланысты тәуекелдерге ұшырайды. Компания осы нарықтық тәуекелдерді басқару үшін мерзімдік валюталық келісімшарттар, шетелдік валюталық опциондар, пайыздық мөлшерлемелер своптары және тауарлық келісімдер сияқты қаржы құралдарын пайдаланбайды.

2021 жылғы қаржылық есептілік үшін 31-ескертпені қараңыз.

Нарықтық тәуекел

Топ нарықтық тәуекелдерге ұшырайды. Нарықтық тәуекелдер сыйақы мөлшерлемесіндегі, валютадағы және бағалы қағаздардағы ашық позициялардан туындайды, олардың барлығы нарықтың жалпы және ерекше қозғалысына ұшырайды. Топ нарықтық жағдаяттың қолайсыз өзгерістерінен туындауы мүмкін ықтимал шығындарды мерзімді бағалау және тиісті маржа мен кепілдік талаптарын белгілеу арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

Валюталық тәуекел

Компанияның негізгі айырбас бағамының тәуекелі АҚШ долларының теңгеге қатысты және азырақ дәрежеде басқа валюталарға қатысты құнының өзгеруін қамтиды. АҚШ долларында көрсетілген елеулі қарыздар мен несиелік берешек нәтижесінде Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікке АҚШ доллары/теңге бағамдарының қозғалысы айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Топ сондай-ақ АҚШ долларына транзакциялық валюта тәуекеліне ие, өйткені ол өз кірісінің айтарлықтай бөлігін АҚШ долларында жинайды. Компанияның ақшалай қаражаты қозғалысының көп бөлігі теңгемен білдірілген. Түсімге келетін болсақ, Компанияның барлық экспорттық кірісі, соның ішінде шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің экспорты АҚШ долларымен көрсетіледі немесе шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің экспорты АҚШ долларындағы бағасымен байланыстырылған.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның 3 284,2 миллиард теңге мөлшеріндегі берешегі АҚШ долларымен білдірілген (бұл Компанияның көрсетілген күнге 3 935 миллиард теңге мөлшеріндегі жалпы берешегінің 83,5 пайызын құрайды). Теңгеге қатысты АҚШ доллары құнының төмендеуі Компанияның теңгемен өлшенген АҚШ долларындағы міндеттемелерінің құнын төмендетті және төмендете береді, ал теңгеге қатысты АҚШ доллары құнының өсуі теңгемен өлшенген кезде Компанияның АҚШ долларындағы міндеттемелерінің құнын көтерді және көтере береді. Компанияның есеп беру валютасы теңге болғандықтан, Компания АҚШ долларының теңгеге қатысты құны төмендеген кезде шетел валютасын қайта есептеуден шығынға ұшырады және шығынға ұшырауды жалғастырады. «—*Қызметтер мен өтімділік нәтижелеріне әсер ететін негізгі факторлар — Айырбас бағамдарының өзгеруінің әсері*» тарауын қараңыз.

Компания валюта бағамының өзгеруіне тәуекелді басқару үшін валюталық немесе мерзімдік келісімшарттарды пайдаланбайды. Компания басшылығы Компанияның валюталық тәуекеліне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді және шетел валютасының айырбас бағамдарының өзгеруін және оның Компания қызметіне әсерін қадағалап отырады. Компания АҚШ долларымен білдірілген қаржылық активтерді АҚШ-долларындағы қаржылық міндеттемелермен сәйкестендіру немесе қаржылық емес активтер мен қаржылық міндеттемелер арасындағы хеджерлеуді белгілеу арқылы АҚШ-долларындағы валюталық тәуекелді басқару саясатын ұстанады.

Сыйақы мөлшерлемесі тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемесі тәуекелі – нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне байланысты қаржы құралының құнының өзгеру тәуекелі. Компания құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар берешегі бойынша және аз дәрежеде тіркелген сыйақы мөлшерлемелері бар берешегі бойынша пайыздық тәуекелге ұшырайды. Компанияның саясаты болып тіркелген және құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыз алуды пайдалана отырып, сыйақы мөлшерлемесінің құнын басқарутабылады. 2022 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Компанияда 3 934,7 миллиард теңге жиынтық сомада өтелмеген несиелер мен қарыздар болды, соның ішінде 3 250 миллиард теңгесі тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бойынша (орташа алынған 5,69 сыйақы мөлшерлемесі бойынша) және АҚШ долларындағы депозиттер үшін LIBOR⁸ мөлшерлемесін (SOFR – қамтамасыз етілген қаржыландыру мөлшерлемесімен ауыстырылды) ескере отырып айқындалатын өзгермелі мөлшерлемелер бойынша пайыздармен (орташа өлшенген мөлшерлеме бойынша 8,12 пайыз) жалпы сомасы 684,8 млрд.теңгені құрады. «—*Борыштық Міндеттемелер*» тарауын қараңыз.

Компания қарызды күрделі қаржы жұмсалымдарын қаржыландыруды, сатып алуды қаржыландыруды және жұмыс қажеттіліктерін қаржыландыруды қоса алғанда, жалпы корпоративтік мақсаттар үшін алады. Сыйақы мөлшерлемелерінің жоғары қарай ауытқуы жаңа қарыздың құнын және өтелмеген құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі қарыздардың пайызды өтеуге жұмсалатын шығындарын арттырады. Сыйақы мөлшерлемелерінің ауытқуы сонымен қатар Компанияның борыштық міндеттемелерінің әділ құнының елеулі ауытқуларына әкелуі мүмкін. Біртекті санат қаржы міндеттемелері деноминацияланатын валютаға сәйкес анықталады және әрбір біртекті санаттағы (мысалы, АҚШ доллары, теңге) сыйақы мөлшерлемесінің бірдей қозғалысын болжайды. Алайда, Компанияның сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеуіне және Компанияның борышкерлік міндеттемелер қоржынының әділ құнының сәйкесінше өсуіне сезімталдығы Компанияның теңгерімдік құннан жоғары бағамен тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен борышкерлік міндеттемелер қоржынының барлығын немесе бір бөлігін қайта сатып алуға немесе басқа жолмен шығаруға таңдалған нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысына теріс әсер етеді.

Несиелік тәуекел

Компания тек уәкілетті, несиеге қабілетті тараптармен сауда жасайды және оның несиелік шарттармен сауда жасауға ниетті клиенттерге қатысты несиені тексеру саясаты бар. Несиелік тәуекелдің шоғырлануына Компанияның әлеуетті ұшырауы мүмкін қаржы құралдары негізінен дебиторлық берешек шоттарынан тұрады. Компания қарсы әріптестер орындамаған жағдайда құралдардың шарттық құнына дейін шығынға ұшырауы мүмкін болса да, ол мұндай шығындардың орын алуын болжамайды. Осы дебиторлық берешектің өндірілуіне осы ұйымдарға әсер ететін экономикалық факторлар әсер етуі мүмкін болса да, Компания бұрыннан есепке алынған резервтерден тыс шығынның елеулі тәуекелі жоқ деп санайды. Ең жоғары тәуекел — бұл 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 14-ескертпесінде көрсетілген теңгерімдік құн.

Дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің шоғырлануы Компанияның клиенттік базасына кіретін көптеген клиенттерге және көптеген сатылымдар үшін аккредитивтерді пайдалануға байланысты шектеулі. Заңды тұлғалардың депозиттерін сақтандыруды Қазақстанда жұмыс істейтін қаржы мекемелері ұсынбайды. Компания басшылығы ақша қаражатын орналастыратын қаржы институттарының несиені өтеу қабілеттілігін мезгіл-мезгіл тексеріп отырады.

Қолма-қол ақша мен олардың баламаларын, банктік депозиттерді, сауда дебиторлық берешегін, қарыздар мен алуға арналған вексельдерді және басқа да қаржылық активтерді қамтитын Компанияның басқа қаржылық активтерінен туындайтын несиелік тәуекелдерге келетін болсақ, Компанияның несиелік тәуекелдерге ұшырауы қарсы серіктестің дефолтынан туындайды, ең жоғары тәуекел осы құралдардың теңгерімдік құнына тең.

Сонымен қатар, Компания өзінің инвестициялық қызметінен, негізінен қазақстандық банктерде депозиттерді орналастыруға байланысты несиелік және өтімділік тәуекеліне ұшырайды.

⁸ Лондон ақша нарығындағы кейбір банктер бір-біріне несие беруге дайын орташа банкаралық пайыздық мөлшерлеме.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды, бұл Компанияның қаржылық міндеттемелерімен байланысты міндеттемелерді орындау үшін қаражат тартуда қиындықтарға тап болуын тудырады. Өтімділік тәуекелі қаржылық активті оның әділ құнына жақын бағамен тез сата алмауынан туындауы мүмкін. Компания басшылығы өтімділік талаптарын тұрақты негізде қадағалап отырады және Компанияда олар туындаған кезде өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті қаражат бар деп есептейді.

Хеджерлеу саясаты

Компания жалпы мерзімдік айырбастау келісімшарттарын, валюталық своптарды, сату опциондарын немесе басқа хеджерлеу келісімдерін пайдаланбаған. Топ ішінде тек «KMG International» хеджерлеу механизмдерін қолданады.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шетел валютасындағы кейбір қарыздар шетелдік қызметтерге таза инвестицияны хеджерлеу құралы ретінде белгіленді. Бұл несиелер Топтың осы инвестициялар бойынша АҚШ долларындағы валюталық тәуекелге ұшырауын хеджерлеу үшін пайдаланылады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда осы қарыздарды қайта есептеуден 233,6 млрд теңге мөлшеріндегі шығын (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 44,0 млрд теңге мөлшеріндегі шығынмен салыстырғанда) басқа жиынтық табыс құрамына ауыстырылды және шетелдік қызметтерге таза инвестицияларды қайта есептеуден түскен пайдамен өтелді.

(2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 205,7 млрд теңге мөлшеріндегі шығынмен және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы 10,3 млрд теңгеден табыспен салыстырғанда) 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы «KMG International» шетелдік қызметтер ретінде жіктелген белгілі бір еншілес кәсіпорындарға таза инвестицияларды хеджерлеуді АҚШ долларында білдірілген жекелеген қарыздарға қарсы пайдаланды, оның әсері 67,0 млрд теңге мөлшеріндегі шығынға тең болды. 2021 жылғы қаржылық есептілік үшін 25-ескертпені қараңыз.

Теңгерімнен тысқары операциялар

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияда теңгерімнен тыс маңызды баптар болған жоқ. Компания барлық мойындалған келісімшарттық және шартты міндеттемелер туралы резервтер ретінде хабарлайды немесе оларды өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде басқаша түрде ашады. Теңгерімнен тысқары қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекел қаржы құралының екінші тарапының келісімшарт талаптарын орындамауы нәтижесінде залал келтіру мүмкіндігі ретінде айқындалады. Компания басшылығы теңгерімнен тыс құралдар оның шоғырландырылған қызметі немесе қаржылық жағдайы үшін маңызды деп санамайды.

Маңызды есептік бағалаулар мен пайымдаулар

Қаржылық есептілік ҚЕХС-ке сәйкес дайындалды. ҚЕХС-ке сәйкес, шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау Компания басшылығынан тиісті есеп саясатын таңдауды және есептілікте көрсетілген активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың сомаларына әсер ететін бағалаулар мен болжамдарды қабылдауды, сондай-ақ шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашуды талап етеді. Компанияның есеп саясатының негізгі қағидаттарының толық сипаттамасын 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 3-ескертпесінен қараңыз. Басшылықтың тиісті есеп саясатын таңдауы және мұндай бағалаулар мен болжамдарды жасау басқа жағдайларда айтарлықтай өзгеше сомалар ұсынылатын немесе басқа болжамдар қолданылған жағдайда және нақты сомалар осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін деген ақылға қонымды ықтималдығы бар дәрежеде пайымдаулар мен белгісіздіктермен ұштасады. Төменде Компания басшылығынан талап етілетін ең маңызды есептік бағалар мен пайымдаулардың қысқаша мазмұны келтірілген.

2021 жылғы қаржылық есептіліктің 3-ескертпесін және «Қаржылық және басқа ақпаратты ұсыну» тарауын қараңыз.

Мұнай мен газдың қорлары

Мұнай мен газ қорлары Компанияның тозуды, таусылуды және амортизацияны есептеуіндегі маңызды фактор болып табылады. Компания бұл есеп үшін өзінің мұнай және газ қорларын PRMS-қа және Қазақстанда қолданылатын әдістемеге (соның ішінде Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңына сәйкес) сәйкес бағалайды. PRMS әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Компания ұзақ мерзімді жоспарлау бағаларын пайдаланады (Самұрық-Қазына АҚ 5 жылдық мерзімге арналған даму жоспарының макроэкономикалық болжамдары). Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңындағы споттық бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың әсерін жояды. Компания басшылығы ұзақ мерзімді жоспарлау бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ-мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барыншы қолайлы негізді қамтамасыз етеді деп санайды.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Мұндай белгісіздік дәрежесі негізінен бағалау және түсіндіру кезінде қолжетімді болатын сенімді геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Белгісіздіктің салыстырмалы дәрежесі қорларды екі негізгі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндірудің дәлелденбеген қорларға қарағанда ықтималдығы жоғарырақ (90 пайыздан астам) және оларды өндірудегі біртіндеп өсіп келе жатқан белгісіздікті көрсету үшін одан әрі әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлуге болады. Толық ақпаратты *«ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ – Белгілі бір резервтер туралы ақпарат»* тарауынан қараңыз.

Көмірсутектер қоры жыл сайын бағаланып тұрады. Бағалаулар жыл сайын қайта қаралып, түзетіліп тұрады. Түзетулер бұрыннан бар геологиялық деректерді, кәсіпшілік немесе өндіру деректерін бағалау немесе қайта бағалау, жаңа деректердің бар болуы немесе бастапқы баға болжамдарының өзгеруі салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ өндіру жобаларының жақсаруы, өндірістік қуаттылықтың өзгеруі немесе даму стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар мұнай және газ өндіру активтеріне қатысты тозуды, таусылуды және амортизацияны есептеу үшін өндірудің үлестік нормаларын есептеуге пайдаланылады. Компания дәлелденген қорларға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт қолданысының бастапқы мерзімі ішінде өндіріледі деп күтілетін көлемдерді ғана енгізді. Бұл ұзарту бойына рәсімдердің нәтижелерімен байланысты белгісіздіктен туындайды, өйткені ұзарту ақырында Үкіметтің қалауы бойынша іске асырылады. Компанияның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзарту және мәлімделген қорлардың тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу, таусылу және амортизация шығындарының төмендеуіне әкеледі және кіріске айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың қысқаруы тозу, таусылу және амортизация шығындарын арттырады (тұрақты өндіру деңгейінде), кірісті азайтады, сонымен қатар мүліктің теңгерімдік құнын тікелей азаюына әкелуі мүмкін. Өндіруші кен орындарының салыстырмалы түрде аз саны болған жағдайда, өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалаудағы кез келген өзгерістер тозуға, таусылуға және амортизацияға аударымдарға шығындарына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер активтің теңгерімдік құны өтелмейтінін көрсеткенде, Компания активтерді немесе ақшалай қаражатты тудыратын бірліктерді («АҚТБ») құнсыздану мақсатында бағалайды. Құнсыздану көрсеткіші болған жағдайда өтелетін құнның ресми бағасы жасалады, ол сатуға жұмсалған шығындарды және пайдалану құнын шегергендегі әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылады. Бұл бағалаулар тәуекелге және белгісіздікке ұшырайтын мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі және операциялық қызмет (өндіріс пен сату көлемдерін қоса алғанда) сияқты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Активтің теңгерімдік құны немесе АҚТБ оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив немесе АҚТБ құнсызданған болып саналады және оның теңгерімдік құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде болжамды болашақ ақша ағындары активтер тобына тән

тәуекелдерді ескере отырып түзетіледі және ақшаның уақытша құнын және осы активке тән тәуекелдерді ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың келтірілген құнына дейін дисконтталады. Сату шығындарын шегергендегі әділ құн нарыққа қатысушылар арасындағы реттелген мәміледе активті сатудан түсуі мүмкін сома ретінде анықталады және ұйымға тән және жалпы субъектілерге қолданылмайтын факторлардың әсерін көрсетпейді.

Компания 2021, 2020 және 2019 жылдардың желтоқсанында өткізу, қайта өңдеу және басқа да активтерінің құнсыздануына жыл сайынғы сынақтарын өткізді. Компания құнсыздану көрсеткіштерін қарастырған кезде басқа факторлармен қатар мұнай өңдеудің болжамды маржасын және өндіріс көлемін ескереді. Нарық болжамдарының төмендеуі гудвилдің және (немесе) өңдеу, өткізу активтерінің және басқа сегменттердің ықтимал құнсыздануын көрсетеді. 2021, 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсыздануды талдау нәтижесінде қаржылық есептілікте құнсыздану бойынша шығыстар мойындалды.

Павлодар МӨЗ-ы

2021, 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың Павлодар МӨЗ-ын сатып алуға байланысты материалдық гудвилі бар болды.

2021, 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Павлодар МӨЗ-ның АҚТБ өтелетін сомасы 88,6 млрд теңгені құрады. Өтелетін сома дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеледі, ақша ағындары болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 2021 жылы 12,06 пайызды құрады (2020 жылы 10,79 пайыз және 2019 жылы 9,7 пайыз).

Құнсыздану тестінің нәтижелері бойынша 2021 жылы Павлодар МӨЗ-ның іскерлік беделінің құнсыздануы анықталған жоқ. 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 17-ескертпесін қараңыз.

Активтерді шығару бойынша шіндеттемелер

Мұнай және газ өндіру объектілері

Жер қойнауын пайдалануға арналған белгілі бір келісімшарттардың және қолданыстағы заңнама мен нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, Компанияның материалдық активтерді бөлшектеу және жою және әрбір өндіріс орнындағы жерді қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері бар. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелері барлық өндірістік емес ұңғымалардың ағымдағы жабылуына және құбырлар мен ғимараттарды бөлшектеу және келісімшарттық аумақтарды қалпына келтіру сияқты түпкілікті тоқтату шараларына, сондай-ақ материалдық активтерді бөлшектеу және жою және әрбір өндіріс орнындағы аумақты қалпына келтіру міндеттемелерін қамтиды. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарын Компанияның қалауы бойынша ұзарту мүмкін болмағандықтан, түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді өтеу күні әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мерзімінің соңы болып есептелді. Активтерді шығару бойынша міндеттемелер мұнай және газ кен орнының экономикалық қызмет ету мерзімінің соңында өтелетін болса, есепке алынған міндеттеме барлық жабу және тоқтату шығындарын қосу есебінен айтарлықтай өсер еді. Топтың ұңғымаларды жабуды және түпкілікті тоқтату шығындарын қаржыландыру бойынша міндеттемелерінің көлемі жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға тәуелді болады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда да, заңнамада да, нормативтік-құқықтық актілерде де жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінің соңында осындай түпкілікті жабуға және тоқтатуға арналған шығындарды қабылдау немесе қаржыландыру бойынша бір мәнді міндеттеме ескерілмеген жағдайда, ешқандай жауапкершілік танылмайды. Мұндай шешім қабылдауда кейбір белгісіздік пен маңызды пайымдаулар бар болады. Компания басшылығының мұндай міндеттемелердің бар немесе жоқтығын бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибедегі өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін.

Компания активтерді шығару бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттеменің сомасы-күтілетін инфляция деңгейіне түзетілген және Қазақстан

нарығына тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің тәуелсіз борыш үшін орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді пайдалана отырып дисконтталған міндеттемені өтеу үшін талап етілетін болжамды шығыстардың дисконтталған құны.

Әрбір есепті күнде Компания алаңды қалпына келтіруге қатысты ережелерді қайта қарайды және оларды ХҚЕТК 1 «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» сәйкес ағымдағы ең үздік бағаны көрсету үшін түзетеді.

Жабуға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде Компания басшылығының маңызды бағалары мен пайымдаулары пайдаланылады. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңды талаптардағы түсініксіздіктен басқа, Компанияның бағасына активтерді жою технологияларындағы, шығындар мен салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Ақырғы тоқтату Қорытынды жабу шығындарына қатысты белгісіздік күтілетін ақша ағындарын дисконттау әсерлері арқылы азайтылады. Компания ағымдағы жылғы бағаларды және орташа ұзақ мерзімді инфляция деңгейін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

2021 жылғы 31-желтоқсанда Топтың компаниялары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді анықтау үшін пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция және дисконттау мөлшерлемелері тиісінше 2,23 пайыздан 8,10 пайызға дейін және 3,80 пайыздан 10,25 пайызға дейін (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2,00 пайыздан 7,3 пайызға дейін және 3,68 пайыздан 11,00 пайызға дейін) өзгерді. 2021 жылдың 31 желтоқсанында Топтың мұнай-газ объектілерін пайдаланудан шығаруға байланысты активтерді жою бойынша міндеттеменің теңгерімдік құны 67,2 млрд (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 66,2 млрд теңгемен салыстырғанда) теңгені құрады. Активтерді істен шығару бойынша міндеттемелері бойынша резервтегі қозғалыстар туралы толық ақпаратты 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 26-ескертпесінен қараңыз.

Экологиялық оңалту

Компания басшылығы сонымен қатар экологиялық оңалту жөніндегі міндеттемелер бойынша резервтер құру кезінде пайымдаулар мен бағалаулар жасайды. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Бұрынғы қызметтен туындаған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат пен қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлары негізінде анықталады және егер рәсімдерді орындау мерзімі тиісті органдармен келісілмеген болса, дисконтсыз негізде ескеріледі. Компанияның экологиялық оңалтуға арналған қоры Компания қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажет ететін күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Компания бұл міндеттемені 2021 жылға арналған жылдық бюджетке енгізілген шығындардың бір бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты, нақты шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, жұртшылықтың күтулерінен, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан өзгеше болуы мүмкін. Сондай-ақ экологиялық оңалту бойынша міндеттемелерге қатысты келесі белгісіздіктер туралы толық ақпаратты 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 26-ескертпесінен қараңыз.

Қызметкерлерге берілетін сыйақылар

Қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққанға дейін, және одан кейін белгіленген ұзақ-мерзімді сыйақылардың құны және міндеттемелердің келтірілген құны актуарлық бағалау арқылы анықталады. Актуарлық бағалау болашақтағы нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін әртүрлі болжамдарды қабылдауды қамтиды. Оларға дисконттау мөлшерлемесін анықтау, жалақының болашақ өсуі, өлім-жітім деңгейі және зейнетақының болашақ өсуі жатады.

Бағалаудың күрделілігіне, оның болжамдарына және оның ұзақ мерзімді сипатына байланысты белгіленген төлемдер міндеттемесі осы болжамдардың өзгеруіне өте сезімтал болады. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде Компания басшылығы Компания даулай алмайтын немесе қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алатынына сенбейтін салық позицияларында белгілі салаларды ықтимал міндеттемелер ретінде қарайды. Мұндай анықтамалар өз мәні бойынша айтарлықтай пайымдауды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер, Компанияның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарына салық салу талаптарына түзетулер, аяқталмаған салық талқылауларынан күтілетін нәтижелерді және салық органдарының талаптарды сақтауын ағымдағы тексерулердің нәтижелерін айқындау нәтижесінде өзгертілуі мүмкін. 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 29 және 32-ескертпелерін қараңыз.

Салық салынатын табыс Салық кодексіне сәйкес есептеледі. Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығына да, үстеме пайда салығына да есептеледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы және үстеме пайда салығы 2021 жылғы 31 желтоқсанда салық органдары енгізген күтілетін мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа жатқызылған активтер мен міндеттемелер бойынша уақытша айырмашылықтар негізінде есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салынатын уақытша айырмашылықтар мен мұндай шығыстардың іскерлік сипаты дәлелденетіндей дәрежеде барлық резервтер мен пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін болашақ салық салынатын пайданың ықтимал мерзімдері мен деңгейіне, сондай-ақ болашақ салықтық жоспарлау стратегияларына негізделген маңызды басшылық шешімі қажет. 2022 жылғы 30 маусымда танылған кейінге қалдырылған салықтың теңгерімдік құны 61,0 млрд теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсанда 34,0 млрд теңге, 2020 жылғы 31 желтоқсанда 58,6 млрд теңге және 2019 жылғы 31 желтоқсанда 73,7 млрд теңге) құрады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны белсенді нарықтар негізінде анықталуы мүмкін емес болған жағдайда, олар дисконтталған ақша ағындарының үлгісін қоса алғанда, белгілі бағалау әдістерін пайдалана отырып анықталады. Бұл үлгілерге бастапқы деректер мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан алынады, бірақ бұл мүмкін емес болса, әділ құндарды белгілеу үшін белгілі дәрежедегі пікір қажет. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және құбылмалылық сияқты бастапқы мәліметтердің есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдардағы өзгерістер қаржы құралдарының хабарланған әділ құнына әсер етуі мүмкін. 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 31-ескертпесін және аралық қаржылық есептіліктің 23-ескертпесін қараңыз.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Компания негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін, кем дегенде, әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және күтулер бұрынғы бағалаулардан өзгеше болған жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты», есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктер 8 ХБЕС-ке сәйкес ос сәттен бастап есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

ДИРЕКТОРЛАР, МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Компанияның басқару құрылымы Директорлар кеңесі мен Басқармадан тұрады. Басқарма, соның ішінде Басқарма Төрағасы, Компанияны күнделікті басқаруға жауапты болады.

Компанияға қолданылатын корпоративтік басқару режимне қойылатын талаптар негізінен «АҚ туралы Заңда» және Компанияның Жарғысында баяндалған, және Компания осы талаптарды ұстанады. Бұдан басқа, Компания 2015 жылғы 27 мамырда «Самұрық-Қазына» қоры дауыс беретін акцияларының 50 %-нан астам үлесін тікелей немесе жанама иеленетін ұйымдарға қатысты қолданылатын «Самұрық-Қазынаның» корпоративтік басқару кодексіне негізделген өзінің Корпоративтік басқару кодексін қабылдады. «Корпоративтік басқару саясатын» қараңыз. Мұндай корпоративтік басқару режимі «Нарықта теріс пайдалану туралы регламентте» (MAR ережелерінде) ескерілген режиммен үйлесімді.

Директорлар кеңесінің құрамы

Компанияның Директорлар кеңесі келесі мүшелерден тұрады:

А.Ә.Т.	Туылған күні	Алғашқы тағайындалған күні	Қызметте болу мерзімінің аяқталуы	Ағымдағы лауазымы
Кристофер Джон Уолтон	1957 жылғы 19 маусым	2014	2023	Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев	1978 жылғы 7 қараша	2022	2023	Компания Басқармасының Төрағасы, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин	1947 жылғы 14 қазан	2016	2023	«Самұрық-Қазына» қоры мүдделерінің өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Филип Малкольм Холланд.....	1954 жылғы 25 желтоқсан	2020	2023	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
Тимоти Глен Миллер	1959 жылғы 13 қараша	2020	2023	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
Ернар Бейсенұлы Жанәділ	1984 жылғы 15 желтоқсан	2022	2023	«Самұрық-Қазына» қоры мүдделерінің өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Ғибрат Қайратұлы Ауғанов	1988 жылғы 6 маусым	2022	2023	«Самұрық-Қазына» қоры мүдделерінің өкілі, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі
Әсел Әнуарқызы Хаирова	1972 жылғы 4 ақпан	2022	2023	Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Кристофер Уолтон. Уолтон мырза 2014 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі және 2017 жылдан бастап Директорлар кеңесінің төрағасы. Уолтон мырза Директорлар институтының және Корольдік Аэронавигациялық қоғамының құрметті мүшесі. Уолтон мырза Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымымен қатар, Ұлыбританияның су асты қайықтарын жеткізу жөніндегі агенттігі аудитінің Төрағасы және Корольдік соғыс-теңіз флоты (the Royal Navy's National Shipbuilding Strategy Client Board) үшін Кеме жасау Стратегиялық кеңесінің атқарушы емес мүшесі. Ол Лондондағы Қайырымдылық қорына қарасты Еркін азаматтар гильдиясының қамқоршысы болып табылады. Ол «EasyJet Plc» компаниясының қаржы директоры болып, Qantas, Air New Zealand, Australia Post және Australian Airlines компанияларында жоғары қаржылық және коммерциялық лауазымдарды атқарды. Сондай-ақ, Уолтон мырза Аустралияның қорғаныс күштерінің резервінде қызмет етті. Ол «Lothian Buses

plc», «Asia Resource Minerals Plc», «Goldenport Holdings» сияқты компанияларда Басқарма төрағасы болды. Сонымен бірге, Уолтон мырза ҚТЖ-дағы аудит жөніндегі комитетінің төрағасы және Ұлыбританияның мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы емес мүшесі лауазымдарын атқарды. Батыс Австралия университетін саясаттану саласындағы өнер бакалавры және іскерлік басқару магистрі дәрежелерімен бітірген.

Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев. Мырзағалиев мырза 2022 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. Кейіннен мұнай-газ саласында әртүрлі лауазымдарды атқарды, мысалы, «MI Drilling Fluids International» («Schlumberger») компаниясының Теңіз және Батыс Сібір кен орындарында бұрғылау ерітінділері жөніндегі инженері; «ТеңізСервис» ЖШС бас директоры; Компанияның басқарушы директоры; Компанияның Басқарма төрағасының инновациялық даму және сервистік жобалар жөніндегі орынбасары; Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі; Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі; Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі; Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі; Қазақстан Республикасының Президентінің кеңесшісі. Қазақстан Республикасының үш жоғары оқу орнын (Тұран университетін, Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялық-инженерлік университетін) бітірген.

Ұзақбай Қарабалин. Қарабалин мырза 2016 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі және «Самыруқ-Қазына» қоры мүдделерінің өкілі. Қарабалин мырзаның мұнай-газ секторында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, сонымен қатар ол бірқатар ғылыми лауазымда қызмет атқарады. Ол 1974-1981 жылдары Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтының бұрғылау, жуу сұйықтықтары технологиясы зертханаларының меңгерушісі, 1981-1988 жылдары Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1988 жылдан 1990 жылға дейін «Каспийгеологиямаңы» бас аумақтық басқармасының техникалық прогресті дамыту және терең бұрғылау басқармасының бастығы және 1988 жылдан 1990 жылға дейін Қазақ политехникалық институты Гурьев филиалының кафедра меңгерушісі болды. 1991 жылдан 1992 жылға дейін - Қарабалин мырза Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының өнеркәсіп бөлімінің аға референті. Сонан соң 1992-1994 жылдары ол Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі Мұнай және газ басқармасының бастығы және 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары және Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары қызметтерін атқарды. Қарабалин мырза 1997-2000 жылдар аралығында «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясының корпоративтік даму жөніндегі вице-президенті, перспективалық даму жөніндегі директоры, перспективалық даму жөніндегі вице-президенті, бірінші вице-президенті болған. Ол 1999 жылы Компания президентінің міндетін атқарушы және 2000-2001 жылдары «ҚазақГаз» компаниясының президенті болған, содан кейін 2001-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі қызметін атқарған. Қарабалин мырза 2003 жылдан 2008 жылға дейін Компанияның Президенті болды. Сонымен бірге, 2006-2008 жылдары ол ҚТО, «Мұнай және газ көлігі» ҰҚ» АҚ, ҚМГ және ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің төрағасы, 2007-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Қарабалин мырза 2008 жылы ММГ бас директорының міндетін атқарушы және 2010 жылдан 2013 жылға дейін «Қазақстан мұнай және газ институты» АҚ бас директоры болды. 2013-2014 жылдары Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі қызметін атқарған. Қарабалин мырза 2014-2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші орынбасары болды, және қазіргі таңда «KazEnergy» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Атырау Мұнай және газ университетінің Қамқоршылық қорының төрағасы және «KIOG» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Қарабалин мырза 1970 жылы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтын бітірген. 1985 жылы Уфа мұнай институтында техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды.

Филип Малкольм Холланд. Холланд мырза 2020 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. 1980 жылы Филип «Bechtel» корпорациясына қосылып, әлемнің әртүрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқарды. 2004 жылы ол «Shell» компаниясында

жұмысын бастап, 2009 жылы «Shell» компаниясының жобалар мен технологиялар жөніндегі жаңадан құрылған бөлімшесінде мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу бойынша атқарушы вице-президенті болды. 2010 жылы «Shell» компаниясының Қазақстандағы 2-фаза бойынша Қашаған жобасының директоры болып тағайындалды. Әрі қарай ол өз жұмысын Shell QP Аль-Караан мұнай-химия жобасында жалғастырды. 2013 жылдан бастап жобаларды басқару жөніндегі тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді.

Тимоти Глен Миллер. Миллер мырза 2020 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. Ол бүкіл әлем бойынша 39 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар мұнай мен газды басқару және олармен операциялар саласындағы тәжірибелі басшы. Ол сондай-ақ «Integrated Global Services» (IGS) компаниясының Қазақстан Республикасы бойынша Атқарушы директоры және Жаһандық операциялар жөніндегі аға кеңесшісі болып табылады. Ол бұрын «Шеврон» корпорациясында жұмыс істеген, мұнда ол 2018 жылдың қазанынан 2019 жылдың ақпанына дейін «Евразия» бизнес-бөлімшесі бойынша операциялық компания президентінің кеңесшісі, 2015 жылдың қарашасынан 2018 жылдың қазанына дейін «Евразия» бизнес-бөлімшесінің Басқарушы директоры, 2007 жылдың тамыз айынан 2010 жылдың қазан айына дейін Шығыс Калимантан бойынша Аға вице-президент, 2005 жылғы тамыздан 2007 жылғы тамызға дейін Бразилия бойынша елдік менеджер және 2003 жылғы желтоқсаннан 2005 жылғы тамызға дейін Басқару жөніндегі демеуші болған. Бұған дейін ол 2010 жылдың қазанынан 2015 жылдың қарашасына дейін ТШО-ның бас директоры және 2000 жылдың шілдесі мен 2003 жылдың желтоқсаны аралығында «Saudi Arabian Texaco, Inc., Texaco Exploration and Production» компаниясы президентінің көмекшісі қызметін атқарған.

Ернар Бейсенұлы Жанәділ. Жанәділ мырза 2022 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. Жанәділ мырза мансабын «Phillip Morris Kazakhstan» компаниясында, «ЭлитСтрой» ЖШС-де, «PricewaterhouseCoopers» халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеу арқылы бастаған. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Ішкі аудит қызметін басқарды, Қаржылық бақылаушы лауазымын атқарды. 2016 жылы ол «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор және тең басқарушы директор, сондай-ақ Басқарма мүшесі болып тағайындалды. 2021 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі болып тағайындалды. Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі қызметтерін атқарады. Қазақстандық Менеджмент, Экономика және болжамдау институтының (ҚМЭБИ) Бухгалтерлік есеп және қаржы саласындағы Іскерлік әкімшілендіру бакалавры дәрежесін алды (Қазақстан). Ұлыбританиядағы Манчестер университетінің Манчестер бизнес мектебінің қаржы саласындағы Магистр дәрежесі бар; ол сонымен қатар Лондон бизнес мектебі мен Колумбия Бизнес мектебінің Бірлескен бағдарламасы бойынша Executive MBA-Global дәрежесін алды (Ұлыбритания және АҚШ). Келесі кәсіби халықаралық сертификаттары бар: АССА, СМА, IPMA.

Гибрат Қайратұлы Ауғанов. Ауғанов мырза 2022 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. Ауғанов мырза еңбек жолын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ еңбекті жоспарлау және нормалау бөлімінің инженері болып бастады. Соңынан мұнай-газ саласында әртүрлі лауазымдарды атқарды (ҚМГ еңбекақы төлеу және нормалау департаментінің жетекші маманы; «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жеке меншік мекемесінің еңбекақы төлеу және нормалау департаментінің жетекші маманы; «Қазгермұнай» БК»" ЖШС адами ресурстарды басқару департаментінің еңбекті нормалау жөніндегі жетекші инженері; ЕМГ қызметкерлер құрамын басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары, ҚБМ қызметкерлер құрамын басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры. Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі. Қазақстан Республикасының үш университетін бітірген. Атап айтқанда, Т.Рысқұлов Қазақ экономикалық университетінің қаржы бакалавры дәрежесін алған, «Қаржы және есеп» факультеті; сондай-ақ, ол М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша мұнай және газ бакалавры дәрежесіне де ие; және Гуманитарлық-техникалық академияның Экономика және қаржы магистрі дәрежесіне ие.

Әсел Әнуарқызы Хаирова. Хаирова ханым 2022 жылдан бері Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі. Хаирова ханымның жаһандық халықаралық деңгейдегі «Century Integration AG» мен «KPMG» компанияларында 25 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Қазақстандық политехникалық институтында бакалавр дәрежесін алған (Қазақстан). Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжамдау институтының (ҚМЭБИ) Мемлекеттік әкімшілендіру магистрі дәрежесіне ие (Қазақстан). Ол, сонымен қатар, INSEAD бизнес мектебінде (Франция) Leadership бағдарламасын аяқтады. Қазіргі уақытта «Қазақмыс Холдингі» АҚ иректорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы, сондай-ақ «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрайымы қызметтерін атқарады.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына Аудит комитеті, Тағайындау және сыйақы комитеті, Стратегия және портфельді басқару комитеті және Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті кіреді.

Аудит комитеті

Аудит комитеті ішкі және сыртқы қаржылық аудитке, қаржылық есептілікке және тәуекелдерді басқаруға қатысты барлық мәселелерді қарайтын Директорлар кеңесінің кеңесші органы болып табылады. Сондай-ақ, ол қажет болған жағдайда Директорлар кеңесіне ұсыныстарды әзірлеп береді.

Осы Проспектінің шығарылым күніне Аудит комитеті келесі мүшелерден тұрады:

А.Ә.Т.	Лауазымы
Әсел Әнуарқызы Хаирова	2022 жылдың маусым айынан бастап төрайым
Филип Малкольм Холланд	2020 жылдың қыркүйек айынан бастап мүше
Тимоти Глен Миллер	2020 жылдың қыркүйек айынан бастап мүше

Тағайындау және сыйақы комитеті

Тағайындау және сыйақы комитеті Директорлар кеңесіне негізгі лауазымдарға кандидаттарды тағайындаудың жалпы саясаты және сыйақы мәселелері бойынша ұсыныстар береді. Тағайындау және сыйақы комитетінің қызметі мен ұсынымдары Директорлар кеңесі мен Басқарманың Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының және басқа да жоғары лауазымды тұлғалардың сабақтастығын жоспарлау және қызметін бағалау үшін негіз болып табылады. Сонымен бірге, Тағайындау және сыйақы комитетінің функциялары тиімді кадрлық саясатты, еңбекақыны және сыйақыны төлеу жүйесін, Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әлеуметтік қолдауын, біліктілігін арттыру мен кәсіби даярлауын қамтамасыз етуді қамтиды.

Осы Проспектінің шығарылым күніне Тағайындау және сыйақы комитеті келесі мүшелерден тұрады:

А.Ә.Т.	Лауазымы
Филип Малкольм Холланд	2020 жылдың қыркүйек айынан бастап төраға
Кристофер Джон Уолтон	2022 жылдың маусым айынан бастап мүше
Фибрат Қайратұлы Ауғанов	2022 жылдың сәуір айынан бастап мүше
Әсел Әнуарқызы Хаирова	2022 жылдың мамыр айынан бастап мүше

Стратегия және портфельді басқару комитеті

Стратегия және портфельді басқару комитеті Директорлар кеңесіне компанияның даму стратегиясы мен инвестициялық саясатына қатысты ұсыныстарды беріп тұрады. Стратегия және портфельді басқару комитетінің рөліне корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша ұсыныстарды беру, Компанияның қаржылық-экономикалық жоспарлауы және жаңартпалары бойынша ұсыныстар беру кіреді.

Осы Проспектінің шығарылым күніне Стратегия және портфельді басқару комитеті келесі мүшелерден тұрады:

А.Ә.Т.	Лауазымы
Кристофер Джон Уолтон	2022 жылдың маусым айынан бастап төраға (бұрын 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап мүше)
Филип Малкольм Холланд	2022 жылдың маусым айынан бастап мүше (бұрын 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап 2022 жылдың маусым айына дейін төраға)
Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин	2022 жылдың маусым айынан бастап мүше (бұрын 2016 жылдың ақпан айынан бастап мүше)
Тимоти Глен Миллер	2020 жылдың қыркүйек айынан бастап мүше
Ернар Бейсенұлы Жанәділ	2022 жылдың ақпан айынан бастап мүше

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті Директорлар кеңесіне еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша; Компанияның жоспарлау және әлеуметтік-экономикалық өсу стратегиясына тұрақты дамудың қандай қағидаттары енгізілуі тиіс екендігі туралы; Компанияның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттары бойынша әлеуметтік міндеттемелері мен бастамалары туралы; Компания қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету туралы; және Компанияның экологиялық тиімділігі туралы ұсыныстар береді.

А.Ә.Т.	Лауазымы
Тимоти Глен Миллер.....	2020 жылдың қыркүйек айынан бастап төраға
Кристофер Джон Уолтон	2018 жылдың желтоқсан айынан бастап мүше
Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин.....	2019 жылдың мамыр айынан бастап мүше
Әсел Әнуарқызы Хаирова	2022 жылдың мамыр айынан бастап мүше

Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің әрқайсысының ресми орналасқан жері болып Компанияның Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ, Қонаев көш., 8 заңды мекенжайы табылады, және телефон нөмірі: +7 (7172) 786 101.

Басқарманың құрамы

Осы Проспектінің шығарылым күніне Компания Басқармасы жеті мүшеден тұрады. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін тағайындайды. Директорлар кеңесі акционерлер акционерлер тағайындайтын Басқарма Төрағасын қоспағанда, кез келген уақытта Басқарманың кез келген мүшесінің өкілеттігін тоқтатуға құқылы.

Осы Проспектінің шығарылым күніне Компания Басқармасы келесі мүшелерден тұрады:

А.Ә.Т.	Туылған күні	Тағайындалған мерзімі	Компаниядағы лауазымы
Мағзұм Мырзағалиев	1978 жылғы 7 қараша	2022 жылдың сәуір айы	Басқарма төрағасы
Құрманғазы Есқазиев	1965 жылғы 11 мамыр	2022 жылдың ақпан айы	Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары
Дәурен Қарабаев	1978 жылғы 11 маусым	2018 жылдың қазан айы	Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Мұрат Мұңбаев	1975 жылғы 5 қаңтар	2022 жылдың ақпан айы	Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары
Дастан Абдулғафаров	1974 жылғы 16 желтоқсан	2022 жылдың ақпан айы	Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Арман Қайырденев	1971 жылғы 12 сәуір	2022 жылдың мамыр айы	Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі орынбасары
Болат Зәкіров	1976 жылғы 16 шілде	2022 жылдың мамыр айы	Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы жөніндегі орынбасары
Василий Лавренов	1979 жылғы 17 қараша	2022 жылдың мамыр айы	Басқарма төрағасының орынбасары

Мағзұм Мырзағалиев. «—Директорлар кеңесінің құрамы» тарауын қараңыз.

Құрманғазы Есқазиев. Есқазиев мырза В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін геолог-тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірді. Еңбек

жолын 1985 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінде оператор-коллектордан бастап, «ЕМГ» компаниясының Бас директоры лауазымына дейін өндірістің барлық сатысынан өтті. 2006 жылы Есқазиев мырза Томск политехникалық университетінде диссертация қорғап, «Геология-минералогия ғылымдарының кандидаты» біліктілік дәрежесіне ие болды. 2006-2008 жылдар аралығында ол «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Геология және игеру департаменті директорының орынбасары, кейіннен департамент директоры болып жұмыс істеді. 2008-2015 жылдар аралығында Есқазиев мырза ҚМГ-ның мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директоры, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директоры, бас геолог, операциялық емес активтер бойынша басқарушы директор (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) қызметтерін атқарды. 2015 жылдың қыркүйегінен 2018 жылға дейін – «ЕМГ» компаниясының Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры. 2018-2020 жылдары – ҚМГ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервис жөніндегі Орынбасары, ҚМГ Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі Орынбасары қызметін атқарды. 2020 жылдан бастап 2022 жылдың ақпанына дейін - ҚМГ БӨ-нің Бас директоры. 2022 жылдың ақпанынан бастап – ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі Орынбасары. 2021 жылы И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университетінде диссертация қорғап, «Геология-минералогия ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесіне ие болды. Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, И.М.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университетінің «Мұнай мен газды іздеу-барлау» кафедрасының профессоры, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖФА) академигі. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының Үздік барлаушысы» және «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгілерімен марапатталып, «Атырау облысының құрметті азаматы» атағын ие болды.

Дәурен Қарабаев, дипломды қаржы сарапшысы. Қарабаев мырза 1999 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітіріп, халықаралық экономикалық қатынастар мамандығы бойынша бакалавр дипломын алған. 2001 жылы Texas A&M университетінде магистратураны тәмамдап, қаржы саласында ғылым магистрі біліктілігіне ие болды. Қарабаев мырза мансабын 2001 жылы «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ-да несиелік сараптамашы болып бастады. 2003 жылы банктің несиелік басқарамасының басшысы болып тағайындалды. 2004 жылдан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да атқарушы директор қызметін атқарды. 2007 жылдан 2016 жылдың маусым айына дейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды. 2016 жылдың маусым айынан қыркүйек айына дейін McKinsey & Company Inc.-те жоба кураторы. 2016 жылдың қазан айынан ҚМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

Мұрат Мұңбаев. Мұңбаев мырза 1998 жылы Варшава мемлекеттік университетін бітіріп, халықаралық экономикалық қатынастар магистрі дәрежесіне ие болды. Еңбек жолын 1999 жылы қаржы ұйымдарынан бастады. 2000 жылдан 2002 жылға дейін ABN AMRO Bank Kazakhstan-да клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, Бөлім басқарушысы болды. 2002-2004 жылдар аралығында Мұңбаев мырза ТШО-да Басқарушы директордың орынбасары лауазымында болып, қазынашылық және несиелеу мәселелеріне жетекшілік етті. 2004-2006 жылдары «Chevron» компаниясында Жоспарлау жөніндегі бас сарапшы, Атқарушы вице-президенттің кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2006-2007 жылдары ТШО-да Маркетинг және тасымалдауды қаржылық қолдау менеджері болып жұмыс істеді. 2007-2016 жылдары ТШО-да Стратегиялық жоспарлау және талдау жөніндегі бас менеджерінің Орынбасары, Бас менеджері қызметтерін, ал 2016-2020 жылдары аралығында Маркетинг және тасымалдау жөніндегі Бас менеджері лауазымын атқарды. 2020 жылдың қаңтар мен маусым айларында «ChevronMunaiGas Inc.» компаниясы Еуразиялық бөлімшесінің Коммерциялық мәселелері жөніндегі бас менеджері болып жұмыс істеді. 2020-2021 жылдары «Shell Қазақстан» компаниясының Стратегия мен активтер портфелі жөніндегі бас менеджері лауазымын иеленді. 2022 жылдың ақпанынан бастап – ҚМГ Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары.

Арман Қайырденев. Қайырденев мырза Қазақ химия-технология институтын «Көміртек материалдарының химиялық технологиясы» мамандағы бойынша бітірді. 2003 жылы Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясын «Мұнай және газ бизнесі» мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолын Атырау мұнай өңдеу зауытында бастап, онда технологиялық қондырғы операторынан зауыт басшысына дейін көтерілді. 2006-

2008 жылдары – ҚМГ-де Мұнай химиясы департаментінің Бас менеджері және Мұнай өңдеу департаменті директорының Орынбасары. 2008-2012 жылдары - «Rompetrol Rafinare S. A.» (Румыния) компаниясы бас директорының Орынбасары, Бас директоры. 2012-2013 жылдары – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің Бас директоры. 2013-2018 жылдары «Атырау АЭА» АҚ, «The Rompetrol Group Corporate Center S.R.L.», «ҚазМұнайГаз - Өңдеу және маркетинг» АҚ компанияларында жұмыс істеді. 2019-2021 жылдары ҚМГ Техникалық даму департаментінің Директоры, мұнай өңдеу жөніндегі Басқарушы директоры, Мұнай өңдеу және мұнай химиясы департаментінің Директоры қызметтерін атқарды. 2021 жылдың шілде айынан бастап – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Бас директоры. 2022 жылдың мамырында ҚМГ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Болат Зәкіров. Зәкіров мырза Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Халықаралық валюта-қаржы қатынастары» мамандығы бойынша және Шотландиядағы Данди университетін «Мұнай және газ экономикасы» мамандығы бойынша бітірді. 1999 жылдан 2009 жылға дейін ҚТО-да Стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы, Жобаларды басқару департаментінің менеджері, Көлік логистикасы департаментінің Бас менеджері, директорының Орынбасары, Директоры, Перспективалы даму департаментінің Директоры, бас директордың даму жөніндегі Орынбасары болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС бас директорының Орынбасары, Бас директоры болды. 2012-2016 жылдары ҚТО бас директорының кеңесшісі, өндіріс жөніндегі Басқарушы директоры, бас директордың даму жөніндегі Орынбасары және активтер жөніндегі Басқарушы директоры қызметтерін атқарды. 2016-2018 жылдары - «KMG Systems & Services» ЖШС бас директорының Кеңесшісі. 2018 жылдан бастап – ҚМГ мұнай тасымалдау департаментінің Директоры, мұнай тасымалдау басқармасының Басшысы. 2022 жылдың мамырында ҚМГ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Василий Лавренов. В. Лавренов 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын тәмамдады. Ол 2004 жылы Дюк университетінің құқық мектебінде және Жапониядағы Киюшу университетінде халықаралық құқық мамандығы жөніндегі бағдарламаны қосымша оқып бітірді. Еңбек жолын 1999 жылы «Титул» заң агенттігі» ЖШС-де заңгердің көмекшісі ретінде бастады. Сонан соң «Grata» заң фирмасы» ЖШС заңгері болып жұмыс істеді. 2001-2002 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ заң департаментінің заң кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2002-2005 жылдары - «Grata» заң фирмасы» ЖШС-нің серіктесі. 2005-2007 жылдары – «Bateman Kazakhstan Oil and Gas Company B.V.» компаниясының Қазақстандағы филиалының заң қызметінің Бастығы, Құқық мәселелері бойынша бас кеңесшісі. 2007-2008 жылдары «Интегра Менеджмент» ЖАҚ (Қазақстан Республикасындағы өкілдігі) мұнай сервис компаниясының заң қызметінің Директоры болды. 2008-2017 жылдары - «Eastcomtrans» компаниялар тобының заң департаментінің Директоры, заң мәселелері бойынша Бас кеңесшісі. 2019-2022 жылдары – Будапешт қаласындағы «Greenline Services Ltd «компаниясының Аға серіктесі, Кеңесшісі. 2022 жылдың мамырында ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Басқарма мүшелерінің әрқайсысының орналасқан орны болып Компанияның Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Қонаев көш.8 заңды мекенжайы табылады.

Басқарма төрағасы

Басқарма Төрағасы Компанияның жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады. Басқарманың қазіргі төрағасы Мағзұм Мырзағалиев «Самұрық-Қазына» қоры Басқармасының 2022 жылғы 14 сәуірдегі шешімімен лауазымына 2022 жылдың 15 сәуірінен бастап тағайындалған.

Басқарма Төрағасының орналасқан орны болып Компанияның Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 010000, Қонаев көш.8 заңды мекенжайы табылады.

Басқару құрылымы

Акционерлер

Акционерлер АҚ туралы Заңда, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында (өзгертулермен 2012 жылғы 01 ақпандағы № 550-IV) («**Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Заң**»), Жарғыда (соңғы редакциясы 2016 жылғы 22 сәуірдегі акционерлердің шешімімен бекітілген, соңғы редакциясы 2016 жылғы 22 сәуірдегі акционерлердің шешімімен бекітілген, 2016 жылғы 1 тамыздағы, 2016 жылғы 4 қарашадағы, 2017 жылғы 30 қарашадағы, 2018 жылғы 16 қарашадағы, 2018 жылғы 19 желтоқсандағы, 2018 жылғы 19 желтоқсандағы, 2019 жылғы 20 мамырдағы, 2020 жылғы 3 ақпандағы, 2020 жылғы 13 шылдедегі өзгертулермен) және «Самұрық-Қазына» қорын құру және оның Қазақстан экономикасындағы рөлі мен функциялары туралы Президент жарлықтарында және Үкімен қаулыларында белгіленген функцияларды орындайды. *«Негізгі және сатушы акционермен және байланысты тараптармен мәмілелер—Самұрық-Қазына»* тақырыбын қараңыз.

Бұл функцияларға, атап айтқанда, төмендегілер кіреді:

- заңнамада және (немесе) Жарғыда белгіленген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысу;
- Компанияның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелік еткен кезде, Директорлар кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныстарды беру;
- дивидендтерді инкассалау;
- заңнамада немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен Компанияның қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ үлестес компаниялар туралы ақпаратты, соның ішінде құпия ақпаратты, егер сауалда өзгеше белгіленбесе, Компания сауалды алғаннан кейін он күннен кешіктірмей алу, сонымен қатар Компанияның қаржылық есептілігімен танысу;
- Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайланатын кандидаттарды ұсыну;
- Компания органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
- Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасау; және
- Акционерлердің жалпы жиналысында заңнамада белгіленген тәртіппен Компания акцияларының санын немесе түрін нақтылау туралы шешім қабылдауға қатысу.

Кворум және дауыс беру үдерісі

Компания акционерлерінің кез келген жалпы жиналысында, егер мұндай жиналысқа жеке немесе өкілдері арқылы қатысып отырған акционерлер Компанияның дауыс беретін акциялардың 50 пайызын немесе одан да көп акцияны құрайтын болса, кворум бар болады.

Кейінге қалдырылған акционерлердің кез келген жалпы жиналысында, егер мұндай жиналысқа жеке немесе өкілдері арқылы қатысып отырған акционерлер Компанияның дауыс беретін акциялардың 40 пайызын немесе одан да көп акцияны құрайтын болса, кворум бар болады.

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша көзбе-көз дауыс беру немесе сырттай дауыс беру арқылы іске асырылады:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайда бір акционерге берілген акциялар бойынша дауыстардың ең үлкен санына шектеу қойылған жағдайда;
- директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; және де

- акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша дауыс беру үшін бір дауыс берілген кезде.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Компанияның қызметін жалпы басшылықты іске асырады, Компанияның стратегиясы мен саясатын басқарады, сондай-ақ АҚ туралы Заңға және Компанияның жарғысына сәйкес (жоғарыда көрсетілгендей) акционерлердің құзыретіне тікелей жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Компанияның қызметінің барлық аспектілері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне, төмендегілер жатады:

- Компания қызметінің басым бағыттарын айқындау және Компанияның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын қадағалау;
- Компанияның жылдық есебін және тұрақты даму туралы есебін бекіту;
- Компанияның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау және оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- ішкі аудит қызметінің жылдық аудит жоспарын және ішкі аудит қызметінің стратегиясын бекіту;
- заңды тұлғаларды құру және Компанияның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің) бес және одан да көп пайызын⁹ сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешімдерді қабылдау; Компанияның заңнамаға сәйкес мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасауы туралы шешім қабылдау;
- нәтижесінде Компания құны оның активтерінің жалпы құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Компаниямен жасалуы туралы шешім қабылдау;
- Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Компанияның құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамымен (базалық сценарий) айқындалған бағам бойынша теңгемен 110 миллион АҚШ долларына¹⁰ балама шекті мәннен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді немесе олармен байланысты мәмілелер жиынтығын Компанияның жасасуы туралы шешімді бекіту, шешімдер қабылдау; және
- бірлескен қызмет туралы келісімдерді (келісімшарттарды) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (лицензиялар) бойынша жобаларды іске асыруды қаржыландыру туралы келісімдерді, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасу туралы шешімдер қабылдау (заңнамаға сәйкес құзыретті орган шешім қабылдағаннан кейін) немесе жер қойнауын пайдалануға, жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) беруге лицензиялар алу (заңнамаға сәйкес құзыретті органнан рұқсат алғанға дейін), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға (лицензияларға) өзгерістер мен толықтыруларды енгізу (редакциялық сипаттағы өзгерістерді және толықтыруларды қоспағанда), заңнамаға сәйкес Компанияға жер қойнауы учаскесінің барлығын (бір бөлігін) (барлық жер қойнауы учаскелерін) қайтару (Компанияның бас тартуы).

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің шешімімен үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады және олар Директорлар кеңесінде қатарынан тоғыз жылдан астам қызмет ете

9 2022 жылғы 27 қазанда Сатушы акционердің Басқармасы бекіткен Жарғыға енгізілген түзетулер «бес және одан да көп пайызды» «он және одан да көп пайызға» өзгертуді қарастырады.

10 2022 жылғы 27 қазанда Сатушы акционердің Басқармасы бекіткен Жарғыға енгізілген түзетулер «110 миллион АҚШ долларын» «200 миллион АҚШ долларына» өзгертуді қарастырады.

алмайды (дегенмен, бұл шектеудің белгілі бір ерекшеліктері бар). Осы Проспектіні шығару күндегі жағдай бойынша Директорлар кеңесі сегіз мүшеден тұрады, олардың төртеуі Уолтон мырза, Миллер мырза, Холланд мырза және Хаирова ханым тәуелсіз директорлар болып тағайындалды.

Басқарма

Басқарма Директорлар кеңесі мен акционерлердің бақылауымен Компанияны күн сайынғы басқару мен жетекшілік ету үшін іске асырады. Басқарманың міндеттеріне сонымен қатар, төмендегілер кіреді:

- заңнамаға және (немесе) Жарғыға сәйкес Компанияның басқа органдарының құзыретіне жататын мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Компания құны оның активтерінің жалпы құнының он пайызынан кем болатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Компаниямен жасалуы туралы шешім қабылдау;
- өз құзыреті шегінде Компанияның міндеттемелерін оның жарғылық капиталының он пайызына дейінгі сомаға ұлғайту туралы шешімдерді қабылдау;
- Басқарманың құзыретіне сәйкес Компанияның басқа ұйымдарды құруға қатысуы және Акционерлердің жалпы жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде сатып алынған қатысу үлестері мен акцияларын иеліктен шығару туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына береді;
- Компанияның шоғырландырылған және жекелеген жылдық қаржылық есептілігін дайындау және Директорлар кеңесіне алдын ала бекітуге ұсыну;
- Директорлар кеңесіне Компанияның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізу; және
- Компанияның дивидендтік саясаты, Компанияның қаржылық жылдың нәтижелері бойынша таза пайдасын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу және Компанияның бір жай акциясына есептегенде төленетін дивиденд мөлшерін анықтау бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау, бекіту және Директорлар кеңесіне ұсыну;

2022 жылғы 27 қазанда Сатушы акционердің Басқармасы бекіткен Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Самұрық-Қазынаның корпоративтік стандарттарымен реттелмейтін мәселелер бойынша Компания және Компания (тікелей немесе жанама түрде) дауыс беретін акцияларын немесе қатысу үлесін иеленетін ұйымдарға арналған немесе Самұрық-Қазынаның саясаттары мен корпоративтік стандарттарын қосымша тәптіштейтін жалпы саясаттар мен стандарттарды бекітуге қатысты құзыретін табыстауды көздейді. Қараңыз *«АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ – Жарғыға шолу.»*

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Компанияның бірыңғай орталықтандырылған органы болып табылады. Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына (атап айтқанда, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына) және Компанияның ішкі саясаты мен рәсімдеріне сәйкес Топтың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады, ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды бағалайды, корпоративтік басқару құжаттарын рәсімдейді және Директорлар кеңесіне Топтың қызметін жақсарту үшін кеңес береді.

Ішкі аудит қызметінің негізгі рөлі болып тәуекелдерді басқаруды, ішкі бақылауды және корпоративтік басқару үдерістерін жетілдіру бойынша жүйелі тәсілді енгізу арқылы Директорлар кеңесіне Топты тиімді басқаруға арналған тәуелсіз және шынайы ақпаратты беру табылады. Ішкі аудит қызметі өз іс-әрекетін Директорлар кеңесі бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.

Сыйақы

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны акционерлер, ал Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Ішкі аудит қызметінің сыйақысын Директорлар кеңесі акционерлер саясатының негізінде белгілейді.

Компанияның Директорлар кеңесіне екі валютадағы сыйақының жалпы сомасы 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 18 200 000 теңгені және 381 944 АҚШ долларын, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 15 799 427 теңгені және 819 020 АҚШ долларын және 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 18 559 956 теңге мен 1 418 097 АҚШ долларын құрады.

Компанияның Басқармасына сыйақының жалпы сомасы 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 227 908 251,96 теңгені, 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 317 527 424,77 теңгені және 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 565 558 538,93 теңгені құрады. Компания Басқармасының сыйақысы барлық жалақы мен қаржылық төлемдерді (соның ішінде, салықтар мен зейнетақы жарналарын), Жоғары лауазымды тұлғалармен Еңбек шарттарын қамтиды.

Жоғары буындағы лауазымды тұлғалармен еңбек шарттары

Әдетте, Компания өзінің жоғары лауазымды тұлғаларымен еңбек шарттарын белгісіз мерзімге жасайды. Осы келісімшарттар аясында Компанияның жоғары лауазымды тұлғалары өздерінің тұрақты еңбекақыларына қосымша Компанияның бір жылдағы қызметінің нәтижелеріне байланысты жыл сайынғы сыйлықақыларды алуға құқылы.

Егер мұндай келісімде еңбек қатынастарын тоқтатқан кезде сыйақыны төлеу ескерілетін болса, Директорлар кеңесінің немесе Басқарма мүшелерінің ешқайсысы Топпен қызмет көрсету туралы келісімнің тарапы болып табылмайды.

Мүдделер қақтығысы

Ұзақбай Қарабалинның 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚТО-ның 9 655 жай акциясын иеленетінін қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, Басқарма Төрағасының және Ішкі аудит қызметінің Компания алдындағы міндеттемелері мен олардың жеке мүдделері немесе басқа да міндеттемелері арасындағы ықтимал мүдделер қақтығысы жоқ.

Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компанияның білуінше, Басқарма немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің ешқайсысының Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесімен отбасылық немесе іскерлік қарым-қатынасы жоқ.

Директорлар мен жоғары басшылыққа қатысты сот талқылаулары туралы мәлімдеме

Осы Проспектінің шығарылым күніне және осы Проспектіні шығару күнінің алдындағы бес жыл ішінде Директорлардың немесе Басқарма мүшелерінің ешқайсысы:

- алаяқтық қылмыстары бойынша сотталмаған;
- кез келген компанияның әкімшілік, басқарушы немесе қадағалау органдарының мүшесі болмаған немесе банкроттық, сырттай басқару немесе тарату кезінде немесе оның алдында кез келген серіктестікте серіктес болмаған; немесе
- заң шығарушы немесе реттеуші органның (соның ішінде кәсіптік органның) ресми мемлекеттік айыптауына немесе жазалауына ұшырамаған және компанияның әкімшілік, басқару немесе қадағалау органдарының мүшесі ретінде әрекет ету немесе компанияның бизнесін басқаруда немесе жүргізуде әрекет ету құқығынан сот арқылы ешқашан айырылмаған.

Корпоративтік басқару саясаты

Корпоративтік басқару кодексі

Компания 2015 жылғы 27 мамырда Корпоративтік басқару кодексін («ҚМГ Корпоративтік басқару кодексін») қабылдады. Ол «Самұрық-Қазына» қоры дауыс беретін акциялардың 50 пайыздан астам үлесін тікелей немесе жанама иеленетін ұйымдарға қатысты қолданылатын «Самұрық-Қазынаның» корпоративтік басқару кодексіне негізделген. ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

Корпоративтік басқару қағидалары

ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінде Үкімет Компанияға толық операциялық дербестікті беретіні және заңнамада, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және өкімдерінде ескерілген жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік органдардың Компания қызметіне араласуына жол бермейтіні делінген.

«Самұрық-Қазына» акционер ретінде

«Самұрық-Қазына» жыл сайын Директорлар кеңесінің Төрағасы мен «Самұрық-Қазына» қорының Директорлар кеңесіндегі өкілдеріне алдағы қаржы жылына Компанияға қатысты күтулері туралы хабарлап тұрады. Директорлар кеңесі Жарғыда белгіленген өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие.

Тұрақты даму

Компания оның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсерінің маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құндылықты арттыруға ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтау арқылы, ұзақ мерзімді болашақта өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара әрекеттесу қағидасы Компанияның табысты дамуына себептесетін болады. Тұрақты дамуға қатысты қызмет үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес болуы тиіс. Компания өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының ұзақ мерзімді болашақта тұрақты дамуға сәйкес келуін қамтамасыз етуі тиіс.

Акционерлердің құқықтары және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас

ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі акционерлердің құқықтарын сақтау Компанияға инвестиция тартудың негізгі шарты болып табылатынын белгілейді. Сондықтан, Компания барлық акционерлерге бірдей қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігі

Директорлар кеңесі мен Басқарма өзара әрекеттесіп отырады және Компанияның мүддесі үшін әрекет етеді, сондай-ақ тұрақты даму және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас қағидаларына негізделген шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның ұзақ мерзімді құндылығының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, нақты және ашық рәсімдер негізінде сайлайды.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте өтеді. Осыдан кейін Директорлар кеңесінің мүшелері қанағаттанарлық жұмыс істеу шартымен үш жылға дейінгі мерзімге сайланады және үш жылға дейінгі жаңа мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесіне қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайлаудың кез келген кезеңі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің сапалы құрамының қажетті жаңартылуын ескере отырып, ерекше қарастыруға жатады.

Тәуелсіз директор әдеттегі тәртіппен Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі.

Алайда, мұндай тәуелсіз директорды қайта сайлау Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімнің тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын өткізіліп тұруы тиіс. Ешбір тұлға өз кандидатурасының ұсынылуына, сайлануына және қайта сайлануына немесе сыйақыға қатысты қандай да бір шешім қабылдауға қатыстырылмайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын жалпы басқаруға, оның қызметін толық және тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге және Директорлар кеңесінің мүшелерімен, акционерлермен және Басқармамен сындарлы сұхбат орнатуға жауапты болады. Директорлар кеңесі Төрағасының және Басқарма Төрағасының рөлі мен функциялары нақты бөлініп, Жарғыда және Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелерде бекітілуі тиіс.

Компания акционерлерінің өз құқықтарын тиісінше жүзеге асыруын және акционерлер мен басқа да негізгі мүдделі тұлғалар арасындағы тиімді диалогты қамтамасыз ету шараларына, басқалармен қатар, мыналар жатады:

- Компания акционерлерге және басқа да мүдделі тұлғаларға өз қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсынады:
 - Компания өз қызметі туралы ақпаратты www.kmg.kz веб-сайтында жариялайды;
 - Компания жылдық есепті директорлар кеңесінің бекіткеннен кейін 10 күн ішінде өзінің веб-сайтында жариялайды;
 - Компания қаржылық және бухгалтерлік ақпаратты, соның ішінде қаржылық есептілікті және корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің веб-сайтында жариялайды;
 - Компания KASE-нің ақпаратты ашудың ағымдағы талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратты жариялайды және AIX-ке Трейдингке рұқсаттан кейін AIX-тің ақпаратты ашудың ағымдағы талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратты жариялайды; және
 - Компания өзінің кез келген акционері сұраған ақпаратты сұрау салынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде беруге міндетті.
- Акционерлердің жалпы жиналысы жылына кемінде бір рет өткізіледі;
- Акционерлердің жалпы жиналысына акционердің өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады;
- Кез келген акционер Компанияға аудит жүргізуді талап етуге құқылы (өз есебінен), бұл жағдайда акционер өзі аудиторды тағайындауға құқылы; және

Компанияны басқару мен оның стратегиясы Акционерлері бекіткен корпоративтік стандарттар мен саясаттармен реттеледі.

Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

ҚМГ Корпоративтік басқару кодексінде Директорлар кеңесі мен Басқарма төмендегілерді қамтамасыз ететін жүйелер мен рәсімдерді енгізу үшін жауапты болатыны ескерілген:

- Компанияның құны мен кірістілігінің өсуі мен ілеспелі тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім;
- Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігі және Компанияның қаржылық орнықтылығына қол жеткізу;
- Компания активтерінің сенімділігі және Компанияның ресурстарын тиімді пайдалану;
- қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дәлдігі;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарының сақталуы; және де
- алаяқтықтың алдын алуды және бизнес-үдерістерді тиімді қолдау мен өнімділікті талдауды қамтамасыз ету үшін лайықты ішкі бақылау.

Директорлар кеңесі осы жүйенің міндеттеріне негізделген және «Самұрық-Қазына» қорының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы озық тәжірибесін, жұмысын және әдіснамасын ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін анықтауға жауапты. Басқарма тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің дамуын және оны қолдауды қамтамасыз етуі тиіс. Тәуекелдерді басқару үдерісі жоспарлау үдерістерімен (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және Компания қызметін бағалаумен (басқарушылық есеп) біріктірілуі тиіс. Компанияның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің лайықты есепке алынуын қамтамасыз етеді. Басқарма тәуекелдерді басқару рәсімдерінің лайықты біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлермен орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық маңызды тәуекелдерді анықтаудың, бағалаудың және бақылаудың міндетті рәсімдерін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттерді жүзеге асыруға және Компанияның беделіне әсер ететін тәуекелдерді азайту үшін уақтылы және тиісті шараларды қолдануды ескеретін Басқарма жетекшілік ететін тәуекелдерді басқарудың күшті мәдениетіне негізделуі тиіс.

Ашықтық

ҚМГ корпоративтік басқару кодексі мүдделі тараптардың мүдделерін қанағаттандыру үшін Компания Қазақстан заңнамасы мен осындай Компанияның акциялары немесе үлестері орналастырылған кез келген танылған қор биржасының ережелерінің сақталуын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері, соның ішінде қаржылық жай-күйі, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы және сенімді түрде ашуға тиіс екенін белгілейді.

Ішкі бақылау жүйелері саясаты

Компания 2008 жылғы 21 қазанда Ішкі бақылау саясатын қабылдап, кейіннен 2018 жылғы 12 желтоқсанда оған өзгерістерді енгізді («ІБЖ Саясаты»). ІБЖ саясаты Компанияның және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының ішкі бақылау жүйесінің мақсаттарын, жұмыс қағидаттарын және құрамдастарын белгілейді («ІБЖ»). Компания ІБЖ-ні Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің негізгі құрамдасы ретінде қарастырады және ІБЖ-ні тиімді және нәтижелі қызметке себептесетін және Компанияның операциялық мақсаттарына қол жеткізуге және үдеріс деңгейіндегі тәуекелдерді азайтуға бағытталған үдерістер мен рәсімдердің, мінез-құлық нормалары мен әрекеттердің жиынтығы ретінде анықтайды. ІБЖ Тредуэй Комиссиясының демеуші ұйымдар комитеті үлгісін пайдаланады және бес өзара байланысты құрамдасты қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат пен байланыс және мониторинг. ІБЖ саясаты келесі үш негізгі бағыт бойынша Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге негізді сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған:

- операциялық тиімділікті арттыру;
- толық және сенімді қаржылық есептілікті дайындау; және де
- Қазақстан Республикасының заңнамасын және Компанияның ішкі құжаттарын сақтау.

ІБЖ саясаты Компанияның басқарудың барлық деңгейлеріне, ішкі үдерістері мен операцияларына қолданылады және бизнес-үдерістерді талдауға, ҚМГ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының қызметіне тән технологиялық тәуекелдерді уақтылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ, осы тәуекелдерді басқаруға арналған бақылау рәсімдерін анықтап талдауға бағытталған.

Бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясаты (BCMS)

Компания BCMS бар болуының маңыздылығын түсінеді және қызметтің үзілуіне (апатты жағдайларға) әкелетін қауіптер мен тәуекелдер жағдайында бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралар мен құралдарды әзірлеу, жетілдіру үшін қажетті шарттар мен ресурстарды анықтау арқылы бизнестің үздіксіздігін басқарады.

Компания 2018 жылғы 12 желтоқсанда Бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесінің (BCMS) саясатын қабылдады, ол BCMS-ті ҚМГ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының қызметіне қатысты ықтимал қауіптерді/тәуекелдерді анықтауға және олардың әсерін бағалауға бағытталған үдерістер мен рәсімдердің жиынтығы ретінде анықтайды. BCMS Компанияның қызметін қалпына келтіре алатын және мүдделі тараптардың мүдделерін, іскерлік беделді, брендті мен Компанияға құндылық қосатын қызмет түрлерін қорғауға мүмкіндік беретін тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы Компанияның оқыс оқиғаларға төзімділігін арттыру үшін негіз береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар ішкі ереже, атап айтқанда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу ережелері бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Компания Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты 2020 жылы 13 ақпанда қабылдады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ашады, осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерін және негізгі қағидаттарын анықтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша Компания қолданатын шараларды сипаттайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметкерлердің және басқа да тұлғалардың міндеттерін, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін сақтамағаны (лайықсыз сақтамағаны) үшін жауапкершілікті белгілейді. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мыналарға арналған:

- Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін қазақстандық және шетелдік заңнама талаптарын, іскерлік этиканың жоғары стандарттарын ұстануын қамтамасыз ету;
- Компанияны және оның қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тарту тәуекелдерін барынша азайту;
- Компанияның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының, акционерлердің, инвесторлардың, контрагенттердің, мемлекеттік органдардың өкілдерінің, басқа да мүдделі тұлғалардың арасында барлық нысан мен көріністе сыбайлас жемқорлықты теріске шығаратын Компания туралы ортақ түсінікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Компания қызметін реттейтін жергілікті нормативтік-құқықтық базаны құру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Компанияның барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшін міндетті және Компанияға; Компанияның еншілес ұйымдарына; егер осындай бірлесіп бақыланатын ұйымның басқа қатысушылары тарапынан қарсылықтар болмаса, Компанияның бірлесіп бақыланатын ұйымдарына; Топтың қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісін қолдана отырып шоғырландырылатын Компанияның бірлескен кәсіпорындарына таралады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Компанияның халықаралық компаниялар тобына және Топтың қаржылық инвестицияларына қолданылмайды.

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

Компания Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын 2017 жылы 16 қаңтарда («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар») қабылдады. Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стандарттар тиісті қазақстандық заңнама талаптарына, Компанияның экономикалық қауіпсіздік саясатына сәйкес әзірленген және құндылықтар мен этикалық аспектілер бойынша басшылық нұсқаулар жүйесін құру арқылы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік атмосферасын қалыптастыруға арналған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Компанияның барлық қызметкерлеріне таралады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу ережелері

Компания 2017 жылы 15 маусымда Компанияда және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу ережелерін (**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу ережелері»**) қабылдады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу ережелері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Компанияның экономикалық қауіпсіздік саясаты туралы заңнамасына сәйкес әзірленген және Компанияда және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдауды жүргізудің бірыңғай тәртібін ескереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу ережелері Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға қатысушылардың барлығына таралып, олардың орындауы үшін міндетті болып табылады. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары ішкі құжаттарын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу ережелеріне сәйкестендіруі немесе баламалы ережелерді әзірлеп бекітулері тиіс.

НЕГІЗГІ МЕН САТУШЫ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БОЛУЫНА ОРАЙ ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕР

Негізгі акционерлер

Төмендегі кестеде Ұсыныс шеңберінде Сатушы Акционердің Акцияларды сатуын іске асыру үшін түзетілген, Ұсыныс жасалғанға дейінгі Компанияның акционерлік капиталын иелену туралы белгілі бір ақпарат берілген (тиісінше барлық Акциялар Ұсыныс шеңберінде сатылатын шартымен).

Акционер	Ұсынысқа дейін иелікте болған акциялар		Ұсыныстан кейін иеліктегі акциялар		Хабарландырылуы тиіс акциялар пакеттері ⁽²⁾
	Саны	Пайызы ⁽¹⁾	Саны	Пайызы ⁽¹⁾	Иә/Жоқ
Самұрық-Қазына ҚРҰБ ⁽³⁾	551,698,745	90.42	457 589 620	85.42	Иә
	58,420,748	9.58	58 420 748	9.58	Иә

Ескертпе:

- (1) Жай акцияларды шамалаған пайыздық иелену.
- (2) АҚ туралы Заңға, Компанияның Жарғысына және АІХ Іскерлік ережелеріне (төмендегі анықтамаға сай) негізделген.
- (3) ҚРҰБ Компаниядағы акцияларына қатысты «Самұрық-Қазына» қорымен сенімгерлікпен басқару шартын жасады. Төмендегі «—Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» тарауын қараңыз.

Ұсынысқа дейін «Самұрық-Қазына» қоры Компанияның акционерлік капиталында 90,42%-ға ие, ал ҚРҰБ 9,58%-ға ие болған. Ұсыныстан кейін «Самұрық-Қазына» қоры Компанияның акционерлік капиталында кемінде шамамен 85,42¹¹ пайызды иеленетін болады, ал ҚРҰБ-ның акционерлік капиталдағы қатысу үлесі өзгеріссіз қалатын болады.

АҚ туралы Заңға және Жарғыға сәйкес Компанияның акционерлеріне қолданылатын ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелер жоғарыда келтірілген кестенің соңғы бағанында көрсетілген. Ұсыныстан кейін «Самұрық-Қазына» қоры 10%-дық шектен асатын үлеске ие болады (Компанияның дауыс беретін акциялары жалпы санының пайызымен), және бұл туралы акционердің үлестес тұлғалары туралы ақпаратпен бірге Компанияға хабарланады. Сонымен қатар, Компания акцияларын АІХ-те Ұсынғаннан кейін және Трейдингке рұқсаттан кейін Компания 2017 жылғы 12 қарашадағы АІХ Іскерлік ережелерінің («АІХ Іскерлік ережелері») мақсаттары үшін есеп беретін тұлғаға айналады, осыған байланысты бұл ережелер Компанияға да, оның директорларына да, акционерлеріне де қатысты қолданылады. АІХ Іскерлік ережелеріне сәйкес кез келген акционер осындай акционер Компанияның дауыс беретін акцияларының 5%-дан астамын сатып алған немесе иеленуді тоқтатқан жағдайда және одан кейінгі қатысу үлесінің кемінде 1%-ға кез келген ұлғаюы немесе кемуі жағдайында АІХ-ке, Astana Financial Services Authority және Компанияға есеп беруі керек.

Ұсыныстан кейін «Самұрық-Қазына» Компанияның акционерлік капиталында кемінде 75 пайызға ие болады және, нәтижесінде, мысалы, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға, дивидендтерді (бар болған жағдайда) жариялауға, Жарғыға өзгерістерді енгізуге және Компания акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған белгілі шешімдерді бақылауға қатысты, Компанияны бақылауды жалғастыратын болады. Миноритарлық акционерлерге ұсынылатын қорғау құралдары төменде сипатталған және Компанияда миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау бойынша қосымша шаралар қолданылмаған. *«Тәуекел факторлары — Топтың қызметіне қатысты тәуекелдер — Ұыныстан кейін Компанияның бақылаушы акционері «Самұрық-Қазына» қоры Компанияға, оның басшылығы мен істеріне елеулі әсерін тигізе бере алатынын жалғастыратын болады.»* қараңыз.

Акционерлік қоғамның миноритарлық акционерлеріне жанама болса да, АҚ туралы Заңға сәйкес белгілі қорғау құралдары беріледі. Атап айтқанда, АҚ туралы Заң:

- мүдделілік болуына орай жасалатын барлық мәмілелердің мүдделі емес директорлармен мақұлданыуын және барлық ірі мәмілелердің акционерлік қоғамның директорлар кеңесімен мақұлданыуын талап етеді;

¹¹ Ұсыныста ұсынылған 30 505 974 Акцияның барлығы сатылды деп есептегенде.

- акционерлерге акционерлік қоғамнан белгілі бір ақпаратты сұратуға уәкілеттік береді;
- акционерлік қоғамның дауыс беру құқығы бар акцияларының 10 пайызын немесе одан да көбін дербес немесе ұжымдық түрде иеленетін акционерлерге оның директорлар кеңесінен акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды және аудиторлық тексерістерді жүргізуді талап етуге уәкілеттік береді;
- акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді ескереді;
- акционерлерге акционерлік қоғамнан белгілі бір жағдайларда олардың акцияларын кері сатып алуды (қайта сатып алуды) талап етуге уәкілеттік береді;
- дауыс беретін акциялардың дербес немесе ұжымдық түрде 5 пайызын иеленетін акционерлерге төмендегілерге уәкілеттік береді:
 - акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары келтірген залалды акционерлік қоғамның пайдасына өтеу туралы, сондай-ақ АҚ туралы Заңда ескерілген жағдайларда ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасауды мақұлдау туралы шешімді қабылдаған нәтижесінде лауазымды тұлғалар және (немесе) олармен үлестес тұлғалар алған пайданы (кірісті) олармен акционерлік қоғамға қайтару туралы сотқа жүгіну;
 - акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну; және
 - АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың әрбір мүшесіне жыл қорытындылары бойынша төленетін сыйақы мөлшері туралы ақпарат алу; және
- миноритарлық акционерлерге дауыс беру мақсатында акционерлердің жалпы жиналыстарында өз дауыстарын біріктіру үшін компанияның бағалы қағаздарын тіркеушісіне жүгінуге уәкілеттік береді.

Жоғарыда аталған заңмен ескерілген қорғау құралдарына қосымша, кейбір мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер мен ірі мәмілелер мүдделі емес акционерлермен мақұлданыуы тиіс.

Компанияның жай акцияларына бекітілген құқықтарының толық сипаттамасын *«Акционерлік капиталдың және Қазақстанның қолданылатын ережелерінің сипаттамасы—акцияларға бекітілген құқықтар және құқықтардың өзгеруі» тарауынан қараңыз.*

Компанияға белгілі болғандай, бақылаушы акционерлердің, Директорлар кеңесінің мүшелерінің немесе Басқарма мүшелерінің ешқайсысы Ұсыныстағы Акцияларды сатып алуға ниетті емес. Компанияға белгілі болғандай, ешкім Ұсыныстағы Акциялардың 5 пайызынан артық санын сатып алуға ниетті емес.

Самұрық-Қазына қоры

«Самұрық-Қазына» қоры толығымен үкіметке тиесілі және Қазақстандағы барлық дерлік мемлекеттік кәсіпорындардың ұлттық басқарушы холдингі болып табылады. «Самұрық-Қазына» қоры 2008 жылы ҚР Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ-н, «Самұрық» және «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ-н біріктіру арқылы құрылды. «Самұрық-Қазына» қоры – акциялары Қазақстан Республикасы атынан Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне тиесілі акционерлік қоғам.

2008 жылдың аяғында Компания акцияларының 100 пайызы «Самұрық-Қазына» қорына берілді, ал Самұрық-Қазына кейіннен 10 пайызын плюс бір акцияны ҚРҰБ-ке сатты. «— Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» тарауын қараңыз.

«Самұрық-Қазына» қорының негізгі мақсаты – өзіне тиесілі заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді құнын барынша ұлғайту және әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында осындай заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) басқару.

«Самұрық-Қазына» қорының қызметін басқару Қазақстандағы барлық акционерлік қоғамдарға қолданылатын корпоративтік басқарудың жалпы қағидаларымен және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV заңымен (өзгерулермен) реттеледі. Сәйкесінше, «Самұрық-Қазына» қорының корпоративтік басқару құрылымы келесідегідей: Үкімет акционер ретінде жоғары басқару органын құраса, директорлар кеңесі басқару органын құрайды, ал басқарма атқарушы орган болып табылады.

«Самұрық-Қазына» қоры директорлар кеңесінің мүшелерін Үкімет тағайындайды, және оның құрамына, басқарумен қатар, Экономика министрі, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, төрт тәуелсіз директор және «Самұрық-Қазына» қоры басқармасының Төрағасы кіреді.

«Самұрық-Қазына» қорының ресми орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 01000, Астана қ., Е 10 к-сі, 10/17, ал телефон нөмірі: +7 7172 55 40 01.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҚРҰБ Қазақстанның орталық банкі болып табылады. Ол 1993 жылы 13 сәуірде Қазақ республикалық банкінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды. Банк Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді, бірақ оған заңнамамен берілген өкілеттіктер шегінде өз қызметіндегі дербестікке ие.

2015 жылғы 7 тамызда ҚРҰБ «Самұрық-Қазынадан» Компанияның 58 420 748 Акцияны сатып алды, бұл 10 пайыз плюс бір Акцияны құрайды. 2015 жылдың тамызынан бастап ҚРҰБ иелік үлесі (Акциялардың кейінгі шығарылымдары нәтижесінде) Компанияның Акцияларының шамамен 9,58%-ына дейін шайылды. ҚРҰБ Акциялары дауыс беретін акциялар болып табылады.

«Самұрық-Қазынадан» Компанияның Акцияларын сатып алғаннан кейін ҚРҰБ «Самұрық-Қазынамен» оның Компаниядағы Акцияларына қатысты сенімгерлікпен басқару шартын жасады («Сенімгерлікпен басқару шарты»). Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес «Самұрық-Қазына» Компанияның ҚРҰБ-ге тиесілі Акцияларына қатысты ҚРҰБ мүдделері үшін Компанияны басқаруға қатысу құқығын (акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу және онда дауыс беру арқылы), Компанияның қызметі туралы ақпарат алуды (соның ішінде Компанияның қаржылық есептілігін), акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесі үшін кандидаттарды ұсынуды, Компанияның корпоративтік басқару органдарының шешімдерін сот тәртібімен даулауды, заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алудың басым құқығын жүзеге асыруды және өзгесінен басқа, дивидендтер алуды қоса алғанда, акционердің кез келген құқықтарын іске асырады. ҚРҰБ Акцияларына қатысты дивидендтерге келетін болсақ, алынғаннан кейін мұндай дивидендтердің барлығы «Самұрық-Қазынадан» ҚРҰБ-ға аударылады. Жекелеген мәселелер бойынша (Компанияның жарғысына өзгерістер енгізу немесе жаа редакциядағы жарғыны қабылдау, Компанияның жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту, сондай-ақ Компанияны тарату немесе қайта ұйымдастыру немесе оның атауын өзгерту) шешімдер қабылдау үшін «Самұрық-Қазына» осындай шешімдерді қабылдағанға дейін ҚРҰБ-ның алдын ала жазбаша келісімін алуы тиіс.

Мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер

Компания, сондай-ақ, мүдделілік болуына орай мәмілелерді жасайды. Компания мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді оның еншілес ұйымдары, бірлескен кәсіпорындары және қауымдастырылған компаниялары, сондай-ақ төмендегі тұлғалар арасындағы мәмілелер ретінде анықтайды:

- Компанияның негізгі әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы;
- дауыс беретін акцияларының елеулі үлесі тікелей немесе жанама түрде Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлер құрамына тиесілі кәсіпорындар; немесе
- «Самұрық-Қазына» қорының субъектілері және Үкімет бақылайтын басқа субъектілер.

- **Барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар:** көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар тараптар белгілеген белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін; алайда мұндай келісімшарттар бойынша барлау кезеңі қатарынан алты жылдан немесе теңіз кен орындарында немесе күрделі көмірсутектерді барлау жобалары жағдайында тоғыз жылдан аспауы тиіс. Бұл шектеулер коммерциялық табылымды бағалау және (немесе) өндірістік сынауларды жүргізу мақсатында немесе *форс-мажор* жағдайында (жер қойнауын пайдаланушының дәлелдемелері болған жағдайда) Жер қойнауы туралы кодексте белгіленген мерзімдерге ұзартудың жалпы құқығына жатады. Қосымша өндіру алдындағы үшжылдық дайындық кезеңі бар. Егер барлау мерзімін ұзартуға байланысты қысқартылмаса және жиырма бес жылға дейін ұзартылуы мүмкін болса, өндіру мерзімі жиырма бес жылға дейін (немесе ірі және бірегей кен орындары үшін қырық бес жылға дейін) орын алады. Жер қойнауын пайдаланушы барлық барлау алаңын мемлекетке қайтару арқылы барлау мерзімін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- **Өндіруге арналған келісімшарттар:** өндіруге арналған келісімшарттар жиырма бес жылға дейін немесе ірі және бірегей қорлары бар кен орындары үшін қырық бес жылға дейін жасалуы мүмкін. Мұндай келісімшарттар қатарынан жиырма бес жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Көмірсутектік жобаларға қатысты тек қана барлауға арналған келісімшарттарды жасасуға жол берілмейді.

Барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар, сондай-ақ көмірсутек жобаларына қатысты өндіруге арналған келісімшарттар бекітілген үлгілік келісімшарттар негізінде (арасында енгізіліп тұратын өзгерістермен) жасалады.

Осы Проспектіні шығару күндегі жағдай бойынша Компания 2022 жылдың соңына дейін енгізіледі деп күтілетін, белгілі бір нормативтік құқықтық және фискалдық преференцияларды қамтитын теңіз жобалары, күрделі құрлық жобалары және газ жобалары үшін жер қойнауын пайдалануға жаңа жетілдірілген үлгілік келісімшарт әзірлейтін Энергетика министрлігі жанынан құрылған жұмыс тобына қатысуда. Бұл жетілдірілген үлгілік келісімшарт әлеуетті түрде Компанияның кейбір жаңа теңіз барлау жұмыстарының жобалары үшін пайдаланылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушы туралы ақпарат өзгерген, барлау және (немесе) өндіру мерзімі ұзартылған, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша құқықтар ауысқан, келісімшарттық аумақ өзгерген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың бұзылғаны үшін жауапкершілік

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыға тиісті айыппұл ықпалшараларын (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген мөлшерде) төлеуді және (немесе) мұндай бұзушылықты Құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоюды талап ете отырып, мұндай бұзушылық туралы жазбаша түрде хабарлайды. Мұндай бұзушылық мыналарды қамтуы мүмкін:

- жер қойнауын пайдаланушының есепті жыл ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қаржылық міндеттемелерін отыз пайыздан кем орындауы;
- егер мұндай операциялар белгіленген кестеге сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етпей немесе қауіпсіздікті қалыптастыру кестесін бұза отырып, жер бетіне зиян келтірумен байланысты болатын болса, көмірсутектерге қатысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу;
- қажетті сараптамалық қорытындылары бар жобалық құжаттамасыз жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу;
- ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жер қойнауын пайдалану құқығын (және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді) беру;
- ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін әрекеттерді жасайтын, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қажетті өзгерістерді Жер қойнауы туралы кодексте белгіленген мерзімдерде талқылаудан, келісуден немесе рәсімдеуден бас тартатын жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауының стратегиялық маңызы бар кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша); немесе
- жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің өзге де бұзушылықтары.
- Жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде бұзушылықты жоюға және бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы Құзыретті органға жазбаша хабарлауға міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы жоғарыда аталған бұзушылықтардың кез келгенін жоймаған жағдайда құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылуын тоқтату

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерін бұзған немесе салықтарды төлемеген және тау-кен өндіру өнеркәсібінің, еңбекті қорғаудың және қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаған жағдайда, егер мұндай бұзушылықтар Құзыретті орган белгілеген мерзімде жойылмаған болса, Құзыретті орган оның жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтатуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тоқтатылған кезде, Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауы кен орнын Компанияның сенімгерлікпен басқаруына (мұнай, мұнай-газ, мұнай және газ конденсатты кен орындарына қатысты көмірсутектер саласындағы ұлттық компания ретінде) беруді тапсыруға құқылы. Мұндай жер қойнауын пайдаланушы аталған тапсырысты алған күннен бастап бір ай ішінде жер қойнауы учаскесіндегі технологиялық үдерістің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдықты және өзге де мүлікті Компанияға осындай мүлік жаңа жер қойнауын пайдаланушыға берілгенге дейінгі мерзімге береді. Компания берілген жабдықты бағалайды және мұндай жабдықты жаңа жер қойнауын пайдаланушыға бергенге дейін өзінде ұстап тұрады.

Құзыретті орган жер қойнауы учаскесін Компанияға беру туралы шешім қабылдаған және мұндай шешім туралы жер қойнауын пайдаланушыны хабардар еткеннен кейін бес күн ішінде Құзыретті орган мен Компания сенімгерлікпен басқарудың тиісті шартын жасауы тиіс. Сенімгерлікпен басқару шеңберінде Компания жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасусыз жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыра және жер қойнауы учаскесін сенімгерлікпен басқару мақсатында жерді пайдалану құқығын ала алады.

Компанияның жер қойнауын пайдалануға байланысты шеккен шығындарының өтелуіне құқығы бар. Қайтарылатын сомалар мен қолданылатын салықтарды қоспағанда, сенімгерлікпен басқарудан алынған кіріс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша құрылтайшы (пайда алушы) пайдасына бөлінеді.

Бұрын берілген лицензиялар

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалануға бұрын берілген барлық лицензиялар мен жасалған келісімшарттар мен ӨБК Жер қойнауы туралы кодексі күшіне енгеннен кейін өзгеріссіз толық заңды күшін сақтап қалады. Жер қойнауы туралы кодекс бұрынғы Жер қойнауы туралы заңның кейбір ережелерін мұра етті және Құзыретті органның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды біржақты тәртіппен бұзу құқығына қатысты ережелерін қоса алғанда, олардың Жер қойнауы туралы кодексі де, Жер қойнауы туралы Заң да күшіне енгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен ӨБК-ға қолданушылығын қамтамасыз етті.

Компания және Топтың жеке ұйымдары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, және кейбір жағдайларда Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған немесе берілген лицензиялар мен ӨБК негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын иеленеді.

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес, жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметін нашарлататын ереже болса, мұндай ереже ұлттық қауіпсіздікке, қорғаныс қабілетіне, қоршаған ортаны қорғауға, денсаулық сақтауға, салық салуға, кедендік реттеуге және бәсекелестікті қорғауға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістерді қоспағанда, осындай өзгерістерді енгізгенге дейін жасалған келісімшарттарға қолданылмайды.

Теңіздегі мұнай операцияларына қатысты ӨБК-ны реттеу

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілермен бірге Қазақстандағы ӨБК үшін қолданылатын заң болған «Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі Өнімді бөлу туралы келісімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2005 жылғы 8 шілдедегі № 68-III) («ӨБК туралы Заң») күші 2008 жылғы 10 желтоқсандағы жаңа Салық кодексінің енгізілуімен жойылды. ӨБК туралы Заң 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшін тоқтатты. ӨБК туралы Заңды алмастыратын заңнамалық актілер қабылданбаған. ӨБК туралы Заң тек қана ӨБК-ге арналған және Каспий мен Арал теңіздерінің қазақстандық секторындағы мұнай операцияларына қолданылатын жалғыз қазақстандық заң болған. Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес ӨБК жер қойнауын пайдалануға рұқсат етілген келісімшарттың белгіленген нысаны болып табылмайды, дегенмен Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған ӨБК күшінде қалады. Сондай-ақ, осы Проспектіні шығару күндегі жағдай бойынша ӨБК танылып, Салық кодексімен нақты реттеледі.

Теңіз және кейбір барлау жұмыстары

Жер қойнауы туралы кодексте Компанияға теңіздегі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында, кем дегенде, елу пайыз қатыу үлесі берілуі тиіс деп ескерілген, және бұл теңіздегі мұнай операцияларын жүргізуге берілетін жер қойнауын пайдалану құқығына арналған тендерлерді өткізудің міндетті шарты болып табылады.

Жалпы Компанияның теңіздегі жер қойнауын пайдалану операциялары Жер қойнауы туралы кодексте, Экологиялық кодексте және Су кодексінде ескерілген нақты, қатаң ережелерге бағынады. Мұндай заңдар мен ережелерге сәйкес, мысалы, құрылыс, түпті тереңдету және жару жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды және басқа ресурстарды өндіру, кабельдерді, құбырларды және басқа да коммуникациялар объектілерін төсеу, бұрғылау және басқа жұмыстарды орындау, сондай-ақ жасанды аралдарды, бөгеттер мен имараттарды салу үшін құзыретті мемлекеттік органдарының бірқатар арнайы мақұлдаулары, келісімдері және рұқсаттары қажет болады. Жер қойнауы туралы кодексте мұнайдың төгілулері кезінде арнайы ресурстардың талап етілетініне қарамастан, жер қойнауын пайдаланушының өз ресурстарының бар болуы туралы талап алынып тасталған, ал жер қойнауын пайдаланушы теңіздегі мұнайдың төгілулерін жою үшін мамандандырылған ұйыммен келісімдер жасасу арқылы үшінші тарапты тартуға міндетті. Жер қойнауы туралы кодекс теңізде мұнай резервуарлары мен қоймаларын салуға және пайдалануға тыйым салады. Теңізде жер қойнауын пайдалану бойынша жұмыстар теңіздің қуаң аймақтарына, балық аулау немесе басқа қызметке кедергі келтірмейтін немесе зиян келтірмейтіндей етіп жүргізілуі тиіс. Теңізде операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңіз ортасының ластануын болдырмаудың нақты бағдарламаларын әзірлеуі және осындай бағдарламаларды жобалық құжаттамаға енгізуі тиіс.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Үкімет теңізде мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі туралы жалпы шешім қабылдайды.

Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнай операциялары бекітілген тереңдікпен шектелуі мүмкін. Бұдан басқа, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175-III) сәйкес, Еділ мен Жайық өзендерінің атырауларымен Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің шығысындағы айдын (Қазақстан территориясы шегінде) балық қорын сақтау және бекіре және басқа да бағалы түрлердің табиғи өсімін қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемлекетпен қорғалатын аумақтың құрамына кіреді. Белгіленген мемлекетпен қорғалатын табиғи аумақ шегіндегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға Экологиялық кодексте белгіленген қосымша экологиялық талаптар қойылады және олар шектелуі немесе оларға тыйым салынуы мүмкін.

Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне қатысты мемлекеттің басым құқығы

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес стратегиялық жер қойнауы учаскесі болып: (i) 50 миллион тоннадан астам мұнай немесе 15 миллиард текше метрден астам табиғи газдың геологиялық қорын қамтитын, (ii) Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан және (немесе) (iii) құрамында уран бар учаске табылады.

2018 жылғы 28 маусымда Үкімет басқалармен қатар мұнай және газ кен орындарын қамтитын стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің жаңа тізбесін бекітті («Стратегиялық жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 389 Қаулысы).

Жер қойнауы туралы кодекс Қазақстан Республикасына, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдардың, соның ішінде Қазақстан заңнамасының немесе келісімшарттың негізінде басым құқығы бар жеке тұлғалар мен ұйымдардың алдында а) жер қойнауының иеліктен шығарылған стратегиялық маңызы бар учаскелерге, кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын (немесе жер қойнауын пайдалану құқығындағы берілетін үлесті); және (немесе) ә) мұндай акциялар мен бағалы қағаздар стратегиялық учаскеге, кен орнына қатысты «*жер қойнауын пайдалану құқығының объектілері*» ретінде танылған кезде ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында шығарылған акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға басым құқықты береді.

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес мемлекеттің басым құқығы Құзыретті органның шешімі бойынша Қазақстандық заңнамаға сәйкес ұлттық компаниялар ретіндегі Компания немесе

«Қазақгаз» АҚ, немесе Қазақстан Республикасының мүдделері үшін әрекет ететін ұлттық басқарушы холдинг арқылы жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) «Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді» табыстау

Жер қойнауын пайдалану құқығы (немесе оның бір бөлігі) және *«жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер»*, соның ішінде өндіріп алуға жүгіну (соның ішінде кепілді өндіріп алу) жағдайында Құзыретті органның келісімін алған шартымен табысталуы мүмкін (Жер қойнауы туралы кодексте белгілі ерекшеліктердің сақталуымен). Осындай Құзыретті органның келісімінсіз жасалған кез келген мәмілелер немесе басқа да байланысты әрекеттер олар жасалған немесе орындалған күннен бастап жарамсыз болып табылады. Сатып алушы мен жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушыға бақылаудың өзгергені туралы осындай өзгеріс енгізілген күннен бастап бір ай ішінде Құзыретті органға хабарлайды.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жер қойнауын пайдаланушының немесе оның Бақылаушы заңды тұлғасының акцияларының, акцияларға меншік құқығын қуәландыратын бағалы қағаздардың немесе акцияларға айырбасталатын өзге де бағалы қағаздардың кез келген ұсынысы немесе орналастырылуы да Құзыретті органның келісімін қажет етеді.

Құзыретті органның келісімі бір жылдық мерзімге беріледі. Көрсетілген бір жыл мерзімде табыстау орын алмаған болса, Құзыретті органнан жаңа келісім алу қажет.

Жер қойнауын пайдаланушы немесе Бақылаушы заңды тұлға шығарған ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатылатын акциялар немесе акцияларға айырбасталатын өзге де бағалы қағаздар (ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған кезден бастап осындай акциялар немесе бағалы қағаздар) *«жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер»* болуын тоқтатады және олармен жүргізілетін операциялар Құзыретті органның келісімін қажет етпейді. Сатып алушы (немесе құқық мирасқоры) немесе акцияларды және (немесе) бағалы қағаздарды шығаратын тұлға (*«жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер»* болып табылатын) мәміле аяқталғаннан кейін бір ай ішінде Құзыретті органды хабардар етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (немесе оның бір бөлігін) және (немесе) *«жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні»* табыстау кейбір жағдайларда (яғни, егер осындай табыстауды қамтитын мәміленің тарапы Компания сияқты ұлттық компания болса) Құзыретті органның келісімін алу қажеттілігінен босатылады. Мұндай жағдайларда мемлекеттің басым құқығынан (стратегиялық маңызы бар учаскелер бойынша) бас тартуы да қажет емес.

Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) «Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің» кепілдері

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) кепілге салу үшін Құзыретті органның келісімі қажет емес. Алайда күшіде болуы үшін, мұндай кепіл Құзыретті органда тіркелуі тиіс. Кепілді тіркеу *«Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы»* Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 1998 жылғы 30 маусымдағы № 254-І) сәйкес жүзеге асырылады. Кепілді іске асыру Құзыретті органның келісімін алуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және Жер қойнауы туралы кодексте белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

Жер қойнауын пайдалану туралы кодексте жер қойнауын пайдалану құқығының кепілімен қамтамасыз етілген кредиттік желілерді жер қойнауын пайдалануға тиісті келісімшарт аясында көзделген жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін немесе одан әрі қайта өңдеу үшін ғана пайдалануға шектеу алынып тасталса да, бұл шектеу әлі де көмірсутектерге арналған келісімшарттарға қолданылады.

Заңнамаға сәйкес беруге болмайтын жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салуға болмайды. Мысалы, мұндай шектеу Компания тікелей келіссөздер арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын алғаннан кейін екі жылдық ескіру мерзімі ішінде қолданылатын болады. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлікпен басқаруға беруге тыйым салынады.

Мемлекеттің көмірсутектерді сатып алуға артықшылықты құқығы

Ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында немесе төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланушы өндірген көмірсутектерді тасымалдау және сату шығындарын қоспағанда, үшінші тараптармен жасалған коммерциялық келісімшарттардағы жер қойнауын пайдаланушының жалпы қабылданған бағасынан аспайтын баға бойынша сатып алуға артықшылықты құқығын жүзеге асыруға құқылы. Сатып алынатын көмірсутектердің барынша үлкен көлемі мен төлеу тәсілдері жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалады. Сатып алынатын көмірсутектердің көлемін шектеуді ескермейтін келісімшарттар бойынша мұндай көлемді, сондай-ақ сатып алудың өзге де шарттарын Құзыретті орган мен тиісті жер қойнауын пайдаланушы айқындайды. Құзыретті орган мен тиісті жер қойнауын пайдаланушы барлық шарттарды келіскеннен кейін тараптар тиісті сатып алу-сату шартын жасайды. Құзыретті орган сатып алынған көмірсутектер үшін төлемді жер қойнауын пайдаланушы тиісті көмірсутектерді жеткізгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізеді.

Табиғи ресурстарды реквизициялау құқығы

Сонымен бірге, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға сәйкес, мемлекет соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай кезінде қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында кез келген жеке немесе заңды тұлғаның мүлкін меншік иесіне осындай реквизицияланатын мүлік үшін өтемақы төлеу шартымен реквизициялауға құқылы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарын тұрақтандыру

Жер қойнауы туралы кодекс бойынша жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құқықтарының қорғалуына кепілдік беріледі. Ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс қабілеті, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, салық салу, кедендік реттеу және бәсекелестікті қорғау салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістерді қоспағанда, заңнамаға енгізілген жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шаруашылық қызметінің нәтижелерін нашарлататын кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар, егер мұндай келісімшарт осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған болса, мұндай келісімшартқа қолданылмайды.

Мұнай мен газға арналған экспорттық баждар

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 81 бұйрығымен, басқалармен қатар, Шикі мұнай мен мұнайдан өндірілген тауарларға әкету кедендік бажы мөлшерлемелерінің көлемін есептеу қағидалары («**ЕД Ережелері**») бекітіліп, шикі мұнайға экспорттық кедендік баж мөлшерлемесінің үдемелі шкаласы енгізілді.

ЕД Ережелеріне сәйкес, шикі мұнайға кедендік баждың мөлшерлемесі ЕД Ережесінде ескерілген формула бойынша салық органдары есептейтін нақты кезеңдегі шикі мұнайдың орташа әлемдік бағасына байланысты. Тиісінше, шикі мұнайға кедендік баж мөлшерлемесі тоннасына нөлден (шикі мұнайдың орташа әлемдік бағасы 25 АҚШ долларынан төмен болған кезде) 236 АҚШ долларына дейін (шикі мұнайдың орташа әлемдік бағасы 185 АҚШ доллары немесе одан жоғары болған кезде) өзгеріп тұрады. Кедендік баж мөлшерлемесін салық органдары ай сайын есептеп тұрады. 2016 жылғы ақпан айында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі шикі мұнайға әкету кедендік баж мөлшерлемелерінің үдемелі шкаласын енгізді (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17

ақпандағы № 81 бұйрығы). Жаңа режимге сәйкес экспорттық баж мөлшерлемесі Brent Crude және Urals маркалы мұнайдың орташа нарықтық бағасы негізінде есептеледі.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық («ПҚӨС») өндірілген шикі мұнайдың, газ конденсатының, табиғи газдың, пайдалы қазбалардың және жер асты суларының ақшалай құнына қолданылады.

ПҚӨС өндірілген құрамның құны негізінде есептеледі, ол орташа әлемдік бағаларды өндірілген көлемге көбейту арқылы есептеледі (мазмұн бойынша түзетілген). Орташа әлемдік бағаларды анықтау үшін ПҚӨС-ті есептеудің ресми көздері болып саналатын шығарылымдар пайдаланылады (Platts Crude Oil Marketwire және Crude Argus).

Қазіргі уақытта шикі мұнай мен газ конденсаты үшін ПҚӨС мөлшерлемелері күнтізбелік жылдағы өндірістің жиынтық көлеміне байланысты 5%-дан 18%-ға дейінгі шамада.

Табиғи газ үшін ПҚӨС мөлшерлемесі 10% мөлшерінде белгіленген. Табиғи газды ішкі нарықта сату үшін ПҚӨС мөлшерлемелері 0,5%-дан 1,5%-ға дейінгі шамада.

Әлеуметтік міндеттемелер

Өндірудің екінші жылының басынан бастап жер қойнауын пайдаланушылар өндірудің бірінші жылында жер қойнауын пайдаланушы шеккен өндірістік шығындардың бір пайыз мөлшерінде қазақстандық қызметкерлер құрамын даярлауды және ғылыми жобаларды қаржыландыру үшін міндетті төлемдерді төлеуге міндетті. Сол мерзім ішінде жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ, осындай жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін өткен жылғы өндіріс барысында жұмсаған инвестицияларының бір пайызына баламалы соманы төлейді.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар қосалқы мердігер деңгейінде жұмыс істейтін қызметкерлер құрамын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының шетелдік қызметкерлер құрамымен салыстырғанда қазақстандық қызметкерлер құрамына тең жағдайлар мен әділ еңбекақыны қамтамасыз ету міндетін анықтау үшін қажет. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушы жұмысқа және оқытуға бірінші кезекте қазақстандықтарды тартуға міндетті.

Оның үстіне, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да әлеуметтік міндеттемелері мен аударымдары, соның ішінде тиісті аймақтардың инфрақұрылымы мен әлеуметтік дамуына байланысты әлеуметтік міндеттемелері мен аударымдары, сондай-ақ санитарлық қорғау аймақтарын міндетті түрде құруға байланысты міндеттемелері болуы мүмкін.

Жергілікті қамту

Жер қойнауы туралы кодекс қазақстандық жеткізушілер мен қазақстандық қызметкерлерді құрамын пайдалануды қоса алғанда, негізінен жер қойнауын пайдаланушылардан белгілі міндетті жергілікті қамту талаптарын (ел ішіндегі құн) сақтауды талап етеді. Бұл жалпы талаптар әдетте Компанияның еншілес және бірлескен кәсіпорындары қатысушылары болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жан-жақты сипатталады, және, дағды бойынша, күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің елу пайызынан кем болмауы тиіс (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалмаған болса).

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою

Жер қойнауы туралы кодекс жер қойнауын пайдаланушылардан (көмірсутектер саласында) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауының кен орындарында жер қойнауын

пайдалану жөніндегі операцияларының салдарын осындай жер қойнауын пайдаланушылар есебінен жоюды талап етеді.

Жер қойнауы туралы кодекс күшіне енгенге дейін жер қойнауын пайдаланушылар жою жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін тарату қорын құруға міндетті болған. Мұндай қордың мөлшері өндіруге жұмсалған жылдық шығындардың 0,1 пайызына тең болуы тиіс болған. Бұл талап Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қатысты 2021 жылғы 30 маусымға дейін қолданыста болды, және енді барлық жер қойнауын пайдаланушылар тарату қорын құру үшін Жер қойнауы туралы кодекстің талаптарын сақтаулары тиіс.

2021 жылғы 30 маусымнан бастап, Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімшарттар бойынша тарату қоры болмаған немесе көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру операциялары салдарын жою мақсатында орындалатын жұмыстардың нарықтық бағасы құрылатын тарату қорының нақты мөлшерінен асып кеткен жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының осыған байланысты жоғарыда баяндалғанмен ескерілмеген міндеттемелері банк депозитінің кепілімен және (немесе) төмендегі тұлғалар берген толық, сөзсіз және кері қайтарылмайтын корпоративтік кепілдікпен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- Компания, ұлттық компания ретінде;
- жыл сайын расталатын шетел валютасындағы ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard & Poor's агенттігінің BB- деңгейінен кем емес немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейі бар Қоғамның еншілес ұйымдары; және (немесе)
- мұндай кепілгерлердің кез келгенінің жыл сайын расталатын шетелдік валютадағы ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі Standard & Poor's агенттігінің BB- деңгейінен кем емес немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейі бар шартымен, жер қойнауын пайдаланушылардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иеленетін Компанияның серіктестері немесе олардың еншілес ұйымдары.

Компания өз кезегінде ұлттық басқарушы холдинг ретінде «Самұрық-Қазына» қоры берген корпоративтік кепілдік арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ете алады.

Жер қойнауы туралы кодекс күшіне енген күнінен кейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша, теңізде көмірсутектерді барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларының салдарын жою жөніндегі міндеттемелерінің орындалуы банк депозиттерінің кепілге салынуымен қамтамасыз етіледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығын табыстау жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес қалыптасқан кепілге салынған банк депозиттері бойынша құқықтарды табыстаудың сөзсіз негізі болып табылады.

Геологиялық ақпарат

Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншік болып табылады. Дегенмен, жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік органға ұсынатын геологиялық есептердегі жеке геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

Жер қойнауын пайдаланушының тиісті мемлекеттік органның алдын ала келісімінсіз жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе жер қойнауын пайдалануға лицензияның қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды

жүргізу кезінде алынған керндік ұңғымалар, пайдалы қазбалар, көмірқышқыл газы және басқа да табиғи материалдардың үлгілері секілді геологиялық ақпараттың табиғи тасымалдаушыларын иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

Жер қойнауын пайдаланушы тау жыныстары мен пайдалы қазбалар сынамалары, тас материалдарының топтамалары, тілімтастар, кеспетастар, минералды ерітінділер мен ұнтақтар түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи тасымалдаушыларын Қазақстаннан тыс жерлерге тек ғылыми-зерттеу және талдау мақсаттары үшін әкетуге құқылы. Осындай зерттеулер мен талдаулардың нәтижелері уәкілетті органға: Геология, экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитетіне («**Геология комитеті**») ұсынылған кезде геологиялық есептерге енгізіледі. Егер жер қойнауын пайдаланушы геологиялық ақпараттың табиғи тасымалдаушыларын Қазақстаннан тысқары жерге әкетуге ниетті болса, ол бұл туралы әкетудің жоспарланған күнінен бір ай бұрын тиісті мемлекеттік органға хабарлайды.

Керн түріндегі геологиялық ақпараттың табиғи тасымалдаушыларын болжалды иеліктен айыру және (немесе) жою жағдайында, жер қойнауын пайдаланушы бұл туралы Геология комитетін жоспарланатын иеліктен шығару немесе жоюға дейін бір ай бұрын хабардар етуі тиіс, ал тиісті Геология комитеті мұндай табиғи тасымалдаушыға меншік құқығын табыстауды талап етуге құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы өз иелігіндегі табиғи және жасанды (мысалы, далалық бақылау журналдары, геологиялық есептер және т.б.) тасымалдаушылар туралы жер қойнауын пайдалануды жоспарлы тоқтатуға дейін үш ай бұрын тиісті мемлекеттік органды хабардар етуге міндетті, ал тиісті Геология комитеті бір ай ішінде осындай табиғи және жасанды тасымалдаушыларға меншік құқығын табыстауды талап етуге құқылы. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақтың бір бөлігі мемлекет меншігіне өткеннен кейін бір ай ішінде геологиялық ақпараты бар барлық құжаттарды Геология комитетіне ұсынуы тиіс.

Дауларды шешу

Егер Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда төрелік ескертпесі ескерілмеген болса, Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты туындайтын кез келген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шешілуге жатады.

Барлау және өндіру

Газ және газбен жабдықтау

Газ туралы Заң бұрын осы саланы реттеген әртүрлі заңнамалық актілерді біріктіреді және ретке келтіреді.

Газ туралы Заңға сәйкес, мемлекет Қазақстанда өндірілетін ілеспе газдың (егер оларда жер қойнауын пайдаланушы өндірілген газдың иесі болып табылатыны тікелей көрсетілмесе, жаңа өндіруге арналған келісімшарттар бойынша да, сондай-ақ қолданыстағы (соның ішінде Газ туралы Заң күшіне енгенге дейін жасалған) келісімшарттар бойынша да) меншік иесі болып табылады.

Газ туралы Заң мемлекеттің үшінші тарап ұсынғаннан кем емес қолайлы шарттармен (i) біріктірілген тауарлық газбен жабдықтау жүйесіндегі кез келген объектіні (яғни, жалғаушы құбыржолдарды, магистральдық газ құбырларын, тауарлық газ қоймаларын және газды өндіруге, тасымалдауға, сақтауға, өткізуге және тұтынуға арналған басқа да объектілерді); (ii) осындай объектілерге ортақ меншіктегі қатысу үлесін және (iii) осындай объектілерге иелік ететін ұйымдағы (яғни газды сату үшін газды өңдеу объектілерін немесе жалғаушы құбыржолдарды иеленетін кез келген өндірушідегі) акцияларды (немесе қатысу үлестерін)

сатып алуға (ұлттық оператор арқылы) басым құқығын белгілейді. Мемлекеттің бұл басым құқығы (а) өнеркәсіптік тұтынушылардың компрессорлық газтолтырғыш компрессорлық станцияларды және газ тұтыну жүйелерін табыстауға (сатуға); (ә) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатылатын акциялардың сатылымдарына; (б) кем дегенде, үлестерінің 99 пайызы тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектісі шеңберіндегі бір тұлғаға немесе бір меншік иесіне тікелей немесе жанама тиесілі болатын ұйымдар арасында объектілер мен үлестердің табыстауларына; және (д) нәтижесінде алушы (немесе сатып алушы) тікелей немесе жанама түрде Бірыңғай газбен жабдықтау жүйесінің объектісіне иелік ететін заңды тұлғаның 0,1 пайызынан аз көлемдегі акцияларына (немесе қатысу үлестеріне) иелік ету құқығын алатын табыстауларға таралмайды. Мемлекет мұндай басым құқықты Газ туралы Заңда және Мемлекеттік мүлік туралы Заңда белгіленген тәртіппен және үшінші тарап ұсынғаннан кем емес қолайлы шарттармен жүзеге асыра алады.

Осыған қоса, Газ туралы Заңда мемлекеттің (ұлттық оператор арқылы) Құзыретті орган бекіткен және 2014 жылғы 13 қарашадағы № 121 (соңғы редакциядағы) Энергетика Министрінің бұйрығында келтірілген формулаларға сәйкес айқындалатын бағамен шикі газды және тауарлық газды сатып алуға артықшылықты құқығы ескерілген. Шикі мен тауарлық газдың бағасына өндіріс шығындары, өңдеу шығындары, тасымалдау шығындары және пайданың барынша жоғары нормасы кіреді. Мемлекет газды сатып алуға артықшылықты құқығынан бас тартса, сатушы газды үшінші тарапқа сата алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысымен «Қазақгаз» АҚ (бұрын Компанияға тиесілі болған бұрынғы «ҚазТрансГаз» АҚ) газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып тағайындалды.

Жоғарыда сипатталған мәселелерден басқа, Газ туралы Заң тауарлық, СМГ және сұйытылған табиғи газды сатудың жалпы шарттарын (бекітілген үлгілік келісімшарттар негізінде), газды ішкі нарықта көтерме және бөлшек саудада өткізуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ сондай-ақ газды тасымалдау және сақтауға қатысты мәселелерді реттейді.

Магистральдық құбыржол

Магистральдық құбыр туралы Заң магистральдық құбыржолдарды салу, иелену және пайдалану, сондай-ақ магистральдық құбыржолдарға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай заңнамалық негізін белгілейді. Атап айтқанда, Магистральдық құбыр туралы Заң (i) магистральдық құбыржол, (ii) магистральдық құбыржолды иеленетін ұйымдағы үлестер және (iii) магистральдық құбыржолдың иесі қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде анықтай алатын және оларға (немесе) әсер ете алатын ұйымдағы үлестер мемлекеттің тұрақты дамуы мен ұлттық қауіпсіздігіне әсер ете алатын «стратегиялық активтер» болып табылатынын ескереді.

Магистральдық құбыр туралы Заңға және Мемлекеттік мүлік туралы Заңға сәйкес мемлекеттің (i) иеліктен шығарылатын «стратегиялық активтерді»; және (ii) кез келген жаңа магистральдық құбыржол жобасындағы бақылау үлесін (кемінде елу бір пайызын) сатып алуға басым құқығы бар. Мемлекет стратегиялық активтерді және жаңа магистральдық құбыржол жобасындағы үлестерді сатып алудың басым құқығынан бас тартуы немесе жаңа магистральдық құбыржол жобасындағы елу бір пайыздан кем үлеске жазылуы мүмкін. Магистральдық құбыр туралы Заңда қолданыстағы магистральдық құбыржолды кеңейтуге қатысты мемлекеттің басым құқығы ескерілмеген.

Бұдан басқа, Магистральдық құбыр туралы Заңда егер Үкімет өзгеше белгілемесе, мемлекет, ұлттық операциялық холдинг немесе ұлттық компания тікелей немесе жанама түрде 50 пайыздан астам үлесі бар магистральдық құбыржолдар үшін операторлық қызметтер ұлттық оператормен көрсетілуі тиіс екені ескерілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы № 1273 қаулысына сәйкес Компанияның еншілес ұйымы ҚТО магистральдық мұнай құбыржолы бойынша ұлттық оператор болып белгіленді және қазіргі уақытта

Магистральдық құбыр туралы Заңға сәйкес ұлттық оператордың барлық функциялары мен құқықтарын жүзеге асырады.

Магистральдық құбыр туралы Заң (сонымен қатар, табиғи монополияларды реттейтін заңнама) белгілі бір заңдық шектеулердің ескерілуімен, бос өткізу қабілетін есепке алумен барлық жүк жөнелтушілер үшін магистральдық құбыржолдар қызметтеріне қол жеткізудің тең құқықтарын қамтамасыз етеді. Құбыржолдың өткізу қабілеті шектелген кезде мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызметтер Магистральдық құбыр туралы Заңда белгіленген тәртіппен көрсетілуі тиіс, бұл ретте ең жоғары басымдылық отандық мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды оларда тікелей өңдеуге арналған мөлшерде жеткізетін жүк жөнелтушілерге беріледі. Сондай-ақ, Магистральдық құбыр туралы Заң отандық мұнай өңдеу зауыттарына мұнай мен газды ішкі нарыққа немесе Қазақстаннан тысқары жерлерге жеткізу мақсатында құбыржол иесінің (немесе құбырға құқықтарды заңды түрде иеленетін басқа тұлғаның), Құзыретті органның және тиісті айырбастаушы ұйымдардың жазбаша келісімімен своп операцияларын (яғни, бір жүк жөнелтушінің өнімдерін екінші жүк жөнелтушінің өніміне айырбастау) мүмкіндігін де ескереді.

Магистральдық құбыр туралы Заң магистральдық құбыржолды өндірістік және технологиялық объектілердің біртұтас кешені ретінде анықтайды және техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету міндеттемесін қамтиды. Магистральдық құбыр туралы Заңға сәйкес магистральдық құбыржолдың меншік иесі магистральдық құбыржолды жою кезінде экологиялық сауықтыру шараларын, соның ішінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге міндетті. Мұндай талапты орындау құны әзірге белгісіз.

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіру және олардың айналымы

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (соңғы редакциядағы 2011 жылғы 20 маусымдағы № 463 IV) мұнай өндіру саласындағы уәкілетті органға мұнай өнімдерінің шекті бөлшек сауда бағаларын реттеуге уәкілеттік береді. Энергетика министрлігі бағаларын мемлекеттік реттеу орнатылған мұнай өнімдерінің тізбесін айқындауға және бекітуге уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады. Қазақстан заңнамасында мұнай өнімдерінің көтерме сауда бағаларын мемлекеттік реттеу ескерілмеген.

2022 жылдың қаңтар айындағы СМГ бағаларының өсуіне қарсы наразылықтардан кейін Үкімет СМГ саудасы үшін электрондық сауда-саттық алаңдарын пайдалануды тоқтатты және СМГ бағаларын мемлекеттік реттеуді қалпына келтірді. 2022 жылдың наурыз айында Газ туралы Заңдағы СМГ-ны электрондық сауда-саттық алаңдарында саудалау тұжырымдамасы тауар биржаларында сауда жасаумен ауыстырылды, ал 2022 жылдың маусым айында Энергетика министрлігі қолданыстағы электрондық сауда-саттық алаңдары арқылы СМГ саудасының ережелерін жойды. 2022 жылдың шілде айында Тауарлардың биржалық сауда-саттық ережелеріне 2022 жылдың қыркүйек айында күшіне енетін СМГ көтерме саудасына рұқсат беретін түзетулер енгізілді және сауда 2023 жылдың қаңтарында басталады деп күтілуде.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеу

Жалпы ақпарат

Компания атмосфераға шығарындыларды, суды пайдалану мен кәдеге жаратуды, қалдықтарды басқаруды, жабайы табиғатқа әсер етуді, жерді пайдалану мен қалпына келтіруді реттейтін бірқатар қазақстандық қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдарға, ережелер мен талаптарға бағынады. Экологиялық кодекс жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін реттейтін негізгі заң болып табылады.

Жер қойнауы туралы кодексте де, Экологиялық кодексте де құрлықтағы жер қойнауын пайдалану жұмыстарына қолданылатын жалпы талаптарға қарағанда қатаңырақ Каспий теңізіндегі теңіз операцияларына арналған арнайы талаптар бар.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар әдетте заңда талап етілгендерге қосымша экологиялық міндеттемелерді жүктейді. Мұндай міндеттемелерді орындамау елеулі айыппұлдар мен ықпалшараларға, тіпті жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың тоқтатылуына немесе бқұзылуына немесе кейбір қызмет түрлерінің тоқтатылуына әкелуі мүмкін.

2021 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген Экологиялық кодекске сәйкес, компаниялар қоршаған ортаға тигізетін теріс әсер үшін рұқсаттарды (төменде сипатталғандай) алуға міндетті және мұндай рұқсаттарда көрсетілген барлық талаптарды сақтаулары тиіс.

Былайша айтқанда, жаңа Экологиялық кодекстің қабылдануының мақсаты болып шет елдердегі табысты реттеуді қайталау, Қазақстанның өзінің халықаралық экологиялық міндеттемелерін орындау тетіктерін күшейту және мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға қатысты шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысуын арттыру табылды.

Экологиялық кодекс ластануға көп үлес қосатын кәсіпорындарға, соның ішінде мұнай-газ секторындағы кәсіпорындарға бағытталған. Экологиялық кодекс І-ші санаттағы объектілер операторларын оператор тартқан объектілерді салумен, пайдаланумен және жөндеумен айналысатын мердігерлердің шығарындыларына тікелей жауапты етеді, сондай-ақ 2023 жылдан бастап атмосфералық ауаны бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізуді және 2025 жылдан бастап ВАТ-ты біртіндеп енгізуді белгілейді. Егер оператордың қолданыстағы І санаттағы объектісін қайта құруды немесе елеулі түрлендіруді жүзеге асыруға ниеті болса, оған Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, соның ішінде ВАТ-ты енгізу бойынша жаңа экологиялық сараптама қорытындысы және жаңа экологиялық рұқсат алу қажет болады. Өнеркәсіптік ВАТ каталогтары қазіргі уақытта ЭГТРМ-мен әзірленуде. ВАТ жөніндегі шешімдерді Үкімет 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін бекітеді деп күтілуде. Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау органдары кез келген оқыс оқиғаларға, соның ішінде шамадан тыс шығарындыларға жедел жауап қайтару үшін ауа мониторингінің автоматтандырылған жүйесі жинаған деректерге нақты уақыт режимінде қол жеткізетін болады. Оның үстіне, Экологиялық кодекс қоршаған ортаға келтірілген залалға қатысты шағымдар бойынша қолданылатын талап қоюдың ескіру мерзімін осындай залал келтірілген күннен бастап 30 жылға дейін айтарлықтай ұзартты.

Экологиялық рұқсаттар

Тұлғаның объектіні пайдалануға немесе қоршаған ортаға теріс әсерін тигізуі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаты болуы тиіс. Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету деңгейіне қарай объектілер төрт санатқа бөлінеді: I (ең жоғары жағымсыз әсер), II, III және IV (барынша аз жағымсыз әсер) санаттары. I санаттағы объектілерге көмірсутектерді өндіру және өңдеу зауыттары, металлургиялық зауыттар, электр станциялары (қуатына қарай), химия зауыттары және басқа да қатты ластайтын кәсіпорындардың түрлері жатады. Экологиялық кодекске сәйкес экологиялық рұқсаттардың үш түрі («ЭР») бар: 1) кешенді экологиялық рұқсаттар; 2) қоршаған ортаға етуге арналған рұқсаттар және 3) қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету туралы декларация. ЭР пайдаланушының қоршаған ортаға жағымсыз әсерін реттейтін шарттарды қамтиды. I санаттағы объектілердің операторлары, әдетте, 2025 жылдан бастап кешенді ЭР-ді алулары тиіс және осы уақытқа дейін олар қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын ала алады. Кешенді ЭР міндетті шарттарының бірі – ВАТ-ты енгізу. Негізгі өндіріс әдісі немесе технология өзгертілмесе немесе ВАТ жөніндегі қорытынды қайта қаралмаса, кешенді ЭР мерзімсіз болып табылады. II санаттағы объектілердің операторлары қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуге арналған рұқсаттарды алулары тиіс, ал III санаттағы объектілердің операторлары қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету туралы декларацияны алулары тиіс. Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету үшін төлем Салық кодексімен белгіленген, және оны

жергілікті өкілдік органдары (*мәслихаттар*) арттыруы мүмкін (белгілі бір шектерде). ВАТ-ты енгізуді ілгерілету мақсатында қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету үшін I санаттағы объектілердің операторлары төлейтін төлемдердің мөлшері әр үш жылда кезең-кезеңмен екі, төрт және сегіз есе өсетін болады. Үкімет бекіткен Қазақстандағы ең ірі 50 ластаушы кәсіпорын тізіміне енгізілген операторлар үшін (соның ішінде бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, бірнеше Топ компаниясы бар) бұл төлем 2025 жылы көтерілетін болады. Барлық басқа операторлар үшін ұлғайтылған алымдар режимі 2031 жылы басталатын болады. ЭР-дің бар болуы жер қойнауын пайдаланушыны оның қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетінен босатпайды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыны немесе оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

Газды жалындатып жағу

Жер қойнауы туралы кодекске сәйкес (i) төтенше жағдай орын алған немесе төтенше жағдайдың орын алу қаупі, қызметкерлердің өміріне қауіп немесе халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қатер төнетін, (ii) ұңғымаларды сынау, (iii) далалық пайдалану сынағы кезінде немесе (iv) технологиялық себептерге байланысты жалындатып жағуды болдырмайтын жағдайларын қоспағанда, шикі газды жалындатып жағуға тыйым салынады.

Төтенше жағдай орын алған, төтенше жағдайдың орын алу қаупі, қызметкерлердің өміріне қауіп төнген немесе халықтың денсаулығына қауіп төнген және қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайда газды рұқсатсыз жалындатып жағуға рұқсат етіледі.

Төтенше жағдайларға немесе төтенше жағдайлар қаупіне байланысты жалындатып жағу орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы мұндай жағу басталған күннен бастап 10 күн ішінде бұл туралы Құзыретті органды және ЭГТРМ-ді жазбаша түрде хабардар етеді. Барлық басқа жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жобалық құжаттамада және Құзыретті орган бекіткен газды өңдеуді дамыту бағдарламасында қамтылған газды жағу шектерін сақтаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы Құзыретті органнан газды жалындатып жағуға рұқсат алуы тиіс.

Көміртегі шығарындыларына арналған квоталар

2009 жылғы наурыз айында Қазақстан Президенті БҰҰ-ның 1999 жылғы 12 наурыздағы Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасын ратификациялау туралы заңға қол қойды. Көмірқышқыл газы сияқты жылыжайлық газдар шығарындыларын шектеуге немесе болдырмауға арналған Киото хаттамасын ратификациялау Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғауды реттеуге әсер етеді деп күтілуде. 2020 жылдың желтоқсан айында Киото хаттамасына Доха түзетуі деп аталатын түзету күшіне енді, және оның мақсаты мүше елдер үшін 2013 жылдан 2020 жылға дейін екінші міндеттемелердің әрекет ету кезеңін белгілеу болды. Қазақстан осы уақытқа дейін Киото хаттамасына Доха түзетуін ратификациялаған жоқ.

Киото хаттамасын ратификациялағаннан кейін Экологиялық кодекске 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстандағы климаттың өзгеруін бақылау шегін құру үшін түзетулер енгізілді. Бұл шек жылына 20 000 тоннадан астам көмірқышқыл газын шығаратын субъектілерден жылыжайлық газ шығарындыларына рұқсат алуды, квоталармен сауда жасауды және ұлттық квотаны бөлу жоспарын әзірлеуді қамтыды. Квоталарды бөлу мен саудалаудың құқықтық тетігінің жетілмегендігіне салалық шағымдарға, сондай-ақ мұндай квоталарды сақтаудағы қиындықтарға жауап ретінде Қазақстан 2016 жылы сәуір айында Экологиялық кодекстің жылыжайлық газдар шығарындыларына қатысты бірқатар ережелерін 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатты.

2016 жылдың қараша айында Қазақстан Киото хаттамасын іс жүзінде алмастырды деп есептелетін Париж келісімін ратификациялады. Париж келісімі шеңберінде Қазақстанның ұлттық деңгейде белгіленген жоспарлы үлесі елдің жылыжайлық газдар шығарындыларын кемінде 1990 жылғы деңгеймен салыстырғанда 15 пайызға немесе 2030 жылға дейін 25 пайызға азайту болып табылады (белгілі шарттар орындалған жағдайда).

2017 жылы 26 желтоқсанда Үкімет 2018 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Жылыжайлық газдар шығарындыларына қатысты квоталарды бөлудің 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекітті. Бұл Жоспар 2016-2020 жылдарға арналған ұлттық бөлу жоспарын ауыстырды. Содан кейін Үкімет 2021 жылға арналған Жылыжайлық газдарға қатысты квоталарды бөлудің ұлттық жоспарын бекітті. 2022 жылғы шілде айында ЭГТРМ-2022-2025 жылдарға арналған Жылыжайлық газдарға квоталарды бөлудің ұлттық жоспарын бекіту туралы бұйрық жобасын жариялады. Тарихи тұрғыдан алғанда, жылыжайлық газдарға арналған квоталар көлемі төмендеді де, Үкімет Париж келісімі бойынша өз міндеттемелерін орындауға талпынатындықтан, одан әрі төмендей береді деп күтілуде.

Қазақстан өзінің жылыжайлық газдар шығарындыларын реттеуін кейіннен қайта қарайды деп болжанады. Бұдан туындауы мүмкін ықтимал әсер әлі белгісіз. Тиісінше, жылыжайлық газдар шығарындыларын реттеуге қатысты кез келген түзетулермен байланысты ықтимал ұстану шығындары белгісіз және елеулі болуы мүмкін.

Су пайдалануға рұқсаттар

Су кодексі су ресурстарын пайдалану мен қорғауға қатысты мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған. Су кодексі суды пайдалануға рұқсаттар («СПР») негізінде суды пайдалану және суға белгілі бір материалдарды ағызып жіберу жөніндегі міндеттемелерді белгілейді. Тиісті СПР-де көрсетілген шарттар бұзылған жағдайда СПР күші жойылуы мүмкін. Осындай шарттарға жер асты суларының сапасын бақылау, статистикалық және мониторингтік есептерді ұсыну, тау-кен жұмыстарын жүргізген кезде судың ластануына қатысты талаптарды сақтау және жабдықты жүйелі түрде тексеру жатады. Суды пайдалануға байланысты кез келген мән-жайлар өзгерген жағдайда, СПР ұстаушы мұндай өзгерістерді тиісті мемлекеттік органдармен үйлестіруге міндетті. СПР-дің қолданылу мерзімі СПР-де көрсетілген талаптардың сақталу шартымен ұзартылуы мүмкін. Экологиялық кодекске сәйкес кешенді СПР-ге суды пайдаланудың шарттары мен шектері енгізілуі мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстанның жер қойнауы туралы кодекске және табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес өндірілген пайдалы қазбалар мен қорлардың, соның ішінде қайта өңдеудің жанама өнімдері мен қалдықтарды өңдеуден қалған қалдықтардың лайықты есебін жүргізуге міндетті. Мемлекет өндірілген пайдалы қазбалар мен қорлардың есебін жүргізеді. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын барлауға және пайдалануға арналған келісімшарттық аумақтағы өз қызметі туралы геологиялық есепті де ұсынуға міндетті.

Экологиялық құқық саласындағы құқық қолдану

Экологиялық кодекс табиғат ресурстары мен қоршаған ортаға қатысты экологиялық заңнаманың сақталуына, сондай-ақ экологиялық талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдарды айқындайды. Бұл лауазымды тұлғаларға Бас мемлекеттік экологиялық инспектор, Бас мемлекеттік экологиялық инспектордың орынбасары және қоршаған ортаны қорғау заңнамасының сақталуын қадағалауға және сот талқылауын қозғауға уәкілетті аймақтық басқа да лауазымды тұлғалар кіреді.

Экологиялық кодекс тиісті Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға қоршаған ортаны қорғау шараларын орындауға уәкілеттік береді, соның ішінде:

- объектілерді тексеру және талдау үшін өлшеулерді орындау мен сынамаларды алу;
- құжаттаманы, сынақ нәтижелерін және басқа да материалдарды сұрату және алу;
- экологиялық және өзге де рұқсаттардың талаптары бұзылған жағдайда олардың қолданылуын тоқтата тұруға және жоюға байланысты рәсімдерді бастамалау;
- жеке және заңды тұлғаларға қазақстандық табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтарын жою туралы ұйғарымдар беру; және де

- Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын кәсіпкерлік және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және оған тыйым салу туралы талаптармен сотқа жүгіну және қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеуді талап ету.

Экологиялық және басқа да міндетті сақтандыру

Қазақстан заңнамасында қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын кез келген субъекті рәсімдеуі міндетті бірқатар міндетті сақтандырулар белгіленген.

Экологиялық сақтандыру

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III) сәйкес экологиялық қауіпті қызметті жүзеге асыратын кез келген субъект осындай тиісті қызметпен байланысты тәуекелдерді сақтандыруы тиіс. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты экологиялық қауіпті қызметтің және өзге де қызметтің нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және қоршаған ортаға келтірілген зиянның (моральдық залал үшін төлемдерді, алынбаған пайданы және өсімшуды төлеуді қоспағанда) орнын толтыруы тиіс.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің «Экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 30 шілдедегі № 271 бұйрығымен бекітілген Экологиялық тұрғыдан қауіпті қызмет түрлері тізбесінің 3-тармағына сәйкес экологиялық тұрғыдан қауіпті қызмет түрлері мыналарды қамтиды: i) шығарылатын мөлшері мұнайға қатысты тәулігіне 500 тоннадан және газға қатысты тәулігіне 500 тоннадан асатын мұнай мен табиғи газды коммерциялық мақсаттарда өндіру; (ii) сыйымдылығы 200 мың тонна немесе одан көбірек мұнай, мұнай-химиялық немесе химиялық өнімдерді сақтау, сондай-ақ 150 миллион текше метрден асатын белсенді сақтау көлемімен табиғи газды жерасты сақтау; (iii) мұнай өңдейтін зауыттардың (шикі мұнайдан майлағыш материалдарды ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және газдандыруға арналған құрылыс жайлардың қызметі; және (iv) газды, мұнайды немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған диаметрі 800 миллиметрден және (немесе) ұзындығы 40 километрден асатын құбырларды пайдалану.

Жер қойнауын пайдаланушы қызметтің бұл түрлерін міндетті экологиялық сақтандыруды рәсімдемейінсіз жүзеге асыра алмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін және Компанияның қызметіне қолданылатын міндетті сақтандырудың басқа да түрлері:

Қауіптілігі жоғары объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

Азаматтық қорғау туралы Заңға және «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580 II) сәйкес, компаниялар олардың қауіпті өндірістік факторының әрект етуіне байланысты тәуекелдерден сақтандырылуы тиіс. Қауіпті өндірістік фактор – қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін физикалық құбылыс.

Қызметкерлерді өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым жағдайдан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30-III), 2005 жылғы 1 шілдеден бастап барлық жұмыс берушілер қызметкерлер еңбек міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан сақтандыруға міндетті.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

«Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (соңғы редакциядағы 2003 жылғы 01 шілдедегі № 446-ІІ) сәйкес, басқалармен қатар, жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар, шағын автобустар және көлік құралдары, автотокөлік және тіркемелер (жартылай-тіркемелер) иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады және мұндай көлік құралдарын сақтандырусыз кез келген пайдалануға тыйым салынады.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау

Компанияның қызметі еңбекті қорғауға қатысты салалық еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын қоса алғанда, Қазақстанның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне қатысты заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне бағынады және әртүрлі мемлекеттік органдармен, соның ішінде Энергетика министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен және Денсаулық сақтау министрлігімен реттеледі.

Жер қойнауы туралы кодекстен басқа, мұндай заңдар мен ережелер, басқаларымен қатар: (а) өнеркәсіптік қауіпсіздікті міндетті түрде декларациялауға қатысты ережелер мен рәсімдерді белгілейтін Азаматтық қорғау туралы Заңды; (ә) "Мұнай операцияларын жүзеге асыратын технологиялық және қосалқы объектілер мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 ақпандағы № ҚР ДСМ -13 бұйрығы), және (б) мұнай-газ саласындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қамтиды.

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер жұмыс берушіден өз қызметкерлерін ақаусыз жұмыс істейтін және қауіпсіз құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді, өз қызметкерлеріне еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын үйретуді, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша корпоративтік ережелерді қабылдауды, униформамен және аяқ киіммен, арнайы тамақпен қамтамасыз етуді, қызметкерлерін мерзімді медициналық тексеруден өткізуді, жабдық пен жұмыс алаңдарына үшінші тараптардың мерзімді аттестаттауларын өткізуді, өз қызметкерлерінің тиісті сақтандыруын қамтамасыз етуді, үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігін сақтандыруды және өрт қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауды талап етеді.

Өндіру, өңдеу, құбыржолмен тасымалдау, сақтау және жер қойнауын пайдалану қызметтерін лицензиялау

Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң лицензияларға, рұқсаттарға, келісулерге және басқа үкіметтік мақұлдауларға қатысты әртүрлі ережелерді біріктіреді және оңтайландырады.

Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң құрлықтағы, теңіздегі және ішкі су тоғандарындағы көміртекті кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау, сондай-ақ магистральдық мұнай және газ құбырларын пайдалану лицензияланатын қызмет болып табылатынын ескереді.

Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру құқығы тек Құзыретті органмен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде беріледі.

Лицензияны Құзыретті орган қажетті құжаттаманы ұсынғаннан және баж төленгеннен кейін шектеусіз мерзімге береді және бір тұлғадан (лицензиаттан) екінші тұлғаға берілмейді.

Лицензиат білікті қызметкерлер құрамының немесе тиісті жабдықтың жетіспеушілігін қоса алғанда, біліктілік талаптарын сақтамаған жағдайда лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұруы немесе доғарылуы мүмкін.

Егер кез келген тұлға Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңға сәйкес қажет лицензиясыз жұмыс істесе, сол тұлға және оның басшылары әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Монополияға қарсы реттеу

2020 жылдың қыркүйек айына дейін белгілі бір нарықта (мысалы, мұнай және газ нарығында) үстем жағдайға ие субъектілерді Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Табиғи монополиялар комитеті қадағалап отырды. Кейіннен бұл міндеттер мен өкілеттіктер жаңадан құрылған Монополияға қарсы агенттікке берілді. Табиғи монополиялар комитеті табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін қадағалау жөніндегі міндеттері мен өкілеттіктерін сақтап қалды.

Бәсекелестікті қорғау

Нарық субъектісі, егер оның нарықтағы үлесі отыз бес пайыздан кем болмаса, сондай-ақ субъект, басқаларымен қатар, өнімнің бағасын және осы өнімнің нарықтағы сатудың жалпы талаптарын өз бетінше белгілейтін шартымен үстем жағдайға ие болып саналады. Өлшемшарттар нарықтағы үлесі елу пайыздан асатын нарық субъектілеріне қолданылмайды.

Сонымен қатар, Қазақстандық заңнама нарық субъектілері тобының үстем жағдайға ие болу өлшемшарттарын да белгілейді. Атап айтқанда, өлшемшарттар үш субъекіден аспайтын топтың жиынтық нарық үлесі кемінде елу пайызды құрайтын немесе төрт субъекіден аспайтын топтың жиынтық нарық үлесі кемінде жетпіс пайызды құрайтын мән-жайларды қамтиды. Мұндай мән-жайларда топтағы әрбір субъектінің нарықтағы үлесі он бес пайызға тең немесе одан аз болған жағдайларды қоспағанда, ол үстем жағдайға ие болып саналады.

Экономикалық шоғырлану

Экономикалық шоғырлануға қатысуды қалайтын немесе оған әлдеқашан қатысатын нарық субъектілері Монополияға қарсы агенттіктен рұқсат алуы немесе оны бұл туралы хабардар етуі тиіс. Алдын ала мақұлдау немесе хабарлау режимі экономикалық шоғырлану түріне және акциялар (жарғылық капиталға қатысу үлесі, үлеспұлдар), негізгі құрал-жабдық, бейматериалдық активтер немесе мүлктік құқықтар сияқты сатып алынатын құқықтар немесе үлестерге байланысты болады.

Монополияға қарсы агенттіктің рұқсаты мұндай сатып алуға дейін осы тұлға (немесе тұлғалар тобы) нарық субъектісінің акцияларын иеленбеген немесе нарық субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың елу пайызына немесе одан азырақ санына иелік еткен жағдайда, тұлға (немесе тұлғалар тобы) нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын сатып алғаннан кейін, егер осы тұлға (немесе тұлғалар тобы) осы акциялардың елу пайызынан астамына иелік ету құқығына ие болса, қажет болады. Алайда бұл жаңа компанияның құрылуына таралмайды.

Бір тұлғалар тобының шеңберінде жасалған кез келген мәміле экономикалық шоғырлану болып саналмайды, және тиісінше Монополияға қарсы агенттіктің мақұлдауын немесе хабарландырылуын талап етпейді.

Жалпы алғанда, акцияларды, негізгі құрал-жабдықты, бейматериалдық активтерді немесе тиісті құқықтарды сатып алатын сатып алушы Монополияға қарсы агенттіктің алдын ала мақұлдауын алуы тиіс. Мақұлдауды алмау әкімшілік айыппұлдың салынуына, мәміленің жарамсыз деп танылуына, сондай-ақ Монополияға қарсы агенттіктің іс-әрекеті нәтижесінде нарық субъектісін мемлекеттік тіркелуінің (қайта тіркелуінің) немесе жылжымайтын мүлікке құқықтардың жарамсыз деп танылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мемлекеттің шаруашылық қызметке қатысуы

Мемлекет кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік кәсіпорындар құру және (немесе) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу арқылы жүзеге асырады.

Мемлекет кәсіпкерлік қызметпен ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғауды, мемлекет меншігіндегі стратегиялық мақсаттағы объектілерді пайдалануды және ұстауды, мемлекеттік монополия саласындағы қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында; тиісті тауар нарығында бәсекелестіктің жоқтығы немесе бәсекелестіктің жетілмегендігі салдарынан және Қазақстан заңнамасында тікелей ескерілген өзге жағдайларда айналысады. Үлесінің елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар Үкіметтің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген тізбеге енгізілген қызметті жүзеге асырады. Үлесінің елу пайызынан астамы мемлекетке немесе оның үлестес тұлғаларына тиесілі заңды тұлғалардың қызметі кеңейтілетін және (немесе) өзгертілетін болған жағдайда Монополияға қарсы агенттіктің алдын ала келісімін алу қажет болады.

Табиғи монополиялар және базаны реттеу

Үкімет қазақстандық компаниялар болып табылатын Компанияның қатысушыларына қатысты, егер мұндай компаниялар табиғи монополия мәртебесіне ие болса немесе тиісті нарықта үстем жағдайға ие болса, бағаларды реттей алады. ҚТО табиғи монополист ретінде жіктеледі және Табиғи монополиялар комитетінің тарифтік реттеуіне жатады. Мұндай тарифтік реттеу мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдауды, тауарлық газды сақтауды, жалғаушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды, топтық сұйыққоймалық қондырғыларды пайдалануды реттеуге қатысты, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы транзит және Қазақстаннан тысқары жерлерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, шикі газды жалғаушы құбыржолдары арқылы тасымалдауға қолданылады.

2014 жылдың мамыр айында ЕАЭО туралы шартқа ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан қол қойды. ЕАЭО туралы шарттың XX тарауы (Энергетика) мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы ынтымақтастығы мәселелеріне арналған, ЕАЭО-дағы бірыңғай қағидаттарға, шарттарға және ережелерге сәйкес ортақ газ нарығын қалыптастырады және мүше мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес 2016 жылғы мамырда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес ЕАЭО-дың ортақ газ нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын, ал 2018 жылғы желтоқсанда ЕАЭО-дың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасын бекітті. Қазіргі уақытта Одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасының іс-шаралары аяқталғаннан кейін 2022 жылы ортақ газ нарығы туралы үкіметаралық келісім жасасу және 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ортақ газ нарығы құрылымының толық көлемде жұмысын бастауы күтілуде. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ортақ газ нарығын қалыптастыруы Қазақстандағы газ саудасына және Компанияның қызметіне қатысты мәселелерге әсерін тигізуі мүмкін.

Құқықты таңдау

Заңнамада өзгесі талап етілмесе, мәміле тараптары осы тараптардың, кем дегенде, біреуі шетелдік тарап болып табылып, қаралатын мәмілеге қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті нормаларының сақталу шартымен осындай мәмілені реттейтін кез келген қолданылатын (шетелдік) құқықты таңдай алады.

Қазақстан заңнамасы жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімшарттардың Қазақстанның материалдық құқығымен реттелуін талап етеді.

Төрелік туралы заңнама

Егер тараптар басқаны келіспеген болса және заң шектеулерін ескере отырып, тараптар олардың тиісті шартынан және (немесе) оған байланысты туындайтын дауды шеше алмаса, олар осындай дауды Қазақстан Республикасының тиісті сотына берулері тиіс.

Төрелік туралы заңнамаға сәйкес төрелік соттар тиісті саланың уәкілетті органының (республикалық меншікке қатысты) немесе жергілікті атқарушы органдардың (коммуналдық меншікке қатысты) келісімінсіз бір жағынан қазақстандық жеке және (немесе) заңды тұлғалар және екінші жағынан мемлекеттік органдар, қазыналық кәсіпорындар, сондай-ақ мемлекет дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) тікелей немесе жанама кемінде елу пайызын иеленетін заңды тұлғалар арасындағы дауларды қарауға құқылы емес. Төрелік келісім жасасуға ниет білдіретін мемлекеттік органдар, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу немесе одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар (мысалы, Компания) тиісті саланың уәкілетті органына (немесе жергілікті атқарушы органға) төрелік талқылау бойынша күтілетін шығындарды көрсете отырып, осындай төрелік келісімді жасасу келісім беру туралы сауалды жіберулері тиіс. Сауалды қарастырған кезде уәкілетті орган (немесе жергілікті атқарушы орган) экономикалық қауіпсіздікті және мемлекеттің мүдделерін ескеруі тиіс. Компания үшін тиісті саланың уәкілетті органы болып Энергетика министрлігі табылады.

Төрелік мекемені таңдаған кезде тараптар қазақстандық (мысалы, «Астана» Халықаралық Қаржы Орталығы («АХҚО») жанындағы Халықаралық төрелік орталығы («ХТО»), «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төрелік орталығы, және т. б.) немесе халықаралық төрелік мекемелерін (мысалы, Лондон халықаралық төрелік соты, ICC Халықаралық төрелік соты және т. б.) таңдай алады.

АХҚО төрелігі

АХҚО — 2018 жылы ресми түрде іске қосылған Қазақстанның Астана қаласындағы қаржы орталығы және ерекше құқықтық режимге ие. ХТО АХҚО аумағында жұмыс істейді және АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешудің ең жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сот талқылауына тәуелсіз, үнемді және жедел баламаны ұсынуға арналған. Тараптар ХТО-ның олардың төрелікте іс қарауын ХТО Төрелік пен делдалдық ережелеріне, UNCITRAL Төрелік регламентіне немесе *арнайы* төрелік ережелеріне сәйкес басқаруына және олардың делдаллығын ХТО Төрелік пен делдалдық ережелеріне немесе *арнайы* делдалдық ережелеріне басқаруына келісе алады. Даудың тараптары дауларды шешудің басқа да баламалы нысандарын ескеруі мүмкін.

ХТО төрешілер алқасы Австрия, Греция, Үндістан, Италия, Литва, Пәкістан, Ресей, АҚШ, БАӘ, Украина және т.б. қоса алғанда, оннан астам елден қырықтан астам кәсіби маманнан тұрады.

Сот талқылауларының ескіру мерзімі

Жалпы азаматтық сот ісін жүргізудің ескіру мерзімі тұлға құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жылды құрайды. Экологиялық кодексте белгіленген экологиялық залал келтіруге байланысты талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі отыз жылды құрайды. Бұл шектеу талап қоюдың жекелеген мерзімдері қолданылатын экологиялық талаптарды бұзуға байланысты қадағалау өндірісіне, қылмыстық немесе әкімшілік іс жүргізуге қолданылмайды.

Жұмыспен қамту

Қызметкерлер мен олардың жұмыс берушілері арасындағы кез келген еңбек қатынастары Еңбек кодексімен, еңбек шарттарымен және ұжымдық шарттармен (бар болса) реттеледі.

Қазақстанда қазақстандық азаматтар, сондай-ақ шетелдіктер жұмысқа орналаса алады. Шетелдіктерді жұмысқа алу үшін алдымен тиісті жұмысқа рұқсат алу керек. Халықты жұмыспен қамту туралы Заңға сәйкес ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Үкімет жыл сайын Қазақстанда шетелдіктерді жұмысқа орналастыру үшін тиісті квоталарды белгілейді, атап айтқанда:

- экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдікті жұмысқа орналастыруға арналған квота (мысалы, құрылыс, білім беру, денсаулық сақтау, тау-кен өнеркәсібі және т.б.);
- Қазақстан Республикасы ратификациялаған еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар бар болған кезде шетелдікті шыққан елі бойынша жұмысқа орналастыру квотасы; және де
- еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыруға арналған квоталар.

Еңбек шарты белгісіз немесе белгілі мерзімге жасалуы мүмкін. Егер қызметкер: (а) белгілі бір жұмысты орындау үшін (мысалы, белгілі бір жоба бойынша), (ә) уақытша жоқ қызметкерді ауыстыру үшін, (б) маусымдық жұмыс үшін немесе (в) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде шетелдік жұмыскерді тартуға жергілікті атқарушы орган берген рұқсаттар немесе еңбек мигрантына ішкі істер органдары берген рұқсаттар негізінде өз бетінше жұмысқа орналасу үшін келген шетелдік қызметкерлердің еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін жұмысқа қабылданбаған болса, белгілі мерзім бір жылдан кем болмауы тиіс.

Кемінде бір жылға жасалған мерзімді еңбек шартын екі реттен аса ұзартуға болмайды. Кемінде бір жылға жасалған мерзімді еңбек шартын екі реттен аса ұзартуға болмайды. Кез келген одан арғы ұзарту белгісіз мерзімге ұзарту болып саналады.

Еңбек шартында үш айдан аспауы тиіс сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Басшылар мен олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлер мен олардың орынбасарлары, филиалдар мен өкілдіктердің директорлары үшін сынақ мерзімі алты айды құрауы мүмкін.

Стандартты жұмыс уақыты аптасына қырық сағаттан аспауы тиіс. Стандартты жұмыс аптасы екі демалыс күнімен бес күнді құрайды.

Үстеме жұмыс әрбір қызметкер үшін күніне екі сағаттан, ал қауіпті және (немесе) зиянды жағдайлардағы үстеме жұмыс бір сағаттан аспауы тиіс. Үстеме жұмыстың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспауы тиіс.

Егер жұмыс үдеріснің сипаты қажет етсе, вахталық әдіспен жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Дегенмен, жұмыс аптасының ұзақтығы жоғарыда аталған шектеулерге сәйкес болуы тиіс. Қызметкердің қатарынан екі ауысыммен жұмыс істеуіне болмайды.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы кемінде күнтізбелік жиырма төрт күнді құрауы тиіс. Ауыр, қауіпті және (немесе) зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге, сондай-ақ мүгедектерге (1 және 2-топ) қосымша демалыс күндері берілуі тиіс.

Әдетте, еңбек шарты:

- өзара келісім бойынша;
- еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін;
- қызметкердің бастамасымен; немесе
- жұмыс берушінің бастамасымен бұзылуы мүмкін.

Ұжымдық еңбек шартын жасау міндетті емес.

2020 жылы Еңбек кодексіне қарыздық еңбекті пайдалануды (аутстаффингі) реттейтін өзгерістер енгізілді. Түзетулермен енгізілген аздаған елеулі өзгерістердің бірі болып аутстаффингтік агенттіктің клиенттің (қабылдаушы ұйымның) тәуекел дәрежесіне сәйкес

қарызға алынатын қызметкерлер құрамына қатысты жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу міндеттемесі және штаттан тыс қызметкерлердің базалық жалақысы (сыйлықақылар мен үстемеақылары қоспағанда) қабылдаушы ұйымның сол лауазымды атқаратын қызметкерлерінің жалақысына тең болу керектігін талап ету болды. Түзетулермен енгізілген осы және басқа да өзгерістер қарыздық еңбекті пайдалану құнын арттырды.

Жұмыс беруші өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талапты орындамау мұндай жұмыс берушіге әкімшілік айыппұлдың салуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Самұрық-Қазына» қорының Сатып алу ережелері

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Компания (Мемлекеттік сатып алу туралы заңда белгіленген) мемлекеттік сатып алудың жалпы ережелеріне бағынбайды және сатып алуды «Самұрық-Қазына» қоры Сатып алуларының ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қолданыстағы «Самұрық-Қазына» қорының Сатып алуларының ережелері 2021 жылдың 9 желтоқсанында 2022 жылғы 3 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында қабылданып, 2022 жылдың 1 қаңтарында сәуірінде күшіне енді. Жалпы, олар мемлекеттік сатып алу ережелеріне ұқсас және «Самұрық-Қазына» қорының және «Самұрық-Қазына» қоры қатысу үлестерінің елу және одан көп пайызы Қорға тікелей немесе жанама түрде меншік құқығымен тиесілі ұйымдардың тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудың міндетті рәсімдерін ескереді. «Самұрық-Қазына» қоры Сатып алуларының ережелеріне сәйкес жеткізушіні таңдау келесі жолдармен іске асырылады: тендер; баға ұсыныстарына сауал салу, электронды дүкен арқылы, бір көзден, тауар биржалары арқылы, холдингаралық ынтымақтастық шеңберінде.

Белгілі бір жағдайларда орындалатын және конкурстық рәсімдерсіз бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жекелеген шектеулі санаттарын, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» қоры тобындағы компаниялар ұсынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Сатып алудың әртүрлі түрлерін өткізудің жан-жақты тәртібі 2021 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Самұрық-Қазына» қорының Сатып алулар стандартында белгіленген. Топқа мүше жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу кезінде отандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндірушілер үшін «Самұрық-Қазына» сатып алу стандартында белгіленген шартты жеңілдіктер және кепілді қамтамасыз ету талабынан босату сияқты кейбір жеңілдіктер Қазақстанның халықаралық міндеттемелері бойынша өтпелі кезеңнің аяқталуына байланысты 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысын тоқтатты. «Самұрық-Қазына» қоры «Самұрық-Қазына» қорының Сатып алулары ережелерінің сақталуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ

Төменде акционерлердің осы Проспект күніндегі жағдай бойынша күші жойылмаған белгілі құқықтарының сипаттамасын қоса, Компанияның акционерлік капиталы жөнінде маңызды ақпараттың шолуы берілген.

Акционерлік капитал

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2002 жылдың 27 ақпанында құрылып, оған 020240000555 бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) беріліп, ол акционерлік қоғам болып табылады. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) («**АҚ туралы заң**»), Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-ІV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-ІV «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге) Компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі заңнама болып табылады.

Компания 2002 жылы ақпан айында номиналдық құны 1 000 теңге болған Қазақойлдың 14 561 629 акциясы мен номиналдық құны 100 теңге болған Мұнай және Газ Транспорты ҰК ЖАҚ-ның 333 119 985 акциясын аударымы арқылы енгізілуі нәтижесінде 47 874.0 миллион теңге көлеміндегі акционерлік капиталымен құрылған. 2022 жылғы 2 тамызда Компания кейін енгізілген ақшалай 1.0 миллион теңге жарнаны қоса, түрлі номиналдық құны бар барлығы 95 747 255 акцияны құрайтын 48,874.0 миллион теңге көлеміндегі өз акционерлік капиталын тіркеді

2004, 2005 және 2006 жылдары Компанияның жарғылық капиталы ақшалай жарналар есебінен Үкіметке жаңа Акцияларды шығару нәтижесінде ұлғайтылды, ол Үкіметке тиесілі белгілі сомаларға және Үкімет шеккен шығындарға және кейбір мемлекеттік ұйымдар акцияларын Компанияға аудару арқылы ішінара өтелді. 2006 жылғы 28 қаңтарда Компаниядағы Үкімет акциялары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мирасқор болған «Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қазақстандық холдингіне» беріліп, ол кейіннен «Қазына» орнықты даму қорымен» біріктіріліп, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ құрылды. Самұрық-Қазына Компанияның басым акционері болып табылады және өз кезегінде оны толықтай Үкімет иемденеді. 2015 жылғы 7 тамызда РҚҰБ Самұрық-Қазынадан Компанияның 10 пайызы мен 1 акцияны қоса көлемінде 58 420 748 акциясын сатып алды. 2015 жылдың тамызынан бастап РҚҰБ-ның Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Компания акцияларындағы иелік үлесі шамамен 9,58 пайызға дейін шайылды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Компанияның акционерлік капиталы түрлі номиналдық құны бар акциялардан (төмендегіні қараңыз) құрылған KZT 916,540.5 миллион теңгеге тең болды. Компанияның барлық акциялары шығарылған.

Шығарылған және төленген акциялар саны, қоса	610,119,493
Номиналдық құны 27,726.63 теңге	137,900
Номиналдық құны 10,000 теңге	20,719,604
Номиналдық құны 5,000 теңге	59,707,029
Номиналдық құны 2,500 теңге	71,104,187
Номиналдық құны 2,451 теңге	1
Номиналдық құны 1,000 теңге	1
Номиналдық құны 921 теңге	1
Номиналдық құны 858 теңге	1
Номиналдық құны 838 теңге	1
Номиналдық құны 704 теңге	1
Номиналдық құны 592 теңге	1
Номиналдық құны 500 теңге	458,450,766
Акционерлік капитал (мың, теңге)	916,540,545

Компания акциялары қағазсыз (электронды) шығарылады. Компания акцияларын иемдену факті Компанияның акционерлер тізімінен үзінді арқылы расталады. КСД, “АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ – Акция аударымы” атаулы тармақта белгіленіп сипатталғандай, РҚҰБ-мен басым иемденуде болып, Қазақстанда құрылған жекеменшік компаниялар акционерлер тізімін ұстауға уәкілетті тек тұлға. КСД мекен-жайы: 050051, Алматы, Самал-1 тұрғын кешені, 28 үй.

Жарғы шолуы

Жарғы

Компания жарғысын Самұрық-Қазына АҚ 2016 жылғы 22 сәуірде Компанияның барлық дауыс беретін акцияларының жалғыз иесі ретінде бекітті. Жарғыға ең соңғы түзетулер 2020 жылғы 13 шілдеде қабылданды және осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Акционерлер Компания акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Компания Басқармасының құзыретіне қатысты Жарғыға кейбір басқа да өзгерістерді енгізу процесін жүргізуде. Сатушы Акционерінің Басқармасы түзетулерді мақұлдау туралы шешімі 2022 жылғы 27 қазанда қабылданды және кейбір басқа корпоративтік мақұлдаулар күтілуде. Ұсынылған түзетулердің сипаттамасы осы құжатта сипатталған қолданыстағы Жарғыға сәйкес тиісті корпоративтік басқару органдарының құзыретіне ескертулерде берілген. “ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ–Жалпы жиналыстар” мен ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ–Директорлар кеңесі және –Басқарма” қараңыз.

Акция құқықтары

АҚ Заңының ережелерін ескере отырып және кез келген қолданыстағы акцияларға қатысты құқықтарға нұқсан келтірмей, Компания акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығара алады.

Акцияларға тиесілі құқықтар және Құқықтар өзгеруі

АҚ туралы заң акцияның екі түрі бекітеді: жай және артықшылықты. Әрбір түрдің АҚ туралы заңында белгіленген белгілі бір құқықтары бар. Бұл құқықтар акционерлік қоғам жарғысымен кеңейтілуі мүмкін болып (бірақ Компания Жарғысы мұндай құқықтарды кеңейтуді көздемейді), шектелуі рұқсат етілмеген. Жарғы бойынша Компанияға тек жай акцияларды шығаруға мүмкіндік беріледі.

Жай акция ұстаушысы келесіге құқығы бар:

- заңнамада және/немесе Компанияның Жарғысында белгіленген тәртіппен Компания басқаруына қатысу;
- дивидендтер жинау;
- сауалда өзгеше көрсетілмесе, Компанияның қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ үлестес компаниялар туралы мәліметтерді, соның ішінде құпия ақпаратты Компания сауал алғаннан кейін он күннен кешіктірмей алу және заңнамада немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысуға;
- Компания тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан олардың Компанияның бағалы қағаздарына меншік құқығын куәландыратын үзінді көшірмелерді алу;
- акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайланатын кандидатураларды ұсыну;
- Компанияның органдары қабылдаған сот шешімдеріне дауласу;

- Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сауалдар жолдау және сауал тапсырған күннен бастап 30 күннің ішінде компаниядан дәлелді жауаптар алу;
- Компания таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;
- Компанияның акцияларына немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарына қатысты өздерінің басымдықпен сатып алу құқығын АҚ туралы заңында белгіленген тәртіппен пайдалану;
- Акционерлердің жалпы жиналысында заңнамада белгіленген тәртіппен Компания акцияларының санын немесе түрін түзету туралы шешім қабылдауға қатысу.
- Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда заңға сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе шақыру туралы талаппен сотқа жүгіну;
- АҚ туралы заңға сәйкес Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- АҚ туралы заңға заңына сәйкес Компанияның өз шығындары есебінен аудиторлық ұйымның аудитін жүргізуін талап ету;
- Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға бастамашылық ету;
- жеке немесе басқа акционерлермен бірге Компанияның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына ие болған кезде:
 - акционерлік қоғамның лауазымды адамдары келтірген залалдарды акционерлік қоғамның пайдасына өтеуді, сондай-ақ акционерлік қоғамға, лауазымды тұлғалардың және/немесе олармен үлестес тұлғалардан ірі мәмілелерді және/немесе байланысты тараптармен мәмілелерді жасасуды ұсынатын шешім қабылдау нәтижесінде түскен пайданы (кірісті) қайтаруды талап ету туралы сотқа талап қою;
 - АҚ туралы заңында белгіленген тәртіппен директорлар кеңесінің және/немесе басқарманың әрбір мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алу; және
 - акционерлерінің жалпы жиналысының Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу туралы ұсыныс білдіру;

Жоғарыда айтылғандарға қоса, кез келген мажоритарлық акционер, дауыс беретін акцияларының (қандай жағдайда жеке немесе ұжымдық түрде) 10 пайыздан кем емес акция иемденген бір акционер немесе бірнеше акционерлер тобы («**Мажоритарлық акционер**») төмендегілерге құқығы бар:

- акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа талап қоюға;
- акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету; және
- тиісті Мажоритарлық акционердің есебінен акционерлік қоғамның аудитін жүргізуді талап ету.

Дауыс беру құқығы

Акциялардың кез келген түріне Компанияның Жарғысымен немесе АҚ туралы заңымен немесе оған сәйкес бекітілген құқықтар мен шектеулерді ескере отырып, акционерлердің жиналысына жеке өзі немесе уәкілетті өкіл арқылы қатысқан әрбір дауыс беретін акция ұстаушысы:

- акционерлердің жалпы жиналысында шешілетін барлық рәсімдік мәселелер бойынша бір дауыс; және
- акционерлердің жалпы жиналысында шешілетін барлық маңызды мәселелер бойынша (мұндай иеленушінің ие болған дауыстардың саны толық төленген акциялар санын осындай жиналыста сайланатын директорлар санына көбейтілген мөлшерге тең болатын директорларды сайлауды қоспағанда) осы тұлға иемденген әрбір толық төленген акцияға бір дауыс) (“—Директорлар кеңесін” қараңыз).

Акционерлердің жазбаша нысандағы шешімі қоғамның дауыс беретін жарғылық капиталының 50 немесе одан да көп пайызды иеленетін тұлғалардың қатысуын талап ететін кворумсыз күшіне енбейді немесе 50 пайызының болмауына байланысты шақырылған кейінге қалдырылған жиналыс үшін кворум қоғамның дауыс беретін жарғылық капиталының 40 немесе одан да көп пайызын иемденген тұлғаларды құрайды.

Дивидендтер және басқа үлестірімелер

АҚ туралы заң мен Жарғы Компанияның акционерлеріне төлейтін дивидендтерді анықтаудың жалпы тәртібін белгілейді. Компанияның таза табысын бөлу Қазақстан Республикасының заңдарында, Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Компанияның дивидендтік саясаты 2022 жылғы 27 қазандағы акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді («Дивидендтік саясатты» қараңыз).

АҚ туралы заңның ережелерін ескере отырып, Компания акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және дауыс беретін акционерлердің жай көпшілік даусымен қабылданған шешім бойынша акциялар бойынша дивидендтер жариялай алады. АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана жай акциялар бойынша жылдық, жарты жылдық немесе тоқсан сайынғы дивидендтерді жариялай алады. АҚ туралы заңға сәйкес Компания таза кірісі болған жағдайда ғана акциялар бойынша дивидендтерді үлестіруге құқылы.

АҚ туралы Заңы акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салады, егер:

- Компанияның меншікті капиталының сальдосы теріс болса немесе мұндай төлем нәтижесінде теріс болатын жағдайда;
- Компания дәрменсіздік белгілерін көрсетеді немесе дивидендтерді төлеу Компанияның дәрменсіздік белгілерін көрсетуіне себепші болады; немесе
- «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделген жағдайларда.

Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу күнінің алдындағы күнге жасалады. Акцияға қатысты дивиденд төлеуді Компания кешіктірсе, Компания акционерге қосымша сыйақы төлеуге міндетті. Мұндай сыйақы сомасы тиісті өтелмеген соманы төлеу күніне РҚҰБ белгілеген базалық мөлшерлеме бойынша есептеледі. АҚ туралы заң акционердің дивиденд алуға құқығының жойылмайтынын көздейді.

Компания акционерден жазбаша келісім алған жағдайда, Компания мұндай акцияларға қатысты дивидендтерді шығарылған акциялар немесе Компания шығарған облигациялар түрінде төлей алады (бірақ бағалы қағаздардың кез келген басқа түрі түрінде емес). АҚ туралы

заңы төленбеген дивидендтері бар акцияларды ұстаушыға, егер акцияларды сату/аудару туралы шартта бұл анық көзделсе, мұндай ұстаушы акцияларды үшінші тұлғаға сатқаннан немесе басқа жолмен бергеннен кейін мұндай төленбеген дивидендті алуға рұқсат береді. Сондай-ақ, “Дивидендтік саясатты” қараңыз.

Тарату жағдайындағы Акционерлерге тиесілі үлестірімелер

Тарату жағдайында, акционерлік қоғамның кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі акционерлердің арасында мынадай кезектілік тәртібімен бөлінеді:

- *бірінші* – АҚ туралы заңына сәйкес сатып алынуы тиіс акциялар бойынша төлемдер;
- *екінші* – артықшылықты акциялар бойынша есептелген және өтелмеген дивидендтер төлемдері; және
- *үшінші* – жай акциялар бойынша есептелген және өтелмеген дивидендтер төлемдері.

Акционерлік қоғамның қалған мүлкі акция ұстаушылардың арасында олардың иелігіндегі акциялардың санына сәйкес бөлінеді, бұл ретте АҚ туралы заңның жоғары дәрежедегі төлемдердің төменгі деңгейдегі төлемдерден басымдылығы бар екендігі туралы талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Айырбасталатын бағалы қағаздар

АҚ туралы заңы және Жарғы Компанияға тек жай акцияларды шығаруға рұқсат береді. Қарапайым акциялар кез келген басқа бағалы қағазға немесе құралға айырбасталмайды.

Төленбеген және кері сатып алынған акциялар

АҚ туралы заңда акция толық төленгенге дейін акцияны орналастыруға болмайды және компания акцияны сатып алушының жеке шотына есептеуге нұсқау бермеуі керек деп көрсетілген. Оның орнына акция компанияның келешек иемденушінің орталық депозитарийдегі жеке шотына есептеледі. Компанияның кері сатып алған акциялары Компанияның орталық депозитарийдегі басқа арнайы шотына есепке алынады. Орналастырылмаған акциялар немесе Компания кері сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді немесе төленбейді және мұндай акциялар кворумды анықтау мақсаттары үшін есептелмейді және дауыс беру құқығына ие емес.

Акция аударымдары

Акцияны беру үшін акционер (немесе оның өкілі) жазбаша бұйрыққа қол қоюы және оны орталық депозитарийге немесе номиналды ұстаушыға орындауға ұсынуы немесе баламалы түрде заңмен рұқсат етілген сәйкес электрондық нұсқау беруі қажет. Орталық депозитарий немесе номиналды ұстаушы сатуға өтінімді сатып алушы (немесе оның өкілі) қол қойған сатып алу өтінімімен жұптастыру арқылы орындайды және керісінше акциялармен жасалған барлық мәмілелер тізілім жүйесіндегі тиісті жеке шоттарға немесе номиналды ұстаушылардың кітаптарына жазбалар енгізу арқылы тіркелуі керек. Акцияға заңды құқық мәміле осылайша тіркелген сәтте өтеді (егер мәміленің әрбір тарапының басқа номиналды тұлғасы болмаса, бұл жағдайда заңды құқық мәміле әрбір тиісті номиналды ұстаушының банкте ашылған номиналды шоттарында тіркелген сәттен бастап өтеді. КСД. Тізілім жүйесіндегі акционердің жеке шотынан немесе номиналды ұстаушының кітапшасынан үзінді көшірме осы ұстаушының акцияға заңды құқығының дәлелі болып табылады. Орталық депозитарий немесе номиналды ұстаушы ұсынылған құжаттар сәйкес келмесе, мәмілені тіркеуден бас тарта алады. Сонымен қатар, РҚҰБ (тиісті эмитентті және КСД-ні хабардар ете отырып, егер төмендегілерді белгілейтін заң талаптары бұзылған болса, тізілімдегі немесе номиналды жүйелердегі барлық немесе жекелеген жеке шоттарды бұғаттау арқылы бағалы қағаздармен сауда-саттықты

тоқтатуға: (i) бағалы қағаздарды сатып алу кезінде инвесторлардың құқықтары мен мүдделері немесе (ii) бағалы қағаздармен сауда жасау шарттары мен тәртібі.

Орталық депозитарийге және аударымды тіркеу үшін номиналды тұлғаға әдетте келісім-шарт талаптары бойынша комиссия төленеді.

Самұрық-Қазына

Самұрық-Қазына иелік ететін және Ұсыныстан кейін иелігінде қалатын қалатын акцияларының бір бөлігі Үкіметтің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысымен бекітілген стратегиялық нысандар тізіміне енгізілген. Осылайша, Мемлекеттік мүлік туралы заңға сәйкес, мұндай акцияларды иеліктен шығару кезінде мемлекет оларды сатып алуға басым құқыққа ие болады. Мемлекет өзінің басым құқығынан бас тартқан жағдайда, Самұрық-Қазына қоры өз акцияларын (немесе оның бір бөлігін) үшінші тұлғаларға иеліктен шығара алады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 қарашадағы № 876 қаулысымен 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына Компанияның стратегиялық нысандар болып табылатын акцияларының үлесі 75 пайыз деңгейінде белгіленетін өзгерістер енгізілді.

Күмән тудырмас үшін, Ұсыныста сатуға ұсынылған Акциялар стратегиялық нысандар тізімінде жоқ. Демек, оларды сатылуына мемлекеттің басым құқығы қолданылмайды.

Жарғы капиталын өзгерту

Компания мезгіл-мезгіл Компанияның дауыс беретін акцияларының жалпы санының төрттен үш бөлігімен (бірақ басқа әдіспен емес) өзінің жарғылық капиталын көбейте алады. Компанияның Директорлар кеңесі акцияларды жарияланған акциялар саны шегінде орналастыра алады. Акцияларды орналастыру туралы кез келген шешімде акциялардың саны, бағасы және орналастыру тәсілі көрсетілуі тиіс.

Компанияның өз акцияларын кері сатып алу

АҚ туралы Заңына және Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңына сәйкес және акциялардың кез келген түріне қатысты тиісті арнайы құқықтарға нұқсан келтірмей, Компания кез келген түрдегі кез келген меншікті акцияларын кез келген тәсілмен және кез келген бағамен (номиналды баға немесе басқа бағамен сатып ала алады). Мұндай акциялар Компанияның KCD-дегі шотына аударылады.

Компания бастапқы орналастыруда орналастырылған акцияларының ешқайсысын сатып ала алмайды. Компанияның кез келген сатып алуы тиісті акционердің келісімімен құрылтай жиналысында алдын ала мақұлданған немесе акционерлердің жалпы жиналысында өзгертілген бағалау әдісін қолдана отырып жүзеге асырылуы тиіс (қор биржасында ашық сауда арқылы жүзеге асырылатын сатып алуды қоспағанда). АҚ туралы заңда көзделген белгілі бір жағдайларда және АҚ туралы заңда белгіленген шарттарды ескере отырып, Компания осындай акционерден тиісті түрде ресімделген өтінішті алғаннан кейін 30 күн ішінде акционерге тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті.

Екі жағдайда да Компанияның сатып алатын акциялары 25 пайыздан аспауы керек. Компанияның орналастырылған акцияларының жалпы санынан, ал мұндай акцияларды сатып алу бағасы Компанияның меншікті капиталының мөлшерінің 10 пайызынан аспауы керек.

Артықшылықпен сатып алу құқығы

АҚ туралы заңға сәйкес Компания акционерінің Компанияның жаңадан орналастырылған акцияларын (соның ішінде жаңадан шығарылған акцияларды немесе Компания бұрын сатып алған акцияларды) сатып алуға артықшылығы (басым) құқығы бар. Акцияларды ұстаушылардың акцияларға немесе акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарға, ал

артықшылықты акцияларды ұстаушылардың артықшылықты акцияларға артықшылықты құқықтары бар.

Компания акциялардың белгілі бір санын орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде ол әрбір нақты акционерге (жазбаша хабарлама арқылы немесе интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы қаржылық есептілік депозитарийі) акционердің акцияларды Компания белгілеген орналастыру бағасы бойынша оның қатысу үлесіне пропорционалды түрде сатып алуы үшін ұсыныс жасауы тиіс. Әр акционерге осындай хабарлама немесе жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде акцияларды сатып алуға (яғни, өзінің артықшылық құқығын жүзеге асыруға) өтінім беруге құқығы бар. Мұндай мерзім өткеннен кейін өтініш беру құқығы жойылады. Акционер акцияларды сатып алу туралы өтініш берген жағдайда, егер Жарғыда өзгеше көзделмесе, акционер сатып алынатын акцияларды төлеуге өтініш берген күннен бастап 30 күнтізбелік күн береді. Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін төлем жасалмаса, өтінім жарамсыз деп танылады.

АҚ туралы заң акцияларды немесе жай акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) артықшылықты құқығын қолданбай жүзеге асырылуы мүмкін, егер (1) акционерлердің жалпы жиналысы бұл туралы шешім қабылдаған болса; немесе (2) егер ол акционерлік қоғамның жарғысында көзделген болса. Осы Проспект күніндегі жағдай бойынша, Компания акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі және Компания жарғысында акционерлердің Компанияның орналастырылатын акцияларын сатып алуға артықшылық құқықтарын қолданбауды көздейтін ереже жоқ.

Жалпы жиналыстар

Компанияның директорлар кеңесі шақырылуы тиіс және Компания АҚ туралы заңының талаптарына сәйкес жалпы жиналыстарды (жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарды қоса алғанда) өткізуге міндетті. Компанияның директорлар кеңесі жалпы жиналыстарды өзі белгілеген уақытта шақыра алады. Сонымен қатар, кезектен тыс жалпы жиналыс Мажоритарлық акционердің жазбаша өтініші бойынша шақырылуы мүмкін.

Компанияның директорлар кеңесі негізгі акционердің өтініші бойынша өз бастамасымен күн тәртібіне қандай да бір өзгерістер енгізе алмайды немесе жалпы жиналысты өткізу тәртібін ұсына алмайды. Алайда, Компанияның директорлар кеңесі өз қалауы бойынша күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізе алады. Акционерлер кез келген жалпы жиналысты өткізу туралы кемінде 30 (немесе, жиналыс болмаған жағдайда және аралас дауыс беру жағдайында 45) күн бұрын хабарлама алуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы жекелеген мәселелерді, соның ішінде, *басқаларды қоса алғанда*, мыналарды анықтау бойынша айрықша құзыретке ие:

- (1) Жарғыға түзетулер енгізу немесе қайта өңделген Жарғыны бекіту;
- (2) Корпоративтік басқару кодексін және оған түзетулерді бекіту;
- (3) Компанияны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- (4) Компанияның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Компанияның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- (5) артықшылық құқығын қолданбай орналастырылатын (сатылатын) Компанияның акцияларының немесе жай акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарының тәртібін, мерзімін және жалпы санын айқындау;
- (6) сайлау комиссиясының мүшелерінің санын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- (7) Директорлар кеңесі мүшелерінің санын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы және шығыстарды өтеу мөлшерлемелері мен шарттарын анықтау өз міндеттерін орындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- (8) Компания Басқармасының төрағасын тағайындау (сайлау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- (9) Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- (10) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерлемелерін бекіту немесе дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- (11) Компания акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- (12) Компания активтерінің жалпы баланстық құнынан елу және одан жоғары пайызды құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратан ететін (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы ықтимал) ірі мәміле(лер) жасауы туралы шешім қабылдау¹²;
- (13) Самұрық-Қазына қоры тобына кіретін компаниялармен мәмілені қоспағанда, Компанияның АҚ туралы заңына сәйкес мүдделі тұлғалармен ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
- (14) Заңға сәйкес Компанияның биржадан тыс нарықта акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- (15) (дивидендтік саясатты бекіту; және
- (16) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және/немесе Жарғыға сәйкес шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысына қалдырылған басқа да мәселелер.

Жоғарыда көрсетілген тармақтардың 2, 3, 4, 5 және 14-тармақтарында көрсетілген мәселелер дауыс беретін акциялардың жалпы санының білікті көпшілігінің (яғни, төрттен үш) мақұлдауын талап етеді.

Компанияның ішкі ұйымдастырылуына қатысты мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның кез келген басқа басқару органы қабылдаған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

«ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ–Акционерлер» қараңыз.

Директорлар кеңесі

«ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ–Директорлар кеңесі» қараңыз.

Басқарма және Басқарма төрағасы

Басқарма мүшелерін Компанияның директорлар кеңесі белгілеген мерзімге Компанияның директорлар кеңесі тағайындайды. Басқарма төрағасын (бірінші басшы) Компания акционерлері тағайындайды. Басқарма Компанияның күнделікті қызметін басқарады. Басқарма Компанияның қызметіне қатысты, АҚ туралы заңмен, Қазақстанның өзге де заңнамалық актілерімен немесе Жарғымен Компанияның басқа органдарының немесе лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын кез келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

¹² 2022 жылғы 27 қазанда Сатушы Акционердің Басқармасы бекіткен Жарғыға енгізілетін түзетулер «елу пайызды» критерийін «жиырма пайызға» өзгертуді көздейді.

«ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ–Басқарма» қараңыз.

Директорлар еңбекақысы

Компанияның директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді.

Директорлардың рұқсат етілген мүдделері

Компанияның директоры, Компания жасауға ұсынылатын мүдделі тараптармен мәмілелер бойынша дауыс беруге қатыса алмайды, егер:

- мұндай директор мәміленің тарапы болып табылады немесе ол мәмілеге өкіл немесе делдал ретінде қатысады; немесе
- мұндай директор мәміленің тарапы болып табылатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғасы немесе мұндай заңды тұлға мәмілеге өкіл немесе делдал ретінде қатысатын болса.

Акциялардағы мүдделерді жария ету

Акционерлер жиналысына қатысуға және жиналыста дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Компания акционерлерінің тізілімінде тіркелген мәліметтердің негізінде Орталық тіркеуші дайындайды. Дегенмен, номиналды тұлға арқылы акцияларға иелік ететін немесе KCD-ге жеке жеке басы ашылмаған кез келген акционер акционерлер жиналысында дауыс беруге құқылы емес.

Сонымен қатар, Компанияның дауыс беретін акцияларының 10 немесе одан да көп пайызын сатып алғысы келген немесе АҚ туралы заңның 64-бабында көзделген аффилиирленген тұлға анықтамасына басқаша сәйкес келетін кез келген тұлға Компанияның аффилиирленген тұлғасы болып саналады және Компанияға оның жеке басын және оның аффилиирленген тұлғасы туралы ақпаратты ашуға міндетті. Мұндай тұлғаның және оның аффилиирленген тұлғаларының жеке басы туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

Сонымен қатар, Компания акцияларын орналастырудан және АІХ Трейдингке рұқсатынан кейін Компания АІХ Іскерлік ережелерінің мақсаттары үшін есеп беретін тұлғаға айналады, демек, бұл ережелер Компанияға да, оның директорларына да, акционерлеріне де қолданылады. АІХ іскерлік ережелеріне сәйкес кез келген акционер осындай акционер Компанияның дауыс беретін акцияларының 5 пайыздан астамын сатып алған немесе иеленуін тоқтатқан және кейіннен акциялар пакетінің 1 пайыздан кем емес ұлғайған немесе азайған жағдайда АІХ-ке, Астананың қаржылық қызметтері жөніндегі уәкілетті органға және Компанияға есеп беруі керек..

Жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер

КCD Компания үшін акциялар тізілімін ұстаушы ретінде әрекет етеді. Компанияның сұрауы бойынша КCD өзінің ережелері мен рәсімдеріне сәйкес Компанияға дивидендтер немесе басқа төлемдерді төлеуге мүмкіндік беру үшін КCD-дегі акциялардың бенефициар иелері туралы мәліметтерді береді.

ЗАҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұсынысқа қатысты кейбір заң мәселелері Компания үшін Қазақстан және АХҚО заңдарына қатысты White & Case LLP және ағылшын құқығына қатысты Fieldfisher LLP тарапынан қарастырылған.

ДЕРБЕС АУДИТОРЛАР

Қаржылық есептіліктерді осы құжатта көрсетілген аудиторлық есепте көрсетілгендей «Эрнст энд Янг» ЖШС дербес аудиторлары тексерді. «Эрнст энд Янг» ЖШС тіркелген мекенжайы: 050060, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» бизнес орталығы. «Эрнст энд Янг» ЖШС Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет бойынша № 0000003, № 2 МФУ лицензиясы бойынша қызметін атқарады. «Эрнст энд Янг» ЖШС Қазақстан Республикасын Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады. «Эрнст энд Янг» ЖШС Компанияда ешқандай мүддесі жоқ.

А ҚОСЫМШАСЫ - D&M ЕСЕБІНЕН ТҮСІНДІРМЕ

(қосымшаға сәйкес)

2022 жылғы 15 ақпан

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Қазақстан Республикасы, Z05H9E8
Д. Қонаев көш.,8
«Зүбаржат орамы» БО, Б блогы

Тақырыбы: 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы әртүрлі лицензиялық учаскелердегі әртүрлі активтер бойынша қорларды, шартты ресурстарды және перспективалық ресурстарды бағалау

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

Сіздердің өтініштеріңіз бойынша біз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұнайдың, конденсаттың, табиғи газ сұйықтықтарының (ТГС) және газдың дәлелденген, ықтимал және мүмкін қорларының шамасының, дәлелденген, дәлелденген-әрі-ықтимал, және дәлелденген-әрі-ықтимал-әрі-болжалды қорлардың шамасының, және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның («ҚМГ ҰК») мәлімдемесі бойынша оған тиесілі болатын немесе ол тікелей немесе ҚМГ ҰК-ның әр түрлі еншілес немесе бірлескен кәсіпорындары арқылы бақылайтын қатысу үлестері бар кейбір кен орындардағы мұнайдың, конденсаттың және газдың шартты ресурстарының шамасының бағалауын дайындадық. Қазақстандық еншілес кәсіпорындарына «Амангелді Газ» ЖШС (АГГ), «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ), «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ), «Қашаған Б.В.» (ҚБВ), «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (ҚШГП), «Казгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ), «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА), «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ), «Көлжан» ЖШС (КЖ), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (МТМГ), «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ), «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» (ПҚҚР), «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» (ПҚВ), «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО), «Торғай Петролеум» (ТГП), «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ) және «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨТО) кіреді. Ресейлік еншілес кәсіпорындарына «Орталық мұнайгаз компаниясы» ЖШҚ (ОМГК) және «Каспий мұнайгаз компаниясы» ЖШҚ (КМГК) ЖШС кіреді. ҚМГ ҰК бағаланатын кен орындарының барлығы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында орналасқанын және олар тиісті еншілес компанияларға әртүрлі үлестерде тиесілі екенін мәлімдейді.

Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан әртүрлі лицензиялық учаскелердегі әртүрлі активтердің перспективалық мұнай мен табиғи газ ресурстарының шамасы мен әлеуетті ағымдағы құнын бағаладық.

Осы хатта келтірілген нәтижелер біздің «2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға тиесілі немесе ол бақылайтын қатысу үлестері бар кейбір кен орындарындағы қорларды, түсімді және шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есеп, PRMS нұсқасы» (Қорлар мен шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есеп) және «2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы әртүрлі лицензиялық учаскелердегі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға тиесілі қатысу үлесі бар түрлі перспективалы құрылымдардағы перспективалық ресурстар мен әлеуетті түсімді бағалау туралы есеп» (Перспективалық ресурстарды бағалау жөніндегі есеп) деп аталатын есептерімізде қамтылған

анықтамаларға, болжамдарға, түсініктемелерге, шектеулерге және қорытындыларға негізделген. Осы хатта келтірілген ақпарат Қорлар мен шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есепке және Келешекті ресурстарды бағалау жөніндегі есепке сілтемесіз қате түсіндірілуі мүмкін екенін және оны сақтықпен пайдалану керектігін есепке алу қажет.

Осы хатта бағаланатын қорлар таза қорлар ретінде көрсетілген. Қорлар мен шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есепке сәйкес 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағаланатын дәлелденген, ықтимал және мүмкін таза қорлар төменде мың баррель (мың барр) және миллион текше фут (млн.фт³) ағылшын өлшеу бірліктерімен және мың метрикалық тонна (мың тонна) және миллион текше метр (млн.м³) метрикалық өлшеу бірліктерімен берілген.

Қорлар санаты	Ағылшын бірліктері				
	Мұнай мен конденсат (мың барр)	ТГС (мың барр)	Отын газы (млн.фт ³)	Тауарлық газ (млн.фт ³)	Нарықтық газ (млн.фт ³)
Дәлелденген игерілетін өндірілетін	1,774,735	44,369	932,865	2,533,702	3,466,567
Дәлелденген игерілетін өндірілмейтін	143,309	0	40,894	489,065	529,959
Дәлелденген игерілетін	1,918,044	44,369	973,759	3,022,767	3,996,526
Дәлелденген игерілмейтін	818,784	130,770	1,400,378	1,669,529	3,068,724
Жиынтық дәлелденген	2,736,828	175,139	2,374,137	4,692,296	7,065,249
Ықтимал	1,181,942	30,914	630,551	454,507	1,086,241
Дәлелденген әрі ықтимал	3,918,771	206,053	3,004,687	5,146,803	8,151,490
Мүмкін	693,529	26,256	379,224	998,699	1,377,923
Дәлелденген әрі ықтимал әрі мүмкін	4,612,300	232,309	3,383,912	6,145,502	9,529,413

Ескертпе: Ықтимал және мүмкін қорлар оларды дәлелденген қорлармен салыстыруға мүмкіндік беретін тәуекел ескеріле отырып қайта есептелмеген.

Қорлар санаты	Метрикалық бірлік				
	Мұнай мен конденсат (мың т.)	ЖИГ (мың т.)	Отын газы (млн.м ³)	Тауарлық газ (млн.м ³)	Нарықтық газ (млн.м ³)
Дәлелденген игерілетін өндірілетін	234,214	3,749	26,420	71,746	98,165
Дәлелденген игерілетін өндірілмейтін	18,793	0	1,158	13,849	15,007
Дәлелденген игерілетін	253,007	3,749	27,578	85,595	113,173
Дәлелденген игерілмейтін	106,100	11,050	39,652	47,277	86,895
Жиынтық дәлелденген	359,107	14,799	67,230	132,872	200,068
Ықтимал	155,452	2,614	17,855	12,865	30,753
Дәлелденген әрі ықтимал	514,559	17,413	85,085	145,737	230,821
Мүмкін	92,823	2,218	10,733	28,280	39,012
Дәлелденген әрі ықтимал әрі мүмкін	607,382	19,631	95,817	174,016	269,833

Ескертпе: Ықтимал және мүмкін қорлар оларды дәлелденген қорлармен салыстыруға мүмкіндік беретін тәуекел ескеріле отырып қайта есептелмеген.

Осы есеп хатта бағаланатын шартты ресурстар таза шартты ресурстар ретінде білдірілген. Бағаланатын таза шартты ресурстарды қорлар ретінде жіктеуге болмайды. Осы хатта көрсетілген бағаланатын таза шартты ресурстар басқа шартты ресурстармен салыстыру құралы ретінде берілген және қорлармен тікелей салыстыруға арналмаған. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1С, 2С және 3С бағаланатын таза шартты ресурстар Қорлар мен

шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есепке сәйкес төмендегі кестеде мың тонна (мың т.) және миллион текше метр (млн.м³) метрикалық бірліктерімен жалпыланған түрде көрсетілген:

Санаты	Таза шартты ресурстар			
	Ағылшын бірліктері		Метрикалық бірліктер	
	Мұнай мен конденсат (мың барр)	Тауарлық газ (млн.фт ³)	Мұнай мен конденсат (мың т)	Тауарлық газ (млн.м ³)
Тиімді				
1С	129,349	604,895	17,563	17,131
2С	496,498	1,824,728	67,342	51,670
3С	1,253,261	3,318,127	169,860	93,953
Тиімсіз				
1С	67,260	953,210	8,975	26,989
2С	169,662	2,026,568	22,441	57,379
3С	341,078	6,374,011	45,285	180,481
Барлығы				
1С	196,609	1,558,105	26,538	44,120
2С	666,160	3,851,296	89,783	109,049
3С	1,594,339	9,692,138	215,145	274,434

Ескертпе:

1. Кез келген тәуекел факторларын ескере отырып, шартты ресурстардың мөлшерін қайта есептеу шартты ресурстарды қорлармен теңестірмейді
2. Осы есепте бағаланған шартты ресурстардың кез келген бөлігі коммерциялық тұрғыдан тиімді болатынына кепілдік жоқ.

Қорлар мен шартты ресурстарды бағалау жөніндегі есепке сәйкес 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дәлелденген, дәлелденген әрі ықтимал және дәлелденген әрі ықтимал әрі мүмкін қорлардағы ҚМГ ҰК-ның үлесіне сәйкес келетін ҚМГ ҰК-ның қолма-қол ақша ағыны және ҚМГ ҰК-ның ағымдағы құны төмендегі кестеде мың АҚШ долларында (мың АҚШ\$) келтірілген:

Қорлардың санаты	ҚМГ ҰК	
	Қолма-қол ақша ағыны (мың АҚШ\$)	10 пайыз ағымдағы құны (мың АҚШ\$)
Дәлелденген өндірілетін	34,898,274	14,717,292
Дәлелденген өндірілмейтін	17,837,826	7,443,408
Жиынтық дәлелденген	52,736,100	22,160,700
Дәлелденген-әрі-ықтимал	69,308,596	24,945,684
Дәлелденген-әрі-ықтимал-әрі-мүмкін	79,502,898	26,796,847

Ескертпе: Ықтимал және мүмкін қорлар оларды дәлелденген қорлармен салыстыруға мүмкіндік беретін тәуекел ескеріле отырып қайта есептелмеген.

Қазақстан Республикасындағы әртүрлі лицензиялық учаскелерде перспективалық ресурстар бағаланды. Перспективалық ресурстарды бағалау төменде көрсетілген, және статистикалық қосу әдісі арқылы жинақталған. Перспективалық ресурстарды бағалау жөніндегі есепке сәйкес 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жалпы перспективалық газ

ресурстарын бағалау төменде мың баррель (мың барр.) және миллион текше фут (млн.фт³) ағылшын өлшеу бірліктерімен және мың метрикалық тонна (мың тонна) және миллион текше метр (млн.м³) метрикалық өлшеу бірліктерімен берілген:

	Жалпы перспективалық ресурстар			
	1U (Төмен) баға беру	2U (Ең жақсы) баға беру	3U (Жоғары) баға беру	Орташа баға беру
Ағылшын бірліктері				
Мұнайдың жалпы перспективалық ресурстары, мың барр.	5,806,371	11,397,494	18,865,589	12,550,089
Тауарлық газдың жалпы перспективалық ресурстары, млн.фт ³	3,680,387	5,207,045	6,272,410	5,256,800
Конденсаттың жалпы перспективалық ресурстары, мың барр.	31,290	70,099	127,348	81,004
Ерітілген газдың жалпы перспективалық ресурстары, млн.фт ³	2,722,351	5,717,083	10,128,533	6,494,992
Метрикалық бірліктер				
Мұнайдың жалпы перспективалық ресурстары, мың барр.	795,393	1,561,300	2,584,327	1,719,190
Тауарлық газдың жалпы перспективалық ресурстары, млн.фт ³	104,216	147,446	177,613	148,855
Конденсаттың жалпы перспективалық ресурстары, мың барр.	3,793	8,497	15,436	9,819
Ерітілген газдың жалпы перспективалық ресурстары, млн.фт ³	77,088	161,888	286,805	183,916

Ескертпе:

- 1U (Төмен), 2U (Ең жақсы), 3U (Жоғары) және орташа баға беру сәйкесінше P₉₀, P₅₀, P₁₀ және орташа бағалауға сәйкес келеді.
- Кестеде келтірілген шамалар P_g мен P_e ескере отырып қайта есептелмеген.
- Кез келген геологиялық немесе экономикалық факторларды қолдану перспективалық ресурстарды шартты ресурстармен немесе қорлармен теңестірмейді.
- Кестедегі перспективалық ресурстарды есептеуде оларды алу коэффициенті ескерілген.
- Жоғарыда көрсетілген перспективалық ресурстар статистикалық қосу тәсілі арқылы алынған.
- Бағаланатын перспективалық аудандардағы перспективалық ресурстарының жалпы шамасы PRMS талаптарына сәйкес арифметикалық қосу тәсілі арқылы алынған.
- Осы есепте бағаланған перспективалық ресурстардың қандай да бір бөлігінің табылатындығына сенімділік жоқ. Табылған жағдайда да, осы есепте бағаланған перспективалық ресурстардың қандай да бір бөлігінің игерілуі тиімді болатындығына кепілдік жоқ.

Төмендегі кестеде ҚМГ ҰК-ның ағымдағы әлеуетті құнының 10 пайыздық дисконттық мөлшерлеме бойынша жалпыланған бағасы мың АҚШ долларымен (мың АҚШ\$) келтірілген. Аталған ағымдағы әлеуетті құн ағымдағы әлеуетті құнды 10 пайыздық дисконтталған мөлшерлеме бойынша перспективалық ресурстардың шамасымен салыстыру тәсілі арқылы алынған Перспективалық ресурстарды бағалау туралы есепте бағаланатын әртүрлі перспективалық аудандардағы 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша TEFS және Ре-де қысқартылған және түзетілген перспективалық ресурстарды өндіру және өткізу нәтижесінде алынады.

	ҚМГ ҰК-ның ағымдағы әлеуетті құны 10 пайыздық дисконттық мөлшерлеме бойынша			
	1U (Төмен) баға беру (мың АҚШ\$)	2U (Ең жақсы) баға беру (мың АҚШ\$)	3U (Жоғары) баға беру (мың АҚШ\$)	Орташа баға беру (мың АҚШ\$)
TEFS пен Ре-де ҚМГ ҰК-ның қысқартылған және түзетілген мұнайының перспективалық ресурстары				
	3,576,032	4,326,831	5,235,261	4,374,940
TEFS пен Ре-де ҚМГ ҰК-ның қысқартылған және түзетілген перспективалық тауарлық газының перспективалық ресурстары				

Ескертпе:

- 1U (Төмен), 2U (Ең жақсы), 3U (Жоғары) және орташа баға беру сәйкесінше P₉₀, P₅₀, P₁₀ және орташа бағалауға сәйкес келеді.

2. Кестеде келтірілген шамалар P_g мен P_e ескере отырып қайта есептелмеген.
3. Кез келген геологиялық немесе экономикалық факторларды қолдану перспективалық ресурстарды шартты ресурстармен немесе қорлармен теңестірмейді.
4. Кестедегі перспективалық ресурстарды есептеуде оларды алу коэффициенті ескерілген.
5. Жоғарыда көрсетілген перспективалық ресурстар статистикалық қосу тәсілі арқылы алынған.
6. Бағаланатын перспективалық аудандардағы перспективалық ресурстарының жалпы шамасы PRMS талаптарына сәйкес арифметикалық қосу тәсілі арқылы алынған.
7. Осы есепте бағаланған перспективалық ресурстардың қандай да бір бөлігінің табылатындығына сенімділік жоқ. Табылған жағдайда да, осы есепте бағаланған перспективалық ресурстардың қандай да бір бөлігінің игерілуі тиімді болатындығына кепілдік жоқ.
8. TEFS деректері, әлеуетті өндіріс профилдері, шығындар кестелері, бағалар және ағымдағы әлеуетті құнды бағалау үшін пайдаланылатын дисконтталған қолма-қол акша ағындары туралы ақпаратты ҚМГ ҰК ұсынды; ДеГольер энд МакНотон бұл деректерге тәуелсіз тексеру жүргізген жоқ.
9. «Сызықша (-) белгісімен белгіленген перспективалық тауарлық газ ресурстары 10 пайыздық жеңілдікпен ағымдағы әлеуетті құнның теріс мәнімен бағаланады және ҚМГ ҰК өтінімі бойынша алынып тасталды.

Осы хатты дайындау кезінде пайдаланылған ақпарат ҚМГ ҰК-дан алынды. Біз осы есепті дайындау кезінде ҚМГ ҰК ұсынған меншік құқығына, өндіруге қатысты ақпаратты және басқа да әртүрлі ақпарат пен деректерді берілген күйінде қабылдап, тәуелсіз тексерусіз пайдаландық. Осы есептің мақсаттары үшін кен орындарына барып тексеру қажеттілігі туындаған жоқ.

ДеГОЛЬЕР энд МакНОТОН

тарапынан берілді

Техаста тіркелген инженерлік фирма
F-716

Кіші Томас Д. Скотт ,
Аға вице-президент,
ДеГольер энд МакНотон

Стефан Р.Кристосик,
Вице-президент,
ДеГольер энд МакНотон

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Акциялар 2022 жылдың 8 желтоқсанында АІХ-те саудалануға рұқсат етіледі деп күтілуде.

Компания Қазақстан заңнамасына және АХҚО ережелері мен ережелеріне сәйкес қабылдау мен ұсынысқа байланысты талап етілетін барлық келісімдерді, мақұлдауларды және рұқсаттарды алды. Сатушы акционердің ЖБ Адеррайтинг туралы келісім және әлеуетті ХБ Адеррайтинг туралы келісімін жасасуы Басқармасы тарапынан 2022 жылғы 3 қарашада тиісті түрде мақұлданған.

Келесі құжаттардың көшірмелері осы Проспект жарияланған күннен бастап 12 ай ішінде Компанияның <https://www.kmg.kz> сайтында қолжетімді болады:

- осы Проспект;
- Жарғы;
- D&M есебінен түсіндірме (осы құжаттың А қосымшасы); және
- Қаржылық есептіліктер.

Компанияның тіркелген кеңсесі – 010000, Қазақстан, Астана қ., Қонаев көшесі, 8, телефоны +7 (7172) 786 101.

2022 жылдың 30 маусымынан бастап, қаржылық ақпарат жарияланған соңғы қаржылық кезеңнің соңынан бастап, «*Капиталдандыру*» тарауында сипатталғандардан басқа, Топтың қаржылық жағдайында немесе қаржылық нәтижелерінде елеулі өзгерістер болған жоқ.

Компанияның пікірінше, Компанияның айналым капиталы Компанияның ағымдағы талаптарын, яғни осы Проспект күнінен кейінгі кемінде келесі 12 ай ішінде, қанағаттандыру үшін жеткілікті.

Ұсынылған Акциялар құны теңгеде бекітілген.

Ұсыныс бағасын Ұсыныс кезеңі басталғанға дейін Жергілікті Букраннерлердің, Халықаралық Букраннерлердің және тәуелсіз кеңесшілердің ұсыныстары негізінде Сатушы Акционердің Директорлар кеңесі белгіледі. Ұсыныс нәтижелерін Компания Жабылу күні немесе одан кейін пресс-релиз арқылы, соның ішінде АІХ-тің реттеуші хабарландыру қызметі арқылы жария етеді.

Елеулі келісімдер

Компания мен ТШО арасындағы қарым-қатынас

Құру туралы келісім

ТШО-ны құру туралы келісім 1993 жылы 2 сәуірде жасалған («**Құру туралы келісім**»). Құру туралы келісімде ТШО-ның мақсаты көмірсутегі ресурстарын игеру және көмірсутектерді, көмірсутек өнімдерін және күкіртті барлау, өндіру, өңдеу, сақтау, тасымалдау, экспорттау және сату болып табылады. Құру келісімінің мерзімі – 40 жыл.

Құру келісінде Серіктестік кеңесінің отырыстары, егер Серіктестік кеңесі басқа шешім қабылдаса, ТШО кеңселерінде кемінде тоқсанына бір рет өткізілетінін қарастырады.

Жоба бойынша келісім

1993 жылы 2 сәуірде жоба бойынша келісім («**Жоба бойынша келісім**») жасалып, тараптардың төлемдер, салықтар, роялти және ТШО қызметіне қатысты басқа да мәселелер бойынша міндеттемелерін белгіленді. Жоба туралы келісімге сәйкес, ТШО 2033 жылдың 6 сәуіріне дейін концессиялық аумақтағы барлық көмірсутектерді, көмірсутекті өнімдерді және күкіртті өндіруге лицензияда көрсетілгендей өңдеуге және өндіруге айрықша құқықтарға ие.

Үкімет осы аймақтағы басқа операторлардың шығарындыларға, табиғи ресурстар мен инфрақұрылымды пайдалануға қатысты әрекеттері мен операциялары ТШО қызметіне кері әсер етпеуін қамтамасыз етуге міндетті.

PSA ЖШС

2010 жылдың маусым айында Компания 100 пайыздық еншілес ұйым табылатын «PSA» ЖШС-ін құрды (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша). «PSA» ЖШС сәйкесінше Солтүстік Каспий жобасын (Қашаған кен орны), Қарашығанақ кен орнын және Дұңға кен орнын қамтитын ӨБК үшін жауап береді. «PSA» ЖШС заңды түрде Компанияға тиесілі болғанымен, осы Проспект күніндегі жағдай бойынша «PSA» ЖШС 100% қатысу үлесін Компаниямен жасалынған сенімгерлік басқару шарты бойынша Энергетика министрлігінің иеленуінде болып табылады¹³.

Қазақстан Үкіметінің 2016 жылғы 20 маусымдағы қаулысына сәйкес «PSA» ЖШС Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған) сияқты ірі мұнай кен орындарында өнімді бөлу туралы келісімдерге Қазақстан Үкіметінің атынан және мүддесі үшін уәкілетті орган болып тағайындалды. Кен орны), Қарашығанақ жобасы (Қарашығанақ кен орны) және Дунга жобасы (Дунга кен орны) («ӨБК жобалары»).

«PSA» ЖШС негізгі функциясы барлық тараптардың ӨБК жоба құжаттары бойынша тиісті міндеттемелерін сақтауын қамтамасыз ету, оның ішінде ӨБК жобаларының көпжылдық даму жоспарын және жылдық бюджеттерін қарауды қамтамасыз ету арқылы Үкіметтің мүдделерін бақылау және қорғау, мұнай операцияларының шоттарына аудит, тендерлік рәсімдердің сақталуы, ӨБК жобаларының басқару комитеттеріне қатысу болып табылады.

Банк ВТБ-мен Атырау МӨЗ-нің несиесі

Банк ВТБ-мен 2021 жылғы 18 қазандағы келісім-шартқа сәйкес Компанияның еншілес ұйымы Атырау МӨЗ Банк ВТБ-дан 38 169 миллион рубльге (немесе 229 015 миллион теңге) несие алды. Тоқтату және түпкілікті өтеу мерзімі орындалған күннен бастап 72 ай болып белгіленді – 2027 жылдың қазаны. Объект күрделі шығындарды қаржыландыру, сатып алуды қаржыландыру және айналым қаражатына қажеттілік сияқты жалпы корпоративтік мақсаттарды қоса алғанда, объект туралы келісімде көрсетілгендей әртүрлі арнайы мақсаттарға берілді. Пайыздық мөлшерлеме РОБ-нің жылдық негізгі мөлшерлемесіне 2,25 пайыз қосынды мөлшерде белгіленеді. РОБ жылдық негізгі мөлшерлемесі 2021 жылдың қарашасы мен 2022 жылдың наурыз-сәуір айлары арасында айтарлықтай өсті және қазіргі уақытта ол 14 пайызды құрайды. ҚМГ бұл қарызды мерзімінен бұрын өтеудің орындылығы мен нұсқасын бағалауда.

Андеррайтинг туралы келісімдер

Компания мен Жергілікті букраннерлер Компания акцияларын АИХ және/немесе KASE-де ұсынылған листингі және жария ұсынысына қатысты ЖБ Андеррайтинг туралы келісімді жасасты. Сатушы Акционер ЖБ Андеррайтинг туралы келісімге Ашылу күні немесе шамамен сол күні қосылуға ниетті.

Сондай-ақ, Компания, Сатушы акционер және Халықаралық Букраннерлер Компания

¹³ Алайда, осы Проспект күніндегі жағдай бойынша «PSA» ЖШС иелену немесе сенімгерлік басқару шарттарында ешқандай өзгеріс болған жоқ және өкілдік күшінде қалады. Энергетика министрлігі, Компания және «PSA» ЖШС барлық тараптардың мүдделерін оңтайландыру және қорғау үшін ең қолайлы құрылымға қатысты тұрақты талқылауларды жалғастыруда. Осы Анықтамалық күндегі жағдай бойынша дереу шешім немесе әрекет күтілмейді. 2010 жылы Қазақстан Мұнай және газ министрлігінің құрылуы да, кейіннен «PSA» ЖШС құрылуы және оған «PSA» ЖШС жанындағы Уәкілетті органның функцияларының жүктелуі де, таяуда Үкіметтің қайта ұйымдастырылуы және Энергетика министрлігінің құрылуы да Компанияның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы (жер қойнауының стратегиялық кен орындарына қатысты) қатысу үлестерін немесе Қоғамның резервтерін немесе басқа да коммерциялық мүдделерін сатып алу бойынша Үкіметтің басым құқықтарының тағайындалған бенефициары ретіндегі мәртебесіне бүгінгі күнге дейін теріс әсер еткен жоқ және теріс әсер етуі күтілмейді.

Акцияларын резидент емес инвесторларға сатуға қатысты Үлестіру күніне дейін ХБ Андеррайтинг туралы келісім жасасуға ниетті. «*Үлестіру жоспары – Андеррайтинг туралы келісімдер*» бөлімін қараңыз.

Акциялардың АИХ сауда белгісі KMG болып табылады. Акциялардың KASE сауда белгісі KMGZ болып табылады.

Компания Ұсыныстың 5 пайыздан астам бөлігіне жазылуға немесе сатып алуға ниет білдірген кез келген тұлға жайында хабары жоқ.

Осы Анықтамалық күндегі жағдай бойынша Компанияның қаржылық есептілікте шоғырландырылған маңызды еншілес ұйымдарына ҚМГ БӨ, ҚМТ, ҚМГ Қарашығанақ, ТМ, ҚТО, ҚМТФ, «Kazmunaugas PKI U.A.» кооперативі, Атырау МӨЗ, Павлодар МӨЗ, KMG International және ҚМГ DS кіреді. «*Бизнес*» бөлімін қараңыз.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ГЛОССАРИЙІ

Егер мәнмәтін өзгешені талап етпесе, осы Проспектідегі келесі сөздер мен сөйлемшелер төмендегі мағыналарға ие.

«2021 жылға арналған Қаржылық есептілік»	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың аудиттелген шоғырланған қаржылық есептілігі
«2020 жылға арналған Қаржылық есептілік»	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың аудиттелген шоғырланған қаржылық есептілігі
«2019 жылға арналған Қаржылық есептілік»	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың аудиттелген шоғырланған қаржылық есептілігі
«Енгізу»	Акцияларды АІХ-тің Ресми тізіміне енгізу
«Өтініш»	Жеке сатып алушының KASE ұсынысында және/немесе АІХ Ұсынысында ұсынылған Акцияларға жазылу (сатып алу) туралы Сатушы Акционерге жіберілген жеке өтініш түріндегі, Өтінімді қоса, алдын ала қаржыландырылған өтініші
«Ауа эмиссияларын басқару саясаты»	Компания 2019 жылы қабылдаған Ауа эмиссияларын басқару саясаты
«АІХ»	Astana International Exchange Limited, «Астана» Халықаралық Қаржылық Орталықның қор биржасы
«АІХ Енгізуі»	Ресми тізімге енгізу
«АІХ Бизнес ережелері»	12 қараша 2017 ж. мақұлданған АІХ Бизнес ережелері
«АІХ CSD»	Astana International Exchange Central Securities Depository Ltd.
«АІХ Ұсынысы»	АІХ-тегі Ұсыныс
«Үлестіру күні»	5 желтоқсан 2022 ж.
«ALMTG»	«Air Liquide Munay Tech Gases» ЖШС
«АМЖ»	автоматтандырылған онлайн мониторинг жүйесі
«Жемқорлыққа қарсы стандарттар»	16 қаңтар 2017 ж. Қабылданған Жұмысшылардың Жемқорлыққа қарсы стандарттары
«Монополияғы қарсы агенттік»	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті Дамыту және Қорғау Агенттігі
«БТШ»	балама тиімділік шаралары
«Қолданба»	«Tabys» брендімен АІХ әзірлеген және эмитенттерге (олардың сатушы акционерлеріне немесе олардың атынан және пайдасына әрекет ететін

тиісті түрде уәкілетті сату агентіне) Тікелей жазылу мақсатында бағалы қағаздары АІХ листингіне енгізілген немесе листингке шығуға ұмтылған эмитент және/немесе сатушы акционер(лер)ге сублицензия келісімдері негізінде жалға берілетін мобильді қосымша. Қолданбаны сатып алушылардың жеке құрылғыларына жүктеп алуға немесе Қазпошта бөлімшелері арқылы қол жеткізуге болады.

«Арбитраж туралы заң»	Қазақстан Республикасы Арбитраж туралы No. 488-V ZRK 8 сәуір 2016 ж., өзгертулермен
«Атырау МӨЗ»	Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ ЖШС)
«Рұқсат етілген лимит»	Барлығы Компанияның қолданыстағы барлық жай акцияларының 5% құрайтын 30 505 974 дейінгі Акция саны
«ҰҚТ»	ең үздік қолжетімді техникалар, іс-әрекеттер мен оларды жүргізу әдістерін әзірлеудегі ең тиімді және жетілдірілген кезең, бұл олардың технологиялық стандарттарды және басқа да экологиялық жағдайларды болдырмауға немесе, егер бұл мүмкін болмаса, барынша азайтуға бағытталған белгілеу үшін негіз ретінде қызмет етуге практикалық жарамдылығын көрсетеді. қоршаған ортаға теріс антропогендік әсер ету (Экологиялық кодекске сәйкес)
«баррель»	Стандартты 42 АҚШ галлон баррелі
«Өтінім»	жеке сатып алушының Дерек жазылуда ұсынылған Акцияларға жазылу (сатып алу) туралы Сатушы Акционерге Қолданба арқылы электрондық нысанда жіберілген алдын ала қаржыландырылған өтініші
«Өтінім жинау»	Дерек жазылу барысында сатып алушылардың жеке алдын ала қаржыландырылған электрондық өтініштерін, Сатушы Акционердің белгілеуімен анықталған, жинау процесі
«Директорлар кеңесі»	Компанияның директорлар кеңесі
«Каспий МГК»	«Каспий Мұнай және Газ Компаниясы» ЖШҚ
«CaspіBitum»	«Каспи Битум БК» ЖШС
«І санат нысандары»	Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға салыстырмалы жоғары деңгейде теріс әсер ететін (мұнай және газ өндіру мен өңдеу кәсіптерін қоса) кейбір нысандар
«РОБ»	Ресей Орталық Банкі
«CCEL»	CITIC Canada Energy Limited
«ССМ»	Молдова Республикасының Бәсекелестік Кеңесі
«Орталық МГК»	«Орталық Мұнай және Газ Компаниясы» ЖШҚ
«АӨБ»	ақша өндіретін бірліктер
«Жарғы»	2016 жылғы 22 сәуірде «Самұрық-Қазына» Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын ұстаушы ретінде бекіткен Қоғам жарғысы (өзгертулермен)
«ТМД»	Тәуелсіз Мемлекеттер Қауымдастығы

«Азаматтық қорғау туралы заң»	«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188 V Заңы, өзгертулермен.
«CNPC»	China National Petroleum Corporation
«Компания» немесе «ҚМГ»	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
«Уәкілетті орган»	жер қойнауын пайдалану саласындағы реттеуші және құзыретті мемлекеттік органдар, яғни Энергетика министрлігі (көмірсутектер мен уранға қатысты) және МИИД (қатты пайдалы қазбаларға қатысты (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, оларға қатысты жергілікті атқарушы орган) уәкілетті органдар (әкімдіктер) мемлекеттік саясатты іске асырады және жер қойнауын пайдалану құқығын береді))
«Жабылу күні»	7 желтоқсан 2022 ж.
«Бақылайтын заңды тұлға»	жер қойнауын пайдаланушының шешімдерін тікелей немесе жанама түрде белгілей алатын заңды тұлға
«Қолайлы салық режимі бар ел »	Салық кодексіндегі критерийлерге сәйкес келетін кез келген шет мемлекет немесе аймақ. «Салық салу» қараңыз
«КҚК»	КҚК-Қ және КҚК-Р
«КҚК-Қ»	«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ
«КҚК-Р»	«Каспий Құбыр Консорциумы-Р» АҚ
«КҚК құбыры»	КҚК басқаратын магистральдық мұнай құбыры
«ҚДБ»	Қазақстан Даму Банкі
«D&M»	5001 Spring Valley Road, Suite 800 East, Dallas, Texas, USA,75244 мекен-жайы бойынша тіркелген DeGolyer & MacNaughton
«D&M есебі»	2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлесі бар немесе бақылайтын белгілі бір кен орындарының қорлары мен кірістері және шартты ресурстары туралы есеп – PRMS CASE» 9 ақпан 2022 ж.
«Тікелей Жазылу»	Өтінімдерді жинау, мен Қолданба мен Қазпошта арқылы қазақстандық бөлшек инвесторларға Акцияларды тікелей сату
«Директор(лар)»	Компания директор(лар)ы
«ЕЭО»	Қазақстан Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациямен бірге мүше болған Еуразиялық Экономикалық Одақ
«ЕЭО Келісімі»	(29 мамыр 2014 жылы Астана қаласында қол қойылған және 14 қазан 2014 жылғы No. 240-V Қазақстан Республикасы заңымен ратификацияланған) Еуразиялық Экономикалық Одақ туралы келісім
«ЭС Ережелері»	Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы No 81 бұйрығымен бекітілген Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне экспорттық кедендік баж ставкасын есептеу қағидалары.

«EIA»	АҚШ Қуат Ақпараты Әкімшілігі
«EMBI»	J.P. Morgan Emerging Markets облигациялар индексі
«ЕМГ»	«Ембімұнайгаз» АҚ
«Экологиялық кодекс»	№ 400-VI 2021 ж. 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі»
«Қоршаған ортаны қорғау заңнамасы»	негізінен Экологиялық кодекстен және оған байланысты нормативтік актілерден, сондай-ақ мұнай-газ компанияларына қолданылатын денсаулық сақтау, еңбек және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басқа да заңдардан, ережелерден және басқа да талаптардан тұратын Қазақстан Республикасының экологиялық заңдары мен ережелері
«Экологиялық саясат»	2021 жылдың қыркүйегінде Компания қабылдаған экологиялық саясаты
«ЭР»	Экологиялық рұқсат
«EUR» немесе «еуро»	Еуропалық экономикалық қоғамдастықты құру туралы Рим шартына сәйкес бірыңғай валютаны қабылдаған Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің қазіргі уақыттағы заңды валютасы
«Еуропалық Одақ» немесе «ЕО»	негізінен Еуропада орналасқан 28 мүше мемлекеттен тұратын саяси және экономикалық одақ
«ЕО Проспект туралы ереже»	Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2017 жылғы 14 маусымдағы 2017/1129 Қағидасы (ЕО) бағалы қағаздар халыққа ұсынылған немесе реттелетін нарықта саудаға жіберілген кезде жарияланатын проспекті (түзетулермен)
«EY»	050060, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» бизнес орталығы мекен-жайы бойынша тіркелген Ernst & Young ЖШС (Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының мүшесі)
«Faber»	Faber Invest & Trade Inc.
«FCA»	Ұлыбританияның Қаржылық нарықтағы қызмет бақылау органы
«FEED»	front-end engineering design
«FIEL»	Жапонияның қаржы құралдар мен қор биржалар туралы заңы (1948 ж. №25 заң)
«FGP»	ТШО-ның келешек кеңею жобасы
«Қаржылық есептіліктер»	Топтың 2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі және Топтың 2022 жылғы 30 маусымдағы және алты айдағы аудиттен өтпеген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі
«FSMA»	2000 ж. Қаржылық қызметтер мен нарықтар туралы заң, өзгертулермен
«Газ туралы заң»	«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012.01.09. N 532 IV Заңы, өзгертулермен.
«Газпром»	«Газпром» ЖАҚ

«Акционерлердің жалы жиналысы»	Компания акционерлерінің жалы жиналысы
«ЖЖГ»	жылыжай газдар
«Геология комитеті»	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитеті
«Үкімет»	Қазақстан Республикасы Үкіметі
«Топ»	Тұтастай алынған кезде Компания мен оның шоғырландырылған еншілес пен қауымдасқан компаниялары
«Ұстаушы»	Акцияға қатысты, тізімде Акцияның иемденушісі ретінде тіркелген тұлға
«ХБ Андеррайтинг туралы келісім»	Сатушы Акционер мен Халықаралық Букраннерлер жасасуы Үлестіру күніне дейін көзделген андеррайтинг туралы келісім
«ІБЖ»	Компанияның ішкі бақылау жүйесі
«ІБЖ Саясаты»	2008 жылғы 21 қазандағы Ішкі бақылау жүйелерінің саясаты (өзгертулермен)
«ХҚЕС»	Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі жариялаған Қалықаралық Қаржылық есептілік Стандарттары
«Сақтандыру бағдарламасы»	Компанияның бірыңғай корпоративтік сақтандыру бағдарламасы
«Аралық Қаржылық есептілік»	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы Топтың аудиттелмеген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі
«Халықаралық букраннерлер»	WOOD & Company Financial Services, a.s., Renaissance Securities (Cyprus) Limited
«Мемлекетаралық келісім»	1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы жер қойнауын пайдалануға егемендік құқықтарды жүзеге асыру үшін Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы келісім және оған 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттама 2006 жылғы 25 қаңтарда және 2017 жылғы 9 қарашада өзгертілген)
«Исатай жер қойнауын пайдалану контракті»	Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан Исатай учаскесінде көмірсутек шикізатын біріктіріп барлауға және өндіруге 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4160 жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгертулермен.
«ISO 14001»	экологиялық халықаралық стандарттар талаптары
«ISO 45001»	еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті басқару жүйелері
«IT»	ақпараттық технологиялар
«АҚ туралы заң»	Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (енгізілген өзгертулермен бірге)
«KASE»	«Қазақстан қор биржасы» АҚ

«KASE Ұсынысы»	KASE-дегі Ұсыныс
«ҚазГӨЗ»	Қазақ газ өңдеу зауыты
«Қазпошта»	«Қазпошта» АҚ аймақтық бөлімшесі(-лері) сатып алушыларға қосымша арқылы сатушы акционерге өз өтінімдерін жіберуге көмектесу және осы Шартқа сәйкес және сәйкес тиісті Өтінімдерді төлеу агентіне алдын ала төлемді қабылдау және аудару арқылы осындай сатып алушылардың төлем агенті ретінде әрекет етеді. Сатып алушылар мен Қазпочта арасындағы проспекті және тиісті құқықтық келісімдер
«Қазақойл»	Қазақойл Ұлттық Мұнай және Газ Компаниясы ЖАҚ
«Қазақойл Ақтөбе»	«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС
«Қазақстан»	Қазақстан Республикасы
«Трансферттік баға белгілеу туралы заң»	«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 67 IV Заңы
«Қазақтан бағалы қағаздар нарығы туралы заң»	№ 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы, өзгертулермен
«Қазгермұнай»	«Қазгермұнай БК» ЖШС
«ҚБМ»	«Қаражанбасмұнай» АҚ
«ҚҚҚ құбыры»	ҚҚҚ-ға тиесілі Батыс Қазақстандағы Атыраудан Қазақстан-Қытай шекарасындағы Алашанькоуға дейінгі жалпы ұзындығы шамамен 2800 километр болатын мұнай тасымалдау құбырлары желісі.
«КСД»	Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі АҚ
«КСР»	«Қазақстан-Қытай құбыры БК» ЖШС
«КЕР»	Қарашығанақ кеңею жобасы
«KLPE»	«KLPE» ЖШС
«ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі»	2015 жылғы 27 мамырда қабылданған Қоғамның корпоративтік басқару кодексі
«KMG DS»	«KMG Drilling & Services» ЖШС
«ҚМГ БӨ»	«ҚазМұнайГаз барлау және өндіру» АҚ
«KMG International» немесе «KMG I»	KazMunayGas International N.V.
«ҚМГ Қашаған»	KMG Kashagan B.V.
«ҚМГ Қарашығанақ»	KMG Karachaganak B.V.
«ҚМГ басқарған	ҚМГ тұрақты өндіретін кен орындары (оның ішінде ӨМГ, ММГ және

кен орындар»	ЕМГ, және басқа да қоңыр кен орындары)
«ҚМТ»	ҚазМұнай Теңіз МТК ЖШС
«КМТҒ»	Казмортансфлот Ұлттық Теңіз Тасымалдау Компаниясы ЖШС
«ҚТЖ»	Қазақстан Темір Жолы АҚ, Қазақстанның ұлттық темір жол операторы
«КРІ»	Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. ЖШС
«КРМГ»	КРМГ (сертификатталған Бухгалтерлер және Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясының мүшесі)
«КПО»	Karachaganak Petroleum Operating B.V.
«ҚТМ»	Қазақтүрікмұнай ЖШС
«КТО»	KazTransOil JSC
«Құрманғазы ӨБК»	Құрманғазы жобасы бойынша 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1787 өнімді бөлу туралы келісім
«KUS»	Karabatan Utility Solutions ЖШС
«KZT» or «Теңге»	Қазақстан теңгесі, Қазақстан Республикасының заңды валютасы
«Еңбек кодексі»	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (№ 414-V, 23.11.2015 ж., өзгертулермен)
«Халықты жұмыспен қамту туралы заң»	«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (06.04.2016 ж., № 482-V, өзгертулермен)
«ЖБ Андеррайтинг туралы келісім»	Компания және Жергілікті букраннерлер арасындағы андеррайтинг туралы келісімнің, Сатушы Акционер оған Ашылу күні немесе шамамен сол күні қосылуға ниетті
«ТҚД Бағдарламасы»	Компания 2021 жылы бекіткен 2022–2031 жылдарға арналған төмен көміртекті дамыту бағдарламасы
«Иеліктен шығармау мерзімі»	Жабылу күнінен кейінгі 180 күндік кезең, оның ішінде Компанияның әрқайсысы, Сатушы Акционер және ҚҰБ белгілі бір ерекшеліктерді ескере отырып, Букраннерлердің алдын ала жазбаша келісімінсіз шығармайды, ұсыныс жасамайды, орналастырмайды, иеліктен шығармайды, ауыртпалық салмайды (соның ішінде Кепілге бермейді) немесе кез келген Акцияларды басқа жолмен иеліктен шығармайды
«Иеліктен шығармау туралы міндеттеме»	2022 жылғы 4 қарашада ҚРҰБ қол қойған Букраннерлердің алдындағы ҚҰБ міндеттемесі, бұл ретте ҚРҰБ белгілі бір ерекшеліктерді ескере отырып, Букраннерлердің алдын ала жазбаша келісімінсіз шығармайды, ұсыныс жасамайды, орналастырмайды, иеліктен шығармайды, ауыртпалық салмайды (соның ішінде кепіл бермейді) немесе басқаша кез келген Акцияларды иеліктен шығармайды.
«Жергілікті букраннерлер»	«Nalyk Finance» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ және «BCC Invest» АҚ
«СМГ»	сұйытылған мұнай газы

«Лукойл»	«Лукойл» ЖАҚ
«Мажоритарлық акционер»	дауыс беретін акцияларының (қандай жағдайда жеке немесе ұжымдық түрде) 10 пайыздан кем емес акция иемденген бір акционер немесе бірнеше акционерлер тобы
«Басқарма»	Компанияның басқармасы
«Нарық ережелері»	АХҚО нарық ережелері (АХҚО ережелері № FR0003 2017 ж. 17 қазан) (өзгертулермен)
«мега кен орындар»	игерілу барысындағы үш мега кен орны (мысалы, Теңіз кен орны, оның ішінде ТШО басқаратын Королевское кен орны), КПО басқаратын Қарашығанақ кен орны және НКОК игерген Қашаған кен орны.
«ЭГТРМ»	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
«MIBV»	Mangistau Investments B.V.
«ИИДМ»	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
«ПҚӨС»	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы
«Энергетика министрлігі»	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
«Қаржы министрлігі»	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
«MiFID II»	Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2014 жылғы 15 мамырдағы қаржы құралдарының нарықтары бойынша 2014/65/EU директивасы (өзгертулермен)
«ММГ»	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
«МұнайТас»	«МұнайТас» ЖШС
«Табиғи монополиялар комитеті»	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті
«ҚРҰБ»	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
«НС ӨБК»	НСРС қатысушылары мен арасында жасалған 1998 жылғы 6 шілдедегі бірлескен операциялық келісім
«НСІ»	Нельсон күрделілік индексі
«НСРС»	Солтүстік Каспий жобасы консорциумы
«НКОК»	North Caspian Operating Company N.V.
«Нью-Йорк конвенциясы»	Шетелдік арбитраж шешімдерін тану және орындау туралы 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясы
«ЭЫДҰ»	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
«ОҒАС»	АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы

«Ұсыныс кезеңі»	Акцияларға жазылуға (сатып алуға) Өтініштерді Ашылу күнінен басталып, (а) 2022 жылғы 30 қарашада, Астана уақыты бойынша 18:00-де институционалдық инвесторлар үшін, және (б) 2022 жылғы 2 желтоқсанда, Астана уақытымен 15:00-де бөлшек инвесторлар үшін аяқталатын кезең
«Ұсыныс бағасы»	Акцияларды орналастыруға сәйкес сатып алынатын Акцияның соңғы теңге бағасы
«Ұсыныс»	Сатушы Акционердің Акцияларды ұсыну
«Ресми тізім»	AIX-тің ресми тізімі
«ӨМГ»	Өзенмұнайгаз АҚ
«ОПЕК»	келесі мүше мемлекеттерден тұратын Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы: Алжир, Ангола, Венесуэла, Габон, Ирак, Иран, Конго Республикасы, Кувейт, Ливия, БАӘ, Нигерия, Сауд Арабиясы және Экваторлық Гвинея
«ОПЕК+»	Елдердің кеңейтілген тобына ОПЕК-тің барлық мүше-мемлекеттері және келесі мүше емес мемлекеттер кіреді: Өзірбайжан, Бахрейн, Бруней-Даруссалам, Қазақстан, Малайзия, Мексика, Оман, Филиппин, Ресей, Судан және Оңтүстік Судан
«Бұйрық»	Қаржы қызметтері және нарықтары туралы заң 2000 (Қаржылық ынталандыру) 2005 жылғы бұйрық (өзгертулермен)
«Ашылу күні»	9 қараша 2022 ж.
«Париж келісімі»	Біріккен Ұлттар Ұйымының климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы бойынша Париж келісімі
«Павлодар МӨЗ»	Павлодар мұнай өңдеу зауыты ЖШС
«Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң»	«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 V Заңы, өзгертулермен
«PKI»	PetroKazakhstan Inc.
«PKOP»	PetroKazakhstan Oil Products
«Polymer Production»	Polymer Production ЖШС
«PRMS»	Мұнай инженерлері қоғамы, Америка мұнай геологтары қауымдастығы, Дүниежүзілік мұнай кеңесі және мұнайды бағалау инженерлері қоғамы демеушілік ететін Мұнай ресурстарын басқару жүйесі бойынша қорларды бағалау стандарттары
«Бағдарлама»	жер қойнауын басқарудың ұлттық бағдарламасы
«Проспект»	осы 2022 жылғы 7 қарашадағы Проспект
«ӨБК»	өнімді бөлу туралы келісім
«ӨБК туралы заң»	«Теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған өнімді бөлу туралы келісімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8

	шілдедегі N 68 III Заңы, өзгертулермен
«ӨБК жобалар»	Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған кен орны), Қарашығанақ жобасы (Қарашығанақ кен орны) және Дунга жобасы (Дунга кен орны)
«QazaqGaz»	«QazaqGaz» Ұлттық Компаниясы» АҚ (бұрынғы «ҚазТрансГаз» АҚ)
«RAMR»	Румынияның минералдық ресурстар жөніндегі ұлттық агенттігі
«Тиісті мемлекеттер»	Еуропалық экономикалық аймаққа мүше мемлекеттер
«Роснефть»	«Роснефть ҰК» ЖАҚ
«Ространснадзор»	Ресей Федерациясының Көлікті қадағалау федералды қызметі
«Refinery Company RT»	«Refinery Company RT» ЖШС
«RPM»	Rompetrol Moldova, KMG International еншілес ұйымы
«RUB»	Ресей рублі, Ресей Федерациясының заңды валютасы
«Жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу ережесі»	2017 жылғы 15 маусымдағы Компанияда және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды жүргізу қағидалары
«Ресей»	Ресей Федерациясы
«Satti қондырғысы»	ҚМГ DS иелігіндегі Satti домкраттық бұрғылау қондырғысы
«SEC Standards»	SEC рұқсат берген қорлардың классификациясы
«Бағалы қағаздар туралы заң»	1933 жылғы Америка Құрама Штаттарының бағалы қағаздар туралы заңы, түзетулермен және оған сәйкес жарияланған ережелер
«Сатушы Акционер» немесе «Самұрық-Қазына»	«Самұрық-Қазына» АҚ
«Жоғары басшылық»	осы Проспект күніндегі жағдай бойынша Топтың жоғары басшылығы
«Акционерлер»	егер басқаша көрсетілмесе, акция(лар)ды ұстаушы(ларды) білдіреді
«Акциялар»	Компанияның акционерлік капиталындағы түрлі номиналдық құны бар жай акциялар. See “АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ– Акционерлік капитал”.
«СИБУР»	СИБУР Холдинг ЖАҚ
«Силлено»	«Силлено» ЖШС
«СҚӨ»	«Самұрық-Қазына Өндеу» ЖШС (бұрынғы «Біріккен химиялық корпорация» ЖШС)
«Ұлттық әл-ауқат	«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012

қоры туралы заң»	жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңы, өзгерту енгізілді.
«Мемлекеттік сатып алу туралы заң»	«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы өзгерту енгізілді
«Мемлекеттік мүлік туралы заң»	№ 413-IV Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы 2011.03.01, өзгерту енгізілді
«Стати ісі»	Қазақстан Мұнай және газ министрлігінің Стати тараптары бақылайтын компаниямен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзуына қатысты Стати тараптарымен дау
«Стати тараптары»	Anatolie Stati, Gabriel Stati, Ascom Group S.A. and Terra Raf Trans Trading Ltd
«Статистика бюросы»	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Статистика бюросы
«Жер қойнауын пайдалану туралы кодекс»	No 125-VI 2017 ж. 27 желтоқсан "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодексі, өзгертулермен
«Жер қойнауын пайдалану туралы заң»	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291 IV Заңы, өзгертулермен
«Татнефть»	«Татнефть» ЖАҚ
«Салық кодексі»	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Кодексі
«ТШО»	«Теңізшевройл» ЖШС
«ТFCI»	Tengizchevroil Finance Company International Ltd
«Аударма»	осы Проспектінің орысша және/немесе қазақша аудармасы
«Транснефть»	«Транснефть» ЖАҚ
«Магистральдық құбыр туралы заң»	«Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы № 20 V Заңы, өзгертулермен
«ЦКН»	«ЦентрКаспНефтегаз» ЖШҚ
«UFG»	UnionField Group Ltd.
«UGL»	Ural Group Limited

«U.S.\$», «АҚШ Доллары» or «доллар»	Доллар, қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарының заңды валютасы
«Ұлыбритания»	Біріккен Корольдік
«Ұлыбритания Проспект туралы ережесі»	2018 жылғы Еуропалық Одақ (Шығу) актісі негізінде Ұлыбритания қабылдаған/түзетілген ЕО Проспекті туралы ережесі
«Андеррайтинг туралы келісім»	ЖБ Андеррайтинг туралы келісім мен ХБ Андеррайтинг туралы келісім
«АҚШ»	Америка Құрама Штаттары, оның аумақтары, иеліктері және оның юрисдикциясына жататын барлық аймақтар
«УО»	«Урихтау Оперейтинг» ЖШС
«УОГ»	«Урал Ойл энд Газ» ЖШС
«ӨАС құбыры»	Өзен-Атырау-Самара құбыры
«ҚҚС»	қосалқы күн салығы
«Банк ВТБ»	«Банк ВТБ» ЖАҚ
«Су Кодексі»	№ 481 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі "Қазақстан Республикасының Су кодексі", өзгертулермен.
«ҰЕҚБЖ»	ТШО-ның Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы
«СПР»	Су пайдалану рұқсаты

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕР ИНДЕКСІ

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ аудиттелмеген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі	F-2
Аудитор есебі	F-3
2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қаржылық жағдай туралы анықтама.....	F-4
2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жиынтық табыс туралы шоғырландырылған анықтама	F-5
2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған анықтама	F-6
2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша акционерлік капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-7
Қаржылық есептілікке түсіндірмелер	F-8
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігі	F-9
Аудитор есебі	F-10
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаржылық жағдай туралы анықтама...	F-11
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық табыс туралы шоғырландырылған анықтама	F-12
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-13
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-14
Қаржылық есептілікке түсіндірмелер	F-15
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігі	F-16
Аудитор есебі	F-17
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаржылық жағдай туралы анықтама...	F-18
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық табыс туралы шоғырландырылған анықтама	F-19
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-20
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-21
Қаржылық есептілікке түсіндірмелер	F-22

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігі	F-23
Аудитор есебі	F-24
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қаржылық жағдай туралы анықтама...	F-25
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық табыс туралы шоғырландырылған анықтама	F-26
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-27
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған анықтама.....	F-28
Қаржылық есептілікке түсіндірмелер	F-29

КОМПАНИЯ**«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ**

Қонаев көшесі, 8
Астана қ., 010000
Қазақстан

САТУШЫ АКЦИОНЕР**«Самұрық-Қазына» АҚ**

Сығанақ көшесі, 17/10
010000, Астана қ.,
Қазақстан

САТУШЫ АКЦИОНЕРДІҢ ҚАРЖЫ КЕҢЕСШІСІ**«KPMG Tax & Consulting» ЖШС**

Қазақстан. А25D6Т5 Алматы қ.,

Достық даңғ., 180-үй, Көктем бизнес-орталығы[●]

БІРЛЕСКЕН ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕР ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БУКРАНЕРЛЕР	
«Halyk Finance» АҚ Абай даңғылы, 109 «В» «Глобус» БО, 5-қабат А05А1В9 Алматы қ., Қазақстан	«Фридом Финанс» АҚ тұрғын емес үй-жай За Әл-Фараби даңғылы, 77/7 050040 Алматы қ., Қазақстан
«SkyBridge Invest» АҚ Есентай Тауэр 12-қабат Әл-Фараби даңғылы, 77/7 050040 Алматы қ., Қазақстан	«BCC Invest» АҚ Панфилов к-сі, 98 А05G1D2 Алматы қ., Қазақстан
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БУКРАНЕРЛЕР	
Wood & Company Financial Services a.s. Palladium, Nam. Republiky 1079/1a 110 00 Прага 1 Чехия Республикасы	Renaissance Securities (Cyprus) Limited Labs Tower, 3rd Floor Foti Pitta 4 1065 Никосия Кипр Республикасы
КОМПАНИЯНЫҢ ЗАҢ КЕҢЕСШІЛЕРІ	
Қазақстан және АХҚО құқығына қатысты	Ағылшын құқығына қатысты
White and Case LLP 5 Old Broad Street Лондон EC2N 1DW Ұлыбритания	Fieldfisher LLP Riverbank House 2 Swan Lane Лондон EC4R 3TT Ұлыбритания

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРЫ**«Ernst & Young» ЖШС**

Есентай Тауэр
Әл-Фараби даңғылы, 77/7
Алматы қ., 050060
Қазақстан

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу нәтижелері жөніндегі есеп

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп.....	1-2
Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп.....	3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп	5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп	7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген)	9-41

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған үш және алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедурасын орындадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауы және қолдауы тиіс. Сауда, түсім және пайда көлеміне тәуелді болатын көрсеткіштердің, әсіресе еншілес ұйымдарда бұзылу мүмкіндігі бар, әрі оларға мұнай бағасының тұрақсыздығы және жоғары пайдалану шығыстары әсер етеді, сондықтан біз аудит барысында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлдік.

Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландырудың тапшылығына әкеп соқтыра алады. Несие келісімдері бойынша шектеу талаптарын сақтау аудит үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болды, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте пайыздар есептелетін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *25-ескертпесінде* ашылып көрсетілген.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның шығуы

2021 жылғы қарашада Топ өзінің бас компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ-мен «ҚазТрансГаз» АҚ-дағы үлестің 100%-ын 1 теңге сомадағы номиналды құны бойынша сатып алу-сату шартына («ССШ») қол қойды.

Бұл мәселе транзакцияның күрделілігіне және есептен шығарылатын активтер мен міндеттемелер көлеміне орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Тоқтатылған қызмет туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *5-ескертпесінде* ашылып көрсетіледі; бағалаудың сипаттамасы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *3-ескертпесінде* келтіріледі.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптары мен мерзімінен бұрын өтеу талаптарын сараладық. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің орындалуына қатысты ашып көрсетулерді сараладық.

Біз бұл мәселенің құрылымын сараладық. Біз осы транзакциямен байланысты ССШ мен басқа да құжаттардың талаптарын зерделеп, мәміленің негізгі талаптарының түсінігіне ие болдық.

Біз 5 ХҚЕС-тің критерийлеріне сүйене отырып бұл операцияның есепке алынуын сараладық.

Біз шығудың қолданылған есепке алынуын бағаладық, шығудан болған қаржылық нәтижені қайта есептедік және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген тоқтатылған қызметтен болған қаржылық нәтижемен салыстырдық.

Сондай-ақ біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ашып көрсетулерді және жалғасып отырған әрі тоқтатылған қызметке бөлінуін қарастырдық.

Топтың 2021 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2021 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2021 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Кайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Кайрат Медетбаев
Аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2017 жылғы 13 ақпандағы
№ МФ-0000414 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2022 жылғы 25 наурыз



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 №0000002
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені)*
Түсім және басқа да кірістер			
Түсім	6	5.838.793	3.624.964
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	7	768.733	280.815
Қаржылық кіріс	14	84.599	87.987
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		19.835	–
Басқа да операциялық кіріс		30.779	19.020
Түсім және басқа да кірістер жиыны		6.742.739	4.012.786
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	8	(3.596.491)	(1.901.236)
Өндірістік шығыстар	9	(693.031)	(656.178)
Табыс салығынан басқа салықтар	10	(428.639)	(254.322)
Тозу, тауысылу және амортизация	33	(322.068)	(317.427)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	11	(131.912)	(137.144)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	12	(148.478)	(146.625)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	13	(20.724)	(243.893)
Барлау шығыстары	13	(79.083)	(19.807)
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы	19	(64)	(30.654)
Қаржылық шығындар	14	(249.265)	(265.372)
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто		17.781	(16.189)
Басқа да шығыстар		(24.510)	(28.094)
Шығыстар мен шығындар жиыны		(5.676.484)	(4.016.941)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда/(зиян)		1.066.255	(4.155)
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	(221.393)	(85.276)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)		844.862	(89.431)
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда	5	352.478	261.328
Бір жылғы таза пайда		1.197.340	171.897
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):			
Бас Компанияның акционерлеріне		1.215.561	273.237
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(18.221)	(101.340)
		1.197.340	171.897

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
	2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені)*
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>		
Хеджирлеу әсері	10.055	(25)
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма	126.673	450.936
Салық әсері	(11.818)	(36.481)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс	124.910	414.430
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>		
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда/(зиян)	5.959	(10.592)
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған зиян	(169)	(285)
Салық әсері	(48)	108
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	5.742	(10.769)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс	130.652	403.661
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны	1.327.992	575.558
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:		
Бас Компанияның акционерлеріне	1.344.408	677.742
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	(16.416)	(102.184)
	1.327.992	575.558
Акцияға пайда** – мың теңгемен		
Базалық және бөлінген	24	1,963
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен		1,385
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен		0,578
		0,282
		(0,147)
		0,428

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

* 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



[Handwritten signature]
Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

[Handwritten signature]
А.С. Есбергенова

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2021 жылғы	2020 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	15	3.405.980	4.369.745
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		40.551	53.661
Барлау және бағалау бойынша активтер	16	43.541	158.385
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		19.711	22.826
Материалдық емес активтер	17	182.222	168.481
Ұзақ мерзімді банк салымдары	18	56.058	56.528
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	19	6.550.384	6.471.021
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	29	34.035	58.590
Өтелуге жататын ҚҚС		11.972	94.481
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		40.845	23.343
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	22	142.394	684.610
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		13.248	11.651
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		4.784	3.542
		10.545.725	12.176.864
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	20	259.497	228.065
Өтелуге жататын ҚҚС		24.845	106.695
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	29	24.900	70.301
Сауда дебиторлық берешек	21	418.255	422.821
Қысқа мерзімді банк салымдары	18	510.513	282.472
Байланысты тараптарға берілген қарыздар мен дебиторлық берешек	22	485.765	27.795
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	21	329.503	57.071
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	21	76.614	88.821
Ақша қаражаты мен оның баламалары	23	975.849	1.145.864
		3.105.741	2.429.905
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	15	795	46.518
		3.106.536	2.476.423
Активтердің жиыны		13.652.261	14.653.287

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанға	
		2021 жылғы	2020 жылғы
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	24	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал	24	1.142	8.981
Басқа да капитал		10.113	58
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.260.533	2.146.035
Белінбеген пайда		5.059.634	5.636.705
Бас Компанияның акционерлеріне жататын		8.247.963	8.708.320
Бақыланбайтын қатысу үлесі	24	(89.282)	(71.641)
Капитал жиыны		8.158.681	8.636.679
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	25	3.261.347	3.716.892
Резервтер	26	222.936	303.154
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	29	545.763	555.894
Жалдау бойынша міндеттемелер		36.106	45.499
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		15.915	32.963
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер		39.229	28.831
		4.121.296	4.683.233
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	25	484.980	361.556
Резервтер	26	22.309	63.235
Төленуге жататын табыс салығы	29	6.882	8.967
Сауда кредиторлық берешек	27	519.201	536.922
Төленуге жататын басқа да салықтар	28	126.424	130.263
Жалдау бойынша міндеттемелер		8.988	16.971
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	27	69.231	86.440
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	27	134.269	129.021
		1.372.284	1.333.375
Міндеттемелер жиыны		5.493.580	6.016.608
Капитал мен міндеттемелер жиыны		13.652.261	14.653.287
Бір акцияның баланстық құны, мың теңгемен	24	13,074	13,880

* 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда/(зиян)		1.066.255	(4.155)
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		407.993	282.355
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		1.474.248	278.200
Түзетулер			
Тозу, тауысылу және амортизация	33	322.068	317.427
Тоқтатылған қызметтен болған тозу, тауысылу және амортизация	5	63.502	42.856
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	13	20.724	243.694
Барлау шығыстары	13	79.083	19.807
Бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы	19	64	30.654
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылмаған зиян		-	626
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған зиян/(кірістер)		14.954	(22.946)
Қаржылық кіріс	14	(84.599)	(87.987)
Тоқтатылған қызметтен түскен қаржылық кіріс		(19.750)	(21.766)
Қаржылық шығындар	14	249.265	265.372
Тоқтатылған қызметтен болған қаржылық шығындар		36.330	32.179
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түскен кіріс		(19.835)	-
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	7	(768.733)	(280.815)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың тоқтатылған қызмет пайдасындағы үлес, нетто		(275.100)	(230.380)
Резервтердегі өзгеріс		(140.318)	(43.174)
(Оң)/теріс бағамдық айырма, нетто		(6.565)	45.388
Өтпейтін тауар-материалдық қорларға резервті есептеу		4.091	357
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған (кіріс)/зиян, нетто		(2.259)	6.508
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануын (қалпына келтіру) / есептеу		(5.144)	6.435
Қаржылық кепілдіктерде өзгерістер		3.527	6.288
Есепке алынбаған ҚҚС		2.599	4.528
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резерві		3.453	4.225
Басқа да түзетулер		427	(267)
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		952.032	617.209
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		73.253	(3.993)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		(90.603)	82.337
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		(124.957)	121.837
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		227.645	(305.380)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		(52.580)	34.066
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		984.790	546.076
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	19	415.359	134.772
Туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер, нетто		-	(142)
Табыс салығын төлеу		(111.373)	(87.984)
Алынған пайыздар		39.496	90.798
Төленген пайыздар		(249.775)	(236.987)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		1.078.497	446.533

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2021 жылғы	2020 жылғы (қайта есептелгені)*
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(819.226)	(581.666)
Банк салымдарын қайтару		585.614	685.773
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау мен бағалау бойынша активтерді сатып алу		(409.660)	(396.406)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		71.084	50.738
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымдардың шығуынан ақша қаражатының түсуі		(375.910)	8.710
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар		(1.926)	(6.586)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан ақша қаражатының түсуі		17.169	5.966
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	30	(73.274)	(57.485)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	30	24.438	72.721
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(14.741)	(928)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		10.528	636
Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын вексель бойынша түсімдер		-	11.512
Басқалары		(2.790)	1.404
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(988.694)	(205.611)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	25	451.096	676.979
Қарыздарды өтеу	25	(339.552)	(807.355)
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу**		(292.258)	-
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	24	(49.999)	(81.738)
Бақланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	24	(5.756)	(4.553)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	24	(534)	(7.987)
Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы		-	(212)
Қаржылық кепілдік бойынша өтеу		-	(1.383)
Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(45.530)	(18.978)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(282.533)	(245.227)
Айырбас бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына ықпалы		22.851	85.341
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		(136)	376
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		(170.015)	81.412
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.145.864	1.064.452
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		975.849	1.145.864

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

** 2021 жылғы маусым және қараша айларында Top, есептелген сыйақыны қоса алғанда, The Export-Import Bank of China-дан алынған қарыздарды өтеу үшін 292.258 миллион теңге жалпы сомладағы ақша қаражатын резервтеді. Қарыздар 2021 жылғы шілдеде 32.799 миллион теңге сомасында (25-ескертпе) және 2022 жылғы қаңтарда 259.459 миллион теңге сомасында (21 және 25-ескертпелер) өтелді. Қарыздардың өтелуі ақшалай емес операциялар ретінде көрсетілді.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



[Signature]
Д.С. Қарабаев

[Signature]
А.С. Есбергенова

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							Жиыны	Жиыны	Бақылан- байтын қатысу үлесі	Жиыны	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан-байтын қатысу үлесі					
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83	1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255	8.196.656				
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	-	-	-	-	273.237	273.237	(101.340)	171.897				
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	(25)	414.288	(9.758)	404.505	(844)	403.661				
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	-	-	(25)	414.288	263.479	677.742	(102.184)	575.558				
Дивидендтер (24-ескертпе)	-	-	-	-	(81.738)	(81.738)	(4.856)	(86.594)				
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (24-ескертпе)	-	-	-	-	(7.763)	(7.763)	-	(7.763)				
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	-	-	-	-	(11.617)	(11.617)	-	(11.617)				
Сенімгерлік басқару шарты қолданылуының тоқтатылуына орай Үкіметтен алынған мұнай құбырларын беру (24-ескертпе)	-	(17.323)	-	-	1.205	(16.118)	-	(16.118)				
Компания өтеуге орай Самұрық-Қазынадан алған қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы айырмашылық аудару (24-ескертпе)	-	(10.971)	-	-	10.971	-	-	-				
Әділ құнның Самұрық-Қазына өтеуге орай салған қарыздың номиналды құнынан асып түсуін аудару (24-ескертпе)	-	(3.519)	-	-	3.519	-	-	-				
Еңшілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлесін сатуға арналған пут опционы бойынша резерв	-	-	-	-	(10.750)	(10.750)	(2.481)	(13.231)				
Еңшілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы	-	-	-	-	163	163	(375)	(212)				
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	8.981	58	2.146.035	5.636.705	8.708.320	(71.641)	8.636.679				

9-86 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						Жиыны қатысу үлесі	Жиыны
	Жарғылық капитал	Қосымша теленген капитал	Басқа да капитал	Есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Бақылан-байтын		
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	8.981	58	2.146.035	5.636.705	8.708.320	(71.641)	8.636.679
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	-	-	-	-	1.215.561	1.215.561	(18.221)	1.197.340
Басқа да жиынтық кіріс	-	-	10.055	114.498	4.294	128.847	1.805	130.652
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	-	-	10.055	114.498	1.219.855	1.344.408	(16.416)	1.327.992
Дивидендтер (24-ескертпе)	-	-	-	-	(49.999)	(49.999)	(6.192)	(56.191)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу (24-ескертпе)	-	-	-	-	(85)	(85)	-	(85)
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	-	-	-	-	(5.222)	(5.222)	-	(5.222)
«ҚазТрансГаз» АҚ-ын Самұрық-Қазынаға беру (5-ескертпе)	-	(7.839)	-	-	(1.741.620)	(1.749.459)	-	(1.749.459)
Еншілес компанияның капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	4.967	4.967
2021 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	10.113	2.260.533	5.059.634	8.247.963	(89.282)	8.158.681

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев



Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ» немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 60 операциялық компанияда (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 61) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескерте).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2022 жылғы 4 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестілік туралы мәлімдеме

Топтың бұл шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертеде ашылған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктердің орын алуын ескере отырып, оның ішінде COVID-19 пандемиясының ықпалынан, әлемдегі ағымдағы экономикалық ахуалды назарға алды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу***Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. ҚҚБ-ның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңгені құрады. Бұл бағам 2021 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңге). ҚҚБ-ның 2022 жылғы 4 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 499,20 теңгені құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2021 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Келесі түзетулер 2021 жылы алғаш рет қолданылды:

- *«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары: таңу және бағалау» 39 ХБЕС-ке (IAS), «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер.* Түзетулер банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі (IBOR) баламалы тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге (RFR) ауыстырылғанда қаржылық есептілікке ықпал ету әсеріне уақытша босаңсуды береді. Түзетулерге практикалық сипаттағы келесі жеңілдетулер жатады:
 - реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс болатын практикалық сипаттағы жеңілдету;
 - хеджирлеу анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
 - RFR құралы тәуекел құрамдасын хеджирлеу құралы ретінде айқындалғанда, ұйымдарға бөлек сәйкестендірілетін талапты орындау қажеттілігінен уақытша босатуды беру.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

- *«COVID-19: жалдау шарттарына қатысты концессиялар»* деген атаумен *«Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету.* Түзету жалға алушыларға COVID-19-бен тікелей байланысты жалдау шарттарының концессияларын шартты түрлендірулер деп есептемеуге мүмкіндік береді. Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалын тигізбеді, өйткені Топтың пандемиядан туындаған жалдау шарттарының елеулі концессиялары болмады.

Күшіне әлі енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандартын шығарды.* 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт 4 ХҚЕС (IFRS) аттас стандартты ауыстырады. 2020 жылғы маусымда, ХҚЕС жөніндегі Кеңес 17 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды, ол оның ендірілуімен болатын белгісіздіктер мен проблемаларды шешеді, бастапқы қолдану күнін 2023 жылғы 1 қаңтардан және одан да кеш басталатын жылдық кезеңдерге ауыстырды. Топ көрсетілген стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Қаржылық міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»* деп аталатын *«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды.* Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ мерзімділер немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Концептуалдық негіздерге сілтемелер»* деп аталатын *«Бизнесерді біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды.* Түзету стандарттың талаптарына айтарлықтай өзгерістерді енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған қаржылық есептерді ұсынудың Концептуалдық негіздеріне сілтемелерді ауыстырады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе содан кейін қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

Күшіне әлі енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдалануға дейінгі түсімдер»* деп аталатын *«Негізгі құралдар»* 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні оны кейіннен пайдалану орнына жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салады. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді және оларды шығару құнын пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Топ көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Ауыртпалылық түсіретін келісімшарттар: шартты орындау шығындары»* деп аталатын *«Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер»* 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Түзетулер ұйым қандай шығындарды шарттың қиындық келтіре алатындығын бағалау кезінде ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топтың болжамынша түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2021 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Бір операциядан туындайтын активтермен және міндеттемелермен байланысты кейінге қалдырылған салық»* деп аталатын *«Пайда салығы»* 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер шығарды. Түзетулер бастапқы мойындау кезінде есептен шығарылатын және салық салынатын уақыт айырмаларының тең сомалары туындайтын операциялар бойынша кейінге қалдырылған салықты есепке алу тәртібін түсіндіреді. Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топтың болжамынша түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Сонымен бірге, ХҚЕС жөніндегі Кеңестің күшіне әлі енбеген халықаралық стандарттарды жақсарту бойынша жыл сайынғы жобасының шеңберінде бірқатар түзетулер шығарылды. Оларға *«ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын еншілес ұйым»* деп аталатын *«ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану»* 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер; қаржылық міндеттемелердің танылуы тоқтаған жағдайда *«10% тест»* өткізілген кездегі комиссиялық сыйақы» деп аталатын *«Қаржы құралдары»* 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер; *«Жалдау бойынша ынталандыратын төлемдер»* деп аталатын *«Жалдау»* 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету және *«Әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу»* деп аталатын *«Ауыл шаруашылығы»* 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзету жатады. Топ көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді.

«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру»* ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер. 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзету ұйымдардың есеп саясатының елеулі ережелерін емес, есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. ХҚЕС-ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзету маңыздылық тұжырымдамасын есеп саясатының ашылып көрсетілуіне қалай қолдануға болатындығы туралы нұсқаулар береді.

Сондай-ақ, ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді бөлек шығарды. Түзету ұйымдардың есеп саясатындағы өзгерістерді және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерді қалай айыратындығын түсіндіреді. Бұл шектеу маңызды болып табылады, өйткені бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер перспективті түрде және тек келешек операциялар мен басқа да келешек оқиғаларға ғана қолданылады, ол есеп саясатындағы өзгерістер, әдетте, өткен операциялар мен басқа да өткен оқиғаларға қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

1 ХҚЕС (IAS) пен 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе содан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілген.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі**

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың: инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Еншілес ұйымдар**

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Маңызды ұйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Мелік ету үлесі	
			2021 жыл	2020 жыл
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,72%	99,72%
«ҚазМұнайТеңіз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100%	100%
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90%	90%
«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	100%	100%
«ҚазТрансГаз» АҚ (5-ескертпе)	Газды тасымалдау	Қазақстан	–	100%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	100%	100%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	99,53%	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	100%	100%
KMG International N.V.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	100%	100%
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	100%	100%

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)**

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алушыға сатып алу күніне бұрын тиесілі болған сатып алынатын компаниядағы қатысу үлесінің әділ құны пайда немесе зиян арқылы сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Бизнесті кезең-кезеңмен біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күніне төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан артуы ретінде бағаланатын гудвилді мойындайды:

- (а) жиынтығы: (i) берілген сыйақы, ол әдетте, «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады; (ii) осы стандартқа сәйкес бағаланған сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны; (iii) сатып алу күніне бұрын сатып алушы тарапқа сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесін сатып алу күніне әділ құны;
- (б) сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Капитал***Бақыланбайтын қатысу үлесі*

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнгі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профилді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Самұрық-Қазынаға беруге арналған) байланысты шығыстар кіреді.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

COVID-19 пандемиясының және 2021 жылғы көмірсутек нарығының әсері

COVID-19 бен әлемдік көмірсутек нарығының жағымсыз үрдістерінің әсері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігін бағалау ретінде дайындау уақытында сараланды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ бірнеше стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады.

«Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментінде негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздану белгілері анықталмады.

«Мұнайды тасымалдау» сегментінде 4.453 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды. Құнсыздану шығыстары «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС-тің баржаларына жатады (13-ескертпе). Құнсыздануға тексеру мақсатында АҚГБ деректерінің өтелетін құны пайдалану құндылығы әдісінің негізінде айқындалды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****COVID-19 пандемиясының және 2021 жылғы көмірсутек нарығының әсері (жалғасы)**

«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» сегментінде 8.298 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды, бұл KMG International N.V. (бұдан әрі – «ҚМГИ») мұнайды қайта өңдеу активтерінің ішінара құнсыздануын білдіреді (13-ескерпне). Құнсыздануға тексеру мақсатында АҚГБ деректерінің өтелетін құны есептен шығару шығыстарын шегере отырып әділ құнына сүйене отырып айқындалған.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келуі немесе есептелу тәуекелі бар. Шешуші жорамалдарға сезімталдылық Топтың елеулі АҚГБ бойынша 13-ескерпнеде ашылып көрсетілген, әрі солар бойынша 2021 жылы құнсыздану танылды.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 10,70%-дан бастап 16,30%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2021 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл
Brent маркалы мұнай (\$/баррель)	73	71,5	73	70	71

Мұнай мен газдың қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай мен газдың қорлары (жалғасы)**

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат *13-ескерпнеде* ашып көрсетілген.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

Гудвилді қоса алғанда, ҚМГИ АҚГБ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және ҚМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. Құнсыздануды талдау нәтижесінде ҚМГИ бөлімшелерінің өтелетін құны олардың баланстық құнынан асты (*13-ескерпне*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)*****Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ***

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ті (бұдан әрі – «ПМХЗ») сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (17-ескерту). 2021 және 2020 жылдардың желтоқсанында Топ қазіргі уақытта қолданылатын толлинг нобайын пайдалана отырып, ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2021 жылы 12,06% дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2029 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2022-2026 жылдарға бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 13,06%-ға дейін 1,0%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалдық кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚГБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар *Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу* АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмайды.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер***Мұнай-газ активтері***

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)***Мұнай-газ активтері (жалғасы)*

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2021 жылғы 31 желтоқсанда 2,23%-дан 8,10%-ға дейін және тиісінше 3,80%-дан 10,25%-ға дейінгі аралықта болды (2020 жылғы 31 желтоқсан: 2,00%-дан 7,3%-ға дейін және 3,68%-дан 11,00%-ға дейін). 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 67.190 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 66.177 миллион теңге) (26-ескертіме).

Магистралдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – «ҚТО») пайдалануды аяқтағаннан кейін магистралдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонстрация және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 34.547 миллион теңге құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 113.558 миллион теңге) (26-ескертіме).

Экологиялық оңалту

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2022 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 26-ескертімеде ашылып көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Жұмыскерлерге сыйақылар**

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер *26-ескертпеде* ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шартты міндеттемелер *32-ескертпеде* ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (*29 және 32-ескертпелер*).

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер» 8 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде* перспективті ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі *31-ескертпеде* ашылған.

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ

2021 жылғы 11 наурызда Компания мен Самұрық-Қазына «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі – «ҚТГ») жай акцияларының 100% қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуы тоқтатылды.

Мәміле алдында бірқатар заңгерлік және қаржылық талаптар орындалды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының келісімдері алынды. Соңғы талап 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашадан бастап ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді.

Компанияның ҚТГ бірлескен кәсіпорны «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС синдикатталған қарызының шеңберінде Компания мен ҚТГ қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемесі ҚТГ-ға берілді (*27-ескертпе*).

2021 жылғы 8 қарашаға дейін ҚТГ қызметіне «Мұнайды өткізу және тасымалдау» операциялық сегментке кірді. ҚТГ берілгеннен кейін «Мұнайды өткізу және тасымалдау» сегменті сегменттер туралы ескертпеде көрсетілмейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)**

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп пен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ алдыңғы жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тиісті ескертпелер ретроспективті түрде қайта есептелді.

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ҚТГ қызметі былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең үшін	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Түсім	708.110	931.073
Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы үлес, нетто	275.100	230.380
Қаржылық кіріс	19.750	21.766
Басқа да операциялық кіріс	18.288	6.075
Түсім жиыны және тоқтатылған қызметтен болған басқа да кірістер	1.021.248	1.189.294
Сатып алынған газдың және басқа да материалдардың өзіндік құны	(158.438)	(375.831)
Өндірістік шығыстар	(66.266)	(84.608)
Табыс салығынан басқа салықтар	(12.645)	(15.237)
Тозу, тауысылу және амортизация	(63.502)	(42.856)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(248.832)	(321.042)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(18.420)	(23.583)
Қаржылық шығындар	(36.330)	(32.179)
Теріс бағамдық айырма, нетто	(4.423)	(7.747)
Басқа да шығыстар	(4.399)	(3.856)
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	407.993	282.355
Табыс салығы бойынша шығыстар	(55.515)	(21.027)
Тоқтатылған қызметтен кезеңдегі пайда	352.478	261.328

2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезеңдегі және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ҚТГ таза ақша ағындары былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 8 қарашада аяқталған кезең үшін	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Операциялық	184.675	88.737
Инвестициялық	(8.689)	71.562
Қаржылық	(44.270)	(36.183)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	134.138	132.134

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)**

Бақылаудан айырылу күніне ҚТГ-ның таза активтері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Бақылаудан айырылу күніне таза активтер
Активтер	
Негізгі құралдар	968.467
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	662.208
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	176.019
Өтелуге жататын ҚҚС	94.439
Тауар-материалдық қорлар	41.834
Сауда дебиторлық берешек	127.567
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	95.088
Басқа да қысқа мерзімді активтер	77.582
Ақша қаражаты мен оның баламалары	380.438
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	2.623.642
Міндеттемелер	
Қарыздар	490.813
Резервтер	119.902
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	72.909
Сауда кредиторлық берешек	132.708
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	25.157
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	32.694
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер	874.183
Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	1.749.459

Бақылаудан айырылу күніне ҚТГ-ның басқа да қысқа мерзімді міндеттемелері Компанияның 6.445 миллион теңге сомаға қаржылық кепілдігі бойынша міндеттемелеріне түзетілді.

ҚТГ акцияларының берілуі ҚР мемлекет басшысының тапсырмасын және Самұрық-Қазынаның шешімін орындау мақсатында жүзеге асырылды. Тиісінше, бақылаудан айырылу күніне ҚТГ таза активтерін сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма Самұрық-Қазынамен операциялар ретінде ескерілді.

6. ТҮСІМ

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Өнім және қызмет типі		
Шикі мұнай мен газды сату	3.097.249	1.676.749
Мұнай өнімдерін сату	2.102.113	1.336.723
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	203.425	193.659
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері	171.365	167.911
Басқа да кірістер	264.641	249.922
	5.838.793	3.624.964
Географиялық өңірлер		
Қазақстан	978.343	770.102
Басқа елдер	4.860.450	2.854.862
	5.838.793	3.624.964

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО**

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
«Теңізшевройл» ЖШС	441.665	173.476
«Каспий Құбыр өткізу Консорциумы»	90.904	81.582
«КМГ Кашаган Б.В.»	88.423	(6.961)
«Маңғыстау Инвестмент Б.В.»	80.154	16.749
«КазРосГаз» ЖШС	20.952	957
«Қазақстан-Қытай мұнай құбыры» ЖШС	13.464	10.380
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	13.379	2.448
«Valseira Holdings B.V.»	11.868	(6.137)
«ПетроКазахстан Инк.»	8.042	(8.812)
«ҚазГерМұнай» ЖШС	6.108	15.622
«Теңіз Сервис» ЖШС	(3.089)	3.891
«Ural Group Limited»	(11.060)	(10.265)
Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	7.923	7.885
	768.733	280.815

8. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	2.626.857	1.311.169
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	558.603	313.543
Материалдар мен қорлар	256.761	214.332
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	97.964	45.870
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	56.306	16.322
	3.596.491	1.901.236

9. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Жалақы бойынша шығыстар	310.672	294.529
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	116.151	103.124
Электр қуаты	98.258	81.910
Көлік шығыстары	45.599	39.631
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	28.213	33.822
Басқалары	94.138	103.162
	693.031	656.178

10. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	129.056	41.120
Экспорттық кеден бажы	107.074	71.746
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	91.751	59.323
Басқа салықтар	100.758	82.133
	428.639	254.322

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Тасымалдау	87.282	94.800
Жалақы бойынша шығыстар	11.899	12.811
Басқалары	32.731	29.533
	131.912	137.144

12. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Жалақы бойынша шығыстар	63.844	63.360
Басқару шығыстары	21.428	-
Кеңес беру қызметтері	15.912	21.893
Қызмет көрсету шығыстары	5.620	6.163
Әлеуметтік төлемдер	4.594	5.028
Байланыс қызметтері	4.081	3.624
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептеу (21-ескертпе)	3.268	3.460
Есепке алынбаған ҚҚС	2.599	3.166
Айыппұлдар, салықтар мен өсімпұлдар бойынша резервті есептеу	2.114	12
Басқа да ағымдағы қысқа мерзімді активтер бойынша күтілетін несиелік зиян резервін есептеу / (қалпына келтіру) (21-ескертпе)	101	(65)
Өтелуге жататын ҚҚС-тың (қалпына келтірілуі) / құнсыздануы	(5.144)	6.432
Басқалары	30.061	33.552
	148.478	146.625

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалақы бойынша шығыстар 386.415 миллион теңге болды (2020 жыл: 370.700 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ АКТИВТЕРІНІҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ, САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Құнсызданудан болған шығыстар және құнсыздануды қалпына келтіру		
Негізгі құралдар (15-ескертпе)	17.013	221.112
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	3.770	-
Барлау және бағалау бойынша активтер (16-ескертпе)	-	16.389
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	-	142
Материалдық емес активтер (17-ескертпе)	(59)	6.250
	20.724	243.893
Барлау шығыстары		
«Жемчужина» жобасы	59.283	-
ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер	19.800	19.692
«Самтыр», «Жайық», «Сарайшық», «Забурение» жобалары	-	115
	79.083	19.807
	99.807	263.700

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ АКТИВТЕРІНІҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ, САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Келесі АҚГБ бойынша құнсыздану залалы танылды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
ҚМГИ Қайта өңдеу АҚГБ	8.298	162.455
Сұңқар, Барыс және Бүркіт өздігінен жүретін баржалар (Баржалар)	4.453	10.297
ЭМГ АҚГБ	–	60.440
Басқалары	7.973	10.701
	20.724	243.893

ҚМГИ АҚГБ

2020 жылы, ҚМГИ, Топтың еншілес ұйымы, өз АҚГБ құнсыздану тестісін өткізді. Жүргізілген тест нәтижелері бойынша ҚМГИ 155.544 миллион және тиісінше 6.911 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиянды таныды.

2021 жылғы 2 шілдеде ҚМГИ еншілес ұйымы Petromidia мұнай өңдеу зауытында (бұдан әрі – «Petromidia») өрт шығуына және салдарынан, зиян шеккен объектілер қалпына келтірілгенге дейін өндірістің уақытша тоқтап қалуына әкеп соқтырған оқиға болды. ҚМГИ оқиғаның салдарын бағалап, 1.615 миллион теңге мөлшерінде Petromidia-ның негізгі құралдарының құнсыздануынан болған залалды таныды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, негізгі құралдарды инспекциялау нәтижелері бойынша, ҚМГИ 6.683 миллион теңге сомаға негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалды таныды.

ЭМГ АҚГБ

2020 жылы, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ») еншілес ұйымы Эмбамұнайгаз (бұдан әрі – «ЭМГ») негізгі құралдардың өтелетін құнын және мұнайға болжамды бағалардың төмендеуі сияқты құнсыздану белгілерінің болуына орай барлау және бағалау активтерін бағалады. Бұл бағалаудың нәтижесінде активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан 60.440 миллион теңгеден асты, және, тиісінше, негізгі құралдардың құнсыздануы 44.098 миллион теңге сомаға және барлау мен бағалау бойынша активтер 16.342 миллион теңге сомаға танылды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздану немесе қалпына келтіру белгілері анықталмады.

Баржалар

«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС баржаларының өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды, олар, қолданыстағы және ықтимал келісімшарттардың қолданылу мерзімінің соңына дейін баржалардан алынады, пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі 10,7% (2020 жыл: 11,3%) болды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тесттің нәтижесінде Топ 4.453 миллион теңге мөлшерінде (2020 жыл: «Сұңқар», «Барыс» және «Бүркіт» баржалары бойынша 10.297 миллион теңге) «Барыс» және «Бүркіт» баржаларының құнсыздануынан болған залалды мойындады.

Барлау шығыстары

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Өзен-Қарамандыбас» барлауға арналған келісімшарттың бұзылуы нәтижесінде 12.829 миллион теңге мөлшерінде барлау және бағалау бойынша активтерді есептен шығарды, сол бойынша келісімшарттық аумақ Үкіметке қайтарылды. Сондай-ақ, Топ «Қаратон-Сарықамыс» учаскесінде келісімшарттық аумақты ішінара азайтты және, тиісінше, 6.863 миллион теңге сомаға барлау және бағалау бойынша шығыстарды есептен шығарды.

2021 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Жамбыл» жобасы бойынша 59.283 миллион теңге мөлшерінде барлау мен бағалау активтерін есептен шығарды, сол бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартты бұзылып, келісімшарттық аумақ Үкіметке қайтарылды. Сондай-ақ, Топ «Тайсойған» учаскесінде келісімшарттық аумақты ішінара азайтты және, тиісінше, 19.800 миллион теңге сомаға барлау және бағалау бойынша шығыстарды есептен шығарды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР****Қаржылық кіріс**

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	64.655	70.800
Шығарылған қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	1.704	2.276
Пайыздық кірістің барлығы	66.359	73.076
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін қайта бағалау	12.022	445
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар бойынша дисконт (25-ескертпе)	-	11.002
Басқасы	6.218	3.464
	84.599	87.987

Қаржылық шығындар

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелгені)
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс	218.999	215.614
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыс	2.950	3.390
Пайыздық шығыстың барлығы	221.949	219.004
Активтердің, экологиялық міндеттемелер мен басқа да резервтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы (26-ескертпе)	9.206	7.284
Актuarлық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы (26-ескертпе)	4.412	3.484
Облигацияларды сатып алғаны үшін сыйақы (25-ескертпе)	-	21.057
Басқалары	13.698	14.543
	249.265	265.372

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Үйлер мен ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны									
Есептілік валютасын қайта есептеу	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271
Есепті бағалаудағы өзгерістер	50.582	3.992	39.281	6.928	3.404	2.973	7.033	15.034	129.227
Түсімдер	6.785	5.914	-	28	-	-	-	-	12.727
Есептен шығару	4.738	1.967	2.176	4.455	6.901	5.439	2.561	404.519	432.756
Тозу бойынша шығыстар	(17.138)	(18.212)	(10.829)	(4.412)	(4.135)	(1.887)	(2.783)	(2.533)	(61.929)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	(109.846)	(29.297)	(119.746)	(19.746)	(37.922)	(11.085)	(11.163)	-	(338.805)
Құнсыздану (13-ескертпе)	13.876	1.893	10.364	3.352	4.007	1.720	2.521	1.356	39.089
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	(37.887)	(731)	(155.544)	(5.101)	(1.366)	(11.766)	(1.750)	(6.768)	(220.913)
Тауар-материалдық қорлардан(ға) аудару, нетто	42	(28)	1.619	-	264	(54)	532	2.541	4.916
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (16-ескертпе)	67	-	-	-	-	-	-	-	67
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	-	-	-	(19.207)	-	-	-	-	(19.207)
Басқа да өзгерістер	-	-	(96)	-	-	-	(619)	(2.558)	(3.273)
Аударымдар	122.633	39.542	23.058	37.527	96.713	1.770	9.557	(330.800)	-
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745
Бастапқы құн	2.232.770	1.063.532	2.537.233	591.757	880.230	235.520	244.801	422.492	8.208.335
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.149.155)	(254.775)	(1.366.123)	(302.055)	(426.409)	(150.859)	(132.854)	(56.360)	(3.838.590)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІШЕЛЕР (жалғасы)**15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Үйлер мен ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745
Есептілік валютасын қайта есептеу	13.298	1.075	7.241	908	1.288	894	1.818	4.720	31.242
Есепті бағалаудағы өзгерістер	259	(382)	-	(3)	-	-	-	-	(126)
Түсімдер	11.165	3.163	2.063	6.716	42.099	6.857	3.452	324.834	400.349
Есептен шығару	(27.370)	(9.103)	(39.685)	(5.401)	(7.141)	(5.033)	(4.919)	(685)	(99.337)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	-	-	-	(631)	(557)	(248)	(222)	(38)	(1.696)
Тозу бойынша шығыстар	(115.545)	(27.370)	(114.521)	(19.786)	(36.632)	(9.925)	(11.034)	-	(334.813)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	23.602	8.586	11.649	4.525	5.935	4.102	4.701	373	63.473
(Құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру (13-ескертпе)	(3.939)	(3)	(8.276)	2	13	(4.451)	22	(381)	(17.013)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(32.655)	(549.852)	-	(73.865)	(261.707)	(4.196)	(4.547)	(41.645)	(968.467)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	(24)	(11.452)	(33.477)	(48)	(450)	-	(45.451)
Тауар-материалдық қорлардан аударымдар, нетто	46	1.387	125	1	82	1	1.424	1.863	4.929
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (16-ескертпе)	16.674	-	-	-	-	-	-	-	16.674
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударымдар	-	-	-	2.296	-	-	7	-	2.303
Басқа да өзгерістер	(6.179)	-	-	-	-	-	(16)	(9.637)	(15.832)
Аударымдар	163.579	26.459	91.738	18.811	75.467	2.611	6.833	(385.498)	-
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	1.126.550	262.717	1.121.420	211.823	239.191	75.225	109.016	260.038	3.405.980
Бастапқы құн	2.370.020	394.496	2.624.793	507.485	588.037	214.572	243.514	309.288	7.252.205
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.243.470)	(131.779)	(1.503.373)	(295.662)	(348.846)	(139.347)	(134.498)	(49.250)	(3.846.225)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.126.550	262.717	1.121.420	211.823	239.191	75.225	109.016	260.038	3.405.980

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Түсімдер**

2021 жыл үшін, түсімдер, негізінен, ҚМГ БӨ еншілес ұйымы «Өзенмұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі – «ӨМГ»), ЭМГ мен «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-те 145.179 миллион теңге жалпы сомаға ұңғымаларды бұрғылау шығыстарынан, ҚТГ-ның 41.642 миллион теңге жалпы сомаға «Ташкент-Бішкек-Алматы Бұқара газды аймақ», «Газли-Шымкент» пен «Бұқара-Орал» жобаларының шеңберінде газ құбырын күрделі жөндеу және газды өлшеу станциясы мен вахта қалашығын салу шығыстарынан, ҚТО-ның 24.987 миллион теңге сомаға «Күлсары-Теніз» су құбырын салу және 22.522 миллион теңге және тиісінше 29.693 миллион теңге сомаға «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «АМӨЗ») мен Rompetrol Rafinare зауыттарын күрделі жөндеу шығыстарынан тұрады.

2020 жыл үшін аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен ӨМГ, ЭМГ және «Қарашығанақ» ЖШС ұңғымаларын 148.593 миллион теңге жалпы сомаға бұрғылауға, және «Бейнеу-Бозой-Шымкент және Бұқара-Орал» жобаларының шеңберінде 113.844 миллион теңге сомаға ҚТГ-да компрессорлық станцияларды салуға және «Бозой жер асты резервуарын қайта құру», ҚТО-да 43.247 миллион теңге сомаға «Прорва-Күлсары» мен «Өзен-Атырау-Самара» құбырларын ауыстыру және 51.617 миллион теңге сомаға Rompetrol Rafinare өндірістік кешенді жөндеу жатады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар

2021 жылдың ішінде Топ сатуға арналған активтерге 45.451 миллион теңге жалпы сомаға, негізінен 40.378 миллион теңге сомаға «Арал» компрессорлық станциямен және «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС-тің 5.009 миллион теңге сомаға негізгі құралдарымен білдірілген негізгі құралдарды аударды.

2021 жылдың ішінде, Топ 2020 жылы сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударылған «Қорқыт-ата» компрессорлық станцияны 42.886 миллион теңгеге сатты.

2020 жылдың ішінде Топ сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударды және «Түркістан» компрессорлық станцияны 43.667 миллион теңге сомаға сатты.

Басқалары

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ жаңа активтердің құрылысына қатысты 32 миллион теңге сомаға 2,10% орташа пайыздық мөлшерлеме бойынша (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 2.890 миллион теңге, 5,78% капитализацияның орташа пайыздық мөлшерлемесі бойынша) қарыздар бойынша шығындарды негізгі құралдардың баланстық құнына капиталдандырды (25-ескерпте).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдаланылатын негізгі құралдардың құны 329.282 миллион теңге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 340.511 миллион теңге) болды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны 837.744 миллион теңге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 910.216 миллион теңге) болатын негізгі құралдардың кейбір объектілері Топтың банктік қарыздары бойынша қамсыздандыру ретінде кепілге қойылды.

Күрделі міндеттемелер 32-ескерптеде ашылып көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕР**

<i>Миллион теңгемен</i>	Материалдық	Материалдық емес	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	152.292	27.605	179.897
Түсімдер	14.212	787	14.999
Есептен шығару (13-ескертпе)	(19.235)	(572)	(19.807)
Құнсыздану (13-ескертпе)	(12.797)	(3.592)	(16.389)
Сынақты өндіру	(248)	-	(248)
Негізгі құралдарға аударымдар (15-ескертпе)	(67)	-	(67)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	134.157	24.228	158.385
Түсімдер	8.763	831	9.594
Есепті бағалаудағы өзгерістер	77	-	77
Есептен шығару (13-ескертпе)	(76.869)	(2.214)	(79.083)
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	(19.250)	(14)	(19.264)
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	-	(427)	(427)
Материалдық емес активтерге аудару (17-ескертпе)	-	(8.768)	(8.768)
Негізгі құралдарға аударымдар (15-ескертпе)	(16.674)	-	(16.674)
Басқа да өзгерістер	(299)	-	(299)
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	29.905	13.636	43.541

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына барлау және әзірлеу бойынша активтер келесі жобалармен көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
ЭМГ	16.357	33.458
Өріктау	13.726	38.834
ҚТГ жобалары	-	17.366
Жамбыл	-	59.603
Басқалары	13.458	9.124
	43.541	158.385

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР**

<i>Миллион теңгемен</i>	Гудвил	Маркетинг бойынша материалдық емес активтер	Бағдарламалық жасақтама	Басқалары	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	98.561	28.960	19.454	24.197	171.172
Есептілік валютасын қайта есептеу	1.003	2.775	296	1.071	5.145
Түсімдер	-	-	2.855	3.553	6.408
Есептен шығару	-	-	(5.576)	(2.246)	(7.822)
Амортизация бойынша шығыстар	-	-	(6.494)	(2.804)	(9.298)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану (Құнсыздану)/қалпына келтіру, нетто (13-ескертпе)	-	(6.911)	(270)	931	(6.250)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	(24)	-	(24)
Басқа да өзгерістер	-	-	1.925	1.466	3.391
Ауыстырулар	-	-	2.404	(2.404)	-
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	99.564	24.824	20.114	23.979	168.481
Есептілік валютасын қайта есептеу	285	643	111	772	1.811
Түсімдер	-	-	1.613	2.634	4.247
Есептен шығару	-	-	(1.930)	(126)	(2.056)
Амортизация бойынша шығыстар	-	-	(7.277)	(3.566)	(10.843)
Жинақталған амортизация және шығулар бойынша құнсыздану	-	-	1.775	107	1.882
Құнсыздануды қалпына келтіру (13-ескертпе)	-	-	54	5	59
Еншілес компанияны бақылаудан айырылу	-	-	(2)	(2)	(4)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерден аударымдар	-	-	42	-	42
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (16-ескертпе)	-	-	-	8.768	8.768
Тоқтатылған қызмет (5-ескертпе)	-	-	(5.246)	(751)	(5.997)
Басқа да өзгерістер	-	-	3.924	11.908	15.832
Ауыстырулар	-	-	4.210	(4.210)	-
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	99.849	25.467	17.388	39.518	182.222
Бастапқы құн	208.594	65.371	72.230	120.317	466.512
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(108.745)	(39.904)	(54.842)	(80.799)	(284.290)
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	99.849	25.467	17.388	39.518	182.222
Бастапқы құн	210.012	63.722	74.841	100.784	449.359
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(110.448)	(38.898)	(54.727)	(76.805)	(280.878)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	99.564	24.824	20.114	23.979	168.481

2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маркетинг бойынша материалдық емес активтер ҚМГИ тауар белгілерімен білдірілді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)**

Ақша ағындарын тудыратын әрбір бірлікке жататын гудвилдің ағымдағы құны:

Ақша ағындарын тудыратын бірліктер	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
ПМХЗ ақша ағындарын генерациялайтын бірлік	88.553	88.553
ҚМГИ ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер	11.296	11.011
Гудвил жиыны	99.849	99.564

Құнсыздануға жасалған талдаудың негізінде 2021 және 2020 жылдары ПМХЗ немесе ҚМГИ гудвилінің құнсыздануы анықталмады. Құнсыздануға жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат 4-ескертеде баяндалған.

18. БАНК САЛЫМДАРЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ долларында көрсетілген	559.244	324.646
Теңгемен көрсетілген	7.527	14.863
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(200)	(509)
	566.571	339.000

2021 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді банк салымдарының орташа алынған мөлшерлемесі АҚШ долларында 1,04% және теңгемен тиісінше 0,94% болды (2020 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 1,07% және теңгемен 1,58%).

2021 жылғы 31 желтоқсанға қысқа мерзімді банк салымдарының орташа алынған пайыздық мөлшерлемесі АҚШ долларында 0,27% және теңгемен тиісінше 5,68% болды (2020 жылғы 31 желтоқсан: АҚШ долларында 0,40%, теңгемен 3,10%).

<i>Миллион теңгемен</i>	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Өтеу мерзімі 1 жылға дейін	510.513	282.472
1 жылдан 2 жылға дейін өтеу мерзімі	140	796
2 жылдан артық өтеу мерзімі	55.918	55.732
	566.571	339.000

2021 жылғы 31 желтоқсанға банк депозиттеріне 56.058 миллион теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсан: 56.528 миллион теңге) қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған ақша қаражаты кіреді, әрі олар негізінен жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сай тарату қоры ретінде пайдалануда шектелген шоттарда орналастырылған 51.163 миллион теңге сомасынан (2020 жылғы 31 желтоқсан: 44.497 миллион теңге) тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

19. БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Миллион теңгемен	Негізгі қызмет	2021 жылғы 31 желтоқсан		2020 жылғы 31 желтоқсан		
		Қызметті жүзеге асыру орны	Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі	Ағымдағы құны	Иелік ету үлесі
Бірлескен кәсіпорындар						
«Теңішевройл» ЖШС (ТШС)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	3.105.942	20,00%	2.793.887	20,00%
KMG Kashagan B.V. (Қашаған)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	2.404.820	50,00%	2.256.816	50,00%
Mangistau Investment B.V. (МИБВ)	Көмірсутектерді өзірлеу және өндіру	Қазақстан	207.410	50,00%	142.585	50,00%
«КазРосГаз» ЖШС (КРГ)	Табиғи газды және қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу және сату	Қазақстан	54.317	50,00%	76.702	50,00%
Ural Group Limited (УГЛ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	41.453	50,00%	44.585	50,00%
«ҚазГерМұнай» ЖШС (ҚГМ)	Көмірсутектерді барлау және өндіру	Қазақстан	32.289	50,00%	32.840	50,00%
Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Building a better
working world

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біз бұл мәселе, өндіру, барлау мен бағалау, қайта өңдеу активтерін және мұнай мен газды өндіруші және қайта өңдеуші бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудиторлық тексеруімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты маңызды мәселелерді бірі болып табылады деп есептейміз. Сонымен бірге, мұнай бағасы мен теңгенің тұрақсыздығы және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік Топ қызметінің перспективаларына әсер етеді және Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады.

Дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағалар және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қоса алғанда елеулі жорамалдар. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді.

Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесінде келтірілген.

Біз құнсызданудың талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құндар есебі үшін бағалау мәселелері бойынша мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай мен мұнай өнімдерінің ағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырдық.

Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық.

Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ қолданылуына қарай құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедурасын орындадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздануға тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін саралдық.



Building a better
working world

Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауы және қолдауы тиіс. Сауда, түсім және пайда көлеміне тәуелді болатын көрсеткіштердің, әсіресе еншілес ұйымдарда бұзылу мүмкіндігі бар, әрі оларға мұнай бағасының тұрақсыздығы және жоғары пайдалану шығыстары әсер етеді, сондықтан біз аудит барысында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлдік. Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландырудың тапшылығына әкеп соқтыра алады. Кросс-дефолт туралы ережелер Топтың несие келісімдері бойынша қолданылады. Несие келісімдері бойынша шектеу талаптарын сақтау аудит үшін барынша маңызды болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте пайыздар есептелетін міндеттемелердің жіктелуіне зор ықпалы бар. Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 24-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын, мерзімінен бұрын өтеу талаптары мен дефолт оқиғаларын саралдық. Біз қаржылық шектеу талаптарының орындалуына қатысты банктерден алынған растауды зерделедік. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік. Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің орындалуына қатысты ашып көрсетулерді сараладық.

Топтың 2020 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2020 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2020 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудитті жүргізу барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.



Building a better
working world

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;



Building a better
working world

- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептелген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Гульдария Зарипова
Аудитор



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Аудитордың 2017 жылғы 13 ақпандағы
№ МФ-0000414 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 № 0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 5 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019*
Түсім және басқа да кірістер			
Түсім	5	4.556.037	6.858.856
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	6	511.195	827.979
Қаржылық кіріс	13	109.753	240.880
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған кіріс		519	17.481
Басқа да операциялық кіріс		24.576	24.936
Түсім және басқа да кірістер жиыны		5.202.080	7.970.132
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	7	(2.277.066)	(3.913.744)
Өндірістік шығыстар	8	(740.786)	(721.693)
Табыс салығынан басқа салықтар	9	(269.559)	(454.295)
Тозу, тауысылу және амортизация	32	(360.283)	(337.424)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	10	(458.186)	(420.402)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	11	(170.208)	(213.967)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы	12	(243.694)	(150.751)
Барлау шығыстары	12	(19.807)	(57.068)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануы	18	(30.654)	-
Қаржылық шығындар	13	(297.551)	(317.433)
Басқа да шығыстар		(32.151)	(7.203)
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		(23.935)	8.479
Шығыстар мен шығындар жиыны		(4.923.880)	(6.585.501)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		278.200	1.384.631
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(106.303)	(226.180)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда		171.897	1.158.451
Тоқтатылған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейін түсетін пайда		-	6
Бір жылғы таза пайда		171.897	1.158.457
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян)			
Бас компанияның акционерлеріне		273.237	1.197.157
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(101.340)	(38.700)
		171.897	1.158.457

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019*
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</i>			
Хеджирлеу әсері		(25)	-
Шетелдік бөлімшелер есептілігінің валютасын қайта есептеуден болған бағамдық айырма		450.936	(32.072)
Салық әсері		(36.481)	(1.240)
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелетін таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		414.430	(33.312)
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық шығын</i>			
Топтық белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық залалдарды қайта бағалау		(10.592)	(5.688)
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар жоспарлары бойынша актуарлық (зиянды)/пайданы қайта бағалау		(285)	199
Салық әсері		108	1.179
Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелмейтін таза басқа да жиынтық зиян		(10.769)	(4.310)
Бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		403.661	(37.622)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		575.558	1.120.835
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс жиыны:			
Бас компанияның акционерлеріне		677.742	1.159.447
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		(102.184)	(38.612)
		575.558	1.120.835
Акцияға пайда** – мың теңгемен			
Базалық және бөлінген	23	0,28	1,90

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 3-ескертеде келтірілген.

** 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 болды.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	14	4.369.745	4.484.271
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		53.661	38.379
Барлау және бағалау бойынша активтер	15	158.385	179.897
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		22.826	9.541
Материалдық емес активтер	16	168.481	171.172
Ұзақ мерзімді банк салымдары	17	56.528	52.526
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	18	6.471.021	5.590.384
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	28	58.590	73.714
Өтелуге жататын ҚҚС		94.481	133.557
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		23.343	73.367
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	21	684.610	615.546
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		11.651	2.488
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		3.542	17.162
		12.176.864	11.442.004
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық қорлар	19	228.065	281.215
Өтелуге жататын ҚҚС		106.695	74.049
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	28	70.301	54.517
Сауда дебиторлық берешек	20	422.821	397.757
Қысқа мерзімді банк салымдары	17	282.472	359.504
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	21	27.795	138.719
Басқа да ағымдағы қаржы активтері	20	57.071	63.555
Басқа да ағымдағы қаржылық емес активтер	20	88.821	198.539
Ақша қаражаты мен оның баламалары	22	1.145.864	1.064.452
		2.429.905	2.632.307
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	14	46.518	7.604
		2.476.423	2.639.911
Активтердің жиыны		14.653.287	14.081.915

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019*
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	23	916.541	916.541
Қосымша төленген капитал	23	8.981	40.794
Басқа да капитал		58	83
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		2.146.035	1.731.747
Бөлінбеген пайда		5.636.705	5.469.236
Бас компанияның акционерлеріне жататын		8.708.320	8.158.401
Бақыланбайтын қатысу үлесі	23	(71.641)	38.255
Капитал жиыны		8.636.679	8.196.656
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	24	3.716.892	3.584.076
Резервтер	25	303.154	273.589
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	28	555.894	509.462
Жалдау бойынша міндеттемелер		45.499	35.996
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		32.963	16.365
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер		28.831	27.329
		4.683.233	4.446.817
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	24	361.556	253.428
Резервтер	25	63.235	103.538
Төленуге жататын табыс салығы	28	8.967	13.011
Сауда кредиторлық берешек	26	536.922	667.861
Төленуге жататын басқа салықтар	27	130.263	86.666
Жалдау бойынша міндеттемелер		16.971	10.922
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	26	86.440	93.139
Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер	26	129.021	209.877
		1.333.375	1.438.442
Міндеттемелер жиыны		6.016.608	5.885.259
Капитал мен міндеттемелер жиыны		14.653.287	14.081.915
Бір акцияның баланстық құны, мың теңгемен	23	13,880	13,154

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 3-ескертеде келтірілген.

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары



Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019
Операциялық қызмет			
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		278.200	1.384.631
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда		–	6
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		278.200	1.384.637
Салық салынғанға дейінгі пайданы операциялық қызметтің нәтижесінде түскен таза ақша қаражатымен дұрыстау үшін түзетулер			
Тозу, тауысылу және амортизация	32	360.283	337.424
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау бойынша активтердің құнсыздануы	12	243.694	150.751
Қаржылық шығындар	13	297.551	317.433
Бағамдық айырма, нетто		45.388	4.142
Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялардың құнсыздануы	18	30.654	–
Барлау шығыстары	12	19.807	57.068
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто		6.508	6.430
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануын есептеу	11	6.435	15.703
Қаржылық кепілдіктерде өзгеріс		6.288	(6.956)
Есепке алынбаған ҚҚС	11	4.528	6.910
Сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резерві	11	4.225	14.096
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылмаған зиян/(кірістер)		626	(465)
Еншілес ұйымдардың шығуынан болған кіріс		(519)	(17.481)
Өтпейтін қорларға резервті есептеу / (қалпына келтіру)		357	(2.534)
Мұнайды жеткізу үшін алынған аванстардың төлемін түзету		–	(864.450)
Басқа да қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды (қалпына келтіру) / есептеу	11	(65)	42
Мұнай өнімдері бойынша туынды қаржы құралдарынан іске асырылған кіріс		(22.946)	(8.410)
Резервтердегі өзгеріс		(43.174)	2.967
Қаржылық кіріс	13	(109.753)	(240.880)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	6	(511.195)	(827.979)
Басқа да түзетулер		317	13
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		617.209	328.461
Өтелуге жататын ҚҚС-тың алдын ала төлеміндегі өзгеріс		(3.993)	(28.070)
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгерістер		82.337	11.710
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі өзгеріс		121.837	11.466
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және келісімшарттық міндеттемелердегі өзгеріс		(305.380)	(23.578)
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгеріс		34.066	(19.916)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		546.076	280.073
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	18	134.772	126.461
Туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер, нетто		(142)	(7)
Төленген табыс салығы		(87.984)	(161.979)
Алынған сыйақы		90.798	118.207
Төленген сыйақы		(236.987)	(238.954)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		446.533	123.801

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін	
		2020	2019
Инвестициялық қызмет			
Банк салымдарын алу және орналастыру, нетто		104.107	28.987
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау әрі бағалау активтерін сатып алу		(396.406)	(444.193)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған активтерді сатудан болған түсімдер		50.738	42.776
Еншілес ұйымдарды сатудан ақша қаражатының түсімдері, нетто		8.710	56.760
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына жарналар		(6.586)	(889)
Бірлескен кәсіпорындарды сатудан ақша қаражатының түсімдері		5.966	-
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	29	(57.485)	(56.516)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу	29	72.721	47.656
Борыштық құралдарды (сатып алу)/алу		(292)	454
Жалдау бойынша дебиторлық берешектен түсімдер		1.404	-
Бірлескен кәсіпорынның акционерінен алынатын Вексель бойынша түсімдер		11.512	5.403
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары		(205.611)	(319.562)
Қаржылық қызмет			
Қарыздар бойынша түсімдер	24	676.979	271.772
Қарыздарды өтеу	24	(807.355)	(444.656)
Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкіне төленген дивидендтер	23	(81.738)	(36.998)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	23	(4.553)	(5.693)
Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы	23	(212)	(2.318)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	23	(7.987)	(36.297)
Жалдаудың негізгі борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(18.978)	(16.181)
Қаржылық кепілдіктер бойынша өтеу		(1.383)	-
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы		(245.227)	(270.371)
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		85.341	(14.985)
Күтілетін несие залалдарының резервіндегі өзгеріс		376	(279)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		81.412	(481.396)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.064.452	1.545.848
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		1.145.864	1.064.452

Ақшалай емес және басқа да айналымдар: қосымша ашып көрсету

Мына елеулі ақшасыз және басқа да операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

Ұзақ мерзімді активтер үшін кредиторлық берешек

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы негізгі құралдарды сатып алу үшін кредиторлық берешек 6.107 миллион теңгеге ұлғайды (2019 жыл: 97.382 миллион теңгеге ұлғаю).

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді						
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі
2018 жылғы 31 желтоқсанға 16 ХҚЕС-ті қолдану	916.541	40.794	83	1.764.108	4.341.063	7.062.589	80.480
	-	-	-	-	(4.268)	(4.268)	(910)
2019 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелген)	916.541	40.794	83	1.764.108	4.336.795	7.058.321	79.570
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	-	-	-	-	1.197.157	1.197.157	(38.700)
Басқа да жиынтық (зиян)/кіріс	-	-	-	(32.361)	(5.349)	(37.710)	88
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	-	-	-	(32.361)	1.191.808	1.159.447	(38.612)
Дивидендтер (23-ескертіле)	-	-	-	-	(36.998)	(36.998)	(4.138)
Самұрық-Қазынамен операциялар (23-ескертіле)	-	-	-	-	(14.184)	(14.184)	-
Самұрық-Қазынаның бөлуі (23-ескертіле)	-	-	-	-	(6.194)	(6.194)	-
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу	-	-	-	-	(1.991)	(1.991)	(473)
Акцияларға иелік ету үлесін өзгертпестен еншілес компанияның жарғылық капиталына жарна	-	-	-	-	-	-	1.908
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83	1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255
							8.196.656

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционерлеріне келеді							
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83	1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255	8.196.656
Бір жылғы таза пайда/(зиян)	-	-	-	-	273.237	273.237	(101.340)	171.897
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	-	-	(25)	414.288	(9.758)	404.505	(844)	403.661
Бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны	-	-	(25)	414.288	263.479	677.742	(102.184)	575.558
Дивидендтер (23-ескертпе)	-	-	-	-	(81.738)	(81.738)	(4.856)	(86.594)
Самұрық-Қазынамен операциялар (23-ескертпе)	-	-	-	-	(11.617)	(11.617)	-	(11.617)
Самұрық-Қазынаның бөлуі (23-ескертпе)	-	-	-	-	(7.763)	(7.763)	-	(7.763)
Сенімгерлік басқару шартының бұзылуына байланысты Үкімет салған құбырларды аудару (23-ескертпе)	-	(17.323)	-	-	1.205	(16.118)	-	(16.118)
Компания өтеуге орай Самұрық-Қазынадан алған қарыздың номиналды және өдіп құны арасындағы айырманы аудару (23-ескертпе)	-	(10.971)	-	-	10.971	-	-	-
Өдіп құнның Самұрық-Қазына өтеуге орай салған қарыздың номиналды құнынан асып түсуін аудару (23-ескертпе)	-	(3.519)	-	-	3.519	-	-	-
Еншілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлесін сатуға арналған пут опционы бойынша резерв	-	-	-	-	(10.750)	(10.750)	(2.481)	(13.231)
Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы	-	-	-	-	163	163	(375)	(212)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	8.981	58	2.146.035	5.636.705	8.708.320	(71.641)	8.636.679

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Д.С. Қарабаев

Бас бухгалтер

А.С. Есбергенова

9-82 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері Компанияға берілді. 2004 жылдың наурызында ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Өл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды.

2020 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 61 операциялық компанияда (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 54) қатысу үлесі болды (бірілесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (3-ескертпе).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2021 жылғы 5 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы күн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың мұндай шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Сәйкестік туралы мәлімдеме (жалғасы)**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ басшылығы бірқатар белгісіздіктердің орын алуын ескере отырып, оның ішінде COVID-19 пандемиясының ықпалынан, әлемдегі ағымдағы экономикалық ахуалды назарға алды. Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстанады.

Шетел валютасын қайта есептеу*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топты білдіру валютасы болып табылатын миллион Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») білдірілген.

Операциялар мен шоттардың сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістер мен зиян және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ-ның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңгені құрады. Бұл бағам 2020 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңге). ҚҚБ-ның 2021 жылғы 5 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 419,66 теңгені құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету принциптеріндегі өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2020 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Келесі түзетулер 2020 жылы алғаш рет қолданылды:

- *«Бизнесі біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету.* Түзету стандартпен енгізілетін бизнес ұғымына нақтылауды енгізеді және бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегенде үлес және принципіалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігін нақтылайды, олар бірігіп едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндіріледі. Түзетулер перспективті түрде қолданылады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені ағымдағы практика бұл түзетулерге сәйкес келеді.
- *«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), «Қаржы құралдары: тану және базалау» 39 ХҚЕС-ке (IAS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер.* Түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша және/немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлеме негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның пайыздық мөлшерлемелерге негізделген хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.
- *«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік базалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.* Бұл түзетулер елеуліліктің жаңа ұғымын ұсынады. Егер бұл негізгі пайдаланушылардың шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Ағымдағы практика бұл түзетулерге сәйкес келгендіктен, бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді.
- *Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері* қайта қаралған редакция Атап айтқанда, қайта қаралған редакцияда активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамалары енгізілген, сондай-ақ кірістер мен шығыстардың нақтыланған анықтамалары енгізілген. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.
- *«COVID-19: жалдау шарттарына қатысты концессиялар»* деген атаумен *«Жалдау» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету.* Түзету жалға алушыларға COVID-19-бен тікелей байланысты жалдау шарттарының концессияларын шартты түрлендірулер деп есептемеуге мүмкіндік береді. Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпалын тигізбеді, өйткені Топтың COVID-19 туындатқан жалдау шарттарының елеулі концессиялары болмады.

Күшіне енген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS)* жаңа стандартын шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт аттас 4 ХҚЕС (IFRS) стандартын ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кешірек басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Топтың болжамынша көрсетілген жаңа стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Қаржылық міндеттемелерді қысқа-және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу»* деп аталатын *«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді* шығарды. Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

Күшіне енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздеріне сілтемелер» деп аталатын «*Бизнесерді біріктіру*» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету стандартта көрсетілген стандарттың өзіне елеулі түзетулерді енгізбестен, 2018 жылғы наурызда шығарылған Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері өзекті нұсқасына сілтемелерді ауыстырады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Негізгі құралдар: нысаналы пайдалануды бастағанға дейінгі кіріс» деп аталатын «*Негізгі құралдар*» 16 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету негізгі құралдар объектісінің құнынан бұл активті одан кейінгі пайдалану орнына жеткізу және оны пайдалануға әзірлігі күйіне жеткізу уақытына шығарылған өнімді сатудан түсетін кез келген түсімді есептен шығаруға тыйым салады. Осының орнына, түзету Пайда мен зиян туралы есепте тиісті түсімнің және шығындардың мойындалуын қажет етеді. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды және ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Топтың болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Ауыртпалық түсіретін келісімшарттар: шартты орындау шығындары» деп аталатын «*Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер*» 37 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Көрсетілген түзету шығындардың қайсысы шарттың ауыртпалық түсіретіндігін бағалау кезінде қосылуы тиіс екендігін нақтылады. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың болжамынша көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

2020 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондар реформасы. 2-фаза» деп аталатын «*Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету*» 7 ХҚЕС-ке (IFRS), «*Қаржы құралдары*» 9 ХҚЕС-ке (IFRS), сондай-ақ «*Сақтандыру шарттары*» 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және «*Жалдау*» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Түзетулер тәуекелі жоқ пайыздық мөлшерлемеге өтумен байланысты қаржылық есептілікті дайындаушылар үшін бірқатар уақытша босатуларды береді. Түзетулер 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Топтың болжамынша көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Сонымен бірге, ХҚЕС жөніндегі Кеңестің күшіне әлі енбеген халықаралық стандарттарды жақсарту бойынша жыл сайынғы жобасының шеңберінде шығарылған бірқатар түзетулер бар. Оларға келесі түзетулер жатады: «*ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану: еншілес қоғам ХҚЕС-ті алғаш рет қолдануда*» деп аталатын «*ХҚЕС-ті алғаш рет қолдану*» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету; «*Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату қажеттілігіне 10%-дық тестті қолдану кезіндегі сыйақылар*» деп аталатын «*Қаржы құралдары*» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету. Топтың болжамынша көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

«*Қаржылық есептілікті ұсыну*» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «*Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру*» ХҚЕС-ті қолдану бойынша №2 практикалық ұсынымдарға түзетулер. 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер кәсіпорындардың есеп саясатының елеулі ережелерін емес, маңызды ережелерді ашып көрсетуін талап етеді. ХҚЕС-ті қолдану бойынша №2 практикалық ұсынымдарға түзетулер маңыздылық тұжырымдамасын есеп саясатының ашылып көрсетілуіне қалай қолдануға болатындығы туралы нұсқаулар береді.

«*Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер*» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер. 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер кәсіпорындардың есеп саясатындағы өзгерістерді және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерді қалай айыратындығын түсіндіреді. Бұл шектеу маңызды болып табылады, өйткені бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер перспективті түрде және тек келешек операциялар мен басқа да келешек оқиғаларға ғана қолданылады, ол есеп саясатындағы өзгерістер, әдетте, өткен операциялар мен басқа да өткен оқиғаларға қатысты ретроспективті түрде қолданылады.

1 ХҚЕС (IAS) пен 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе содан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілген.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

Күшіне енбеген жаңа және өзгертілген стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес Топ қаржылық есептіліктің ұсынылуын жақсарту үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну бойынша есеп саясатындағы өзгерістерді өз еркімен қолдануды шешті және бір жылғы таза пайдаға немесе жиынтық кіріске немесе капиталға әсерін тигізбеген қайта жіктеулерді жасады.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер

2020 жылы Топ бұрын *Негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен барлау активтерінің құнсыздану шығыстарының* құрамында көрсетілген *Барлау бойынша шығыстарды* бөлек жолмен көрсету шешімін қабылдады. Тиісінше, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі, 12 және 15-ескертпелердегі салыстырмалы ақпарат 2020 жылғы таныстырылымға сәйкес келу үшін өзгертілді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер

2020 жылы Топ басқа да қаржы және қаржылық емес ағымдағы активтерді, басқа да қаржылық және қаржылық емес ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелерді бөлек ұсынуды шешті. Тиісінше, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі салыстырмалы ақпарат 2020 жылғы таныстырылымға сәйкес келу үшін өзгертілді.

Газ құбырларының сенімгерлік басқару шарттары бойынша мемлекеттік органдардан жарнаға сәйкес бағалаудағы өзгеріс

Алдыңғы жылдары Топ жергілікті атқарушы органдармен («ЖАО») және Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің («ММЖК») департаменттерімен сенімгерлік басқару шарттары («СБШ») бойынша Топқа берілген құбырларды Топ бақылайтын активтер ретінде мойындаудың қажет екендігін анықтау кезінде пайымдауды қолданды. Пайымдаудың мәні СБШ Топқа құбырларға арналған меншік құқығының берілуі аяқталған кезеңге Топқа құбырларға бақылау беруге арналған қысқа мерзімді тетік болып табылатындығында болды. Топ бұл газ құбырлары кейіннен Мемлекеттен Самұрық-Қазынаға, ал содан кейін Топқа қысқа мерзімде беріледі деп күтті. Бұл шешім ЖАО-мен 2017 жылы қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандумның талаптарымен расталды, соған сай барлық тәуекелдер мен сыйақылар, оған қоса мүлік салығын төлеу міндеттемесі мен тарифтерді қалыптастыру кезіндегі құқықтар Топқа өтеді.

2020 жылы бастапқы пайымдауды растаған фактілер мен жағдайларда келесі едәуір өзгерістер орын алды:

- Бастапқы СБШ-тың қолданылу мерзімі ұзартпастан аяқталды, бастапқыда Топ активтерге меншік құқығын алады деп болжанса да, газ құбырлары ЖАО-ға қайтарылды;
- СБШ бойынша алынған активтер республикалық меншікке (ММЖК-ға) және одан кейін Самұрық-Қазынаға, болжанғандай, қысқа мерзімде берілмеді. Бұл беру тетігі Топқа меншік құқықтарын құқықтық титул формалды берілгенге дейін беру үшін уақытша шара болмағанын анықтады;
- Көрсетілген меморандумның қолданылу мерзімі аяқталды.

Осының негізінде Топ 2020 жылдан бастап бастапқы пайымдау бұдан былай өзекті емес және СБШ ұзартылғаннан кейін Топ ЖАО ұсынған құбырларды бұдан былай бақыламайды деген тұжырымға келді. «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес пайымдауды өзгерту бухгалтерлік есепте қатені білдірмейді және тиісінше, перспективті түрде ескерілуі тиіс.

Топ өз қызметкерлеріне Топ пен оның қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және каза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зияндар басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қызметкерлерге төлемдер (жалғасы)***Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар (жалғасы)*

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім өтелімі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зияндар пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Түсімді мойындау

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе ретінде) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, Қазақстан Республикасының шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме («ТПМ») бойынша көрсетіледі. ТПМ – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасын) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу әдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы**

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтелетін немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық КТС, сол сияқты ҮПС үшін есептеледі. ҮСП мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын үстеме пайда салығының күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айкындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды.
- Еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінгі қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінгі қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінгі қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады. Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінгі қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Капитал*Бақыланбайтын қатысу үлесі*

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның Акционеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге өзге де бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу және Акционерлерге беруге арналған) байланысты шығыстар кіреді.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****COVID-19 пандемиясының және 2020 жылғы көмірсутек нарығының әсері**

COVID-19 бен әлемдік көмірсутек нарығының жағымсыз үрдістерінің әсері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігін бағалау ретінде дайындау уақытында сараланды. Бұл жорамалды бағалау үшін Топ бірнеше стресс тесттердің негізінде өтімділік болжамын жасады. Нәтижесінде мұнайды барлау мен өндіру және қайта өңдеу сегменттерінде құнсыздану тесттері жасалды.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Дисконттау мөлшерлемелері ақша қаражатын генерациялайтын бірлік («АҚГБ») капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 7,77%-дан бастап 14,50%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Блумберг консенсустың, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2020 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2021	2022	2023	2024	2025
Brent маркалы мұнай (\$/баррель)	48	54,5	54	56	57

Мұнай мен газды барлау және өндіру сегментінде құнсыздану шығыстары, нетто 2020 жылы 91.094 миллион теңге болды. Құнсыздану шығыстары негізінен өндіруші активтерге жатады және негізінен Топтың мұнай мен газ бағасына қатысты жорамалдардың өзгеруі нәтижесінде туындады және оған Топтың еншілес компаниясы «Эмбамұнайгаз» АҚ-на (ЭМГ) жататын 60.440 миллион теңге (12-ескертпе) және БК мен Топтың қауымдасқан компаниясына жататын 30.654 миллион теңге (18-ескертпе) жатады. Топтың компанияларда туындайтын, меншікті капиталдың құрамында ескерілетін құнсыздану шығыстарындағы үлесі 16.818 миллион теңге болды және негізінен ПетроҚазақстан Инк. компаниясына келді. АҚГБ деректерінің өтелетін құны пайдалану құндылығы әдісінің негізінде есептелген.

2020 жылы Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу сегментінде 162.455 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану шығыстары танылды, бұл COVID-19-дан туындаған локдауннан кейін қайта өңдеу маржасының төмендеуіне орай KMG I мұнайды қайта өңдеу активтерінің ішінара құнсыздануын білдіреді (12-ескертпе). Құнсыздануға тексеру мақсатында бұл активтердің өтелетін құны есептен шығару шығыстарын шегере отырып әділ құнына сүйене отырып айқындалған.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің қорлары бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар. Шешуші жорамалдарға сезімталдылық Топтың елеулі АҚГБ бойынша 12-ескертпеде ашылып көрсетілген, әрі солар бойынша 2020 жылы құнсыздану танылды. Құнсыздануға тестілеуді тәуелсіз білікті бағалаушылар жыл сайынғы негізде өткізіп отырады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай мен газдың қорлары**

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтiне қолжетiмдi болатын геологиялық және инженерлік деректердiң көлемiне тәуелдi болады.

Салыстырмалы түрдегi белгiсiздiк деңгейi қорларды екi негiзгi санаттың бiрiне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетiлуi мүмкiн. Дәлелденген қорларды өндiруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндiру мүмкiндiгiне қатысты белгiсiздiктiң прогрессивтi өсуiн белгiлеу үшiн әзiрленген және әзiрленбеген қорларға бөлiнуi мүмкiн.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетiлiп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректердi, өндiру туралы өнеркәсiптiк параметрлердi немесе деректердi бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердiң; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерiстердiң салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ керi әрекеттi арттыру үшiн жобалардың қолданылуы, пласт өнiмдiлiгiндегi өзгерiстердiң немесе әзiрлеу стратегиясындағы өзгерiстердiң салдарынан қайта қаралуы мүмкiн. Дәлелденген әзiрленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшiн орындалған жұмыс көлемiне тепе-тең етiп амортизация мөлшерлемелерiн есептеу үшiн пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең iшiнде өндiрiлетiн болады деп күтiлетiн ретiнде осындай көлемдi ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсiм нәтижесiне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткенi лицензияларды ұзарту ең соңында Үкiметтiң қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерiн ұзарту және қорлардың көрсетiлген қорларын тиiсiнше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгi шығысқа әкеледi және кiрiстерге бiршама әсер етуi мүмкiн. Дәлелденген әзiрленген қорлардың кемуi тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндiру деңгейiнде), кiрiстiң азаюына әкелiп соқтырады және сондай-ақ мүлiктiң ағымдағы құнының тiкелей азаюына әкелiп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерiстер тозуға, ескiруге және амортизацияға аударымдарға бiршама әсер етуi мүмкiндiгi болады.

Құнсыздану тестiсiнiң жыл сайынғы нәтижелерi туралы толық ақпарат *12-ескертiпте* ашып көрсетiлген.

Мұнай-газ активтерiнiң, мұнайды қайта өңдейтiн және басқа активтердiң өтелетiндiгi

Топ активтердi немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бiрлiк») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерiстер олардың құны өтелмейтiндiгiн куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшiн бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткiзу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әдiл құнынан барынша жоғары мән ретiнде қарастырылатын өтелетiн құнның лайықты бағалануы жүргiзiледi. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімдi бағасы, дисконт мөлшерлемелерi, болашақтағы капитал қажеттiлiгi, тәуекел мен белгiсiздiкке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндiру және сату көлемдерiн қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулердi пайдалануды қамтиды. Егер активтiң немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетiн құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледi, олардың баланстық құны өтелетiн құнға дейiн азаяды. Өтелетiн құнды бағалау кезiнде келешекте күтiлетiн ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетiледi және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдердi көрсететiн дисконттау мөлшерлемесi бойынша келтiрiлген құнға дейiн дисконтталады. Әдiл құн активтi және/немесе әкелушi бiрлiктi нарықтық талаптарда мөлiм және мұндай мәмiленi жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуi мүмкiн сома ретiнде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкiн және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерiн ескермейдi.

Гудвилдi қоса алғанда, КМГИ АҚГБ

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдiң және КМГИ-дiң барлық бөлiмшелерiнiң құнсыздануына тест өткiздi, оның iшiнде мұнай өнiмдерiн өткiзу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқасы. Құнсыздануды талдау нәтижесiнде КМГИ бөлiмшелерiнiң өтелетiн құны, «КМГИ Переработка» АҚГБ қоспағанда, олардың баланстық құнынан асты (*12-ескертiпте*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)***Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ*

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ПМХЗ-ды сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар (16-ескерте). 2020 және 2019 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2020 жылы 10,79% (2019: 9,7%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. Меншікті капиталдың құны инвестициялардан болатын түсімнен болады. Қарыз капиталының құны ПМХЗ-ның пайыздық қарыздарына негізделген. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2029 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМӨЗ-дың 2021-2025 жылға дейінгі бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2025 жылдан кейін бағалау күніне басқарудың ең үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды шегере отырып, 2020 жылғы 5,53% (2019: 5,49%) инфляцияның күтілетін деңгейін қолдану арқылы болжанды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалану құндылығының негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 11,89%-ға дейін 1%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 34%-дан 35%-ға дейін 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚГБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар *Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу* АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер*Мұнай-газ активтері*

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)***Мұнай-газ активтері (жалғасы)*

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2020 жылғы 31 желтоқсанда 2,00%-дан 7,3%-ға дейін және тиісінше 3,68%-дан 11,00%-ға дейінгі аралықта болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2,01%-дан 5,49%-ға дейін және 4,43%-дан 8,95%-ға дейін). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 66.177 миллион теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 54.165 миллион теңге) *(25-ескертіме)*.

Магистралды мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистралды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, негізінен, ҚТО мен ҚТГ-ның еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалануды аяқтағаннан кейін магистралды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 113.558 миллион теңге құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 100.229 миллион теңге) *(25-ескертіме)*.

Экологиялық оңалту

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ осы міндеттемені 2020 және 2021 жылдардың жылдық бюджетіне енгізілген шығындардың бір бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер *25-ескертімеде* ашылып көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Қызметкерлерге сыйақы**

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер 25-ескертпеде ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шартты міндеттемелер 31-ескертпеде ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (28 және 31-ескертпелер).

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктер» 8 ХБЕС-ке сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректердің есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Егжей-тегжейі 30-ескертпеде ашылған.

5. ТҮСІМ

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Тауар және қызмет типі		
Шикі мұнай мен газды сату	2.467.391	3.966.941
Мұнай өнімдерін сату	1.337.579	2.043.848
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері	289.880	389.496
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	193.659	195.896
Басқа да кірістер	267.528	262.675
	4.556.037	6.858.856
Географиялық нарық		
Қазақстан	950.298	1.212.267
Басқа елдер	3.605.739	5.646.589
	4.556.037	6.858.856

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНДЕГІ ҮЛЕС, НЕТТО**

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС (АГҚ)	175.339	168.086
«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)	173.476	414.940
Каспий Мұнай құбыры Консорциумы (КМК)	81.582	70.869
Бейнеу – Шымкент газ құбыры (БШГ)	55.005	56.194
«Маңғыстау Инвестмент Б.В.» (МИБВ)	16.749	81.991
«ҚазГерМұнай» ЖШС (ҚГМ)	15.622	17.561
«Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)	10.380	3.313
«Тениз Сервис» ЖШС (Тениз Сервис)	3.891	6.742
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	2.448	9.722
«КазРосГаз» ЖШС (КРГ)	957	18.091
Valsera Holdings B.V. (Валсера)	(6.137)	(6.107)
КМГ Кашаган Б.В. (Қашаған)	(6.961)	13.114
«ПетроҚазақстан Инк.» (ПКИ)	(8.812)	(18.244)
Ural Group Limited (УГЛ)	(10.265)	(18.895)
Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес	7.921	10.602
	511.195	827.979

7. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	1.311.169	2.448.412
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	380.261	493.280
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	313.543	638.293
Материалдар мен қорлар	226.223	217.138
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	45.870	116.621
	2.277.066	3.913.744

8. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Жалақы бойынша шығыстар	339.877	338.120
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	114.700	129.450
Электр қуаты	83.290	88.910
Көлік шығыстары	42.507	30.456
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	37.743	52.091
Басқа	122.669	82.666
	740.786	721.693

9. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Экспорттық кеден бажы	71.746	131.326
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	59.374	100.300
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	41.120	133.144
Басқа салықтар	97.319	89.525
	269.559	454.295

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Тасымалдау	415.842	374.686
Жалақы бойынша шығыстар	12.811	12.542
Басқа	29.533	33.174
	458.186	420.402

11. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Жалақы бойынша шығыстар	74.704	78.055
Кеңес беру қызметтері	23.402	25.448
Қызмет көрсету шығыстары	8.655	8.711
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы	6.435	15.703
Өлеуметтік төлемдер	5.961	8.933
Есепке алынбаған ҚҚС	4.528	6.910
Байланыс қызметтері	3.809	2.963
Сауда дебиторлық берешек пен ағымдағы қаржы активтері бойынша КНЗ резервінің есептелуі (20-ескертпе)	4.225	14.096
Басқа да қаржылық емес ағымдағы активтер бойынша құнсыздану залалын (қалпына келтіру) / есептеу	(65)	42
Салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша резервті есептеу / (қалпына келтіру)	44	(19.755)
КМГ Дриллингтің Консорциуммен сот шағымы бойынша провизия (31-ескертпе)	–	34.132
Басқа	38.510	38.729
	170.208	213.967

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалақы бойынша шығыстар 427.392 миллион теңге болды (2019: 428.717 миллион теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу шығыстарының және жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

12. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Құнсыздандырудан болған шығыстар		
Негізгі құралдар (14-ескертпе)	220.913	144.482
Барлау және бағалау бойынша активтер (15-ескертпе)	16.389	171
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	142	(142)
Материалдық емес активтер (16-ескертпе)	6.250	6.240
	243.694	150.751

Барлау шығыстары (барлау және бағалау бойынша активтердің есептен шығарылуы) (15-ескертпе)

ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер	19.692	18.888
«Жемчужина» жобасы	–	38.180
«Самтыр», «Жайық», «Сарайшық», «Забурение» жобалары	115	–
	19.807	57.068
	263.501	207.819

Келесі АҚБ бойынша шығындар танылды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
КМГИ Қайта өңдеу АҚБ	162.455	93.587
ЭМГ АҚБ	60.440	–
Сұңқар, Барыс және Бүркіт өздігінен жүретін баржалар (Баржалар)	10.297	11.837
Сәтті өзін-өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғысы (Сәтті ӨЖБҚ)	–	24.505
Батуми мұнай терминалы АҚБ (БМТ АҚБ)	–	12.583
Басқа	10.502	8.239
	243.694	150.751

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫ (жалғасы)****КМГИ Қайта өңдеу АҚГБ**

2020 және 2019 жылдары Топ «КМГИ Переработка» АҚГБ құнсыздануға тестті өткізді. Топ құнсыздану белгілерін қарастыру кезінде басқа факторлармен қатар мұнай өңдейтін зауыттардың болжамды маржасын және өндіріс көлемдерін ескерді. «КМГИ Переработка» АҚГБ өтетін құны дисконтталған ақша ағындарының әдісін пайдалана отырып есептелген шығару шығыстарын (ӨКЖБҚ) шегере отырып әділ құнның негізінде айқындалды. «КМГИ Переработка» АҚГБ үшін ӨКЖБҚ-да пайдаланылған шешуші жорамалдар операциялық пайда, дисконттау мөлшерлемесі және бюджеттік кезеңнен кейін ақша ағындарының экстраполяциясы үшін пайдаланылған өсу қарқындары болып табылады. «КМГИ Переработка» АҚГБ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылған дисконттау мөлшерлемесі 10,7% (2019: 9,6%) болды және 5 жылдық кезеңдегі ақша ағындары 2,2% (2019: 1,9%) өсу қарқынын пайдалана отырып экстраполяцияланды, бұл сала бойынша ұзақ мерзімді орташа өсу қарқындарына сәйкес келеді. Қалдық құны үшін пайдаланылатын капиталдану мөлшерлемесі 8,5% (2019: 7,7%) құрайды. Топ құнсыздануына тест мақсаттары үшін болжамды ақша ағындары мұнай өңдейтін зауыттың болжамды маржасының төмендеуі мен салық салынғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесінің өзгеруін көрсету үшін жанартылды. 2020 жылы тест нәтижелерінің негізінде Топ 155.544 миллион теңге және тиісінше 6.911 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды мойындады (2019: 86.946 миллион және 6.641 миллион теңге).

Сезімталдылықты талдау

Қосымша құнсыздану егер капиталдың орташа алынған құны 13%-ға дейін 2,3-тармақтан артық ұлғаятын болса немесе операциялық пайда 28,4%-дан артық азаятын болса, есептелуі мүмкін.

ЭМГ АҚГБ

2020 жылы ЭМГ негізгі құралдардың өтетін құнын және мұнайға болжамды бағалардың төмендеуі сияқты құнсыздану белгілерінің болуына орай барлау және бағалау активтерін бағалады. ЭМГ өтетін құнды ақша ағындарын дисконттау үлгісін пайдалана отырып пайдалану құндылығының әдісі бойынша есептеді. Ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 14,4% болды. 5-жылдық бизнес-жоспар ақпараттың негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды және шикі мұнайды өндіру, сату көлемдері, кірістер, шығыстар мен күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды. Бұл бағалаудың нәтижесінде активтердің баланстық құны олардың өтетін құнынан 60.440 миллион теңгеден асты, және, тиісінше, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте негізгі құралдардың құнсыздануы 44.098 миллион теңге сомаға және барлау мен бағалау бойынша активтер 16.342 миллион теңге сомаға танылды.

Сезімталдылықты талдау

Қосымша құнсыздану егер капиталдың орташа алынған құны 15,4%-ға дейін 1-тармаққа артық ұлғаятын болса немесе Brent бағасы 1%-ға азаятын болса, есептелуі мүмкін.

Баржалар

Өтетін құн пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды, олар, қолданыстағы және ықтимал келісімшарттардың қолданылу мерзімінің соңына дейін баржалардан алынады, пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі 11,3% (2019: 10,05%) болды. 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тесттің нәтижесінде Топ 10.297 миллион теңге мөлшерінде (2019: «Сұңқар» және «Бүркіт» баржалары бойынша 11.837 миллион теңге) «Сұңқар», «Барыс» және «Бүркіт» баржаларының құнсыздануынан болған залалды мойындады.

Сәтті ӨКЖБҚ

«Сәтті» ӨКЖБҚ-ның өтетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы бұрғылау қондырғысынан күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды. Болжамды ақша ағындары Топ басшылығымен бекітілген 2020-2024 жылғы бюджетке және инфляцияға 12,5%-дың дисконттау мөлшерлемесі негізінде экстраполяцияландырылған бұрғылау қондырғысының 2041 жылға дейінгі пайдалы қолданылу кезеңіне дейінгі бағаланатын болжамдарға негізделген. Осы талдау нәтижесінде 2019 жылы Топ басшылығы құнсызданудан залалды 24.505 миллион теңге көлемінде таныды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Сәтті» ӨКЖБҚ өтетін құны оның баланстық құнынан асты.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАРЛАУ МЕН БАҒАЛАУ БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ БАРЛАУ ШЫҒЫСТАРЫ (жалғасы)****БМТ АҚГБ**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ БМТ АҚГБ-ға қатысты ӨКЖБҚ әдісін пайдалана отырып 12.583 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану залалын таныды. Құнсыздану постболжамды кезеңде мұнайды тасымалдау көлемінің азаюынан туындаған. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БМТ АҚГБ өтелетін құны оның баланстық құнынан асты.

13. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**Қаржылық кіріс**

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	86.067	99.274
Шығарылған қаржылық кепілдіктердің амортизациясы	6.497	1.974
Пайыздық кірістің барлығы	92.564	101.248
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар бойынша дисконт (24-ескертіле)	11.002	7.781
Облигацияларды сатып алудан болған пайда (24-ескертіле)	927	-
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (24-ескертіле)	-	111.476
Едәуір түрлендіруге орай шығарылған қаржылық кепілдіктер бойынша есептен шығару	-	13.573
Басқа	5.260	6.802
	109.753	240.880

Қаржылық шығындар

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық шығыс	239.855	235.728
Жалдау шарттары бойынша пайыздық шығыс	3.438	3.916
Мұнайды жеткізу шарты бойынша пайыздық шығыс	-	19.541
Пайыздық шығыстың барлығы	243.293	259.185
Облигацияларды сатып алғаны үшін сыйақы (24-ескертіле)	21.057	-
Активтердің, экологиялық міндеттемелер мен басқа да резервтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы (25-ескертіле)	13.373	13.819
Ақтуарлық міндеттемелер бойынша дисконт (25-ескертіле)	3.605	3.559
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	-	11.341
Басқа	16.223	29.529
	297.551	317.433

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІСІЗДЕР (жалғасы)

14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша	1.081.676	787.813	1.550.680	263.204	394.602	116.561	44.124	275.986	4.514.646
Есептілік валютасын қайта есептеу	(2.749)	(173)	(1.115)	(306)	374	(314)	(50)	-	(4.333)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	13.006	12.156	-	27	-	-	19	-	25.208
Түсімдер	48.725	6.370	794	10.615	11.190	5.076	6.400	345.236	434.406
Есептен шығару	(24.598)	(2.161)	(4.100)	(15.970)	(7.534)	(3.455)	(7.200)	(1.088)	(66.106)
Тозу бойынша шығыстар	(85.565)	(28.859)	(121.306)	(17.969)	(37.832)	(11.608)	(10.601)	-	(313.740)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану (құнсыздану)/құнсыздануды қалпына келтіру (12-ескертпе)	14.198	1.794	4.039	11.148	7.085	3.141	6.733	325	48.463
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтерден/(ге) аударымдар	(4.911)	228	(86.946)	(5.277)	(31.068)	(13.140)	(1.057)	(2.311)	(144.482)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударым	18	-	(81)	(10.610)	(18.390)	(6.493)	(65)	-	(35.621)
Қорлардан/(ға) аудару, нетто Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (15-ескертпе)	215	-	-	16.314	144	-	2.356	(39)	18.990
Материалдық емес активтерден (ге) аудару (16-ескертпе)	35	(35)	4.435	1	362	13	666	3.295	8.772
Аударымдар және қайта жіктеулер	1.743	-	-	-	-	-	-	1.024	2.767
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271
Бастапқы құн	2.032.972	1.028.456	2.408.000	568.723	841.626	226.215	222.426	336.772	7.665.190
Жинақталған тозу және құнсыздану	(983.209)	(224.739)	(1.026.339)	(268.068)	(383.815)	(128.578)	(116.140)	(50.031)	(3.180.919)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта еңдеу активтері	Ғимараттар мен құрылыстар		Көлік құралдары	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
				Мұнай-газ активтері	Қайта еңдеу активтері				
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271
Есептілік валютасын қайта есептеу	50.582	3.992	39.281	6.928	3.404	2.973	7.033	15.034	129.227
Есепті бағалаудағы өзгерістер	6.785	5.914	-	28	-	-	-	-	12.727
Түсімдер	4.738	1.967	2.176	4.455	6.901	5.439	2.561	404.519	432.756
Есептен шығару	(17.138)	(18.212)	(10.829)	(4.412)	(4.135)	(1.887)	(2.783)	(2.533)	(61.929)
Тозу бойынша шығыстар	(109.846)	(29.297)	(119.746)	(19.746)	(37.922)	(11.085)	(11.163)	-	(338.805)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	13.876	1.893	10.364	3.352	4.007	1.720	2.521	1.356	39.089
Құнсыздану (12-ескертіле)	(37.887)	(731)	(155.544)	(5.101)	(1.366)	(11.766)	(1.750)	(6.768)	(220.913)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар	-	-	(834)	(14.777)	(71.856)	(86)	(228)	(1.400)	(89.181)
Қорлардан(ға) аудару, нетто Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (15-ескертіле)	42	(28)	1.619	-	264	(54)	532	2.541	4.916
Материалдық емес активтерге аударымдар, нетто (16-ескертіле)	67	-	-	-	-	-	-	-	67
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар	-	-	(96)	-	-	-	(619)	(2.558)	(3.273)
Аударымдар және қайта жіктеулер	122.633	39.542	23.058	(19.207)	96.713	1.770	9.557	(330.800)	(19.207)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745
Бастапқы құн	2.232.770	1.063.532	2.537.233	591.757	880.230	235.520	244.801	422.492	8.208.335
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.149.155)	(254.775)	(1.366.123)	(302.056)	(426.409)	(150.859)	(132.854)	(56.360)	(3.838.590)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	1.083.615	808.757	1.171.110	289.702	453.821	84.661	111.947	366.132	4.369.745

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)****Түсімдер**

2020 жыл үшін аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен ӨМГ, ЭМГ және Қарашығанак ұңғымаларын 148.593 миллион теңге жалпы сомаға бұрғылауға, және «Бейнеу-Бозой-Шымкент және Бұқара-Орал» жобаларының шеңберінде 113.844 миллион теңге сомаға ҚТГ-да компрессорлық станцияларды салуға және ҚТО-да 43.247 миллион теңге сомаға «Бозой жер асты резервуарын қайта құру», «Прорва-Күлсары» мен «Өзен-Атырау-Самара» құбырларын ауыстыру және 51.617 миллион теңге сомаға Rompetrol Rafinare өндірістік кешенді жөндеу жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**24. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Ковенанттар**

Топ несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай Топ қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

Шетелдік функционалдық валютамен таза инвестицияларды хеджирлеу

2020 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген кейбір қарыздар Топтың АҚШ долларына қатысты валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2020 жылы 205.725 миллион теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан болған залал (2019 жыл: 10.332 миллион теңге мөлшерінде бағамдық айырмадан түскен кіріс) басқа да жиынтық кірістің құрамына қайта жіктеліп, шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден болған кіріске немесе залалға қарсы есепке алынды.

Хеджирлеу объектісі мен хеджирлеу құралы арасында экономикалық өзара байланыс бар, өйткені таза инвестиция валюталық тәуекелді тудырады, әрі ол АҚШ долларындағы несие бойынша валюталық тәуекелге сайма-сай келеді. Топ 1:1 хеджирлеу коэффициентін белгіледі, өйткені хеджирлеу құралының базалық тәуекелі хеджирленетін тәуекелдің құрамдасына ұқсас келеді. Хеджирлеудің тиімсіздігі шетелдік еншілес компанияға салынған инвестициялардың сомасы тиянақталған мөлшерлемесі бар алынған қарыздардың сомасына қарағанда аз болғанда туындайды. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына хедждің тиімсіз бөлігі болмады.

25. РЕЗЕРВТЕР

Миллион теңгемен	Активтер- дің шығуы бойынша міндет- темелер	Экология- лық міндет- темелер	Резерв Салықтар бойынша	Газды тасымал- дау резерві	Жұмыс- керлердің сыйақы- лары бойынша міндет- темелер	Басқалары	Жиыны
2018 жылғы							
31 желтоқсанға резерв	116.236	62.978	20.334	28.083	47.479	53.158	328.268
Есептілік валютасын қайта есептеу	(83)	(167)	(13)	(118)	-	69	(312)
Бағалаудағы өзгеріс	25.990	(7)	-	-	-	50	26.033
Дисконт сомасына ұлғайту (13-ескертпе)	10.005	3.670	-	-	3.559	144	17.378
Бір жылғы резерв	4.618	2.888	4.393	-	11.568	40.473	63.940
Қалпына келтіру	(208)	(4.490)	(5.865)	-	-	(18.116)	(28.679)
Резервті пайдалану	(2.164)	(4.526)	(1.147)	-	(3.547)	(16.677)	(28.061)
Аударымдар және қайта жіктеулер	-	-	482	-	-	(1.922)	(1.440)
2019 жылғы							
31 желтоқсанға резерв	154.394	60.346	18.184	27.965	59.059	57.179	377.127
Есептілік валютасын қайта есептеу	2.258	3.706	(1)	2.801	922	5.370	15.056
Бағалаудағы өзгеріс	13.049	(1.421)	-	-	-	(3)	11.625
Дисконт сомасына ұлғайту (13-ескертпе)	11.001	2.242	-	-	3.605	130	16.978
Бір жылғы резерв	886	5.454	722	-	13.099	15.857	36.018
Қалпына келтіру	(1.189)	-	(1.451)	-	-	(5.041)	(7.681)
Резервті пайдалану	(664)	(5.326)	(7.019)	-	(6.767)	(62.958)	(82.734)
2020 жылғы							
31 желтоқсанға резерв	179.735	65.001	10.435	30.766	69.918	10.534	366.389

Газды тасымалдау резерві Топтың PetroChina International Co. Ltd («PetroChina») шығындарын өтеу міндеттемелеріне жатады. Газды қарызға алу туралы келісімге сәйкес Топтың PetroChina алдында газды қарызға алуына және оны қайтару процесінің жүзеге асырылуына орай PetroChina көтерген шығыстар мен шығындарды өтеу бойынша міндеттемелері бар.

Елеулі бағалаулар мен пайдаланылған пікірлерді қоса алғанда, едәуір резервтердің толық сипаттамасы 4-ескертпеге қосылған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)**

Ағымдағы және ұзақ мерзімді бөліктер былайша бөлінген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Активтер- дің шығуы бойынша міндет- темелер	Экология- лық міндет- темелер	Резерв салықтар бойынша	Газды тасымал- дау резерві	Жұмыс- керлердің сыйақы- лары бойынша міндет- темелер	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	700	8.094	10.435	30.766	5.691	7.549	63.235
Ұзақ мерзімді бөлік	179.035	56.907	-	-	64.227	2.985	303.154
2020 жылғы							
31 желтоқсанға резерв	179.735	65.001	10.435	30.766	69.918	10.534	366.389
Ағымдағы бөлік	805	7.728	18.184	27.965	6.425	42.431	103.538
Ұзақ мерзімді бөлік	153.589	52.618	-	-	52.634	14.748	273.589
2019 жылғы							
31 желтоқсанға резерв	154.394	60.346	18.184	27.965	59.059	57.179	377.127

26. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 жыл	31 желтоқсан 2019 жыл
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер		
Қызметкерлердің алдындағы берешек	54.741	51.613
Қаржылық кепілдіктер	5.240	5.866
Дивидендтер бойынша берешек	195	354
Басқа	26.264	35.306
	86.440	93.139
Басқа да ағымдағы қаржылық емес міндеттемелер		
Шарттық міндеттемелер	117.956	184.362
Басқа	11.065	25.515
	129.021	209.877
Басқа да ағымдағы қаржылық және қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	215.461	303.016
Сауда кредиторлық берешек	536.922	667.861

Сауда кредиторлық берешек келесі валюталарда 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 жыл	31 желтоқсан 2019 жыл
Теңге	249.108	328.538
АҚШ доллары	221.097	280.742
Румын леясы	44.457	42.740
Еуро	6.558	3.196
Басқа валюталар	15.702	12.645
Жиыны	536.922	667.861

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек пен басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 жыл	31 желтоқсан 2019 жыл
ҚҚС	90.883	19.376
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	10.147	19.037
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	10.054	29.586
Жеке табыс салығы	5.746	6.135
Әлеуметтік салық	5.691	4.639
Акциздер	2.239	2.163
Резидент емес үшін төлем көзінен ұсталатын салық	1.556	1.873
Басқа	3.947	3.857
	130.263	86.666

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

2020 жылғы 31 желтоқсанға 70.301 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем (2019 жылы: 54.517 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді. 2020 жылғы 31 желтоқсанға 8.967 миллион теңге сомадағы табыс салығы бойынша міндеттемелер (2019 жылы: 13.011 миллион теңге) негізінен корпоративтік табыс салығын білдіреді.

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мынаны қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Ағымдағы табыс салығы		
Корпоративтік табыс салығы	73.499	146.658
Үстеме пайда салығы	(194)	11.291
Дивидендтер мен сыйақылардың кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	9.416	12.893
Мерзімі ұзартылған табыс салығы		
Корпоративтік табыс салығы	546	(1.999)
Үстеме пайда салығы	(2.985)	(4.904)
Дивидендтердің кірістері бойынша төлем көзінен ұсталатын салық	26.021	62.241
Табыс салығы бойынша шығыстар	106.303	226.180

Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2020 және 2019 жылдары 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2020	2019
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	278.200	1.384.631
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	–	6
Табыс салығының мөлшерлемесі	20%	20%
Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары	55.640	276.926
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	(76.218)	(103.138)
Есептен шығарылмайтын басқа да салық салынбайтын кірістер мен шығыстар	49.874	36.913
Үстеме пайда салығы	(3.179)	6.387
Корпоративтік табыс салығының түрлі мөлшерлемелерінің әсері	30.039	13.047
Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгерістер	50.147	(3.955)
Табыс салығы бойынша шығыстар	106.303	226.180

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Есепті күндерге шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін негіздеме аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген мерзімі ұзартылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

Миллион теңгемен	2020				2019			
	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем кезінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем кезінен ұсталатын салық	Жиыны
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер								
Негізгі құралдар	35.848	-	-	35.848	34.880	-	-	34.880
Кейінге шегерілген салық шығындары	591.813	-	-	591.813	556.446	-	-	556.446
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	5.342	-	-	5.342	5.182	82	-	5.264
Қаржы активтерінің құнсыздануы	13	-	-	13	11	-	-	11
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттеме	4.296	-	-	4.296	4.572	256	-	4.828
Басқа	52.186	-	-	52.186	51.985	3.893	-	55.878
Минусы: мерзімі ұзартылған салық бойынша танылмаған активтер	(582.261)	-	-	(582.261)	(532.114)	-	-	(532.114)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(48.647)	-	-	(48.647)	(50.721)	(758)	-	(51.479)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	58.590	-	-	58.590	70.241	3.473	-	73.714
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер								
Негізгі құралдар	179.394	392	-	179.786	191.989	7.608	-	199.597
Бірлескен кәсіпорынның бөлінбеген пайдасы	-	-	419.083	419.083	-	-	356.581	356.581
Басқасы	5.672	-	-	5.672	4.763	-	-	4.763
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(48.647)	-	-	(48.647)	(50.721)	(758)	-	(51.479)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	136.419	392	419.083	555.894	146.031	6.850	356.581	509.462
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	77.829	392	419.083	497.304	75.790	3.377	356.581	435.748

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын табыс салығы арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Мерзімі ұзартылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарасты қолданылатын мерзімі ұзартылған салық активі құпталады. Мерзімі ұзартылған салық активтерінің азаюы мүмкін, егер олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылса. 2020 жылдың 31 желтоқсанына танылмаған мерзімі ұзартылған салық активтері негізінен 582.261 миллион теңге (2019 жылы: 532.114 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалдарына жатады.

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық залалдары салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелердегі/(активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

	2020				2019			
	Корпора- тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем кезінен ұсталатын салық	Корпора- тивтік табыс салығы	Жиыны	Үстеме пайда салығы	Төлем кезінен ұсталатын салық	Жиыны
<i>Миллион теңгемен</i>								
1 қаңтарға мерзімі ұзартылған міндеттеме сальдосы, нетто	75.790	3.377	356.581	77.856	435.748	8.281	295.580	381.717
Есептілік валютасын қайта есептеу	1.601	-	36.481	1.112	38.082	-	(1.240)	(128)
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кіріс)	546	(2.985)	26.021	(1.999)	23.582	(4.904)	62.241	55.338
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық кірісі	(108)	-	-	(1.179)	(108)	-	-	(1.179)
31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған міндеттеме сальдосы, нетто	77.829	392	419.083	75.790	497.304	3.377	356.581	435.748

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ****Байланысты тараптармен операциялардың шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша КНЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша КНЗ айқындау үшін қолданылатын КНЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Мына кесте байланысты тараптармен 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2020	402.272	5.921	-	45.192
	2019	327.597	6.168	-	52.843
Қауымдасқан компаниялар	2020	4.345	3.541	-	-
	2019	56.331	3.814	-	-
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2020	4.116	113	126.443	273.695
	2019	6.381	712	192.548	269.335
БК	2020	357.832	246.555	-	-
	2019	519.351	217.027	-	-

Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі*Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар*

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялардың берешегі, негізінен, КНЗ резервін шегере отырып, Самұрық-Қазына 17.265 миллион теңге сомаға шығарған облигациялармен (2019 жылғы 31 желтоқсан: 16.241 миллион теңге) (21-ескертпе) және КНЗ резервін шегере отырып, Самұрық-Қазына 379.159 миллион теңге сомаға берген қаржылай көмекпен білдірілген (2019 жылғы 31 желтоқсан: 307.568 миллион теңге) (23-ескертпе)

БК

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БК берешегі, негізінен 172.151 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 202.669 миллион теңге) мөлшерінде БШГ-ға, 96.958 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 110.172 миллион теңге) сомада ПКОП-қа, 41.066 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 48.752 миллион теңге) сомада УГЛ-ға берілген қарызбен және ТШО-ға шикі мұнай мен сұйытылған газды сатып алу-сату шарты бойынша 16.094 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 92.435 миллион теңге) сомаға төленген аванстармен білдірілген.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БК берешегі, негізінен 47.821 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 95.908 миллион теңге) сомада БШГ-ға және 36.625 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 39.323 миллион теңге) сомада АГП-қа газды тасымалдау үшін кредиторлық берешекпен, 54.985 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 30.477 миллион теңге) сомада КРГ-ға газды және ТШО-ға 67.578 миллион теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: нөл) сомаға шикі мұнайды жеткізу үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)****Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер***Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар*

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер, негізінен, Компания нарықтық мөлшерлеме бойынша 300 миллион АҚШ доллары (баламасы 126.273 миллион теңге) сомада орналастырған депозитпен білдірілген (2019 жылғы 31 желтоқсан: 500 миллион АҚШ доллары немесе 192.547 миллион теңге).

2021 жылғы 1 ақпанда Компания 100 миллион АҚШ доллары (баламасы 42.422 миллион теңге) сомаға депозитті қайтарды.

Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек*Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар*

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар АМӨЗ, ПМХЗ және ҚТГ ҚДБ-дан 273.695 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2019 жылғы 31 желтоқсан: 269.335 миллион теңге) (24-ескертпе).

Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша төлемдер

2020 жылы Топ ПКОП-қа 24.588 миллион теңге және тиісінше 5.492 миллион теңге сомаға (2019: 21.995 миллион теңге және тиісінше 7.954 миллион теңге), БШГ-ға 48.133 миллион теңге және тиісінше 9.336 миллион теңге (2019: 25.661 миллион теңге және тиісінше 6.327 миллион теңге) сомаға берілген қарыз бойынша негізгі борыш пен пайыздарды өтеуден төлемдер, сондай-ақ КТК-ға 9.596 миллион теңге (2019: 12.656 миллион теңге) сомаға және «Қазақстандық Вексель» бойынша 37.847 миллион теңге (2019: 47.663 миллион теңге) сомаға пайыздарды өтеуден төлемдер алды (23-ескертпе).

Мәмілелер бойынша айналымдар

Мына кестеде байланысты тараптармен 2019 және 2020 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

<i>Миллион теңгемен</i>		Сату байланысты тараптарға	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан сыйақы	Байланысты тараптарға сыйақы
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2020	13.793	24.316	30.055	2.293
	2019	42.250	20.030	24.054	2.841
Қауымдасқан компаниялар	2020	21.000	24.710	2.740	–
	2019	19.565	40.930	8.892	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2020	42.880	18.765	12.035	26.567
	2019	7.149	3.540	1.300	20.728
Бірлескен кәсіпорындар	2020	322.894	1.128.533	31.397	4.763
	2019	307.075	1.511.600	43.324	11.183

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу*БК*

2020 жылы БК-ға сату негізінен ТШО 34.399 миллион теңге (2019: 64.246 миллион теңге) сомада көрсеткен көлік-жүк қызмет көрсетумен, БШГ-ға 43.667 миллион теңге (2019: 32.696 миллион теңге) сомаға компрессорлық станцияны сатумен (14-ескертпе), Маңғыстау МұнайГазға, МИБВ еншілес ұйымына 53.591 миллион теңге және тиісінше 72.251 миллион теңге сомаға (2019: 59.235 миллион теңге және тиісінше 79.281 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2020 жылы БК-дан сатып алу, негізінен, ТШО-дан 687.896 миллион теңге (2019: 1.131.890 миллион теңге) сомаға шикі мұнайды сатып алумен, БШГ-ға 201.524 миллион теңге (2019: 172.894 миллион теңге) сомаға және АГП-ға 106.160 миллион теңге (2019: 97.904 миллион теңге) сомаға көрсетілген көлік қызметтерімен білдірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)****Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 8.159 миллион теңгені және 11.399 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы Топ қызметінің операциялық нәтижелеріне негізделген келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және несиелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топтың негізгі қаржы құралдарына негізінен қарыздар, ақша қаражаты, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек және басқа да қаржы активтері мен міндеттемелері кіреді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалдарды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

<i>Миллион теңгемен</i>	АҚШ долларының айырбас бағамының ұлғаюуы/азаяуы	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2020 жыл	+14% (11%)	(335.219) 263.387
2019 жыл	+12% -9%	(291.448) 218.586

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі (жалғасы)*

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаяу	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2020 жыл	+1,00	(6.835)
ЛИБОР	-0,25	1.709
2019 жыл	+0,35	(2.419)
ЛИБОР	-0,35	2.419

Несиелік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несие шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері *13-ескертілгенде* ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топта несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты несиелік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

%	31 желтоқсанға	
	2020	2019
AA- to A+	12%	27%
A to A-	30%	8%
BBB+ to BBB-	16%	22%
BB+ to BB-	41%	39%
B+ to B-	1%	4%

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын құн бойынша жедел сатудың мүмкін еместігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Келесі кестеде 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

<i>Миллион теңгемен</i>	Талап еткенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан аспайтын	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан артық, бірақ 5 жылдан астам емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	64.664	15.128	449.943	1.699.247	4.607.751	6.836.733
Сауда кредиторлық берешек	208.648	318.195	10.079	–	–	536.922
Қаржылық кепілдіктер**	–	16.339	48.734	172.619	313	238.005
Жалдау бойынша берешек	395	515	16.061	26.236	20.448	63.655
Басқа да қаржылық міндеттемелер	33.377	23.337	24.486	11.096	54.586	146.882
	307.084	373.514	549.303	1.909.198	4.683.098	7.822.197
2019 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	68.135	15.905	325.822	1.750.799	4.358.675	6.519.336
Сауда кредиторлық берешек	255.550	368.492	43.819	–	–	667.861
Қаржылық кепілдіктер**	–	15.953	43.699	207.850	626	268.128
Жалдау бойынша берешек	4.922	204	5.795	26.026	10.419	47.366
Басқа да қаржылық міндеттемелер	13.249	8.391	8.570	8.207	1.901	40.318
	341.856	408.945	427.705	1.992.882	4.371.621	7.543.009

* Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2020 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 7.175 миллион теңгені құрады (2019 жылғы 31 желтоқсан: 2.683 миллион теңге).

** Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақшаның кетуі белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2020 және 2019 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклі болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Нарықтық тәуекел (жалғасы)****Капиталды басқару (жалғасы)**

Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (24-ескертіне), минус ақша қаражаты мен оның баламалары (22-ескертіне), қысқа мерзімді банк депозиттері (17-ескертіне) мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (23-ескертіне).

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Ағымдағы жылы. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (24-ескертіне).

<i>Миллион теңгемен</i>	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	4.078.448	3.837.504
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	1.428.336	1.423.956
Таза берешек	2.650.112	2.413.548
Капитал	8.636.679	8.196.656
Капитал және таза берешек	11.286.791	10.610.204

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**30. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

Қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүлігінің баланстық құны, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болды:

Миллион теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан				2019 жылғы 31 желтоқсан					
	Ағым- дағы құн	Әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Ағым- дағы құн	Әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	17,265	16,916	-	16,916	-	16,241	18,835	-	18,835	-
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар, БК-дан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	557,116	538,063	-	372,823	165,240	510,002	506,868	-	304,422	202,446
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	3,394,958	4,103,404	3,640,931	462,473	-	3,146,477	3,576,082	3,172,400	403,682	-
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	683,490	699,509	-	699,509	-	691,027	714,271	-	714,271	-
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	14,910	15,464	-	-	15,464	20,189	20,189	-	-	20,189

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

1-деңгей – ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;

2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;

3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-ші деңгей мен 2-ші деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-3-ші деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар, БК-дан алынуға жататын жалдау бойынша берешек	Үлестік бағалау әдісі		Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	
	2020	2019	2020	2019
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	7,54-9,9%	4,5-9,1%	7,54-9,9%	4,5-9,1%
	4,9%	4,1%	4,9%	4,1%

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР****Операциялық орта**

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

Салық салу

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдеріндегі алшақтықтар. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2020 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2020 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге не және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. *Трансферттік баға белгілеу туралы заң* (бұдан әрі – Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, кол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

ЭМГ-ны экологиялық тексеру

2018 жылы ҚР уәкілетті органдары ЭМГ-ға 2017 жылғы қараша мен 2018 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде үш экологиялық тексеруді жүргізді, соның нәтижелері бойынша ЭМГ жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану талаптарын бұзуы салдарынан келтірген шығынды төлеу туралы хабарламаны алды.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұл тексерулер бойынша резерв 26.070 миллион теңге болды. 2019 жылы ЭМГ 10.420 миллион теңге мөлшерінде бұрын төлеген сомаларды қайтаруға өтініш берді және резервті осы сомаға ұлғайтты. Бұл ретте, уақтылы төлемегені үшін айыппұлдарды болдырмас үшін, ЭМГ 6.472 миллион теңге төледі. Сондай-ақ 2019 жылы соттың есептелген экологиялық шығын сомасын азайту туралы шешімінің негізінде ЭМГ 25.433 миллион теңге мөлшерінде танылған сомаларға түзетпе жазба жасады. Нәтижесінде, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша экологиялық шығынды төлеу резерві 4.585 миллион теңге болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Салық салу (жалғасы)*****ЭМГ-ны экологиялық тексеру (жалғасы)***

2020 жылдың ішінде ЭМГ 658 миллион теңге сомаға резервке түзетпе жазба жасады, нетто және 3.364 миллион теңге сомаға төлем жасады. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резерв 563 миллион теңге болды.

АМӨЗ-ге 2015-2017 жылдары кешенді салықтық тексеру

2020 жылғы 15 желтоқсанда АМӨЗ 2015-2017 жылдар үшін кешенді салықтық тексеру нәтижелерін алды, соған сай ҚҚС бойынша қосымша есептеулер сомасы, ҚҚС пен өсімпұлды қоса алғанда, 9.257 миллион теңге болды, сондай-ақ ауыстырылатын шығындардың азаю сомасы 29.026 миллион теңге болды. АМӨЗ салықтық тексеру нәтижелерімен келіспеді және 2021 жылғы 28 қаңтарда ҚР Қаржы министрлігіне тиісті шағымын жіберді. Топ салықтарды қосымша есептеу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл тексеру бойынша резервті мойындамады.

КМГ Дриллингтің Консорциуммен дауды түпкілікті реттеу туралы бітімгерлік келісімге қол қою

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КМГ Дриллинг компаниялар Консорциумымен («Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС және «Caspian Offshore and Marine Construction» ЖШС) өзін-өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғысын (ӨКЖБҚ) салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу 2012 жылғы 5 шілдедегі шарттан туындайтын мәселелер бойынша арбитраждық сот істеріне қатысты 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 90 миллион АҚШ доллары (баламасы 34.132 миллион теңге) мөлшерінде резервті есептеді (*11-ескертпе*).

2020 жылғы 15 шілдеде КМГ Дриллинг пен Консорциум дауды реттеу сомасын 0,4 миллион АҚШ долларына елеусіз ұлғайта отырып дауды түпкі реттеу туралы келісімге қолдарын қойды.

2020 жылғы 17 қарашада КМГ Дриллинг 90,4 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (транзакцияның күніне айырбастау бағамы бойынша баламасы 38,821 миллион теңге) дауды реттеудің барлық сомасын төледі. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл сот ісі аяқталды.

КМГИ-дегі азаматтық сот ісін реттеу

2019 жылғы 5 желтоқсанда Румынияның Прокуратурасы талап қоюдың ескіру мерзімінің аяқталуына орай Румынияның Үкіметі мен КМГИ арасындағы қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны қабылдады.

Румыния Прокуратурасының көрсетілген қаулысына келесі үш талапкерден шағымдар түсті:

- 1) Румынияның жекешелендіру агенттігі КМГИ-дың 2013-2014 жылдары 30 миллион АҚШ долларына Петромидия мен Вега зауыттарының міндеттемелері бойынша пост-жекешелендіру талаптарын лайықты орындауы бөлігінде;
- 2) Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – «Faber»), КМГИ еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесінің иесі, 55 миллион АҚШ долларына Rompetrol Rafinare S.A. акционері ретінде КМГИ шешімдерінің бірқатарын даулау бөлігінде;
- 3) КМГИ бұрынғы директоры Стефенсон Джордж Филипп мырзадан.

2019 жылғы 27 желтоқсанда КМГИ қаулыны даулап, істің тоқтатылуын талап етті, бірақ талап қоюдың ескіру мерзімі аяқталды.

2020 жылғы 10 шілдеде Жоғарғы сот түпкі шешімін шығарып, Румыния Прокуратурасының қаулысына барлық шағымдардың күшін жойды.

Дегенмен, Faber алдыңғы істердің бірінің қаралуын жаңғыртты, сол бойынша КМГИ-дың еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta компаниясының жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюы дауланды. Істің тыңдалуы 2020 жылғы 10 қарашада болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. Істің келесі тыңдалуы 2021 жылғы 16 наурызға тағайындалды.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы 2020 жылы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты Топ пайдасына шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2020 жылғы 31 желтоқсанға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Салық салу (жалғасы)***АМӨЗ-де монополияға қарсы заңнаманың ықтимал бұзылуына қатысты сот істерінің аяқталуы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Атырау облысы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің департаменті (бұдан әрі – «Департамент») АМӨЗ-ге қатысты монополияға қарсы тергеуді жүргізді.

2020 жылғы 9 шілдеде Департамент бөгде ұйымның қызметтерін мұнайды қайта өңдеу бойынша өткен жылдардың шарттарына (2016 жылғы қаңтар – 2018 жылғы тамыз) қосу фактісі бойынша тергеу нәтижелерінің қорытындысын шығарды, бұл ҚР бәсекелестік саласындағы заңнамасын бұзу болып табылады.

2020 жылғы 5 тамызда Департамент құқық бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым шығарды және Әкімшілік сотта АМӨЗ-ге қатысты іс қозғады.

АМӨЗ бұл ұйғарымға Азаматтық сотта шағымданды және қосымша, Әкімшілік сот алдында Азаматтық сот шешімді шығарғанға дейін әкімшілік істің қаралуын тоқтата тұру туралы өтініш білдірді. Әкімшілік сот бұл өтінішхатты қабылдады.

2020 жылғы 10 қыркүйекте Азаматтық сот Департаменттің ұйғарымын заңсыз деп тану туралы шешімді шығарып, бұл істің қаралуын аяқтады. Бұл шешімге Департамент Апелляциялық сотқа шағымданды, бірақ 2020 жылғы 24 қарашада Апелляциялық сот шешімді АМӨЗ пайдасына шығарды. Сол екі арада, 2020 жылғы 19 қазанда Әкімшілік сот әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына орай АМӨЗ-ге қатысты әкімшілік істі тоқтату туралы шешімді шығарды. Осылайша, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл сот ісі Топ пайдасына аяқталды.

ҚР-мен Табысты мұнай-газ шикізатын бөлу пропорциясын есептеуге қатысты даулар (Қарашығанақ)

Қарашығанақтың Өнімді бөлу туралы Түпкі Келісіміне (ӨБТК) сай Қарашығанақ жобасының табысты өнімін бөлу амалы Объективтілік индексінің тетігімен реттеледі. 2014 жылдың екінші тоқсанында Қарашығанақ жобасының экономикасы Объективтілік индексі бойынша триггер «іске қосылған» деңгейге дейін жетті және табысты өнім үлесін бөлу пропорциясы (profit oil) ҚР пайдасына өзгерді.

Сонымен бірге, 2014 жылғы 20 тамыздан бастап ҚР Экономика министрлігі тоқсан сайын ӨБТК қатысушы – Мердігерлік компанияларға (Мердігерлік компаниялар) Табысты мұнай-газ шикізатын бөлу пропорциясын есептеуге қатысты келіспеушілігі жайлы хабарлап отырды.

2016 жылғы 30 желтоқсанда ҚР мен Мердігерлік компаниялардың арасында заңгерлік тұрғыдан міндеттемейтін Өзара түсіністік туралы меморандум жасалды.

2020 жылғы 17 шілдеде ҚР мен Мердігерлік компаниялардың арасында Табысты мұнай-газ шикізатын лайықты түрде есептеуге қатысты дауды реттеу туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімде Қарашығанақты қаржылық салымды төлеуден және арбитраж шығындарын өтеуден босату туралы ережелер бекітілген. 2020 жылғы 11 желтоқсанда ҚР мен Мердігерлік компаниялар арасында Дауды тоқтату туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, бұл дау тоқтатылып, Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелері жоқ.

Өтелетін шығындарды тексеру

Өнімді бөлу туралы келісімінің («ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксклюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді, бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану ауданына құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өңделген көмірсутектердің барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі болып табылады. Жұмыстар өтемақы негізінде жүзеге асырылды. Бұл ретте, Үкімет мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК-ге сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың барлығы өтеле бермейді. Өтеуге кейбір шығындарды уәкілетті органдар бекітуі қажет. Уәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген өтелетін шығындарды тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі, Топтың бірлескен кәсіпорын міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, 1.078 миллион АҚШ долларын құрады (есепті күнге баламасы 453.641 миллион теңге) (2019 жыл: 1.052 миллион АҚШ доллары, есепті күнге баламасы 402.474 миллион теңге). Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2020 жылы, өз міндеттемелеріне сәйкес, Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың ішкі нарыққа жеткізудегі үлесін қоса алғанда, Топ 6.401 тонна (2019 жылы: 6.224 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелер

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
Жыл		
2021	254.859	37.884
2022	94.841	3.625
2023	6.774	3.671
2024	5.003	2.994
2025-2048	5.448	32.221
Жиыны	366.925	80.395

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2020 жылғы 31 желтоқсандағы қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың БК міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 8,2 миллион тонна болды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 12,8 миллион тонна).

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың БК міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы 196.531 миллион теңге (2019 жыл: 335.609 миллион теңге) болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (бұдан әрі – «ТМРК») бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 232.136 миллион теңге (2019 жыл: 78.677 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

Инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде КТО мен ККТ-ның орындалмаған келісімшарттық міндеттемелері

КТО мен ККТ алдыңғы жылдардың (2015-2019 жылдар) инвестициялық бағдарламаларының шеңберінде 26.552 миллион теңгеге және тиісінше 14.477 миллион теңгеге (Топ үлесі) өз міндеттемелерін орындамады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл сомалар Топ міндеттемелеріне қосылмады, өйткені:

- КТО-ға қатысты, орындалмаған инвестициялық бағдарламаның сомасы, ҚР табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, ТМРК-мен мұнайды ҚР ішкі нарығына айдау бойынша реттелетін қызметке 2021-2025 жылдарға бекітілген тарифте ескерілді;
- ҚҚМ-ға қатысты ТМРК 2020 жылғы қазаннан бастап 2022 жылғы қыркүйекке дейін уақытша өтейтін тарифтерді қолдану туралы шешімді қабылдады, бірақ ҚҚМ бұл шешімді сотта даулайды. 2020 жылғы 23 желтоқсанда ККТ сот ісін жеңіп алды. Дегенмен, 2021 жылғы 26 қаңтарда ТМРК шешімге шағымдану туралы өтініш берді. ҚР заңнамасына сәйкес орнын толтыратын тарифтердің қолданылуы түпкілікті сот шешімі қабылданғанға дейін тоқтата тұрылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**31. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)****Қаржылық емес кепілдіктер**

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның еншілес ұйымдарының, БК мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2020 жылғы 31 желтоқсанға Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

32. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Самұрық-Қазынаның бөлуі (24-ескертпе)	-	-	-	-	(6.194)	(6.194)	-
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	-	-	-	-	(14.184)	(14.184)	-
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу (24-ескертпе)	-	-	-	-	(1.991)	(1.991)	(473)
Акцияларға иелік ету үлесін өзгертпестен жарғылық капиталға жарна	-	-	-	-	-	-	1.908
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	40.794	83	1.731.747	5.469.236	8.158.401	38.255

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

Бас бухгалтер

Д.С. Қарабаев

А.Ж. Бекназарова

Е.Е. Орынбаев

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания», «ҚазМұнайГаз» немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 Қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ Ұлттық мұнай-газ компаниясы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қазақойл» ҰМК) мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясының (бұдан әрі мәтін бойынша – «МГК») қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері ҚазМұнайГазға берілді. 2004 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ (бұдан әрі «Самұрық») болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қорымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚР Ұлттық Банкі») Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 10%-ын және бір акциясын сатып алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 54 операциялық компанияда (2018 жылы: 57, 2017 жылы: 52) қатысу үлесі болды (бұдан әрі мәтін бойынша – «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында мемлекеттің саясатына қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (33-ескертіне).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры, Басқарушы директоры - қаржы бақылаушысы және Бас бухгалтері 2020 жылғы 5 наурызда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті білдіру валютасының бірлігін мыңнан миллионға өзгертті, өйткені Топ бұл амал шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша орынды болып табылады деп есептейді.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың мұндай шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Сәйкестік туралы мәлімдеме (жалғасы)**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылған.

Шетел валютасын қайта есептеу*Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады («функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Операциялар мен шоттардың сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтін жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ-ның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңгені құрады. Бұл бағам 2019 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін қолданылды (2018 жылы: 1 АҚШ доллары үшін 384,20 теңге, 2017 жылы: 332,33). ҚҚБ 2020 жылғы 5 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 380,53 теңгені құрады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2019 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ «Жалдау» 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылы алғаш рет қолданды. Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген. Сондай-ақ Топ алғаш рет 2019 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып қолданды. Бұл әдіске сай стандарт бастапқы мойындау күніне стандартты бастапқы қолданудың жалпы әсерін мойындай отырып ретроспективті түрде қолданылады. Стандартқа өту кезінде Топ бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ақ Топ солар бойынша жалдаудың басталу күні мен стандартты алғаш рет қолдану күніне жалдау мерзімі 12 айдан артық мерзімді құрайтын және сатып алуға арналған опционды (қысқа мерзімді жалдау) қамтымайтын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ соларда базалық активтің төмен құны бар (құны төмен активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті, құнсыздану мәніне тексеруге балама ретінде алғаш рет қолдану күніне дейін тікелей жалдау шарттарының ауыртпалық сипатына талдауды пайдаланды және егер шартта жалдауды ұзартуға немесе тоқтатуға опцион қамтылса, жалдау мерзімін айқындау кезінде өтіп кеткен күнмен пайымдауды пайдаланды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың 2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке әсері:

<i>Миллион теңгемен</i>	1 қаңтарға 2019 жылғы
Активтер	
Негізгі құралдар (15-ескертпе)	(524)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	44.398
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар	(2.364)
Активтер жиыны	41.510
Капитал	
Бөлінбеген пайда	(4.268)
Бақыланбайтын қатысу үлесі	(910)
	(5.178)
Міндеттемелер	
Жалдау бойынша міндеттемелер	46.688
Капитал мен міндеттемелер жиыны	41.510

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

(a) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты

Топтың түрлі қондырғыларды, машиналарды, көлік құралдары мен басқа да жабдықты жалдау шарттары бар. 16 ХҚЕС (IFRS) қолданғанға дейін Топ жалдау қатынастарының басталу күніне әрбір жалдау шартын (сол бойынша жалға алушы болған) қаржылық жалдау ретінде немесе операциялық жалдау ретінде жіктеді. Егер Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде берілген болса, жалдау шарты қаржылық жалдау ретінде жіктелді; өйтпеген жағдайда жалдау шарты операциялық жалдау ретінде жіктелді. Қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталдандырылды немесе егер бұл сома аз болса, - ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша. Жалдау төлемдері пайыздар (қаржыландыру шығындары ретінде танылған) арасында бөлінді және жалдау бойынша міндеттемелер азайды. Операциялық жалдау жағдайында жалға алынған мүліктің құны капиталданбады, ал жалдау төлемдері жалдау шығыстары ретінде пайданың немесе зиянның құрамында жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен мойындалды. Барлық аванстық жалдау төлемдері мен есептелген жалдау төлемдері алынған аванстар, сауда кредиторлық берешек және тиісінше басқа да ағымдағы міндеттемелер ретінде танылды.

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді пайдалануды бастады. Топ стандартта көзделген іс жүзіндегі сипаттағы айрықша ауыспалы талаптар мен жеңілдіктерді қолданды.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін Топ бастапқы мойындау күніне мойындалған активтер мен міндеттемелердің бастапқы баланстық құнын өзгертпеді (яғни жалдау бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен міндеттемелер 17 ХҚЕС-ті (IAS) қолдана отырып танылған жалдау бойынша активтердің және жалдау бойынша міндеттемелердің көлеміне тең сомда бағаланды). 16 ХҚЕС (IFRS) талаптары мұндай жалдауға 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

(а) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты (жалғасы)

Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Жалдау шарттарының көпшілігі бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер баланстық құны бойынша бағаланды, егер стандарт әрдайым қолданғандай болса, бірақ бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған. Кейбір жалдау шарттарында пайдалану құқығы нысанындағы активтер бұрын мойындалған мұндай жалдауға орай күні бұрын жүзеге асырылған немесе есептелген жалдау төлемдерінің көлеміне түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерге тең көлем бойынша мойындалды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша танылды.

Төменде 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалдау міндеттемелері 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдаудың шарттық міндеттемелерімен салыстырып тексеру көрсетілген:

Миллион теңгемен

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер	71.902
2019 жылғы 1 қаңтарға орташа алынған мөлшерлеме	8,12%
2019 жылғы 1 қаңтарға қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі бойынша дисконт әсері	(20.840)
2019 жылғы 1 қаңтарға операциялық жалдау бойынша дисконтталған шарттық міндеттемелер	51.062
Минусы қысқа мерзімді жалдаумен және құны төмен активтерді жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелер	(4.374)
Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелерді қоса	9.206
2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау бойынша міндеттемелер	55.894

(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде бастапқы мойындалған күннен бастап қолданылған 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топтың жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы актив келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына тікжелілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

(б) *Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)*

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды негізгі құралдарды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

Ұзарту опционымен жасалған шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Топ жалдау мерзімін соларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдермен бірге, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, немесе егер ол орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, соған қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдермен бірге жалдау кезеңі мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын ретінде айқындайды.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді түсіндіреді:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Топ әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру (жалғасы)

Топ пайда салығын есептеу қағидаларына қатысты белгісіздікті анықтау кезінде елеулі пайымдауды қолданады. Топ өз қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асыратындықтан, бұл түсіндіруді қолдану оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ете алатындығын саралады. Түсіндіруді қолдану кезінде Топ трансферттік баға белгілеумен байланысты қандай да бір белгісіз салық түсіндірмесінің бар екендігін саралады. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының түрлі юрисдикциялардағы салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерімен келіспеуі де мүмкін. Топ салық заңнамасының талаптарын орындайтындығын ескере отырып және трансферттік баға белгілеудің қолданылатын практикасын талдауына сүйене отырып, Топ салық органдары қолданатын салық түсіндірмелерінің (оның ішінде оның еншілес ұйымдары қолданатын түсіндірмелер) салық органдарымен қабылдануы ықтимал болып табылады деген тұжырымға келді. Бұл түсіндіру Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы («ақша ағындары» критерийлері) және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан «ақша ағындарының» критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені есепті кезеңде бағдарлама өзгерген жоқ, сол бойынша міндеттемелер қысқарған немесе өтелген жоқ.

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер, ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-те (IFRS) күтілетін несие залалдарының моделі қолданылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (жалғасы)

Сондай-ақ түзетулерде, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса «Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» 28 ХҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың ағымдағы практикасы осы өзгерістерге сәйкес келеді.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жж.

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»

Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс. Ұйым бұл өзгерістерді бизнесті біріктіруге қолданады, әрі солар үшін иемдену күні немесе 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе кейін басталатын алғашқы есепті кезеңнің басталуына немесе кейін келеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі. Ұйым бұл түзетулерді бірлескен бақылау 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе кейін алынған транзакцияларға қолданады, мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілген.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Ұйым 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін басталатын есепті кезеңдер үшін өзгерістерді қолданады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс.

Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

23 ХҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жж. (жалғасы)

23 ХҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар» (жалғасы)

Ұйым 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін басталатын есепті кезеңдер үшін өзгерістерді қолданады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікке әлеуетті әсерді бағалайды. Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап қолдану ниетінде, егер қолданылатын болса.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Сақтандыру шарттары»* 17 ХҚЕС (IFRS) шығарды, ол сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт аттас 4 ХҚЕС (IFRS) стандартын ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кешірек басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Көрсетілген жаңа стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері

2018 жылғы наурызда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздерінің* жаңа редакциясын шығарды. Атап айтқанда, активтер мен міндеттемелердің жаңа анықтамалары және кірістер мен шығыстардың нақтыланған анықтамалары енгізілуде. Құжаттың жаңа редакциясы 2020 жылғы 1 қаңтарға немесе одан кейінгі жылдық кезеңдерден бастап міндетті қолдану үшін күшіне енеді. Көрсетілген жаңа редакция Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Бизнесті біріктіру»* 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзету стандартта айқындалған бизнестің ұғымына нақтылауды енгізеді. Түзету 2020 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін жасалатын бизнесті немесе активтер топтарын сатып алу операциялары үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Түзету ол алғаш рет қолданылған күннен кейін орын алатын операциялар мен басқа да оқиғалардың көрсетілуіне қатысты перспективті түрде қолданылғандықтан, түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді.

«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес *«Қаржылық есептілікті ұсыну»* 1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. 1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын енгізеді. 1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін бастап қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Маңыздылықты айқындауға түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Пайыздық мөлшерлемелер»

2019 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондар реформасы»* деп аталатын *«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету»* 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және *«Қаржы құралдары»* 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Қабылданған түзетулер хеджирлеуді есепке алуға қойылған бірқатар талаптарды орындаудан босатуды білдіреді, олардың орындалуы эталондық пайыздық мөлшерлемені реформалау нәтижесінде туындайтын белгісіздіктің күшіне орай хеджирлеудің есепке алынуының тоқтап қалуына әкеп соқтыра алады. Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)***«Қаржылық есептілікті ұсыну» I ХБЕС-ке (IAS) түзету*

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Қаржылық міндеттемелерді қысқа- және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу» деп аталатын «Қаржылық есептілікті ұсыну» I ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды.* Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ мерзімділер немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

Топ қолданыстағы стандарттарға, соларға қатысты мүмкін болатын жоғарыда көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер бойынша мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жоқ.

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

«ЕСЕП САЯСАТЫ, БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚАТЕЛЕР» 8 ХҚЕС-КЕ (IAS) САЙ ТОП ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН қаржылық есептілікті ұсыну жөніндегі есеп саясатындағы өзгерістерді ерікті түрде қолдануды шешті және жиынтық жылдық кіріс туралы есепті пайда болу табиғатының негізінде және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті ағымдағы жылғы қаржылық ақпараттың ұсынылуын жақсарту үшін жанама әдісті пайдалана отырып ашып көрсетуді және Топтың қаржылық есептілігінің сала бойынша әріптестермен салыстырып тексеруін ұлғайтуды таңдады. Қайта жіктеулер таза пайдаға немесе бір жылғы жиынтық кіріске немесе капиталға әсерін тигізбеді.

Функционалдық ұсынудан пайда болу табиғаты бойынша ұсыну әдісіне өтуге орай *жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер* келесі баптардың қайта жіктелуіне әкеп соқтырды:

Миллион теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін			
		Шығарылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес		Қайта жіктелген	
		2018	2017	2018	2017
Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	[А]	–	–	4.312.958	2.729.514
Өндірістік шығыстар	[Б]	–	–	604.475	624.346
Табыс салығынан басқа салықтар	[С]	–	–	477.732	354.447
Тозу, тауысылу және амортизация	[Д]	–	–	285.186	238.021
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	[А], [Б], [С], [Д]	5.353.492	3.704.457	–	–
Жалпы және әкімшілік шығыстар	[С], [Д]	247.128	200.434	213.485	163.780
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	[С], [Д]	659.447	440.568	370.777	238.063
Басқа да шығыстар	[Д]	24.144	33.596	23.283	34.767
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто	[Д]	3.517	3.815	–	–
Сатуға арналған активтердің құнсыздануы	[Д]	168	68	–	–
		6.287.896	4.382.938	6.287.896	4.382.938

[А] Топ *Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құнын* бөлек баппен көрсетуді шешті.

[Б] *Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құнын қоспағанда, өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің Өзіндік құнының құрамында бұрын көрсетілген басқа баптар біріктіріліп, жиынтық кіріс туралы есептің бөлек бабы ретінде көрсетілді.*

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)**

[С] Топ пайдалы қазбаларды өндіру салығын және табыс салығынан басқа, басқа да салықтарды өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының (2018: 187.606 миллион теңге, 2017: 152.739 миллион теңге), жалпы және әкімшілік шығыстардың (2018: 13.475 миллион теңге, 2017: 13.223 миллион теңге), тасымалдау және өткізу шығыстарының (2018: 276.651 миллион теңге, 2017: 188.485 миллион теңге) құрамынан біріктіруді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетуді шешті. Барлық басқа салықтардың құрамдастары өзгерген жоқ және алдыңғы таныстырылымға сәйкес келеді.

[Д] Топ *Тозуды, таусылуды және амортизацияны* өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының (2018: 248.453 миллион теңге, 2017: 197.858 миллион теңге), жалпы және әкімшілік шығыстардың (2018: 20.168 миллион теңге, 2017: 23.432 миллион теңге), тасымалдау және өткізу шығыстарының (2018: 12.019 миллион теңге, 2017: 14.020 миллион теңге), басқа да шығыстардың (2018: 4.546 миллион теңге, 2017: 2.711 миллион теңге) құрамынан біріктіруді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетуді шешті. Қосымша, *негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан болған залал, сондай-ақ сатуға арналған активтердің Құнсыздануы* Басқа да шығыстарға қайта жіктелді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгеріс

Топ келесі қайта жіктеулерді жасады:

<i>Миллион теңгемен</i>	31 желтоқсан			
	Шығарылған қаржылық есептілікке сәйкес		Қайта жіктелген	
	2018	2017	2018	2017
Өзге ағымдағы міндеттемелер	236.988	202.445	236.163	201.940
Қаржылық кепілдіктер	1.831	1.171	–	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	–	2.656	1.676
	238.819	203.616	238.819	203.616

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті тікелей әдістен жанама әдіске көрсетуде болған өзгеріс ретроспективті түрде қолданылды, сондай-ақ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі қызметінің бірі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына бірлескен кәсіпорындар көмегімен қатысу арқылы бұл келісімшарттарда Мемлекеттің мүдделерін білдіру болғандығын назарға ала отырып, Топ бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивидендтерді операциялық қызметтен болған ақша ағынының құрамында ашып көрсетуді шешті. Бұл тәсіл 7 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес рұқсат етілген.

Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топ инвестициядан ауыспалы әрекетке құқығы болса немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыш келсе және инвестициялар нысанына қатысты өз өкілеттіктерінің салдарынан мұндай әрекетке ықпал ете алса, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды: Топтың инвестициялау нысанына қатысты өкілеттіктердің болуы (яғни инвестициялау нысанының маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); - оптың инвестициядан ауыспалы әрекетке құқықтың болуы немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыштығы; - Топтың инвестициядан ауыспалы әрекетке ықпал ету мақсатында инвестициялау нысанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Топтың инвестициялар нысанына қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді: инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім; басқа келісімдермен негізделген құқықтар; дауыс беру құқықтары және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде Бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Егер шартты өтеу меншікті капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен қайта бағаланады және оны өтеу меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған қатысу үлестерінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)**

Егер гудвил акша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып калса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығында анықтау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен акша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру

Сатып алу күніне сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесі тиісті кірісті немесе шығысты пайданың немесе зиянның құрамында мойындай отырып әділ құнына дейін қайта бағаланады. Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күнгі гудвилді төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан асып түсуі ретінде есептейді:

- (а) сомасы:
- (i) берілген сыйақы, әрі ол әдеттегідей, «Бизнесті біріктіру» 3 ХКЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады;
 - (ii) осы стандартқа сәйкес сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны;
 - (iii) сатып алатын тарапқа бұрын тиесілі болған сатып алу күнге әділ құны сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесінен;
- (б) сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашыны бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Бірлескен операция – бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды мойындайды:

- бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді;
- бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді;
- бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен өз түсімін;
- бірлескен операциялардың өнімін сатудан түскен түсімдегі өз үлесін;
- бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, өз шығыстарын.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

Қауымдасқан компания – соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Бірлескен кәсіпорын – бірлескен қызмет туралы келісім, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Қауымдасқан компанияға және бірлескен кәсіпорынға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алғаннан кейін туындайтын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар нысандарының басқа да жиынтық кірісінің өзгеруі Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залалдар бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы үлестің шегінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындағы / қауымдасқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей кірістер мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол салық салуды және еншілес кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компаниялардағы бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайданы немесе зиянды білдіреді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтінде бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар*Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар*

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасының Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Лицензияларды және мүлікті сатып алу шығындары

Лицензиялар мен мүлікті сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алу шығындарының ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың ағымдағы құны, кен орындардың бөлігінде, барлау бойынша шығындармен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе әзірлеу шығындары ретінде материалдық емес активтерге ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау жасалатын ұңғымаға тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер қорлар табылмаса, барлау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар (жалғасы)***Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар*

Мұндай ниеттер болмағанда активтер шығыстарға есепке жатқызылады. Дәлелденген қорлар анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар құнсыздану тестісінен кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады және құнсыздану залалы танылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірленетін ұңғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында, әзірлеу шығындары ретінде капиталданады.

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен келесі пайдалы қызмет ету мерзімдерінің ішінде тікжелілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимарат және құрылыстар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұңғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге мұнай-газ ресурстарын барлауға арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің қалған есепті мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар немесе мән-жайлар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсызданудан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің өтелетін құны – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: сату шығындарын және активті пайдалану құндылығын шегере отырып, активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) әділ құны. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААТБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады. Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында көрсетіледі.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААЖБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Гудвилді қоспағанда, активтер үшін әрбір есепті күнге құнсызданудан болған бұрын танылған залалдар бұдан былай жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілеріне бағаланады. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің ағымдағы құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылса ағымдағы құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы**

Топ барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- соның ішінде Топ компаниясы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Сату үшін ұсталатын активтер және тоқтатылған қызмет

Сату үшін ұсталатын ретінде жіктелген активтер және шығу топтары кемінде екі мәні бойынша бағаланады – сатуға арналған шығындарды шегергенде ағымдағы құн және әділ құн. Активтер және шығу топтары, егер олардың ағымдағы құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктейді. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады.

Басшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Есепті кезең үшін, сондай-ақ өткен жылдың салыстырмалы кезеңі үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, тіпті егер сатылғаннан кейін Топ еншілес ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтап қалса да, салық салынғаннан кейін пайда деңгейіне дейін төмендей отырып жалғасып отырған қызметтен кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алынады. Нәтиже беретін пайда немесе залал (салықтар шегерілгеннен кейін) жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек ұсынылады.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығару резервтері Топтың құрал-жабдықты немесе тетікті бұзу және ауыстыру бойынша, құрал-жабдық орналасқан учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болғанда, сондай-ақ мұндай резервті ақылға қонымды етіп бағалауға мүмкін болғанда дисконтталған негізде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ сомасы резервтің мөлшеріне баламалы болатын тиісті негізгі құрал мойындалады. Соның салдарынан, осы актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндірістік құралдар мен тасымалдау құралдары бойынша капиталдандырылған шығындар ретінде амортизацияланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару) (жалғасы)**

Есепті мерзімдегі немесе міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық пайданың негізіндегі ресурстардың ағып кету сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болған пайдаланудан шығару бойынша қолдағы резервті бағалаудағы өзгерістер немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс былайша ескеріледі:

- (а) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;
- (б) активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және
- (в) егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХБЕС-ке сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

Қаржы активтері***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖКӘҚ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың БЖКАӘҚ бойынша ескерілетін қаржы активтері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)**

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зияндар активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зияндың құрамында мойындалады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, байланысты тараптарға берілген қарыздар мен банк салымдарын жатқызады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ байланысты тараптарға берген және әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын басқа да қаржы активтерінің құрамына қосылған туынды қаржы құралдары мен купондық облигацияларды қамтитын кейбір қарыздар жатады. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштық құралдарды БЖК арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша жоғарыда сипатталғандай жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан, борыштық құралдар бастапқыда танылған кезінде, егер осы сияқты жіктеу есептегі сәйкессіздікті жойса немесе айтарлықтай азайтса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелуі мүмкін.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідіріссіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтерінің құнсыздануы**

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды.

КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомда залалдарға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ҚҚҚЕ әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиелер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиелер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлініп көрсетілген ендірілген туынды құралдар, олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зияндарда мойындалады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт несі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме есепті күнге бар міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындарды аса үздік бағалау және жинақталған өтелімді шегерген міндеттемелердің танылған сомасы өлшемдерінің ең көбі бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зияндарда мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Қаржы құралдарын өзара есепке алу*

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржы құралдарының әділ құны

Олармен сауда әрбір есепті күні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған акша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтің бір бөлігінің немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күмән туғызбайтын жағдайда.

Егер акшаның уақытша құны ықпалы айтарлықтай болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол бұл қолданылған кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Жұмыскерлерге төлемдер*Зейнетақы жоспары*

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ пен оның қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Жұмыскерлерге төлемдер (жалғасы)***Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар (жалғасы)*

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зияндар басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім өтелімі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зияндар пайда немесе зиян құрамында танылады.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Түсімді мойындау

Топ уәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе ретінде) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаппен меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, Қазақстан Республикасының шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Пайыздық кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарак мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кіріс құрамына енгізіледі.

Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақы сомасына құқығын білдіреді (яғни ақы төлеу мерзімінің орын алуы үшін тек уақыт қана қажет).

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасын) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шығыстарды мойындау**

Шығыстар пайда болу сәтіне ескеріледі және олар есептеу әдісінің негізінде жатқызылған кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтелетін немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі – «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық корпоративтік табыс салығы үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы үшін есептеледі. Үстеме пайдаға салынатын мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын үстеме пайда салығының күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айкындалады.

Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

Капитал*Бақыланбайтын қатысу үлесі*

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның Акционеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге өзге де бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың профильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу) байланысты және Акционерлерге беруге арналған шығыстар кіреді.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Мұнай мен газдың қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүлктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландыратын жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)**

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ құнсыздану белгілерінің болуы салдарынан мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдеуші және басқа да активтердің құнсыздануына жыл сайынғы тесттерді өткізді. Топ құнсыздану белгілерін қарастыру кезінде басқа факторлармен қатар мұнай өңдейтін зауыттардың болжамды маржасын және өндіріс көлемдерін ескерді. Мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдеуші және басқа да активтердің құнсыздануына өтелетін құнның құнсыздануын жасалған талдаудың нәтижесінде 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылды (13-ескерте).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Павлодар мұнай химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) 88.553 миллион теңге сомаға сатып алумен байланысты елеулі гудвилі бар.

2019, 2018 және 2017 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ сатып алумен байланысты гудвилді жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді.

ПМӨЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2019 жылы 9,7% (2018: 9,7%, 2017: 13,25%) дисконттау мөлшерлемесі салықтар ұсталғанға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. Меншікті капиталдың құны инвестициялардан болатын түсімнен болады. Қарыз капиталының құны пайыздық қарыздарға негізделген. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2028 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМХЗ-дың 2020-2024 жылға дейінгі бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2024 жылдан кейін бағалау күніне басқарудың ең үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды шегере отырып, 2019 жылғы 5,49% (2018: 3,53%, 2017: 3,89%) инфляцияның күтілетін деңгейін қолдану арқылы болжанды.

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына пайдалану құндылығының негізінде есептелген гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, ПМХЗ гудвилінің құнсыздануы танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалды кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 9,7%-дан 10,7%-ға дейін 1,0%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 35%-дан 36%-ға дейін 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының азаюына әкеп соқтырмайды.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер*Мұнай-газ активтері*

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады.

Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негіздемелі түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою бойынша барлық шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстарды қосу салдарынан едәуір өсуші еді. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)***Мұнай-газ активтері (жалғасы)*

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта каралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* I КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Активтерді түпкілікті жабуға және есептен шығаруға арналған шығындарға жатқызылатын айқындықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұнғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2019 жылғы 31 желтоқсанда 2,01%-дан 5,49% дейін және 4,43%-дан 8,95% дейін болды, тиісінше (2018 жылы 2,02%-дан 5,96% дейін 5,5%-дан 10,00% дейін, тиісінше, 2017 жылы 2,01%-дан 5,57% дейін және 5,17%-дан 10,00% дейін). 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 54.165 миллион теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 36.288 миллион теңге, 2017 жылғы 31 желтоқсанға: 35.406 миллион теңге) *(26-ескертпе)*.

Магистральды мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Топтың екі еншілес ұйымы «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонстрация және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың құбырларды жою және жер құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің баланстық құнын 100.229 миллион теңге құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 79.948 миллион теңге, 2017 жылғы 31 желтоқсанға: 65.140 миллион теңге) *(26-ескертпе)*.

Экологиялық оналту

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оналтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Экологиялық оңалту (жалғасы)**

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат және қалпына келтіру жөніндегі күтілетін жоспарлар негізінде анықталады және егер рәсімдер мерзімі тиісті органдармен келісілмесе, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2019 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер *26-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Қызметкерлерге сыйақы

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық компания даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер *26-ескертпеде* ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шарттың міндеттемелер *34-ескертпеде* ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі (*30 және 34-ескертпелер*).

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдаулар өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Егжей-тегжей *32-ескертпеде* ашылған.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер 8 ХБЕС-ке сәйкес *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер»* есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құны**

Топ сатып алу күніне, жеке, бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған немесе өз мойнына алған сәйкестендірілетін активтерді, міндеттемелерді және шартты міндеттемелерді олардың әділ құны бойынша тануы тиіс, бұл бағалауды пайдалануды болжайды. Мұндай бағалаулар түрлі бағалау әдістеріне негізделген, әрі бұл келешек ақша ағындарын болжау және өзге де жорамалдарды жасау кезінде елеулі пайымдауларды пайдалануды талап етеді.

5. ҚАЙТА ЕСЕПТЕУЛЕР МЕН ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тоқтатылған қызмет ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелер, сатуға арналған деп жіктелген есептен шығарылатын топ және сатуға арналған активтер, сондай-ақ 2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы қызмет нәтижелері төменде көрсетілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан			2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейінгі пайда
	Сатуға арналған деп жіктелген активтер	Сатуға арналған деп жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер	Сатуға арналған деп жіктелген активтер	
<i>Миллион теңгемен</i>				
«Қазақстан-Британ Техникалық университеті» АҚ	-	-	-	6
Басқа да активтер	7.604	-	7.604	-
Жиыны	7.604	-	7.604	6

	2018 жылғы 31 желтоқсан			2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейінгі пайда/(зиян)
	Сатуға арналған деп жіктелген активтер	Сатуға арналған деп жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер	Сатуға арналған деп жіктелген активтер	
<i>Миллион теңгемен</i>				
KMG Retail	43.651	380	43.271	-
«Қазақстан-Британ Техникалық университеті» АҚ	15.704	4.659	11.045	(4.301)
Басқа да активтер	2.405	-	2.405	7.754
Жиыны	61.760	5.039	56.721	3.453

	2017 жылғы 31 желтоқсан			2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейінгі пайда
	Сатуға арналған деп жіктелген активтер	Сатуға арналған деп жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер	Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	
<i>Миллион теңгемен</i>				
«Қазақстан-Британ Техникалық университеті» АҚ	16.803	1.925	14.878	(2.612)
Басқа да активтер	8.102	4	8.098	(1.054)
Жиыны	24.905	1.929	22.976	(3.666)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ҚАЙТА ЕСЕПТЕУЛЕР МЕН ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР (жалғасы)****Бақылаудан айырылу***KMG Retail*

2019 жылғы 8 ақпанда Компания KMG Retail-дегі қатысу үлесінің 100%-ын 60.512 миллион теңгеге сатуды аяқтады, ол 2018 жылғы 31 желтоқсанның бастап сатуға арналған деп жіктелген есептен шығатын топ ретінде жіктелді.

Бақылаудан айырылу күніне KMG Retail-дың таза активтері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Есептен шығару күніне таза активтер
Активтер	
Негізгі құралдар	34.266
Материалдық емес активтер	42
Ақша қаражаты мен оның баламалары	2.288
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтер	6.694
	43.290
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	259
	259
Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	43.031

KMG Retail-дың есептен шығарылуынан болған пайда 17.481 миллион теңгені құрады.

«Қазақстан-Британ Техникалық университеті» АҚ

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ «Қазақстан-Британ Университеті» АҚ (ҚБТУ) тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді. 2019 жылғы қаңтарда ҚМГ мен «Нұрсұлтан Назарбаев Білім беру қоры» қоғамдық қоры арасында жасалған ҚБТУ акцияларының 100% сату туралы келісім күшіне енді. Келісімнің талаптарына сай үлестің берілуі және оның 11.370 миллион теңге сомасында төленуі екі жылдың ішінде үш траншпен жүзеге асырылады. 2019 жылғы 6 ақпанда Компания ҚБТУ-ға бақылаудан айырылды.

Бақылаудан айырылу күніне ҚБТУ-ның таза активтері былайша болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	Есептен шығару күніне таза активтер
Негізгі құралдар	6.367
Материалдық емес активтер	1.964
Банк салымдары	2.091
Ақша қаражаты мен оның баламалары	4.732
Басқа да ағымдағы және ұзақ мерзімді активтер	1.097
	16.251
Ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелер	5.349
	5.349
Шығу тобымен тікелей байланысты таза активтер	10.902

Нәтижесінде ҚБТУ-ның есептен шығарылуынан болған пайда 149 миллион теңге болды және ҚБТУ-ның 2019 жылдың I қаңтарынан бастап есептен шығарылу күніне дейінгі кезеңде шеккен шығыны 143 миллион теңге болды, олар тоқтатылған қызметтен болған пайдада танылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ҚАЙТА ЕСЕПТЕУЛЕР МЕН ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР (жалғасы)**

Бакылаудан айырылу (жалғасы)

«KazTransGas Tbilisi» ЖШҚ

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансГаз» АҚ-ның заңи тұрғадан «KazTransGas Tbilisi» ЖШҚ-да (KTG Tbilisi) 100% иелік ету үлесі болды. 2009 жылғы 16 наурызда Кутаисидің қалалық сотының анықтамасымен ҚТГ компаниясы KTG Tbilisi қызметін басқаруға қатысу мүмкіндігінен айырылды. Осылайша, Топ KTG Тбилисиге бакылаудан айырылып, бакылаудан айырылған күннен бастап KTG Tbilisi шоғырландыруды тоқтатты.

2018 жылғы 13 қыркүйекте ҚТГ және Грузия Үкіметі дауды бейбіт жолмен реттеу туралы арбитраждық келісімге қолдарын қойды, соның нәтижесінде ҚТГ KTG Tbilisi иелік ету үлесінің 100%-ын 40.000 мың АҚШ долларына (баламасы 15.110 миллион теңге) сатты. 2018 жылғы 28 қыркүйекте ҚТГ иелік ету үлесін сатқаны үшін 40.000 мың АҚШ долларын (баламасы 14.473 миллион теңге) алды.

Сонымен бірге, 2018 жылы Топ есептен шығару күніне 252 миллион теңге мөлшерінде таза активтері бар басқа да еншілес компанияларды 3.501 миллион теңгеге сатты, соның нәтижесінде пайда 3.249 миллион теңге болды.

6. ТҮСІМ

Миллион теңгемен	2019	2018 (қайта жіктелген)	2017 (қайта жіктелген)
Өнім және қызмет типі			
Шикі мұнай мен газды сату*	3.966.941	4.094.011	2.677.102
Мұнай өнімдерін сату*	2.043.848	2.175.909	1.422.391
Мұнай мен газды тасымалдау қызметтері	389.496	315.229	333.038
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	195.896	175.618	129.067
Басқа да кірістер	262.675	228.197	232.165
	6.858.856	6.988.964	4.793.763
Географиялық нарық			
Қазақстан	1.212.267	1.131.911	944.145
Басқа да елдер	5.646.589	5.857.053	3.849.618
	6.858.856	6.988.964	4.793.763

* 2019 жылы Топ Мұнай өнімдерін сату құрамында қайта өңделген газдың өткізілген өнімдерін ұсыну шешімін қабылдады және осылайша, 2018 жылғы Шикі мұнай мен газды сатудан түскен 58.026 миллион теңге соманы және 2017 жылғы 29.309 миллион теңге соманы қайта жіктеді.

7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕС, НЕТТО

Миллион теңгемен	2019	2018	2017
«Теңізшевройл» ЖШС	414.940	439.149	289.980
«Азиялық Газ құбыры» ЖШС («АГҚ»)	168.086	–	–
«Маңғыстау Инвестмент Б.В.»	81.991	95.510	49.605
Каспий Құбыр Консорциумы	70.869	57.965	54.666
Бейнеу – Шымкент газ құбыры	56.194	16.710	(668)
«ҚазГерМұнай» ЖШС	17.561	27.915	17.713
«КазРосГаз» ЖШС	18.091	5.254	8.622
КМГ Кашаган Б.В.	13.114	34.034	(10.208)
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	9.722	9.057	(16.788)
«Теңіз Сервис» ЖШС	6.742	13.897	1.653
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС	3.313	–	–
Valseira Holdings B.V.	(6.107)	(7.989)	9.751
«ПетроКазахстан Инк.»	(18.244)	14.590	7.233
Ural Group Limited	(18.895)	(18.822)	(1.877)
Басқа да бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестер	10.602	10.056	5.268
	827.979	697.326	414.950

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. САТЫП АЛЫНҒАН МҰНАЙДЫҢ, ГАЗДЫҢ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН БАСҚА ДА МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай	2.448.412	2.607.706	1.445.419
Қайта өңдеуге арналған мұнайдың құны	638.293	698.473	732.682
Қайта сату үшін сатып алынатын газ	493.280	356.932	242.987
Материалдар мен қорлар	217.138	182.067	147.484
Қайта сату үшін сатып алынатын мұнай өнімдері	116.621	467.780	160.942
	3.913.744	4.312.958	2.729.514

9. ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018 (қайта жіктелгені)	2017 (қайта жіктелгені)
Жалақы бойынша шығыстар	338.120	291.693	311.973
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері*	129.450	98.424	86.570
Электр қуаты	88.910	71.914	63.082
Көлік шығыстары	30.456	21.988	15.685
Жалдау шығыстары*	52.091	10.085	8.293
Басқасы	82.666	110.371	138.743
	721.693	604.475	624.346

* *Топ 2018 және 2017 жылдар үшін 56.527 миллион теңгеге және тиісінше 43.912 миллион теңгеге Басқалардан Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге қатысты сомаларды қайта жіктеді. Сонымен бірге, Жалдау шығыстары бөлек көрсетіліп, 2018 және 2017 жылдар үшін Басқалардан есептен шығарылды.*

10. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	133.144	145.523	83.183
Экспорттық кеден бажы	131.326	131.128	105.302
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	100.300	115.968	93.569
Басқа салықтар	89.525	85.113	72.393
	454.295	477.732	354.447

11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Тасымалдау	374.686	317.402	189.949
Жалақы бойынша шығыстар	12.542	16.180	16.103
Басқасы	33.174	37.195	32.011
	420.402	370.777	238.063

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Жалақы бойынша шығыстар	78.055	73.632	77.572
Консорциуммен сот шағымы бойынша провизия (34-ескертпе)	34.132	–	–
Кеңес беру қызметтері	25.448	22.435	19.523
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы / (қалпына келтірілуі)	15.703	4.215	(24.158)
Басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін несие залалдары бойынша резервті есептеу / (қалпына келтіру) (21-ескертпе)	12.246	1.225	(120)
Әлеуметтік төлемдер	8.933	24.095	28.024
Есепке алынбаған ҚҚС	6.910	3.031	7.923
Негізгі құралдар мен МЕА жалдау шығыстары	2.309	5.750	5.780
Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несие залалдары бойынша резервті есептеу / (қалпына келтіру) (21-ескертпе)	1.892	(1.489)	1.056
Қайырымдылық және демеушілік	381	1.699	1.225
Ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануына резервті (қалпына келтіру) / есептеу	(11)	–	1.188
Минусы: таза өткізу құнына дейін азайту	(80)	4.339	345
Салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша резервті (қалпына келтіру) / есептеу	(19.755)	29.836	(4.212)
Басқа	47.804	44.717	49.634
	213.967	213.485	163.780

Персонал шығыстары 428.717 миллион теңгені (2018: 381.505 миллион теңге, 2017: 405.648 миллион теңге) құрады және өндірістік шығыстар, тасымалдау және өткізу шығыстарының, жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Негізгі құралдар (15-ескертпе)	144.482	33.603	22.328
Барлау және бағалау бойынша активтер (16-ескертпе)	57.239	107.745	814
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	(142)	1.538	1.518
Материалдық емес активтер (17-ескертпе)	6.240	22.636	–
	207.819	165.522	24.660

Келесі АҚГБ бойынша аяқталатын жылдар үшін шығындар танылды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
«ҚМГИ» АҚГБ	93.587	43.702	–
«Жемчужина» жобасы	38.180	–	–
«Сәтті» ӨЖКБҚ	24.505	–	–
«Батуми мұнай терминалы» АҚГБ («БМТ»)	12.583	4.136	–
«Сұңқар» және «Бүркіт» өздігінен жүретін баржалар (Баржалар)	11.837	2.659	–
ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер	18.888	–	–
«Н» жобасы	–	67.897	–
«Сәтбаев» жобасы	–	34.539	–
ПМХЗ-дағы аяқталмаған құрылысты есептен шығару	–	–	15.277
Басқасы	8.239	12.589	9.383
	207.819	165.522	24.660

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ (жалғасы)****«ҚМГИ» АҚГБ**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ҚМГИ өзінің «Petrochemical», «Bulgaria», «Refining» және «Басқасы» АҚГБ-ларына құнсыздану бойынша тестті жүргізді. Топ құнсыздану белгілерін қарастыру кезінде басқа факторлармен қатар мұнай өңдейтін зауыттардың болжамды маржасын және өндіріс көлемдерін ескерді.

2017, 2018 және 2019 жылдары АҚГБ өтелетін құны есептен шығару шығыстарын шегере отырып әділ құнның негізінде айқындалды (FVLC), әрі ол келтірілген қалдық құнына түзетілген бос ақша ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Жоғарыда аталған АҚГБ үшін сатуға арналған шығындарды шегере отырып әділ құнда пайдаланылатын шешуші жорамалдар операциялық пайда, дисконттау мөлшерлемелері және бюджеттік кезеңнен кейін ақша ағындарының экстраполяциясы үшін пайдаланылатын өсу қарқындары болып табылады.

«Petrochemical» мен «Refining» АҚГБ үшін ақша қаражаты қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 9,6% (2018 жыл: 9,7%, 2017: 9,0%) болды және 5 жылдық кезеңнен тыс ақша ағындары 1,9% өсу қарқынын пайдалана отырып экстраполяцияланды, бұл сала бойынша ұзақ мерзімді орташа өсу қарқындарына сәйкес келеді. Қалдық құны үшін пайдаланылатын капиталдану мөлшерлемесі 7,7% (2018 жыл: 7,8%, 2017 жыл: 7,5%) құрайды.

«Bulgaria» АҚГБ қатысты, ақша ағындары қозғалысының болжамдарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі 9,6% (2018 жыл: 9,8%, 2017 жыл: 9,1%) болды, ал 1,9% өсу қарқынын пайдалана отырып экстраполяцияланған 5 жылдық кезең шегінен ақша қаражатының ағындары сала бойынша орта ұзақ мерзімді өсу қарқындарына сәйкес келеді. Қалдық құны үшін пайдаланылатын капиталдану мөлшерлемесі 7,6% (2018 жыл: 7,9%, 2017 жыл: 7,6%) құрайды.

2018 жылы «Petrochemical», «Bulgaria», «Refining» және «Басқасы» АҚГБ өтелетін құны олардың баланстық құнынан төмен болды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша ҚМГИ 21.195 миллион және тиісінше 22.507 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды мойындады.

2019 жылы АҚГБ өтелетін құны, «Refining» АҚГБ-ны қоспағанда, олардың тиісті баланстық мәндерінен асты. «ҚМГИ» АҚГБ құнсыздануына тест мақсаттары үшін болжамды ақша ағындары мұнай өңдейтін зауыттың болжамды маржасы мен салық салынғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесінің төмендеуін көрсету үшін жаңартылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚМГИ» АҚГБ 86.946 миллион теңге және тиісінше 6.641 миллион теңге мөлшерінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған залалды мойындады.

Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық:

АҚГБ үшін FVLC бағалауға қатысты Топ жоғарыда аталған кез келген шешуші жорамалдардың ешқандай ақылға қонымды өзгеруі, сол үшін ағымдағы модель үшін шығынсыздық нүктесі операциялық пайданың 3,3%-ға төмендеуі кезінде қол жеткізілетін «Refining» АҚГБ қоспағанда, бірліктің материалдыққа дейінгі баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетуіне әкеп соқтырмас еді деп пайымдайды.

«Жемчужина» жобасы

«Жемчужина» жобасы 2019 жылғы 14 желтоқсанға дейін барлау сатысында болды, келесі сатыға өту үшін жоба серіктестері Даму жоспарын ұсынулары тиіс. Алайда, 2019 жылдың соңына «Жемчужина» жобасының серіктестері Даму жоспарын ұсынбауды шешіп, «Жемчужина» ӨБК-ке сәйкес келісімшарттық аумақтан ерікті түрде бас тартуға келісті, соның нәтижесінде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 38.180 миллион теңге үшін құнсыздану залалын мойындады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл жоба бойынша активтерді есептен шығармады, өйткені келісімшарттық аумақ қайтарылмады.

«Сәтті» ӨКЖБҚ

«Сәтті» өзін өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғысының өтелетін құны пайдалану құндылығы әдісінің негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы бұрғылау қондырғысынан күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды. Болжамды ақша ағындары Топ басшылығымен бекітілген 2020-2024 жылғы бюджетке және инфляцияға 12,5%-дың дисконттау мөлшерлемесі негізінде экстраполяцияландырылған бұрғылау қондырғысының 2041 жылға дейінгі пайдалы қолданылу кезеңіне дейінгі бағаланатын болжамдарға негізделген. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы талдау нәтижесінде, Топ басшылығы құнсызданудан залалды 24.505 миллион теңге көлемінде таныды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ, МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ (жалғасы)****«Сәтті» ӨКЖБҚ (жалғасы)***«БМТ» АҚГБ*

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ БМТ АҚГБ-ға қатысты 12.583 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану залалын таныды.

Баржалар

Өтелетін құн пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде бағаланды, олар, күтілгендей, 2021 жылы баржалық келісімшарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін 10,05% дисконттау мөлшерлемесі бойынша баржалардан алынады. Келісімшарттардың ұзартылу ықтималдығының төмен екендігіне орай, Топ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 11.837 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану залалын мойындады.

ҚМГ БӨ-дегі браунфилдер

2019 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ ҚМГ БӨ жобалары бойынша 18,888 миллион теңге мөлшерінде барлау мен бағалау активтерін есептен шығарды, олардың жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бұзылып, Үкіметке қайтарылды.

«Сәтбаев» және «Н» жобалары

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 34.539 миллион теңге және тиісінше 67.897 миллион теңге сомаға «Сәтбаев» және «Н» жобалары бойынша барлау әрі бағалау активтерінің құнсыздануынан болған залалды мойындады. Құнсыздану Топтың жобалардан жоспарланған шығуымен және келісімшарттық аумақтардың Үкіметке берілуімен байланысты болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл жоба бойынша активтерді есептен шығармады, өйткені келісімшарттық аумақ қайтарылмады.

2019 жылғы 24 сәуірде Топ Үкіметтен «Сәтбаев» жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартын бұзу туралы хабарламаны алды, тиісінше, Топ келісімшарттық аумақтан толықтай бас тартып, жобамен байланысты барлау және бағалау активтерін есептен шығарды.

ПМХЗ-дағы аяқталмаған құрылысты есептен шығару

2017 жылы Топ аяқталмаған құрылысты есептен шығарды, ол Павлодар МХЗ жаңғырту жобасы конфигурациясының өзгеруіне орай тоқтата тұрылды.

14. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР**Қаржылық кіріс**

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Банк салымдары, қаржы активтері, қарыздар мен облигациялар бойынша пайыздық кіріс	99.274	100.097	119.061
Шығарылған қаржылық кепілдіктер бойынша дисконт амортизациясы	1.974	1.861	1.541
Пайыздық кірістің барлығы	101.248	101.958	120.602
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (25-ескертпе)	111.476	53.263	–
Едеуір түрлендіруге орай шығарылған қаржылық кепілдіктер бойынша есептен шығару	13.573	–	–
Басқасы	14.583	5.806	1.972
	240.880	161.027	122.574

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС / ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР (жалғасы)****Қаржылық шығындар**

<i>Миллион теңгемен</i>	2019	2018	2017
Қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар (25-ескертпе)	225.093	250.055	217.246
Мұнайды жеткізу шарты бойынша сыйақы (27-ескертпе)	19.541	35.868	26.473
Пайыздық шығыстың барлығы	244.634	285.923	243.719
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	11.341	2.324	160
Активтерді шығару міндеттемелері мен экологиялық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	13.819	11.523	9.941
Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуі үшін сыйақы (25-ескертпе)	–	89.612	–
Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша активтерге дисконт	1.705	915	6.155
Банк депозиттері мен ағымдағы шоттардың құнсыздануы	1.034	806	18.610
Басқа	44.900	36.552	27.770
	317.433	427.655	306.355

2018 жылғы 4 және 11 мамырда Компания, пайыздарды қоса алғанда, 3.463 миллион АҚШ доллары (баламасы төлем күніне 1.143.982 миллион теңге) сомаға еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеді. Мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Компания 2018 жылы 89.612 миллион теңге мөлшерінде мерзімінен бұрын өтеу үшін пайыздарды мойындады (25-ескертпе).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдық	Келік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	913.553 (2.514)	682.348 (140)	844.277 (1.936)	291.311 (660)	317.213	70.860	42.428	538.210	3.700.200
Есептілік валютасын қайта есептеу	248	(200)	—	(5)	264	(109)	175	(442)	(5.362)
Есепті бағалаудағы өзгерістер	27.268	17.102	19.859	8.134	6.466	8.144	2.912	539.998	629.883
Түсімдер	(17.372)	(1.154)	(2.647)	(5.617)	(4.286)	(2.832)	(7.143)	(1.459)	(42.510)
Есептен шығару	(62.018)	(25.537)	(72.919)	(19.440)	(32.307)	(8.307)	(7.467)	—	(227.995)
Тозу бойынша шығыстар	14.881	859	2.517	4.973	3.617	2.482	6.867	760	36.956
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	—	(1)	—	(1.439)	(1.431)	(1.908)	(947)	(16.602)	(22.328)
Құнсыздану резерві (13-ескертпе)	(2)	(52)	13.087	1	34	—	1	166	13.235
Қорлардан/(ға) аудару, нетто	(170)	—	(3.908)	(3.553)	(242)	(124)	(98)	—	(8.095)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар, нетто	—	—	—	(251)	(13)	—	(1)	(355)	(620)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	(211)	—	—	—	(306)	—	2	(1.608)	(2.123)
Материалдық емес активтерге аудару (17-ескертпе)	8.881	—	—	—	—	—	—	—	8.881
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударымдар (16-ескертпе)	82.278	104.461	194.363	16.688	100.818	5.829	6.032	(510.469)	—
Аударымдар және қайта жіктеулер	964.822	777.686	992.693	290.142	389.827	74.035	42.761	548.199	4.080.165
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны									

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жұмыны
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	964.822	777.686	992.693	290.142	389.827	74.035	42.761	548.199	4.080.165
Есептілік валютасын қайта есептеу	90.854	5.661	76.744	11.115	6.037	5.129	1.893	2.975	200.408
Есепті бағалаудағы өзгерістер	(2.105)	7.677	—	(5)	—	—	—	—	5.567
Түсімдер	24.267	5.285	22.149	1.273	9.482	12.958	4.596	497.659	577.669
Есептен шығару	(17.128)	(3.442)	(1.909)	(6.913)	(5.329)	(3.183)	(4.463)	(2.407)	(44.774)
Тозу бойынша шығыстар	(73.553)	(28.114)	(98.975)	(20.840)	(36.372)	(10.603)	(8.750)	—	(277.207)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	12.602	3.009	1.905	4.155	4.444	2.985	3.596	569	33.265
Құнсыздану резерві (13-ескертпе)	(3.651)	(3)	—	(11.557)	(11.710)	(2.853)	(851)	(2.978)	(33.603)
Қорлардан/(ға) аудару, нетто	45	(101)	4.145	(4)	177	25	(11)	3.015	7.291
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар, нетто	(9.847)	(2)	(354)	(20.348)	(1.846)	(192)	(1.492)	(1.509)	(35.590)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударым, нетто	—	—	—	354	—	—	—	(176)	178
Материалдық емес активтерден/(ге) аудару, нетто (17-ескертпе)	(97)	—	—	—	—	—	1	(1.703)	(1.799)
Барлау және бағалау бойынша активтерден аудару (16-ескертпе)	3.113	—	—	—	—	—	—	487	3.600
Аударымдар және қайта жіктеулер	92.354	20.157	554.806	15.832	39.892	38.260	6.844	(768.145)	—
2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.081.676	787.813	1.551.204	263.204	394.602	116.561	44.124	276.986	4.515.170

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.081.676	787.813	1.551.204 (524)	263.204	394.602	116.561	44.124	275.986	4.515.170
Бір жылғы таза пайда (3-ескертпе)	—	—	—	—	—	—	—	—	(524)
2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша	1.081.676	787.813	1.550.680	263.204	394.602	116.561	44.124	275.986	4.514.646
Есептілік валютасын қайта есептеу	(2.749)	(173)	(1.115)	(306)	374	(314)	(50)	—	(4.333)
Түсімдер	48.725	6.370	794	10.615	11.190	5.076	6.400	345.236	434.406
Есепті бағалаудағы өзгерістер	13.006	12.156	—	27	—	—	19	—	25.208
Есептен шығару	(24.598)	(2.161)	(4.100)	(15.970)	(7.534)	(3.455)	(7.200)	(1.088)	(66.106)
Тозу бойынша шығыстар	(85.565)	(28.859)	(121.306)	(17.969)	(37.832)	(11.608)	(10.601)	—	(313.740)
Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану	14.198	1.794	4.039	11.148	7.085	3.141	6.733	325	48.463
Құнсыздану резерві/(қалпына келтіру) (13-ескертпе)	(4.911)	228	(86.946)	(5.277)	(31.068)	(13.140)	(1.057)	(2.311)	(144.482)
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар (5-ескертпе)	18	—	(81)	(10.610)	(18.390)	(6.493)	(65)	—	(35.621)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударым	215	—	—	16.314	144	—	2.356	(39)	18.990
Қорлардан/(ға) аудару, нетто	35	(35)	4.435	1	362	13	666	3.295	8.772
Сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударымдар (16-ескертпе)	1.743	—	—	—	—	—	—	1.024	2.767
Материалдық емес активтерден (ге) аудару (17-ескертпе)	(145)	—	(64)	—	—	—	97	(4.587)	(4.699)
Аударымдар және қайта жіктеулер	8.115	26.584	35.325	49.478	138.878	7.856	64.864	(331.100)	—
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІСІЗДЕР (жалғасы)**15. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Мұнай-газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу бойынша активтер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн	2.032.972	1.028.456	2.408.000	568.723	841.626	226.215	222.426	336.772	7.665.190
Жинақталған тозу және құнсыздану	(983.209)	(224.739)	(1.026.339)	(268.068)	(383.815)	(128.578)	(116.140)	(50.031)	(3.180.919)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.049.763	803.717	1.381.661	300.655	457.811	97.637	106.286	286.741	4.484.271
Бастапқы құн	2.154.422	985.787	2.381.309	526.180	720.221	234.740	121.458	324.851	7.448.968
Жинақталған тозу және құнсыздану	(1.072.746)	(197.974)	(830.105)	(262.976)	(325.619)	(118.179)	(77.334)	(48.865)	2.933.798
2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	1.081.676	787.813	1.551.204	263.204	394.602	116.561	44.124	275.986	4.515.170
Бастапқы құн	1.933.302	948.285	1.647.460	522.194	665.120	179.515	111.072	599.853	6.606.801
Жинақталған тозу және құнсыздану	(968.480)	(170.599)	(654.767)	(232.052)	(275.293)	(105.480)	(68.311)	(51.654)	(2.526.636)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны	964.822	777.686	992.693	290.142	389.827	74.035	42.761	548.199	4.080.165

Түсініктемелер

2019 жыл үшін, түсімдер негізінен 181.050 миллион теңге сомаға Өзенмұнайгаз, Эмба-мұнайгаз және Қарашығанақ ұңғымаларын бұрғылауға және газ көлік жүйесін жаңғырту шеңберінде 67.998 миллион теңге сомаға ҚТГ компрессорлық станцияларын салуға, Астрахань-Маңғышлақ су құбырын қайта құруға және 35.323 миллион теңгеге Өзен-Атырау-Самара мұнай құбырын қайта құруға, 36.972 миллион теңге сомаға АМӨЗ күрделі жөнделу және 31.859 миллион теңге сомаға KompretoJ Raffinage жатады.

Сапаса арнаған деп жіктелген активтерге аударылымдар

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 35.621 миллион теңге таза баланстық құны бар газ-компрессорлық станция мен баржаны сағу үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелді.

Басқасы

